16. C. H. Geer and J. Q. Morrison, “The impact of the collective efficacy of a school community on individual professional development outcomes”, MidWestern Educational Researcher, vol. 21, no. 4, (2008), pp. 32-38.
17. A. Bandura, “Self-efficacy”, In V. S. Ramachaudran (Ed.), Encyclopedia of human behavior, New York, NY: Academic Press, vol. 4, (1994), pp. 71-81.
18. J. A. Grissom, “Can good principals keep teachers in disadvantaged schools? Linking principal effectiveness to teacher satisfaction and turnover in hard-to-staff environments”, Teachers College Record, vol. 113, no. 11, (2011), pp. 2552-2585.
19. A. Bandura, “Perceived self-efficacy in cognitive development and functioning”, Educational Psychologist, vol. 28, no. 2, (1993), pp. 117-148.
20. K. Ash, “Competency-based schools embrace digital learning”, Education Week: Digital Directions, 6(1), 36-41. Retrieved from http://www.edweek.org/dd/articles/2018/10/17/01S&cmp=ENL-EUNEWS1& intc=es, (2012).
21. E. Deci, R. Vallerand, L. Pelletier and R. Ryan, “Motivation and education: The self-determination perspective”, Educational Psychologist, vol. 26, no. 3 &4, (1991), pp. 325-346.
22. E. Hinde, “Reflections on reform: A former teacher‟s look at school change and the factors that shape it”, Teachers College Record, (2009).

СЕРҒАЗЫ АҒА!
СІЗ АЛЛАНЫҢ АДАЛ ҚҰЛЫ, ҚАЗАҚТЫҢ АБЫЗ ҚАРТЫСЫЗ!

Гүлтас Сайынқызы Құрманбай – Назарбаев университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Рухани жаңғыру мәдени орталығының директоры.

Қоғамда өз орны бар, ғалым боп, ұстаз боп, ақын боп елге танылған адамдарға әр адамның өзіндік бағасы, өзіндік топшылауы болады. Серғазы Қалиев дегенде менің көз алдыма көп уақыт бойы ескерілмей, ұмытылып, шашылып қалған асылдарды жинап жүрген жәдігертанушы ұстаз бейнесі келеді. Кеңес заманы рухани құндылықтардан: ата-дәстүр, салт-жоралғылардан, тіліміз бен діниміздің айырмақ болып бар күшін салғанын бәріміз жақсы білеміз. Алматы қаласында 1982 жылға дейін жалғыз қазақ мектебі, қалған біраз мекетеп – аралас мектептер, қалғаны орыс мектептері болатын. Өмір жолын мектеп мұғалімі болып бастаған Серғазы аға өз жұртының қандай асылдарын жоғалтқанын жанымен сезінді. Ғалым болып, ғылым қуғанда ол кісінің нақты мақсаты болды. Ол ұлттық дәстүр мен тәрбиесіз берілген білімнің залалды нәтижесінен қорықты. Бірақ бел шешіп, ұлттың ұлы мұраларын мектепке енгізе алмайтыны да анық еді. Себебі кеңестік жүйе ұлттық жүйемен еш қабыспайтын да, табыспайтын да. Бірақ жүрегі қалаған, санасы жеткен өз ой-тұжырымдарын ғалым сол кеңес дәуірінде-ақ бастап кетті. Алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтын ізденімпаздық пен алғырлық Серғазы ағаның ең жақсы қасиеті болатын. Серғазы ағаға тағы бір қалқан болған жағдай 80-жылдардың аяғында Алаш арыстары: Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбергенұлының толықтай ақталып, олардың бай ұлттық мұраларымен қауышу кезеңі еді. Міне, осы кезде Серғазы Қалиұлы батылданып, мектеп жүйесіне этнопедагогиканы енгізуге бел шешіп кірісті. Ғалым ретінде өз шәкірттеріне де этнопедагока мен ұлттық өнер туындыларын зерттеуге ақыл-кеңестерін берді. Аз ғана уақытта педагогиканың бұл саласында үш ғылым докторы, оншақты ғылым кандидаттары өз диссертацияларын қорғады. Бұлар тоталитарлық қыспақтан еркіндікке шыққан тұлпардай еркін самғады.

Серғазы ағаның қаламынан туған әр еңбегіне талдау жазсақ, том-том кітаптар жазуға болады. Бүгінгі таңда Ұстаз өнегесін алған ғалымдар Қалиевтің еңбектерін, лабораториясын зерттеп те, өздерінің ғылыми жұмыстарында пайдаланып та жатыр.

«Адам дегеніміз құпия. Бүкіл ғұмырыңды осы құпияны шешуге сарп етер болсаң, уақытымды босқа өткізіп алдым деп өкінуші болма. Мен осы құпияны шешуге тырысамын, өйткені адам болғым келеді» деп, он сегіз жасар Достоевский жазыпты. Сол сияқты біздер ғалымдар болсын, ақын-жазушылар болсын олардың өмірін, өз адами болмысын емес, шығармаларын тануға тырысамыз. Бірақ ғалым да, жазушы да, тіпті ата-ана мен мұғалім де өзінің табиғатын: адамгершлігін, мінезін, адамдарға деген қарым-қатынасын, жан жылуы мен махаббатын шығармасына, баласына, шәкіртіне береді. Серғазы ағаның 80 жылдық меретойына арнап Қыздар педагогикалық университеті шығарған«Сексеннің сеңгіріндегі Сераған» деген кітапты қолыма алғанда оның «Алғы сөзінде» аға өзінің өмір жолын, еңбек жолын 400-ден астам ғылыми мақалалары, 50-ге тарта кітаптарының жарық көргенін, 24 ғалымды қорғатқанын жазыпты. Ал енді бұлардың бәрін бір түйіп қойғанда, ағаның өзінің елу жыл бірге ғұмыр кешіп, марқұм болған аяулы жары Күлшара апайымызға деген сағынышқа толы сөздері қандай жүректі де дір еткізбей қоймайды. «Отбасында, ағайын-туыс, жолдас-жоралар мен қоғамдық ортада, еңбек майданы мен ғылымда менің абыройыма шаң жуытпай, шыр-шыр болған, еңбегімді еселеп, мерейімнің үстем болуына елу жылғы жұбайлық өмірін сарп еткен аяулы жан жарым Күлшара Шаймарданқызына қосылған тағдырыма ризашылық білдіріп, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын деймін!» деген жүрек сөзінде қаншама тарих, қаншама өмір естеліктері жатыр десеңізші. Біз білетін ағаның өмір бойы ширақ, сергек, тап-таза, өзіне сенімді болып жүруінің сырын осы алдындағы ғана естелік сөз ашып тұрған жоқ па?

Серғазы ағаның жан жылуы өз балаларына, немерелеріне ғана емес, шәкірттеріне, қызметтес әріптестеріне де жетіп артылатын. Ақыл-кеңесін айтып, қажет кезінде қатты да айтып, дұрыс жолға салушы едім. Мен өзім университетті бітірген соң Алматы қаласындағы жаңадан ашылған (1982 жылы) мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ бердім. 1990 жылы мамыр айында Ыбырай Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми зерттеу институтына кіші ғылыми қызметкер болып келдім. Серғазы аға институтта директордың орынбасары екен. Менің басшым әдіскер ғалым Әнеш Дайырова болатын. Күзге қарай Әнеш апайым еңбек демалысында болатын, мені директордың орынбасары Серғазы аға шақырды. Біздің бөлімге (қазақ әдебиетін оқыту лабораториясына) аспирантураға бір орын берілген екен. Бірақ ол орынды иеленетін Қанығүл Жаманбаева Тіл білімі институтының аспирантурасына тапсыратын болыпты да, содан сұрап алған бір орынды зая кетірмеу үшін, аға маған айтқан екен. Ал Әнеш апайым болса бөлімдегі бір қызы басқа жаққа кетті, мен аспирантураға түссем, жұмысты кім жасайды деп, рұқсат бермепті. Сонда Серғазы аға: «Әнеке, өзіңіз жақсы білесіз. Бұл бір орынды қалай сұрап алғанымызды. Гүлтас тапсырсын, түссін, жұмысыңызға да көмектеседі» деп, апайымды көндірді. Міне, шын ғалымдық, шын зияттық деп осындай жандарды айтуға болатын шығар. Ешқандай туыстық, жерлестік байланысымыз жоқ. Тек мен сабақ беріп жүргенде республикалық көлемде ашық сабақтарыма қатысқан болатын.

Ал ғалымдық сапарға шыққанда Серғазы Қалиевтің асыл мұралары: «Қазақ тәлімінің педагогикалық антологиясы», «XV- XVIII ғасырдағы ақын-жыраулардың поэзиясындағы педагогикалық ойлар», «Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен демократ ағартушылар», т.б. іргелі еңбектері жұмыс столымнан түскен жоқ десем артық айтқаным емес.

Содан кейін Серғазы ағаның Абай елінде туып, өсіп, білім алғанын, текті Әнет бабаның ұрпағы болғаны үшін де мен іштей ол кісіні қатты құрметтеп, әрі қатты қызығатын едім. Қазақ халқының жоғалғанын іздеуге, табуға да, орнына қоюға да осы бір жан құқылы сияқты көрінетін. Арғы тегіндегі тектіліктің бағыты, бабаларының рухы Серғазы Қалиұлын адастырған жоқ.

Ғалымның ашқан жаңалғы, зерттеген рухани қазынасының өмірге керек болуы, ғылыми айналымға түскені қандай бақыт. Тәуелсіздіктің туы көтерілгенде ұмыт қалған салт-дәстүр, фольклор, даланың абыздары білім мен тәрбие мазмұнына енді. Бұл жүкті жай адам көтере де алмайды, көтерсе де діттеген жерге жеткізе де алмас еді. Ал Серғазы Қалиев оны дәл мақсатты орнына қоя білді. 2017 жылғы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан кейін Серғазы ағаның ғылыми еңбегі қайта түлеп жанданды.

Ғалым, ұстаз, тәлімгер, әке, ата Серғазы Қалиұлы 90 жастың биігіне шығып, Білім мен Ғылым дариясына қосқан «Еңбек өзендерінің» мәңгілік сарқылмайтынын көзімен көріп отырған бақытты жан.

Өзімнің ғылым жолындағы көшбасшым, адал ұстазым ретінде мен сізді өте құрметтеймін, Серғазы аға! Сіз Алланың адал құлы, қазақтың абыз қартысыз! Мерей тойыңыз құтты болсын!

КЫРГЫЗ ЭЛИНДЕГИ СҮЙЛӨШҮҮ ӨНӨРҮНҮН ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫК НЕГИЗИ

З.А.Алымбаева – филология илимдеринин кандидаты, Ж.Баласагын атындагы Кыргыз улуттук университетинин доценти
Г.М.Алдашова – Ж.Баласагын атындагы Кыргыз улуттук университетинин окутуучусу

Тил – бул эл тарабынан түзүлгөн феномен. Ал – адамзат жашоосундагы жогорку маданияттын көрсөткүчү, рухий байлык. Ар бир улуттун улут катары жашоосун улаган көрөңгө, чексиз байлык, рухий бай казына, түгөнбөгөн кенч – анын тили. Тил аркылуу адам баласы өзүн курчап турган дүйнөнү тааныйт, өздөштүрөт, илим-билимин, бүткүл маданиятын тил аркылуу кылымдан-кылымга мурас калтырат. Ушул негизден алып караганда, тил илиминин өнүгүшү – жалпы маданияттын, адамзат жашоосунун, коомдун өнүгүшү болуп саналат.

Коомдун өнүгүшү, жашоо-турмуштун жаңы талабы, жалпы маданияттын улам алга жылышы, улуттук аң-сезимдин бир формасы болгон тилдин өнүгүшүнө, тилди колдонууга, коммуникациянын сапатына, сүйлөшүү маданиятына олуттуу маани берүүнү жана бул маселелерди теориялык планда иликтөөнү талап кылууда.

Турмуштун бардык чөйрөлөрүндө тилдин коммуникациялык сапатына көңүл буруу, тилди реализациялоодо тилдик нормаларды колдон келишинче сактоо жана нормалдаштыруу – азыркы тил илиминдеги курч маселелерден.

Учурдагы тил илиминин негизги максаты – тилди пикир алышуунун, колдонуунун закон ченеминдеиликтөө. Тилди Колдону ununнормаларын, закондорун, контекст ичиндеги тилдик каражаттардын мүмкүнчүлүк төрүнизилдөө, анализдөө, сүйлөшүү процессинин механизмдерин, технологиясын, негизинизилдөө – лингвостилистиканын түпкү максаты. Тилилиминин булл аспектиси өз үнүн табияты боюнча көпкырдуу. Бул аспектидетилдин кыймылдагы абалы, коммуникация процесси, тилдин контекст ичиндеги абалы, адамдар тарабынан тилдин колдонулушу, тилдин стилдик табияты анализге алынат. Тилди колдонуунун жол-жоболору, ык-амалдары, методдору, мыйзамченемдери, салт-жөрөлгөлөрү, принциптери, негизгимаселе катары лингвостилистикада ар тараптан иликтө өгөалынат.

Коомдо түзүлгөн сүйлөшүү чөйрөлөрүндө ойду, информацияны туюндуруунун шарты, бугачейин коомтарабынан түзүлгөн сүйлөшүүнүн талаптарын, ар түрдүүлүгүн жана ошолсүйлөшүү чөйрөлөрүн дө тилдик каражаттардын колдонулуш закон ченемдүүлүгүнизилдөө жөнүндөгү маселелер тилилиминин бир салаасы болгон стилистиканын өзөктүү проблемалары болуп эсептелет (С.Давлетов. 1999. 6-бет).

Демек, өз ой-пикирибизди, информациябызды бирөөгө ачык-айкын, так, түшүнүктүү, мыкты деңгээлде, экстралингвистикалык факторлорду да эске алып, информацияны ошол сүйлөшүү процесси талап кылган тилдик каражаттар менен туура багытта туюндуруу биздин турмушта өтө маанилүү. Ошондуктан биз колдонгон ар бир тилдик каражат, тыбыш, ыргак, кыраат, тон, басым, интонация, сөз, сөз айкашы, сүйлөм, сүйлөмдөрдүн курулуш конструкциясы, сүйлөшүүнүн темпи жана башкалар биздин сүйлөшүүбүздө өтө маанилүү. Бул аталган каражаттар сүйлөшүү процессинин кырдаалына, табиятына, талап максатына, нормасына шайкеш келип турушу керек. Бул жагдайларды шайкеш келтирүү – адамдын чыгармачыл ой жүгүртүүсүн талап кылган процесс. Лингвостилистика биздин сүйлөшүүбүздөгү ушул шайкештиктин, ушул сапаттардын болушу үчүн кызмат кылат.

Кыргыз атын дүйнө окурманына таанымал кылган, доорубуздун залкар жазуучусу Ч.Айтматовдун: “Мен балалык чакта айлыбыздагы бир аксакалдын: “Минтип карыган чакта сүйлөшүп чер жазууга адам табылбай калат деп эч ойлонбоптурмун” - деген сөзүн угуп абдан таң калар элем. Кантип эле ушул чоң айылдан сүйлөшөргө киши табылбай калсын деп ойлор элем. Бирок бул сөздүн маани-маңызын кийин түшүндүм. Көрсө, алиги аксакал чыныгы сырдаш, чыныгы маектеш, сөздүн кадыр-баркын баалай билген, тилинен бал тамыза мыкты сүйлөгөн, көкүрөгү таза адам жөнүндө сөз кылган тура. Бирок, тилекке каршы, турмушта сөз даамын сезе билген, сөз кунун барктап сүйлөгөн адамдар дайыма эле табыла бербейт тура» - деп эскергени бар (Айтматов Ч. 1988. 69-б.). Анын сыңары сүйлөшүү, информация алмашуу процессинин деңгээли, тилди колдонуунун закон ченемдүүлүктөрүн эске алуу, сүйлөшүү чөйрөсү талап кылган тилдик каражаттардын ылайыктуусун, ийкемдүүсүн, керектүүсүн тандап-тескеп туура колдонуу жалпы эле дүйнө элдеринде мыкты өнөр, адам баласынын жалпы маданиятынын бир формасы катары бааланып келет.

Азия чөлкөмүндөгү эң байыркы элдердин бири болгон кыргыз эли Орхон, Энесай сыяктуу көп кылымдык тажрыйбага негизделген уникалдуу жазууга ээ болсо да, тарыхый шартка байланыштуу

көчмөн турмуш образын башынан кечирген. Кыргыздар жашаган шарт – кырдаал, коомдук, саясий ал-абал,ошо мезгилдин өзгөчөлүгү көчмөндүк турмуш менен түшүндүрүлөт. Көчмөн турмуш - кыргыз элинин кемчилиги же өнүкпөй артта калуусу эмес экендигине, көчмөндүк-бул өзүн, өзүнүн элин, маданиятын, жан дүйнөсүн, тукумун сактап калуунун бир жолу экендигине чындап ынанабыз. Бир караганда, көчмөндүк-тарыхый жагдай-шартка ылайыкташуу, ийкемдүүлүк менен жашоону улантуу болгону ырас. Ошондуктан көчмөн турмушту көчмөндөрдүн өзүнчө бир академиясы деп атасак да болот. Көчмөндөрдүн академиясында жаш муундарды тарбиялоонун, турмушка даярдоонун өзгөчө жол-жоболору, адамдардын жан дүйнөсүн, дүйнө көз карашын, көркөм - эстетикалык табитин, сулуулукту, аруулукту сезүү жана баалоо түшүнүктөрү өздөрү жашаган турмуштун стихиясына шайкеш калыптанган. Адамдын адамкерчилигин, ички дүйнөдөгү адамдык дараметти бийик баалаган чыгыштык философиянын фонунда кыргыз элинин да дүйнө көз карашы, коомдук, саясий, маданий, жана идеологиялык концепциясы түптөлгөн.

Кыргыз элинде оозеки түрдө сүйлөө маданиятынын негиздери, принциптери, стилистиканын өзөгүн түзгөн проблемалар жөнүндө ой жүгүртүүлөр, көз караштар мурда эле болгон. Кыргыз элинде сүйлөө өнөрү, сөздү кадырлоо маданияты, ооздон чыккан ар бир сөзгө маани берип орундуу сүйлөө, уккан кулактын кычуусун кандыра, угармандарды тамшандыра чыгармачылык менен көркөм сүйлөө жогорку деңгээлде өнүккөн. Кыргыз элинде лингвистикалык проблемалардын орчундуу теориялык маселелери боюнча көз караштар оозеки формада жашаган жана атайы китепте жазылган эмес. Ал көз караштар фольклордук чыгармаларга, макал-ылакаптарга, жомокторго сиңирилген. Бул элдик оозеки чыгармачылыктын бай казынасы кыргыз элинде мурдатан эле стилистикалык көз караштар, ой-жооруулар болгондугунун бирден-бир далили.

Кыргыз фольклорун кыргыз тилинин стилистикасы, сүйлөө маданияты боюнча үлгү ала турган мыкты этнопедагогикалык эмгек катары да карасак болот. Фольклордук ар бир тек жан дүйнө бийиктиги, ой санаанын бийиктиги таасирдүү, маданияттуу сүйлөөнүн негизин түзөрү, сөздү колдонуунун бүтүндөй маданияты, сөзгө маани чегерип, аны кубулта билүү өнөрү мыкты чагылдырылып берилген. Улуу окумуштуу В.Радлов «Манас» эпосунун тилин изилдөөдө «Кыргыздардын сүйлөгөнү ыргактуу, алар сүйлөп жатканда ырдап жаткандай туюлат» деген баасын берген.

Кыргыздын бүтүндөй философиясы, идиологиясы, дүйнөнү көркөм эстетикалык кабыл алуусу жана аны көркөм чагылдыруусу, ал гана эмес, ал- кыргыз элинин көп кылымдардан бери түптөлүп келген лингвистикалык концепциясын, илим-билимин, тилдик туюмун, тилдик ой жүгүртүү тажрыйбаларын жана сүйлөө өнөрүн да кыргыз фольклорунан көрүүгө болот.

Сүйлөө өнөрү, сүйлөшүү маданияты боюнча нукура кыргыз элине, кыргыздык менталитетке гана тиешелүү, спецификалуу түшүнүк-категориялар да иштелип чыккан. Маселен «сөз төркүнү», «сөз багуу» деген түшүнүктөр- кыргыз элине гана таандык, спецификалуу мүнөзгө ээ болгон көрүнүш.

Кыргыз макалдарында сүйлөө өнөрүнүн принциптери камтылган. Макалдарда сүйлөө маданиятынын урунттуу, спецификалык өзгөчөлүктөрү өтө кылдат анализге алынып, турмушта кеңири колдонулган. Жалпыгабелгилүүболгондой, макалдартүзүлүшүкыска, маанисинуска, тоодойойдутомуктайсөзгөбатырган, элдинчыгармачылыгын, акыл-эсинөстүрүүдөөтөкеңириколдонулган, байыркы, көөнөргүсмурастарболупсаналат. Албетте, макалдар биздин турмушубуздун бардык чөйрөсүнө байланыштуу ар түрдүүмааниде айтылат жана колдонулат. Сүйлөшүүгө байланыштуу макалдар элдик казына катары адамдарды, өзгөчө, өсүп келе жаткан жашмуундарды мурдатан ата-бабалар тарабынан калыптанып келе жаткан сүйлөө маданиятына үйрөтүүчү этнопедагогикалык негиз катары кызмат өтөгөн. Сөзгө маани берүү – бул сөздү сыйлоо, сөздөрдү өздөш түрүү, сөздү колдонуунун закон ченемин, жол–жоболорун, адат–салттарын үйрөнүү, сүйлөшү үнүн шарт-талаптарын, салт-жагдайларын сактоо, сөздү уга билүү, угуу аркылуу үлгүнү өздөш түрүү, үлгүнү бойго сиңирүү жана мыкты деңгээлде иштеп чыгуу, өз алдынча ой жүгүртүүгө көнүгүү, эдалдында тилинен бал тамыза сүйлөц алган мыкты өнөргөөэ болуунун бир жолу.

Кыргыз элинде сүйлөө өнөрү, сөздү кадырлоо маданияты, ооздон чыккан ар бир сөзгө маани берип орундуу сүйлөө, уккан кулактын кычуусун кандыра, угармандарды тамшандыра чыгармачылык менен көркөм сүйлөө жогорку деңгээлде өнүккөн. Кыргыз элинде лингвистикалык проблемалардын орчундуу теориялык маселелери боюнча көз караштар оозеки формада жашаган жана атайы китепте жазылган эмес. Ал көз караштар фольклордук чыгармаларга, макал-ылакаптарга, жомокторго сиңирилген. Бул элдик оозеки чыгармачылыктын бай казынасы кыргыз элинде мурдатан эле стилистикалык көз караштар, ой-жооруулар болгондугунун бирден-бир далили.

Филология илимдеринин доктору, профессор Т.С.Маразыков: «… көчмөн турмушту көчмөндөрдүн өзүнчө бир академиясы деп атасак болот. Көчмөндөрдүн академиясында жаш муундарды тарбиялоонун, турмушка даярдоонун өзгөчө жол-жоболору, адамдардын жан дүйнөсүн, дүйнө көз ка-

рашын, көркөм-эстетикалык табитин, сулуулукту, аруулукту сезүү жана баалоо түшүнүктөрү өздөрү жашаган турмуштун стихиясына шайкеш калыптанган. Адамдын адамкерчилигин, ички дүйнөдөгү адамдык дараметти бийик баалаган чыгыштык философиянын фонунда кыргыз элинин да дүйнө көз карашы, коомдук, саясий, маданий жана идеологиялык концепциясы түптөлгөн. Ушуга эле канатташ кыргыз элинде маданияттуу сүйлөшүүнүн негизги принциптери, стилистиканын туткасын түзгөн өзөктүү маселелер жөнүндө ой-пикирлер, көз караштар, мыкты тажрыйбалар, элдик кеменгерликтин туундусу болгон табылгалар биздин эпосторго, жомокторго, макал-ылакаптарга сиңирилген. Биздин оюбуз боюнча, келечекте элдик оозеки чыгармаларда чагылдырылган кыргыз элинин лингвистикалык концепциясы терең изилдениши керек. Анткени кыргыз тил илиминин өзөгү дал ошол элдик оозеки чыгармаларда камтылып турат» - деп белгилейт (Маразыков Т.С., 1-китеп, 2005. 54-б.).

Кыргыз эли сөздүн кудуретин баалай билген, жогорку деңгээлде устаттык менен көркөм, жанга жатык, жагымдуу «тилинен бал тамыза» сүйлөгөн көркөм сөз чеберлерин урматтап сыйлаган. «Өнөр алды – кызыл тил» деп айтат кыргыздар. «Жоого барсаң – кесерди, доого барсаң чеченди ал» дейт боордошторубуз казактар. Ошентип, атам замандан бери кыргыз элинде мыкты сүйлөө өнөрү жогору бааланып келген. Сөздүн баркын билген, анын баасын, күчүн туйган адам оозунан сөз берметтерин куюлуштуруп, көркөм, таасын, так сүйлөйт. Сүйлөгөндө ар бир сөзүн тандап, таап айтат. Ошондон улам "Сөз билген адам таап сүйлөйт, билбеген адам каап сүйлөйт" деген макал бар элибизде. Адамдар көркөм, таасын, чечен сүйлөгөндөрдү ардактаган, сыйлаган. «Токтогулдай ырчы бол, Толубайдай сынчы бол» деген ылакап дал ушул жагдайга байланыштуу жаралган болуу керек.

Байыртадан элибиз сөз өнөрүн баалаган, ооздон чыккан ар бир сөзгө маани берип, орундуу, орду менен сүйлөөнү талап этип, сөз өнөрүн бийик баалап келген. "Орунсуз айтылган сөз – ок" дешет элибизде. Орунсуз, орой айтылган сөз адамдын кулагынан кирип, жүрөгүнө найза болуп сайылат, адам сезимин жаралайт. Ошол үчүн "ок жарасы бүтөт, сөз жарасы бүтпөйт" деп айтылат. Орунсуз айтылган сөз айткан адамды уятка калтырат. Орунсуз сөз айтып алуу – онтобой ооруганга тете (Рысбаев С. 2006. 7-б.).

Демек, кыргыз тилинде лингвостилистиканын маселелери чыгыштык нукта, өзгөчө мүнөздө элибиздин оозеки көчмөндүк философиясында тээ байыркы мезгилдерден бери эле иликтенип келген. Лингвостилистиканын маселелери тууралуу көз караштар элибиздин көөнөргүс рухий казынасы болгон бай элдик оозеки чыгармачылыгында макал-ылакаптарга, чечен сөздөргө, нускалуу айтылган кептерге сиңип, жашап келген. Демек, кыргыз элинде лингвостилистиканын маселелери боюнча түшүнүктөр байыртадан эле болгон деп айтууга толук негиз бар.

ПРОФЕССОР СЕРҒАЗЫ ҚАЛИЕВТІҢ ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНА ҚОСҚАН ОРАСАН ЕҢБЕГІ

Джанзакова Ш.И.
Педагогика ғылымдарының докторы профессор
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекттік университетінің
«Педагогика» кафедра-лабораториясының меңгерушісі
Қазақстан,Атырау қ.
E-mail:sholpan.dzhanzakova@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Қазақ этнопедагогикасының даму тарихына шолу және талдау жасалған. Автор тарихи педагогикалық үрдісте дәуір, кезең, кіші кезең секілді түсініктерді пайдалану арқылы этнопедагогиканың тарихи даму дәуірімен кезеңдерін айқындаған. Қазақ этнопедагогикасының дербес ғылым саласы болып дамуына көптеген ғылымдармен профессор Серғазы Қалиевтің қосқан үлесімен еңбектері сараланған.

Түйінді сөздер: Қазақ этнопедагогикасы, этнопедагогика, тарихи педагогикалық, этнопедагогиканың даму тарихы.

Абстракт. В статье дан анализ развитияисториikазахскойэтнопедагогики. Автор, опираясьнапонятия «эпоха, век, период», определилэтапы и периоды становленияисторииэтнопедагогики. Проанализированы труды многочисленных ученых, в том числе профессора Сергазы Калиева, внесших огромный вклад в казахской этнопедагогики как наука.

Ключевые слова: Казахскаяэтнопедагогика, этнопедагогика, история развития этнопедагогики.

Abstract. Thearticleanalyzesthedevelopmentofthehistoryof Kazakhethnopedagogics.

Theauthor, basedontheconceptsof “epoch, century, period”, determinedthestagesandperiodsofthehistoryofethnopedagogics. Theworksofvariousscientists, includingProfessorSergazyKaliev, whomade a hugecontributiontoKazakhethnopedagogicsas a science, areanalyzed.

Keywords: Kazakhethnopedagogics , ethnopedagogics, historyofdevelopment of ethnopedagogics.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізіп, әлеуметтік өмірді салауаттандыру мақсатындағы жұмыстары, ұлтымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай мұрасын, соның ішінде тәлім-тәрбие мазмұнын, қазіргі жастарды оқыту және тәрбиелеуде пайдалана білу қажеттілігін айқындайды.

Қазақ халқының тәрбиесі әлеуметтік құбылыс екенін және оның қоғамдық қажеттіліктерден туындаған ескере келе ғалымдар өз ойларын былай жеткізеді: «... Адамның өз ұрпағын еңбекке, кәсіпке, өмірге икемдеп үйретуі адамзат қоғаммен бірге жасалып келе жатқан тарихи процесс екені белгілі. Ұшы-қиырсыз жазира дала тұрғындары өздерінің үлкен тарихында жас ұрпаққа тәрбие беруде бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт-сана, әдет-ғұрып рәсімдерін туғызды. Дала тұрғындары өздері өмір сүрген ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, мәдениеті мен тарихына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие берудің басқа жұртта қайталанбайтын талап-тілектерін дүниеге әкелді. Мәселен, жас ұрпақты тәрбиелеудің жалпыға ортақ моральдік-психологиялық нормасы белгіленді...» [1, 4-5].

Бұдан біз халық педагогикасының ұлтымыздың тарихи және мәдени қалыптасу кезеңдерімен тығыз байланыста дамып келген аса күрделі қоғамдық-әлеуметтік құбылыс екеніне көз жеткіземіз. Демек, халық педагогикасында ұлттық тәрбиенің де өзіндік көрініс табуы заңды құбылыс.

В.Г.Храпченков тарихи педагогикалық үрдісті кезеңге бөлу жайлы ғалымдардың көзқарастарына талдау жасай келіп, кезеңге бөлудің өлшемдерін ұсынады. Ол тарихи педагогикалық үрдісте дәуір (эпоха), кезең (период), кіші кезең (этап) секілді түсініктерді пайдаланады. Тарихи педагогикалық құбылыстар мен үрдістер белгілі бір уақытта және кеңістікте орын алады. Сондай-ақ, педагогика тарихының қазіргі уақытта байланысының да әдіснамалық маңызы бар. Тарихи-педагогикалық үрдістің тұтастығын, тарихи педагогикалық танымның теориялық-танымдық, эвристикалық және болжамдық, әлеуметтік және аксимологиялық, дәлелдік және өлшемдік, тәрбиелік қызметтерін басшылыққа алуды ұсынады. Педагогикалық құбылыс пен үрдістердің даму тарихын кезеңге бөлуде еліміздегі педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістерін кезеңдеуді қайталамайды дей келіп, Қазақстандағы мектеп пен педагогика тарыхын зерттеуде мына келесі факторларды кезеңдеу өлшемдері ретінде ұсынады. Олар:

- КСРО мен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық хал-күйі және дамуы;
- елдегі және республикадағы саяси жағдай және ұлтаралық қатынастар;
- елдегі және республикадағы мәдениеттің, ғылымның, техникалық базаның даму жағдайы және динамикасы;
- халықтың сауаттылық, білім деңгейі мамандардың білімдік кәсіптік даярлығы;
- елдегі және республикадағы жалпы және кәсіби білім беру жүйесінің дамуы;
- Қазақстандағы қазақ және басқа халықтардың тарихи-мәдени және этнопедагогиканың мұрасы мен салттары [2, 27-28].

Дегенмен, қалыптасқан үрдіс бойынша, қазақ ғалымдары Т.Әлсатов, Қ.Жарықбаев, А.Ильясова, С.Қалиев, Э.Орынбасаров, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева педагогика тарихын зерделегенде, төмендегіше сипаттайды.

Шығыс классиктерінің (Әл-Фараби, А.Фердауси, А.Рудаки, М.Саади, А.Науай, Г.Низами, Махтым Құлы т.б.) ой-пікірлері, түркі ойшылдарының (Қорқыт Ата, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А.Жүйнеки, Қ.А.Иассауи, М.Х.Дулати және т.б.) өсиеттері, қазақ ғұламаларының (Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Ш.Құдайбердиев, Н.Құлжанова, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Сәтбаев, М.Қозыбаев т.б.) еңбектері, суырып салма ақын-жыраулардың (Асан қайғы, Бұхар, Жанақ, Сүйінбай, Балқы Базар, Махамбет және т.б.) алмастай өткір өлеңдері, би-шешендердің (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, және т.б.) даналық сөздері, жерін, халқын жауынан қорғаған қас батырлардың (Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Жалқожа, Бұхарбай және т.б.) ерлік өнегесі тәлім-тәрбие мазмұнын құраған.

Қазақ этнопедагогикасы және оның тарихының мазмұнын жасауға ғалым-педагогтарымыз Т.Тәжібаев, М.Габдуллин, Қ.Жарықбаев, К.Құнантаева, С.Ұзақбаева, С.Қалиев, М.Балтабаев, Қ.Ералин, К.Әмірғазин, Ж.Наурызбай, К.Қожахметова, Ә.Табылдиев, Қ.Бөлеев,Ө.Озғанбай, З.Әбілова, Р.Төлеубаева, А.Ильясова,Қ.Қ.Шалғынбаева, К.Ж.Ибраева,А.Көбесов, Г.М.Храпченков, Г.Хаметова, Т.Әлсатов, М.Тәнекеев, Ш.Құлманова т.б. өз зерттеулері арқылы ерекше үлес қосты.

Қазақстан шыққан тұңғыш педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т.Тәжібаев өзінің

60-шы жылдардың басында жазған “Ауылдағы қазақ балаларының тәрбиесі және Қазақстанның мектептері” атты мақаласында “Қазақтардың мәдени өмірінде фольклор, музыка, қолданбалы өнер және халықтық тәрбиелік дәстүрлерлері басты рол атқарған” дей келіп, қазақ балаларының ауылдардағы тәрбиесі халық педагогика негізінде жүргізілгенін айтып, қазақ педагогикасының тарихында алғаш рет “халықтық педагогика” терминін былайша ендірді: “Халықтың сан ғасырлық тәжірибесін, ойы мен мұң-мұқтажын білдіретін мақалдар мен мәтелдерде қазақтың халықтық педагогикасы көп жиналған”. Бұл жерде ғалым осы мақал-мәтелдерден ұлттың, халықтың ерекшеліктерін, оның қажеттерін, рухани құндылықтарын сезінуге болады деген ой тастаған. Ғалымның пікірі осы күнге дейін өзінің маңыздылығын жойған жоқ деп толық айтуға болады.

Қазақ халық педагогикасын зерттеу қажеттігі туралы қазақ ғалымдары арасынан ең алғаш пікір айтқан профессор М.Габдуллин еді. Автор өзінің “Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес” атты ғылыми-зерттеу еңбегінде былай деп ой қозғаған: “Қазақ халқының өмірінен орын алған тәрбиенің тарихын жан-жақты түрде қарастыру өз алдына зерттелетін мәселе”, - дей келе, жалпы баланы тәрбиелеуде халықтың арманын, мақсатын білу, оны бүгінгі күнмен салыстыру үшін және осы жас ұрпақ тәрбиесінде ұтымды пайдалану мәселесі туралы жазады. Әрине, бұл пікір де осы этнопедагогика тарихын зерттеуге деген дұрыс көзқарастың қалыптасуына өз әсерін тигізген құнды пікір болып табылады.

Тұңғыш рет “Этнопедагогика” терминін ғылыми айналымға енгізген шуваш ғалымы, профессор Г.Н.Волков екені XX ғасырдың 70 жылдары белгілі болды. Өзінің “Этнопедагогика” атты ғылыми монографиясындағы қорытындыға қарасақ: “... халық педагогикасы-ғылым емес! Тек, ғылыми педагогикаға-шикі зат, материал, өмірлік фактілер ғана бере алады, оның біртұтас ғылыми жүйесінің жоқтығын былай қойғанда, тіпті алымды идеяларды жетілдіріп отыратын теориясының болуы да мүмкін емес”, - деп тұжырым жасаған[3].

Ал, Қазақстанда “этнопедагогика” терминін тұңғыш рет 1978 жылы профессор Қ.Жарықбаев өзінің “Революцияға дейінгі Қазақстанда педагогикалық ой-пікірдің даму тарихынан” атты әдістемелік ұсынысында берген еді. Ол өзінің С.Қалиевпен жазған “Қазақ тәлім-тәриесі” атты еңбегінде Қазақстандағы ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер тарихының түп тамыры көне мәдени мұра-халықтың педагогика мен VIғ. Орхон-Енисей жазуларынан басталып, орта ғасыр ойшылдарының парасатты тәлімгерлік ой толағыстарымен толысып, XIV-XIXғ.ғ. ақын-жыраулардың терме, толғауларында жалғасып, XIXғ. екінші жартысында өмір сүрген қазақтың ғұлама ағартушы-демократ ұлдары: Шоқан, Ыбырай, Абай, Сұлтанмахмұт еңбектері арқылы өркен жайғанымен, шын мәнінде Қазан төңкерісіне дейін педагогика, психология ғылымдары дербес ғылымдық дәрежеге көтеріліп жетпеген еді. Оның бірнеше себептері болды. Біріншіден, Қазақстанда қоғамдық ғылымдардың сан саналы тараулары бір-бірінен дараланып бөлініп шығып, ғылыми терминдері қалыптасып жетілмеген болатын. Екіншіден, әр ғылымның салаларын жеке-жеке ғылыми тұрғыда зерттеуші ғалымдардың жоқтығы, үшіншіден-ғылыми салаларын өрістетерлік ғылыми-техникалық материалдық базаның (арнаулы зерттеу мекемелері мен баспа орындарының) болмауы себеп болды [4].

Авторлардың пікірінше, Қазан төңкерісінен кейін ғана елімізде болған көптеген саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік өзгерістерге байланысты педагогика ғылымында да бұл өз әсерін тигізіп, оның даму кезеңін бастады. Сонымен қатар, бұл еңбектегі “Қазақстанда ұлттық тәлім-тәрбие ілімінің туып, қалыптасу кезеңі” атты тарауында Шәкәрім Құдайбердиевтің, Ахмет Байтұрсыновтың, Халел Досмұхамедовтың, Міржақып Дулатовтың, Нәзипа Құлжановаңың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Мұхтар Әуезовтың және т.б. педагогикалық көзқарастары қарастырылған.

Қазақтың халық педагогикасындағы тәрбие мен оқытудың ғылыми-педагогикалық негіздері Сергазы Қалиевтің зерттеуінде кеңінен ашып көрсетілген. Зерттеуші ұлттық ойлаудың ерекше белгілерін, қазақ халқының балаларын тәрбиелеудің педагогикалық және психологиялық ерекшеліктерін және қазақ халық педагогикасының ғылыми педагогиканың негізгі ұстанымдарымен идеялық үндестігін терең зерделеген [4].

Сергазы Қалиовтың“Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми педагогикалық негіздері” тақырыбындағы докторлық диссертациясы материалдары негізінде қазақтың халықтық педагогикасының және этнопедагогикасының дәуірлік даму кезеңдері белгіленді (шартты түрде), қазақтың халықтық педагогикасындағы тәлім-тәрбие ерекшеліктері анықталды, бала тәрбиесіне қойылатын талап-тілектер жүйеленді, халық педагогикасының ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар поэзиясындағы тәлімдік ой пікірлері жүйеленіп, мүмкіндіктері айқындалды. Сондай-ақ 1-4 сынып мұғалімдері үшін “Тәлім-тәрбие хрестоматиясы” (авторлар бірлестігі), 8-9 сынып оқушылары үшін “Қазақтың салт-дәстүрлері” (авторлық бірлестікте), педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған “Қазақтың тәлім-тәрбиесі” атты еңбектері жаияланды.

Ол өзінің “Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы” атты еңбегіндегі “Халық тәлімінің тарихи кезеңдері” атты тармағында: “Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеу жөніндегі сонау

көне ғасырлардан келе жатқан тәжірибесін, қазақ хандығы құрылған кезеңнен (XIV-XVғ.ғ.) бастап қарастыру қажет" деген пікір тастайды [5].

Қазақ халық педагогикасының тарихын адамзат дамуының қоғамдық құрылыс кезеңдеріне сай, С.Қалиев 8 кезеңге бөліп қарастырады: бірінші дәуір (Б.д.д. тас, қола замандары) – Алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі тәрбие; екінші дәуір (Б.д.д. VII-III ғ.ғ.-б.д. Vғ. дейін) – Сақтар мен ғұндардың жауынгершілік тәрбиесі; үшінші дәуір (VI-XVғ.ғ. аралығы) – Ұлы түрік қағанаты кезіндегі тәлім-тәрбие Араб-шығыс мәдениеті, орта ғасыр ойшылдарының тәлімгерлік ой-пікірлері; төртінші дәуір (X-XVғ.ғ. аралығы) – Араб-шығыс мәдениеті, орта ғасыр ойшылдарының тәлімгерлік ой-пікірлері; бесінші дәуір (XV-XVIIIғ.ғ. аралығы) – Қазақ хандығы кезіндегі ұлттық тәлім-тәрбие көріністері жыраулар поэзиясындағы тәлімдік ойлар; алтыншы дәуір (XVIIIғ.-дан XXғ.ғ. 20-ж. дейін) – Қазақстанның Ресейге қосылу кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысы мен ағартушылық демократиялық бағыттағы тәлім-тәрбие; жетінші дәуір (1920-1990жж. аралығы) – Кеңестік дәірдегі ғылыми педагогиканың қалыптасуы; сегізінші дәуір (1991 ж. кейінгі егеменді ел) – Тәуелсіз Қзақстандағы ұлттық тәлім-тәрбиенің өркен жаюы.

"Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңі тапсыз қоғам болды. Адамдар өздерінің іс-әрекеттерін көпшілік болып топтасып, бірге атқарып отырған. Мұндағы тәрбие жас пен жыныс ерекшеліктеріне қарай қоғамдық сипат алды. Ұл балалар садақ тарта білді, аң аулауға көмектесті, қыз балалар үй жұмыстарына араласып, киім пішті, тұрмыстық салт-дәстүрлердің рәсімдеріне қатысты.

Алғашқы адамдар Қазақстан территориясының Арпаөзен, Қаратау, Тәңірқазған, Шарбақты және Ұлытау өңірлерінде мекен еткен...". Яғни, ғалымның пікірі бойынша, ұлттық тәрбиенің бастауы алғашқы қауымдық құрылыс кезінде басталған. Автор өз еңбегінде осы кезеңдерге бойынша сипаттама бере отырып, әрбір кезеңнің ерекшеліктері, ондағы тәрбие мәселесі жайы туралы сөз қозғайды. Сонымен қатар, ғалым аталған еңбегінің «Қазақ этнопедагогикасының туып қалыптасуы және даму кезеңдері» атты параграфында этнопедагогиканың пайда болып, қалыптасуын және дамуын 3 кезеңге бөліп қарастырады. "Этнопедагогика ғылымы орыс, батыс елдеріндеXVII-XVIII ғасырлардан бастап қолға алынған болса, қазақ этнопедагогикасының зерттелу жайын, ғылым ретінде қалыптасу тарихын сөз еткенде оны үш кезеңге бөліп қарастырамыз. Бірінші – XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, қазақтың ұлттық тәлімгерлік ой-пікірлері мен салт-дәстүрлері жайында тұңғыш еңбектер жазған Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты ағартушылар мен орыс, батыс саяхатшысы, этнограф ғалымдарының (Э.С.Вульфрсон, П.С.Паллас, А.Вамбери, А.Левшин, В.Радлов, А.Янушкевич, Н.Г.Потанин, Н.Л.Зеланд, т.б.) қолжазбалары десек, екінші – XX ғасырдың алғашқы 20-30 жылдарында бұл істі ғылыми тұрғыда арнайы қарастырып сөз еткен Ә.Диваев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Әуезов т.б. болды. Яғни, бұл кезеңді қазақ этнопедагоги-касының ғылыми ретінде туып, қалыптасу кезеңі деп қараймыз. Үшінші кезең- 35-40 жылдық үзілістен кейін (1970-2000ж.ж.) қазақ этнопедагогикасының қайта жанданған, даму дәуірі деп аламыз".

Қазақ этнопедагогикасының туу кезеңі XIX ғасырдың 2-жартысы, оның белсенді қайраткерлері: 1. Қазақтың демокарт-ағартушылары: Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев. 2. Орыс, басты саяхатшы-ғалымдары: П.С.Паллас, Э.С.Вульфсон, А.Вамбери, А.Левшин, А.Янушкевич, Н.Г.Потанин, Н.Л.Зеланд, В.В.Радлов т.б.

Қазақ этнопедагогикасының қалыптасу кезеңі 1920-1930 және ол кезеңдегі қайраткерлер: Қазақтың зиялы оқымыстылары: С.Торайғыров, Ә.Диваев, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова, М.Әуезов, С.Сейфуллин.

Қазақ этнопедагогикасының даму кезеңі 1970-2000ж.: М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы, Б.Адамбаев, Ш.Ахметов, М.Әлімбаев, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева, М.Балатабев, М.Бөлеев, З.Ахметова, М.Құрсабаев, М.Смайылова, М.Оразбаев, К.Қожахметова және т.б.

Ғалым Серғазы Қалиевтыңэтнопедагогиканың ғылым ретінде пайда болып, қалыптасып, дамуын 3 кезеңге бөліп қарастыруымен толықтай келісіп құндылығын жоғары бағалаймыз.

Тарихи-педагогикалық құбылыстар мен үрдістерді зерттеуге қойылатын әдіснамалық талаптарды, сондай-ақ, тарихи-педагогикалық үрдісті кезеңдеудің өлшемдерін басшылыққа ала отырып этнопедагогиканың даму тарихын этнопедагогикалық білімнің даму генезисіне сүйеніп кезеңдеуді жөн көрдік. Айталық, білім дегеніміз танымның аяқталған нәтижесі де, ақиқатқа жақындай түсетін шексіз үрдіс болса, білім – шын ақиқат пен салыстырмалы ақиқат бірлігі болып табылады (В.И.Гинецинский). Білімнің өмір сүру түрі – сана. Білім – сананың бір бөлігі ғана. Білімдердің пайда болуы бар білімдер құралына жаңа білімдердің енуі.

Этнопедагогикалық білім, біздің пікірімізше, өзінің дамуында үш түрлі сатылардан өтуде: "халықтық тәрбие – халықтық педагогика – этностық педагогика". Халықтық тәрбие өте ерте адам пай-

да болған заманнан, халықтық педагогиканың, яғни халықтық тәрбие мазмұны, әдістері, ережелері сұрыпталатын халықтық педагогиканың пайда болуына дейінгі дәуірді қамтиды, ал сол зерделенетін мазмұн, әдіс, ережелерді ғылыми деңгейде негіздеумен айналысатын этностық педагогика ғылымы XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап дами бастады. Демек, этнопедагогиканың тарихи даму дәуірлері (эпохи):

Жалпы этнопедагогиканың даму тарихына байланысты көптеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, оның даму тенденциясын сараладық. Ең бірінші ұлттық мінез, ұлттық ерекшеліктері туралы сөз қозғаған ғұлама ғалымдардан бастап, қазіргі кезеңде этнопедагогика саласына өз үлесін қосып жүрген ғалымдардың көзқарастарын зерделеп, талдау жасадық [6]. Әрине, бұл еңбектердің соның ішінде профессор Серғазы Қалиовтіңэтнопедагогика ғылымының дербес білім саласы ретінде дамуына өзіндік қомақты үлес қосқаны сөзсіз және олар күннен күнге өзінің өзектілігін, маңыздылығын тереңдетуде деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Балтабаев М. Основы музыкально-эстетического воспитания учащейся молодежи средствами казахской традиционной художественной культуры Автореф. дисс, ... докт. пед.наук. – Алматы, 1994. -42 с.
2. Храпченков В.Г. Проблемы периодизации историко-педагогических исследований. – Алматы: АГУ им.Абая, 1996. –44с.
3. Волков Г.Н. Чувашская этнопедагогика / Изд. третьедополненное – Чебоксары, 2004. – 487 с..
4. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 349 б..
5. Қалиев С.Қ. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Білім, 2003. – 379 б
6. Джанзакова Ш.И. «Этнопедагогиканы жеке пән ретінде құрудың ғылыми негіздері» монография Атырау - 2007

ТҰЛҒАЛЫҚ БОЛМЫС СОМДАУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК

Жұматаева Еңлік - педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Ж. Аймауытов атындағы этнопедагогика және білім берудің инновациялық технологияларының ғылыми-практикалық орталығының директоры

Көзі ашық адамдарға жақын жүрсе,
Олардың әрбір сөзін үлгі көрсе,
Естіген, сөз, қөргенді бос тастамай, құлақ тігіп, көз салып, жиып терсе...

(Мағжан Жұмабаев)

Мен Серғазы Қалиұлының «Өмірі өнегелі тұлғалар» айдарымен баспадан жарық көрген ғылыми-педагогикалық еңбектерімен танысып, қолыма қалам алғаныммен, не жазарымды білмей, қатты толғанысқа түстім. Десек те, кеңесті дәуірде де, қазіргі Тәуелсіз Қазақстан кезінде де білім мен ғылымның ізгілікті ұстанымда болып, оның тағылымын алға ілгерілету қарқынын шапшаңдатуға риясыз тер төккен тұлғалы болмысымен танылып отырған карифей Ағамыз жайлы айтарымыз бар деген ойға келдім.

Білім мен ғылымның инвестициялық, монополиялық тұрғыда тәуелді болып отырған жаңа қоғамымызда үздіксіз қажыр-қайратымен, парасат-пайымымен, өз-өзінің мотивациялық қажеттілігін арттыруымен ұдайы ғылыми үлес қосу үдерісіне қозғаушы күш болған;

- өміріне үлгі-өнеге көрсеткен тоталитарлық қоғамда ұлттық санасы мен рухын биік ұстаған;
- елжандылықпен халқын бақыт пен құтты болу жолын ғылым мен білім – өнер арқылы айқындаған зиялылардың тәлімгерлік басымдық берер тұстарын естелік ретінде көпшілікке ұсынған тұлғалар жайлы Серғазы Қалиұлының естеліктері бүгінгі және кейінгі жастар үшін де рухани азық.

Кейінгі жылдары ғалым-зерттеушілердің біртуар көрнекті жеке Тұлғалардың өмірі мен шығармашыл-ғылыми жолдарын өнеге – үлгі ретінде көрсету мәселелері күннен-күнге өткірленіп келді. Мұның өзі дидактикалық белді бір қағидасы – ұрпақ сабақтастығы дегенді жоққа шығарумен тең. Айтып отырған ой-пікірімізді дәлелдеу үшін «Ұмытылмас үш кездесу» академик М. О. Әуезов пен Серғазы ағамыздың естелігінде үш кездесудегі мәнділікке құлақ салсақ, оны мынандай түзіліммен беруге болады:

- 1943 жылдың маусым айында «Қазақстанның бүгінгі Абайы» атты іс-шараға қатысты Семейге келуі;
- М. О. Әуезовтің қасында кездейсоқ адамның болмауы, халқы үшін құрбандыққа шалынған

Есмағамбет Ысмайыловтың, және Сапарғали Бегалиннің , Жүсіпбек Елебековтің болулары.

- М. О. Әуезов сәлем беретін 5-6 жас жігітердің ішінде Мұқаңа қол берген Серғазы Қалиұлының ғұлама жазушының айтар кеңесін ілтіпатпен тыңдауы;

- М. О. Әуезовтің: «талаптарың таудай екен. Әдебиетті сүйгендерің жақсы. Бірақ орыс, батыс классиктерінің шығармаларын түпнұсқадан орысша оқу керек. Қазіргі заман талабы. Абай аталарың айтқандай, дүниенің кілті орыстың тілінде тұр» - деуі.

Серғазы ағамыздың М. О. Әуезовпен екінші рет кездесуі -1945 жылдың тамыз айы. Ғұлама Абайдың 100 жылдық мерейтойын тойлауға Қарауыл еліне баратыны бұл сапардың басты мақсаты.

Біріншіден М. О. Әуезовтің орысша және қазақша таза сөйлейтіні тыңдармандарға жағымды әсер қалдырғаны. Екіншіден, баяндаманы тақырыбына сай әнгіме айтқандай халыққа шебер жеткізе алғаны. Үшіншіден, 40 минуттық баяндама басқа тілде бірде- бір қыстырма сөз кіргізбей, кіршіксіз таза әдеби межеде айтып беруі.

Серғазы ағамыздың М. О. Әуезовпен үшінші кездесуі - 1957 жылдың қыркүйегінде болған. Бұл кездесу алдыңғы екі кездесуден мүлдем басқа, академик-жазушы М. Әуезовтің 60 жасқа толып, кемелі кемеріне келіп, ел ағасы болған кезі. Той туған жері Қасқабұлақта өткен. Бұл сапарда Серғазы Қалиұлының ойға түйгені:

- Ана тілін аса жоғары бағалайтыны, сол тілде таза, шешен сөйлейтіні, әлем халықтарының мәдени байланыстарын аса терең білетіндігі, үлкен -кішіге, туған халықына деген ыстық ықыласы мәңгі есте сақталып, кейнгі ұрпақтың жүрегіне отансүйгіштік рухты себуге деген ынта-жігері еркін сезіліп тұрғаны.

Қорыта келгенде, академик Серғазы Қалиұлының М. О. Әуезовпен үш рет кездесуінің бірінішісінде тек қазақ әдебиетімен тұйықталып қалмауға, екінші кездесуде баяндама оқудың моделін ұғынуына әсер етеді. Нәтижесінде, Абай орта мектебін бітірген 20 шақты түлектері Семей, Алматы, Ташкент қалаларына барып, институттарының тіл-әдебиет немесе журналистика факультетіне түсуі. Егер М. О. Әуезовпен кездесу болмағанда Серғазы ағамыздың жолы қалай болушы еді? « Жақсы – сөз жарым ырыс», «Жақсыдан шарапат» деген халық даналығы осындай құйма құлаға бар, түбінде топ жарып көшбасылыққа ұмтылатын шынайы талантаты адамдарды сомдайтынына осы кездесуілер дәлел.

Ғалым жолы, тар жол – тайғақ кешу. Ешбір ғалым ғылыми зерттеу жұмысын кедергісіз, бөгетсіз, қарсылассыз қорғаған емес. Әсіресе, кеңестік қоғамда қазақ әдебиеті, тілі, оның әдістемелері, қазақстан тарихы, қазақстан географиясы секілді пәндерден ғылыми диссертацияларды қазақ тілінде емес орыс тілінде жазу қажеттілікке айналды. Осындай дүрбелең заманда өзіңнің ұлттық санаң жайлы уәж айту тек бірең-сараң тұлғалардың еншісінде еді. Міне, мұндай қиындықты Серғазы ағамыз да айналып өте алмай, өз Отанында қорғауға мүмкіндік болмай, қырғыз елінде тұңғыш ғылыми кандидаттық диссертация қорғайды.

Кандидаттық диссертация тақырыбы Ғабит Мүсіреповтің шығармашылығын орта мектепте оқытудың жолдары болғандықтан, Ғабит Мүсіреповпен кездесуі зерттеушінің міндеті болады. Ғабит Мүсіреповтің талғампаз, талапқойғыш, бос сөзді ұнатпайтын мінезі бар екенін сол кеңістіктегі зиялы қауым жақсы білетін.

Ғылыми жетекшісі Серғазы ағамыздың Мәлік Ғабдуллин, Ғабеңе барғанда кенеттен сұрақ қойғанда абдырап қалмас үшін шығармаларын білу бір бөлек, баспа беттеріндегі сын мақалаларды оқып, өзіңнің тарабыңнан тұжырымдар жасап, сол төңіректе сұрақ даярлап алуың қажет деген нұсқау бергені болашақ ғалымның әдіснамасының дұрыс құрылуына қам жасағаны. Қаншалықты сыпайы, ілтіпатты тұрғыда Серғазы ағамыздың Ғабеңе өзін таныстырмағанмен, бір сөзінде: «Мен саған кеңес беретін методист емеспін ғой» -деуі. Артынан методист болмасам да деп жазушы еңбегі мен мұғалім еңбегінің ұқсастығының бар екеніне мән беріп, сұқбатқа қарсы еместігін білдіреді. Кеңес дәуіріндегі интеллигенцияның көшбасылары өте кіді, оңайлықпен жай, қарапайым адамдармен сұқбатқа түсе бермейтін, өздерін өте автономды ұстайтын әдеттері байқалатын. Ал Ғабитпен сұқбатқа түсу қиынның қиыны. Соған қарамастан, ғылыми жұмыс жазу мақсатын іске асыруда бұндай коммуникативтік тәсіл Серғазы ағамызға болашағын айқындап береді.

Бұл сұқбаттың осы мақаланы оқып отырған егер (оқыса) мұғалімдерге де қажет.

Серғазы ағамыздың бірінші сұрағы: «Сіздің алғашқы шығармаңыз «Қос шалқар» әңгімесі өмірге қалай келген еді?».

Ғабең қабағын кере түсіп, аз ойланды да – «Ол бір аласапыран ойпыл-тойпыл заман еді ғой. Шығарма қазақ байларын конфискелеп, малын, жерін тартып алып, кедейлерге бөліп беріп жатқан 1928 жылы – алғаш қоғамды колхоздастыру кезеңінде туған еді. Қосым байдың үш қатыны, отыз мың қойы, бес мың жылқысы болған… Аудан, облыстан күнде уәкіл шығарып, кедейлерді ұйтқытып,

байға қарсы айдап салды емес пе? Соның бірі Қосымның немере інілері Хасен деген кедей белсенді ауылда кедейлердің Қосшы ұйымын құрып, Қосымның әрекетін халық алдында әшкерелеп, үй мүлкін тәркілеп кедейлерге үлестіріп беріп, өзін бір әйелімен оңтүстікке жер аударған.

Серғазы Қалиұлының Ғабеңнің осы бір сан жылдар бойы ешкімге тіс жармай, қанша сырын айтуына қойған сұрағының қарымы ерекше екенін байқаймыз.

Біздердің мектеп бағдарламасымен оқыған оқиға Ғабеңнің «Қос шалқары» мүлдем аталған оқиға мен құбылысқа қарама-қайшы.

« Ағайын жоқ болса, бере алмайды;

Бар болса, көре алмайды» - деген халық даналығы Хасен сияқтылардың осындай жауыздық әрекеттері әлі де болсын жалғасып келеді. Білім мазмұны, әдебиет оқулығы бүгінгі таңда «Қос шалқар» секілді әңгімеге парадигмалық баға беруі қажеттілік, нақтылап айтсақ, әңгімеге жаңа философиялық пайыммен талдау жасауға бетбұрысымыз кейінгі ұрпақтың ұлттық болмысын сонда ғана оңтайлы жол дер едік.

Ғабең заман ағымына байланысты жазғанын Серғазы ағаның естелігінде былай суреттеледі: «Заман ағымы адам өміріне үлкен жаңалық әкеледі ғой. Қоғамды қайта құру үшін алдымен сол қоғамды құрушы адамдар санасын өзгерту керек болды. «Қос Шалқар» қазақ ауылындағы адамдар санасында алғаш туындаған санадағы төңкерісті суреттейтін шығарма».

Серғазы ағаның Ғабит Мүсіреповке екінше сұрағы: «Ғабе! Сіздің бір топ ана туралы новеллаларыңыз бар. Мәселен, Нағима, Ақлима, Ұлпан сияқты аналар бейнесі нақты өмірден алынған ба? немесе заман талабына қарай жазушының қиялынан туындаған геройлар ма?»

Бұл сұраққа Ғабеңнің қазақ әйелдері жайлы ой – бағамдары төмендегідей:

- қазақ әйелдері қай заманда болмасын ерлермен бірге атқа мініп елін де қорғаған;
- бала сүйіп, ұл-қызын өсіріп ұрпақ та тәрбиелеген;
- өнерді өрістетіп қоғамға өз үлестерін де қосқан.

Аталып отырған түзілімнен кейін Ғабең қазақ қыздарының тарих белестерінде көшбасылық келбетерін деректемеге сүйеніп, қазақ ұл мен қызды тең санағанын айта отырып:

«Теңі келсе тегін бер» - парасаты бар байлар қыздарына жар таңдау еркінділігін бергеніне тоқталған. Ғабеңнің бұл сұббатта айтқан тұжырымдарының ішіндегі ең інжу-гауһары қазақ қыздарының құзыретті, мәртебелі тұстарына тоқталуы екеніне де Серғазы аға айрықша екпін жасаған. Ол тұжырым - Шоқанның әжесі - Айғаным Уәли өлгеннен кейін

баласы Шыңғыс ержеткенше 16 жыл Көкшетау округіне хан болып, бүкіл Орта жүзге билік айтқан. Айғаным ақылды, парасатты, саясаткер, ел басшысы бола отырып, араб, парсы, орыс, татар, қазақ тілдерін жетік білген;

- Петербургтің архивінде Айғанымның патшаға жазған хаттары күні бүгінге дейін сақтаулы тұруы;

«Ұлпан» атты повесімнің бас кейіпкері Орта жүзге әмірін жүргізген әрі бай, әрі би болған Есенейдің тоқалы. Есеней мен Ұлпанның жас алшақтығы – 30 жыл болуы. Ұлпан Есенейдің ерлігін, мырзалығын, батырлығын, байлығын бағалап, сүйіп қосылғаны. Есеней де Ұлпанды еркіндікте ұстап, бүкіл арқа елін билеткені.

- Оқыған қазақ қызы Жәңгір ханның қарындасы Құсынижамал Нұралыханова 1896 ж. Петербургтегі Қыздар институтын бітіріп, туған ауылында орыс-қазақ мектебін ашуы. Қазан төңкерісіне дейін әр аймақтан осындай тұлғалы болмыстарымен ерекшеленген қазақ қыздарының шығуы.

Қорыта келгенде Серғазы Қалиұлы Ғабеңнің ішкі интеллектуалды әлеуетін сыртқа шығара отырып, неліктен Ғабең өмір сүріп отырған қоғамда белсенді қайраткер әйелдер бейнесін әдебиетімізде сомдап шығару неге жоқ ? –деп салихалы сұрақ қояды. Бұл сұраққа жазушы былай жауап береді: «Талант пен талап бір жерден шықса жақсы туынды дүниеге өз-өзінен келеді. Бүгінгі қаламгерлерімізде талап көп те талант жетпей жатқан сияқты».

Серғазы Қалиұлы мен Ғабит Мүсіреповтің бұл сұқбатынан көңілге түйіп аларымыз мынандай түйіндеме: Жан сұлулығы да, тән сұлулығы да – адамзаттың азығы... Сұлулық атаулының қайнар көзі күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен, ана тілі арқылы бойға дарып, адамға қуат береді... бүгінгі қазақтың өскелең ұлы мен қыздарына айтар аманат – ұлттық тілді,ұлттық ар-намысты көздің қарашығындай сақтаса екен. Жастарымыз, әсіресе, қыздарымыз әдепті ұмытпаса, көсегелі көгенді Егеменді ел боламыз. Елдің келешегі аналарға байланысты. Ана – ұлттың тірегі де жүрегі. Сол ұлтымыздың іргетасын қалаушы қазақ қыздарының бойынан ұлттық рух жоғалмаса екен, жан сезімі мөлдір, таза болса екен».

Ғабеңнің Серғазы ағамызға 1970 жылдары айтқан тұғырлы тұжырымдары өзіне де, біздерге де үлгімен өнеге берерлік рухани азық. Бұндай естеліктер кімге болмасын ойының орамды, тілінің шырынды, ісінің нәтижелі, болмысының ізгілікті, ар-ұжданының таза болуына педагогикалық тұрғыда айтсақ, қозгаушы күш.

Тұлғалы болмысының моделін Серғазы Қалиұлы мемлекетіміздің басшысы, 1960-1980 жж еліміздегі тауқыметі зор, тың көтеру, қой шаруашылығын өркендету, ауыл шаруашылығын оңтайландыру, жастарды ауыл өміріне тығыз араластыру секілді сүбелі істерді еңсерген Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев жайлы естелігі - біздерге де кейінгі ұрпақ легіне де өнеге боларлық құбылыс.

Серғазы аға Д. Қонаевтің бақыты өрге домалап тұрған кезде алыс жақында қолпаштаушылардың көп болғаны сөзсіз дей отырып, кеңестік дәуірдегі мемлекет басқарушы мәртебесінен зейнеткерлік деңгейдегі Д. Қонаевтың қандай болғанына тоқталуына, әркімде кездесетін мінді мінез өркөкіректіктің болмауына тоқталған. Оны біздер Серғазы ағаның өз сөзімен айтсақ: Димаш Ахметұлы, Н. Головацкий екеуі аулаға шығып, қаптап тұрған демалушылардың әрқайсысымен қол алысып амандасып, қайдан келгенін, не қызмет істейтінін, аты-жөнін сұрап жатты.

Бірер минуттан кейін ол кісі әркімдердің тілегі бойынша жеке де, топпен де суретке түсті. «Серғазы Қалиұлы елімізді тоталитарлық режим тырнағының қатты батпауына, басқа ұсақ мемлекеттер арасынан алғы шепте болуымызға, Ресей және басқа мемлекеттермен консолидациялық тепе-тең өмір сүруімізге қам жеген Д. А. Қонаевтың ізгі қасиеттерін Серғазы Қалиұлы былай суреттейді:... Ол кісінің үлкен-кішімен бірдей тең адамша қалжыңдай сөйлесуі, кішіпейілдігі, жайдарылығы, сыпайылығы, мінезінің аса табиғилығы сезініп тұрды. «Ұлық болсаң, кішік бол!» деп халық текке айтпаған ғой…».

Көріп отырғанымыздай, естеліктен қаншама ғибратты тағылым-тәрбие алуымызға болады. Жүсіпбек Аймауытов және т.б. психология ғылымын зерттеушілер өркөкіректік мінезді міңді мінез, одан сыртқы ортаға тигізер зиян жоқ, бірақ сол адамның өзіне кесел-қырсық пен бақытсыздық әкелер жаман қылық екенін дәлелдеп берген, сондықтан Серғазы Қалиұлының Д. Қонаев жайлы естелігі кейінгілерге қажетті нысан.

Серғазы ағамызға Халық Батыры, көрнекті қолбасшы Бауыржан Момышұлынан алған өнегесін төмендегі түзілімде қабылдауымызға болады:

- өзінің ана тілі, қазақ тілін ұмытпағаны;
- бірлі жарым орыс отырса, қазақша сөйлейтіні;
- 20 минут Ұлы Отан соғысының отты жылдарындағы қиыншылықтарды тәптіштеп баяндайтыны;
- Ұлы Отан соғысының жеңісі ұлт бірлігінің жеңісі екендігі;
- соғыстың ауыртпалығын барлық ұлт өкілдерінің бір кісідей болып көтергені;
- жеңістің кілті бірлікте болғаны;
- бірлік пен темір тәртіп бар жерде халықтың қандай ма қиыншылығы мен азабы сейілетіні;
- дінге қатысты қоғам алдында Бауыржан Момышұлының қол жайып бата беруін ерсі көрген горкомның бірінші хатшысы Н. В.Чеховскийдің көзі аларып, шарасынан шығып кетуі.

Міне, бұл таксономиямен түзілген Бауыржан Момышұлының бүгінгі тілмен айтсақ, оғаш, креативті іс-әрекетін Серғазы аға қазақ халқы рухы биіктігіне және оны ешкімен тайсалмай өз мәнінде іске асыратын бейбіт өмірдің де қорғаушы қолбасшысы Б. Момышұлы екеніне ақиқатты тұрғыда мінездеме бергені жігерсіздерге жігер салуы демексіз.

Серғазы Қалиұлы бұл еңбегінде «Мәлік аға, ісі қазақ зияларының асылы еді, ардақтысы», деп естелігінің аталымын зиялы қауымының көкейінен шығар құрметпен баға бергені көңілге қонымды. Бұл естелігінде Ғылыми Ұстазының асыл қасиеттеріне ерекше жүрекжарды сезімдермен өрнектеген:

... естелігінде қандидаттық диссертациясының жетекшісі Ғабдуллин екенін айта келіп, студенттердің ең сүйікті ұстазы боған Серғазы ағамыз Мәлік Ғабдуллиннің өзіне тән ерекшелігін:

- Мәкең өте биязы, байсалды, кішіпейіл адам екен;
- Мені дәл бұрын көріп жүрген адамдай жылы шыраймен қарсы алып, 15-20 минут менің қызмет жайым, келешекте қорғауға алған тақырыбым жөнінде сөйлесті де ғылыми жетекші болуға жазбаша келісімін берді;
- Ерінбеген адам ғана мақсатқа жете алады, ғылыми жұмыс көп ізденуді, көп оқуды қажет етеді - деген Мәлік Ғабдуллиннің ізденушіге қойған талабы, мұнымен бірге: Директор болып мансап қуып жүре берсең, сенен ғалым шықпайды. Ол үшін мансабыңды қиып, ғылыми ортаға жақындау керек» -деп, болашақтағы Серғазы ағамызға ғылыми жолын бағдарлауы...
- Жаны жаз, үлкенге іні, кішіге аға, халық қастерлеген батырлардың батыры, ғалымдардың тұйғыны, асыл ағамыз Мәлік Ғабдуллиннің 50-70-жылдардағы педагог- ғалымдардың бәріне бірдей қамқоршы қорған болғаны бізге белгілі.

Жоғарыда Серғазы ағамызға ғылыми жетекшісі жайлы түйінді сөздерінің бүгінгі ізденуші мәртебедегі болашақ ғалымдарға да өнеге болмақ, ғылыми жетекшісінің ғылымға қосқан үлестерін келесі ұрпаққа жеткізу мақсатында 2001 ақтөбелік мұғалім Майра Құрманбаеваға «Мәлік Ғабдуллиннің мұраларындағы этнопедагогикалық құндылықтар арқылы оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеу»

деген тақырыпты таңдап 2003 жылы Білім академиясының ғылыми кеңесінде педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін ойдағыдай қорғап шығуына көмектесіп, ғылыми жетекші болғаны ел мақтанышы, батыры, ғалым, көшбасысы Мәлік Ғабдуллинге деген ілтипаты деп түсінеміз.

Сергазы Қалиұлы Ғабит Мүсірепов салып кеткен сара жолы қазақ қыздарының қоғам қайраткері ретінде тұлғалық болмысын бүгінгі және болашақтағы қызбалалар мен әйелдер легіне тәлімгерлік өнеге болсын деген ниетпен Отанына сүйіспеншілігі айрықша, туған тілге, халқының жауһар салт-дәстүрін, жоралғы-ырымдарын, заңдылықтарын өзінің кредосы деп есептейтін Шәмшә Көпбайқызы Беркімбаеваның Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі болған кезіне дейін, кезінде, одан кейінгі уақыттарында, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болмай тұрған сәтінде мектеп оқулықтарындағы ұсынылған материалдарда ана тілін қадірлеуге, ақын-жазушылыр мен ғұлама-даналардың еңбектерін шебер топтастыруға, авторларды саралаудағы еңбектері зор екендігіне тоқталғаны Сергазы ағаның бүгінгілердің де қаперіне іліксе екен деген арманы деп түсінгеніміз абзал.

Бүгінгі қақаңдап, білімі саяз, сырт бейнесін қуыршақ келбетіне жасанды жолмен әрлеп алған, гендерлік саясатты пайда тұтқан әйелдердің Отанымызда саңырауқұлақтай қаптап келе жатқанына Сергазы Қалиұлы ағамыздың Шәмшә Көпбайқызы туралы аталып отырған естелік-эссе ғажап кестеленген еңбек.

Шәмшә Көпбайқызының қоғам қайраткері ізгілікті жан, бастамашыл да, жаңашыл ғалым екендігіне Сергазы аға екпін жасай отырып, төмендегідей елінің өркенін ілгерілетуге қосқан басымдықтарын жіктеп өткенін жөн көріп отырмыз:

- әйел отбасының ұйытқысы ғана емес, бүкіл қоғамның да ұйытқысы дегенді айтқаны;
- халықтың келешегі жастар. халық баладан өсіп көбейеді деуі;
- аудан, өндіріс, мекеме басшылары шаруашылықтағы кемшіліктермен қоса сол мекемелердегі ата-аналардың бала тәрбиесіне де үнемі жіті қарап көңіл бөлу керек дегенді айтуы;
- 1990 ж. қазақ этномәдениетін өркендету жөнінде республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізіп, қазақ тілі мен ұлттық салт-дәстүрді республика оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісіне ендіру жөніндегі баяндамасы да республика ағарту қызметкерлерін дүр сілкіндіргені;
- Қазақ КСР Оқу министрлігінің коллегиясында ұлт мәдениетін оқу-ағарту мекемелерінде кең түрде насихаттау жөнінде арнаулы қаулы қабылданып, педагогикалық орта және жоғары оқу орындарында этнопедагогика кафедраларын құрылуы;
- 2000-2005 ж.ж. «ауыл мектептерінің жылы» деп жариялауы.

Шәмшә Көпбайқызының елжандылығы, ұлтын жанымен жақсы көретіні, іс-шараны белгілі бір салиқалы оқиғаларға арнап өткізуі, ұлтын сүйетін тұлғаларға дара жол салып беретіні, жақсылықты тез тарататыны бәрі-бәрі өрелі болсын деген естеліктегі ниеті байқалып тұр.

Сергазы Қалиұлының әлемдік этнопедагогиканың негізін қалаған білгір академик Г.Н. Волковпен кездесуі 1986 ж. бұрынғы КСРО Орталық партия комитеті Кеңестер Одағы Одақтас Республикаларының көптомдық педагогикалық Антологиясын шығару туралы арнайы қаулы қабылдап, 17 адамнан Редакциялық алқа мүшелерін бекітіледі. Одақтың жиынында... Антологияның құрылу принциптерін, материалдарды сұрыпталуын, әр томның жобасын жасауын Оратлық Комитетпен келісіп бекітулері.

... 1984 ж. КСРО-ға қайтып келген ұлты чуваш, академик Г.Н. Волковтың баяндамасына қызыға тыңдауы.

Сергазы аға Г.Н. Волковтың әлем халықтарының этномәдениетін терең білетін, әр халықтың ұлттық дәстүрін салыстыра зерделеп, халықтың идеяларын айқындауына мән берген және үш рет кездесуінде ғалымның феноменді ғалым екендігіне көзі жеткенін деректememен дәлелдеп жазған.

Қорыта келгенде, бұл кітаптағы жарияланған естеліктерде бірде-бір артық ой-пікір, бос мадақтама, дәлелсіз түйіндеме және т.б. келеңсіз баяндаулар мүлдем кездеспейді. Әрбір бір-біріне ұқсамайтын тұлғалы болмыстардың тек өздеріне ғана тән мінездері, қоғамдағы алар орындары, ғылымға қосқан дара жолдары айқын, ашық бейнеленген.

Сергазы ағамыздың ғылымға қосар үлесі әлі алдыңғы жылдарымызда деген сенімдеміз!!! Мерей тойыңыз Өзіңізге, Балаларынызға, Туған –Туыстарыңызға Нұр, Құт, Бақ, Береке әкелсін!!!

ЕЛІМІЗДІҢ АҚСАҚАЛ ҒАЛЫМЫ

Қазна Аймағамбетқызы - Халық ағарту ісінде атқарған қызметіміз жағынан замандас, жасымыз жағынан қарындас- «Құрмет»орденінің иегері, халық ағарту ісінің үздігі

Жасы келіп, үлкейу бар, сол үлкендікті ақсақалдықпен алып жүру бар. Ғалым болып қорғау бар, сол атақты аброймен аяғына дейін іздену- шілікпен, адалдықпен, төзімділікпен, өз саласына берілгендікпен алып жүру бар. Осы тұрғыдан алағанда ақсақалдықпен ғалымдықты қосарлай алып кележатқан белгілі ғалым, еңбекқор азамат,зерттеушілігінің басқа көп салалы тұстарын былай қойғанда,ұлттық әдет-ғұпымызды ту етіп көтерудің көшбасшысы,халқымыздың асыл мәйегін,елге танытып, жастардың жанына сіңіріп, олардың жүрегіне нұр құю мақсатымен, аянбай тер төгіп, қаймықпай паш етіп, өзінің бүкіл болмысы өз қағидасының үлгісі болып, дүшпандарын күйіндіріп, достарын сүйіндіріп ортамызда тоқсанның желкесіне мініп отыр- ған Серғазы Қалиұлының болмысын көпке өнеге, алтын тұғырлы, ұлағатты өмір деп қараймын.

Құдайға шүкір, ғалымдар баршылық, бірақ солардың ішінде ел ақсақалдары азайып барады. Қатары сиреген аяулы да, ардақты ақсақал- дарымызды аялай білу, олардың халық игілігіне жасаған ұланғайыр еңбегін саралап түсіну, алдағы санаулы ғұмырларына көлеңке түсірмей, көңіл жылуын аямай, лтипат көрсету, мен қазақпын деген кез келген адамның парызы деп есептеймін.

Қазақта мақал бар «Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан жас артық»- деген. Ал, біз сөз етіп отырған ғалым-ақсақалымыз бүкіл өмірін өніміді еңбекке арнаудан жалықпай,нәтижелі істің ортасында,тынымсыз ізденістің толқынын толастатпай, «еңбегін сатқан» азамат.

Мен өз басым, Серғазы Қалиұлын жарты ғасыр бойы білемін.1966 жылдары

Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер болып жүргенімде сол институттың ғылыми Кеңесінде сырттай аспирантураға түскен Серғазы Қалиұлының зерттеуге алған ғылыми тақырыбының бекігенінің куәсі болғанмын.

Кеңес жұмысының барысында ол кісінің өмір жолымен таныстырғанда білгеніміз-қызмет жолын қараппайым мұғалімдіктен бастап, біраз жылдар жастарға білім мен тәрбие беруде келелі жетістіктерге жетіп, педагогикалық тұрғыдан тәжірибесі жетілген, басқарушылық қызметтің де талайын бастан кешірген қажырлы да, білімді де азаматтың енді ғылымға бетбұруға бағыт- талғандығы болды. Алған ғылыми еңбегі әдебиетті оқытудың әдістемесіне байланысты еді. Мектептегі қай пәннің болса да, әдістемесінен ғылыми жұмыс қорғау педагогикалық ізденістердің ішіндегі ең қиыны да , жауаптысы да десем, ешкім қарсы бола қоймас. Мұндай тақырыпты алуға біріншіден, тәжірибесі мол, екіншіден, зерттеушілік жұмыспен ерінбей тертөге айналы- сатын, үшіншіден, білім алатын жастардың жекебас және психологиялық ерекшеліктерін жете білетін адам ғана бара алады.Міне, Секең осы ғылыми жұмысын толассыз жүргізген педагогикалық еңбегімен қатарластыра отырып,аброймен қорғап шықты және онан әрі таза ғылыми жолға түсіп, зерттеушілікпен айналысты.

Сонан бері табаны таймастан, қазақ мектептерінің әдістемелік тұрғыдан дамуына қосқан үлесін былай қойғанда, бүкіл қазақ халқына ғана емес,бөгде халықтарға да үлгі болатындай еліміздің тарихын,ұлттық тәрбиенің көкейкесті жақтарын жан-жақты талдай отырып, қаншама туындылар берді.

Көп жылдан бері қазіргі таңда Ұлттық университет дәрежесіне жетіп отырған Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында болашақ мамандарға білім мен тәрбие беру мәселесіне де келелі үлес қосып келеді. Қаншама шәкірттер тәрбителеді, таза педагогтің бетбейнесінің қандай-болатынының үлгісін көрсетті.

Осындай аяулы ақсақал-ғалымның әлі де болашақ қоғам мүшелеріне берері де, көрсетер үлгісі де көп деп білемін.Сондықтан, Сәкеңнің келген келелі жасын құттықтап, әлі де жасай беріңіз деп тілеймін!

ЕЛБАСЫНЫҢ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АТТЫ ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДА СЕРҒАЗЫ ҚАЛИҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

С.Т. Иманбаева - 1п.ғ.д., профессор, ХПҒБА – ның академигі,
Абай атындағы ҚазақҰПУ, Алматы, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан педагогика ғылымдар академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Серғазы Қалиұлының педагогика ғылымына қосқан үлестеріне ғылыми талдау жасалынады. Тұлғалық қасиеттердің дамуы, ұстаздардың білімін жетілдірудегі қолтаңбасы, этнопедагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі, жас ғалымдардың жұмыстарына жетекшілік етуі, педагогика тарихының дамуына қосқан үлестері айшықталып көрсетіледі.

Түйін сөздер. Педагогика ғылымы, тұлғалық қасиеттер, қолтаңба, ұстаздардың білімін көтеру, этнопедагогика ғылымы, педагогика әдіснамасы, әлемдік білім кеңістігі, парасат мектебі.

Аннотация. В статье дан анализ вклада доктора педагогических наук, академика Академии педагогических наук Республики Казахстан Калиева Сергазы в развитие педагогической науки. Раскрыты пути развития ее личностных качеств, вклад в развитие национальной педагогики, научное руководство поисками молодых исследователей, роль в развитии университетского образования.
Ключевые слова. Педагогическая наука, личностные качества, почерк, повышение квалификации учителей, этнопедагогика как наука, методология педагогики, мировое образовательное пространство, школа мудрости.

Annotation. The article analyzes the contribution of the doctor of pedagogical sciences, professor Sergasi Kalieva in the science teaching development. The way of her personal qualities development, script in republic teachers' training system, scientific management of the search for young researchers, scientist place in the world space, role in the university education development are revealed.
Keywords. Teaching science, personality, script, teachers' training advance, pedagogy methodology, world educational space, wisdom school

Қазақстан Республикасының бірінші президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз. Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қа¬лай қадам басатынымыз және бұқаралық сана¬¬ны қалай өзгертетініміз туралы көзқарас¬тарым¬ды ортаға салуды жөн көрдім»[1], - деп ұсынылып отырған идеяның негізі қазақ елінің қасиеті, ұлан байтақ жері, рухы асқақ, намысы биік ел, қазақ елінің қалыптасуындағы мызғымас берік идеологиялық негізі, ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие т.б. мәңгілік ел идеясын іске асырудағы негізгі ұстанымы болып табылатыны көреміз. Қазақстанда әлемнің алпауыт та алып елдерінің көшіне ілесуде интеллектуалды ұлт қалыптастыру, интеллектуалды әлеуетті арттыру – негізгі стратегиялық міндет болып табылатындықтан қоғамның алдында тұрған негізгі міндет - рухы күшті тұлға, халық, қуатты мемлекетті қалыптастыру мәселесі тұр. Ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі XXI ғасыр ағымына лайықты тұлға - өз ана тілін білетін, басқа тілді құрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық салт-дәстүрден нәр алған, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын адамды қалыптастыру көзделеді. Осы тұрғыда тұлғаны қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің, бәсекеге қабілетті зияткер тұлға қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің орны ерекше. Бүгінгі егемен еліміздің елдігі мен бірлігі ұстаз тәрбиелеген жас ұрпақтың рухының биіктігінде, біліктілігі мен білімінде екені әлемдегі жаһандану үдерісі көрсетіп отыр. Осының басы-қасында ұстаз, ғалым, тәлімгерлер тұр. Ұстаз ұлы тұлға!

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру аясында» идеясын іске асыруда, тәрбие мен білім беруде Серғазы Қалиұлының еңбектерін ерекше атауға болады. Педагогика, этнопедагогика атты ғылымның негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында ұлттық білім беру мен ұрпаққа тәрбие берудің негізгі ғылыми жүйесін қалыптастырды. Оның есімі «ұлы дала елінің ғұлама ойшылдары» атты тізімде алдыңғылардың қатарынан орын алады. Рухани құндылықтарды, ұрпақтан - ұрпаққа жалғасқан мұраларымыздың жинақтаған Серғазы Қалиұлы жәдігертанушы ғалым ретінде құрметтейміз.

Серғазы Қалиұлы дара тұлға. Елбасының мақаласында «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын", - деп атап көрсетуі де, қазақ халқының жер бетінен жойылмай сақталуы да ата-бабаларымыздың ұлттық рухының жоғары болуында десек артық айтпаған болар едік, яғни бұл - тарихи шындық[1]. Елі мен жерін, халқының бостандығын және мемлекет ретінде тәуелсіздігін сақтау, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу. Яғни, аталған идеяларды іске асыру бүгінгі жаһандандыру үрдісінде, ұлттық идеялардың әлемдік идеялармен өзара сабақтастыру жағдайында, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттер қатарынан көрінуі тұтас педагогикалық процестен күрделі, түбірлі өзгерісті талап етеді. Жас ұрпақ бойындағы ерлік пен елдіктің рухын себетін негізгі күш – туып өскен жері мен елі, ұлттық мұра мен ұлттық байлығымыз екені дау туғызбайды.

Ұлттық рухты қалыптастыруда жеке адамның рухы мен халықтың руханилығы негізгі орын алады. Философ А.Айталының пайымдауы бойынша «...Ұлтжандылық халықтың рухани және материалдық игіліктерін көбейтуге арналған жігері, қайраты. Ұлтжанды ұлттық мұраттар жолындағы абзал істің иесін айтамыз»[2], - деген тұжырымынан, профессор Серғазы Қалиұлы еліміздегі ғылыми кеңістікті құруға белсене ат салысқан дара тұлғалардың бірі. Оның бойындағы адами қасиеттер, тазалық, ғылымға деген әділеттілігі ешкіммен салыстыруға келмейтін қасиеттері болып табылады.

Ұлттық тәрбие құндылықтарын жинақтаушы және негізін салушы. Алғашқы «Педагогика» оқулығының авторы М.Жұмабаев ұлттың бақытты болу үшін неге көңіл аудару керек екенін нақты көрсете білді. Ғалымның айтуынша «Ұлт бақыты - тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның, ұлтын асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі - әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі - әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты", - қоғам мүшелерінің бақытты болуы ұлт бақытының негізі екеніне тоқталады.

Осыдан бір ғасыр бұрын жазылған тұжырым XXI ғасыр қоғамын қалыптастыруда негізгі мұрат болып табылады. «… әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деп ұлттық тәрбиеге аса мән береді[3].

Серғазы Қалиұлының басшылығымен алғаш рет Қазақстан Республикасы Оқу министрлігінің тапсырысы бойынша 1992 жылы «Үздіксіз тәрбиенің тұжырымдамасы» ұлттық тәрбие негізінде дайындалып, үздіксіз білім беру жүйесінде тұлғаға бағдарланған тәрбие негізінде іске асты. Үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттық негізде тәрбие беруге байланысты «Тәрбиенің кешенді бағдарламасы», «Үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбиенің тұжырымдамасы», «Қазақ халқының салт- дәстүрлері», "Қазақтың салт-дәстүрлері", «Қазақтың халықтық педагогика тарихы», «Қазақ этнопедагогикасы», «Әдеп», «Этнопедагогика», «Адамтану» т.б. бағдарламаларды, «Болашақ» оқушылар ұйымының Ережесін дайындап, үздіксіз білім беру жүйесінің оқу - тәрбие үдерісіне енгізілді.

Ғалым халықтық педагогика мен қазақ этнопедагогикасының дамуының ғылыми теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындауда үлкен үлес қосты. «Қазақ тәлімінің тарихы», «Қазақтың тәлім-тәрбиесі», «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Қазақтың халықтық педагогикасы», «Педагогика тарихы», «Оқушылардың тұлғалық қасиетін дамытудың педагогикалық негіздері», «Үлгілі үйдің ұл қыздары» т.б. ғылыми еңбектері ұлттық ғылымның дамуына қосқан құнды еңбектер болып табылады.

Ұлттық рухты үнемі ұлықтап жүретін қазақтың тәлім-тәрбиесінің қайнар көзі ғалымның еңбегінің қайнар көзі болып табылады. Ұлттық тәрбие қайнарынан қанып сусындаған ұрпақ дені сау, ақылды, білімді, ұлтжанды, еңбекқор, кішіпейіл болып өседі. Халықтың өмір тәжірибесінен, рухынан, өнерінен, ділі мен тілінен, ұлттық мінезінен туатын ішкі заңдылықтарды дұрыс түсіндіре білу – жастарымыздың тәрбиесіне оң әсерін тигізбек. Ұлттық тәрбиедегі аса көңіл бөліп отырған мәселеміз – мемлекетшілдік нышандарды дамыту, оны ұрпақ тәрбиесімен ұштастыру және осы арқылы жастардың отаншылдық рухын ояту. Олай болса, елдің, ұлттың мәңгілік болуы оның уақытқа бағынбайтығында, халқын, елін, жерін шексіз сүйетін азаматтарды қалыптастырып, тәрбиелеуде жатқаны айқын.

Педагогика тарихы ғылымының дамуына қосқан үлесі. Ұлттың ұлттық қасиетінен нәр алған ғалымның бойындағы ұлттық рухы, парасаттылығы оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұраларды жинақтауға алып келді. Міне, осы кезде Серғазы Қалиұлы батылданып, үздіксіз білім беру жүйесіне этнопедагогиканы енгізуге бел шешіп кірісті Расында да, XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басында тәуелсіз елімізде қоғамдық даму үрдісінде ұлттық рух, ұлттық тәрбиеге деген бетбұрыс айқын байқалады. Ұлттық парыз, намыс, сезім, сана, рух, т.б. құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады. Ұлттық идея - рухани құндылықтарды жаңғыртуда үлкен дем береді. Ұлттық рух - бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті. Ұлттық идея - ұлттық болмыстың, тарихтың көрінісі.

Ұлттық рухы биік тұлғалардың мұраларын жинауда да алғашқылардың бірі болып қолға алды. Төте жазуда мұра болып қалған еңбектерді мұрағаттардан жинап, ұрпағына табыстаған да Серғазы Қалиұлы. Алаш арыстары А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Х.Досмухамедов, Ш. Құдайбергенұлының еңбектерін қазақ тәлімінің тарихының негізі тұрғысынан ұрпағына табыстады.

«Педагогика тарихы» оқулығын жазды. Ұлттық білім беру жүйесінің даму тарихын зерделей отырып, оның әлемдік кеңістіктен алар орнын да айқындай білді.

Этнопедегогика ғылымының дамуы мен қалыптасуына ықпалы. Этнопедегогиканың пән ретінде жоғары оқу орындарына енгізуде профессорлар Қ.Жарықбаев пен С.Қалиұлының еңбектерін ерекше атауға болады. Қос ғалымның идеялары жоғары оқу орындарында, ғылыми - зерттеу институттарында этнопедагогика кафедраларын, ғылыми-зерттеу лабораторияларын ашуға жақсы ықпал етті. С.Қалиұлының «Қазақ этнопедагогикасы», «Этнопедагогика» атты оқулықтары және «Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы» атты оқу - әдістемелік құралдары жоғары оқу орындарында этнопедагогика пәнін оқытуға үлкен мүмкіндіктер тұғызды. «Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы» атты еңбегі үздік ғылыми зерттеулері үшін Ы.Алтынсарин атындағы I – ші дәрежелі сыйлыққа ие болды.

Профессор Ш.Таубаеваның «С.Қалиев пен Қ.Жарықбаев этнопедагогика ғылымының әдіснамалық негізін қалады»,- тұжырымынан, ғалымдардың этнопедагогика ғылымының дамуы мен қалыптасуына қосқан үлесін көрсетеді.

Қазақ тәлімдік ойлар Антологиясы. Түркі жұртының 14 ғасырлық тарихын қамтитын «Қазақтың ой - пікірлер Антологиясын», «Қазақ тәлімдік ойлар Антологиясының» 10 томдығын құрастыруы да ғалымның ұлттық ғылымның дамуына қосқан іргелі үлесі деп бағалауға болады. Тарихтың терең қойнауына еніп, үш мың жылдық тарихтын қилы қилы кезенің қамтыған, терең сыр шертетін тарихи құнды еңбек. Ұлтымыздың парасатты, таңғажайып өсиетін, тілінің құдіретті қасиетін зерделеуде Антология ғылыми ізденушілерге де, мектеп мұғалімдері, жоғары оқу орындағы профессор-оқытушы қауымына және студенттер, магистранттар, докторанттарға аса қажетті құнды дерек көзі болып табылады.

Ғалымның ұлттық тарихымыз, ұлттық тәрбиеміз, ұлттық мәдениетіміздің дамуына аса көрегендікпен мән бергенін байқауға болады. Профессор Серғазы Қалиұлының ғылыми-зерттеу жұмысы мен еңбектерінің негізгі бағыттарын саралап қарасақ, Қазақстанда педагогикалық ой-пікірдің даму тарихына, оның ішінде Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруде ұлттық тәрбие, этнопедагогиканың қалыптасуы мен дамуына байланысты зерттеу еңбектері ерекше орын алады.

Профессор Серғазы Қалиұлының «Алаштану» ғылымына қосқан үлесі. XX ғасырдық басындағы алаш азаматтарының мұраларын бір жүйеге келтіре отырып, XX ғасырдың басында қалыптасқан ұлттық идеяларды сабақтастық тұрғыда «Алаштану» атты іргелі ғылыми кешенді оқу - тәрбие үдерісіне енгізу арқылы, ұлттық сананы қалыптастыру мәселесіне аса мән бере отырып, ұлттық тарихи құндылықтар жүйеленіп берілді. Ұлттық білім беру жүйесінің оқу тәрбие үдерісіне енгізуде ғалымның ғылыми ізденісін ерекше атауға болады. «Алаштану» атты пән республикадағы жоғары оқу орындарындағы педагогикалық мамандықтардың оқу жоспарына таңдау пән ретінде оқу жоспарларына енгізілді.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаладағы негізгі бағыттардың бірі тұлғаның рухани - адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда ғалымның докторлық «» зерттеуі көкейкестілігін аша түскендей. Ұлттық тәрбие бойынша жүргізілген зерттеуінде..... даму тарихына өте ыждахатпен қарай отырып, тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды негізге алуды басты нәтиже тұрғысынан қарастырды. Ғалымның еңбектері Елбасы ұсынған "Ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. … ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыс¬ты¬рып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» [1], - деген тұжырымдаманы іске асыруда ғалымның еңбектері, зерттеулері негізгі орын алады.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті және Серғазы Қалиұлы. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ғылыми кеңістігі құрудағы орны - кезіндегі кандидаттық және докторлық диссертациялық қорғау кеңесінің мүшесі болды. Аталған қорғау кеңесінде ғылым атты киелі әлемге қаншама жас ұрпақты самғатты. Осы ғылым кеңістігінде де ғалымның өзіндік орны, қолтаңбасы болды. Ғылым атты әлемдік кеңістікте өз орнының бар екені айқын аңғарылатын. Серғазы Қалиұлының жетекшілігімен Моңғол өлкесінде педагогика әлемі атты ғылыми мектепте А.Ашайұлы т.б. тұлғалар ғылым атты әлемдік кеңістікте үлкен биікке көтерілді, қанша парасатты тұлғалар әлемдік білім мен ғылым кеңістігін қалыптасуына ықпал етіп, өзіндік қайталанбас ғылыми мектепті қалыптастырды.

Елбасының «Қазақстаның қасиетті рухани құндылықтары» немесе жас ұрпақ бойындағы ерлік пен елдіктің рухын себетін негізгі күш – туып өскен жері мен елі, ұлттық мұра мен ұлттық байлығымыз екені дау туғызбайды», - деген тұжырымы профессор Серғазы Қалиұлының тұлғалық қасиеті мен еңбектері бүгінгі еліміздің даму үдерісінде оның елі мен жеріне деген құрметі, халқына деген сүйіспеншілігі азаматтық парасаттылығын айқындай түседі. Елбасының мақаласында «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын", - деп атап көрсетуі де, қазақ халқының жер бетінен жойылмай сақталуы да ата-бабаларымыздың ұлттық рухының жоғары болуында десек артық айтпаған болар едік, яғни бұл - тарихи шындық. Елі мен жерін, халқының бостандығын және мемлекет ретінде тәуелсіздігін сақтау, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу болса, ғалымның еңбетері осыны нақтылай түседі.

Серғазы Қалиұлының еңбектері бәсекеге қабілетті, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көші-

не ілесе алатын ұлттық сана-сезімі жоғары деңгейде қалыптасқан жаңа тұрпатты болашақ ұрпақты тәрбиелеуге бағытталады. Яғни, аталған идеяларды іске асыру бүгінгі жаһандандыру үдерісінде, ұлттық идеялардың әлемдік идеялармен өзара сабақтастыру жағдайында құнды пікірі ата салтымызды сақтауға, туған жер мен ел алдындағы перзенттік парызымызды ақтауға шақырады, оқушы - жастардың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға негізделген іс - шаралар белсенді ойлау қызметінің дамуын, негізгі құндылықтарды және осы заманғы ғылыми дүниетанымды қалыптастыру, олардың сана-сезімінің сенімді және қажетті біліммен толығуын, ақыл-ой қабілеті мен білімге құмарлығын дамыту аса жоғары деңгейде іске асуруға қосқан үлесі болып табылады.

Педагогика ғылымының Апостолы. Ғалымның ұзақ жылдық ұстаздық және ғылыми еңбектері арқылы қазақ елінің дамуына қосқан өзінің қайталанбас қолтаңбасын көруге болады. Ұлттық білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлестерін ескере отырып, «Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы» атты еңбегі үздік ғылыми зерттеулері үшін Ы.Алтынсарин атындағы I – ші дәрежелі сыйлыққа ие, М.Жұмабаев сыйлығының иегері болды. Ғалым, ұстаз, Серғазы Қалиұлы 90 жастың биігіне шығып, білім мен ғылым дариясына қосқан еңбегінің нәтижесін көріп отырған бақытты ғалым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. /Айқын. 13 сәуір, 2013
2. Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Арыс, 2003. – 226 б.
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1998. – 112 б.
4. Қазақ тәлімдік ойлар Антологиясы. –Алматы. 2010. 1-10 том. 200 б.т.
5. Қалиев С. Өнегелі өмір. – Алматы. 2016. 278 бет. (Редакторы С.Т.Иманбаева)
6. Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбиесі. –Алматы: 1995. – 270 б.
7. Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: Рауан, 1999. –104 б. (С.Қалиев, Ш.Майғаранова, С.Т.Иманбаева, С.М.Төрениязовамен авторлық бірлестікте).
8. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. Алматы. Білім. 2003. -280 бет.
9. Қалиев С. , Молдабеков Ж., Иманбекова Б.И. Этнопедагогика. –Алматы. 2014. -270 бет.
10. Педагогика тарихы. Оқулық. Алматы. ҚазМемҚызПУ. 2009.- 398б. (Ш.К.Беркімбаева, К.Құнантаева, К.Ж.Қожахметова, С.Қ.Қалиев, Л.К.Керімов, Ш.Майғаранова, Ш.Таубаева, С.Т.Иманбаевамен авторлық бірлестікте).
11. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2001. –Б. 187-207. (Авторлық бірлестікте).
12. Үлгілі үйдің ұл-қызы. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 2001. 200 б. (С.Қалиев, Ш.Майғаранова, С.Т.Иманбаева, Р.Сқақова, С.М.Төрениязова т.б. авторлық бірлестікте).

ҰЛЫ ТҰЛҒАЛЫ ҰСТАЗ СЕРҒАЗЫ АҒАЙ

Рысбекова Г.Е. – п.ғ.к., ассоц.профессор
Скакова Р.А. – п.ғ.к.

«Ұстазды алтын діңгекке теңер едім»,
Ы. Алтынсарин

Нағыз ұстаз болу – бақыт әрі абырой. Ұстазымыз, ақылшымыз, жүрегінің жылуын шәкірті үшін төгетін кемеңгер жанСерғазы Калиұлына мың алғыс. Өнегелі жанның жүріп өткен сара жолына әркімнің де ризашылықпен, қызыға қарары сөзсіз. Асылы¬, өз кәсібін, өмірлік арнасын адаспай, анық тапқан адамдардың ғұмыр шежіресі қашанда мағыналы, кейінгіге үлгі-өнеге болады.

Зымырап өтіп жатқан өмір-ай! Уақытдегенғарышкемесіндей не дегенжылдамдесейші...

Сүйікті кәсібіне жан-тәнімен берілген, жүрек жылылығын, мерейлі шуағын, адамгершілік, кіші¬пейілдік ұлылығын шәкірттерінің бойына дарыта білген ғалым Серғазы Калиұлы, міне, бүгін асқаралы 90 жасты алқымдап, ғылым мен білім жолындағы салған дара жолының бейнетінің зейне-тін көріп отыр.

90 жыл бойы С.Қалиұлының ұстаздық және ғылымда өзінің ұлттық тәлім-тәрбиеге байланысты қызығушылық танытпаған саласы кемде-кем екенін айту керек. Ғалым 400-ден аса педагогикалық, этнопедагогикалық зерттеулер, көптеген ғылыми-публистикалық мақалалар, монографиялар мен кітаптар құрастырушы,қажырлы да қа¬йырлы еңбегінің арқасында құр¬метке бөленіп жүрген аяулы жан жайлы айтылар лебізіміз ерекше.

С.Қалиев өз еңбектерінде үлкен көңіл бөлген және ғылыми тұрғыда зерттеген мәселесі ол ұлттық педагогика.Бұл бағытта, халқымыздың небір нақыл сөздерін келтіре отырып оларға талдау жасаған.«-Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле»- дегендей, халқымыздың бойына сіңірген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі өзге ұлттардан ерекшеленіп,

өздеріне тән қасиеттерді көрсетіп тұратындығын жоққа шығара аламайтындығын түсінген. Ұлттық тәрбиеміздің халықтың сан ғасырлық тарихымен тығыз байланыста болып, осы уақытқа дейін дәстүрлі тәрбие құндылықтарын жоғалтпай жалғастырып келеді. Осы бағытты толыққанды дамытуда, өзінің шәкірттерімен бірге жасалған ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптары негіз болады. Ағай бізбен тең сөйлесіп, жас демей ақыл¬дасып отыратын. Бір жақсысы, ол кісіде бізге қажетті ғылыми монографиялық кітаптар көп еді. Ұстазымызға көп еліктеуші едік. Мінезінің дарқандығы мен адамгершілігі бізді өзіне тарта¬ түсетін.

Бүгінгі таңда біздің қол жеткізген азды-көпті жетістіктеріміз – ұлағатты ұстаздарымыздың берген білімі мен ғылыми жолдағы кеңесінің арқа¬сы. Шәкірт ұстазға қарап өседі. Серғазы Калиұлы – біз үшін үлкен жүректі гуманис¬т. Табанды мінезі ер мінезімен, күнде¬лікті күйбің тірлікте ол кісінің өкінген кезін көрген емеспіз, қайта үнемі көңілді, сәл нәрсеге шаттанып, айналасына жан шуағын, жақсы энергияс¬ын таратып жүреді.

Ағайымыз, қазақ педагогикасының тарихын, жылдан-жыл өткен сайын ой елегінен өткізіп жаңғыртып, жаңартып қайта жазып беру оның табанды ұлама ғалым екеніне көзіміз талай жеткен еді. Себебі, педагогика саласындағы тарихи алып тұлғалар Абай, Ыбырай, Ахмет сынды ағартушы демократтар еңбектерін барынша жан-жақты зерттеп, заман құрылысындағы педагогика бағытына баға берген. С.Қалиұлының ғылыми-зерттеу тақырыптарының ауқымдылығы соншалықты, кешегі өткен педагог ғалымдар Т.Тәжібаев, Ә.Сембаев т.б. еңбектерін де саралап талдау берген. Жоғарыдағы ғалым тұлғалар туралы ғылыми-зерттеулерімен бірге, бұл өкілдерге арналған ғылыми-конференциялар өткізу шараларын ұйымдастырудың белді белсенді мүшесі болғанын да атап өтуіміз керек.

Ғалым-педагог С.Қалиев жастарға ұлттық тәлім-тәрбие берудің психологиялық жақтарын да қарастырады. Ғалымның пікірінше, ұлттық психологиялық құрылым үш бөліктен тұрады: ұлттық сезім, салт-дәстүрлер және ұлттық мінез. Осы үш бірлестік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері болып табылады.

Ұлттық сезім ғалымның пайымдауынша – ол адамдардың туған жерге, өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрлерге деген сүйіспеншілікті білдіреді. Ұлттық сезім адамды қоршаған ортаның әлеуметтік-экономикалық, мәдени және жаратылыс құбылыстарының сол ұлт өкіліне тартқан ерекше табиғи сыйы. Ұлттық сезім басқа сезімдер сияқты адамның жеке басының қанағаттануымен байланысты ой-қиял, әсер сезімінің сыртқа шыққан көрінісі. Мысалы: «Елім-ай» әнін ести отырып, халықтың басына түскен жағдайларын, шапқыншылық әрекетке езіліп мұңайғаны немесе «Саржайлау», «Сарарқа» күйлерін естігенде адамдардың туған жер табиғатына деген сүйіспеншілік, шаттық сезімінің оянуы табиғи заңды құбылыс.

Ұстазымыз, халқымыздың ұлттық мінез ерекшеліктерін де жан-жақты талдап, ұлттық мінез осы ұлтқа тән темпераменттік, психикалық, рухани сапасымен ерекшеленіп көзге түседі. Қазақтарға тән бауырмалдық, ақжарқындық, қонақжайлылық, өзбектердің сыпайы мінезділігі, діншілдігі. Орыс халқына тән қарапайымдылық пен кеңпейілділік, американдықтардың құнттылығы, ағылшындардың салқын қандылығы, немістердің ұқыптылығы, француздардың жинақылығы, испандықтардың тән қызуқандылық ерекшеліктері байқалады. Ғалым өз еңбектерінде халқымыздың небір сөздерін келтіре білді. «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» дегендей, халқымыздың бойына сіңірген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі өзге ұлттардан ерекшеленіп, өздеріне тән қасиеттерді көрсетіп тұратындығын жоққа шығара аламаймыз. Ұлттық тәрбиеміздің халықтың сан ғасырлық тарихымен тығыз байланыста болып, осы уақытқа дейін дәстүрлі тәрбие құндылықтарын жоғалтпай жалғастырып келеді. Халқымыздың ұлттық тәрбиесі негізінен жүйелі болған. Мысалыға, «Балаңа басқұр қалдырғанша, тозбас дәстүр қалдыр» - деген қазақ халқы озық жұрттардың санатында болашақ қамын қатты ойластырған. Сол себепті ұлтымыз: «Балаң өзіңе тартса – жұбан, қоғамға тартса - қуан» деп бекер айтпаған. Біздің тәрбиеміздің ерекшелігі – қыз балаға қамқорлықпен қарау. Себебі, халқымыз қыз тәрбиесіне баса назар аударған. «Ел боламын десең – бесігіңді түзе»- дегендей, тәрбие бесіктен басталатыны бірімізге белгілі. Ал, бесік иесі – ана. Ал, қазіргі заманда қыз баланы, яғни болашақ бесік иесін тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлуіміз керек. Ұлттық тәрбиенің тағы бір көрінісі – ол имандылық қасиет.

Ұлы Абай айтпақшы: «Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, болмас буын керек» - дейді, ұстазымыз С.Қалиұлы кеңпейілді, асқан мейірімді, имандылық иірімдерін ұсанған, қазақи қасиетке толы – ұлы тұлға.

Серғазы Қалиұлына зор денсаулық, ғылыми шығармашылықта табыс,ынтымағы жарасқан өнегелі¬ отбасының алтын ата діңгегі

Өмірдегі ақылшы ғалым ұстазы¬мызға асқаралы 90 жасқа толу мерейтойында зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз. Еңбегінің жемісін көріп, шәкірт тәрбиелеп, немере, шөберелерін сүйіп, әулеті өсіп-өніп, ортасында аман-сау жүре беріңіз деп, шын жүректен тлек айтамыз!

Ізгі тілекпен шәкірттеріңіз

ҚАЗАҚ ЭТНО ПЕДАГОГИККАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Садықбек Т.Ә. - т.ғ.к., ҚазҰАУ профессоры

Адам баласы дүниеге келген күннен бастап өз ұрпағын өмірге, еңбекке икемдеп, тәрбиелеп келгені көпке аян. Бүгінгі қалыптасқан белгілі ғылыми-теориялық заңдары бар педагогика ғылымы өмірге келгенше де адамзат тәрбие ісімен айналысып бақты. Оның қағазға жазылып түспеген, бірақ, халық жадында мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ғасырлар бойы ауызша нақыл-ақыл, өсиет-өнеге, қағида болып тарап келген білім-білік, тәлім-тәрбие беру тағылымдары бар. Ол халықтық педагогика деп аталады.

Халықтық педагогика салт-дәстүр, жол-жора, ырымдар, тағам дайындау, қонақ күту рәсімдері мен ауыз әдебиеті үлгілері, ұлттық ою-өрнек, өнер түрлері, спорт ойындары арқылы отбасылық тәрбиеден басталып, ауыл-аймақ, ел-жұрт, ру-тайпа, қала берді бүкіл халықтық қарым-қатынастан берік орын алған тәлім-тәрбиенің түрі, адам мінезін, іс-әрекетін қалыптастырудың белгілі нормасы болып табылады. Олай болса, халық педагогикасы Қоғам дамуының (алғашқы Қоғамнан бастап) белгілі сатыларынан өтіп, ғылыми педагогикалық дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиесінің бастау бұлағы, педагогиканың алғашқы құралы және тәрбие жүйесі қызметін атқарып келгенін байқаймыз. Яғни, осыдан келіп ҒЫЛЫМИ педагогика мен халықтық педагогиканың тәрбие тәсілдеріндегі сабақтастығы, принциптік-идеялық үндестігі туындайды.

Бүгінгі әлемдік аренаға жеткен ҒЫЛЫМИ педа-гогика халықтық педагогикадан бастау алып, ОНЫ ҒЫЛЫМи теориялар мен қағидалар тұрғысынан жан-жақты зерттеп қарастырып, өз қажетіне жаратты. Осы қажеттіліктен келіп халықтың эмпирикалық тәжірибесіне негізделген ұрпақ тәрбиелеу тағылымдары халықтық педагогиканы ой елегінен өткізіп зерттеп, тәрбие мен оқу ісінің өзекті құралы етудің жолдарын және оның шығу, даму кезеңдерінің өзіндік ерекшеліктерін, басқа ғылымдармен байланысын зерттейтін педагогиканың бір саласы этнопедагогика пайда болды. Бұл жөнінде тұңғыш анықтама беріп, термин ретінде ғылыми педагогикаға енгізуші көрнекті ғалым Г.Н.Волков болды. Ол өзінің «Этнопедагогика» атты еңбегінде халықтық педагогика мен этнопедагогика ұғымының айырмашылығын, зерттеу объектісі мен мазмұнын ашып көрсетті.

Г.Волковтың пікірінше, халықтық педагогиканың ерекшелігі: оның адам баласынын дүниеге келген күнінен бастап бірге жасасып келуінде, еңбек тәрбиесінің алғашқы адамдар өмірінде басты рөл атқарғаны, тәрбиенің басқа түрлерінің кейін туғандығы, халықтың тәрбие жөніндегі қағидаларының өмірлік тәжірибеге негізделген эмпирикалық білім болып келуі, оның ұлттар мен ұлыстардың жазу мәдениеті шықпай тұрған кезінде пайда болып, халық арасында ауызша таралуы, сондықтан да, оны шығарушы авторларының аты-жөнінің халық жадында сақталмай бүкіл халықтық мұраға айналып кетуі, халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі озық Тәжірибелері мен ой-түйіндерінің сол халықтың ой-тілегімен, арманымен ұштасып келгендіктен, озық үлгілерінің мәңгі сақталып, ал, тозығының біртіндеп тәрбие жүйесінен шығып қалуы, халық педагогикасы өнерге, еңбекке негізделгендіктен, үнемі жетілдіру, ұшталу үстінде болуы, сондай-ақ халық педагогикасының ғылыми жүйеге, теорияларға құрылмай, жекебастық тәрбиенің озық үлгілеріне және оның нәтижесіне құрылуы, тәрбие тәжірибесінің ғасырлар бойы жалғасып, үзілмей келуі (преемственность), алғашқы тәрбие түрлерінің қоғамда бөлінбей, синкретті тұтас түрінде берілуі (мысалы, қолөнер, би, музыка өнерлерінде ой еңбегі мен дене еңбегі, ақыл-ой тәрбиесі мен еңбек тәрбиесінің бірге ұштасып келуінде) деп саралай көрсете келеді де, «халық педагогикасы ру, тайпа, ұлттар мен ұлыстардың ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесіне негізделген, халықтық тәрбие құралдары (салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ойын түрлері, ауыз әдебиеті үлгілері) арқылы іске асыруға құрылса, ал, этнопедагогика теориялық ойларға, ғылымға негізделеді. Ол халықтың этнографиялық салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін педагогикалық, логикалық ғылыми ойлау жүйесі тұрғысынан зерттеп қарастырады. Яғни, халық педагогикасы ғылымға шикі материал даярлаушы мәліметтер көзі болып табылса, сөйтіп педагогика ғылымына қызмет етушінің рөлін атқарса, ал, этнопедагогика халықтың бала тәрбиелеу тәжірибесін, педагогикалық мәдениетін зерттеп, оның прогрессивтік үлгілерін бүгінгі оқу-тәрбие ісіне жаратудың жолдарын ғылыми тұрғыда қарастырады» (Г.Н.Волков, «Этнопедагогика», Чебоксары. 1974, стр.7),- дейді.

Халық педагогикасында тәрбие мәселесі бірінші орынға қойылып келеді. Ол заңды да еді. Себебі, халық педагогикасы ғылым мен мәдениеттің дамып жетілмеген кезінде пайда болғандықтан, тәрбиені еңбек пен өнерге, оның ішінде қолөнерге негіздей жүргізуді уағыздады.

Бертін келе оқу-білім дамып, ғылым мен техника өрістей бастаған кезде, XVII ғ. славян педагогы Я.А.Коменский өзінің атақты «Ұлы дидактика», «Ағайынды чехтарды тәрбиелеу» атты еңбектерінде тұңғыш білім беру ісі мен тәрбие ісін біртұтас процесс деп қарау тенденциясын ұсынды.

Тәрбие әлеуметтік процесс, ал, адамның жеке басының өсіп, жетілуі, дамып, қалыптасуы — ОЛ әрі әлеуметтік, әрі биологиялық процесс. Осы ерекшеліктен келіп, педагогикада қоғамтану мәліметтерін жаратылыстану мәліметтерімен кіріктіре қарастыру қажеттігі пайда болды. Оның себебі педагогика адам тәрбиесінің қажетін өтеуші, қоғамдық сұранысты іске асырушының рөлін атқарушы болып отыр. Ал педагогиканың жеке басты (индивидуумды) тәрбиелеп жетілдірудегі іс-әрекеті оқу-тәрбие орындары арқылы іске асырылады. Адам тәрбиесінде білімнің теориялық жақтарының шешуші рөл атқарғанымен, оны (теорияны) жеке басты оқытып, тәрбиелеп, жетілдіруге пайдалану үшін тәжірибеде Қолданудың әдіс-тәсілдері керек. Міне, осыдан келіп, теория мен тәжірибенің (оқытудың) байланысы, оны іске асырудың жолдарын қарастыратын педагогика ғылымының бір саласы — оқытудың методикалық қажеттігі туындайды.

Білім беру мен тәрбие ісінің теориялары өмір тәжірибесімен тығыз ұштасқанда ғана адам қажетін толық өтей алады. Ғылыми теориялар тәжірибеге негізделмесе, ол тиянақты ғылым болмайтыны сөзсіз.

Өткен ғасырдағы педагогика тарихына көз жіберсек, ұжымдық педагогикалық тәрбиенің мәні мен маңызына, халықтық тәрбие жөніндегі данышпандық ой-тұжырымдарына Әл-Фараби, Ибн-Сина, Фердоуси, Омар Хайям, Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, К.Д. Ушинский,Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, Л.Н.Толстой, Ы.Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев сияқты ойшыл-оқымысты алымдардың бірде-бірі көңіл бөлмей өткен емес. Олар халықтың бала тәрбиелеудегі тәжірибесінің, педагогикалық ойларының прогрессивтік жақтарына ерекше мән беріп, халықтық тәрбиенің негіздеріне ғылыми талдаулар жасады.

Этнопедагогика ғылымы орыс, батыс елдерінде XVII-XVIII ғ. бастап қолға алынған болса, қазақ этнопедагогикасының зерттелу жайын және оның ғылым ретінде қалыптасу тарихын сөз етсек, оны үш кезеңге бөліп қарастырамыз.

Бірінші XIX ғ. екінші жартысында өмір сүріп, қазақтың ұлттық тәлімгерлік ой-пікірлері мен салт-дәстүрлері жайында тұңғыш зерттеу еңбектерін жазған Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты демократ, ағартушылары мен орыс, батыс саяхатшы, этнограф ғалымдарының (Э.С.Вульфсон, П.С.Паллас, А.Вамбери, А.Левшин, В.Радлов, А.Янушкевич, Н.Г.Потанин, Н.Л.Зеланд т.б.) қолжазбалары десек, екінші XX ғ. алғашқы 20-30 жылдарында бұл істі ғылыми тұрғыда арнайы қарастырып, сөз еткен Ә. Диваев, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Әуезов, т.б. болды. Үшінші кезең 40-50 жылдық үрдістен кейін, 1970-80 жж. қазақ этнопедагогикасын зерттеу ісі қайта қолға алынып жандана бастады. Бұл кезеңде М.Ғабдуллиннің, Қ.Бержановтың, М.Әлімбаевтің, Ш.Ахметовтің, А.Көбесовтің, Қ.Жарықбаевтың, С.Қалиевтың, Қ.Сейталиевтың, Ә.Табылдиевтың, т.б. баспа арқылы жарық көрген зерттеу еңбектерін ілтипатпен атауға болады. Әсіресе, Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін (1991-2001 жж. арасында) этнопедагогиканың мәселелеріне арналған он докторлық, елуге тарта кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Қорыта келгенде, айтарымыз, қазақ этнопедагогика ғылымы Шоқан, Ыбырай, Абай, Сұлтанмахмұттардан басталып, Ә.Диваев, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова, М.Әуезов еңбектерімен жалғасын тауып, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтар арқылы ғылыми жүйе ретінде қорытылып, белгілі бір ізге келтірілген ғылыми педагогиканың құрамдас бөлігі деп қараймыз.

50-70 жж. қайта жаңарған қазақ этнопедагогикасына Қ.Бержанов, М.Ғабдуллин, М.Әлімбаев, Б.Адамбаев, Қ.Жарықбаевтар келіп қосылып, бірнеше монографиялық еңбектер жазды.

80-90 жж. Олардың қатары С.Қалиев, Ә.Табылдиев, Қ.Сейталиев, С. Ұзақбаева, М.Балтабаев, К.Бөлеевтермен толықты.

2000 ж. басында этнопедагогикалық зерттеушілер қатары К.Жантөриева, М.Құрсабаев, С.Сеңкібаевтармен толысып, қазақ этнопедагогикасында зерттеушілердің белгілі бір шоғыры пайда болды. Олардың қазақ этнопедагогикасына қосқан қомақты үлестері туралы өз алдына жеке бір ғылыми еңбек жазу келешектің ісі болмақ.

Секция – 1.
ЛАТЫН ГРАФИКАСЫН ЕНДІРУДІҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

СОДЕРЖАНИЕ ПОДГОТОВКИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ, НАПРАВЛЕННОЙ НА РАЗВИТИЕ ЕГО ИНФОРМАЦИОННОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ

Абдуллаева Б.С. - Доктор педагогических наук, профессор, Ташкентский педагогический университет имени Низами, Ташкент, Узбекистан,e-mail:barno-abdullaeva@bk.ru

Инструментом целенаправленного развития информационной компетентности учителя обычно является отдельный учебный курс или система учебных курсов. Так в исследовании развитие информационной и коммуникативной компетентности будущих учителей осуществляется в рамках специального курса «Информационные технологии в начальном образование».

Е.В. Достовалова рассматривает информационную компетентность социального педагога и предлагает формировать ее путем включения в учебный план специальности «Социальная педагогика» курса «Основы издательской деятельности», построенного по блочно-модульной технологии. Предлагаемый курс основывается на использовании графических пакетов Adobe PhotoShop и CorelDraw, настольной издательской системы Adobe PageMaker [5].

И.В. Щукина в своем исследовании доказывает, что сформировать информационную компетентность студентов филологических факультетов, необходимую для их профессиональной деятельности в условиях информационного общества, позволяет система следующих курсов по выбору в области информатизации образования: «Введение в педагогическую информатику», «Информационное моделирование», «Методология современной информатики и социальная информатика», «Информационная культура личности», «Компьютерная лингвистика и машинный перевод», «Основы работы в Интернет. Интернет и филологическое образование», «Основы правовой информатики и информационной безопасности» [9].

О.Б. Зайцева, рассматривая развитие информационной компетентности будущего учителя, отмечает что этот процесс должен быть естественным и осуществляться на протяжении всего периода обучения в ВУЗе. Развитие информационной компетентности осуществляется посредством изучения учебных дисциплин «Информатика» и «Информационные технологии», а также за счет внедрения новых информационных технологий в учебный процесс при изучении дисциплин общей и специальной подготовки. Автор отмечает, что при таком подходе студенты не просто изучают предметы с использованием развивающихся современных средств на более высоком дидактическом уровне, но и глубже понимают прикладное значение информационных технологий. Знания и умения по использованию компьютерных технологий в любых прикладных областях позволят студентам применять компьютерные технологии при изучении других учебных предметов и создавать в своей профессиональной деятельности собственные интегрированные курсы с использованием новых информационных технологий [6].

Формирование информационной компетентности будущего учителя-предметника возможно в рамках системы учебных курсов, включающей: курс «Математика и информатика», курс «Использование информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе» и ряд курсов в зависимости от специальности будущего учителя.

В работе Л.Б. Сенкевич рассматриваются вопросы формирования информационной компетентности студентов - будущих учителей математики. В качестве исходного принципа, лежащего в основе предлагаемой автором системы формирования информационной компетентности будущего учителя математики, выдвигается положение о том, что эффективная подготовка студентов по формированию информационной компетентности может быть осуществлена в рамках технологии, включающей три взаимосвязанных блока: содержательно-методический; организационно-методический и инструментальный. Методическая система формирования информационной компетентности будущего учителя математики включает в себя специализированный курс «ИКТ в профессиональной деятельности учителя математики», педагогическую практику и выполнение квалификационных работ. В основу проектирования учебного курса положен модульный принцип, при этом были выделены следующие модули: операционная система Windows и офисное программное обеспечение, прикладное программное обеспечение предметной области математика, графические средства, средства ИКТ в учебно-воспитательном процессе, средства Интернет [8].

Рассмотрим методы и организационные формы подготовки будущего учителя, направленной на развитие его информационной компетентности

При формирования информационной компетентности будущего учителя-предметника предлагается использовать традиционные, основанные на классно-урочной системе в очном обучении и дистанционные формы организации обучения. В качестве методов обучения выступают преимущественно инновационные, активные методы: проблемный метод, «который состоит в организации получения знаний обучающимися в процессе разрешения учебных проблем», проблемная ситуация создается преподавателем, который выступает «в качестве организатора сотрудничества, консультанта, управляющего поисковой работой учащихся. … Именно преподаватель проектирует возникновение противоречий, учебных конфликтов, столкновение позиций участников обучения»; метод проектов, который предполагает способ достижения дидактической цели через детальную разработку проблемы, которая должна завершиться вполне реальным, осязаемым практическим результатом, оформленным тем или иным образом. В проектном обучении проблема намечена неявно, учащиеся должны самостоятельно и совместными усилиями разрешить ее, применив знания из разных областей. Вся работа над проблемой приобретает, таким образом, контуры проектной деятельности.

Естественной средой для формирования информационной компетентности считаем мультимедиа-технологии, а наиболее адекватной методикой их формирования – активные методы обучения, такие как метод управляемого открытия, кейс-метод, метод проектов и портфельный метод. «Отличительной особенностью метода кейс-стади (Case Study) является создание проблемной ситуации на основе фактов из реальной жизни. Case – не просто правдивое описание событий, а единый информационно-коммуникативный комплекс, позволяющий понять ситуацию, выдвинуть гипотезу решения, уметь найти недостающую информацию, провести дискуссию и в конечном итоге принять правильное решение. Любая кейс-ситуация многозначна (не имеет единственно верного решения). Обучение на основе кейс-метода базируется в условиях недостатка или избыточности информации».

Портфельный метод позволяет учитывать результаты, достигнутые учеником в разнообразных видах деятельности: учебной, творческой, социальной, коммуникативной. «Портфель ученика» - это комплект документов, разрабатываемых учителем, и самостоятельных работ ученика. Это инструмент самооценки собственного познавательного, творческого труда ученика, рефлексии его собственной деятельности

В качестве средств обучения при формировании информационной компетентности учителя используются как традиционные, так и инновационные: мультимедиа, средства телекоммуникаций и ресурсы сети Интернет, И.Я .Злотникова, О.Н. Крылова, Т.Г. Галактионова, педагогические программные средства, прикладные программы общего назначения, такие как текстовые и графические редакторы, электронные таблицы, базы данных и т.п.

При анализе возможных путей становления информационной компетентности необходимо определить, что включает в себя информационная компетентность того или иного специалиста. Рассмотрим, какие составляющие в структуре информационной компетентности учителя выделяют различные исследователи.

Диссертационное исследование О.Б. Зайцевой посвящено вопросам формирования информационной компетентности будущих учителей технологии и предпринимательства. Информационную компетентность учителя технологии автор рассматривает как «сложное индивидуально-психологическое образование, функционирующее на основе интеграции теоретических знаний, практических умений в области новых информационных технологий и определенного набора личностных качеств, обусловливающих готовность учителя к профессиональной деятельности в условиях информатизации общества» [6; С.9].

В качестве понятий, формирующих и уточняющих трактовку информационной компетентности учителя автор выделяет следующие: алгоритмическая грамотность - совокупность специфических представлений, умений и навы¬ков, связанных с овладением наиболее общими компонентами алго¬ритмизации; компьютерная грамотность - овладение первоначальными навыками общения с ПК и оргтехникой, знакомство с базовым программным обеспечением; информационная грамотность – умение создавать, перерабатывать, хранить и потреблять, искать необходимую информацию, в том числе по компьютерным сетям связи; пользовательская и технологическая грамотность - устойчивые навыки использования информационных систем и пакетов прикладных программ в своей предметной области (текстовые процессоры, электронные таблицы, базы данных, семантические сети, экспертные системы, системы автоматизиро¬ванного проектирования, Интернет и т.п.), умение грамотно подго¬товить публикацию и презентацию; информационное поведение - образ действия, совокупность усилий, предпринимаемых для получения, переработки и усвоения имеющейся информации,

создания нового знания и пере¬дачи его профессиональному сообществу; компьютерное общение - целесообразное взаимодействие субъектов и объектов общения, компенсирующее ограниченные возможности человека, направленное на регулирование всех сфер общественной жизни во имя сохранения единства и целостности человека, общества и всего человечества.

Под информационной компетентностью учителя понимает особый тип органи¬зации предметно-специфических знаний, позволяющий принимать эффектив¬ные решения в профессионально-педагогической деятельности и указывающий на уровень овладения и использования информационных технологий в образо¬вательном процессе. Структура информационной компетентности учителя состоит из способностей и готовности работать с различными базами данных, имеющихся в школе, получать и трансформировать их в учебно-воспитательные цели; способности и готовности систематизировать полученные данные и организовывать собственные приемы обучения; включаться в деятельность, сотрудничать, работая с коллективом класса; использовать новые технологии усвоения информации и коммуникации.

Состав информационной компетентности учителя составляют знания, умения и навыки в области использования средств и методов: сбора (использование аппаратных средств ввода информации (сканеры, цифровые фотокамеры и видеокамеры, MIDI-устройства, микрофон и т.п.) и поиска информации (использование информационно-поисковых систем и ресурсов Интернет для поиска необходимой информации); хранения информации (использование систем управления базами данных, визуальных средств для создания электронных документов, интегрирующих текстовую, графическую, звуковую и видеоинформацию, информационных ресурсов Интернет для отбора информации учебного назначения); обработки информации (использование готовых программных средств для автоматизации управления учебным заведением; оценка и использование мультимедийных программ на уроке; разработка сценариев фрагментов мультимедийных учебных программ; использование ресурсов обработки информации в Интернет на учебных занятиях); передачи информации (использование в учебных целях базовых возможностей компьютерных сетей, систем типа «Виртуальный класс», коммуникативных ресурсов Интернет (электронная почта, конференции, чаты), технологий распределенных систем обработки информации).

Ряд исследователей отмечает, что структура информационной компетентности включает в себя две составляющие: базовые знания и умения, единые для специалистов любой профессии, и профессионально-ориентированные, специфические для той или иной профессии.

структура профессиональной информационной компетентности включает в себя как базовые знания и умения, единые для всех компьютерных пользователей, так и профессионально ориентированные, обеспечивающие профессиональную мобильность и высокую конкурентоспособность человека в профессиональной деятельности

М.Р. Раянов также рассматривает информационную компетентность учителя в двух аспектах: общекультурном – в контексте повседневной жизни педагога в обществе и профессиональном – в контексте специфики преподавательской деятельности. При этом автор отмечает, что первый аспект является необходимым, но не достаточным условием формирования второго (необходимо обладать еще и прочным педагогическим фундаментом) [7].

Этой же точки зрения придерживается Т.А. Гудкова: информационная компетентность учителя «не сводится к знаниям и умениям работать с компьютером, но и предполагает известную компетентность учителя в области дидактики и теории воспитания, благодаря которой учитель окажется способным реализовать развивающую и воспитывающую функции обучения» [4].

Информационно-педагогическую компетентность преподавателя вуза и определяет ее как совокупность профессиональных, коммуникативных, личностных качеств преподавателя, позволяющих ему осуществлять свою профессионально-педагогическую деятельность и достигать высоких результатов в учебно-воспитательном процессе в условиях быстрого изменения информационной среды. В составе информационно-педагогической компетентности выделяем базовую составляющую (активное знание способов получения и передачи разнообразной информации) и профессионально-ориентированную (владение современными информационными технологиями в образовании).

Информационно-компьютерную компетентность специалиста, выделяет в ее структуре две основные части, включающие:

базовые компьютерные знания и умения - единый для всех категорий пользователей комплекс знаний и умений, образующих своеобразный «компьютерный минимум», необходимый для успешного освоения и практического использования любого прикладного программного обеспечения;

профессионально ориентированные компьютерные знания и умения - специфически определенный для каждой профессиональной категории пользователей комплекс знаний и умений, соответствующий уровню компьютеризации их профессиональной среды

Информационно-компьютерную компетентность учителя определяет как «интеграционное образование, основанное на совокупности специальных знаний, умений и навыков в области новых информационных технологий и их использования в профессиональной педагогической деятельности, позволяющее успешно осуществлять эту деятельность в условиях информатизации и компьютеризации образования и способствовать развитию информационно-компьютерной культуры детей» В структуре информационно-компьютерной компетентности будущего учителя начальных классов выделяется два основных модуля: знание основ НИТ (базовые компьютерные знания и умения) и умения и навыки использования НИТ в образовании, которые включают: знание возможностей использования компьютера для обучения и развития; владение методами использования компьютера в организации обучения младших школьников различным дисциплинам; умение использовать компьютер для организации контроля и самоконтроля освоения школьниками пройденного материала; умение оптимально сочетать компьютерные и традиционные технологии обучения; умение использовать новые информационные технологии для организации творческой деятельности учащихся

При этом отмечаем, что выявленная структура не может быть полной и соответствовать сегодняшним требованиям к компетентным специалистам без включения в нее такого компонента как готовность учителя к педагогической деятельности в условиях информатизации образования.

Рассматривая в нашей работе компонентный состав информационной и коммуникативной компетентности учителя, выделяет в составе информационной компетентности учителя 3 блока (слоя): общеобразовательный, психолого-педагогический и мировоззренческий. Общеобразовательный аспект связывается с готовностью учителя использовать информационно-коммуникативные тех¬нологии в различных видах деятельности, а психолого-педагогический - с готов¬ностью применения данных технологий в учебном процессе.

Следует отметить, что информационную компетентность рассматривается как знание основных типов современных мультимодальных информационных систем и владение навыками работы с этими системами, а к коммуникативной компетентности относит умение общения в широком смысле, в частности с помощью электронных средств. Поэтому такие умения учителя как передача и прием информации по телекоммуникационным каналам, организация индивидуальной и групповой Интернет-коммуникации школьников (чаты, телеконференции, электронная почта и т.п.), поиск информации с помощью сети Интернет, организация работы над сетевыми проектами, соблюдение этических норм поведения в телекоммуникационной сети, использование коммуникационных технологий для реализации профессиональных образовательных целей (обмен информацией с коллегами, экспертами, консультантами), оценка доступности и качества информационных ресурсов относят к коммуникативной компетентности.

Становление информационной компетентности учителя осуществляется поэтапно. На первом этапе подготовки учителей в вузе закладываются основы базовой информационной компетентности. На данном этапе в рамках общепрофессиональных дисциплин и дисциплин предметной подготовки приобретаются знания, умения и навыки, формируемые в процессе обучения и самообучения информатике и информационным технологиям. На втором этапе происходит развитие информационной компетентности, где формируется способность к выполнению педагогической деятельности с помощью информационных технологий. В этой связи в учебный план педвуза предлагается ввести такие элективные курсы, которые ориентируют студентов на применение информационных технологий в своей предметной области. Каждый курс должен иметь практическую направленность и носить предметно-ориентированный и междисциплинарный характер

Важной тенденцией последних лет является выделение в структуре информационной подготовки современного человека в качестве особых знаний и умений грамотности в области информационно-коммуникационных технологий (ИКТ). «При этом грамотность в области ИКТ чаще всего рассматривается изолированно, вне общего контекста культуры личности и его общей информационной подготовки, как своего рода панацея, универсальное средство для решения всех проблем жизни современного человека. Гипертрофированная вера в возможности компьютера и ИКТ наводит на мысль об имеющемся перекосе в сторону технократического развития современного информационного общества.».

На основании анализа программы «Основы информационной культуры» для учителей общеобразовательных школ и требований к составу знаний и умений учителей по данному курсу можно выделить следующий компонентный состав информационной подготовки учителя:

Знание информационных ресурсов в сфере образования и педагогики.

Умение выражать свою информационную потребность, формулировать информационные запросы.

Умение вести информационный поиск в различных системах педагогической информации и документации (общероссийских центрах научно-технической информации, системах информационных изданий для учителей, библиотеках, предоставляющих информационные продукты и услуги учителям и т.п.).

Знание возможностей библиотеки и умения их использовать.

Умения в области аналитико-синтетическая переработки источников информации в профессиональной деятельности учителя.

Умения в области подготовки и оформления результатов учебно-методической и научно-исследовательской деятельности учителя (технология подготовки учебных и научных текстов: учебной программы, методических рекомендаций по изучению учебной дисциплины, научной статьи, отзыва, рецензии, тезисов доклада, выступления и т. п.).

Умение пользоваться современными ИКТ в профессиональной деятельности учителя (подготавливать учебную информацию для создания электронных учебных документов, использовать обучающие информационные системы, работать в локальной и глобальной компьютерной сети, осуществлять обучающий диалог в системе дистанционного обучения и т.п.).

Заметим, что большинство авторов рассматривает структуру информационной компетентности учителя лишь в связи с новыми информационными технологиями. Такой подход представляется нам неправомерным, поскольку, на наш взгляд, информационная компетентность связана не только с умениями использовать новые информационные технологии для работы с информацией, но и с умениями осуществлять информационную деятельность с использованием традиционных (бумажных) технологий.

Нам импонирует подход, в котором представлен анализ спектрального состава информационной компетентности учащихся профессионального лицея, что является, с нашей точки зрения, условием обоснованного определения путей формирования информационной компетентности. вводится понятие критериев отбора компонентов информационной компетентности и выделяет следующие критерии отбора компонентов информационной компетентности учащихся профессионального лицея: критерий востребованности - отбор только тех компонентов, которые необходимы для освоения учащимися тех или иных учебных дисциплин; критерий принадлежности - принадлежность компонента информационной компетентности к одной из двух групп: обеспечивающих субъект-субъектную либо субъект-ресурсную деятельность; критерий зеркальности - нахождение для каждого компонента информационной компетентности, обеспечивающего тот или иной вид деятельности с применением традиционных технологий, «зеркальный аналог», обеспечивающий близкий по сути вид деятельности с применением новых информационных технологий

Руководствуясь выделенными критериями и проведенным анализом дидактических возможностей средств обучения на базе традиционных и новых информационных технологий, определяется компонентный состав информационной компетентности учащихся профессионального лицея. Полный спектр компонент дифференцирован по основанию используемых технологий – традиционных либо новых информационных и виду деятельности - субъект - субъектной либо субъект - ресурсной и охватывает виды информационной деятельности различной степени сложности.

Выделенные в соответствии с критериями виды информационной деятельности наглядно представляется в виде следующей таблицы

Таблица 1.

Структура информационной компетентности студентов

Субъект - ресурсная деятельность	
Виды информационной деятельности с использованием средств традиционных (бумажных) технологий	Виды информационной деятельности с использованием средств новых информационных (электронных) технологий
Субъект - субъектная деятельность	
Виды информационной деятельности с использованием средств традиционных (бумажных) технологий	Виды информационной деятельности с использованием средств новых информационных (электронных) технологий

Таким образом, на основании анализа ряда исследований можно сделать вывод, что в структуре информационной компетентности учителя выделяют инвариантную (общую для всех возможных квалификаций) и вариативную (профессионально-ориентированную) составляющие (последняя связывается рядом исследователей с умениями и навыками использования новых информационных

технологий в образовании). Поэтому инструментом целенаправленного развития информационной компетентности учителя обычно является базовый курс «Информатика» и специализированные (профессионально-ориентированные) курсы, содержание которых определяется специальностью будущего учителя.

Литература

1. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 7 февралдаги ”Ўзбекистон Республикасини янада ривожлантириш бўйича Ҳаракатлар стратегияси тўғрисида”ги ПФ-4947-сон Фармони.
2. Мирзиёев Ш.М. Буюк келажагимизни мард ва олийжаноб халқимиз билан бирга қурамиз. – Тошкент. –Ўзбекистон.–2017.–488 б.
3. Абдукодиров А.А. Теория и практика интенсификации подготовки учителей физико-математических дисциплин. Аспект использования компьютерных средств в учебно-воспитательном процессе. //Автореф. Дисс. На соиск. уч. степ. докт. пед. наук. - Т.: 1990. – 39 с.
4. Гудкова Т.А. Информационная компетентность будущего учителя как педагогическая проблема [Электронный ресурс]/ Т.А.Гудкова// Современные информационные технологии в обучении/ Центр Информационных Технологий. - Электрон. ст.- Чита: ЗабГПУ, 2004.- Режим доступа к ст.: http://www.zabspu.ru/science/conf/sito/201.htm.
5. Достовалова Е.В. Компьютерное издательство как средство формирования информационной компетентности социального педагога [Электронный ресурс]/ Е.В.Достовалова. - Электрон. ст.- Режим доступа к ст.: http://www.ito.su/2004/html/4351.html.
6. Зайцева О.Б. Формирование информационной компетентности будущих учителей средствами инновационных: Дис. … канд. пед. наук/ О.Б.Зайцева.- Армавир, 2002.- 169 С.
7. Раянов М.Р. Формирование Интернет-культуры будущего учителя: Автореф. дис. … канд. пед. наук/ М.Р. Раянов.- Самара., 2004.- 24 с.
8. Сенкевич Л.Б. Проектирование содержания и методики формирования информационной компетентности будущего учителя математики [Электронный ресурс]/ Л.Б.Сенкевич// Третья Всероссийская научно-практическая конференция-выставка «Единая образовательная информационная среда: проблемы и пути развития».- Электрон. ст.- Режим доступа к ст.: http://ict.edu.ru/vconf/files/6799.doc.
9. Щукина И.В. Курсы по выбору в области информатизации как средство формирования информационной культуры студентов филологических факультетов: Автореф. дис. ... канд. пед. наук/ И.В.Щукина. - Ставрополь, 2003. - 20 с

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Абдигулова А.К. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер»,
2-курс магистранты, ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аннотация. Мақалада ағылшын тілі қарым-қатынас құралы ретінде қарастырылады. Еліміздің қолайлы имиджін жасау, ұлттық мүддені ілгерілетуде мәдени байланыстың мемлекеттік маңызы зор.

Кілт сөздер: қарам-қатынас мәдениеті, жандандыру, Тілдердің үш¬тұғырлығы, сапа, қалыптастыру, бағалау, мәдени, өлшемдер, ынтымақтастық, халықаралық, байланыстар, коммуникациялық технологиялар.

Аннотация. В статье рассматривается английский язык как средство общения культурных связей в гармонизации международных отношений. Важное государственное значение имеют культурные связи в создании благоприятного имиджа страны, продвижении национальных интересов.

Ключевые слова: культура общения, активация, языковое разнообразие, качество, формирование, оценка, культура, измерения, сотрудничество, интернациональность, коммуникации, коммуникационные технологии.

Abstract. The article considers the English language as a means of communication of cultural ties in the harmonization of international relations. Cultural ties are of great state importance in creating a favorable image of the country and promoting national interests.

Key Words: culture of communication, activation, language diversity, quality, formation, evaluation, culture, dimensions, cooperation, international, communications, communication technologies.

Қазіргі нарықтық экономиканың даму кезеңінде білім деңгейіне қойылатын талаптар күннен-күнге жоғарылауда. Сол талапқа сәйкес оқытушыларға қойылатын міндеттер де арта түсіп, оқытудың жаңа әдістерін ізденуді, ізденіс шеберлігін арттырып, болашақ ертеңгі күннің мамандарын жан-жақты білікті етіп, замани сөйлеу мәдениеті өте жоғары, жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ету қажеттілігі күн санап артуда.

Бүгінгі таңда әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы елдері сыртқы мәдени қатынастар әдістерін

белсенді қолдануда. Яғни, мәдени әлеуетін қолдану ерекше маңыздылыққа ие болып отыр. Жаңа әлемдік тәртіптерді құруда өркениетаралық серіктестіктерді нығайту, мәдени және діни белгілері бойынша әлемдік қақтығыстарға қарсы тұруда маңызды орын алуда. Мәдени өзара әрекеттестік мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастың маңызды факторы болып қалады, себебі мәдени байланыстардың мемлекеттерді жақындастыруда рөлі өте зор. Ол сонын ішінде халықтар арасындағы өзара түсіністік, бейбітшілікті сақтау, қақтығыстардың алдын алу және адам құқығын қорғауға септеседі.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қа¬зақстан халқына Жолдауында елімізде жан-жақты жаңартудың жаңа кезеңдегі басты мақ¬саттар ретінде айқындалған аса маңызды бағыттарының бірі Қазақстан халықтарының рухани дамуы және үш тұғырлы тіл саясаты болатын. Мұнда Елбасы «Тілдердің үш¬тұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынды. Сөйтіп, Қа¬зақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдала¬натын, меңгеретін мәдениетті ел ретінде та¬ны¬луға тиіс екендігін көрсетті. Онда: Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қа¬¬тынас тілі және де ағылшын тілі – жаһандық эко-номикаға кіру тілі екендігін баса айтқан.[1]

Ағылшын тілін оқып үйрену арқылы өркениетті дамыған елдердің мәдениетін жете түсіну еліміздің жастары үшін өте маңызды. Жоғары оқу орындарында студенттер қазіргі заман талабына сай, ағылшын тілін қарым қатынас құралы ретінде еркін меңгеріп, саналы іс-әрекет етуге, өз мақсаттарын сауатты жете білуге, сондай-ақ бұқаралық ақпараттың тез өзгерістеріне бейімделіп, болашақта өзі¬нің және де отбасылық өмірінде де жарқын өмір сүруге қабілетті, өз елінің мәдениеті мен салт-дәстүрін жете білумен қатар, өзге елдер мәдениетімен, салт-дәстүрінен хабардар, жалпы әлемнің мәдениетін еркін мең¬¬геріп, жан-жақты дамыған білікті мәдени же¬ке тұлға ретінде қалыптасуына ық¬пал ету қажеттілігі артуда. Сонымен жаңа ақ-параттық коммуникациялық технологиялар студенттердің өз бетінше дамуына, өзара тілдік шынайы қарым-қатынаста болуына жақсы әсерін тигізуде.

Мысалы адамзатының барлық іс-әрекеті қарым-қатынассыз іске аспайтыны бәрімізге белгілі.Қарым-қатынастың негізгі бөлімінің бірі ретінде қарым-қатынас әрекетін атауға болады.Қарым-қатынас әрекеті дегеніміз адам¬¬¬дардың бір-бірімен тілдік тығыз байла¬ныс¬¬та болып, өзінің ойлаған ойын жеткізе білуге, басқа адамдардың сұрақтарына жауап беру, пікір алмасу, талас-тартыс, имитация, талқылау, жоспарлау, бағдарлау тағы басқа да іс әрекеттерін атауға болады. Қорыта айтқанда қарым-қатынас әрекетін коммуникация бірлігі деп санауға болады.

«Мәдениет пен тіл арасындағы байланыс толық қарым-қатынас және оның бір бөлігі ретінде қаралуы мүмкін» – деп жазады Н. И. Толстой.[2]

Әдеби тіл мен фольклор тілі жайлы сөз қозғағанда тілді мәдениеттің сыңары және құ¬ралы ретінде қабылдауға болады. Бірақ, тіл мәдениетке толықтай қатысты оған тәуелді және оны мәдениеттен жеке алып қарауға болмайды.

Ал, В.Гумбольдтың пікірі бойынша, тіл бұл халықтың бет-бейнесі, онда әлемнің барлық мәдениетіне тән бейнелері тіркеледі және сақталады.[3]

Осы орайда студенттердің компьютер ар¬қылы өздерінің психо-физиологиялық мүм¬¬-кіндіктеріне сәйкес, дербес бағдарлама ар¬қылы жұмыс жасап немесе электрондық поч¬та арқылы кез келген адаммен тілдік тығыз қарым-қатынаста бола алады. Студенттердің шетел тілінде еркін сөйлеу дағдылау мә¬дениетін яғни тілдік қарым қатынаста болу үшін алдымен өз елінің ұлттық мәдниетін, өз халқының басынан кешкен тарихын, өлең, жыр, асыл сөз үлгілерін, саяси-экономикалық құбылыстарын, әдет ғұрып, салт тұрмыс ерек¬шеліктерін жақсы білуге тиіс.

Қарым-қатынас адам психикасының және оның мінез-құлқының мәдени, саналы түрде қалыптасуы мен дамуында үлкен роль атқарады. Адам жоғарғы қабілеттері мен қасиеттерін қарым-қатынас арқылы аша алады. Дамыған адамдармен белсенді қарым-қатынасқа түсе отырып, ол өзі тұлға болып қалыптаса алады. Қарым-қатынас негізінде адам өзінің барлық адамгершілік, психикалық мінез-құлық қасиеттерін қалыптастырады. Баланың дамуы қарым-қатынастан басталады.

Балалар өзара қарым-қатынас барысында: адамдардың іс-әрекеттің, ұлттық салт-дәстүрлердің жақсы жақтарын аңғара алады, шындықты айтуға, жағымды ойлауға үйренеді; өзара сыйластықты түсінуге қабілетті, айналасындағыларды ұнатып, жақсы көре біледі, жақсылық жасауға дайын тұрады; сабырлы, салмақты болуға, тәрбиелі болуға, ойланып сөйлеуге үйренеді; әдептілікке, ұқыптылыққа үйреніп, көмектесе біледі, қамқорлық жасай алады, үлкендерді құрметтей біледі; өзгені ренжітпеуге тырысады, кешірімді болуға үйренеді.

Өз ана тілін баға¬лай отырып, оның әр түрлі қырымен сырының ерекшеліктеріне қанық болып,өз елінің мәдениеті мен сүйіспеншілігін сезіне білген оқырман ғана, өзге тілді меңгеруге, өзге елдің сөйлеу мәдениеті мен тарихын, салт-дәстүрімен танысуға құштар болады.Біздің еліміздің білім беру жүиесінде мектеп қабырғасынан бастап оқушылар өздерінің оқып жатқан шетел тілінің әдет-ғұрып, салт дәстүрлерімен тарихи жағдайларымен, тіл өнер мәдениетімен әуел бастан танысады. Бұл жағдай

студенттердің өзге тілді білуге деген құштарлығын арттырып, қызығушылығын туғызады.

Оқушылардың бойында қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейі мен сапасын өлшеп көрсету өте күрделі. Адамгершілік қасиеттерді сақтай отырып, басқа адамдарға психологиялық қысым көрсетпей оң бағытта қарым-қатынаста болғанда ғана, қарым-қатынас мәдениетін сақталғанын көруімізге болады.

Жалпы оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін зерттеуде түрлі әлеуметтік психологияда қалыптасқан әдіс-тәсілдердің басым көпшілігін қолдануға болады. Осы әдістемелердің негізінде сыныптағы балалардың өзара қарым-қатынастарын зерттеу барысында көптеген ұтымды жерлері бар. Балалар сабақ барысында, сыныптан тыс көптеген іс-шаралар жүргізгенде, оқу-тәрбие мәселелерін шешу барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасайды.

Қазіргі таңда біздің еліміз әлемдік ке¬ңістікке ұмтылып жатқан уақытта білімді, білікті, мәдени тұлға болып бірнеше тілді меңгерген адам ғана саналады. Сондықтан да ағылшын тілін терең меңгеру үшін ақпараттық құралдар пайдалану оқытушы мен оқыр¬ман¬ның ізденушілік және шығармашылық қабілеттерінің дамуына, оқырмандардың тіл¬¬дік біліктілігінің, тыңдау дағдыларының, сөйлеу мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына, жеке тұлғаның шығармашылық тұрғыдан шыңдалуына зор әсерін тигізеді.

Қорыта айтқанда, тәуелсіз еліміздің бола¬шағы өзінен бұрын өткен ұлы бабалардың таным-талғамын ту етіп ұстар келер ұр¬пақтың қазіргі заман талабына сай заманауи жан-жақты дамыған, өзін өзі басқара алатын, өзінің ой жетігін терең жеткізе білетін, жаңашыл, шыншыл, білімге, білуге құштар, ізденімпаз, сезімтал, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүние танымы жоғары, көп мәдениетті, ұлтжанды, өз тілі¬мен қатар өзге тілді құрметтей алатын, өркениетті елдің ертеңі болатын жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қа¬зақстан халқына Жолдауы.
2. Мажиденова Д.М. Внешняя культурная политика // Мемлекеттік басқару және қызмет. - 2011. - №1. - С. 59-61. Толстой, Н. И. Язык и культура // Язык и народная культура. Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. - М., 1995.
3. В.Гумбольд . Избранные труды по языкознанию. – М..Прогресс. 1984-397.

ЖАЗБАША ТІЛ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ауталипова У. И., Шайжанова Қ. Ү., Ғұмырзақ А.
ҚазҰЛТҚызПУ., Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: мақалада жазбаша тіл көрсеткіштерін психологиясына қатысты шәкірттердің сөйлеуі мен ойлау әрекеті арқылы дүниетанымы мен білімін дамытудың қажетті құралы ретінде қарастырылады.

Аннотация: в статье рассматриваются некоторые аспекты, критерии и динамика развития письменной речи у школьников начальных классов и их психологические пути измерений в образовательном процессе.

Summary: the article discusses some aspects, criteria and dynamics of the development of written language in primary school students and their psychological ways of measuring in the educational process.

Тіл психологиясына қатысты шәкірттердің сөйлеуі мен ойлау әрекеті арқылы дүниетанымы мен білімін дамытудың қажетті құралы ретінде қарастырылатын болса, екіншіден, оқушылардың өзге текті тілдерді меңгеру процесінде ақыл-ойы мен білімін дамытудың неғұрлым пайдалы құралы екендігін психологиялық жағынан қарастыруды мақсат етіп қояды. Мұндай мәселенің психологиялық тұрғыдан іздестірілуін әйгілі психолог маман Л.С.Выготскийдің [1] баланың үнсіз сөйлеуі мен жазба сөзінде қалайша пайдаланып оның мән-жайын түсінудің тетіктерін ашып көрсетуді мақсат етіп қояды.

Қандай мемлекетте болмасын тіл саясаты, оның әлеуметтік пісіп-жетілуі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақтың кемеңгер ұлт ақыны М.Жұмабаевтың [2] "…Тілсіз ұлт, тілінен орталанған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін, бірінші шарт тілдің болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен

қымбат нәрсе болмауға тиіс…” - деген сөздері бүгінгі күнде өзінің құндылығын арттыра түскендей.

Жазбаша тілдің даму деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін, негізгі параметрлердің мәселесі әлі шешілмеген. Зерттеушілер бұл мәселені жазбаша тілдің толық анықтамасымен байланыстырып, ал оның операциялары мен әрекеттерінің қалыптасу мәселелерімен байланыстырылған. Бұл сұраққа қатысты басқа да көзқарастар бар, бірақ жазбаша тілдің маңызды параметрлерінің келтірілген критерийлері нақты анықталып, айқындалмаған. Шет ел зерттеушілерінде де бұл сұрақ төңірегінде келісімшілік жоқ. Ж.Симон [3] зерттелушілердің тілін келесі параметрлермен талдайды: сөйлемнің жалпы саны, байланыстылығының жалпы саны, маңызды сөздердің жалпы саны, зат есімдер, етістіктер, сын есімдер, есімдіктердің сандық ара-қатынасы. Дж. Дримен [4] – сөздің жалпы саны зат есімдер, етістіктер, сын есімдер. Авторлардың біреуі де тілді зерттеу үшін неліктен дәл осы параметрлерді қолданғанын және олардың қайсысы әрекет пен операциялардың даму деңгейін бағалауға лайықты екендігін түсіндірмейді. Біздің ойымызша, негізгі параметрлерге берілген тіл әрекетіне арналған функциялардың іске асуын қамтамасыз ететін параметрлер жатады. Өз қызметін орындау үшін тіл, мәтін онсыз шықпайтындай қажетті сипаттама құрамына ие болуы тиіс. Біз өте жақсы редакцияланған мәтіннің мазмұнын алып, маңызы жоқ мәтіндерді алып тастап отырдық. Мысалы, байланысы бар мәтінді анықтау үшін, біз мәтін элементтерінің арасындағы барлық байланысты сөздерді алып тастадық. Нәтижесінде бір-бірімен байланыспаған элементтердің қосындысын алдық, яғни әр элемент басқа элементтерге қарағанда семантико-грамматикалық автономдылыққа ие болды. Мәтінді дұрыс түсіну мүмкін болмай қалды. Сондықтан, байланыстылық тілдің негізгі сипаттамаларына жатқызылды.

Бізді жазбаша тіл әрекетінің жүйесіне енетін әрекеттердің даму деңгейіне нұсқау беретін сипаттамалар да қызықты болып көрінді. Мысалы, “сөз тереңділігі” сипаттамасын өзгерту мәтіннің семантикалық тұтастығына әсерін тигізбегенімен, оның санды көрсеткіштерінен сөйлемнің синтаксистік жүйелі құрылу әрекетінің дамуы және оларды таңдау деңгейі жөнінде тұжырым жасауға болады. Ж.Симонның айтуы бойынша бұл сипаттама жазбаша тілдің грамматикалық жүйесін қалыптастыруда сапалы көрсеткіш болып есептеледі. Талқылау нәтижесінде мәтіндерді салыстыру үшін келесі параметрлерді таңдап алдық: сөздердің жалпы саны, сөйлемдердің жалпы саны, сөйлемнің орташа ұзындығы, сөйлемнің тереңділігі, байланыстылығы, контекстілігі. Осы параметрлердің көмегімен жазбаша тілді қалыптастыру жағдайын тек сапалы бағалап қана қоймай, сандық бағасын да беруге болады. Осы орайда әр параметрдің ерекшелігін қарап, эксперимент жүргізу барысында осы сериясында алынған нәтижелердің көрсеткішін қарап шығайық.

Мәтіндегі жалпы сөз саны. Мәтіннің барлық лексикалық сапалары ескеріледі. Бұл көрсеткіш бойынша жазбаша тілдің даму дәрежесі жөнінде тұтастай тұжырым жасауға болады. Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілі әртүрлі ертегілерді ойлап табуда және белгілі ертегінің жалғасын ойлап шығаруда белсендірек болғаны көрінеді (мысалы, Алматы қаласы 173 қазақ орта мектеп-лицейдің екінші сынып оқушыларында, ертегі ойлап табуда, орташамен 158 сөз). Ал (белгілі ертегінің жалғасын ойлап табуда, орташамен - 177 сөз). Жазбаша тілдің сюжетті филімді мазмұндау жағдайында жетістігі кем болды. (екінші сыныпта 101 сөз). Тілдің бұл сипаттамасы пейзажды суреттеу жағдайында өте нашар көрінеді. (орташамен, екінші сыныпта 59 сөз).

Сөйлемдердің жалпы саны. Жазбаша ойды жеткізудің өзі жалпы жазбаша тілдің даму дәрәжесін көрсетеді. Сөйлемнің жалпы саны “Қағаз адамы” ертегісінің мәтінінде көрінеді. (екінші сыныпта 21). “Көк серек ” мәтіндегі параметрлердің орташа саны 19. “Қағаз адамы” ертегінің жалғасын шығару жағдайында (екінші сынып оқушылары 16 сөйлем жазған). “Көкшетау төңірегі” мәтіндегі параметрлердің маңыздылығы өте төмен; (екінші сыныпта 10 сөйлем). Сонымен, жазбаша ойды жеткізуде соңғы екі жағдайдың көрінісі ең нашар деуге болады.

Сөйлемнің орташа ұзындығы. Бұл параметрдің маңыздылығы мәтіндегі барлық сөздер санының сөйлем санына қатысымен анықталады. Берілген көрсеткіштің көлеміне қарай, сөйлемнің синтаксистік құрылымының байлығы немесе кедейлігі жөнінде тұжырым жасауға болады. Оның орташа маңыздылығы едәуір жоғары көрсеткішті “Қаңбақ шал” шығармасында көрінеді. Екінші сыныпта 7,7 сөз. “Қағаз адамы” мәтіндерінде ол бірқатар төмендеу. Сөйлемнің орташа ұзындығы да мәтіндерінде бірдей 6,7 сөз. “Көкшетау төңірегі” мәтінінде сөйлемнің орташа ұзындығы 6,4 сөз, ал “Көк серек” мазмұндамасының мәтінінде екінші сыныпта 5,4 сөз.

Сөйлем тереңділігі. Бұл параметрлерде синтаксистік құрылымды тудырып және таңдау әрекетінің даму деңгейін көрсетеді. Бірақ бұл жағдайда біз сөйлемнің кеңдігін қарамай, синтаксистердің өзара қатынасын байқаймыз. Біз, өз зерттеуімізде француз ғалымы Л.Тесниердің [5] әдістемесін өз жағдайымызға, яғни балалардың психологиялық, этнопсихологиялық ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеп қолдандық. Л.Тесниер бойынша, сөйлемнің барлық элементтері бір-бірімен ара-қатынаста

болып жатады. Ол сөйлемнің жүйесін құрайды. Бұл ара-қатынас арқылы сөйлемнің мұндай иерархиялық құрылымын "стемма" түрінде көрсетуді ұсынады. "Стеммада" тереңділіктің үш дәрәжесі болуы мүмкін, ал әр дәреже – үш деңгейлі болады. Л.Тесниер сөйлемнің құрылымының өзіндік моделін құрастырған. Мәтіннің синтаксистік күрделілігін "сөйлем тереңділігі" параметрі арқылы анықтау үшін, келесі операциялар жүргізіледі: сөйлемнің жалпы санын есептеу; әр сөйлемнің дәрежесінің санын және оған орай тереңділік деңгейін анықтау; сөйлемнің үйлесуін төменгі қатынас арқылы айқындау.

"Сөйлемнің тереңділігі" орташа маңыздылығы, мәтіндегі сөйлем синтаксистік жүйесінің күрделі дәрежесін көрсетеді. Біз, жазбаша тілде сөйлем құрастыру жағынан шығарма жазғанда өте күрделі болатындығын анықтадық. Тереңділіктің үшінші дәрежесіне ие болған сөйлемдер санын, "Қаңбақ шал" мәтінінде екінші сыныпта 5,2 пайыз; "Қағаз адамы" орташамен 2,4 пайыз; "Көкшетау төңірегі" мазмұндамасында оқушылардың жазған жұмыстары тереңдіктің үшінші дәрәжесіне ие болатын сөйлемнің екі пайызына тең болды. Сюжетті филімнің мазмұндамаларында екінші сыныпта "сөйлем тереңділігінің" үшінші дәрежесінің синтаксистік схемалары қолданылмаған.

Байланыстылық. Мәтіндегі сөйлемдер өзара қарым-қатынасты байланыста болып отырады. Байланыс – тілдің сөйлемдерді өзара құрастыратын және оларды семантика – синтаксисті біріктіретін элементі. Байланыс рөлін атқаратын жалғаулықтар, көмекші сөздер, лексикалық қайталаулар, есімдіктер, синонимдер, есімдікті үстеулер және тыныс белгілері. Сонымен, мәтіннің байланыстылығы деп бірлікті қамтамасыз ететін, байланыста көрінетін сөйлемдердің ара-қатынасын айтамыз. Мәтіннің байланыстылығын қалай тексеруге болады? Ж.Симон мәтіндерді ондағы байланысының жалпы санын салыстыруды ұсынады. Ж.Симонның ойы бойынша, егер мәтінде байланыс саны көбірек болса, мәтін жақсы бола береді. Байланыстылықты сандық қатынаспен өлшеу лайықты, дегенмен, мәтіндегі байланыстың болуы оның байланыстылығының көрсеткіші бола алмайды. Өйткені, мәтіннің ішкі ара-қатынасын көрсетуі әбден мүмкін, ал екінші жағынан, оның ешқандай көрсеткіші болмауы мүмкін. Сондықтан, байланыстылық, оның нені және қалай көрсететінін анықтамай есептеу, мәтіннің байланыстылық дәрежесінің анықтау мүмкіндігін бере алмайды деп ойлаймыз.

Біздің ойымызша мәтіннің байланыстылығын мазмұнды санды көрсеткішін, екі көрші сөйлемнің қандай мағыналы қатынасқа түсетінін анықтаған жағдайда ғана табуға болады. Бұл қатынас қандай байланыспен көрсетілгенін анықтап, осы байланыстың көрсетілген қатынасқа сай ма, жоқ па, анықтап, байланыстылықпен көрінетін барлық мағыналы қатынасты және мәтіндегі барлық қатынастарды анықтау арқылы ғана мүмкін.

"Қағаз адамы" мәтінінде байланыстылық жағынан, ең жақсы шығармалар болды. Байланыстылық индексі мәтіндерінде, екінші сынып оқушыларының мәні 0,99. "Қаңбақ шал" шығармасында байланыстылық индексі орташамен 0,90; "Көк серек" мазмұндамасында - екінші сыныпта 0,90. Байланыстылығы ең аз болған суреттемелерде - бұл көрсеткіштер зерттелушілерде орташамен 0,51 (1-ші кесте).

Екінші сынып оқушыларының әртүрлі жағдайда туындалатын жазбаша тіл параметрлерінің мағынасы

Көрсеткіші	Мәтін			
	репродуктивті		мәтін	
	"Көк серек"	"Көкшетау төңірегі"	"Қаңбақ шал"	"Қағаз адамы"
Сөздің орташа саны	101	59	117	144
Сөйлемнің орташа саны	19	10	16	21
Сөйлемнің орташа ұзындығы	5,4	6,4	7,7	6,7
Сөйлемнің тереңділігі (дәрежесі)				
I	0,88	0,94	0,82	0,78
II	0,2	0,04	0,13	0,20
III	0	0,02	0,05	0,02
Байланыстылылық	0,90	0,51	0,90	0,90
Контекстілік	0,87	0,49	0,86	1,00

Жазбаша тіл контекстілігінің өлшемін таңдау келесі нәтижелерді көрсетті: контекстілігі жоғарырақ "Қағаз адамы" шығармалары болып келеді. "Қаңбақ шал" және "Көк серек" мәтіндерінде контекстілік индексі бір деңгейде болып көрінеді. Екінші сынып оқушыларында 0,86 және 0,87. Пейзажды суреттеу басқа мәтіндермен салыстырғанда контекстілігі аздау. "Көкшетау төңірегі" мазмұндамасында контекст индексі екінші сынып оқушыларында 0,49 тең. 6 кесте бойынша, творчестволық міндеттер репродуктивтік міндеттерге қарағанда оқушыларды тек кеңірек мәтіндерді құрастыруға итермелеп қана қоймай, сонымен бірге күрделі синтаксистік жүйелеуді құруға да ықпалын тигізеді.

Ертегінің жалғасын немесе жаңа ертегіні ойлап тауып отыра, балалар өз тіл әрекеттерінің барлық мүмкіндіктерін қолданған. Сюжетті және суреттеу фильмдерінің мазмұндау репродукция міндеттері – жазбаша тілдің ескерілетін параметрлерінің деңгейі төмендікті көрсетті. Сонымен бірге, екі түрлі фильмдердің мазмұнын мазмұндау көлемімен де, контекстілігімен де, байланыстылығынан басқа параметрлерінде де айырмашылығы болып отырды. Бұл жәйіт мәтін сапасының фильм мазмұны мен сипатына тәуелді екендігін көрсетіп отыр. Суреттеу фильмінің мәтіндерінде көптеген параметрлері бойынша төмен деңгейлі мағынасы көрініп отырды. Біздің ойымызша, мазмұндама жағдайы белгілі деңгейде оқушының жазбаша тілін тудыру процесін топтастырып, оның мәтін мазмұнын ашпай қалады. Мазмұндама жағдайы жазбаша түрде ойын жеткізу процесі мотивацияланбағаннан, ол байланысқан мәтінді құрастыру білгірлігін қалыптастыруға қиналады.

Тәжірибеміздің нәтижелері, шығарма жағдайында, демек, мәтінді ырықты түрде құрастыру жағдайында, мәтіннің байланыстылығының, контекстілігінің өте жақсы көрсеткіштері күрделі синтаксистік жүйелі қолданылатыны көрінеді. Бұл жағдайды төменде келтірілген екі зерттелушілердің мәтіндері дәлел болып отыр.

Көрсеткен жұмыстардан, тек “Қағаз адамы” шығармасында зерттелушілердің екеуі де тек салыстырмалы кең мәтіндерді жазып қана қоймай, сонымен бірге өз мағынасы мен синтаксистік жүйесі бойынша күрделі мәтіндерді жазғандары көрініп тұр. Контекстілік параметрі бойынша жаңа ертегіні шығарып жазу белгілі ертегінің жалғасын ойлап табу нәтижелі болып келеді. Ертегіні ойлап табу бағыты, баланы мәтін мазмұнының белсенді құрастыруға ықпалын тигізеді. Сондықтан, мәтіннің ішкі мағыналы жүйесіне де, оны мазмұндау формасына да талап күшейеді. Шығарманы талдау, өз ойынан мәтін жазу, оқушыдан, мазмұнды құрастыру және оның лексико-грамматикалық ұйлесін мазмұндау міндеттеріне байланысты, әрекеттерді толық қолдануды талап ететінін көрсетті. Демек, берілген мазмұнды жаңғыртпай өз ойынан ойлап мәтін шығару, оқушыларды мәтіннің мазмұнын қалыптастыруға бағытталған (мазмұн жоспары) және жазбаша мәтінде ол мазмұнды жаңғырту әрекетіне (жаңғырту жоспары) итермелейді. Сондықтан, бастауыш мектептің екінші сыныбынан бастап шығарма жазу, жазбаша тілді қалыптастыруының негізі болады. Өйткені жазбаша тілдің барлық әрекеті мен операцияларын қоздырып отырады.

Сонымен, жазбаша тіл барлық әрекет тәрізді басқа әрекеттермен байланысты ғана толық іске енуге мүмкіндігі болады. Эксперименталдық көрсеткіштер бойынша, бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілі сөздік шығармашылықпен айналысқанда ғана толығырақ ашылуға мүмкіндігі болады. Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілін қалыптастыру үшін өздері ойлап мәтіндерді шығару жағдайы, мысалы, ертегілер, оқиғалар жазу өте қолайлы. Өйткені мұнда мәтінді құрастырумен қатар барлық психологиялық әрекет пен операциялар барынша белсендіріледі.

Әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Развитие высших психических функций. М., 1980 г.
2. Жұмабаев. М. Педагогика.- Алматы: Ана-тілі, 1992.-160б.
3. Simon J. La Langue ecrite de l’enfant, Paris, 1983.
4. Drieman G.H. Differences Between Written and Spoken Language. – Acta psicologica, 1992, №1-2.
5. Tesniere L. Elements de syntaxe structurelle. Paris, 1982.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ

Әлібек Ж.Ә. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың тиімді жолдары мен әдістері туралы айтылады. Тіл - қоғамдағы адамдардың бір - бірімен пікір алысып, қарым - қатынас жасайтын құралы.

Кілтті сөздер: тіл дамыту,мәнерлеп оқу,білім заңы,үштұғырлы тіл ,дидактикалық ойын,мінез-құлық.

Аннотация.В этой статье обсуждаются эффективные способы и средства разработки языка для детей дошкольного возраста. Язык - это средство общения и общения между людьми в обществе.

Ключевые слова: языковое развитие, выразительное чтение, закон об образовании, трехъязычный язык, дидактические игры, поведение.

Annotation. This article discusses effective ways and means of developing a language for children of preschool age. Language is a means of communication and communication between people in society.

Key words: language development, expressive reading, law on education, trilingual language, didactic games, behavior.

Адамзат тарихының сандаған ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі көрсеткендей қоғам мен мемлекет құрылымындағы күрделі құбылыс – тіл мәселесі болып табылады. Тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады, сондықтан да тіл өзіне деген құрметті талап етеді. «Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұранды ұстанған қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу жолында талай қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Өйткені ана тілі мәселесі – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Елдіктің негізгі шарттары, түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенеді.

Тілдің қоғамдық, тәрбиелік қызметі ерекше екені мәлім. Өйткені, тіл – адамдардың бір - бірімен пікір алысып, қарым - қатынас жасайтын құралы. Тіл адам қоғамына тән. Ол қоғамдағы, еңбек процесіндегі қажеттіліктен, мұқтаждықтан келіп туған.

Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы, тілде әрбір халықтың ұлттық дәстүрінің, сана сезімін, ойлау тәсілінің, мінез - құлқының белгілері бейнеледі.

Тіл мәдениетін меңгеру – адамның сәби шағынан іске асатын, келе - келе біртіндеп жетіліп отыратын нәрсе. Олай болса, тілді ұстарту отбасында, қоғамдық мекемелерде, мектепке жүйелі жүргізілетін тәрбие процесінде іске асады.

«Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасында»: «Баланы сөйлеуге үйрету, тілін дамыту мәселесі барлық сабақта жүзеге асырылады, бағдарламаның ең көлемді бөлімі ана тілі және айналадағы дүниемен таныстыру», - делінеді.

Тіл - қоғамдағы адамдардың бір - бірімен пікір алысып, қарым - қатынас жасайтын құралы. Таза мәнерлі тіл – бұл ойлау жемісі. Баланы ана тілінде дұрыс сөйлеуге үйрету арқылы олардың бойындағы тілдік мәдениетті қалыптастырамыз. Олай болса тіл адам баласы қоғамымен бірге туып, өмір сүріп, ұрпақтан - ұрпаққа мирас болып келе жатқан мұра. Баланы тілдік мәдениетке тәрбиелеуде отбасының, балабақшаның қажырлы еңбегі орасан. Бала - бақшада тәрбие жұмыстарының басты мақсаттарының бірі - баланың тілін ұстартып, жақсы сөйлей білуге үйрету.

Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы, тілде әрбір халықтың ұлттық дәстүрінің, сана сезімін, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының белгілері бейнеледі .

Тіл мәдениетін меңгеру –адамның сәби шағынан іске асатын, келе - келе біртіндеп жетіліп отыратын нәрсе. Олай болса, тілді ұстарту отбасында, қоғамдық мекемелерде, мектепке жүйелі жүргізілетін тәрбие процесінде іске асады.

Еліміз тәуелсіздік алған соң қазақ тіліндегі мектептер мен балабақшалар саны едәуір көбейген. Мәселен, 1992 жылы балабақшалар саны 8589-ға жетіп, онда 933 мың сәбилер тәрбиеленеді. Баланы мектепке дайындау мәселесі үкімет тарапынан да қолға алынды. Елімізде қабылданған «Тіл туралы» ҚР Заңы, оны жүзеге асыру кезеңдері ана тіліміздің арнасын кеңейту, қажеттілігін арттыру мәселелері төңірегінде ауқымды жұмыстар атқарылды. Оның дәлелі ретінде қазақ балабақшаларының, мектептерінің санын өсіру, қала жағдайында аралас балабақша мен мектептердің қажетсіздігі айғақталып, қазақ тілді кадрлардың ғылыми-кәсіптік деңгейін көтеруге күш салынды. Тілді оқыту, үйретуге байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қай ұлт болмасын тілі алдымен өзінің ана тілінде шығып, екінші тілді ана тілінің негізінде үйрену керектігі ғылыми тұрғыдан дәлелденді [1].

Бала тәрбиесінде үлкен орын алатын мәселенің бірі — балалардың тілін дамыту. Ы.Алтынсарин атындағы Педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында мектепке дейінгі тәрбие бөлімі сөйлеу мәдениетінің мазмұны мен әдісі, дұрыс сөйлеудің грамматикалық түрлері, тілдік байланыстарды дамыту бағыттарында жұмыс істеді. Сондай-ақ өлең оқыту, сөйлей білуді меңгерту әдістері де зерттелді. Республикадағы тіл дамыту сабақтарын ерте жастағы топтарда ауыл балаларын қала балаларымен қатар бірдей дәрежеде меңгерту зерттеле бастады. Бұл мәселеде республикаға еңбек сіңірген мұғалім педагогика ғылымының кандидаты, доцент Б.Б.Баймұратова үлкен зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ол өз еңбегінде, әсіресе қазақ балаларының тілін дамыту, ана тілін оқытуды ұйымдастыру әдісі, қазақ балабақшаларында көркем сөйлеуге баулу мәселесін қарастырғань [2].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 қарашадағы № 1762 «Балаларды міндетті мектепалды даярлау мәселелері туралы» қаулысына сәйкес «Мектепалды даярлығы бағдарламасы» 1999 жылы жарық көрді. Осы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен жоғарыда аталған бағдарламаға сәйкес мектепалды даярлығына арналған оқу- әдістемелік кешендер «Алматы кітап» баспасында шықты. Ғалым Ә.Әмірова міндетті мектепалды даярлығына

арнап жазған «Сауат ашу» № 1, 2, дәптерлері, «Сауат ашудан» әдістемелік нұсқауы, хрестоматиясы, дидактикалық ойындары 2004 жылы баспадан жарық көріп, бүгінде республиканың барлық мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп жасындағы даярлық сыныптарында қолданылып келеді. Бұл оқу-әдістемелік кешендердің жоғары орындарымен арнаулы кәсіптік білім беру мекемелерінде болашақ мамандарды даярлауда «Тіл дамыту мен мәнерлеп оқу әдістемесі» пәнінде толық талқылануы ертеңгі маманның онымен жұмыс істеу мүмкіндігіне ықпалын тигізді [3].

Заман өзгерген сайын әдіс – тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс - тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын арттырады. Сонымен қатар тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу барысында балалардың жас ерекшелігін ескеру әдіс-тәсілдерді таңдаумен сай келеді, сабақ өткізгенде бірінші орынға ойын және ойын түрлері қойылады. Ойын – оқу үдерісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық санат. Тіл дамытуда ойынды көрнекі құралдар, түрлі суреттер , кестелер, ойыншықтар, музыка және т.б. материалдар сабақты көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады, ауызша сөйлеу түрлері кеңейеді. Әрбір сабақта ойын түрлерін және өзара сөйлеу үлгілерін тақырыпқа сай қолданған жөн және тиімді. Тіл дамыту барысында ойын элементтерін дидактикалық материал ретінде пайдаланудың пайдасы бар. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді.

Тілдердің үштұғырлығы бойынша жұмыстың орталық бағдары оқытудың монологтік түрі, бұл 4 жасар балаларды үлкендер мен құрдастары арасында тілдік қатысымға түсуде дербестік пен бастамашылдыққа тәрбиелеу болып табылады. Монологтік оқыту барысында балалар қатысымдық сөйлеу дағдысына ие болады, сөздік қорын арттырады және грамматикалық дұрыс сөйлеу қалыбын реттейді.

Оқыту мазмұнына өлеңдер, әндер, санамақтар, сондай-ақ мектепте оқыту жағдайларын айқындайтын тілдік құралдар кіреді. Тілдік материал көлемі 70 типтік сөйлеу үлгілерін құрайды, олардың 50-і сөйлеу үшін қолданылады. Сөздік бірліктер көлемінің – 150-і сөйлеу үшін және 200-і тыңдалым үшін.

Тілдің үштұғырлығы бойынша ұйымдастырылған оқу ісінің тақырыптық мазмұндылығы «Қатынас» білім беру саласының білім мазмұнының іріктеу талаптарының принциптері бойынша құралады [4].

Оқытудың негізгі принциптері: қызықтылық, жүйелілік, түйіндемелік, қолжетімділік, көрнекілік және шынайы қарым-қатынас болуы тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту барлық салаларда жүзеге асады, бірақ мектепке дейінгі мекемелерде басты оқытудың түрі балалардың сөйлеу қабілетін дамыту бойынша ұйымдастырылған оқыту қызметі болып табылады. «Қатынас» білім саласы құрылымының әрекеті әр түрлі өзара байланыстағы сөйлеу жұмысының, сөздікті жетілдіру және жандандыру, грамматикалық сөйлеу тіркесін қалыптастыру, дыбыстық сөйлеу мәдениетін және т.с.с. тарауының процессі ретінде белгіленеді. Осы кезеңде, мектепке дейінгі жаста, байланысты монолог сөзін дамыту негізгі мақсат болып табылады. Оқытылудағы тілдердің дұрыс айтылуын қалыптастыру барысында есту қабілеті және фонематикалық қабылдау, сөйлеу аппаратының моторикасы, яғни сөйлеу мүшелерінің қозғалғыштығының айырықша мәнділігі бар. Көптілде айтылуын қалыптастыруға фонематикалық есту қабілеті міндетті шарт болып табылады [5].

Мектепке дейінгі жастағы балалардың фонематикалық қабылдау қабілеті өте жоғары деңгейде дамитындығы байқалады; олар дыбыстарды дұрыс айтып, олардың жіңішке және сараланған дыбыстар, сөз түрлері мен жеке дыбыстарды қалыптастырады.

Сараланған дыбысты қабылдау қабілеті акустикалық және артикуляциялық дағдыларды дамыту барысында қалыптасады. Қазақ, орыс, ағылшын тілінде дыбыс шығару біртіндеп қалыптасады. Олар 3 кезең арқылы өтеді: 1) артикуляциялық аппаратты дайындау; 2) тұйықталған дыбыстың айтылуын нақтылау; 3) буындарда, сөздерде және фразалық сөйлеуде буындарды бекіту.

Бірінші кезең сөйлеу аппаратын артикуляциялық қимылдарға дайындауға бағытталған. Бұл шараны арнайы дыбыстық сөйлеу мәдениетін және қазақ, ағылшын тілінде сөйлеуді оқыту бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асыру қажет. Күнделікті тәртіптік сәт уақытында, таңғы гимнастика, жуыну барысында артикуляциялық аппаратты шынықтыру үшін жаттығулар орындауға болады. Дыбысты зерттеу үдерісінің құрылымы фонетикалық қабілетін дамыту әдістемеге кірістірілген «Қатынас» білім саласында ана тілінде оқыту және тәрбиелеу әдістемелік құралында толық сипатталған.

Барлық балалар игеруге міндетті негізгі лексикалық қормен қатар игерілетін белгілі рецептивті лексиканың көлемі: күнделікті әдетті айтылатын сөздер, ұйқастырмаларда және тыңдалымға арналған мәтіндерде кездесетін лексика.

Жаңа сөздерді саралап айтуды жөндеу, тек таза сөйлеу және жаңылтпаштарды қолдану арқылы жүзеге асады.

Сөйлеудің дұрыс ырғағы мен екпінін қалыптастыруда сөйлеу тынысы ерекше орын алады.Сөйлеу тынысы тыныстық гимнастиканың барысында дамиды. Тыныс гимнастикасында әр түрлі сюжетті жаттығулар қолданылады: («Сағат» «Ұшақ» «Сорап» және т.б.). Тыныс гимнастикасы әр түрлі ойын жаттығулар түрінде өтеді. Балалар мақта шарларын, қағаз сызықшаларын, шарларды үрлейді, сабын көпіршіктерін жібереді [6].

Қорыта келе айтарымыз, мектепке дейінгі жастағы үлкен балалардың мәнерлеп сөйлеуі әр түрлі болып қалыптасады, сондықтан ұйымдастырылған оқыту қызметінде бірнеше қатар әдіс-тәсілдер қолданады.

Мектеп жасына дейінгі баланың қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтен жеңілдеткен түрде еске сақтау тәсілдерін қолдану талап етіледе. Балалармен лексикалық мәліметті нақты бекіту үшін, оны бірнеше рет қайталау қажет. Баланың сөздік қорын толықтыру үшін, қайталау барысында тек белгілі ғана емес, жаңа лексиканы пайдалану қажет.

Мектепке дейінгі жастағы баламен (орыс және ағылшын) тілдерді үйрену барысында тілдің үштұғырлығы жағдайында дыбыс мәдениетін меңгеру – балалардың белсенді сөздік қорын толықтыру барысын анағұрлым қарқындатады, тіл байланысын кеңейтеді.

Оқытылып жатқан тілдердің дыбыстарын дұрыс айтуды қалыптастыруға оқыту барысында сөйлеу жаттығуларын өткізу қарастырылған. Мұндай жаттығуға дыбысты жеке сөздің, сөйлемнің ішінде айтылуы кіреді. Педагог балаларды әрбір үйретілетін дыбыстың артикуляциясымен таныстыруға және оның барлық балалармен дұрыс айтылуын қадағалауға міндетті.

Пайдаланылған әдебеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы
2. Баймұратова Б «Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету» Алматы, 1981 ж
3. Ә.Әмірова «Сауат ашу» - Алматы кітап, 2015.
4. Қазақ балабақшаларында тәрбиелеу, оқыту мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі.
5. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие тұжырымдамасы // Білім беру министрлігі.
6. «Балаларды міндетті мектеп алдындағы даярлау мәселелері туралы» қаулы. — Алматы.

РАЗВИТИЕ РЕЧИ И ТОНКОЙ МОТОРИКИ У ДОШКОЛЬНИКОВ С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ

Бектаева К.Ж. - к.п.н., профессор,
Тян Е.С. – магистрант 2-курса специальности «Дефектология», КазНацЖенПУ, г.Алматы.

Аңдатпа. Автор мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың сөйлеу және жұқа мотрикаңы дамыту мәселесін қарастырады. Ерте жастан бастап сөйлеу дамуының рөліне сипаттама берілді. Балаларда саусақты гимнастика, массаж, Штриховка, геометриялық фигураларды салу, заттар мен материалмен жұмыс жасау арқылы жұқа мотрикаңы дамыту бойынша арнайы сабақтарды ұйымдастыру қажеттілігі байқалады.

Түйін сөздер: мүмкіндігі шектеулі балалар,шағын моторика, сөйлеу тілін дамыту

Аннотация. Авторами рассматривается проблема развития речи и тонкой моторики у детей старшего дошкольного возраста. Дана характеристика роли развития речи с раннего возраста, причина патологий в речи. Отмечается необходимость организации специальных занятий по развитию у детей тонкой моторики при помощи пальчиковой гимнастики, массажа, рисованием штриховкой, геометрических фигур, работы с предметами и материалом.

Ключевые слова: старший дошкольник, тонкая моторика, развитие речи

Abstract. The authors consider the problem of speech development and fine motor skills in preschool children. The characteristic of the role of speech development from an early age, the cause of pathologies in speech. There is a need to organize special classes for the development of fine motor skills in children with the help of finger gymnastics, massage, drawing shading, geometric shapes, working with objects and material.

Keywords: senior preschooler, fine motor skills, speech development

Правильно хорошо развитая речь является одним из основных показателей готовности ребенка к успешному обучению. Хорошая речь – важнейшее условие всестороннего полноценного развития детей. Чем богаче и правильнее речь ребенка, тем легче ему высказывать свои мысли, тем содержательнее и полноценнее отношения со сверстниками так же активно осуществляется его психическое развитие. Патология речи оказывает отрицательное влияние не только на развитие познавательной деятельности, но и на формирование личности ребенка. Важно заботиться о своевременном формировании речи детей, о ее чистоте и правильности, предупреждая и исправляя различные нарушения, которыми считаются любые отклонения от общепринятых норм данного языка [1].

Дошкольное детство – начальный этап формирования личности ребенка, последние годы отмечается тенденция на увеличение количества детей с отклонениями в развитии речи. Эти отклонения связаны прежде всего с неблагополучными экологическими условиями, различными инфекциями. Быстрый темп современной жизни не позволяет родителям уделять должного внимания развитию тонкой моторики пальцев рук.

В дефектологии установлено, что уровень развития речи детей находится в прямой зависимости от степени сформированности тонких движений пальцев рук. У детей, имеющих различные речевые нарушения, как правило, наблюдается нарушения развития ручной моторики, несформированность способности к длительным волевым усилиям, недостаточность умения последовательно и связно излагать свои мысли. Дети, начиная осознавать свой недостаток, становятся молчаливыми, застенчивыми, нерешительными, затрудняется их общение с другими детьми, снижается познавательная активность. Таким образом развитие тонкой моторики играет огромную роль в развитии речи детей.

С каждым годом возрастает количество детей, имеющих нарушение речи. Возрастает количество детей с ОНР. У таких детей при нормальном слухе и интеллекте нарушено формирование всех компонентов речевой системы : фонетики, лексики, грамматики [2,с.10]. У детей с ОНР отмечается слабое развитие тонкой моторики, характеризующееся двигательной неловкостью, малым объемом движений, недостаточным темпом, переключаемостью движений руки.

М.М. Кольцова считает, что морфологическое и функциональное формирование речевых импульсов от рук, влияние импульсации мышц рук значительно только в детском возрасте, пока идет формирование речевой речевой моторной области, известно, что тренировка тонких движений пальцев рук стимулирует общее недоразвитие ребенка и его речи [3].

Успешному развитию тонкой моторики способствует:

Массаж и самомассаж кистей и пальцев рук. Ежедневный тщательный массаж кистей рук: мягкие массирующие движения и разминания каждого пальчика, ладошки, наружной стороны кисти, а так же предплечья.

Ежедневная пальчиковая гимнастика и пальчиковые игры со стихами, скороговорками, стихами. Упражнения выполняются стоя, но меняется исходное положение рук

Работа с предметами и материалом. (ножницы, пластилин, конструктор, прищепки, бусины, крупы).

Теневой, пальчиковый театр

Упражнения в обводе контуров предметов. Рисование по трафаретам, по клеткам (зрительные и слуховые диктанты), закрашивание контурных предметов ровными линиями и точками. Штриховка вертикальная, горизонтальная, наклонная, рисование «петелькой» и «штрихом».

Рисование несложных геометрических фигур, букв в воздухе и на столе ведущей рукой, затем другой рукой и обеими руками вместе [4].

Логоритмика – важное средство для развития речи ребенка. Логоритмика – это система музыкально – двигательных, речедвигательных, заданий и упражнений, она основана на использовании связи слова, музыки и движения. Логоритмика способствует развитию и коррекции двигательной сферы детей с нарушениями речи и содействуют устранению речевого нарушения, что в итоге помогает социальной реабилитации детей.

Особенности логоритмики:

В двигательные задания включается речевой материал. Музыка не просто сопровождает движение, а является руководящим началом, она имеет решающее значение для выработки спокойной и плавной речи.

Этот метод стремится растормозить перенапряжённый мышечный тонус детей.

Логоритмика является одним из видов «кинезитерапии» (терапия движением). Кинезитерапия в системе помощи детям с проблемами может проводиться в различных формах: кореекционная ритмика, танцетерапия, хореотерапия, психогимнастика, ритмопластика.

Вводить элементы логоритмики в музыкальные занятия можно, начиная со среднего дошкольно-

го возраста. Мною был использован дифференцированный подход к средствам логоритмики.

Каждое логоритмическое занятие имеет сюжетный характер. Ярко, эмоционально, в атмосфере праздника дети учатся многим интересным вещам.

В программе логоритмического занятия:

Нормализация темпа и ритма речи.

Развитие речевой моторики для правильного произношения звуков.

Развитие слухового внимания.

Развитие фонематического слуха (очень важный критерий для успешного обучения ребенка в школе)

Развитие общей и тонкой моторики, мимики, пантомимики.

Развитие физиологического дыхания и фонационного дыхания.

Увеличение словарного запаса, устранение речевых аграмматизмов.[5]

При подборе игровых упражнений следует принимать во внимание такие принципы:

Игровые упражнения должны приносить детям радость, а личностные отношения взрослого и ребенка строятся на основе доверия, взаимопонимания, доброжелательности. Ребенок знает, что получит необходимую помощь при затруднениях :

Постепенное усложнение игрового материала, упражнений, от простого к сложному.

При предъявлении игрового материала, речевых игр следует учитывать индивидуальные возможности ребенка, в процессе работы они должны усложняться.

Для достижения желаемого результата необходимо сделать работу по развитию пальцевой моторики регулярной, выделив для этого время на занятиях педагогов и в процессе режимных моментов. Оптимальным является использование физкультминуток.

Прежде чем приступать к работе по развитию тонкой моторики следует изучить их личностные качества и учитывать то обстоятельство, что у некоторых из них помимо недостатков развития речи встречаются сопутствующие отклонения в нервно – психологической сфере (повышенная возбудимость, расторможенность, расстройство внимания, неспособность к волевым усилиям). Поэтому в повседневную работу с детьми целесообразно включать игры и задания для развития общей и специальной моторики с учетом индивидуальных способностей каждого ребенка [6].

Таким образом, чтобы исправить речевое нарушение,нужно вести целенаправленную работу по развитию мелкой тонкой моторики. Такая работа ускоряет созревание областей головного мозга, которые отвечают за речь, и способствует ускорению дефектов речи.

Список использованной литературы

1. Волковская, Т. Н., Юсупова Г. Х. Психологическая помощь дошкольникам с общим недоразвитием речи. М., 2004.

2. Вахрушев А. А., Кочемасова Е. Е., Акимова Ю. А. Здравствуй, мир! М.«Баласс»,2000.,

3. Павлов И.П., Психология индивидуальных различий. М., 1982.

4. Малетина Н. С., Пономарева Л. В. Моделирование в описательной речи детей с ОНР. Дошкольное воспитание.2004.№6. С.64-68.

5. Алябьева, Е. А. Логоритмические упражнения без музыкального сопровождения. - М.: ТЦ Сфера, 2005. - 64 с.

6. Алексеева М.М., Яшина В.И. «Методика развития речи и обучения родному языку у дошкольников». - М.: Просвещение, 1997.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Есен А.С. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер»
ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларның математикалық сауаттылығын дамыту жайында кеңінен қарастырылады.

Кілт сөздер: сауаттылық, дамыту, логика, шапшаңдық , ойдың ықшамдығы, есеп шығару, талдау.

Аннотация. В данной статье широко рассматривается развитие математической грамотности младших школьников.

Ключевые слова: грамотность, развитие, логика , быстрота, компактность мышления, решение задач, анализ.

Annotation. In this article the development of mathematical literacy of primary school students is widely considered.

Keywords: literacy, development, logic, speed, compactness of thinking, problem solving, analysis.

Математикалық сауаттылықтың мақсаты бүгінгі күн талабына сай, жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, тұрақты қызығушылығы бар, алған білімді іс- әрекетте еркін қолдану дағдысы қалыптасқан тұлға.

Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш буында жүзеге асатыны белгілі. Себебі, бастауыш буында жоғары сыныптарда оқылатын бүкіл пәннің іргетасы қаланып қана қоймайды, сонымен қатар білім алуға талпынушылық, яғни балалардың оқу әрекеті, танымдық белсенділік, жеке бастың адами қасиеттерінің негізі осы кезеңде қаланады. Сонымен қатар, осы кезеңде баланың белсенділігі, оның рухани және дене күші де дами бастайды. Осы жасқа лайықты мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралау, бала жанына жақын қарым-қатынас арқылы оларды дамыту мәселесін ғылыми жолға қою оңай мәселе емес.

Математика пәнінің басты мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Логикалық ойлау қабілетін арттыруда есептің атқаратын ролі зор. Себебі, есеп шығару – мидың "гимнастикасы". Логикалық ойлау қабілеті жоғары оқушы қай пәннің материалын болса да оңай меңгеріп тез түсінеді. Сондықтан бұл пәннен оқу үлгірімі жақсы оқушының басқа пәндерден де үлгірімі жақсы болады. Себебі әр пәннің оқу материалдары мазмұндары жағынан әр түрлі болғанымен оны игерудегі логикалық ойлау операциялары мен ой қорыту формалары бірдей болып келеді.

Математикалық сауаттылық дегеніміз: математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну; әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру; дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту; есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзітексеру, өмірмен байланыстыру.

Математиканың теориялық негізін есеп түрінде меңгеру оқушының ойын белсендіреді, икемділік, жылылық, тереңдік, жинақылық, жүйелік, т.б. тәрізді қажетті қасиеттерді қалыптастырады. Сонымен қатар, есептер математикалық білім, білік дағды жүйесін қалыптастырудың маңызды құралы, ал есеп шығару - оқу және кәсіптік әрекеттің жетекші түрі. Әрбір есептің өзіндік әдістемелік мақсаты да бар. Сондықтан оқушы есепті жылдам әрі қатесіз шығаруға, жаттыға түсуге ұмтылудан гөрі, оны шығармашылықпен шешуге, шешімінен тиісті қорытынды жасай білуге тырысуы қажет. Математиканы үйренумен белсенді шұғылдану, шын мәнінде, есеп шығару. Математикалық есептердің тәрбиелік мәні зор. Есеп шығару кезінде төзімділік пен табандылық қалыптасады. Тиімді шешімді іздеу жазудың, сызудың ықшамдығы мен мұқияттығын керек етеді. Ойлаудың ерекше математикалық стиліне тәрбиелейді: талқылаудың, формальдік - логикалық сұлбасын сақтау (талдау, құру, дәлелдеу, зерттеу); ойдың ықшамдығы; ойлау барысының нақтылығы;

• Математикалық символиканы дәл қолдану Оқушы біліміне мұғалім берген баға оқушының іштей өзін-өзі бағалауына сай келмесе, оның белсенділігіне теріс ықпал етеді, яғни, көтерме баға оқуға деген тұтынушылық қатынасты дамытуға, мұғалім беделін түсіруге соқтырады, ал төмен баға қою жағымсыз сезім, өз мүмкіндігіне сенімсіздік, кейде дау-дамай тудырады.

Есеп шығару, талдау есептер жүйесін құрудың мынадай әдістемелік ерекшеліктерін анықтауға жол ашты:

1) есеп мазмұнындағы мәліметтердің ғылымилығы;

2) есеп шығаруды үйретудің дамытушы сипаты;

3) есепті кәсіби түрде шығара білуді қалыптастыру мен дамытудың жүйелілігі және сабақтастығы;

4) есеп мазмұнында мәселе көтерілуі;

5) есеп мазмұнының кәсіби бағыттылығы;

6) есеп шығаруды үйретудегі саналылық пен мақсаттылық;

Осының бәрінде де математикалық ойлаудың жеткілікті түрдегі жоғары деңгейін қалыптастыру қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығы

Математикалық сауаттылықтың әдістемесі мазмұнын кіші жастағы оқушыларға математиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін сипаттайтын ережелер, сондай-ақ оқытуда дамытушылық және тұлғалық-іскерлік тұрғыдан қарау әрекеті құрайды.

Математикалық сауаттылықтың мақсаты бүгінгі күн талабына сай, жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, тұрақты қызығушылығы бар, алған білімді іс- әрекетте еркін қолдану дағдысы қалыптасқан тұлға.

Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш буында жүзеге асатыны белгілі. Себебі, бастауыш буында жоғары сыныптарда оқылатын бүкіл пәннің іргетасы қаланып қана қоймайды, сонымен қатар білім алуға талпынушылық, яғни балалардың оқу әрекеті, танымдық белсенділік, жеке бастың адами қасиеттерінің негізі осы кезеңде қаланады. Сонымен қатар, осы кезеңде баланың белсенділігі, оның рухани және дене күші де дами бастайды. Осы жасқа лайықты мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралау, бала жанына жақын қарым-қатынас арқылы оларды дамыту мәселесін ғылыми жолға қою оңай мәселе емес.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда мектептеріміздің және мемлекетіміздің білім саласында тұрған басты мәселесінің бірі болып табылады. Себебі, оқушы кез-келген сабаққа деген қызығушылығы болмаса, онда оның алған білімі тұрақты болмайды. Осыған байланысты ғылымдар былай дейді: «Математика оқыту әдісінде алуан- түрлі жетілдірулер болғанымен шәкірттер үшін математика үшін әрдайым қиын пән ретінде тарихта қала береді». Математика пәнінің басты мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Логикалық ойлау қабілетін арттыруда есептің атқаратын ролі зор. Себебі, есеп шығару – мидың "гимнастикасы". Логикалық ойлау қабілеті жоғары оқушы қай пәннің материалын болса да оңай меңгеріп тез түсінеді. Сондықтан бұл пәннен оқу үлгерімі жақсы оқушының басқа пәндерден де үлгерімі жақсы болады. Себебі әр пәннің оқу материалдары мазмұндары жағынан әр түрлі болғанымен оны игерудегі логикалық ойлау операциялары мен ой қорыту формалары бірдей болып келеді.

Оқушыда функционалдық математикалық сауаттылық қалыптастыру үшін ең алдымен пәндік сауаттылық қалыптасуы керек.

Математиканы оқыту мен математика пәнінен сауаттылықты қалыптастырудың негізгі мақсаттарына тоқталайық: 1) Математика –барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады; 2) Математика, ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі; 3) «Математикалық сауаттылық» (ауызша және жазбаша) қабілетін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетінің болуы; 4) Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылыстарды, жаңалықтарды дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі; 5) Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылық дұрыс сөйлеу қабілетін математика сабақтарында оқушылардың келесі қабілеттері мен бейімділіктерін шыңдай түсуді меңзейді:1) Тақырыптағы, текстегі басты ойды бөліп көрсете білу және оған жоспар құра білуге; 2) Материалды қисынды, мағыналық топтай, талдай білуге; 3) Математикалық терминологияларды түсіне, қолдана және негіздей білуде; 4) Ұғымдардың, түсініктердің өзге ұғымдар жүйесіндегі орнын және түсініктер иерархиясы тұрғысында білуде; 5) Аузыша және жазбаша математикалық сауатты сөйлеуді меңгеру, математикалық символдар мен белгілеулерді дұрыс қолдана білуге.

Математикалық сауаттылықтың дамуы оқушының жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, қазіргі қоғамда тұлғаның ұтымды сөйлеу коммуникацияларын қалыптастырады. Осыған қоса, көп жылғы іс-тәжірибе көрсеткендей, математикалық білімнің меңгерілуі мен үйретілуі, оқытылуы дәрежесі жоғары болған сайын, оның бастауыш сыныптағы оқушылардың бойында адамгершілік қасиетті қалыптастырады.

Қорытындылай келе тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ .Келер ұрпақты білімді ету үшін әрине , білім сапасын арттыру қажет.Ал білім сапасы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау арқылы белгіленеді , яғни бағалау- білім сапасын басқарудың негізгі критеийі. Математикалық сауаттылықтың дамуы оқушының жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, қазіргі қоғамда тұлғаның ұтымды сөйлеу коммуникацияларын қалыптастырады. Осыған қоса, көп жылғы іс-тәжірибе көрсеткендей, математикалық білімнің меңгерілуі мен үйретілуі, оқытылуы дәрежесі жоғары болған сайын, оның бастауыш сыныптағы оқушылардың бойында адамгершілікқасиетті қалыптастырады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Математикалық сауаттылық» II бөлім , Алматы 2017жыл

2. Кененбаева М.А. «Бастауыш және негізгі мектепте математиканы дамыта оқытудағы сабақтастық мәселелері». Автореферат. - Астана, 2005 ж.

3. Оспанов Т.Қ. «Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту» Алматы, 2005 ж.

4. З.Бекбаева «Оқушылардың математикалық тапсырмаларды орындаудағы дербестігін арттыру Алматы.

4. Оспанов Т.Қ Кочеткова О.В.,. Астамбаева Ж.Қ. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарда математика оқыту әдістемесі. - Алматы, 2005.

5. Жақыпбекова Г.Т. Математика сабағында математикалық сауаттылықты қалыптастыру. Автореферат: Алматы. 2001.

БАЛАНЫҢ ДИАЛОГТЫҚ СӨЙЛЕУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жаздықбаева Мария Ботаевна - п.ғ.к., доцент,
Хакимова Ирода магистрант
Қожа Ахмет Яссауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

Андатпа. Оқыту немесе оқу диалогы өзіндік ерекшелігі бар қатынас құралы. Бұл балалардың өзара қатынасы, тәрбиешщі мен балалардың, балалар мен тәрбиеші арасындағы қатынас. Оқу үрдісі тілдесу арқылы жүзеге асады. Қазіргі заман баланың оқу бағдарламасының білім, білік дағдыларын меңгеру ғана емес, білімді өз бетімен іздеп, оқып үйренуі керек. Ол өзінің оқу қызметін ұйымдастыра отырып, оқу оқуға дайындығын және оқуға икемділігін жоспарлауы тиіс. Сондықтан бала мен тәрбиеші бірлескен оқыту әдісі монологтан диалогқа қарай ауысуы қажет деп ойлаймын.

Түйін сөздер: диалогты сөйлеу, тәрбие, оқыту, балалар мен тәрбиеші, оқу қызметін ұйымдастыру.

Аннотация. Учебное пособие представляет собой инструмент коммуникации, который имеет свою специфику. Это отношения между детьми, педагогом и отношениями между детьми, детьми и опекунами. Учебный процесс происходит через общение. Учебная программа современного ребенка - это не только приобретение знаний, навыков, но и способность самостоятельно искать и изучать знания. Он должен планировать свои учебные мероприятия и планировать обучение и гибкость в обучении. Поэтому я считаю, что ребенок и педагог должны перейти от монолога к диалогу.

Ключевые слова: общение, речь, воспитание, обучение детей и воспитателей, организация воспитательных мероприятий

Annotation. The manual is a communication tool that has its own specifics. This is the relationship between children, the teacher and the relationship between children, children and guardians. The learning process takes place through communication. The curriculum of a modern child is not only the acquisition of knowledge and skills, but also the ability to independently seek and study knowledge. He must plan his training activities and plan training and flexibility in training. Therefore, I believe that the child and the teacher should move from a monologue to dialogue.

Keywords: communication, speech, parenting, training of children and educators, organization of educational events

Балалардың тыңдауға және сөйлеген сөздерін түсінуге, сөйлесуді жүргізуге, сұрақтарға жауап беруге және сұрақтар қоюға қабілеті. Байланыстырылған сөйлесу сөзінің деңгейі баланың сөздік күйіне және тілдің грамматикалық құрылымын қаншалықты меңгергеніне байланысты. Әңгімелесушімен әңгіме ретінде сөйлесе, әңгімелесу кезінде мәдениетті ұстай білу, сыпайылық, ұстамды болу мүмкіндігін қабылдайды. Тәрбиеші балалармен әңгімелесудің мазмұнына әсер етеді, бір-бірінен жаңа нәрсені үйренуге деген ынтаны көтереді. Тәрбиеші балаларға өздерінің жұмыс, демалу және т.б. туралы ересектерден сұрасаңыз, көптеген қызықты нәрселерді білуге болады деп айтуға тиіс.

Балалардың сөйлеу тілін дамыту бағдарламасы қоршаған орта туралы және әрбір жас кезеңінде балалардың үйренуі тиіс сөйлеу дағдылары мен шеберлігінің тиісті көлемін анықтайды, сондай-ақ белгілі тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеуді көздейді. Мысалы, диалогтық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру міндетін қою (сұрақтарға жауап беру және сұрастыру), бағдарлама балаларды біріктіру, сыпайылық, адалдық, ұстамдылық тәрізді қасиеттерге тәрбиелеу қажеттігін баса айтады[1-12б].

«Балабақшадағы білім беру бағдарламасы» секілді сөйлеуді дамыту бағдарламасы әдетте ғылыми принциптерге негізделген. Ең алдымен, оның мазмұнымен рухани білім беру теориясын, яғни баланың жеке басын жан-жақты дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар, бағдарлама баланың ауызша сөйлеуінде және оның әртүрлі жас деңгейіндегі балаларға қойылатын талаптардың реттілігі мен реттілігін анықтайтын танымдық белсенділіктің сипаттамалары бойынша байланысты ғылымдардағы психология деректеріне негізделеді.

Бағдарлама сондай-ақ баланы дамыту жөніндегі қызметтің жетекші рөлі туралы маңызды педагогикалық қамтамасыз етуді ескере отырып салынған; оның материалының күрделі құрылымы бар, себебі ол онымен байланысты. Балалардың әртүрлі түрлері (ойын, күнделікті өмір, топтар және т.б.). Ақыр соңында, сөйлеуді дамыту бағдарламасы негізгі дидактикалық принциптерді - оқу материалдарының жүйелі және өзара байланысты сипатын, оның ерекшелігі мен қолжетімділігін ескере отырып жасалады; Онда сөйлеу дағдыларының балаларда қалыптасуы бақыланады (яғни әр жастағы өтуі балалардағы қалыптасқан ортақтығы және біртіндеп кеңейту және олардың мазмұнын тереңдете отырып, сол секциялардың сатысы).

Бағдарламадағы барлық тапсырмалар мен талаптар жиынтықталады. Балалардың біліміне және дағдысына тек жалпы талаптар қойылған. Бағдарламаның жалпы талаптары тәрбиеші теріге үйренуге тиіс. Мысалы, ересек топтағы балаларды «қоршаған ортамен танысу және сөйлеуді дамыту» бөлімінде көрсетілген объектіге немесе құбылысқа енгізу арқылы сөздікке қойылатын нақты талаптарды есте ұстау, балаларға түрлі сұрақтарға жауап табуды үйрету керек: кім? Не? Нысанның бөлшектері мен бөліктері қандай? Бір немесе екі сөзбен объектілер тобын қалай атауға болады? (Нақты сөздер нақты және ұжымдық). Кім? Қалай? Қайда? Қайда? Қашан? Не үшін? Неліктен? Не істеп жатыр? (Жауаптарда бала сын есімдерді, есімдіктерді, мақал-мәтелдерді, етістіктерді, есімдерді, түйіндерді пайдаланады.) Қанша? Қайсысы? (Санды сандық, реттік).

Мәселен, бағдарлама ересек топтың балаларын ас дайындаушының жұмысымен таныстыруды ұсынады. Бұл, олар көруге болатын (картоп аршығыш, көкөніс кескіш) бірнеше тұрмыстық техника деп аталады[2-54б].

Орташа топтағы ұқсас сөздікпен салыстырғанда біз ескі топта балалар туралы жалпыланған ұғымдарды (ас үй ыдыстары, машиналар, бұйымдар) Салыстырмалы сын есімдер (ет, көкөніс, темір), бөлшектердің бөлшектері көрсетіледі (егер тесіктердің түбінде тесік болса, ұзын тұтқасы бар және т.б.), кеңістікті және уақытты белгілеу (ішіндегі, екі жағынан, таңертең ерте, ертеңге дейін).

Мектепке дейінгі жұмысшы бағдарламаны жеке-жеке және топта оқып, кейбір жағдайларда тәрбиешілер мен әдіскерлер курстары мен семинарларында, педагогикалық мектепте сабақтарда және т.б. сабақ жүргізеді. Балабақшаның басшысы немесе тәрбиеші-әдіскер жыл сайын қыркүйек өткізу керек. балабақшасында олар үшін жаңа жас тобында бағдарлама талаптарын оқшаулауға көмектесу үшін тәрбиешілермен сөйлесуді дамыту бағдарламасын ұжымдық талқылау, оларды көршілес топтардың бағдарламасымен салыстыруға болады.

Барлық осы жағдайларда бағдарламаны зерттеу сөйлеуді дамытудың негізгі міндеттерін еске салумен басталады. Содан кейін, бір топтың мысалында, бағдарламаның мәтініне сілтеме жасай отырып (әрбір тыңдаушы оны қолдана отырып, бет белгілерді, астын сызу және т.б.), осы негізгі тапсырмалардың мазмұнын және бағдарламаның қай бөлімдерінде орын алғанын көрсетіңіз. Келесі сабақтың мазмұны күрделі болады: жекелеген тапсырмалар үшін бағдарламалық материалдарды салыстырмалы талдау жүргізіледі, бұл материалды жас топтарында дәйектілікпен және жалпы ережелерді көрсететін мысалдармен жүзеге асырылады.

Бағдарлама талдауға арналған сұрақтар:

1.Әртүрлі жас топтарында сөйлеуді дамыту проблемалары, оларды салыстыру, сабақтастық пен асқынуды түсіндіру («Тәрбиелеу міндеттері» бөлімдерінде).

2. Қоршаған орта және лексика жұмысымен танысу бағдарламасы. Қоршаған ортаны қорғау туралы кең ауқымды кеңейту. Балалық сөздіктерге қойылатын талаптарды қиындату. Балаларды сын есімдермен меңгеру бағдарламасы, сандар, зат есімдерді жинақтау, түс, өлшем, пішін, кеңістік пен уақытқа арналған сөздердің тізімі.

3.Дыбыс мәдениеті тілін оқыту бағдарламасы. Дыбыс сапасына, дикцияға, дауыстың сапасына, сөйлеудің айқындығына қойылатын талаптар.

4.Ауызша сөйлеу тілін оқыту бағдарламасы. Сөйлеу дағдылары.

5. Оқу-жаттығу бағдарламасы. Балалар әңгімелерінің түрлері мен олардың сапасын салыстыру.

6.Көркем әдебиетпен танысу бағдарламасы. Өнер туындыларын қабылдап, кітаппен жұмыс істеу кезінде қалыптасқан дағдылар, қабілеттер, қабілеттер тізімі. Оқуға, балаларға айтып, жаттап алуға арналған өнер туындыларының санын көбейту және көбейту.

Ең алдымен, бағдарламаның негізгі бөлігінің мазмұнын - басқа адамдармен танысуды және балалар сөздігіне қойылатын талаптарды оқшаулауды, әр түрлі жас топтары үшін қиынға соқтыратын сөздердің (түс, өлшем, формасы, кеңістігі, уақыты, саны) тізімін көрсету керек. Содан кейін дыбыстық мәдениет бағдарламасының салыстырмалы талдауын жасау қажет. Сценарийлерді оқыту бағдарламасы егжей-тегжейлі қарастырылады: әңгімелердің қандай түрлері және қандай тоқсанда балаларға әңгімелердің сапасына қойылатын талаптар өзгеретінін үйрету ұсынылады. Сөздің грамматикалық жағы бойынша жұмыс бағдарламасын белгілеу қиынырақ. Бұл жұмыстың мазмұнын жариялау қажет. Сөйлеуге және фонетика бағдарламасына қойылатын талаптар жеңілірек. Бұл бөлімдер материалды талдауға арналған бұрын дайындалған мәселелерді басшылыққа ала отырып, өз бетімен зерттелуі мүмкін[3-63б].

Бағдарламаны талдау кезінде көрнекі құралдарды - сабақты өткізу арқылы дайындалған сөздерді дамытуға арналған бағдарламалық материалдардың кестелерін пайдалануға болады. Кестелер бағдарламаны жан-жақты қабылдауға көмектеседі.

Балабақшада сөйлеуді дамыту бағдарламасын іске асыру құралдары. Сөйлеуді дамыту бағдар-

ламасы балалардың осы немесе басқа қызметінде (білім беру, ойын, еңбек, тұрмыстық) жүзеге асырылады.

Кең мағынада тәрбие айтылғандықтан (және осы тұжырымға кіретін сөздің қалыптасуы) ересек адамның қандай да бір іс-әрекеттер арқылы жүзеге асыратындығына байланысты, бұл іс-шара шартты түрде құралдар деп аталуы мүмкін. Осылайша, оқытуды, ойнауды, жұмыс істеуді, күнделікті немесе күнделікті іс-әрекеттерді, өнер туындыларын қабылдауды, яғни сөйлеуді дамыту арқылы ересек адамның жіберген және басқарған кез-келген әрекетін қарастыруға болады[4-6б].

Күнделікті өмірде балалар өздерін сөйлейді. Бірақ егер ересек адамның басшылығысыз қалдырылса, сөйлеудің жағымсыз қасиеттері анықталуы мүмкін: тілдік қателіктер, қарабайыр сөздік, грамматикалық қателіктер және т.б. Сонымен қатар, үнсіздікпен немесе Тәрбиешінің нұсқауларын пассивті тыңдағанда, балалардың сөйлеуіне айтарлықтай әсер етпейді.

Қоғамдық тәрбие жағдайында баланың сөзін қалыптастырудың басты құралы - бұл нұсқаулық.

Ана тілін оқыту - балалардың когнитивтік қабілеттерін дамыту, оларды қоршаған орта және тиісті сөздік қорын қалыптастыру, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және дағдыларын қалыптастыру.

Мектепке дейінгі білім берудің негізгі түрі – оқу-қызметі.

Дидактикалық мақсаттар үшін сабақтың мұндай түрлерін ана тілінде ажырата білуге болады: жаңа материал туралы сабақ; білімді, дағдыларды шоғырландыру; білімді жалпылау және жүйелеу; қорытынды немесе тексірілген (бақылау); кіріктірілген (аралас, біріккен).

Балабақшада сөйлеуді дамытудағы «жаңа материал» түсінігі кейде салыстырмалы түрде орын алады, себебі балалар өз сөзінде үнемі пайдаланатын тілдік құбылыстармен (дыбыстар, интонациялар, грамматикалық пішіндер, сөздер) кездеседі. Дегенмен, біз балаларға жаңа тұсаукесер туралы сеніммен айта аламыз. Бұл түсінік, танымал фактілерді түсіндіру, жаңа идеяларды жинақтау, жаңа дағдыларды қалыптастыру. А.П.Усова балалардың ой-пікіріне және мінез-құлқына әкелетін идеяларды балалардың көзқарастары бойынша толық таныс , бірақ шашыраңқы, кездейсоқ, түсіндірілген деп атап өтті.

Бұл әңгімелерді үйретудегі балаларға арналған алғашқы сабақтар, онда жаңа әңгімелерді оқып үйрену, жаңа туындыларды оқып үйрену, есте сақтау өлеңдер. Балабақшаларда сабақтарға бару, балалардың балабақшасының үйі туралы әңгімелесу, жүрекке жатқызу және т.б. туралы әңгімелесу сияқты тәрбиеленген білім мен дағдыларды нығайту және тәрбиелеу мақсатында балабақша сабақтарында кеңінен қолданылады[5-41б].

Сабақтарда тәрбиеші, ол, әрине, жаңа, қосымша ақпарат береді, бірақ ол негізінен балалардың өздерінің білім қорын өз бетінше пайдалануға және сөйлеу дағдыларын нығайтуға бағытталған күш-жігерін бағыттайды . Бұл жекелеген фактілерді топтастыру, жалпылау және дағдылар болуы мүмкін. Тәрбиеші түзетуді сөзбе-сөз енгізе отырып, қайталауды (таныс мәтінді қайта жазу, есте сақталған өлеңдерді оқып үйрену), қайталанған жаттығуларды (дыбыс өткізбеуде, бірдей грамматикалық пішінді) және шығармашылықпен (танысу мәтінін). Оң нәтижелерге қол жеткізу үшін материалды қайталау үдерісінде жаңалықтың, шығармашылық қызметтің элементтерін енгізу маңызды.

Бұл топтық сабақтарға жақындары, жалпыланған және жүйеленген өтілген материалдар. Мысалы, «Кімге не керек?», «Дүкен» және т.б. тәрізді дидактикалық ойындарда балалар объектілерін түстермен, пішінмен, мақсаттармен және т.б. бойынша жіктеу кезінде қолданылады. Кіші топтарда әңгімелесу жасалады: ересектердің жұмысы, көлік, кітаптар. Балаларға материалды мақсатты түрде шығаруға тапсырма берілді (жолаушылар көлігі туралы сұхбат, шоу-бизнестің жұмысы, сүйікті ертегілер). Жалпыға ортақ типтегі сабақтар мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау, аналитикалық және синтетикалық белсенділігін қалыптастыру үшін өте құнды.

Есепке алу іс-шаралары жиі бейнелеу өнерінде жүргізіледі. Алайда, олар ана тіліне қажет, себебі белгілі бір білім мен дағдылардың деңгейін белгілеу қажет. Оқу жылының басында белгілі бір секцияларда бақылаушы мен тестілеу сабақтарын өткізу керек, тәрбиешіді жаңа топтың балалары туралы білу және ақыр соңында жұмыстың нәтижелерін қорытындылау кезінде танысу. Балалар бақшасын жаппай тексеру кезінде ана тілінде бақылау жаттығулары қолданылады. Бір жағынан, оларда оқыту сипаты бар. Әдетте, тәрбиеші балалардың жасаған дұрыс емес қателіктерін қалдырмау үшін тек жанама оқыту әдістерін қолданады.

Балабақшаларда кеңінен таралған зерттеулер бірге болды дидактикалық мақсаттар жиынтығы, мысалы, балаларды жаңа материалмен таныстыру, өткенді қайталау және біріктіру және оны практикалық қолдану.

Сөйлеуді дамыту бойынша сабақтар олардың мінез-құлқындағы белгілі бір қиындықтарды тудыратын бірқатар белгілермен сипатталады. Мысалы, балалар көбінесе түрлі іс-шаралармен айна-

лысады: біреуі сөйлейді, қалғандары тыңдайды; сабақтардың қысқа мерзіміне байланысты әр балаға жеткілікті сөйлеу практикасын ұсыну мүмкін емес. Сабақтардың максималды әсері болуы үшін олар жалпы дидактикалық талаптарға сай болуы керек, атап айтқанда:

1. Сабақ үшін мұқият дайындық, оның мазмұнын және оқыту әдістерін анықтау. Бұл өз ана тіліндегі басқа да топтарда , балалардың білімі мен дағдыларының деңгейінде, олардың жүктемесі айқындалады. Тәрбиешідегі нақты сөйлеу тапсырмалары және нақты сөйлеу мазмұны болуы керек. Құрылымы көзделетін бағдарламалық материалдарды зерттеуге қажетті әдістер мен әдістер таңдалады және сабақтың барысы. Қажетті көрнекі құралдар, оқу құралдары. Тренингтің жеке тапсырмалары анықталды (жұмыс орындары сараланған, балалардың шақыру тәртібі қарастырылады) [1-84б].

2. Тиімді жүктеме қарқындылығы. Тәрбиеші дамыта оқыту принципін басшылыққа алады. Ол балаларға тапсырмаларды жеткілікті дәрежеде қиындықтармен қамтамасыз етеді, сондықтан олардың орындауында белсенді ақыл-ойды қажет етеді.

Кейде жүктеме жеткіліксіз болады: балалар өз бетінше жұмыс істемейді, аналитика-синтетикалық түрдегі тілдік тапсырмаларды шешу, нысандар арасында байланыс орнатуға, ұқсастықтарын оқшаулау. Егерде балада есте сақтау, ойлау қабілеті жоқ болса, ал тәрбиеші одан тек тыныш, тәртіпті болып отыруын және қайталап отыруын талап етсе, онда сабақ балалар үшін бір сұмдық көрініске айналуы мүмкін.

Жүктеменің дұрыс өлшемін анықтау үшін топтың аралас құрылымы көмектеседі, одан да күрделі арнайы әдістер пайдалы: қорытындылар, салыстырулар,

3. Топтың тәрбиелік сипаты. Аудиторияда сөйлеуді дамыту үшін кеңестік педагогикада тәрбиелеу принципі іске асырылады.

Тәрбиелеу әсері сөйлеу белсенділігінің мазмұны және оның лингвистикалық дизайнымен, сондай-ақ дұрыс ұйымдастырумен, сабақты жүргізу әдісімен көрсетіледі. Сабақтар оқшауланған ақпарат емес, белгілі бір білім беру жүйесі берілгендіктен, балалар біртіндеп тілге деген саналы қарым-қатынас элементтерін, оны ассимиляциялауды дамытады.

Сөзді дамыту үдерісінде, бұрын айтылғандай, барлық психикалық үдерістер жетілдірілуде. Мектеп жасына дейінгі жастағы жалпы қызығушылықты мектеп жасына дейінгі балалардың дифференциалды және тұрақты мүдделеріне дейінгі балалардың когнитивті мүдделері сабақтарға қол жетімді талдау және олардың қызметін бағалауда қолжетімді болуы маңызды.

Ана тілін меңгеру, оның байлығын және сұлулығын бірте-бірте жүзеге асыру патриоттық тәрбие беруде. Балаларға әлеуметтік-тарихи сипаттағы ақпарат беру, оларды кеңестік халық өмірімен таныстыру Отанға деген сүйіспеншілікті, интернационализмді, ұжымдастыруды, еңбекқорлықты арттыруға көмектесетін жоғары моральдық сезімдер мен идеяларды тәрбиелеуге байланысты.

Топта тәрбиеші балаларға өз білімдерін және шығармашылық қабілеттерін пайдалануға үйретеді. Баланың білім алуға деген ұмтылысын қолдауға, өз достарын өз әріптестерімен бөлісуге үйрету өте маңызды .

Сабақтардың мазмұны мен ұйымдастырылуы өзіндік мақсаттар, тәртіп, тактика және басқалар сияқты моральдық және ерікті ерекшеліктерді дамытуға көмектеседі.

Сөйлеу сабақтары балалардың эстетикалық тәрбиесіне үлкен әсерін тигізуі мүмкін. Тәрбиеші мектепке дейінгі жастағы балаларды сыртқы әлемнің нысандарымен таныстырудан ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаны қалыптастырумен эстетикалық тәрбиелеуді жүзеге асырады. Өз кезегінде тілдің өзі - бейнесі, музыкалық, көркем сөзі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Айтбенбетова А.Қ. Ауызекі және көркем шығарма мәтініндегі диалог: лексикалық, синтаксистік және стилистикалық сипаттама. А.,2007

2 . Имангалиева Г.С.Типология диалога (на материале казахского и русского языков. Алматы, 1999.с. 17б.

3. Абдыкаримова Д.Б. Типология реплик казахского и русского диалогов.

4. А.,1999; Қаңлыбаева Ж.С. Коммуникативтік акт шеңберіндегі жауап репликаның қызметі. А.,2006.

5. Ана тілі оқыту әдістемесі. «Атамұра» Алматы 2012

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ БАҚЫЛАУ- ПЕДАГОГИКА ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛІ

Жиымбай А.Қ. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы, ҚР

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі шет тілін оқыту жүйесіндегі білімді бақылаудың жаңа техноло-

гиясы қарастырылады. Бақылаудың маңызы мен қызметі,түрлері және оған қойылатын талаптар мен негізгі обьектілері жайлы баяндалады.

Кілт сөздер: бақылау,тәсіл, объект, диагностика,форма,компьютер,сапа

Аннотация. В данной статье рассматриваются контроль системы образования в изучении современного иностранного языка. В статье затронуты основные обьекты системы и его особенности, виды и роль.

Ключевые слова: контроль, методика, объект, диагностика,форма,компьютер,качество

Annotation. This article discusses the control of the education system in the study of a modern foreign language. The article touches on the main objects of the system and its features, types and role.

Key words: control, technique, object, diagnostics, form, computer,quality

Күні бүгінге дейін оқыту саласында қолданылып жүрген білім, білік және дағдыны тексеру мен бағалаудың ‘’5’’ балдық жүйесі, оның сапасын, дәрежесін анықтап, белгілеуде барлық жағдайда объективтік тұрғыда қамтамасыз етпейді. Кез-келген процессті басқару бақылауды, яғни оның қызмет етуінің тиімділігін тексеру жүйесін қажет етеді. Сондықтан оқыту мен тәрбие нәтижелерін есептеу мен бағалау тұтас педагогикалық процестің маңызды компоненті болып табылады. 2018 жыл 5 қазан Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: Білім беру ісінде 4К моделіне: “креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге ”басты назар аударылуда. Осы тұрғыда білім берудің бағыты өз кезегінде білім беру процесін бағалаудың жаңа моделін және соған сәйкес білімдік технологияларды айқындайды.[1]

Бақылау - зерттеу не тексеру әдісі. Бақылау арнайы жоспар бойынша жүргізіледі. Ғылыми негізде шығармашылықпен жасалған жоспар зерттеу жұмысының нәтижелі болуына оң әсер етеді.

Бақылау-бұл оқушының белгілі бір мерзімде тіл меңгеруінің қандай дейгейге жеткенін анықтау

Ғылыми бақылау зерттелетін педагогикалық құбылысты дұрыс әрі дәл жазып алуды талап етеді. Сондықтан бақылаудың нәтижесі зерттеушінің педагогикалық іскерлігіне, қабілетіне және сауаттылығына байланысты. Зерттелетін тақырыптың мақсаты мен мазмұнына қарап, бақылауды жаппай және ішінара жүргізуге болады. Оқу-тәрбие барысында жалпы мәселелерді (сабақ үстіндегі оқушылардың танымдық іс-әрекеті, оқушылар зейінін жандандыру, балалардың ұжымдық іс-әрекеті, т.б.) зерттеу үшін жаппай бақылау әдісі пайдаланылады. Жеке оқушының іс-әрекеті мен мінез-құлқын зерттеу үшін ішінара бақылау әдісі қолданылады. Зерттеу нәтижелері дұрыс шығу үшін түрлі формулалар, кестелер, фотосуреттер, сұлбалар, әсіресе, техника құралдарды (киноға түсіру, магнитофонға жазу, т.б.) кеңінен қолданылады.

Бақылау материалдары арнайы күнделікке, хаттамаға жазылады. Зерттеуші педагогикалық бақылау материалдарын анкета мәліметтерімен де толықтырады. Бақылау — сондай-ақ, педагогикалық құбылыстың ішкі процесі (оқушы санасында болатын психикалық процесс) жайлы толық мәлімет алу үшін қолданылатын әдістердің бірі. Оқыту процесіндегі бақылаудың психологиялық, педагогикалық мәні — оқушыларға дер кезінде көмек көрсету; олардың шығармашылық күшіне, қабілетіне сенім білдіру, оқушылардың оқу тапсырмасын нәтижелі етіп орындау үшін ынталандыру, іске жұмылдыру. Бақылаудың бірнеше түрлері бар: тақырыптық, тараулар бойынша жүргізілетін, қорытынды тақырыптық бақылау оқу бағдарламасындағы белгілі тақырыптар бойынша өткізіледі. Сабақтың тақырыбы және әрбір кезеңдері негізінде оқушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны игеруі тексеріледі. Тараулар бойынша жүргізілетін бақылау әрбір тоқсанның аяғында оқу бағдарламасының белгілі тарауын оқып болғаннан кейін өткізіледі. Бұның мақсаты — оқу бағдарламасы негізіндегі бақылау жұмыстары мен түрлі техника құралдар (оқыту машинасы, компьютер, электронды-есептеуші машина, т.б.) арқылы әрбір тоқсанның аяғында оқушы білімінің көлемі мен сапасын, іскерлігін, дағдысын анықтау. [2]

Қорытынды бақылау жыл аяғында өткізіледі. Мұнда тақырыптық және тараулар бойынша жүргізілетін бақылау нәтижелері есепке алынады. Оқушылардың жыл бойына алған теориялық және практикалық білім деңгейі анықталады, қорытынды бақылаудың негізі емтихан және оқушылардың жылдық үлгерім бағалары болып есептеледі. Бақылау әдісінің ішінде бағдарламалап бақылау әдістерінің өзіндік ерекшелігі бар.

Машинасыз бағдарламалап бақылау әдістері бойынша перфокарталар және бақылау карталары қолданылып, оқушылардың теориялық және практикалық білімдері анықталады. Бақылау карталарын пайдалану оқушылардың білімін аз уақыттың ішінде анықтауға мүмкіндік береді.

Машиналы бағдарламалау әдістері мектептерде, арнайы орта және жоғары оқу орындарында қолданылады. Техникалық құралдар оқушылардың білімін тексеру, бақылау және өзін-өзі бақылауда қолданылады. Оқыту процесінде оқушылардың өзін-өзі бақылауы өте қажет. Өзін-өзі бақылау олардың игерген оқу бағдарламасы, материалы мен дағды, іскерлігінің беріктігін қамтамасыз етеді.

Өзін-өзі бақылау арқылы оқушылардың өз біліміне сенімі артып, орындаған жұмыстарының

нәтижесін бағалайды. Оқыту процесінде бақылаудың жаппай, топтық және дербес формалары бар. Жаппай Формада барлық оқушыларға мазмұны бірдей сұрақтар немесе тапсырмалар беріледі, орындалған жұмыстарды олар тексеріп, іске асырады.

Топтық формада зерттелетін оқушылардың белгілі бір тобы тапсырмалар орындайды. Бақылаудың дербес формасы әрбір оқушының білімін, іскерлігін және дағдысын анықтайды. Дербес бақылау бағдарламалап және дифференциялап оқыту барысында жақсы нәтиже береді.

Оқушы тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергенін ұғады. Егер білімді тексермесе, онда оқушы өз білімін терең, жан-жақты және дұрыс бағалай алмайды. Оқушы баға алған соң өзінің мектептегі, үйдегі жұмыстарын жетілдіруге, жақсы сапаларын дамытуға, білім, іскерлік, дағдыларындағы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік алады. Білім, іскерлік және дағдыларды тексеру және бағалау тәрбиеге де ықпал етеді. Оқушылардың өз оқулары, табысы, сәтсіздіктері туралы ой-пікірлері қалыптасып, қиындықты жеңуге ұмтылады. Баға оқушының өзі туралы ойына қозғау салады. Білімді тексеру және бағалаудың мемлекеттік маңызы бар. Мектептің, мұғалімдер ұжымының жұмысын білімді басқару органдары оқушылардың үлгеріміне қарап бағалайды. Мектеп әкімшілігі, қалалық, аудандық, облыстық білім беру ісін басқару органдары, Білім және ғылым министрлігі оқушылардың білімдерінің сапасын, мектеп және мұғалімдердің жұмысының жетістіктерін және кемшіліктерін білу үшін бақылау және тексеру жұмыстарын береді.

Бақылау зерттеушілік жағынан болсын, тіпті тұрмыстық тұрғыдан болсын мұғалім үшін аса маңызды әдіс. Бақылау қасиетінің жетілуі, яғни, байқампаздық адамның педагогикалық қабілетінің көрсеткіші.

Л.Толстойдың педагогикалеқ еңбегін талдай келіп Н.К.Курпская Толстой-педагог мектепте “мұғалім үздіксіз бақылауға тиіс, өз бақылауының нәтижесін тексеріп, тағы да байқап, тағы да бақылауға тиіс...”. лабараторияны көрді деп атап көрсеткен болатын. [3]

Бақылаудың мәні неде? Бұл сауалға жауап беру үшін түйсікке назар аудару қажет. Бақылаудың мәні мынада зерттеушінің санасында қаралатын обьектінің өзгерістері, оның сандық, сапалық, құрылымдық және векторлық (сан жөнінен ғана емес амалының бағыты жөнінде де сипатталатын шама) құбылыстар іріктеліп, белгіленеді. Одан әрі ойластыру үшін, сол обьектіні зерттеудегі басқа әдістерді қолданудың нәтижелерін салыстыру үшін нақты фактілер жинақталады. Жоғарыда аталып өткендей, бақылау әдісі техникалық процестің жетілуіне, аспаптардің пайда болуына байланысты дамиды. Оған зерттеушілердің тәрбие-білім беру құбылысы аумағындағы құпияларға үңілуі, оларды жарыққа шығаруы өзінің оңды әсерін тигізеді. Педагогикалық процесті тану құралы ретінде бақылау басқа әдістермен байланыста пайдаланылған жағдайда тиімды болмақ . Бұл ретте бақылау жеке дара, немесе басқа әдістердің құрамдас бөлігі ретінде қолданылуы мүмкін.

Бақылаудың қызметі: басқа оқу процесінің компонеттері сияқты бақылау да белгілі бір қызмет атқарады. Оның негізгі қызметі: өзін-өзі бақылау; бағалау; оқыту; басқару немесе түзетуші; диагностикалық; ескерту; ынталандыру немесе мотивациялық; жалпылама; білімділік, тәрбиелік, дамытушылық (И. Колесникова, О.Долгина);

Диагностикалық функция: бақылау – бұл студенттердің білімін, біліктілігін, икемін, дағдысын, нақтылы тәртібінің деңгейін анықтайтын процесс.

Түзетуші функция 2 бағытта жүзеге асады: оқу жаттығуларын түзету және оқу тапсырмалары бақылау әдңстерінің баламалылығына жету;

Тәрбиелеу функциясы: бақылау жүйесінің болуы тәртіптендіреді, студенттердің іс-әрекетін ұйымдастырын, бағыттайды, білімдегі кемшіліктерді айқындауға көмектеседі, жеке басының ерекшеліктерін, ондағы кемістіктерді анықтайды, пәнге творчестволық қатынас және өз қабылеттерін дамытуға көмектеседі.

Бақылаудың оқыту функциясы оқу материалын игеру бойынша жұмысты белсенділендіруден көрінеді.

Ынталандыру немесе мотивациялық функциясы- адамның ішіндегі белгілі ынталарды оята отырып, оны нақты іс-әрекеттерге ұмтылдыру мақсатымен адамға әсер ету процесі. Ынталандыру адамды басқарудың негізін құрайды.

Оқытудың әр кезеңінде бақылаудың әр түрлері қолданылады: алдын-ала бақылау, ағымдық бақылау, тақырыптық бақылау, қорытынды бақылау.

Ағымдық бақылау күнделікті жұмыста оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды анықтау және алдыңғы материалдарды игеруін тексеру мақсатында іске асырылады.

Тақырыптық бақылау бағдарламаның бір бөлімін өткеннен кейін қолданылады. Оның мақсаты оқушылардың білімдерін жүйелеу. Бақылаудың бұл түрі жүйелеу сабақтарында қолданылады және оқушыларды қорытынды бақылауға дайындайды.

Қорытынды бақылау тоқсан, жартыжылдық, оқу жылы соңында өткізіледі.

Бақылау формалары: жеке, топтық және фронталды.[4]

Қорытындылай келе, білім іскерлік пен дағдыны тексеру және бақылау тәрбиеге де ықпал етеді. Оқушылардың өз оқулары, табысы, сәтсіздіктері туралы ой-пікірлері қалыптасып, қиындықты жеңуге ұмтылады.

Кез келген тақырыпты игерудің нәтижелілігі алдыңғы кезеңде игерілген білімдірдің көлемі мен деңгейінен тәуелді. Егер мұғалімде ондай ақпараттар болмаса оның оқыту процесін тиімді жобалау және басқару мүмкіндігі төмендейді. Сонымен қатар пән немесе бөлім бойынша оқушылардың білімдерін анықтау мұғалімнің өзінің іс-әрекетін дұрыс жоспарлауына және ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Аталған міндеттер алдын-ала бақылау арқылы шешіледі.

Сондай-ақ білімді бақылаудың мемлекеттік маңызы бар. Білім ордасындағы мұғалімдер қжымының жұмысын білімді басқару органдары оқушылардың үлгеріміне қарап бағалайды. Сол себепті Білім және Ғылым министрлігі оқушылардың білімдерінің сапасын, білім мекемесінің және мұғалімдер жұмысының жетістіктерін және кемшіліктерін білу үшін бақылау және тексеру жұмыстарын береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев – Жолдау. 2018
2. Әбиева Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. Алматы: Дарын, 2004.
3. Бабаев С., Оңалбек Ж. Жалпы педагогика. Алматы, 2005
4. Қоянбаев Р. , Қоянбаев Ж. Педагогика. –Алматы, 2004.

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ

Ибраева К.Е – п.ғ.к., доцент
Зайнуллина Қ.Б. – «6М012400- Пед. өлшемдер»мамандығының 2-курс магистранты

Аңдатпа. Бұл мақалада шет тілін оқытуда студенттердің қарым-қатынас құзыреттілігін бағалау әдістемесін дамыту мәселелері қарастырылады. Қарым- қатынас құзыреттілігінбағалау әдістемелері, құрылымы мен мазмұны қарастырылған.

Кілт сөздер: әдістеме, полиэтностық және моноэтностық, қарым-қатынас құзыреттілігін бағалау әдістемесі.

Резюме. В этой статье обсуждается, как разработать методику оценки компетенций студентов в преподавании иностранных языков. Рассмотрены методы, структура и содержание оценки коммуникативных компетенций.

Ключевые слова: методология, полиэтническая и моноэтническая, методы оценки компетенций.

Summary. This article discusses how to develop a methodology for assessing students' competencies in teaching foreign languages. The methods, structure and content of the assessment of communicative competencies are considered.

Key words: methodology, multi-ethnic and mono-ethnic, methods for assessing competencies.

Тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеру барысында оқушыларда «сөйлесудің әр түрлі жағдайларында тілді дұрыс қолдана білуді» білдіретін қарым-қатынас құзыреттілігіқалыптасады.

Әдістеме — педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы. Тұтасынан алғандағы жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту процесінің заңдылықтарын дидактика зерттейді. Ол заңдылықтардың жеке пәндерді оқытудағы көрінісін және әр пәнді оқытудың өзіне ғана тән заңдылықтарын пәндік дидактика қарастырады. Бұлардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқыту Әдістемелері бар.

Әдістеме ғылымы тек тәрбие туралы ілім — дидактикаға ғана негізделіп қоймайды. Ол психология, педагогика, физиология т.б. ғылымдардың жетістіктеріне сүйеніп, білім беру жүйесіндегі озат тәжірибелер мен мәселелерді жедел ғылым талдаудан өткізіп отырады.[1]

Профессор Қ.Жарықбаев: «қарым-қатынас – адам іс-әрекетінің аса ауқымды саласы, өмір сүру, тыныс тіршіліктің негізгі арқауын білдіретін ұғым. Адамға ауа, тамақ, киім, баспана қандай қажет болса, айналасындағылармен қарым-қатынаста болу да аса маңызды» деген осындай анықтама береді. [2]

Ғалымның бізге берген тұжырымын негізге ала отырып, мәселені талдаудың түйіні ретінде айтарымыз: қарым-қатынас үдерісі адам өмірінде болып жатқан түрлі ақпарат алмасулар, әлеуметтік, мәдени және рухани құндылықтармен алмасу, адам санасы мен мінез-құлқына өзара әсер ету, өзара әрекеттесу тәсілдері және т.б. маңызды қызметтерді атқарады. Осы тұста ғалым Қ.Жарықбаевтың «өзгелермен қарым-қатынас жасау – бұл тіршілікке аса маңызды ақпарат (хабар) алмасу деген сөз. Адам қарым-қатынас арқылы айналасындағы дүние жайлы мәлімет алады, еңбек пен тұрмыс дағдыларына машықтанады, адамзат жасап шығарған түрлі құндылықтарды меңгереді. Әрине, қарым-қатынас ақпарат алумен ғана шектелмейді, оның шеңбері аса кең, бұл көп қырлы ұғым» деген ойы жоғарыда айтылып кеткен тұжырымдаманы қорытындылауға болады. Қарым-қатынас қызметтерінің сан алуандығын қарастыра отырып, қайсыбірін дұрыс не бұрыс деп айтуға болмас, себебі олар бірбірін жоққа шығармайды. Дегенмен, жалпы қарым-қатынас үдерісі көп өлшемді және полиқызметті процесс тұрғысында зерттелуі тиіс.

Кез келген психологиялық экспериментті жүргізуде нәтиженің тиімді болуы – қажетті эксперименталды әдістемелерді дұрыс таңдауға тікелей байланысты. Осы тұста бірқатар психолог-зерттеушілер, «зерттеу әдістемесі – бұл әдісті жүзеге асыру құралы, операциялар мен тәсілдердің (олардың жүйелілігі мен өзара байланыстылығы) біртұтастығы, сонымен қатар ақпаратты талдау және өңдеудің қалыпқа келтірілген ережелері» деген анықтама береді. Демек, зерттеу нәтижесінің нақты болуы экспериментаьды әдістемелердің бір-бірін өзара толықтырушы ретінде жүзеге асырылуына байланысты.

Кез- келген қарым-қатынас процесінде жеке адамның дамуына бөгет жасайтын әлеуметтік психологиялық факторларды (бұйығылық, ұялшақтық, сенімсіздік) меңгеру. Олай болса, тыңдаушылардың тіл табысқыштық деңгейлерін дамытудың маңызы зор болып табылады. Зерттеу жұмысымызда В.Ф.Ряховскийдің «Тіл табысқыштық деңгейін бағалау» тестін алуымыздың басты мақсаты – полиэтностық және моноэтностық топтардағы тыңдаушылардың өзара тіл табысқыштық деңгейлері қандай деңгейде екендігін анықтау. [3] Тест 16 сұрақтан тұрады және оның нәтижесін тест классификаторы арқылы көруге болады. Тест екі тұрғыда қолданылды:

1) топ мүшелерінің тіл табысқыштық деңгейлерін бағалау;

2) топтардағы этностардың тіл табысқыштық деңгейлерін бағалау.

Тыңдаушыларға алдын-ала келесі нұсқау берілді: Тест адамның қарым-қатынас құзыреттілігін анықтауға көмектеседі. Берілген сұрақтарға «иә», «кейде» немесе «жоқ» деп жауап қайтару қажет.

Нәтиженібағалаутөмендегідейжүргізіледі: -«иә» - 2 ұпай; -«кейде» - 1 ұпай; -«жоқ» - 0 ұпай.

Тест классификаторы 7 деңгейдентұрады: 30-31 ұпай – коммуникативтілігі өте төмен. Топтық жұмысқа мүлде қатыса алмайды. Бұл тек өзіне ғана емес, өзгелерге де зиянын тигізетіні бар. 25-29 ұпай – тұйық, жалғыздықты ұнататын адам. Жаңа ортаға ауысу деген сияқты пікірлерден бойын қорқыныш билейді. Дегенмен, өзіне көңілі толмайды. 19-24 ұпай – қарым-қатынасқа барынша ашық, бөтен ортада өзін еркін сезіне алады. Дегенмен, топтағы басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуде өзін абайлап ұстауға тырысады. Пікірталаста өзінен-өзі маңғаздық танытып жататын сәттері кейде болып тұрады. 14-18 ұпай – коммуникативтілік құзыреттілігі жеткілікті. Басқа адамдармен қарым-қатынаста қызығушылық таныта біледі, тіл табыса алады. Жаңа адамдармен таныстыққа қуанады, дегенмен шулы ортаны және тым көп сөйлейтін адамдарды онша ұнатпайды. 9-13 ұпай – мұндай адамдар өте коммуникативті. Кейде тіпті шектен де шығып кететін кездері болады. Қызыққыш, көп сөйлейді; түрлі сұрақтарға оған тіпті қатысты болмаса да жауап қайтарып отырады. Өзін көпшілік назарының ортасында болғанды ұнатады. Тез ашуланып, тез қайтады. Бірақ шыдамды болуды естен шығармағаны абзал. 4-8 ұпай – кез-келгеністе, кез-келген сұраққа жауабы дайын тұрады. Пікірталастарға аса белсенділікпен қатысады. Шешімін білмейтін істермен де шұғылдана беруге мақұл. Жұмысты аяғына дейін жеткізуге еркі жетпейді. Осыған байланысты басшылары тарапынан көп жағдайда сенімсіздік танытатын жағдайлар болып тұрады [4] .

3-одан төмен ұпай – өзіне қатысты болмаса да басқалардың әрекетіне араласқанды ұнататын адамдар. Құзыретіне жатпайтын мәселелердің шешімін табуға ұмтыла береді. Ашуланып, ренжіп, көпжағдайда шектен шығып жатады. Мұндай адамдармен қарым-қатынасқа түсу басқаларға оңай еместігін естен шығармаған жөн.

Қорыта айта келе тұлғаның өзін-өзі таныту процесі мен оның этномәдени сәйкестілігі арасындағы байланысты қарастыру тұлға дамуының жеке дара және әлеуметтік шартталу мәселесін талдауға алып келеді. Өзіндік бағалау және қарым-қатынас процесі өзара тікелей байланысты, ажырамас процестер болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%98BC%D0%B0

2. Жарықбаев Қ.Б. Этнопедагогика мен этнопсихология негіздері. – Алматы, 2001.
3. Пассов Е.И. «Технология коммуникативного обучения иноязычной культуре».
4. Хрестоматия по социальной психологии. / Под ред. Кутасовой Т. В. — М.: МГУ. 1994.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ - ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Қасымова Р.С. - П.ғ.к., профессор м.а.,
Жүзей М.А. - PhD докторант
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Бұл мақалада латын әліпбиіне көшу әлем мемлекеттерімен саяси, қоғамдық,экономика, ғылыми қарым-қатынасты орнатуға жақсы ықпал ететіндігі қарастырылады.
Кілттік сөздер: латын графикасы, этнопедагогика, коммуникация,рухани жаңғыру, рухани кемелдену.
Аннотация: В статье рассматривается переход на латинский алфавит окажет положительное влияние на установление политических, социальных, экономических и научных связей с миром.
Ключевые слова: латинская графика, этнопедагогика, коммуникация, духовное обновление, духовно совершенствовать

Summary: This article considers the positive impact of the transfer to Latin alphabet in building a better political, social, economic and scientific relationships with world countries.
Keywords: latin graphics, ethnopedagogy, communication, spiritual renewal, spiritual maturity

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру, ұлттық сана-сезім, рухани даму, өркендеу жолымыз қазақ тілінің жаңа әліпбиін жасаудың маңыздылығы әлемдік өркениетке жетуіміздің басты кепілі іспеттес [1]. Тіл –коммуникацияның әмбебап құралы. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру бұл өз кезігінде рухани тазару, рухани жаңғыру, рухани кемелдену біздің адами қасиеттеріміз: ар-намыс, зерде, зейін, сана,абырой т.с.с. үстемдік етпек. «Қазақстанның болашағы- қазақ тілінде» деген ұлағатты пайымның этностық шеңберінен шығып, ұлттық, мемлекеттік, азаматтық мәртебеге ие болуының айғағы деп білу қажет. Латын әліпбиіне көшу- мәдениеттің өлшемі, ұлттың таңбасы, елдіктің айшығы, мемлекеттің тәуелсіздігі, тұтастығын айқындайтын символ. Рухани жаңғыруға нақты қадамдар жасалды.

Бүгінгі тәлім-тәрбие, оқыту, білім беру тұрғысынан қазақтың этнопедагогикасы, дала ұстаздары өсиет еткен өнегелі сөздерін еске алсақ, шәкірттің көзі ояу, көңілі ұйқыда болмас үшін, болашақ тәлімгер ғасырлар бойы қалыптасқан заңдылықтарды терең біліп, оны жүзеге асыруды парыз деп біледі. Педагогтардың шәкірттерінің игілігі үшін қамқорлық жасауы төрт аспектіге байланысты: олардың физикалық, интеллектуалдық, адамгершілік, рухани дамуын жетілдіру. Көзге көрінбейтін өте нәзік сезімді, аса құнды адами қасиеттерді тәрбиеленушінің бойына сіңіру, тек сөйлеу шеберлігі жоғары қалыптасқан тәлімгердің қолынан ғана келеді.

Халық даналығының кәусар бұлағы – этнопедагогикаға назар аудару қазіргі білім беру жүйесі үшін аса маңызды. Мұның студенттер үшін де маңызы зор, өйткені оқушыларды халық даналығында адамгершілікке тәрбиелеу мұғалімнің жеке тұлғалық адами қасиеттеріне, осы салада меңгерген теориялық-практикалық білім, іскерлік, дағды деңгейіне байланысты айқындалады.

Халық педагогикасының әр түрлі қырларын тілге тиек еткенімізде, алдымен соны іске асырар педагог тұлғасына қойылатын талаптар және сол талаптарға педагог тұлғасын сәйкестендіру тетігін айқындау мәселесі, яғни латын әліпбиіне көшу - этнопедагогиканың жаңа көкжиегі ретінде білу, қазіргі күнгі білім беру саласының күн тәртібіндегі өзекті мәселе деп айтуға болады.

Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан-2050» атты кешенді Жолдауының «Қазақстан мұраты» бөлімінде төмендегідей тұжырым жасайды: «Келер ұрпақ ата-бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады, ұрпақ тәрбиесінде дана болады: оның саулығына, біліміне және дүниеге көзқарасына қамқорлық жасайды …» [2].

Латын әліпбиіне көшу арқылы Мәңгілік ел мұратын тұғырлы ететін тарихи таңдау десек, сол межеге жетуде тәрбиеленуші тұлға, ескінің көзіндей, жаңаның өзіндей болып, дүниежүзілік мәдениетті танитын, төл мәдениетімізді сыйлайтын, оны таныта, насихаттай алатын, рухани дүниесі бай, интелектуалдық деңгейі жоғары, білімді, білікті болуы қажет. Латын әліпбиі бұқаралық сананы өзгертіп,

қоғамның ішкі тұтастығын қалыптастыратын, этнопедагогиканың көкжиегі,басты құралының бірі болмақ. Қазірдің өзінде еліміздегі ақпараттық-электрондық құралдардың дені латын әліпбиін қолданып жүр. Латын әліпбиі – интернет ресурстарын пайдаланушының бәрі өзінің электронды поштасын жазатын, сақтайтын әліпби. Сол әліпби арқылы әлемдік ақпарат кеңістігіне шыға алады..

Латын әліпбиі Қазақстанда өмір сүріп жатқан әр түрлі ұлыстар мен ұлттардың теңдігін, бірлігін нығайтады, олардың ешбіріне артықшылық үстемейді, ешбірінің азаматтық құқына нұқсан келтірмейді.

Латын әліпбиі әлем мемлекеттерімен дипломатиялық, қоғамдық-саяси, экономикалық, рухани - мәдени, ғылыми қарым-қатынастарды жеңілдетіп, одан сайын нығайтуға игі ықпалын тигізеді.

Латын әліпбиі әлем халықтарымен рухани жақындасуға жол ашады.

Ұлттық код (ұлттық салт-дәстүрлер, тіл, музыка, әдебиет), патриотизмнің, туған жерге деген сүйіспеншіліктің нығаюына зор әсер етеді.

Баршамызға белгілі іргелес елдің кириллица харпіне төл әріптеріміздің өзі өте ұқсас. Соңғы технологиялар мен уақыттың тығыздығы, жасанды интеллекттің дамуы секілді заманауи процесстерде, қазақ төл әріптерінің қолданылу аясы тарылып жатқаны бәрімізді алаңдататын жайт.

Қазіргі таңда оқушылар мен студенттердің, тіпті қоғам болып қазақ тілін смартфондар мен планшеттерде жеңіл қолданып жүрміз. Хабар алмасуда ұлттық төл әріптерімізді іздеп отырғанға қарағанда, орыс әліпбиіндегі баламаларын қолдана салу үйреншікті жайтқа айналды. Алайда көп қолданылмайтын «Ң» әрпін қазіргі қазақ балаларының көбісі дыбыстай, кеңсірігінен келісті шығара алмай жүр. Сол аз қолданылатын бір әріптің «н» әріпіне айналып қолданылу нәтижесінде қазақ тілінің қолданылу аясы мен қорының азаюына үлкен әсерін тигізіп отыр. Мұндай мәселелер, біздің оқу үдерісімізде байланыстың негізгі тірегі болып отырған тіліміздің өзгеруіне, ал тілдің өзгеруі салт-дәстүріміздегі қаншама құндылықтарымыздың өз деңгейінде ұрпақ санасына жетпеуіне әкеліп соқтырады.

Тілдің құнарлылығы мен сөздің сұлулығы әріптердің кестеленуіне тікелей байланысты. Яғни ұлттық салт-дәстүр, діл, тарих бедеріндегі көне заманнан келе жатқан байырғы бай сөздердің дыбысталуын кирилица арқылы өзгеріспен қолдануды жалғастыра берер болсақ сөздің мағынасы мен құн қадірі кетіп, түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Бәлкім қолданыстан шығып та кетуі мүмкін. Сондықтан бүгінгі жастар және келер ұрпақ өз қазақ тілін өздері түсінбей, тек қана ғалым немесе зерттеушілер мен арнайы құрылғылар,тілдік түсіндірме сөздіктер арқылы ғана танысып отыратындай түп тамырынан ажырап қалмасын десек, өзгенің әліпбиіне әуес болмай өз латын қарпімізге көшкеніміз дұрыс таңдау, дұрыс шешім екенін аңғартады.

Салт-дәстүріміздегі баланың шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, ананың әлдиі мен айналасындағы ән күйі, бесік жырынан бет ашарға дейінгі дәстүрлі ән өнеріндегі әсем сөздер арқылы бала санасына діні мен ділін, ұлттық ана тілінің қадір-қасиетін сіңіретін еді. Мал шаруашылығы мен диқаншылыққа байланысты атаулар мен мақал-мәтелдер, теңеулер мен толғау терме сөздерінде де үлкен мектеп, үлкен тәрбие, мол білім жататын. Сол сөздер тарих толқынындағы әліпбиіміздің бірнеше рет ауысуында этимологиялық тұрғыдан да, сөздің құрылымдық, дыбысталу тұрғысынан да өзгеріске ұшырады. Латын әліпбиіне көшу – тарих жіберген ағаттықтың орнын толықтырып, жаңа заманауи үрдіске сай, келешекке ыңғайланған уақыттың өзі қажет еткен әліпбиіміздің ұлы көші болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. Егеменді Қазақстан газеті. Ақорда, 12 сәуір 2017 жыл.
2. Назарбаев Н.Ә.«Қазақстан-2030».Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы туралы. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы, 2004. – Б.13.

ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕГІ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ БОЙЫНША БАҒАЛАУ

Кобдикова Ж.У. - п.ғ.д., доцент
Журынова Ф.Т. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы, ҚР

Аңдатпа. Бұл мақалада, математикалық сауаттылық және математика пәнінің әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру қарастырылған.

Кілт сөздер: алгоритм, функционалдық, математикалық құзыреттілік, математикалық сауаттылық,математикалық модель, сандық ақпарат,таным.

Аннотация. В этой статье рассмотрены определение и понятие в мире роли математической грамотности, предмета математики, чтение цифровой информации в разных формах, его анализ, синтез.

Ключевые слова: алгоритм,функциональные, математические компетенции, математическая грамотность, математическая модель, цифровая информация, познание.

Annotation. This article discusses the definition and concept in the world of the role of mathematical literacy, the subject of mathematics, reading cipher information in various forms, its analysis, synthesis.

Keywords: algorithm, functional, mathematical literacy, mathematical model, on-line information, knowledge.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» екенін айта келіп, ол үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», – деп білім беру жүйесін жетілдіру мәселесін алға қойған болатын[1].

Қазіргі, тез әрі өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ «өмір бойы білім алуына» ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында[2] және мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында [3] белгіленгендей, функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азамат қалыптастыру, оның әлемде болып жатқан өзгерістер мен процестерге әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін, білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Функционалдық сауаттылықты дамыту: білу – түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты критерийлер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Мұндай жүйе әлемдік тәжірибені жан-жақты зерттеу арқылы енгізіледі.

Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы әлеуметтік, экономикалық, технологиялық дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде «функционалдық сауаттылық» ұғымы кең тарала бастады [3].

Оқытудың басты мақсаты- өздігімен білім алып дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, оқулықтағы теориялық материалдардың берілу жолы осы мақсатты қанағаттандыра алатындай болып, оқушылардың өз бетімен білім алуына бейімделіп құрылуы керек. Ол бойынша, өнер тапқыштық пен жаңалықтар ашуға жетелейтін баланың жаңа қасиеттерін ашуға болады екен.

есей ғалымы В.П. Беспалько бұл деңгейлерді:бірінші деңгей – «міндетті, оқытушылық», екінші – алгоритмдік, үшінші – эвристикалық, төртінші – шығармашылық деңгейлердегі қабылдау деп атайды. Сондықтан да, оқушылардың білім, білік, дағдыларын жетілдіру үшін, оқытудың жаңа технологиясы бойынша, дифференциалды және дербес деңгейлік принциптерінің талаптарына сәйкес болуы шарт [4].

Математикалық сауаттылықта деңгейлік тапсырмаларды енгізудегі басты мақсат — сынып оқушыларын «қабілетті» және «қабілетсіз» деп жасанды түрде әр түрлі жіктерге бөлуді болдырмау. Осы арқылы саралау және дербес оқыту ұстанымдарымен қатар, барлық оқушыға қатысты, ізгілендіру ұстанымыда сақталады [5].

Жалпы, сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі. «Сауатты» деген сөздің түпкі мағынасы оқу, жазу, санау біліктіліктері қалыптасқан, грамматикалық тұрғыда таза, қатесіз жаза, сөйлей, оқи алатын, сондай-ақ дұрыс есептей білетін адам сауатты ретінде танылады.

Кез келген маманның атқаратын белгілі бір функциясы немесе қызметі болады, ол соның дұрыс атқарылуына жауап береді. «Математика бойынша PISA құрылымы» құжатында (ЭЫДҰ,2013ж) математикалық сауаттылық былай анықталаған: «Математикалық сауаттылық - оқушының математиканы түрлі мәнмәтіндерде тұжырымдау, қолдану, талдап түсіндіру қабілеті. Ол, өз кезегінде, математикалық ойлау, құбылыстар сипатталатын, түсіндірілетін, алдын-ала болжап айтылатын математикалық ұғымдарды, процедураларды, білім мен құралдарды пайдалануды қамтиды [6].

Бұл адамдарға математиканың әлемде қандай рөл атқаратынын мойындатуға,конструктивті, қызығушылығы мол және ойлай алатын азаматтарға қажетті саналы көзқарас қалыптастыруға және ой елегінен өткізілген шешім қабылдауға көмектеседі.

PISA зерттеулеріндегі математикалық сауаттылық актуальды талдау, ойлау мен математикалық есептерді шешуге қажетті тест сұрақтарының негізінде бағаланады.

Математика бойынша PISA тест

тапсырмаларын дұрыс орындау үшін оқушылар мына құзыреттіліктерге ие болуы тиіс: тұжырымдау, қолдану, талдап түсіндіру [6].

Қорыта келе айтарымыз, математикалық сауаттылық – математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелелерді шешуде еркін қолдану болып табылады.

Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады: білу (еске түсіру); қолдану (байланыстарды орнату); ойлау (пайымдау) [8].

Математикалық құзыреттілік – нәтижелерді түсіндіру, талдау және түрлендіру, математикалық модель құрастыру, қатынастарды анықтау, шынайы өмірде пайда болған мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме-дәл қолдану қабілеттілігі.

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезеңі, біз ұстаздар сол заманмен бірдей қадам басуға міндеттіміз. Математика мен математикалық сауаттылық пәнін ұштастыру, алған білімдерін өмірмен байланыстыруға, логикалық есептер шығаруға, оны практикада қолдануға үйрету.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» /Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы.

3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 –2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.

4. Оқушылардың математикалық сауаттылығы. Оқу құралы.

Педагогикалық өлшеулер орталығы. ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері». Астана, 2014. – 50 б.

5.Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в

условиях применения компьютерной техники: диссер.д-ра пед. наук. – Алматы, 1995. – 264с.

6. Международная программа PISA. Примеры заданий по чтению,

математике и естествознанию. – Центр качества образования ИСО РАО,2003. – 99 с.

7. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. «Қазіргі білім беру технологиялары». Алматы, 2006ж

8.Бекболат Қ., Сердалы А Математикалық сауаттылық. Астана, 2017 ж.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДА ПЕДАГОГ РӨЛІ

Машенбаев Т.Б.- п.ғ.к., проф. м.а.

Бурханова Н. – 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы.ҚР

Андатпа. Бұл мақалада оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мен оны қалыптастырудағы оқытушы рөлі қарастырылады.

Кілт сөздер: Функционалдық сауаттылық, Педагогтың шеберлігі

Аннотация. В данной статье рассматривается роль преподавателя в развитии и формировании функциональной грамотности учащихся.

Ключевые слова: Функциональная грамотность, мастерство педагога

Annotation. This article discusses the role of the teacher in the development and formation of functional literacy of students.

Keyword: Functional literacy, the skill of the teacher

Бүгінгі жас ұрпақтың алдында әлемдік стандартқа негізделген білім алу жауапкершілігі тұр. Ұстаз шәкіртінің жеке дамуын қамтамасыз етуде үнемі ізденісте болу қажеттілігі айқын көрінеді. Оқу орынды бітіріп шыққан түлек өзіне сенімді, білімді өздігінен алатын, өз елінің патриоты болатын, коммуникабелді болуы тиіс. Сондықтан қоғам әрдайым мұғалімдерге жоғары талаптар қояды, сол талаптардың бірі – бүгінгі педагогтар қауымының алдында оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру, рухани өсуіне жағдай жасау.

XXI ғасырдағы оқушыны сапалы біліммен қамтамасыз ету үшін мұғалімге алдымен оқушының функционалдық сауаттылық пен өмірге қажетті құзырлылықтар жиынтығын дамыту маңызды болып отыр.

Білім беру саласы қызметкерлері алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін пайдалана отырып оқушылардың функционалдық сауаттылығының дамуына ықпалын тигізуде.Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс [1].

Елбасының тапсырмасы бойынша функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген [2].

Білім беру жүйесін жаңартуға Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ерекше атап өтсе, «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында білім беру саласындағы басымдықтарды қадап айтты [3]. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның талабы. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасын сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез-келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Функционалдық сауаттылық дегеніміз¬¬ ¬- адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік; шығармашылық тұрғыда ойлау; шешім қабылдай алу; өз кәсібін дұрыс таңдай алу; өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты орында болуы керек. Біздің өзекті мәселеміз: жаңа оқыту әдіс-тәсілдері арқылы қазақ тілін меңгерту. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынында өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бүгінде жаңаша ойлай алатын мұғалім мәртебесі де жоғары болмақ, ол оқушылар мен олардың ата-аналарының сұраныстарын қанағаттандыра алатын жаңа формациялы мұғалім. Сол себепті білім кеңістігінде «Жаңаша мұғалім қандай болу керек? Өскелең ұрпақты қалай және неге үйрету керекпіз?» деген сұрақтың өзектілігі арта түспек. Ол үшін алдымен мектеп бітіріп шыққан оқушының табысты болып қалыптасуына кәсіби білімді мұғалім қажет [4].

Қорыта келе айтарымыз, қоғамның қойып отырған талаптары да осы, ал қоғам талаптарына

сәйкес болу үшін мұғалім өзінің білімін жетілдіре, мінез-құлқын тәрбиелей, шығармашылық даму шараларын жүзеге асыра білуі керек. Нағыз мұғалім – өзін-өзі дамытып отыратын тұлға. Мұғалімнің кәсіби дайындығы, білім мен біліктері, оқу үрдісінің дұрыс бағытта жүруі тек шығармашылық қызмет арқылы жүзеге асатыны белгілі. Сонымен қатар жаңа технологияларды кеңінен пайдалану да маңызды болып отыр. Бүгінде жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты, білімі қажет. Жаңа технологияларды өз тәжірибесінде тиімді қолданып жүрген ұстаздар ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыта алады [5]. Сондықтан бүгінгі оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа формациядағы мұғалім бойында төмендегі кәсіби құзыреттілігі болса мақсатымызға бірге жетпекпіз, ол: оқушыларға қамқорлық көрсете білетін, оған ықпал жасай алатын және өз бетінше шешім қабылдауда бағыт-бағдар беретін; әрбір оқушының пәнді түсінуді қалай құрылымдау қажеттігін ойластыра білетінін сезінетін, осы көзқарастар тұрғысынан білімі мен тәжірибесін қалыптастыратын; оқушының білім беру бағдарламасы деңгейлері бойынша ілгері жылжуын өрістету мақсатында мазмұнға сәйкес кері байланыс орната алатын кәсіби білімі мен түсінігі бар;- оқытудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты өту өлшемдерін, өзі мен оқушыларының бұл өлшемдерге қандай дәрежеде сәйкес келетіндігін білетін; оқушылардың игерген білімі мен оқушылар мойындаған «Біз қайда бара жатырмыз?», «Қандай іс-әрекет жасау керек?», «Одан әрі не істеу керек?» деген сияқты табыстылық өлшемдері арасындағы алшақтықты жою үшін не істеу керек екенін білетін; бастапқы идеядан өзге идеяларды өрістете байланыстыратын және сол идеяларды оқушылардың өздері құрастырып, жандандыра алатындай етіп жинақтап, толықтырып, тереңдетіп бере алатын мұғалімдер. Бұл құзыреттіліктер деңгейлік бағдарламада көрсетілген.

Белгілі педагог К.Ушинскийдің «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» – деген пікірін негізге ала отыра мұғалім әрдайым кәсіби дамуына назар аудару қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Табуктинова, Ж.Н. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ұстаздың рөлі /Екібастұз,2016. -5 б.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы // ресми мәтін. – Астана, 2012. – 114 б.
3. Назарбаев, Н. Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2012. – 28 қаңтар. 4.
4. Бунеев, Р.Н. Понятие функциональной грамотности / Р.Н. Бунеев. – М.: УМЦ «Школа 2100», 2003.
5. Рауандина, А.К. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауатгылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6-сыныптары): педагогика ғылымдарының канд. ... дис. автореферагы: 28.12.2010 қорғалды / А.К. Рауандина. – Алматы, 2009. – 32 б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Медеубаева К.Т. - п.ғ.к, қауымд.проф.м.а.

Қамбарова Ғ.С. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа: Бұл мақалада білім беру үдерісіндегі оқушылардың функционалдық сауаттылық ұғымының пайда болу кезеңінен бастап зерттелу мәселелері қарастырылады. Отандық және шетелдік ғалымдардың бірқатар еңбектеріне шолу жасалынады.

Кілт сөздер: Функционалдық сауаттылық, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу.

Аннотация: В данной статье рассматриваются проблемы изучения с момента возникновения понятия функциональной грамотности учащихся. Делается обзор ряда трудов отечественных и зарубежных ученых.

Ключевые слова: Функциональная грамотность, формирование функциональной грамотности учащихся, обзор научных работ отечественных и зарубежных ученых.

Abstract: This article discusses the problems of studying the concept of functional literacy of students. A review is given of a number of works by domestic and foreign scientists.

Key words: Functional literacy, formation of functional literacy of students, review of scientific works of domestic and foreign scientists.

«Функционалдық сауаттылық» — ұғымы өткен ғасырдың 60-жылдары ЮНЕСКО құжаттырында пайда болды және кейіннен қолданысқа енді. Функционалдық сауаттылық – білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» мен «Интеллектуалды ұлт-2020» бағдарламасы орта білім беру мазмұнына функционалдық сауаттылықты енгізудің басым бағыттарын айқындап берді. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»: «Құзыреттілік тәсіліне және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға негізделген 12 жылдық білім берудің жаңа стандартын әзірлеу және енгізу жоспарлануда», – деп атап көрсете келе, типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалардың функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталуына, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін негізгі орта және жалпы орта білім берудің құзыреттілік тәсілі негізінде оқу бағдарламаларын әзірлеуге баса назар аударылған [1].

«Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарымен болған кездесуде (Астана қаласы, 2008 жылғы 30 қаңтар) Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде қазақстандықтарды жаңа формацияда тәрбиелеуге және Қазақстанды адам капиталы бәсекеге қабілетті елге айналдыруға ықпал ететін интеллектуалды ұлттың дамытудың маңызды аспектілерін атап өтті. Әсіресе, білім беру жүйесін инновациялық дамыту қажеттілігіне ерекше тоқталды: «Білім беруге деген дәстүрлі тәсіл оқушыларға ақпарат пен білімнің барынша кең көлемде берілуін мақсат тұтады. Бүгінде жағдайлар өзгеруде. Мамандардың есептеуінше, әрбір жеті-сегіз жылда кәсіптік ақпараттардың көлемі екі есеге ұлғайып отырады екен. Жаңартылған білімнің легіне ілесіп отыру үшін қазіргі заман қызметкерлері жүйелі және сын тұрғысынан ойлауды меңгеруі тиіс және үнемі өз білімін жетілдіріп отыруы керек. Бұдан басқа, біздің жастарымыз тек білімді алып қана қоймай, жаңа білім беру жүйелерін құруға да күш салысулары керек. Бүгінгі таңда ең маңызды сапа креативті ойлау, білімді қайта өңдей білу, жаңа шешімдер, технологиялар мен инновациялардың пайда болуы болып табылады. Бұл үшін жаңа әдістер, оқытудың жаңа формалары, жаңа мамандар қажет» [2].

Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» [3] Жолдауындағы маңызды тапсырмасы бес жылға арналған Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеу болып табылады. Осыған байланысты Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары әзірленді, аталған жоспар шеңберінде функционалдық сауаттылық бойынша шетелдердің адыңғы қатарлы тәжірибелерін зерделеу және Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнының ерекшеліктерін ескере отырып, функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың жолдарын әзірлеу міндеттері қойылды. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында: «Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады», – деп көрсетілген [4].

Қазіргі ұғым бойынша функционалдық сауаттылықты білімнің (бірінші кезекте, жалпы) көп жоспарлы адам әрекетімен байланысын біріктіретін жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделу әрекеті ретінде түсінуге болады. Функционалдық сауаттылықтың ерекшелігі – жылдам өзгеріп отыратын қоғамда барлығы үшін қажетті қолданбалы білімдер негізінде әртүрлі қызмет салаларында өмірлік мәселелерді шеше алуымен сипатталуы.

Отандық және шетел әдебиеттерін талдау ғалымдардың функционалдық сауатсыздықтың себептерін анықтау және оны қалпына келтіру жөнінде белсенді зерттеулер жүргізіп жатқандығын көрсетіп отыр. В.В.Гаврилов «функционалдық сауаттылық» деген ұғымның өткен ғасырдың 60-шы жылдарының соңында ЮНЕСКО-ның құжаттарында пайда болғанын және кейінірек зерттеушілердің қолданымына кіргенін атап көрсетсе [5], С.А.Тянган «функционалдық сауаттылық» ұғымын талдай келе ұғымды кеңейте түседі [6]: бастапқыда, шамамен 1970 жылдардың ортасына дейін зерттеудің тұжырымдамасы мен стратегиясы адамдардың кәсіби қызметімен байланысты болған: осы саладағы жетіспейтін білім мен шеберліктің орнын толтырды; кейінірек мұндай тәсіл бір жақты деп танылды; функционалдық сауаттылық одан да кеңірек мағынада қарала бастады: компьютерлік сауаттылықты, саяси, экономикалық сауаттылықты және т.б. қосылды. Американдық зерттеуші Е.Д.Херш «мәдени сауаттылық» деген ұғымды енгізді. Көп тер төккен зерттеудің нәтижесінде ол өзін мәдени тұрғыда са-

уаттымын деп санайтын әрбір американдық білуі тиіс 4500 пәндердің атауларын, аттарды, даталарды, оқиғаларды іріктеп алды. Сауалнамалар нәтижелері 1988 жылы жарияланды[7].

Мектептегі білім беру жағдайындағы функционалдық сауаттылық соңғы жылдарда зерттеулер объектісіне айналды. Мысалы, М.И.Губанова, Е.П.Лебедева [8] функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселелерін зерделей келе, мектептің кіші буын оқушыларын оқыту үдерісіндегі тиісті мазмұнды енгізудің перспективасын ашты. С.Г.Вершловский, М.Д.Матюшкин соцологиялық зерттеулерді жүргізудің негізінде қазіргі заманғы мектепті бітірушілердің функционалдық сауаттылық деңгейін талдайды [9]. Дегенмен, жекелеген пәндерді оқыту кезінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесі бойынша нәтижелері мектептегі білім берудің мазмұнына әлі жаппай енгізілмеген бары-жоғы бірнеше ғана еңбектер бар. Оларды атап өтсек, қазақстандық зерттеушілер Ж.Ж.Ордабаева [10], А.Ж.Мұрзалинова [11], А.К. Рауадина [12] оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесін қазақ тілінде оқытатын мектептерде физиканы, орыс тілін оқыту, орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқыту барысында қарастырады, ресейлік әдіскерлер Г.Д. Клок, В.И. Анурова функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жолдарын химия және шет тілі сабақтарында көрсетеді. Мұндай мектеп жағдайында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесіне қатысты аз көлемдегі жұмыстар оқушылардың функционалдық сауаттылығын жүйелі түрде қалыптастырудың өзекті мәселелерін шеше алмайды.

Осыған сәйкес, зерттеушілердің пікірлерін қорыта келе мынадай ұғымдарды айыру қажеттіліктерін атап көрсеткіміз келеді: қарапайым сауаттылық (оқи, жаза, санай білу және т.б.); функционалдық сауаттылық (сауаттылық барлығы үшін немесе құқықтық және жалпы кәсіби сауаттылық қарым-қатынастарындағы білім); кәсіби сауаттылық (нақты сол немесе өзге де кәсіптік топтардың сауаттылығы); экологиялық сауаттылық (орта сипаттамаларын білу); жағдаяттың саяси және экономикалық-азаматтық сауаттылығын бағалау және әрекетке тиісті шешімдер қабылдау қабілеті.

«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында» қазақстандық мектептік білім беруде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру шеңберінде негізгі құзыреттіліктер анықталған.

Функционалдық сауаттылық ұғымы 1957 жылы ЮНЕСКО-ға енгізілген «сауаттылық» термині бастапқыда әлеуметтік контексте қолданылатын оқу мен жазуды қоса алғандағы біліктер жиынтығы ретінде анықталған болатын. Басқа сөзбен айтқанда, сауаттылық – оқу мен жазудың дағдыларын меңгерудің анықталған деңгейі, яғни баспа сөздерімен жұмыс істеу қабілеті (неғұрлым заманауи мағынада – бұл оқу, жазу, есептеу дағдылары және құжаттармен жұмыс).

«Сауаттылықтың төменгі деңгейі» және «функционалдық сауаттылық» ұғымдары қатар енгізілген болатын. Біріншісі қарапайым хабарламаларды оқу және жазу қабілеттерін, ал екіншісі социуммен өзара әрекет ету жағдайында оқу мен жазу дағдыларын қолдану қабілеттерін сипаттайды (банкте шотты ресімдеу, сатып алынған музыкалық орталыққа қоса берілген нұсқаулықты оқу, сотқа талап-арыз жазу және т.б.), яғни бұл индивидтің әлеуметтік қоршаған ортада толыққанды әрекетін ете алатындай сауаттылық деңгейі.

Сонымен функционалдық сауаттылықтың ерекше белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

1) тұрмыстық мәселелерді шешуге бағытталған;

2) өзін нақты әлеуметтік жағдайларда қалады деп есептейтін жеке тұлғаның жағдайлық сипаттамасы болып табылады;

3) стандартты, стереотипті мәселелерді шешумен байланысы;

4) бұл әрқашанда оқу мен жазу дағдыларының кейбір қарапайым деңгейі;

5) ең алдымен ересек тұрғындарды бағалау ретінде қолданылады;

6) ең маңыздысы, сауатсыздықты жылдам жою тәсілдерін іздестіру контексіндегі мақсаттардың болуы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
2. Назарбаев Н.Ә.«Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарымен болған кездесу. (Астана қаласы, 2008 жылғы 30 қаңтар)
3. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты». Астана, 2012.
4. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана, 2012.
5. Гаврилов, В. А. Проблемы самообразования и культуры учебного труда студентов / В. А. Гаврилов // Психолого-педагогические аспекты адаптации студентов к учебному процессу в вузе : сб. научн. тр. – Кишенёв :Изд-во КГУ, 1991. – С. 56–64.
6. Тангян, С. А. «Новая грамотность» в развитых странах /С. А. Тангян // Советская педагогика. – 1990. – № 1. – С. 3–17.

7. Hirsch E.D. «Cultural literacy. What every American needs to know»/ N.Y. 1988
8. Лебедев, О. Т. Инженерные кадры: подготовка и повышение квалификации. (Организационно-методологические проблемы) /О. Т. Лебедев. – Л. : Изд-во Ленингр. ун-та, 1982. – 224 с.
9. Образование взрослых: реальности, проблемы, прогноз/ С. Г. Вершловского. – СПб., 1998. – 162 с.
10. Ордабаева Развитие функциональной грамотности одаренных учащихся в процессе обучения физике. //Педагогические науки/4. Стратегические направления реформирования системы образования. -//Электронный ресурс. – Режим доступа: http://www.rusnauka.com/18_EN_2009.
11. Мұрзалинова А.Ж Формирование функциональной грамотности учащихся при обучении русскому языку как неродному на старшей ступени школы общественно-гуманитарного направления: Автореферат дисс. …..д-ра пед. наук / Мурзалинова А.Ж. – Алматы: 2003. – 47 с.
12. Рауандина А.К Рауандина А.К. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6-сыныптары) п.ғ.к. дисс. Автореферaты.- Алматы, 2010.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ - САПАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ

Нурекенова Г.С. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер»,
ҚазҰлтҚызПУ, Алматы, ҚР

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік - экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында білім беру ұйымдары жастарға жалаң білім беріп қана қоймай алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуды үйретуі керек екендігін баса айтып, үкіметке оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бес жылға арналған Ұлттық шаралар жоспарын дайындау жөнінде нақты тапсырма берген болатын. Осы тапсырманың негізінде маусым айында Үкіметтің 25 маусым 2012 жылы №832 қаулысымен бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс - қимыл жоспары» қабылданды. Ұлттық жоспардың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау болып белгіленген[1].

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады[2].

Жай сауаттылық - адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады.

Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяа-

си және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай - ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор болып табылады [2].

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзыреттіліктерді қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс - әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс - тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс.

Функционалдық сауаттылыққа бейімделу, оның қалыптаса бастауы бастауыш мектептен бастау алады. Қазірде олар оқитын пән оқулықтарының мазмұны көбіне алғашқы сауаттылықтан басталып, әрмен қарай дамып, жүйелене түседі. Ол үшін функционалдық сауаттылыққа жататын білімдер мен біліктердің, әсіресе, жиі қолданылатын іс - әрекет түрлерінің өзара тәуелділігін, бірімен бірінің үндестігін оқулықтардағы мазмұнының мәтінімен байланыстыру қажет. Сонымен қоса білім беру деңгейлеріндегі оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша біртұтас әдістемелік жүйенің жасалу ын талап етеді. Ол білім берудің мақсатынан бастап оқытудың түпкі нәтижесі не дейінгі аралықтағы компоненттердің бірлігі арқылы жүзеге асуы тиіс. Сондықтан мақсатқа қол жеткізудің басты құралы саналатын білім мазмұнын білім беру деңгейлерінде оқушының функционалдық сауаттылығына негіз деп құру тиімді болмақ. функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушылардың коммуникативтік, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу және тағы басқадай негізгі құзіреттіліктеріне бағытталып жүргізілгенде ғана оң нәтижелерге қол жеткізуге және де функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушының оқу, жазу сауаттылығын, жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығын, математикалық сауаттылығын, компьютерлік сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған арнайы жұмыс арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болады [4].

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысы нан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз. Елбасымыз Н. Назарбаев: «Қазіргі заман мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін - өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты» деген.

Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын аттыру үшін мұғалім шебер болуы керек. Ол баланы қалай оқыту, оның сабаққа деген ынтасын қалай ашуға болады деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасауы тиіс. Жалпы адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу және иіскеу арқылы есте сақтайды. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді. Интербелсенді оқыту барысында оқушылар өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді.

Күтілетін нәтиже: мағынаны ажырата алады; топпен жұмыс істеу құзіреті артады; көшбасшылық анықталады; білім, білік, дағды деңгейі көтеріледі; өз ойын айтуға төселеді; функционалдық сауаттылығы артады.

Қорыта келе, оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, бастауыш сыныпта сабақты дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап

отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. «Қыран - түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз - шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды»,- деген даналық сөзіндей, ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншылықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Сондықтан тұлғаны қалыптастыруда Елбасының биылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» жолдауын басты ұрандай ұстансақ артық болмас, өйткені болашақ тізгінін ұстайтын ұрпақтың функционалды сауатты болуын біз назарда ұстауымыз керек дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». 2012 ж.
2. «Әдіскер-Методист» журналы, 2013 ж.
3. Н. Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. // «Егеменді Қазақстан», 10 шілде 2012ж.
4. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. // «Егеменді Қазақстан» газеті.

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ БЕТІНШЕ БІЛІМ АЛУЫН БАҒАЛАУ

Сайдахметова Л. Т. - п.ғ.к., доцент
Молдагалиева А.Е. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы, ҚР

Аңдатпа. Мақалада айтылған негізгі ой - шет тілі пәнін оқыту процесінде жаңа педагогикалық әдістерді пайдалану, шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту.

Аннотация. Основная цель статьи – использовать новые педогоические методы в процессе обучения иностранного языка, творческое мышление, развивать научные взгляды и активность, умение работать самостоятельно

Annotation. In this article presents – to use new pedagogical methods in the process of learning English language, to creative thinking, to develop scientific views and activity, to evolve self-learning ability

Бүгінгі күні басқа елдермен тереземіз тең егемен ел болып отырғанда, Елбасының Қазақстан халқына жолдауындағы, кешенді мәселелердің бірі еліміздің ертеңі болатын ұрпаққа сапалы да, нәтижелі білім беру болып табылады. Сондай ақ күн өткен сайын ғылым мен техника дамып, адамзат қиял жетпес қияндарға жол салып, өркениетті елдерден қалып қоймай, жас ұрпаққа білім беру саласын дүниежүлік стандартқа сай жетілдіре түсу өзекті мәселе болып отыр.Ұлттың қабілеті, елдің өркениеттілігі оның білімділік деңгейімен айқындалатындығын ескере келе, 12 жылдық эксперименттің де негізгі мақсаты мен міндеттердің әлемдік білім кеңістігіне кіру арқылы, Елбасының бүгінгі күні жүргізіліп отырған отырған Үш тұғырлы тіл саясаты негізінде білім жүйесін халықаралық деңгейге көтеру талап етеді.Осыған орай сапалы да нәтижелі білімнің негізгі бастауышы қаланатындықтан , шет тілін осы сатыдан бастап оқытып, бүгінгі жас ұрпақтың білімі мен біліктілігін қоғам сұранысына сай білімді, бәсекеге қабілетті, көп мәдениетті, тілдің жетік меңгерген, толерантты тұлға етіп тәрбиелеу мұғалімнің кәсіби шебер болуын талап етеді. Өйткені баланың бойына анасының сүтімен сіңген өз ана тілін үйрену еш қиындықсыз берілсе, өсе келе екінші шет тілін меңгеру едәуір қиындықтар туғызады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат ретінде «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалды дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отыр. Дарынды балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу бүгінгі таңда ауадай қажет, себебі дарынды адам басқаларға қарағанда қоғамға көп пайда әкелетіндігі анық.[1]

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында білім берудің басты мақсаты: «Өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл, білімді, тұлғаны дамыту және қалыптастыру» делінген. Сондықтан білім беруден күтілетін түпкі нәтиже осы мақсатқа сәйкес, тұлғаның құзыреттіліктері бойынша анықталатындығы белгілі. 12 жылдық оқытуға көшуге байланысты білім беру жүйесінде құзырет, құзыреттілік, құзырлылық деген жаңа сөздер қолданысқа енді. Педагогика ғылымының кандидаты М.Жұмағалиева құзыреттілік-тұлға бойындағы белгілі бір пән бойынша алған білімнің білім, білік дағдыларынан көрінуі, ал құзырлылық – осы құзыреттілікті өз

қажетіне сәйкес қолдана, пайдалана білуі деп көрсетеді. [2] 12 жылдық оқыту мерзімімен бекітілген мемлекеттік жалпы білім беру стандартының мазмұны әр оқушының жеке ерекшелігіне қарай білім нәтижесі түріндегі құзыреттер жиынтығын игеруге бағдарланып белгіленген. Білім беруден күтілетін нәтиже ретінде мектеп бітірушінің түрлі жағдайларда өз бетімен шешім қабылдай алуына мүмкіндік туғызатын негізгі құзыреттіліктер : проблеманың шешімін табу немесе өзіндік менеджмент, ақпараттық және коммуникативтік деп аталатын негізгі құзыреттіліктер

I.Проблемаларды шешу құзыреттілігі: ол мұғалімнің көмегімен құрылған проблеманың қай жағынан келу қажеттігін түсіндіреді; шынайы және ойлаған жағдаяттардың бір-бірінен айырмашылығын көрсете отырып, сипаттайды; проблеманы анықтайды және құрастырады; проблемаға талдау жүргізеді (оның пайда болу себептерін көрсетеді).

II.Ақпараттық құзыреттілік: ақпараттың белгісі мен белгісізін бөледі; қойылған міндетті шешуде ақпараттың берілген тізімде бар жоғын көрсетеді; ұсынылған ақпараттың қойылған міндеттерді шешуге қажетін бөліп алады; анықтамаларды, энциклопедияларды қолданады, мазмұн бойынша кітаптарға және сілтемелер бойынша сайтқа бағдар жасайды;.

III. Коммуникативтік құзыреттілік: баяндаманың жоспарын дайындайды; көпшілік алдындағы баяндаманың нормасы мен шегін сақтайды; өз баяндамасының мағыналық блоктарын ерекшелеу үшін үзілістер пайдаланады; пысықтау мен түсінуге берілген сұрақтармен жұмыс жасайды; монолог, диалог, пікірталаста (топ) нақты/бағалау ақпараттың негізгі мазмұнын қабылдайды; әңгімені нормаға сәйкес бастап, аяқтайды, диалог форматы мен мақсатына сәйкес сұрақар қояды және береді; оқушылар пікірталас шиеленіскен жағдайда одан да шығу тәсілдерін пайдаланады немесе топтың нәтижеге қол жеткізе алмау себептерін жинақтайды.

Бұл нәтижелер оқушының өз бетінше талдай білуіне, өз қызметіне мақсат қоюға, жоспарлауға, салыстыра дәлелдеуге, сыни тұрғыдан шешім қабылдауға, қарым қатынас диалогына қатысуға, өзінөзі бағалауға мүмкіндік туғызады. Оқушылардың оқудағы белсенділігі оқуға қажетті білім, білік дағдыны саналы меңгеруінен оны тәжірбиеде пайдалана алуынан көрінеді. Оқу тапырмаларын орындау нәтижесі ішкі белсенділікке тікелей байланысты. Ішкі белсенділікке оқушының белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Оқушылардың жұмысын ұйымдастыру- мұғалім үшін жауапты да күрделі жұмыс. Оқушылардың өзіндік жұмысын қалыптастыруда бір-бірімен тығыз байланысты екі міндетті шешу қажет. Бірі- оқушылардың танымдық көзқарастарын қалыптастыра отырып, дамыту, екіншісі- өзінің практикалық іс-әрекетін бағалауға, өзіндік қорытынды шығаруға, шешім қабылдауға баулу. Өзіндік жұмыс терең де берік білім алу құралы бола отырып,оқушының азамат ретінде өмірден өз өрнын табуға кепіл бола алады.

Бірден-бір негізі-оқушылардың өз бетінше әрекет етуі, олардың дербес жұмыстарды орындауы деп есептеді. Тек өздігінен жұмыс істегенде ғана оқушы өз мүмкіндіктерін біліп, қанағаттану көңіл күйін сезіне алады.[3] Шет тілі сабағында оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту, баға жетпес құндылықтардың бірі. Егер шет тілі пәні бойынша жүйелі жан-жақты терең білім берілсе, оқушылардың өздігінен білім алу, сол білімді нәтижелі түрде пайдалану деңгейлері дамып, құзыретті тұлға болып қалыптасады. Өз бетінше жұмыс-бір жақты ұғым емес, оған алуан әдістер мен тәсілдер қолданылуы мүмкін. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін әртүрлі деңгейде ұйымдастыруға болады. Өзіндік жұмыстарды мақсатына қарай: оқыту мақсатында, жаттығу мақсатындағы ,бекіту мақсатындағы , қайталау мақсатындағы , дамыту мақсатындағы, шығармашылық мақсатындағы өзіндік жұмыстар деп бірнеше түрге бөлуге болады. Кез-келген оқытудың жемістілігінің бірден-бір негізі-оқушылардыңөз бетінше әрекет етуі, олардың дербес жұмыстарды орындауы деп есептеледі. [4]

Оқыту мақсатындағы өз бетімен жұмыстар жаңа тақырыпты түсіндіру барысында тапсырмалар беру арқылы жүргізіледі. Оның мақсаты – жаңа материалға қызығушылын дамыту, тақырыпты түсіндіру барысында бірден не түсініксіз екені анықталады, яғни өтіліп жатқан тақырып бойынша жаңа сөздерді жаттау, оған мысал келтіру арқылы жүргізуге болады.

Жаттығу мақсатындағы өз бетімен жұмысқа арналған тапсырмалар біртекті болады, яғни түсіндіріліп берілген тақырыпты барынша ашып толық білімдерін көрсету, .Мұндай жұмыс кезінде, оқытушының көмегі қажет болады. Өз бетімен жұмыстың бұл түрінде тапсырмалар, әр түрлі деңгейдегі карточкалар немесе дидактикалық материалдар арқылы беріледі.Жаттығу мақсатындағы өз бетімен жұмыстарды орындауда оқушылар ең негізгі ұғымдарды меңгеріп, өз беттерімен және оқулықпен жұмыс жасау қажет.Жұмыс жасауға дағдыланды. Ойлау, еске сақтау арқылы өздігімен жұмыс істеу іскерлігі дамиды.

Бекіту мақсатындағы өз бетімен жұмыстар оқушылардың логикалық ойлау қабілетінің дамуына септігін тигізеді.

Өзіне үлкен сенім жүктелгенін түсінеді. екінші жағынан оқушыны адалдыққа тәрбиелеуге, адамгершілік қасиетінің артуына көмектеседі. Үшінші жағынан уақыт үнемделеді.

Шығармашылық мақсаттағы өз бетімен жұмыс өте жоғары деңгейде жүргізіледі, бұл оқушылардың үлкен қызығушылығын арттырады.

Қайталау мақсатындағы өз бетімен жұмыс жаңа сабақты түсіндіргенге дейін жүргізіледі, яғни оқушылардың дайындығын тексеру мақсатында, қиындық келтіретін сұрақтар болса мұғалім анықтауға көмектеседі.

Дамыту мақсатындағы өз бетімен жұмыс белгілі бір тақырыпқа байланысты баяндама дайындауға, үйге тапсырма беру арқылы жүргізіледі немесе олимпиадаға дайындау, ғылыми конференция т.с.с.

Қорыта келгенде, мақсатым сабақтағы түсініксіз барлық сұрақтарды оқушылардың өздерімен шешуге жұмыстану. Шет тілі пәнін оқыту процесінің негізгі мақсаты-арнайы педагогикалық әдістерді мақсатты жүйелі түрде пайдаланып, шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту болып табылады. Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығушылығынан туады.Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт бағдар беруші –мұғалім. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктейтінін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер.

1.12 жылдық білім №1 2007ж.
2. Г.Құдайбергенова Құзыреттілікті қалыптастыру жолдары /Монография. – 2010.
3. Бұлақбаева М.К. Құзыреттілікті арттыру мәселелері. Қазақстан мектебі №8 2009ж.
4.Байнеш Ш. Математика №4 2009ж
5.ИФМ №1 2001

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БІЛІМ КӨРСЕТКІШІНІҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ

Сейітжаппар М. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру білім көрсеткішінің маңызды бағыты екендігі жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздер: сауаттылық, математикалық сауаттылық, функционалдық сауаттылық, математикалық құзыреттілік

Аннотация. В этой статье рассматривается математическая грамотность учащихся как важный аспект образования.

Ключевые слова: грамотность, математическая грамотность, функциональная грамотность, математическая компетентность

Annotation. This article examines the mathematical literacy of students as an important aspect of education.

Keywords: literacy, mathematical literacy, functional literacy, mathematical competence

Еліміз әлемдік білім кеңістігіне кіргелі білім беру жүйесінде оның ішінде орта мектеп оқушыларының білім сапасының бағалануы мен өлшемдерінің талаптары да өзгерісте. Бұл өзіндік қиындықтарымен қатар, жаңашылдығы және әлемдік талаптармен үндесетіндігімен де білім беру саясатының бағытын айқындайды.

Білім сапасының да әлемдік деңгейде бағалануы еліміздің даму деңгейінің басты критерийлерінің бірі деп айтуға негіз бар. Өйткені, білім деңгейі мен білім сапасы арқылы мемлекеттің болашағы мен халқының мәдени болмысы, әл-ауқаты мен салауатты өмірі бағаланады. Қазіргі білім тек пән мазмұнымен шектелмей, сауаттылық аясында тексеріледі. Біздің зерттеуіміз үшін маңыздысы – математикалық сауаттылық.

Халықаралық зерттеулердің бірі – PISA аясында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық және ғылыми жаратылыстану сауаттылығы.

Зерттеу үш жылда бір рет өткізіледі. Әр зерттеуде үш саланың бірі ғана бойынша функционалдық сауаттылық бағаланады.

Математикалық сауаттылық – қоршаған ортадағы математиканың рөлін анықтау және түсіну қабілетінің деңгейі, жақсы негізделген математикалық ой-пікірді жеткізе білу және математиканы қажеттіліктен туындайтын мақсаттарда қолдана білу.

PISA-да «математикалық сауаттылық» ұғымының екі негізгі принципі анықталған. Біріншісі – іргелі математикалық идеялар нақты шындыққа байланысты өзара байланысты жалпы математикалық ұғымдардың тобы ретінде. Екінші – математикалық құзыреттілік-әртүрлі мәселелерді табысты шешуді қамтамасыз ететін және математика саласындағы білімді пайдалануды талап ететін адамның математикалық білімі мен біліктерінің, тәжірибесі мен қабілеттерінің үйлесімі [1].

Ал, TIMSS мектептегі білім сапасын халықаралық зерттеу – әлемнің 60 елдерінде жаратылыстану-математика бағыты бойынша мектептегі білімнің даму басымдылығын анықтау үшін жүргізіледі. Онда білім үш деңгейлік тұрғыдан қарастырылады: жоспарланған (мемлекет тарапынан әлеуметтік тапсырыс ретінде анықталады); жүзеге асырылған (мектептердегі нақты оқу процестерімен анықталады); қол жеткізілген (мектептердегі оқытудың нәтижелерімен анықталады).

Білім алушылардың білім жетістіктерін анықтау үшін жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша тестілер мен тестілік тапсырмалар, фондық ақпараттың нақты параметрлері анықталады деп аса маңыз береді [2].

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:белсенділік,шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алу, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Математикалық сауаттылық дегеніміз – математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып-үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру. Демек, бұл – математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту,есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану.

Математикалық сауаттылықты игерту барысында мұғалім: жүйелі тапсырма беруге ұмтылады; оқушыны жан-жақты танып біледі;қарым қатынас орнатады; оқушылардың өзара әрекеттесуіне жол ашады; оларға шығармашылық еркіндік беріледі [3].

Сабақ берудің жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әр тарауы, әр тақырыбы бойынша “білу – түсіну – қолдану – тұжырымдау” деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс жасауды күшейтуді қажет етеді.

Математикалық сауаттылық деген ұғымға оқушылардың келесі қабілеттіліктері жатады: қоршаған ортада пайда болатын және математика арқылы шешуге болатын мәселелерді тани білуі; мәселелерді математика тілінде құрастыру; мәселелерді математикалық айғақтар мен әдістерді қолдана отырып шешу; шешімдерде қолданылған әдістерді талдау; қойылған мәселелерді есепке ала отырып нәтижелерді түсіндіру; шешімдердің нәтижелерін құрастырып жазу [4].

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық. Математикалық сауаттылық – адамның математика саласындағы білімді түрлі өмірлік жағдайларды шешудегі жеке таңдауын негіздеу үшін қолдану қабілеті. Математикалық сауаттылық: іргелі математикалық идеялар мен математикалық құзыреттілік деген екі компоненттен тұрады.

Математикалық құзыреттілік түрлі мәселелердің тиімді шешілуін қамтамасыз ететін адамның математикалық білімінің, біліктілігінің, тәжірибесінің және қабілетінің қосындысы ретінде математика саласындағы білімнің өмірде қолданылуы дейміз.

Математикалық құзыреттілік – нәтижелерді түсіндіру, талдау және түрлендіру, математикалық модель құрастыру, қатынастарды анықтау, шынайы өмірде пайда болған мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме-дәл қолдану қабілеттілігі.

Ал, математикалық сауаттылықтың деңгейлері: қайта жаңғырту; байланыстар орнату; пайымдау. Математикалық сауаттылыққа қол жеткізу үшін:

- математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну;
- әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру;
- дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту;
- есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру;
- математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану, т.б. мүмкіндіктерін дәлелдеуі тиіс.

Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» білу (еске түсіру); қолдану (байланыстарды орнату); ойлау (пайымдау) сияқты танымдық салалар мен даму деңгейлерімен сипатталады:

Қорыта келгенде математика сабағы арқылы игерілетін математикалық сауаттылыққа мыналар жатады: 1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күретамыры ретінде қарастырылады. 2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі. 3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды. 4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі. 5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Демек, математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін: теорияны біліп, оны логикамен ұштастыру; есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу; математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыра ұйымдастырған жөн. Сондай-ақ, ақпараттық оқыту технологиясын пайдаланып математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану қажет. Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндіктерді меңгерумен қатар, функционалдық сауаттылығы да артады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «PISA-2015 халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері» Ұлттық есебі, 2017 жыл, С.Ырсалиев, А.Құлтуманова, Е.Сабырұлы, М.Аманғазы – Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017 – 240 бет.
2. Результаты международного исследования TIMSS - 2011 (Оценки учебных достижений учащихся 4-х и 8-х классов общеобразовательных школ Казахстана). Национальный отчет. –Астана: НЦОСО, 2013. - 237 с.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп және отбасының өзара іс-әрекетінің мазмұны мен түрлері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 38 б.
4. «PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ». Әдістемелік құрал –Астана: ҰББСБО, 2013.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨРІНІСІ

Таубаева Ш.Т. п..ғ.д., профессор

Сүлеймен Г. – «6М012400 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығының 2–курс магистранты

Аңдатпа. Бұл мақалада бірінші сыныптан бастап оқытылатын шетел тілін, қазіргі уақыттың халықаралық мәселесі ретінде қарастырады. Сондай-ақ, шетел тілін ерте үйренудің пайдасы мен оның мәдениет пен мінез-құлық элементтерін меңгеруде ықпалы зор екені жазылған.

Кілт сөздер: халық, шетел тілі, педагогика, халықаралық, мәдениетаралық, даму

Аннотация. В этой статье иностранный язык, преподаваемый с первого класса, рассматривается как международная проблема современности. В нем также говорится, что раннее изучение иностранных языков и его влияние на элементы культуры и поведения.

Ключевые слова: нация, педагогика, английские язык, оценивание,развития,

Abstact. In this article, we will know, how to improve english language in the process of learning and the academic literacy assessment of pupils in the first form. The role and importance of the English language and pedagogy in the preservation of the success of pupils.

Key words. Nation, foreign language, assessment, pedagogy, improve, pupils, English language

Қазіргі мектептер бірінші сыныптан шетел тілін оқытуды қарастырады. Бұл «шетел тілі» жеке

дамудың ұзақ мерзімді мақсаттарын іске асыруда маңызды рөл атқаратынының дәлелі. Сіз білетіндей, шетел тілін оқытудың тікелей тапсырмасы – әртүрлі халықтардың мәдени дәстүрлерін құрметтеу және мәдениетаралық ынтымақтастыққа дайын болу арқылы бірліктегі коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру. Шетел тілін үйренуді қанша ерте бастасақ, тілді игеру сонша тиімді әрі оңай болмақ.

Шетел тілін ерте үйренудің пайдасы бірнеше рет дәлелденген. Білім берудің бастапқы кезеңінде оқушының жеке тұлға дамуы, оның қабілеттерін идентификациялау және дамыту, білім беру дағдыларын қалыптастыру және мәдениет пен мінез-құлық элементтерін меңгеруде ықпалы зор болып табылады. Жаңа дүниелер ерте жастағы балаларды тез қызықтырады, үйренуге, білуге, барлауға деген ынтасын оятады. Мұғалімнің басты міндеті – «балалардың психологиялық, физиологиялық жас ерекшеліктеріне сүйене отырып, пәнге деген қызығушылығын тудыру» [1].

Ерте мектеп жасында оқушының ойлау қабілеті даму үстінде болады, сондықтан шетел тілін үйрену оларға қиын болып көрінбейді. Шетел тілін 5-ші сыныптан бастап оқыту мен ерте жастан өз ана тілімен қатар үйренуді салыстыратын болсақ, ерте жастан үйренген оқушылар үшін әлдеқайда оңай әрі тиімді болып табылады. Сондай-ақ, ерте жастағы балалар өздерінің ерекше есте сақтау қабілеттері, қиялдары, имитациялық қабілеттері және таланттары арқасында шет тілін үйренуге бейім келеді.

Оқу бөлімдерінің жылдық бақылау жұмыстарының нәтижесіне қарасақ, орта мектеп оқушыларының шетел тілінен білімдері, дағдылары мемлекет қойған талаптарға жауап бере алмайды. Оқушыларды сабақта бақылаудың, бастауыш сыныптарға шетел тілін оқытатын мұғалімдерден сауалнама жүргізудің, ата-аналармен сұхбаттасудың нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларына шетел тілін үйренуде көптеген қиыншылықтар туатыны анықталды. Бұл білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерінің толықтай ескерілмейтіндігінің дәлелі [2].

Педагогтардың сол негіздегі сәтсіздігі қолданған тәсілдерінен ғана емес, бала психикасының дамуын, біріншіден, тұқым қуалаумен байланыстырып, бірақ осының не екенін дәлелдей алмауынан, екіншіден, әлеуметке байланысты факторларды (тәрбие,оқыту) биологиялық факторлардан бөліп алып түсінуінен. Осы кемшіліктер қазірде еске алынып,биологиялық және әлеуметтік факторларды бір-біріне қарсы қоюға болмайтындығы дәлелденді. Бұл теорияға үлес қосқан ғалымдардың бірі психолог А.В.Брушлинский болатын. Ол өз еңбектерінде биологиялық факторлар мен әлеуметтік факторлары логикадағы дивьюнкиптік «не мынау», «не анау» процестері емес екенін дәлелдеп берді [3]. Осыған сүйене отырып, шынында, биологиялық не әлеуметтік факторлардың бірі шешеді деу қате. Бұлардың әрқайсысы өз орнында қажет. Егер біз биологиялық факторды баланың туылғанынан (тұқымынан) берілген дене бөлшектері десек, осылар ешқандай рөл атқармайды деуге болмайды.

Ж.Пиаже француз тілінде аударылған еңбегінде баланы оқытсаң да, оқытпасаң да психиасының дамуына, ақыл ойының өріс алуына ықпалын тигізбейді деді. Пікір сол кездегі психологдардың көбіне жаңалық болатын. Сондықтан Ж. Пиажені сынға алушылар бар елде көбейе бастады, соның бірі Л.С.Выготский Ж.Пиаженің пікіріне қарсы шығып, бала психикасы тек оқытудың негізінде қалыптасады деген пікір білдірді. Осыған орай баланың ықпалын дамыту үшін ең алдымен оқыту керек деді, оның айтуынша, оқыту баланың есеюін тездетеді, яғни оны алға қарай сүйрейді. Егер баланы ақылды етемін десеңіздер, деді Выготский, оқыту тәсілдерін оның коды кеткен даму дәрежесіне дәл, алшаңдамай,шамалы алға қарай оздырып жүргізу керек[4]. Сонда ғана оқыту баланың ой өрісін алға қарай сүйрейтін болады. Бұл пікірді сол кездегі совет психологтарының біразы қолдады.

Ғалымдар мен тәжірибешілердің тілдің жалпы қызметі мен психологиялық ерекшеліктерін зерттеу жолындағы үздіксіз ізденістері арқасында шет тілін оқытудың ғылыми-психикалық ілімінің негізі қаланды. Бұл үрдістің негізін К.Д.Ушинский қалады. Ол өзінің әйгілі еңбектерінде 19 ғасырдың соңындағы Ресей мектептеріндегі ана тілі және шетел тілдерін оқытудың психологиялық және дидактикалық негіздеріне өзінің көзқарасын білдірді. Ушинскийдің ойынша шетел тілін оқыту балалардың ақыл-ойының дамуына және туған тілінің шыңдалуына жағымды әсер етеді. Дегенмен, баланың өз тілін жетік білуі шарт екенін атап өтті. Бұл тұжырымды Ушинский отандық мектептердегі шетел тілі сабақтарында жосықсыз теориялық және догматикалық әдістердің басым қолданылуын есепке ала отырып жасады[5].

Отандық шетел тілінің оқыту психологиясының теориялық дамуына Л.С.Выготский де үлкен үлес қосты. Ол кең көлемді мәселе, балалардың тілі мен сөйлеуін дамыту мәселесін қарастырған кезде негізінен балалардың екіші тіл (шетел тілін) меңгерулеріне көп көңіл бөлді. Выготскийдің ойынша екінші тілді меңгерудің нәтижелі болуы жақсы жағдайлардың жасалуына және екінші тілдің қағидалардың дұрыс жүзеге асуына байланысты. Ол екі тілді бір уақытта меңгерудің негізгі принцип – тілдердің араластырылмауы принципі деп атап өткен. Сонымен қоса балалардың ана тілін ауызша

және жазбаша түрде меңгеру мәселесін қарастырғанда, Выготский, шетел тілін менгеру мәселесін де бірге қозғады. Ол оқушының бойындағы шетел тілінің дамуын ана тілінің дамуымен салыстырып айтарлықтай ерекшелік бар екенін және ол ерекшелік ана тілінің «төменнен жоғары», ал шетел тілі «жоғарыдан төмен» қарай дамуынан байқалатынын көрсеткен. Зерттеу мәліметтерін жалпылау барысында Выготский мектептердегі шетел тілін меңгеру, ана тілінің меңгеруден ерекшеленеді деген тұжырымға келді. Алайда бұл тілдердің даму үрдісі бір-бірімен тығыз байланысты деді.

Шет тілін оқыту үрдісіндегі психологиялық білімге берілген сипаттамалар кеңестік педагогикалық психологияның дамуына кері әсері болмады. Керісінше оның қазіргі жағдайға жетуіне дейін жағымды әсер етті. Бұл саланың педагогикалық психология шеңберінде пайда болуы, педагогикалық психологияның арнайы тілдік салаларға жіктелу нәтижесі еді.

Кіші оқушылардың оқуға едәуір мүмкіншілігі бар. Себебі олардың интеллектісі қарапайым ой операциясы дәрежесінде кездеседі дейтін. Ж.Пиаженің пікірі дұрыс болғанымен, қазірде бұрын аңғарып көрмеген қабілеті бар екені анықталып отыр. Осыған сүйеніп совет психологтары В.В.Давыдов т.б. қазіргі күнде беріліп жүрген оқу тапсырмалары оқушылар үшін жеткіліксіз дейді. Олар мүмкіншілігін толық тауыса алмайды. Сондықтан бұлардың оқуға мүмкіншілігін толық пайдалану үшін тапсырманы онан әрі қиындату қажет дейді.

Егер осы жастағылардың негізгі әрекеті бұрын ойын болып келсе, оқуға кіргеннен кейін оқу қызметі шешуші рөл атқарады. Сөйтіп, оқу негізгі қызметке айналып, баланың психикалық дамуын бейлейтін болады. Осыған орай баланың психикалық дамуы ірі өзгерістерге ұшырайды. Өзгерістерге ұшырауының себебі ойынға қарағанда оқу талабының бала үшін қиындығында. Сонымен қатар оқуға жаңа түскен бала кластағы құрбыларымен қатынас жасап, осының нәтижесінде өзінің психикалық байлығын дамытып, жаман жақсыны ажырата бастайды. Дегенмен, әуелгі уақытта мектептегі жаңа жағдайға бала бейімделе алмағандықтан, оқу ішінде мына сияқты қиыншылықтар кездеседі: біріншіден, бала мектептің жағдайына бейімделе алмай, мысалы, белгілі уақытта тұрып, мезгілінде жатуға, сабақтан қалмауға, сабақ кезінде үндемей тыныш отыруға үйрене алмағандықтан қиналады. Осының нәтижесінде тез болдырып шаршауы да ықтимал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Рогова, Верещагина. Методика обучения английского языка на начальном этапе средней школы. ИЯШ № 1, 1990.

2. Сергеева Н. Н., Угрюмова С. В. Классификация мотивов к изучению иностранного языка// Педагогическое образование в России. 2012. №3. Стр.114-119.

15. А.В.Брушлинский «О природных предпосылках психического развития человека» (М., 1977);

3.Выготский Л. С. Психология искусства. Общ. ред. В. В. Иванова, коммент. Л. С. Выготского и В. В. Иванова, вступит. ст. А. Н. Леонтьева. 3-е изд. М.: Искусство, 1986. 573 с.

4.Фарбер Д. А., Корниенко И. А., Сонькин В. Д.. Физиология школьника. М., 1990.

5.Матюхина М. В., Михальчик Т. С., Патрина К. П. Психология младшего школьника: учебнометодическое пособие для студентов-заочников факультетов подготовки учителей начальных классов. Издание 2-е. М. : Просвещение, 1976.

ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Өмірбек С.Ж. – психол.ғ.к.

Аманулла А.Қ. - «Дефектология» мамандығының 1 курс магистранты,

Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық Университеті, Алматы қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада тіл бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мазмұны сонымен қатар тәрбие жұмыстарының негізі бағыттары қарастырылған. Жазбаша сөйлеу тіліне қысқаша сипаттама беріліп, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған тәрбие жұмыстары сараланып, олардың тиімділігі анықталды.

Түйін сөздер: тәрбиенің жетекші бағыттары, тәрбие ортасы, жазбаша сөйлеу тілі, бастауыш сынып, дисграфия, функционалдық базис.

Аннотация. В статье рассмотрены содержание воспитательной работы с детьми с нарушениями речи, а также основные направления воспитательной работы. Была дана краткая характеристика письменной речи, проанализирована воспитательная работа для детей младшего школьного возраста с нарушениями письменной речи, выявлена их эффективность.

Ключевые слова: ведущие направления воспитания, воспитательная среда, язык письменной речи, начальный класс, дисграфия, функциональный базис.

Abstract. The article considers the content of educational work with children with speech disorders, as well as the main directions of educational work. A brief description of written speech was given, educational work for children of primary school age with violations of written speech was analyzed, their effectiveness was revealed.

Keywords: Leading directions of education, educational environment, language of written speech, initial class, discography, functional basis

Қазақстан Республикасы бүкіл әлемдік білім кеңістігіне енуді мақсат етуіне орай, білім беру саласының түбегейлі өзгеріске түсуі оқушылардың тәрбиелік, мәдени деңгейін әлемдік жетістіктер деңгейіне көтеруді қажетсінеді. Осыған орай қазіргі заман оқушыларын тәрбиелеу мақсаты ізгілікті, білікті, мәдениетті, өзіндік өмірлік ұстанымы бар, қарым-қатынас мәдениеті жетілген, өз өмірін құруға, кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдауға бейім жас ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.

Ендігі кезекте біз тек қана қалыпты балаларды тәрбиелеу мәселесі мен қатар ерекше білімді қажет ететін балардың тәрбие мәселесін қарастыра өтеміз. Арнайы мектеп өзінің тәрбиеленушілерін қоғамдағы өзіндік өміріне дайындау, оны адамгершілікке тәрбиелеу маңызды орын алады.

Тіл кемістігі бара балар мектебіндегі тәрбие жұмысының мазмұны оқушылардың жан-жақты тұлғалық қасиеттерін, жеке қабілеттерін дамытуға арналған жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар ауызша сөйлеу мен жабаша сөйлеу дағыдарына үйрету, тіл кемістігін жолға қоюмен қатар, тәрбие жұмысының клесідей бағыттарын қамтиды: адамгершілік, руханилық, еңбек, эстетикалық және дене тәрбиесі.

Дефектология ғылымының сонымен қатар арнайы мектептің ең күрделі мәселерінің бірі ерекше оқытуды қажет ететін балаларды тәрбиелеу.

Арнаулы түзету мектептеріндегі тәрбиенің жетекші бағыттары: өз өзімен, қоршаған адамдармен, табиғатпен келісімдегі өмір; отбасына деген махаббат; адамның тірішілік әрекетінің көзі ретінде білімге, еңбекке талпыну.

Аранулы білім беру мекемеліріндегі тәрбие ортасы: қоршаған әлеммен әлеуметтік әрекеттестіктің шектілігі; тұлғалық дамуға қажетті жағдай жсау; ортаның жағымсыз әсерлерін жою; оқушылардың қабілеттері, қызығушылықтары, мүмкіндктеріне сай белсенді және өзбетті әс әрекеттер; қоғамдық мінез құлық заңдылықтарын бекіту; тәрбиелік әрекеттер интеграциясы.

Қазіргі уақытта статистикалық көрсеткіштерге жүгінсек, жылдан жылға жазбаша сөйлеу тіл кемістігі бар балалар саны және логопедиялық көмекті қажет ететін балалардың пайызы өсуде. Кез-келген жаста жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы танымдық іс-әрекеттің және адамның әлеуметтік бейімделу мүмкіншілігін шектейді.

Жазбаша сөйлеу тілі – өте күрделі, жоғары деңгейде ұйымдасатын психикалық іс-әрекеті, ол ойды жазу арқылы белсенді жеткізе білуге, сондай – ақ жазылғанды түсінуге мүмкіндік береді. Жазбаша тіл арқылы қарым-қатынасқа түсу қажеттілігі әр түрлі өмірлік жағдайда жиі күнделікті өмірде кездеседі.

Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы бастауыш сынып оқушыларында басқа бұзылыстармен салыстарғанда кең таралған. Оқу бастала салысымен мұғалімдер кейбір оқушыларда жазуды меңгерудегі қиындықтары байқала бастайтынын айтады. Олар өз кезегінде тұрақты қателерге айналып, дисграфия деп аталуы мүмкін.

Қ.Қ.Өмірбекова мен А.С.Тухышева жалпы білім беретін мектеп оқушыларының, атап айтқанда 2-4 сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің жағдайына салыстырмалы зерттеу жүргізе келе, мынандай қорытынды жасаған болатын: сынып жоғарылаған сайын, қателердің жалпы санының азаю тенденциясы байқалды; бастауыш сынып оқушыларында көп кездесетін қате түрлері: екінші сыныпта шатастыру, тастап кету, орнын алмастыру, артық әріпті, буынды қосып жазу, үшінші сыныпта шатастыру, тастап кету, орнын алмастыру, бөлек жазу, ал төртінші сыныпта шатастыру және тастап кету, бірге жазу, бөлек жазу қателері жиі кездескен; бастауыш сынып оқушыларынан алынған үш жазбаша жұмыс (диктант, мазмұндама, көшіріп жазу) түрлерінің ішінде мазмұндама жұмысында қателердің басым түрде көп кездескенін байқаған [3].

З.А.Мовкебаева мен Г.Н.Ибдиминова өздерінің жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жалпы білім беретін мектептің бастауыш, соның ішінде 2-4 сынып оқушыларының жазбаша жұмыстарында ерекше қателердің кең ауқымда таралғандығын анықтады. Ал, бұл жағдай өз кезегінде жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жазуындағы кездесетін ерекше қате түрлерін жою мақсатында логопедиялық жұмыстың қажет екенін нақтылай түседі.

Қ.Қ.Өмірбекова арнайы әдебиеттердегі деректерді және мақсатты жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелерін басшылыққа ала отырып жалпы білім беретін мектеп жағдайында бастауыш сынып

оқушыларының жазбаша тілінің бұзылуын түзету, яғни «логопедиялық сүйемелдеу» жұмысын тиімді жүргізудің келесідей педагогикалық шарттарын анықтаған:

1) жазбаша тілдің бұзылуына бейім балаларды ерте анықтау;

2) қамтып оқыту барысында жеке-дара ықпал ету;

3) бастауыш сынып оқушыларының жазуға, оқуға қажет алғышартын дамыту;

4) жалпы білім беретін мектеп жағдайында түзету педагогикалық үрдісін кешенді сүйемелдеу;

5) оқу үрдісінде бастауыш сынып оқушыларының ынтасын, қызығушылығын, сенімділігін қалыптастыруға бағытталған әр түрлі әдістерді қолдану;

6) түзете – оқыту үрдісін ғылыми тұрғыда негізделген әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

7) түзету педагогикалық жұмыстың сапасын диагностикалау және мониторинг жүргізу .

Жазбаша сөйлеу тілінің алғышарттарын қалыптастыру орташа есеппен 6-7 жаста аяқталады. Алайда бұл жоғарыда айтылған баладағы психикалық функциялар мен үрдістер жетілген дегенді білдірмейді, бірақ олар оқуды бастау үшін жеткілікті екендігін көрсетеді. Жазудың психологиялық жүйесі жазу тәсілінен бірте-бірте жазбаша сөйлеу тілін қалыптастыру, ойын жазбаша жеткізу жағына өзгеретін болады.

Қазіргі таңда дисграфияны түзету логопедияның ең өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Өз зерттеулерін логопедияның осы саласына арнаған ғалымдар - Р.И.Лалаева, В.А.Ковшиков, И.Н. Садовникова, И.Н.Ефименкова, Л.Г.Милостивейко, А.Н.Корнев және т.б. түзету жұмыстарын дисграфияның түріне сәйкес жүргізу керек деп есептейді [2-5].

Орфографиялық ережелерді қолдануға байланысты емес қателердің болуы дисграфияның негізгі белгісі болып табылатыны белгілі. Бұл қателер тұрақты сипатқа ие, олардың пайда болуы баланың зерде дамуының бұзылыстарына және білім беру мекемесіне келу-келмеуіне байланысты емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Майгаранова Ш., Иманбаева С.Т Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқулық.-Алматы.2014

2. Н.М.Назарова. Специальная педагогика М.: Издательский центр «Академия» - 400 с. 2005

3. Өмірбекова Қ.Қ., Тухышева А.С. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің жағдайы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Арнайы педагогика» сериясы «Ұлағат» баспасы.-№1.-44.- 2016ж.- 38бет.

4. Корнев А.Н. Нарушение чтения и письма у детей. – СП б., 1997.

5. Кучина А. И. Особенности состояния функционального базиса письменной речи у детей старшего дошкольного возраста с ОНР III уровня [Текст] // Аспекты и тенденции педагогической науки: материалы III Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, декабрь 2017 г.). — СПб.: Свое издательство, 2017. — С. 93-97. — URL https://moluch.ru/conf/ped/archive/273/13352/ (дата обращения: 23.06.2019).

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Ыбраш Г. – 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛТҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі, кез келген оқушыда сапалы және терең білім мен іскерліктің болуы, сондай-ақ оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру жолдары көрсетіледі.

Кілт сөздер: педагогикалық сауаттылық, математикалық әдістер, бағалау.

Аннотация. В данной статье раскрывается современный уровень развития науки и техники, наличие у учеников качественных и глубоких знаний, а также пути повышения математической грамотности учащихся.

Ключевые слова: педагогическая грамотность, математические методы, оценивание.

Annotation. This article reveals the current level of development of science and technology, the presence of high-quality and in-depth knowledge among students, as well as ways to improve students' mathematical literacy.

Keywords: pedagogical literacy, mathematical methods, estimation.

Ғылыми әдістемелік жұмыстарда оқушылардың білімі мен білігінің сапасын оқу әртүрлі мақсатты бағыттылықпен жүргізілуі мүмкіндігі атап көрсетіледі.

Бұл жұмыстарда математикалық білім, білік, дағдыларды тексеруді төмендегідей мақсаттар бөліп көрсетеді:

1. Математиканы оқытудың әртүрлі кезеңдеріндегі оқушылардың математикалық дайындық

деңгейін анықтау: осы сабақта оқыған материалдарын меңгеру дәрежесін анықтау; алдыңғы сабақта оқылған сабақты меңгеру дәрежесі, үй тапсырмасын орындау сапасын анықтау, математикадан жаңа тапсырмалар оқу үшін қажетті бағдарламалық материалдарды меңгеру дәрежесін анықтау;

2. Оқушылардың тақырыптың, бағдарламалардың осы сыныптың бағдарламалары бойынша немесе өткен жылдардың материалдары бойынша түйінді сұрақтарын меңгеру беріктігін анықтау.

Зерттеу топтарындағы тексерудің басты мақсаты математиканы оқыту жағдайын анықтау. Біз математиканы оқыту үрдісіндегі бақылау мақсаттарын осылайша бөлу орынсыз деп санаймыз, өйткені математикалық дайындықтың сапасы мен деңгейі көп жағдайларда пәнді оқыту жағдайларымен анықталып жатады. Бүгінгі мектептерде бақылау тексеру функциясымен, білім мен білік деңгейін анықтаумен шектеліп қоюы мүмкін емес.

Мектептегі жұмыс тәжірибесі математиканы оқыту практикасында математикалық білімдерді бақылау функцияларының барлығы толықтай жүзеге аспайтынын көрсетеді.

Көптеген математика пәнінің мұғалімдері бақылауды оқушылардың математиканы оқу үрдісіне қол жеткізген деңгейін тексеріп тіркеу үшін ғана пайдаланылады, математикалық білімді, білікті бақылау меңгеру процесіне емес, тек оның нәтижесі ғана жүргізіледі, тек шамалы мұғалімдердің ғана бақылауы басқару, тәрбиелеу және дамыту сипатын ұсынады.

Математикалық білімдерді бақылау мазмұны оқытудың әр түрлі оқу кезеңдеріндегі оқу материалын меңгерудің нақты нәтижелерін мақсатты салыстыру, яғни оқушы біліміндегі бастыны және қосалқыны ажырату арқылы анықталады. Өз кезегіндегі оқу материалдарын меңгерудің нәтижелері оқушылардың математикалық дайындығына қойылатын талаптармен анықталады.

Математикалық білімдер мен біліктердің сапалық сипаттамаларын талдай отырып,сапалық сипаттамалар,көпшілігінде өз бейнесін математикалық білімдерді меңгеру деңгейлерінен табады деп қорытынды жасауға болмады.

Өз зерттеуімізде дидактикада қабылданған математикалық білімдерді меңгерудің 3 деңгейін бөліп қарастырады: 1. Білімді және қызмет тәсілдерін яғни білікті меңгеру саналы қабылдаудан, түсінуден, есте сақтаудан және ақпаратты қайта жаңғыртудан тұрады. 2. Білім мен білікті үлгі бойынша қолдану. 3. Білім мен қызмет тәсілдерін жаңа,тосын жағдайаттарда қолданылады.

Білімді және білікті меңгерудің дидактикада бөлінген деңгейлерін жүзеге асыруды, математикалық білімдерді бақылаудың негізгі құралы болып табылатын нақты геометриялық есептерде қарастырылады.

Математика бағдарламасына, оқу және әдістемелік құралдарға жүргізілген талдау, математикалық білімдерді бақылаудың мазмұнын анықтауда математиканы оқытудың нақты мақсаттары мен әр түрлі кезеңдеріндегі оқушылардың математикалық дайындылығына қойылатын талаптарымен бірге оның білімнің сапасын бақылауға мүмкіндігі,шешуі олар ойлауының белгісі сапасының болуын талап ететін әр түрлі деңгейдегі есептерді бақылау жүйесіне енгізуді ескеру керек деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеулеріміздің мақсатына байланысты оқушылардың дамуына оқу пәні ретінде математика зор ықпал ететін. Ю.М.Колягинның, Ю.К Бабанскийдің еңбектерінде толырақ берілген. Бұл қасиеттерді бөліп көрсетейік: ойлаудың тереңдігі-әрбір математикалық фактінің маңызына, есептің маңызына терең үңілу, бастысын қосалқыдан біліктіліктен айыра білу қабілеттерімен сипатталады; ойлаудың икемділігі-әрекеттің әр тәсілінен екіншісіне көшудің жеңілдігімен, әрекет тәсілдерін мақсатты араластыру қабілетімен, әрекеттің үйреншікті тәсілінің шекарасынан біліктілікпен шығуымен сипатталады; ойлаудың белсенділігі-мәселені, есепті шешуге бағытталған жігердің тұрақтылығымен, есепті, мәселені шешу ынтасымен анықталады; ойлаудың сыншылдығы – белгіленген шешу жолдарының дұрыстығын бағалау қабілетімен, әрекет тәсілдерінің тиімділігімен, нәтиженің дұрыстығымен, әрекетті ұдайы нақтылау қабілеттерімен сипатталады; ойлаудың ұтымдылығы-әрекет тәсілдерін әртүрлі параметрлері бойынша салыстыру қабілетімен, есептерді, мәселелерді шешудің уақыт және құралдар шығыны жағынан тиімдісін іздеп табумен сипатталады.; ойлаудың өзгешелігі-қойылған мәселенің шешу тәсілінің өзгешелігімен сипатталады.

Мектептегі жұмыс тәжірибесі, математика мұғалімдері білімді және білікті бақылауды ұйымдастыруға тағы да көптеген талаптар қояды. Бұл ұсыныс математиканы оқытуды практикада бар мүмкінділігінше дамыту туралы математика бағдарламасының талаптарымен, демек, оқушылардың математиканы оқуға қызығушылығын арттыратын, олардың өз бетінше жұмыс істеудің білігін тәрбиелеуге ықпалын тигізетін әдістер мен білімдерді бақылау арқылы анықталады: математикадан бақылау жұмысын өткізудің белгіленген режимін қатаң сақтау,оқушылардың жұмысты орындаудағы толық дербестігін сақтау және т.б.; бақылау жұмысын орындаудың нәтижесін талдауды міндетті түрде ұйымдастыру.

Есептер жиындыгын қанағаттандыратын талаптар-оқушылардың математикалық білімдерін жаппай тексеруді ұйымдастыруда пайдаланылатын, математикадан бақылау жұмысының маңызы зор.

Ю.М.Колягиннің зерттеулерінде берілген математикалық есептердің оқыту,тәрбиелеу және дамыту функциялары түсінігін ұсынамыз.

Математикалық есептердің оқыту санкциялары деп - оны меңгерудің әртүрлі кезеңдеріндегі оқушылардың математикалық білімдері,біліктілігі және дағды жүйесін қалыптастыруға бағытталған функцияларын түсінеміз.

Математикалық есептердің дамытушы функциялары деп-оқушылардың ойлауын дамытуға,ғылыми ойлауға тән қасиеттерді қалыптастыруға,ой қызметінің тиімді тәсілдерін меңгеруге бағытталған функцияларын түсінеміз.

Зерттеудің тақырыбына байланысты оқушылардың оқу және оқыту деңгейін орнатуға бағытталған, бақылаушы функциялары ерекШЕ қызығушылық туғызады.

Математикалық есептерді бақылау функциялары деп-оқушыларда математикалық білім,білік және дағды жүйесінің және оқушылар дамуының қалыптасқандығын тексеруге бағытталған есептер функциясын түсінеміз. Аталған функциялар бақылау үрдісінде пайдалынатын алгебралық және геометриялық есептермен жүзеге асырылады.

Қорыта келгенде нақты есептерді шығаруды талдау, іс жүзіндегі өз бетінше және бақылау жұмыстарының жүйесін эксприментік тексеру нәтижелері, бақылау есептерінің кешеніне төмендегідей талаптар қойылуы керектігі көрсетіледі:

1. Ұсынылатын есептер кешенінің шешу базасында,соның негізінде белгілі бір біліктілік қалыптасатын,оқылатын ұғымдардың маңызыды белгілерінің жүйесі өз бейнесін табуы керек.

2. Бөлініп алынған бақылау функциялары бақылау есептерін шығару арқылы жүзеге асырылуы керек.

3. Бақылау есептерінің түрлерін анықтағанда және типтік мектеп есептерін өңдеудің әдістемелік тәсілдерін бөліп көрсетуде есептің бақылаушы болып көрсетілген функцияларын ескеру қажет.

Екіншіден, математиканы оқытудың мақсаттарына жету жетекші формаларының бірі есеп шығару болып табылатын математикалық қызметтің нәтижесінде жүргізіледі, математикалық есептердің функциялары оқушылар қызметінің қандай түрі тексерілетіне, оқытудың белгілі бір кезеңінде оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың қандай нақты мақсаттарына қол жеткізу бақыланатынына байланысты деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту–Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 27 қаңтар 2012 жыл
2. Мектеп оқушыларының функционалық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
3. Ж.А.Қараев «Деңгейлеп оқыту технологиясы»
4. Бейсенов Ж, Рахымбек Д, Шарипов Т.А Орта мектепте математиканы оқыту әдістемесіне арналған //Оқу құралы. – Шымкент 2003,
5. “Математикалық сауаттылықты дамыту” журналы №3,2005ж
6. Урмашев Б.А Критериалды бағалау технологиясы .

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЛШЕМДЕРДІҢ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІ БОЙЫНША ТИІМДІЛІГІ

Юсупова И.Б. -п.ғ.к, аға оқытушы

Байсейтова А.Н. -6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қаласы

Аңдатпа. Берілген мақалада оқу үдерісін жетілдірудегі педагогикалық өлшемдердің қазақ тілі пәні бойынша тиімділігі туралы айтылған. Біліктілікті арттыру жүйесінде заманауи мұғалім өлшемі қазіргі білім берудегі жаңа және нақты жағдайға икемделу дегенді білдіреді.

Кілт сөздер: педагогикалық өлшемдер, білім беру жүйесі, бағалау, оқу үдерісі

Аннотатция. В данной статье будут рассмотривается эффективность педагогических измерении по казахскому языку в улучшении педагогического процесса. В системе профессионального развития критерием современного учителя является адаптация к новой и реалистичной ситуации в современном образовании.

Ключевые слова: педагогические измерения, система образования, оценивание, педагогический процесс.

Annotation. Effectiveness of pedagogical measurement in Kazakh language for improving pedagogical processes is considered in this article. The criterion of a modern teacher in the system of professional development is adaptation to a new and realistic situation of modern education.
Key words: pedagogical measurements, education system, assessment, pedagogical process.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты - білім беру жүйесін жаңа экономикаға бейімдеу. Әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосылу үшін, әрине, білім беру жүйесі заманға сай өзгерісте болуды қажет етіп отыр. Білім берудің негізгі мақсаты - өзгерістерге үнемі дайын болу және жаңа білімді меңгере алатын қабілетін дамыту болып табылады. Орта білім беру саласында жаңартылған білім беру мазмұнына кезеңмен көшу басталуда.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә Назарбаев өзінің кезекті Жолдауында «Біздегі оқушылардың жүктемесі ТМД елдерінің ішінде ең жоғары болып отырғанын және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдеріне қарағанда орта есеппен үштен бір еседен көп екенін ескеріп, оны төмендету керек. Барлық өңірлердегі Оқушылар сарайларының базасында компьютерлерді, лабораторияларды және 3Д-принтерлерді қоса алғанда, барлық қажетті инфрақұрылымдары бар балалар технопарктері мен бизнес-инкубаторларының желісін құру керек. Бұл жас ұрпақты ғылыми-зерттеу саласына және өндірістік-технологиялық ортаға ұтымды түрде кірістіруге көмектеседі. Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде. Орыс тілді мектептер үшін қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемесі әзірленіп, енгізілуде» (10.01.2018). Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет» [1].

Қазіргі білім беру тек білім, білік дағдалармен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес, өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке-ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын жан-жақты дамыған, білімді өз ісіне және өзгенің ісін әділ бағалай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру білім саласындағы өзекті мәселе болып отыр. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда.

Біліктілікті арттыру жүйесінде заманауи мұғалім өлшемі қазіргі білім берудегі жаңа және нақты жағдайға икемделу дегенді білдіреді.

Қазақ тілі- қазақ халқының ана тілі, Қазақстандағы мемлекеттік тіл және өзара қарым-қатынас құралы болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты-өз ана тілін қадірлейтін, тілдің қоғамдағы мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру және әдеби тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлеуге және сауатты жазуға үйрету. Сонымен қатар пән ретінде оқытуда оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтетін, шығармашылық ойлауға бейімделген, айналадағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, сын тұрғысынан ойлау дағдылары дамыған жеке тұлға қалыптастыру [2].

12 жылдық білім беруге көшу білім беру жүйесін модернизациялауға әкеледі, яғни әр ұстаз педагогикалық құндылықтар жүйесін өзгертуі керек. Ал педагогикалық өлшемдер оқу үдерісін дамытуда, әсіресе 7-9 сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін оқытуда өзіндік үлкен рөл атқарады. «Педагогикалық өлшемдер» бойынша тест жұмыстарын ұйымдастыру, әдістемелік көмек көрсету,білімді жетілдіру, өлшем материалдарын құрастыру оқу үдерісін дамыту факторы ретінде үлес қосады. Нәтижеге бағдарланған білім беруде оқушылардың тұлғасын, құзіреттілігін қалыптастыру негізігі мақсат болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін, тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде қарастырылуы қазіргі кездегі педагогикадағы өзекті мәселенің біріне айналып,оқушылардың құзіреттілігін қалыптастырудың жолдарын зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі білім беру жүйесінде өлшем материалдарын қарастыру мүмкінідігі толық жетпейтінідігі тәжірибеден көрініп отыр. Оқушылардың іс-әрекетінің ұйымдастырылуына,оқыту-тәрбиелеу ұстанымдары мен әдістеріне, формаларына тәуелді екендігі дәлелденіп отыр [3].

Қазақ тілі-Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мектеп қабырғасында қазақ тілін оқытудың өз әдістемесі, өзінің күтілетін нәтижесі бар екені сөзсіз. Қазіргі уақытта білім саласында үлкен өзгеріс болып жатыр, әрине, бұл заман талабы, әлем өзгерді ғылым мен техника күнде дамып, адам баласын таңғалдыруда. Сондықтан да қазіргі мектеп оқушыларының білімін дұрыс бағалап, педагогикалқ өлшем жасаудың талабы да жоғары, қатынас жасай алатын, сын тұрғысынан ойлау дағдылары дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

7-9 сыныптарда жаңартылған білім беру бойынша білімнің мазмұны өзгерген. Сонымен қатар,

бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялдық бағалау жүйесіне өтіп отыр. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Баланың жан-жақты ізденуін ынталандырады. Критериялдық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, әсіресе, қазақ тілі пәндерінде баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қазақ тілі пәнін жүргізуде бағалауды дұрыс жүргізіп, пән бойынша тест жұмыстарын сапалы қолданып отырса, оқу үдерісін жетілдірудегі педагогикалық өлшемнің тиімділігіне мен мұғалім ретінде көзім жетіп отыр.

Әрбір білім беруші бағалау әдістемесін білуге тиісті, сонымен қатар, дәріс беруде, емтихан барысында ғана емес, бағалауды не үшін және кім үшін өткізіліп жатқанын білгені дұрыс. Жалпы, білімді бағалау-сол білімді игеру мүмкіндіктерін зерттейді, кемшіліктерін анықтап, оларды түзету жолдарын қарастырады, жетістіктерін одан әрі дамытып, оны жетілдіру жолдарын іздестіреді. Осы бағытта оқу үдерісін жетілдірудегі 7-9 сыныптардағы қазақ тілі пәні материалдары негізінде педагогикалық өлшемдердің маңыздылығына, өзектілігіне баса назар аудару керек.

Қорыта келе айтарым, педагогикалық өлшемдер - педагогика, психология, өлшемдер теориясы, статистика, математика, логика және философия ғылымдарының түйісінде қалыптасқан қолданбалы ғылыми теория екені дәлелденген. Педагогикалық өлшемдер білім беруді жаңартуда негізгі рөл атқарады. Өлшемдердің педагогикалық теориясы арқылы білім сапасын арттыруға болады және тест педагогикалық зерттеулерде білім сапасын арттырудың басты өлшемі. мектептегі білім беру үдерісінде педагогикалық өлшемдерін пайдалану қазақ тілі пәні материалдары негізінде тиімді ұйымдастырылса, онда оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жолдары арта түседі, өйткені оқушылардың жеке дамуына (субъективті қарым-қатынасының артуына, оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауына, шығармашылық қабілеттерінің дамуына), білім мазмұнының сапасын көтеруге ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы.-Астана 15 қаңтар. 2018ж.
2. Қазақ тілі мектептеріндегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші деңгей 57-бет

Секция-2.
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЭТНОДИДАКТИКА

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Абдиев К.С. – п.ғ.д.
Амангельды А.С. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа. Мақалада жалпы білім беретін мектеп оқушыларының ағылшын тілін меңгеру деңгейін бағалауға арналған тапсырмаларды құрастыру әдістері мен оны сырттай және іштей бағалаудың жүзеге асырылу жолдарын қамтиды.
Кілт сөздер. Бақылау, объект, мәселе, шет тілі, жоспарлау, түзету, басқару, бағалау, ынталандыру, лексика, грамматика, фонетика, барабарлық, тілдік тест, заң, ОЖСБ, CEFR, технология, көрсеткіш, тәрбие.

Аннотация. Статья включает в себя методы составления заданий для оценки уровня владения английским языком учащимися общеобразовательных школ и пути их осуществления внешней и внутренней оценки.
Ключевые слова. Контроль, объект, проблема, иностранный язык, планирование, коррекция, управление, оценка, мотивация, лексика, грамматика, фонетика, адекватный, языковой тест, закон, ВОУД, CEFR, технология, показатель, воспитание.

Annotation. The article includes methods of drafting assignments for assessing the level of English proficiency by students of secondary schools and the ways of their external and internal assessment.
Key words. Control, object, problem, foreign language, planning, correction, management, evaluation, motivation, vocabulary, grammar, phonetics, adequate, language test, law, external evaluation of educational achievements, CEFR, technology, indicator, education.

Шет тілін оқытуда бақылауды жетілдіру мәселелері көптеген монографиялардың авторларын толқытып, көптеген диссертацияларды қорғау тақырыбына айналды. Дегенмен, білімді, іскерлікті және дағдыларды тексеру мен есепке алу, оларды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі мәселелері өзінің өзектілігін жоғалтпай келеді. Бақылау әлі де үлгерімді арттырудың күшті тетігі және пән бойынша білім мен дағдының шынайы жағдайын анықтауға толыққанды көмектесіп жүрген жоқ.

И.Л.Бим және А.А.Миролюбовтың жетекшілік етуімен әзірленген шет тілі бойынша уақытша мемлекеттік білім беру стандарты жобасының пайда болуы бақылауды жүзеге асыруға байланысты бірқатар проблемаларды шешеді. Бұл, ең алдымен, бақылау объектілерін бөлу және оны іске асырудың ең сенімді және тиімді нысандарын таңдау [1].

М.Е.Брейгина өзінің бақылауына анықтама бере отырып, оның функцияларын бөліп көрсетті: диагностикалық, басқарушылық, түзету, бағалау, ынталандыру, жоспарлау, оқыту[2]. Педагогикалық үдерісте мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету функциясы да бақылауда жүзеге асырылады. Алайда, тесттердің осы түрлері бойынша кең әдебиетке, олардың практикада кең апробациясына және көптеген эксперименттік зерттеулерге қарамастан, бірқатар түбегейлі мәселелер, тестологтардың өз дәлелдері бойынша, толық анықталмағанын атап өткен жөн. Атап айтқанда, қарастырылып отырған тесттерде ең негізгі талаптардың бірі — олардың барабарлығы (validity) талаптары күмән танытады.

Тіпті «тілдік» тесттердің (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық) барабарлығы, оларды әзірлеу «сөйлеу» (қандай да бір іскерлікті тексеретін) бұрын басталған. Барлық объективті тесттерде сыналушыға барлық тілдік материал, оның ішінде дұрыс жауап беретін және сыналушы тек білуге (көруге немесе естуге) тиіс материал беріледі. Басқаша айтқанда, тест тапсырмасын орындау негізінде тану жатыр, ал тану сыналушының сол бірлікті өз бетінше орындай алатынын дәлелдейтін жағдайларды анықтайтын сенімді дерек. Оның үстіне, оған объективті немесе субъективті ұқсас тіл бірлігін

тану сыналушы оны дыбысты сөйлеудің табиғи ағымында немесе оқығанда біле алатынының көрсеткіші болып табылатындығын растайтын сенімді деректер жоқ. Өйткені, бақыланатын бірліктің үй-жайы оған ұқсас бірліктердің арасында сыналушыны өзінің назарын олардың дифференциалды белгілеріне шоғырландыруға мәжбүр етеді, бұл ол үшін өзіндік кеңес. Сондықтан, эксперименттер қатарында тестілік емес және тестілік тапсырмалар арасында да, «тілдік» тесттер арасында да төмен корреляция алынды.

Осылайша, тілдік тесттің табысты орындалуы бір мағыналы емес, оқушының сөйлеу қызметінде тиісті материалмен, өнімді немесе тіпті рецептивті әрекет ету біліктілігінің көрсеткіші. Сенімділікпен айтуға болатын жалғыз нәрсе, бұл сынақты орындаудың теріс нәтижесі тиісті материалға ие болмауы туралы куәландырады.

«Сөйлеу» сынақтарымен жағдай әлі де қиын, оны әзірлеу жақында басталған. Мәселенің күрделілігі әлі күнге дейін тест көмегімен сөйлеу қызметінің қандай да бір түрін меңгеруді қалай тексеру керек екендігі түсініксіз. Бұл жерде сөйлеу қызметінің қандай да бір түрін меңгеруді анықтайтын екі тәсілді анықтауға болады:

а) тілдік мінез-құлықты бағалау жолымен тікелей;

б) оқушылардың белгілі бір тілдік материалды (не үшін «тілдік» тестілер пайдаланылады) және сөйлеу қызметінің қандай да бір басқа түрлерін меңгеруін тексеру арқылы жанама түрде.

Екінші тәсіл мысал ретінде Мичиган университеті (АҚШ) жанындағы ағылшын тілі институты әзірлеген тесттер бола алады, олардың үлгісі бойынша көптеген елдерде тесттер жасалды. Осылайша, ағылшын (шет) тілінде сөйлей білуді бағалау үшін тест жиынтығы ұсынылды, оның құрамдас бөліктері 50 жылдары әзірленген Р. Ладо; жинаққа үш «тілдік» тест (әр түрлі тәртіптегі тілдік бірліктерді есту арқылы қабылдауды тексеру, лексикалық және грамматикалық тесттер) және бір «сөйлеу» (шығарма) кіреді[3]. Бақылау объектісін жанама бағалайтын тестілерде осал бақылау объектісі мен тесттерде ұсынылатын объектілер арасындағы корреляция дәлелдемелерінің болмауы. Бұл тұрғыдан бірінші тәсіл неғұрлым сенімді көрінеді. Айта кету керек, оның жақтастары бірыңғай жолды құрмайды. Кейбір тестологтар сыналушыны нақты сөйлеу қызметі жағдайына қоюды ұсынады, онда ол естілетін немесе жазбаша мәтіндерді тыңдайды немесе оқиды. Алайда мұндай рәсім тестті өте үлкен етеді (мысалы, сөйлеуді есту арқылы түсінуді тексеру үшін 10-12 мәтінді тыңдау ұсынылады), бұл іс жүзінде басқалармен салыстырғанда оның артықшылықтарын бақылаудың тест формасын айырады. Сонымен қатар, өте күрделі, бір тесттің бірнеше нұсқасы үшін қиындықтар бойынша тең мәтіндерді таңдау іс жүзінде мүмкін емес. Осы және басқа да кемшіліктерді өтеуге ұмтыла отырып, қарастырылатын тәсілді кейбір зерттеушілер

А) қызметтің өз табыстылығының нәтижелері (ол үшін оқушылар 3-4 мәтінді тыңдайды немесе оқиды)

Б) сыналушылардың сөйлеу қызметін жүзеге асыру үшін қажетті жекелеген біліктерінің болуын тексеру (осы мақсатта оның әрбір түрі үшін — әзірге негізінен тыңдау және оқу үшін — болуы оны жүзеге асыру үшін қажет деп есептелетін біліктердің тізбесі жасалады) негізінде сөйлеу қызметінің қандай тесттің түрін жүргізген кезде әрбір мәтінге сұрақтардың санына оның түсінігін, типін тексеретін мәселелер енгізіледі: мәтіннің басты ойы: а) ... б)... в)... г)... (а, б, в, г тармақтарында мәтінмен байланысты, бірақ олардың біреуінен басқа, оның басты ойының көрінісі болып табылмайды), сондай-ақ сыналушының белгілі бір білігінің болуы туралы айтуға мүмкіндік беретін жауап-мысалы, оқушының сөздің мағынасын түпмәтінмен (бұл сөйлеу қызметінің рецептивті түрлері үшін маңызды) ара қатынасын анықтау үшін «деген сұрақ ұсынылуы мүмкін...» бұл мәтінде: а) ... б)... в)... г)... .

Теориялық жұмыстар мен нақты тестілерді жылдам талдау көрсеткендей, қазіргі уақытта тестті әлі де бақылаудың барабар тәсілі деп санауға болмайды, сондықтан жұмыс тәжірибесінде оларды сақтықпен қолдану керек. Білімді тексерудің объективтілігі сұрақтардың дұрыс қойылуын болжайды, соның салдарынан дұрыс жауапты дұрыс емес жауаптан ажыратудың бір мәнді мүмкіндігі пайда болады. Сонымен қатар, білімді тексеру нысаны нәтижелерді оңай анықтауға мүмкіндік береді. Мәселені шешуін мен жеке тест тапсырмаларын қолдануда деп ойлаймын. Тестілік бақылау барлық білім алушылар үшін бірдей объективті тексеру шарттарын қамтамасыз етеді.

Осылайша, тестілеу нәтижелері оқушылардың оқу деңгейін бағалау үшін, оларды қандай да бір оқу орнына іріктеу үшін, олардың жетістіктерін белгілі бір қызмет түрінде сертификаттау үшін (оқу пәні бойынша), қол жеткізілген деңгейге байланысты оқу топтары бойынша бөлу үшін, оқытудың қиындықтарын диагностикалау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Қазақстандағы тіл саясатының мақсаты – республиканың әлемдік қауымдастыққа кірігуі, ғылымды, экономиканы және елдің әлеуметтік-мәдени деңгейін көтеру. Қазақстандық орта жалпы білім беру мекемелерінде үштілді білім беруді кезең-кезеңмен енгізу 2015 жылдан бастап жүргізілуде

және 2019-да толық көлемде күшіне енеді. Мектептерде үш тілді оқытуға біртіндеп көшу 2017 жылы басталды. Жаңашылдықтың стратегиялық мақсаты-қазақстандықтардың үш тілді: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруі үшін қажетті жағдайлар жасау. Бұл үшін мектептердегі пәндердің бір бөлігі мемлекеттік тілде, бір бөлігі орыс және ағылшын тілдерінде оқытылады.

Қоғам өзінің дамуының әрбір кезеңінде білім беру жүйесіне уақыттың ғылыми-техникалық жетістіктеріне сәйкес келетін белгілі бір талаптар қояды. Мектепті жаңғырту жағдайында ғылыми негіздеу, оқытудың мазмұны мен әдістерін әзірлеу, сондай-ақ оқу қызметінің нәтижелерін педагогикалық диагностикалау мәселелері оқу-тәрбие процесін жетілдіру тұрғысынан өте өзекті болып табылады.

Оқушылардың дайындығына қойылатын талаптар көп жағдайда мектепте оқыту шарттарымен анықталады және екі жағдаймен сипатталады: білім алушылар ұмтылатын және қол жеткізе алатын теорияны меңгеру деңгейімен және білім беру стандарттарымен анықталатын.

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қабылдануына байланысты және «білім туралы «Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2011-2012 оқу жылында оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) енгізілді - білім беру ұйымдарынан тәуелсіз оқыту сапасына мониторингтің бір түрі.

ОЖСБ уәкілетті органмен жүзеге асырылады және негізгі мектепте білім беру қызметтерінің сапасын бағалау және білім алушылардың негізгі орта (9 (10-сыныптан кейін) білім беру оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында, жоғары білім беруде (4 курста) оқу бағыттары бойынша оқу бағдарламасын меңгеру мониторингі мақсатында іріктеліп іске асырылады.

Негізгі орта білім деңгейіндегі ОЖСБ оқушылар оқитын білім беру ұйымдарының базасында өткізіледі.

ОЖСБ кешенді тестілеу түрінде қағаз тасығыштарды қолдану арқылы да, сондай-ақ қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану арқылы да өткізіледі [4].

Тапсырмалар жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының негізінде әзірленеді, олардың мазмұны көрсетілген бағдарламалардың шеңберінен шыға алмайды.

ОЖСБ рәсіміне 9 (10) сыныптарда міндетті түрде қазақ тілі және рәсім қарсаңында уәкілетті орган жыл сайын белгілейтін 3 пән енгізіледі. Бұл оқушылар барлық пәндер бойынша бірдей дайындалуы үшін қажет. Сол таңдалатын 3 пән ішіне ағылшын да кіріп тұрады. Себебі тарихи қалыптасқан тілдік ахуал бойынша Қазақстанда халықтың үлкен бөлігі билингвизмге ұшырап отыр. Жақында ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы қазақстандықтардың 80% - дан астамы қазақ тілін меңгерген деп мәлімдеді. Оның айтуынша, халықтың тек 22% ғана үш тілді біледі.

Үш тілді оқыту мақсатты CEFR моделіне сәйкес, сондай-ақ жоғарыда сипатталған коммуникативтік әдіснамалық тәсілді қолдана отырып жүргізіледі деп болжанады. Бұл ретте ең қолайлы әдістеме – пән мен тілді кіріктіре оқыту CLIL болып табылады.

Ал енді үштілділік енгізілгенге дейін және үштілділік енгізілгеннен кейінгі EF English Proficiency Index деректеріне сүйенетін болсақ, ағылшын тілін меңгеру деңгейі мына нәтижелерді көрсетуде [5]:

2014	2015	2016	2017	2018
№ 54/63	№ 54/70	№ 54/72	№ 67/80	№ 80/88
Өте төмен	Өте төмен	Өте төмен	Өте төмен	Өте төмен

Мұндағы көрсеткіштер «тілді меңгерудің өте төмен деңгейі» деп бағаланады. Бұл көрсеткіш А2 деңгейіне немесе Pre-Intermediate деңгейіне тең. English Proficiency Index деректеріне сүйенсек, Қазақстанда ағылшын тіліне қызығушылық, көбінесе, 18 жастан кейін пайда болады. Себебі қажеттілік 18 жастан асқан соң туындайды: ЖОО-ға түскенде, жұмысқа орналасқанда, шетелге шығар кезде және т.б.

К. Д. Ушинский балаларды отбасында, балабақшада және мектепте ана тілінде тәрбиелеу мен оқытылуы жүзеге асырылуы үшін табанды күрескен. Ол өзгенің тілінде оқытатын мектеп балалардың күші мен қабілеттерінің табиғи дамуын тежейтінін, оның балалар мен халықтың дамуы үшін әлсіз және пайдасыз екенін дәлелдеген. Ушинскийдің пікірі бойынша, ана тілі «кітап та, мектеп те болмаған кезде халықты үйреткен ұлы халық тәлімгері», және өркениет пайда болған кезде де оны үйретуді жалғастырушы болып келеді [6]. Жоғарыда аталған EF English Proficiency Index деректеріне қарасақ Үштілділік саясаты енгізілгеннен кейін, Жаңартылған оқу бағдарламасы енгізілгеннен кейін, яғни ағылшын тілі 1-сыныптан бастап оқытыла бастағаннан кейін еліміздің онсыз да жоғары емес ағылшын тілі деңгейі, тіпті, күрт төмендеген. К. Д. Ушинский атап өткендей, балаға, ең алдымен, ана тілін жақсылап үйреніп алу керек. Біз баланы балабақшадан бастап өзге тілге үйретіп, өзге ел мәдениетімен қанықтырамыз. Ал негізгі білім өз тілінде берілуі тиіс. «Ана тілі – біз идеяларды, білімді

игеріп, содан кейін оларды тапсыратын жолымыз» деген сөзге сүйене отырып, К. Д. Ушинский қарапайым оқытудың басты міндеті болып ана тілін меңгеруді санады деген ойға келеміз. «Ана тілін біртіндеп түсінудің бұл жұмысы оқу-жаттығудың ең алғашқы күнінен бастап басталуы тиіс және адамның барлық дамуы үшін өзінің бірінші кезектегі маңыздылығы бойынша тәрбиенің ең басты қамқорлығының бірін құрауы тиіс». Ушинскийдің пікірінше, халық мектебінде Ана тілі «басты, орталық, барлық басқа пәндерге кіретін және олардың нәтижелерін жинайтын пән» болуы тиіс. Ана тілді толық меңгергеннен кейін өзге тілді де жоғары деңгейде меңгере алады, себебі бала өзге тілде айтылған дүниенің мағынасын өз тілінде толыққанды аңғара біледі. Біздің ойымызша, ағылшын тілі пән ретінде негізгі мектептерде 5-сыныптан бастап міндеттелгені жөн. Міндеттелгеннен бастап деңгейлеп оқытылуы тиіс. Оған дейін тілді үйрету-үйретпеуі ата-анасының құзырында.

Қорыта айтқанда, адамдар тілді қолданғанда «Нені?», «Қалай?», «Қайтіп?» деген сұрақтарға жауап беру үшін пайдаланады. Енді осыны үйрету мақсатында қолданса, үйретуші мен үйренуші үшін екеуара тиімді тәсіл болары даусыз. Үйретуші толып жатқан тілдік құбылыстардың қайсысын бірінші, қайсысын кейінірек оқытуда құрылым және мағына бойынша басымдыққа ие бола алса, үйренуші де дәл солай таңдау мүмкіндігіне ие бола алады.

Ауызша сөзді түсіну адамның естіген сөздерінің мағынасына талдау жасап, аяқталған ойды білдіруіне, ойша жинақтау қабілетіне байланысты болады.

Ағылшын тілі пәні мұғалімдері қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйретуде әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда.

Ауызша сөйлеуді үйретуде әр түрлі технологияларды пайдаланған тиімді. Мысалы, қазіргі білім беру үдерісінде еніп жатқан инновациялық технологияларды басшылыққа алып, практика жүзінде ауызша сөйлеуді іске асыруға болады. Яғни, біз деңгейлеп саралап оқыту технологиясында білім алушыларға деңгейлік тапсырма беру арқылы әр баланы ауызша сөйлеуге үйретеміз. Балалар сөйлеу арқылы өз ойындағысын жеткізу үшін, ең біріншіден, оқушылардың сөздік қорын байытып, содан соң жаңа өткен сөздердің есте сақтап және де әр жағдайда қандай мағынаны беретінін түсіндіру қажет. Кейін осы жаңа сөздері бар фильмдер көрсету, өлеңдер тыңдату, диалог және монолог құрастыру арқылы жұмыстар жүргіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гез Н.И., Ляховицкий М.В., Миролюбов А.А., “Методика обучения иностранным языкам в средней школе”, М. 1982.
2. Брейгина М.Е. Проектная методика на уроках иностранного языка// Иностранные языки в школе. - 2004. № 2.
3. Ладо, Р. “Лингвистика поверх границ культур” // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXV. – М.: Прогресс, 1989. https://testcenter.kz/https://informburo.kz/
4. Ушинский К. Д. Избранные педагогические сочинения/ «Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии» (1861). — М. Академия наук РСФСР, 1945.

СУБЪЕКТНООРИЕНТИРОВАННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

Амирбекулы А., Серикбаева Ф., Айнабекова А. - г. Шымкент. Южно Казахстанский государственный педагогический университет

Аңдатпа. Мақалада, заманауи қоғам мен білім саласындағы рухани ахуал талданған. Құндылықтардың трансформациялану себептері айқындалған. Объектбағдарлы білімнен субъектбағдарлы білімге өту қажеттілігі туралы тұжырым жасалған. Субъектбағдарлы білім мәні мен білімдік процесс ерекшеліктері ашылған.

Кілт сөздер: рухани ахуал, техногенндік орта,құндылықтардың трансформацияла-нуы,объектбағдарлы білім,субъектбағдарлы білім, баулу, ұжымдық сабақтар.

Резюме. В статье анализиролвана духовная ситуация современного общества и образования. Определены причины трансформации ценностей.Делается вывод о том, что необходимо перейти от объектноориентированного образования к субъектноориенти-рованному.Раскрыта сущность субъектно-ориентированного образования и особенности образовательного процесса.

Ключевые слова: духовная ситуация, техногенная среда,трансформация ценностей, объектноориентированное образование,субъектноориентированное образование, приобщение, коллективные занятия.

Summary. The article analyzes the spiritual situation of modern society and education.The reasons

of transformation of values are defined.It is concluded that it is necessary to move from object-oriented education to subject-oriented.The essence of subject-oriented education and features of the educational process are revealed.

Keyword: spiritual situation, technogenic environment, transformation of values,object-oriented education, subject-oriented education, communion,collective classes.

Утилитарный характер преобразовательной деятельности современного общества может рассматриваться как существенная причина возникновения глобальных проблем современности, поскольку принципы «дозволено все, что полезно» и «нам не следует ждать милости от природы, взять их у нее - наша задача» до сих пор доминируют в системе культурных ценностей и в технологических нормах. Культурно-технологическая деятельность человека по преобразованию материального мира позволила «покорить» естественную природу, создать особый, не свойственный ей искусственный мир и собеспечить себе долговременное, надежное и стабильное существование. При этом вторая природа - техногенная среда - стала оказывать доминирующее влияние на самого человека.

В современной мировой действительности наблюдается «декларация безразличия к вечной продолжительности в пользу стремления к сиюминутному». Если «твердая» действительность была эрой взаимных обязательств, то «жидкая», «текучая» современность - это эпоха разъединения, неуловимости, легкого бегства и безнадежного преследования. В «жидкой» современности правит тот, кто наиболее неуловим и свободен передвигаться без предупреждений.

Долгосрочные отношения переходят в краткосрочные, продолжительная семейная жизнь заменяются временным сожительством, фундаментальность, глубина заменяется поверхностным, трудовые отношения претерпевают изменения, трансформируется понимание образования и образованности человека [1].

Среди молодежи растет значимость индивидуальных ориентаций: для одних - это отдых и развлечения; для других - красивая и комфортная жизнь, для третьих - собственное благополучие и карьера, для четвертых - главными остаются ценности благополучия своей семьи, здоровья, хорошо оплачиваемаяработа. Имеет место тенденция к росту идеологического и мировоззренческого плюрализма, многовариантность, «мозаичность» и фрагментарность мировоззрения. Усиливаются позиции тех, для кого важнейшими становятся ценности собственности и имущественного положения, реализуемые сквозь призму утилитаризма, индивидуальных предпочтений и устремлений. Для многих характерна ситуация ценностной пропасти, когда люди не знают, что они хотят или к чему им стремиться [2,3,4].

Современный субъект образования постепенно теряет свой статус и превращается в агента, агента коммуникации, среда обитания которого виртуальная, сетевая - интелл-агента,заменяющего интеллектуала.Отличительная особенность интеллагентазаключа-ется в отсутствии рефлексии, экзистенциальных переживаний, сочувствия, переживаний, он субъект техники, носитель рационализма и технологии, живущий в автоматизированном обществе. Для него важно не работать, а крутиться.

Каковы причины трансформации ценностей современного общества и образования?

Первая причина связана с превращением потребленияв анонимный субъект истории. То, что прежде представлялось закономерным, исходя из потребностей производства, сегодня кажется таковым, исходя из возрастающего потребления. При всех своих позитивных моментах информационное общество не только провоцирует, но и усиливает потребительское отношение людей к миру, поскольку способствует оцениванию любого явления лишь с точки зрения утилитарной полезности его знания, а следовательно, порождает опасность информационной зависимости, формирования информационно-одномерного человека.

Следующая причина - потеря подлинного смысла образования, в результате чего мы видим симулятивность обучения, имитацию образования.Мы живем в мире, в котором все больше и больше информации и все меньше и меньше смысла, можно сказать, что в этом мире все больше образовательных услуг и все меньше образованных людей.

Другая острая причина трансформации ценностей - это СМИ. Сегодня происходит коммерциализация СМИ и их отказ от формирования общественных связей, доверия и добродетелей. СМИ выполняют свою функцию - развлекать людей и раздражать их деньгами, властью, пользой и своеволием. Возбуждающее и трогательное признаки дурного вкуса - сегодня эти каноны господствуют.

Какие выводы можно сделать из выщеизложенного?

Так называемое «гражданское общество» которое является целью демократическогогосударства, на данном рубеже исторического развития до сих пор не сформировано и находится в неком хаотическом состоянии, в состоянии бессознательного движения и метания, когда внутренняя личностная позиция не находит своего выражения в непосредственной сознательной, целенаправленной деятель-

ности по преобразованию и саморазвитию себя самого и общества в целом. Этого не происходит также и оттого, что между людьми не устанавливается та необходимая качественно высокая степень доверия и понимания.

Межличностная разобщённость, рост индивидуалистического (эгоцентрического) сознания, нарушение механизма идентификации со своим народом и культурой ведёт к тому, что наше современное общество не является интегрирующим началом, объединяющим множество личностей. В системе межличностных контактов теряется категория «значимого другого», позиция, чувства, мировоззрение отдельного человека не являются важными и требующими внимания и понимания, вследствие этого и не формируется общая деятельность, направленность, отсутствуют те мотивы, которые бы привели к формированию личной позиции человека как гражданина своей Родины, как неотъемлемой части своего народа.

В качестве глобального механизма социальной регуляции необходима опора на духовно-нравственные ценности.Они способны изменять социальные отношения, создавая определенные условия жизни, более адекватные интересам человека и общества, выраба-тывать механизмы согласования частных и общих интересов и разрешать противоречия и конфликты посредством согласия. А реализация интересов людей непосредственно связана с нравственно-гуманистическими ценностями, которые определяют степень дозволенного в политических средствах и методах для достижения целей властвующей элиты: без ценностей, заложенных в формировавшихся тысячелетиями норм морали и нравственности люди неизбежно утратят человеческое достоинство.

Поэтому, в современном мире развитие образования превратилось в актуальную проблему.

Для решения этой проблемы:

-во первых, необходимо понять, что образование не есть обучение, оно - создание образа самого себя, создание нового человека или, как говорил Сократ, «переживание второго рождения». Гегелевская трактовка образования как отчуждения природного бытия и подъема индивида «ко всеобщему» предполагает, прежде всего, соответствующее понимание самого индивида как «Я» и, в конечном счете, как субъекта образования.

- во вторых, так как обществ качествеколлективного субъекта возможно лишь при условии преодоления межличностной разобщённости и разделённости, замена субъект-объектного взаимодействия между людьми, где человек предстаёт лишь как определённый набор функций и рассматривается с точки зрения полезности или бесполезности для нас, на субъект-субъектные отношения, где каждый человек, выражая себя как личность, будет видеть в другом человеке личность же и будет не только брать от него, но и давать что-то взамен, где будет происходить процесс соразвития.

- в третьих, необходимо тщательно учитывать созидательные и разрушительные для воспитания и образования возможности средств массовой информации. Эти средства должны интегрироваться в процесс воспитания крайне осторожно, чтобы развивать, а не разрушать личность. Сомнительные ценности массовой культуры, которые несут радио, телевидение, кинематограф, пресса, не должны стать «своим человеком» в воспитании.

-в процессе образования человека важно не столько натаскать его на решение конкретных и в принципе возможных проблемных ситуаций, сколько формировать готовность к выбору целей и средств в меняющейся ситуации, к оценке им реальных возможностей и максимальной активизации по осуществлению сделанного выбора.

То надо делать, чтобы образованиебылоистинным, где человек не принадлежит к определённому государству, социуму, а к человечеству в целом?

Выводы в виде небольших тезисов:

- необходимо преодоление в образовании субъект-объектных отношений и утверждение субъект-субъектных, где личность найдёт свое истинное выражение, понимание и принятие, будет являться «значимым другим»;

- отношение другого субъекта к моему субъекту должно выступать как условие моего существования, каждое субъектпоскольку оно есть и всеобщность субъекта,есть коллективный субъект, следовательно, нет приоритета одного субъекта над другим;

- для успешного функционирования субъекта ее предметная деятельность и ее общение обязательно должны иметь помимо объективной целесообразности, субъективный, личностный смысл, переживаться как определенный аспект «Я»;

- необходимо установление доверия друг к другу и формирование интегративной общественной цели, идеи, которая бы объединила и сплотила субъектов частных деятель-ностей;

- нельзя обращать человека в маску, а нужно утверждать существование человека во всей полноте его бытия;

- человеческое субъектвовсе не должно растворяться в системе взаимосвязей людей в обществе, а, напротив, обретать и проявлять в нём силы своего действия;

- формирование и развитие компетентности в ближнем, узреть и вызвать к жизни дальнего человека, идеал человека, но не в его абстрактном, а в его конкретном прелом-лении;

- формирование полисубъектного взаимодействия между людьми, мы-концепции, как фактора осознания своей ответственности за себя и другого человека;

- с необходимостью должен осуществляться процесс персонализации субъекта, где бы он получал идеальную представленность в жизнедеятельности других людей и мог выступать в общественной жизни как личность.

В этих выводах заключены сущность субъектноориентированного образования - модели цели развития современного объектноориентированного образования.В результате процесса субъектноориентированного образования усовременного человека должна сформироваться не просто ответственность за себя, а ответственность за себя в общем деле, ответственность за это общее дело и за других людей в смысле самоактуализации, полагающей, прежде всего актуализацию себя в других и для других, выхода за пределы самого себя.В системе взаимодействии, взаимосвязей людей в обществеобретать и проявлять силы свой деятельности.

Формирование человека с осознанностью деятельности, свободы выбора, ценностного отношения к окружающему миру – задача субъектноориентированного образования.

Завершая статью необходимо отметить,что истинное общество, единение людей должно с необходимостью включать в свою структуру субъектноориентированного образования и лишь на таком фундаменте оно будет способно существовать как таковое. Его реализация зависит от каждого из нас как субъектов общественной, целенаправленной деятельности, от особого образа проявления наших сущностных сил, нашей жизни в человеческом её понимании. Активность должна исходить от нас самих, осуществляться в нас и тем самым преобразовывать нас же и окружающих людей, должен реализовываться принцип соразвития и никто не должен оставаться в стороне при решении данной проблемы.

Литература

1. Бауман З. Текучая современность / пер. с англ. под ред. Ю.В. Асочакова. СПб.: Питер, 2008. С.131, 136—137.
2. Астахова, В.И. Студент XXI века: его сущностные черты и характерные особенности. / Астахова В.И. // AlmaMater. 2010. - №8. -С. 60-63.
3. Пахомов Н.Н. Кризис образования в контексте глобальных проблем //Философия образования для XXI века. – М.: Логос, 1992. – 104 с.
4. Петров А.В. Ценностные предпочтения молодежи: диагностика и тенденции изменений //Социологические исследования. 2008. № 2. С. 83—90.
5. Каган М. С. Мир общения. Проблема межсубъектных отношений. – М.: Изд-во политической литературы, 1988. – 319 с.
6. Новые ценности образования: культурные модели школ / под ред. Р.М. Люснер,
7. Т.В. Анохина, М.М. Князева. М.: Изд-во ИЛИ РАО, 1997. -Вып. 7. - 248 с.
8. 7. Ахмет Байтұрсынұлы: Баулу мектебі. «Жаңамектеп» 1925. №1. Б. 24-27. https://adebiportal.kz › news › view

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДА ЭТНОПЕДАГОГИКА ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Амирова Амина Слямхановна - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, п.ғ.д.

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандарттарының тұжырымдамасында: «Жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқыту бағдарламаларын өзгертуді сондай-ақ, студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейді», – деп көрсетілген [1]. Жоғары оқу орнында білім беру жағдайында студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда этнопедагогикақұралдарын пайдалану, болашақ мамандардың кәсіби даярлығын арттыру мәселесінің қажеттігін қанағаттандырады.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде ұсынылған 8 бағыттың бірі ұлттық тәрбие деп көрсетілген. Ұлттық тәрбие бағытының мақсаты: тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тіліне және мемлекеттік тілге құрмет, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу кеңістігін қалыптастыру. Бағалау критерийлері (қарым-қатынас арқылы): этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестілікке мемлекеттік

тілді және ана тілін меңгеруіне, өз халқының мәдени мұрасына, қазақ халқының және өзге халықтардың дәстүрлері мен әдет-ғұрпына, Қазақстанның этномәдениетіне, Қазақстандағы басқа этностардың мәдениетіне, және этносаралық бейбітшілік пен келісімгемақтаныш сезім мен жауапкершілік таныту, - деп көрсетілген[2. 2 б.]. Тәрбие тұжырымдамасында көрсетілгендей, өз Отанының перзенті болуда ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар, ата-бабалардың рухани мұраларын меңгеру ұлттық тәрбие арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Өйткені, ұлттық тәрбиені жүзеге асыратын этнопедагогика құралдары заман талабына сай маман даярлаудың басты арқауы бола алады, - деп тұжырым жасаймыз.

Г.Н.Волков бойынша, "этнопедагогика - халықтың жас ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесі туралы, олардың педагогикалық көзқарастары туралы ғылым. Халық педагогикасы - халықтық ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрлерінде, ырымдарында, кездесетін педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы. Этникалық педагогика тарихи жағдайда қалыптасқан ұлттық мінездегі ерекшеліктерді зерттейді. Онда - халыққа қажетті қасиеттерді қалыптастыру үшін пайдаланылатын педагогикалық мақсаттың, міндеттердің, әдіс-құралдардың, тәсілдердің жиынтығы мен өзара байланысы қарастырылады" дей келе, оның зерттеу тақырыбы - тәрбие, ал тәрбие объектісі - адам, тұлға",- деп түйіндеме жасаған [3]. Бұдан шығатын қорытынды этнопедагогика құралдарын пайдалану арқылы ұлттық сана сезімі, адамгершілік сапаларды меңгерген, жауапкершілікті сезінетін, мәдени қарым-қатынасқа түсе алатын болашақ бастауыш сынып мамандарды даярлауға болады,- деп санаймыз.

С.Қ.Қалиевтің пайымдауынша, халықтық педагогика салт-дәстүр, жол-жора, ырымдар, тағам дайындау, қонақ күту рәсімдері мен ауыз әдебиеті үлгілері, ұлттық ою-өрнек, өнер түрлері, спорт ойындары арқылы отбасылық тәрбиеден басталып, ауыл-аймақ, ел-жұрт, ру-тайпа, қала берді бүкіл халықтық қарым-қатынастан берік орын алған тәлім-тәрбиенің түрі, адам мінезін, іс-әрекетін қалыптастырудың белгілі нормасы болып табылады. Олай болса, халық педагогикасы қоғам дамуының (алғашқы қауымдық қоғамнан бастап) белгілі сатыларынан өтіп, ғылыми педагогикалық дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиесінің бастау бұлағы, педагогикалық құралы болып, тәрбие жүйесінің қызметін атқарып келгенін байқаймыз. Яғни, осыдан келіп ғылыми педагогика мен халықтық педагогиканың тәрбие тәсілдеріндегі сабақтастығы, принциптік-идеялық үндестігі туындайды. Бүгінгі әлемдік аренаға жеткен ғылыми-педагогика халықтық педагогикадан бастау алып, оны ғылыми теориялар мен қағидалар тұрғысынан жан-жақты зерттеп, қарастырып, байытты. Сөйтіп, өз қажетіне жаратты. Осы қажеттіліктен келіп, халықтың эмпирикалық тәжірибесіне негізделген ұрпақ тәрбиелеу тағылымдары — халықтық педагогиканы ой елегінен өткізіп зерттеп, тәрбие мен оқу ісінің өзекті құралы етудің жолдарын және оның шығу, даму кезеңдерін өзіндік ерекшеліктерін, басқа ғылымдармен байланысын зерттейтін педагогиканың ғылыми бір саласы этнопедагогика пайда болды, -деген тұжырым жасаған [4]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлауда ұлттық тәлім-тәрбие негізінде ұйымдастырылатын тәрбие жұмыстары мен қоғамдық жұмыстардың жүйелі әрі бірізді жүргізілуіне басымдық берілуі қажет. Өйткені, бүгінгі студент ертеңгі болашақ ұрпақты тәрбиелейтін ұстаз екенін ескере отырып, олардың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, бауырмашылдық, құыптылық, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттердің алдымен өз бойында қалыптасуына ықпал ететін тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Осындай тәрбие жұмыстарын өздіктерінен топ студенттерімен келісе отырып, жүргізуде әрқайсысының атқаратын рөлі және өзін өзі жүзеге асруына мүмкіндік туғызылуы тиіс,- деп есептейміз. Мысалы: 1 курс студенттерін ұжым ретінде қалыптастыру үшін тәрбие жұмысының жоспарын топпен талқылай отырып бекіту қажет. Жоспарда студенттердің пікірлері ескеріліп, оны ұйымдастыратын жауапты студенттер белгіленуі керек. Бір мақсатқа бағытталған жұмысты ұйымдастыруда өзін өзі тәрбиелеу мен өзін өзі жүзеге асырылады. Нақты іс-әрекет барысында болашақ бастауыш сынып мамандарының тұлғалық сапалары қалыптасады. Өзінің бойында қалыптасқан жағымды мінез-құлықпен ол бастауыш сынып оқушысына да үлгі бола алады. Тәрбие жұмысының басты да тиімді әдістерінің бірі үлгі, өнеге екені белгілі.

С.А.Ұзақбаеваның пікірінше, қазақ халық педагогикасының басқа халықтарға ұқсамайтын өзіне тән мазмұны, ерекшеліктері бар. Оның бәрі ұрпақтан ұрпаққа жазылмаған заң ретінде қазақ этнопедагогикасы материалдары арқылы өңделіп, толықтырылып беріліп отырған. Сондықтан да этнопедагогика материалдарын қазіргі қоғам өміріне лайықты, қабілетті азаматты қалыптастыратын үдеріс тұрғысынан қабылдау керек. Қай ғасырда өмір сүрген халық болмасын ұрпағын әділ, еңбексүйгіш етіп тәрбиелеуді мақсат еткен. Бұл ретте назар аударатын мәселе: жалпы адами құндылықтардың қалыптасуына халық тәрбиесі және оны іске асыратын әдіс-тәсілдердің тиімдісін дұрыс таңдай білген жөн [5]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, ұлттық құндылықтан жалпыадамзаттық құндылыққа

үйлестіре берілетін тәрбие жұмысында болашақ бастауыш сынып мамандарын өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін жетік меңгеріп, басқа ұлттың мәдениетіне құрметпен қарау керектігін саналы түсінуге, ұлтаралық қарым-қатынастың дамуына үлес қосатындай ой-санасы мен мінез-құлқының, моральдық-этикалық қасиеттердің дұрыс қалыптасуына негіз болады, -деп түйіндейміз.

Этнопедагогика материалдары негізінде болашақ бастауыш сынып мамандары халық ауыз әдебиеті үлгілерін, тарихи-этнографиялық материалдарды жинақтау керектігін саналы түрде түсінетін болады. Бұл жерде әрине жүйелі жүргізілген тәрбие жұмыстарының атқаратын рөлі зор болмақ. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық сапасының қалыптасуына ықпал ететін тәрбие жұмыстары университеттің даму стратегиясын іске асыру бағытында оның миссиясына сәйкес жоспарланады. Кафедра эдвайзерлерінің тәрбие жұмыстарына арналған жоспарларына тоқталсақ, ол бірнеше бағытты қамтиды. Атап айтсақ: кафедраның тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша жалпы шаралар,мемлекеттік тілді дамыту жұмыстары, ұлттық тәлім-тәрбие негіздеріне баулу, халықтық педагогика ұстанымдарын насихаттау, адамгершілік-рухани және эстетикалық тәрбие беру, қазақстандық патриотизм,отаншылдық тәрбие беру, ұлтаралық келісім және толеранттық тәрбие, құқықтық тәрбие беру, құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамдық тәртіпті нығайту, студенттерге психологиялық көмек көрсету, студенттер арасында діни сауаттылықты көтеру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жол бермеу шаралары, дене тәрбиесі. Салауатты өмір салтын қалыптастыру,еңбек тәрбиесі, экологиялық тәрбие, экономикалық тәрбие беру, әлеуметтік қолдау көрсету, жас таланттарды қолдау және жастар саясатын дамыту, университет жатақханаларында ұйымдастырылатын шаралар сияқты бөлімдерлен тұрады.

Әр бөлімнің студент үшін маңызы ескеріліп, тәрбиелік іс-шаралартопішілік, мамандық бойынша, институт дейгейінде және университет ауқымында ұйымдастырылады. Олар: «Студент қатарына қабылдау», «Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз», «Үздік студент», «XXI ғасыр лидері», «Мен эдвайзер болсам...», «Тіл – ел байлығы», Р.Қоянбаев атындағы аудитория үшін «Үздік топ», «Ұлттар достастығы –басты байлығымыз...»«М.Мақатаев шығармашылығына арналған «Жас ақындар» шығармашылық сайысы және т.б. көптеген іс-шараларды атап өтуге болады.Әрине, ұйымдастыру формасына қарай әртүрлі болатын тәрбиелік іс-шаралар да тақырыбына байланысты әрдеңгейде өткізіледі. Мысалы: өз халқының мәдени мұрасын меңгерту үшін, музейлер ментеатрларға апару, қазақ халқының және өзге халықтардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралыөздерінің ойлары мен пікірлерін ортаға салатын тренинг, дөңгелек үстел, жарыс, сайыс, конкурс, коучинг және т.б. ұйымдастырылады.

Мысалы ретінде кафедрамыздың аға оқытушысы А.Тазабекованың ұйымдастыруымен өткізілген «Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» атты тәрбиелік іс-шарасының болашақ маман ғана емес, болашақ аналардың тәрбиелеп отырғанымен байланыстырылуы, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды дәріптей отырып, студенттердің сайысында теориялық та, практикалық тұрғыда даярлығын көрсете білгенінің куәсі болдық. Мұндай тәрбиелік маңызы зор жұмыстарұлттық тәлім-тәрбие негіздеріне баулу, халықтық педагогика ұстанымдарын насихаттау бөлімінің аясында іске асырылып отырғанын айта кеткеніміз жөн. Тәрбиелік іс-шарабастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының студенттерінің қызығушылықтарын ғана емес институттың басқа мамандықтардың студенттерін де тарта білді. Сондай-ақ «Тіл – ел байлығы» атты тәрбиелік іс-шараның ана тіліне құрметті нығайту, тіл шұбарлығынан сақтандыру, тілдің құдыретін саналы түсінуге баулу мақсатында, авторлардың тіл туралы құнды ой-пікірлерін ортаға сала отырып, студенттер өздерінің тіл туралы жазған шығармаларын ортаға салды. Олардың шығармаларында ана тіліне деген құрмет, сүйіспеншілік, тілдің ел байлығы екенін сипаттағанын көруге болады.

Осындай тәрбие жұмыстарының аясында топтағы студенттердің өзара қарым-қатынасы, топтық жұмыстар, ұжымдық сайыстарда қандай әдістердің оны іске асыруда тиімді екенін таңдауға, шешім қабылдауға, өзінің көзқарасын дәлелдеуге, яғни кәсіби сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Бұдан шығатын қорытынды этнопедагогика материалдары негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда 1 курстан бастап, 4 курсқа дейін тәрбие жұмысын жүйелі түрде ұйымдастырғанда ғана теориямен практиканы байланыстыруды әдістемелік тұрғыда пайдалана білу құралына айналмақ.

Зерттеуші ғалымдардың пікірлерін пайымдай келе, болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлауда этнопедагогика құралдарын жүйелі түрде пайдалану қажет, - деп санаймыз. Өйткені, жас ұрпаққа тәрбие беруді жүзеге асыруда, болашақ мамандар педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін, формаларын, құралдарын тиімді пайдалануды жете меңгеруі қажет. Бұдан жоғары оқу орнында үздіксіз жүргізілген тәрбие жұмыстары өзінің оң нәтижесін береді, - деген қорытынды жасаймыз.

Қорыта келе, этнопедагогика құралдары арқылы болашақ мамандардың алған білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларына еркін бағдарлай алатын, өзінің алған білімін қолдана алатын, өзін-өзі дамытуға және адамгершілік тұрғыда өздігінен дұрыс та, жауапты шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыруда мүмкіндігі молболады, -деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандарттарының тұжырымдамасы–Алматы. 1998. – 96б.
2. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері–Алматы. 2015.- 40б.
3. Г.Н.Волков Этнопедагогика. –Чебоксары. 1974.- 276с.
4. 4.С.Қалиев,Ж.Молдабеков,Б.Иманбекова "Этнопедагогика"– Астана. 2005 ж.
5. С.А.Ұзақбаева Этнопедагогика. –Алматы. -2017

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДӘСТҮРДЕН ТЫС СУРЕТ САЛУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Амангелді Ж. – 4 курс студенті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., профессор м.а. **А.М.Жубандыкова**

Аннотация. В данной статье анализируется значение нетрадиционного рисования для развития творческих навыков детей дошкольного возраста. Раскрываются техники нетрадиционного рисования и правила их применения в дошкольной образовательной организации. .Актуальность темы заключается в том, что изобразительная продуктивная деятельность использованием нетрадиционных изобразительных технологий является наиболее благоприятной для творческого развития способностей детей, т.к. в ней особенно проявляются разные стороны развития ребенка.

Ключевые слова: дошкольный возраст, нетрадиционные методы, рисование

Abstract. This article analyzes the importance of non-traditional drawing for the development of creative skills of preschool children. Techniques of non-traditional drawing and rules of their application in the preschool educational organization are revealed. .The relevance of the topic lies in the fact that the visual productive activity the use of non-traditional visual technologies is the most favorable for the creative development of children's abilities, because it especially manifests different sides of the child's development.

Keywords: preschool age, non-traditional methods, drawing

Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту үшін мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау негіздерін, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттері, жаңа дағдыларды бала кезден қалыптастыру қажет. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда 1. 1 б.

Балалар шығармашылығын дамыту мектепке дейінгі педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі болып келеді. Қазіргі қоғам жеке тұлғаның шығармашыл болғанын қалайды.

Балалардың бейнелеу шығармашылығы – қызықты бейнелер мен ашық бояулар әлемі. Олар өздерінің ғажайып қиялымен, ерекшелігімен ересектерді талай таңғалдырған. Балалар суретті ерекше ықыласпен және жиі салады. Оларды айналадағы қоршаған дүние әлемі өз қызығымен еліктіріп әкетеді. Балалардың сурет салу әдісін меңгеруі, олардың қабілеті дамуы болып табылады. Қазіргі кезеңде жаңа адамды қалыптастыру, оның шығармашылық белсенділігін дамыту басты назарға алынған 2. 10-11 бб. Сондықтан, сұлулықты сезіну, жоғары эстетикалық талғам қалыптастыру, өнер туындысын, туған табиғаттың сұлулығын түсіну және бағалауды жетілдіру қажет. Біздің бойымызда өкінішке орай, әлі күнге дейін табиғат берген көптеген қабілеттер мен сезімдер жеткіліксіз дамымаған және ашылмаған, демек, болашақ өмірде оны жүзеге асыру қиындыққа әкеліп соғатыны сөзсіз. Адам есейген кезде қиялының даму көрінісін кәсіби іс-әрекеттерінен көрініс табады. Сондықтанда мектепке дейінгі кезеңнен бастап бала шығармашылығын дамыту басты міндеттеріміздің бірі.

Балалардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыру үшін бейнелеу іс-әрекетінің дәстүрден тыс түрлерін қолдану арқылы баланың өнімдік іс-әрекетіне қол жеткізуге болатынын дәлелдеуге тырысайық.

Сурет салудың дәстүрден тыс түрлері қиялды, шығармашылықты дамытуға, дербестік, бастамашылық, даралық қабілеттерін дамытуға түрткі болады. Балалар суреттегі бейненің әр түрлі тәсіл-

дерін қолдана отырып, оларды біріктіре алады, сурет салудың түрлі түрлерін меңгереді, өздігінен әрекет етуге талпынады □3. 6 б□.

Балалардың бойында шығармашылық дағдыларын қалыптастыруда педагог сурет салудың дәстүрден тыс түрлерін кеңінен пайдалануы тиіс. Шығармашылық тұлға- қоғам мақтанышы. Сурет салудың дәстүрден тыс түрлері балаларды оқу қызметі барысында шаршамауға, тапсырманы қызығушылықпен, жоғары белсенділікпен орындауға, өздігінен әрекет жасауға жетелейді □4. 16б□.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды көркем өнерге баулуда дәстүрден тыс әдіс-тәсілдермен бірге бейнелеу құралдарының да көптеген түрлері пайдаланылады. Солардың біразына тоқтала кетейік:

Арт терапияның бір түріне жататын «Эбру» су бетіне сурет салу әдісі. «Эбрудың» шығуы жайлы әртүрлі дерек бар. Оның қарыштап дамыған жері – Түркия. Сондықтан да Түркияны «эбрудың» отаны деуге толық негіз бар. Біздің елімізде бұл әдіс бірте-бірте қолданысқа енгізіліп мектеп жасына дейінгі балалармен сурет салудың дәстүрден тыс түрлерінің бірі болып отыр. Бұл әдістің ерекшелігі әдісі баланың жан дүниесіне үңіліп, ішкі әлемінде болып жатқан жай-күйін жеткізе білуге ықпал етеді.

«Эбру» баланы сурет салуға үйретпейді, керісінше сол арқылы қызығушылығын оятып, шығармашылығын дамытуға септігін тигізеді.Эбру өнері балалардың ақыл-ой, жүйке жүйесін тыныштандырып қана қоймай, балаларда табандылықты, қиял мен ойлауды дамытады және түстермен формаларды біріктіруге қабілеті артып, қолдың ұсақ моторикасын дамытады. Балаларға құрғақ сөз әр қашан үлгі бола бермейді. Сөзбен істің арасы жақын болса, оның нәтижесі де оң болмақ. «Эбру» әдісімен сурет салу үшін керекті құрал жабдықтарға: арнайы қоспа,арнайы бояулар,таяқшалар,сүрткіштер қажет. Техникасына тоқталатын болсақ, суға түрлі-түсті бояуларды шашыратып шығамыз. Су бетіне айналдырып бояудың пішінсіз тамшыларын таяқшамен себелеп, түрлі түсті бояуларды себелеу арқылы суретке айналдырамыз.Бояулар шеберлердің қолына бағынған,және тіпті жеңіл бриз желісінен,ой қозғалысы,олар өздері айналдырылады.

Суға салған суретіміз дайын болған соң, дайын суретті ақ қағаздың бетіне көшіріп алуға болады. Ақ қағазды дайын болған судағы сурет бетіне төсейміз.Су мен қағаздың арасында ауа қалмау үшін қағаз үстінен таяқшаны жүргізіп шығамыз. Сурет қағаз бетіне түскен кезде қағаздың шетінен ұстап судан шығарып аламыз. Сурет су бетінде қалмайды. Ыдыстағы суға тағы бірнеше рет сурет салуға болады.

«Палитра - саусақтар» саусақпен сурет салу.

Балаларға ұнайтын қарапайым да оңай әдіс. Саусақпен сурет салу бірнеше кезеңнен тұрады. Балалар әуелі бір саусақпен, сосын бірнеше саусақпен сурет салып үйренеді. Әр саусағын әртүрлі бояуға батырып бір түстің үстіне келесі түсті жағады. Түстерді араластыру нәтижесінде балалар өздеріне қажет түсті табады. Естиярлар тобында балалар қарапайым бейнелерді бояудан бастап, мектепке дайындық тобында «саусақпен бояу» техникасын жете меңгерген балалар сурет тақырыбын өздері таңдап, оны нұқу, жағу, бояуларды араластыру әдістерімен ұтымды безендіре алады. Ертегілерге салынған сюжеттерді де балалар өте сәтті бояды.

«Алақанмен» сурет салу. Бұл әдіс кіші жастағы балаларға өте ұнайтын әдістің түрі. Себебі балалар бояуды көріп қана қоймайды, оны сезінеді.

Балалармен жұмыс жүргізуде пайдаланылатын келесі әдіс – сызықтармен (штрихтармен) сурет салу. Сызықтардың көмегімен заттың сапасы, оның қасиеті, туралы біліп, суреттегі бейнені, оның қоршаған ортаға қатысын ашуға болады. Сонымен бірге сызықтармен сурет салу, саусақтардың бұлшық еттерін дамытып, қолды жазуға жаттықтырады. Ересектер топтарындағы балалар «балапан», «кірпі»тақырыптарына сурет сала алады. Бұл суреттер қарапайым да мәнерлі, бейненің ерекшелігін әртүрлі сызықтар және сызықтарды әртүрлі қалыпта жүргізу арқылы беріледі. Сызықпен сурет салу үшін балалар бос уақыттарында көп жаттығулары керек. Бейненің мазмұнын ашу сызықты пайдалана білуді қажет етеді.

Сонымен бірге дымқыл қағазға сурет салу әдісі де өте қызық. Бұл әдіс ересектер тобындағы балалармен жұмыс жүргізуде пайдаланылады. Гуашьпен бояғаннан гөрі акварельмен бояу күрделірек, бірақ қызық. Акварельмен тек ақ параққа сурет салуға болады. Бояуға су көбірек араластырылса бояу түсі тұнықтана түседі. Әсіресе балаларға тымық және желді күнгі теңізді салу өте ұнайды.

Құммен сурет салу әдісі. Балалар құммен ойнағанды жақсы көреді. Саусаққа тиген құмның түйіршіктері бойдағы ұйықтап жатқан әрбір жасушаны оятып, жүйке жүйесін де тыныштандырады екен. Мамандардың айтуынша, құм терапиясы баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, мінезінің ашылуы¬на, бойындағы қиындықпен күре¬суге де көмектеседі және ойлау қабілетін дамытып, зейінін арттырады.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда дәстүрден тыс сурет салу баланың шығармашылығын дамытумен қатар бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттырып, психологиялық тұрғыда өскелең ұрпаққа септігін тигізеді. Бұл балаларға өздерін еркін сезінуге, батылдық ұялатады, қиялды дамытады, өзінөзі көрсету үшін толық еркіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚазақстанРеспубликасыныңПрезидентіНұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауы 05 қазан 2018 ж.
2. Н.В.Шайдурова.Методика обучения рисованию детей дошкольного возраста. Учебное пособие/ Издательство: Творческий Центр «Сфера», 2008
3. Погодина С.В. Теория и методика развития детского изобразительного творчества/ Учеб. пособие для студ. учреждений сред. проф. образования. — 2-е изд., испр. и доп. — М. : Академия, 2015. — 352 с.
4. Левченко Т.А., Жубандыкова А.М. Теория и методика развития изобразительного творчества дошкольников/учебное пособие/. – Алматы, 2014 -182 стр.
5. Ф.Жұмабекова. Балабақшадағы бейнелеу іс-әрекетінің әдістемесі.Оқу құралы.– Астана: Эверо, 2015 ж.-384 б.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ САРАПТАУ

Андрей Ә.С. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қаласы

Аннотация. Эта статья может быть использована при изучении, как английского, так и русского языков и для понимания строя каждого из них. Также анализ в этой статье поможет выявить особенности и черты.

Resume. This article my be in the study is the Kazakh language and to anderstend the structure of each. Imparative analysis in this article will help to identify the features.

Білім саласында өзінің ерекшеліктерімен әлемдік деңгейде мойындалған бірнеше халықаралық жобалар бар. Соның ішінде, білім жүйесінің танымал сарапшылардың баға беруі бойынша обьективті елдерден тәуелсіз бағалау жүргізетін TIMSS, PISA халықаралық зерттеулері елімізде өткізілуде.

Алғаш рет 2007 жылы Қазақстан 4-сынып оқушыларының халықаралық салыстырмалы мағлұмат алу мақсатында математика мен жаратылыстанудан білім сапасын бағалайтын TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) зерттеуіне қатысты. Бұдан әрі TIMSS-2011 және TIMSS-2015 кезеңдеріне қатысты. 2007 жылы TIMSS зерттеуіне қатысушы 36 мемлекет ішінде қазақстандық оқушылардың білім жетістігі жоғары және халықаралық орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары деп бағаланды. Оқушыларымыздың математикадан орташа көрсеткіші 549 (1 000 балдық шкала бойынша) ұпай, бұл көрсеткіш 5 орынға лайық болса, ал жаратылыстанудан орташа көрсеткіші - 533 ұпай, аталмыш көрсеткіш 11 орынды көрсетеді. Жалпы алғанда осы сынақта оқушыларымыз 7 орынды иеленді.

Дегенмен, арада жылдар өтіп, бұл көрсеткішті көрсете алмадық. 2011 жылғы зерттеу нәтижесі орташа көрсеткіштен төмен екені анықталды. Қазақстандық 4 сынып оқушыларының математикадан орташа көрсеткіші 501 (1 000 балдық шкала) ұпай, ал жаратылыстану пәнінен – 495 ұпай.[1]

Осы жылдың сәуір айында TIMSS-2015 зерттеуіне әлем бойынша 57 мемлекет арасынан 500 мыңнан астам бастауыш және орта буын оқушылары жаратылыстану және математикалық білімдерін көрсетуге ат салысты. Оның ішінде Қазақстан атынан 9 579 4-ші және 8-ші сынып оқушылары өз құрдастарымен бәсекеге түсті.

PISA (Program for lnternational Student Assessment) халықаралық зерттеуі 15 жастағы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын бағалайтын Адам дамуының индексі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бұл зерттеу оқушылардың білімдерін 3 бағытта (математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, оқу сауаттылығы) бағалайды. Қазақстан PISA зерттеуіне 2009 жылдан бері қатысып келеді. 2009 және 2012 жылдар нәтижесін салыстырсақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы PISA-2012 екінші кезеңінің қорытындысында математика және жаратылыстану бағыттарындағы қазақстандық білім алушылар нәтижелерінің +27 және +25 ұпайларға жақсарғанын атап өтті.[2] Ал 2015 жылы зерттеуге 71 мемлекет арасынан Қазақстан атынан 7 842 15-жастағы білім алушылар қатысты. Еліміздегі функционалдық сауаттылықты дамытуға байланысты PISA-2015 зерттеуінің нәтижесі жоғары болатынына сенеміз.

TIMSS-2015 және PISA-2015 нәтижелері 2016 жылдың желтоқсан айында Халықаралық оқушылардың білім жетістіктерін бағалау қауымдастығымен (IEA) және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен жарияланатын болады.

Бұл зерттеугелерге қатысу тәжірибесі білім беру сапасының көрсеткіштерін жақсарту стратеги-

яларын жасау үшін нақты ұсыныстар алуына септігін тигізді. Қазіргі таңда ғылым мен білім тұрақты жаңаруда, техника мен технологиялардың жылдам даму қарқыны байқалып келеді. Болып жатқан өзгерістерге дайын болу үшін, ең алдымен білім беру жүйесіне ықпал ететін факторларға тоқталып кетуіміз керек. Оқушылар бойында көшбасшылық, бастамашылық және кәсіпкерлік дағды, икемділік, кез-келген туындаған мәселені шеше білуге, ұжымдық жұмыс ұйымдастыра білуге, өз ойын ауызша да, жазбаша да сауатты және анық білдіру қасиеттеріне баулуымыз керек.

Елімізде білім беру жүйесін жаңарту бағытында көптеген іс-шаралар жүргізілуде. Әлемдегі тәжірибені қолдануға бағыт алып, қазақстандық білім беру жүйесі жаңа мазмұнға бет алды. Осы оқу жылынан бастап еліміздің 30 пилоттық мектебінде Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты ресми сынаудан өткізіледі. Бұл бізге не береді? Мысалы, қолданыстағы білім мазмұны «мектепте нені үйретеді?» деген сұрақ аясында болып, оқушының теориялық біліміне, яғни, бала біледі және түсінеді дегенге бағытталған болса, ал жаңартылған білім мазмұны «мектепте не үшін оқу керек?» деген сұраққа жауап беретін болады. Бұл білім мазмұны күтілетін нәтижеге және оқушының бойындағы түрлі дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Білім мазмұнын жаңарту аясында жаңа пәндер де енгізіліп отыр. Бастауыш мектепте «Жаратылыстану», «Ақпаратты-коммуникативті технология» атты жаңа пәндермен қоса «Дүниетану» пәнінің мазмұны жаңартылды. Бұл жоба Елбасының айқындап берген 100 нақты қадамының 76, 89-қадамдарын орындау мақсатында жүзеге асырылып отыр. Аталған жоба сәтті іске асса, білім беру мазмұнының жаңаруы кезең-кезеңмен енгізіледі, функционалдық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттары түбегейлі жаңарады.

Сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі педагогтің жеке тұлға ретіндегі бейнесі, оның кәсіби біліктілігі айрықша. Педагог білім беру үрдісін жаңартудағы басты тұлға болып табылады. Сапалы білімге алып келетін оқыту қандай болу керек? Оқушылардың зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін аша білетін педагог қандай болуы тиіс? Бүгінгі күні бұл сұрақтар тек қана мұғалімдерді ғана емес, сонымен қатар білім жүйесінің қызметкерлерін де мазалайды. Мұғалімдердің көп бөлігі сабақта ақпаратты тасымалдаушы рөлін атқарып келеді. Қазірде сабақты ұйымдастырудың схемасы – мұғалімнің жаңа материалды тек қана түсіндіруі, оқушы үшін жеткіліксіз және тиімсіз. Себебі, оқушының оқу процесіне белсенді қатыспайтынын қалыптастырмайды (пассивті тыңдаушы).

Сондықтан, қазіргі таңда - оқушының рухтандыру қабілетін және оқуға ынтасын арттыру өте маңызды. Осындай технологияларды пайдалану үшін әр бір педагог өз кәсіби деңгейін арттыру керек. Осы тұрғыда біліктілікті арттыру жүйесі бастау алды. Білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында және әлемдік тенденцияға сәйкес көпвекторлы бағдарламалар, оқу-әдістемелік құралдар, біліктілікті арттырудың цифрлық білім беру ресурстары дайындалған.

Педагогтарға функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған оқу-әдістемелік құралдардың кейбіреуін атап өтсек. «PISA халықаралық зерттеуі», «TIMSS халықаралық зерттеуі» және «PIRLS бастауыш мектеп оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын бағалау» - әдістемелік құралдарында - математика мен жаратылыстану және оқу сауаттылығы туралы маңызды мәліметтер берілген. Осы әдістемелік құралдарында құпиялылық режимінен шығарылған тест тапсырмасының үлгілері мен сауалнама сұрақтары қолданылған. PIRLS әдістемелік құралы 2016 жылғы халықаралық зерттеуіне нәтижелі дайындық жүргізу мақсатында кең көлемді педагог қауымына арналған.

Халықаралық сарапшылардың талдауы бойынша дамыған елдердің зерттеуге қатысушылардың 90% үйде сабаққа дайындалу үшін қажетті жағдайлары бар екендігін атап отыр. Шанхай, Сингапур, Корея көшбасшы елдерде үй кітапханасындағы орташа кітап саны 150-ден 244–ке дейін барады. Зерттеуге қатысқан қазақстандық білім алушылардың үйдегі кітапханасындағы орташа кітап саны 156 бірлікті құрайды. Сонымен бірге, сауалнама мәліметтері бойынша біздің зерттеуге қатысушылардың тек кана 55% ғаламторға қолжетімді. [3]

Барлық педагогикалық қауымының қазіргі таңда атқарылып жатқан істерінің арқасында жас ұрпақтың болашақта әлем деңгейіндегі сынақтарынан жоғары нәтиже көрсетеді деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «TIMSS-2011 халықаралық зерттеуінің нәтижелері» Ұлттық есеп (2012)
2. «PISA-2012 халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері» Ұлттық есеп (2013)
3. «PISA-2012 халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері» Ұлттық есеп (2013)

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әбілқасымова Б.М. – 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының сауаттылығын қалай дамыту керектігі, бағалау әдісінің ерекшеліктері жазылған. Бастауыш сыныптардағы сауатты жазудың мақсаты – балалардың жазу тілі дағдысын қалыптастыру.

Кілт сөздер: Бағалау; Сауатты жазу.

Аннотация. В данной статье описаны особенности метода оценивания, как развивать грамотность учащихся начальных классов. Цель грамотного письма в начальных классах-формирование у детей навыков письма.

Ключевые слова: Оценка; Грамотное написание.

Annotation. This article describes the features of the evaluation method, how to develop literacy of primary school students. The purpose of literate writing in primary school-the formation of children's writing skills.

Keyword: Assessment; Competent writing.

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты - балаға хат таныту, яғни оған жазу мен оқуды үйрету. Сауат ашу - аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге үйретіліп қоймайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Демек, сауат ашудың міндеті -әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады.

Бастауыш мектеп оқушылары үшін орфографиялық танымның әсіресе алғашқы басқышы ерекше рөл атқарады. Олар сан алуан сөздер мен олардың формаларының әсерінен аз да болса білім, тәжірибе жинақтайды.

Орфографиялық дағдыға төселуіне қарай, ереженің оқушы үшін мәні өзгереді. Мысалы, алғашқы кезде бала ережеге мұқтаж болса, бірте-бірте сауатты жазуға жаттыққан сайын оның мәнділігі жойыла бастайды. Оқушы жазуға дағдыланға кезде оған ереженің мүлде қажеті бола қоймайды. Орфографиялық дағды жөнінде айтылғандар пунктуацияға да қатысты. Бірақ пунктуацияға үйрену жұмыстарының өзіне тән ерекшеліктері бар. Тыныс белгілерін қою да ережелерге бағынады.

Бастауыш сынып оқушыларын дұрыс жазуға үйрету жұмысында көзделетін негізгі мақсат - олардың қате жібермей, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру. «Бұл мәселе жөнінде де орыс мектептерінің емлеге үйрету методикасы тарихына зер саламыз. Өйткені сонау XIX ғасырдың екінші жартысында орыс мектебі үлгісімен оқу-ағарту ісін жаңаша құрған Ы.Алтынсариннен бастап орыс тілінің хат таныту, дұрыс жазуға үйрету әдіс-тәсілдерін қалыптастыру жолында алғашқы қадам жасады. Мектептерде дұрыс жазуға үйрету методикасы грамматикалық және антиграмматикалық деген екі бағытта болды. Ұлы орыс педагогы К.Д. Ушинский дұрыс жазуға үйретуді грамматиканың негізінде, грамматикалық анықтама-ережелерді саналы түрде қолдану арқылы жүргізу методын ұсынады» [1]. Демек, орфографиялық дағдыны қалыптастыруда грамматикалық бағытқа жетекшілік мән беріледі. Қазақ тілі орфографиясын зерттеген қазақ ғалымдарының қатарына М.Балақаевты (Емле сөздігі) атап өтуімізге болады. Ол қазіргі қазақ орфографиясындағы негізгі мәселелерді зерттеген. Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал», Ж.Аймауытов «Тіл туралы», Қ.Жұбановтың «Еңбекші қазақ» газетіне шыққан қазақ тілі фонетикасы, грамматикасы туралы бірнеше еңбектерін ескере кеткен жөн.

Сауатты жазу – емле ережелерін жақсы меңгеруден басталады. Оқушылар қазақ тілі емле ережелерін мұғалімнің көмегімен, үйретуімен ұғынады.

Орфография зерттейтін объектілер мыналар: Әріптердің жазылу емлесі. Түбір мен қосымшалардың қолданылу жолдары. Сөздің бөлек-бөлек не бірігіп, я дефис арқылы жазылу емлесі, қысқарған сөздердің жазылуы. Бас әріптердің қолданылуы мен жазылуы. Сөздің тасымалдану жолдары. Шылау сөздердің жазылу емлесі.

Келер ұрпақты білімді ету үшін, ең бірінші, білім сапасын арттыру керек. Ал білім сапасы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау арқылы белгіленеді, яғни бағалау - білім сапасын басқарудың негізгі критеийі.

«Бағалау - одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. «Бағалау» термині «жақын отыру» латын тіліндегі мағынада - бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады» [2].

Бағалау дегеніміз – жұмыс жасаудағы үлгерім деңгейі, тапсырманың дұрыстығы және оның оң нәтижесі, білімнің сапасы, іскерліктің сапасы.

Бұл жерде негізгі мақсат - оқушылардың оқу жұмысын бақылау, олардың үлгерімін және кері байланысын есепке алу.

Мұғалім оқушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны игеру сапасын тексеріп қана қоймайды, ол оларды ойлау тәсілдеріне, практикалық жұмысқа үйретеді. Білімдегі кемшілікті жоюдың жолдарын іздестіреді. Әр сабақта бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындыққа кездесуі мүмкін екенін анықтау қажет.

Баға – оқыту үдерісіндегі қозғаушы күш. Сыни тұрғыдан алып қарасақ, оқушылар өздерінің білімінің толығуына көмектеседі. Бағалаудың біраз түрлеріне тоқтала кетсек:

« Қосу – Азайту – Қызықты ұсыныс » стратегиясы.

+ - Қызықты ұсыныс Нені жаналық болды? Нені түсінбеді? Өзінің ұсынысын жазады.

«Жазбаша түсіндірме». Бағалаудың міндетті элементі – кері байланыстың жасалуы.

Мұғалім оқушылардың жазбаша жұмыстарын тексерген кезде, тек баға ғана қоймай, түсініктемесін жазып кету керек. Түсініктемелері анық және түсінікті болу керек. Дұрыс орындалған жерін белгілі бір түспен, ал қосымша толықтыратын жерді басқа түспен белгілеуге болады.

«Бір минуттық эссе» «Бір минуттық эссе» -бұл мұғалімнің оқушылардан кері байланысты болу үшін және де жаңа тақырып бойынша не түсініп, нені түсінбегенін білдіреді. Мұғалімге келесі сұрақтарды қоюға болады: -Бүгін сен нені білдің? -Қандай сұрақтар саған түсініксіз болды? «Екі жұлдыз және тілек» Оқушылар өз сыныптастарының шығармашылық жұмыстарын бағалағанда қолданылады. Оқушылар бір-бірінің жұмыстарын бағалағанда екі жұлдызшаға жақсы жағын көрсетеді, ал қате орындалған жағына, өз пікірлерін білдіріп кетеді.

«Жұдырықтан бес саусаққа дейін». Жұдырық – егер тапсырмада көп қателер жіберілсе; Үш саусақ – егер тапсырма жақсы деңгейде орындалса; Бес саусақ – егер тапсырма өте жақсы деңгейде орындалса.

«Бас бармақ» .Бас бармақтың төмен түсіп тұрғанын көрсетсе – тапсырманың дұрыс орындалмағанына көз жеткізеді; Бас бармақты оң немесе сол жаққа көрсетсе – тапсырманы жақсы деңгейде орындалғанын білдіреді; Бас бармақ үстіне қарап тұрғанын көрсетсе – тапсырма өте жақсы немесе дұрыс орындалғанын түсінеміз.

Гүл, жапырақ, жеміс арқылы бағалау.Жеміс - жауабы толық, әрі дәлелді жауап берсе; Гүл - жауабы толық, бірақ оқушыда өзіне деген сенімсіздік болса;

Жапырақ - жауабы толық емес, әрі біраз қателер табылса. Осы карточкаларды балаға әр тапсырманы орындаған сайын пайдалануға болады.

Құпия жәшік. Мұнда оқушы өзін-өзі бағалайды немесе мұғалімнің қойған бағасымен келіспесе, осы жәшікке оқушы сабақтың соңында өз ойын жазып, бүгінгі сабақта өзіне қояр бағасын қоса жазып кетеді. Мұны мұғалім қайтадан өзі талдап, келесі сабақта оған жауап түрінде жәшікке қағазды салады. Ал оқушы өзіне қажет жауапты қарап, өзі ой түйеді.

Кері байланыс мұғалімдерге біріншіден, оқытудағы кемшіліктерді анықтауға; екіншіден келесі сабақтар тізбесіне өзгерістерін енгізуге, яғни оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануға; уақытты тиімді пайданауға мүмкіндік береді деп ойлаймын. Демек, бұл жерде мұғалімнің және өз сыныптастарының берген кері байланысы оқушыны қалыптастыруға, оқу мақсаттарына жетуге үлкен көмегін тигізеді.

Қортындылай келе айтарымыз, жаңартылған оқу бағдарламасы, бағалау мен оқыту арасындағы қиындықтарды жойып, үйлесімді нәтижеге жетуге алып келеді. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастап отырмыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі :

1. https://baribar.kz/student/16602/zhazu-sauattylyghy-men-kalligrafiyasynynh-oezara-baylanysy/https://ust.kz/word/bayandama_bastayys_synypta_panderdi_oqytyda_oqysylardyng_oqy_jetistikterin_bagalaydyng_erekselikteri-91423.html
2. Нұсқаулық (III негізгі деңгейге арналған) 2013ж2.Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі Әдістемелік құрал 2015ж3.Блум таксономиясын оқу үрдісінде пайдалану әдістемесі Әдістемелік құрал 2013ж5.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы - 2015 ж. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы мұғалімге арналған нұсқаулық.

ОСНОВНЫЕ ВИДЫ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Бекболганов Е.Д. - к.п.н.
Лази А.А. - магистрантка 2 курса специальности – Дефектология
Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы

Аннотация: Бұл мақалада білім беру сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың маңызды бағыттары, білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету; жылдам өзгеретін әлемде табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуда оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін қолданылатын амалдар қарастырылған. Нақты айтқанда мақалада біз оқу-танымдық қызмет түрлерін бөлу, ұйымдастыру және меңгеру мәселесін қарастырамыз және өзін-өзі құрметтеу сияқты тұлғаның маңызды компонентінің базасын құруды қамтамасыз ету жолдарын көрсетеміз.

Кілтті сөздер: білім беру, оқу-таным, таным, өзінің структурасы, еңбек, ойын.

Аннотация: В данной статье предусмотрены важнейшие направления работы по повышению качества образования, обеспечение равного доступа всех участников образовательного процесса к лучшим образовательным ресурсам и технологиям; подходы к удовлетворению потребностей учащихся в образовании, обеспечивающие успешность в быстро меняющемся мире. В частности, в статье мы рассматриваем вопрос распределения, организации и освоения учебно-познавательной деятельности и показываем пути обеспечения создания базы важного компонента личности, таких как самоуважение.

Ключевые слова: образование, учеба-познание, познание, своя структура, труд, игра

Annotation. This article provides for the most important areas of work to improve the quality of education, ensuring equal access of all participants of the educational process to the best educational resources and technologies; approaches to meet the needs of students in education, ensuring success in a rapidly changing world. In particular, in the article we consider the issue of distribution, organization and development of educational and cognitive activity and show the ways to ensure the creation of the base of an important component of personality, such as self-esteem.

Key words: education, study-cognition, cognition, own structure, work, game

В педагогике XXI века в центре стоит личность ученика, которая и является целью образования. Поэтому педагогический процесс имеет ориентацию на индивидуальный подход к каждому ученику, который имеет свои способности. И педагогу нужно найти в каждом ученике его лучшие качества, учитывать особенности его личности, формировать у него положительную «Я - концепцию», стимулировать «к учению с увлечением», повышать качество образования.

В настоящее время изменяются требования общества к личности, которая должна обладать способностью к самообразованию и саморазвитию. Это возможно в целенаправленном осуществлении процесса развития познавательного интереса учащихся в школьные годы.

В настоящее время особое значение придается тем идеям и направлениям, которые могут быть реализованы в системе технологий личностно-ориентированного и развивающего обучения.

Сегодня образование признано одним из важнейших приоритетов долгосрочной Стратегии «Казахстан - 2050». Н.А. Назарбаевым была поставлена задача о вхождении республики в число 30-ти наиболее конкурентоспособных стран мира [1]. В достижении данной задачи немаловажную роль играет совершенствование системы образования.

На это ориентируют школу и основные требования «Государственный общеобязательный стан-

дарт начального, основного среднего, общего среднего образования Республики Казахстан», который делает значительный шаг к обновлению и к разгрузке содержания обучения, с одной стороны, а с другой - впервые нормативно закрепляет вариативность, дифференциацию и индивидуализацию обучения в современной школе [2].

Важными направлениями работы по повышению качества образования являются обеспечение равного доступа всех участников образовательного процесса к лучшим образовательным ресурсам и технологиям; удовлетворение потребности учащихся в получении образования, обеспечивающего успех в быстроменяющемся мире; формирование в общеобразовательных школах интеллектуального, физически и духовно развитого гражданина Республики Казахстан.

На всех уровнях методологического анализа учебно-познавательной деятельности для нас является проблема ее видов, так как именно виды учебно-познавательной деятельности должны стать предметом усвоения учащимися в процессе образования.

В данной статье мы рассматриваем проблему выделения, организации и овладения видами учебно-познавательной деятельности, решение которой, на наш взгляд, обеспечит создание базы такого важного компонента личности, как самоуважение.

Рассматриваемый нами возраст - это учащиеся 10-16 лет. На этот период приходится пик интелектуального развития личности. Любые ошибки чреваты задержкой, упущениями в формировании творческой математической деятельности. Соответственно методологическому положению о формировании и развитии личности в активной деятельности, мы должны учесть, что в этом возрасте творческое формирование и развитие учащегося происходит в учебно-познавательной деятельности. Следовательно, любые упущения в овладении этой деятельностью ведут к снижению творческого уровня учащегося. Творческая сторона личности напрямую связана с уровнем овладения учебно-познавательной деятельностью.

Несомненно, что на характер творческого развития оказывают влияние и другие общие виды деятельности человека. Нужно отметить, что в их выделении существует некоторый разнобой. Мы не ставили своей задачей анализ данной проблемы. Остановимся только на некоторых ее аспектах.

М.С.Каган рассматривает деятельность как способ овладения деятельностью и выделяет следующие виды деятельности: познавательная; преобразовательная; целостно-ориентационная; общение [3].

В педагогических исследованиях (Бабанский Ю.К., Щукина Г.И. и др.) выделяютсяи анализируются, в первую очередь, такие виды деятельности, как игра, учение и труд.

В. В. Белич в своем исследовании выделяет в качестве ведущих видов деятельности труд и игру, как самостоятельные, познание - как производное от них. При этом в основу выделения видов он кладет не предмет, как определяют психологи, а ведуший мотив, удовлетворяемый данным видом деятельности: труд - удовлетворение биологических потребностей; игра - удовлетворение эмоциональных потребностей; познание - удовлетворение творческих потребностей, связанных с трудом и (или) игрой [4].

В любом случае, познавательная деятельность рассматривается как самостоятельный вид человеческой деятельности. Познавательная деятельность подростка, осуществляемая в специфических учебных условиях, представляется как учебно-познавательная деятельность. И по многим признакам (предмету, целям, структуре и т.д.) соответствует познавательной деятельности ученого (познанию).

Далее встает вопрос, в каких видах (формах, способах, приемах, методах и т. д.) эта деятельность реализуется на практике. Анализ психолого-педагогической литературы дал нам возможность сделать выводы:

возможности проявления учебно-познавательной деятельности в реальной школьной практике самые разнообразные;

один и те же проявления этой деятельности трактуются в литературе как виды, формы, приемы, способы, методы и т.д.;

отсутствует единая, достаточно обоснованная классификация видов (способов, форм, методов, приемов и т.д.) учебно-познавательной деятельности учащихся.

Методологическим является положение о возможности выделения того или иного вида деятельности в зависимости от предмета деятельности (А.Н.Леонтьев). Различие предметов определяет различие видов.

Определяя для себя возможность обозначения того или иного проявления учебно-познавательной деятельности, мы исходили из следующих предположений:

мы вправе оперировать понятием «вид деятельности», если сможем указать предмет каждого вида;

выбирая понятие «способ деятельности», мы должны иметь в виду, что способ, путь достижения какой-либо цели есть метод (дидактическая трактовка); понятие метода деятельности в литературе настолько неопределенно, что его анализу надо посвящать отдельное исследование. Анализ различных определений понятия «метод» выполнен Г.Г.Гранатовым [5], В.А.Черкасовым [6] и другими;

если ориентироваться на понятие «приемы деятельности», то мы вновь сталкиваемся с неопределенностью методологического плана: прием как совокупность методов; прием как составная часть метода; прием как проявление метода в конкретной ситуации; 4) понятие «форма деятельности» для нас неприемлемо, т.к. сводит сущность учебно-познавательной деятельности только к внешней, предметной стороне.

Мы для себя определили проявления учебно-познавательной деятельности как ее виды. При этом мы мсходим из общепринятого понимания понятия «вид» как части целого, сохраняющей его основные свойства и имеющей свои отличительные признаки. Если говорить о видах учебно-познавательной деятельности, то все они: направлены на познание целостного мира; реализуют познавательные потребности; обеспечивают формирование и развитие творческой сферы личности и т. д.

Вместе с тем, каждый вид учебно-познавательной деятельности имеет:

свой предмет, являющийся частью общего предмета деятельности в целом;

свою стуктуру.

При определении видов учебно-познавательной деятельности мы исходили из представления о сложности, многокомпонентности общего предмета деятельности.

Предмет учебно-познавательной деятельности учащмхся - это не знания, умения, качества личности. Знания, умения, качества - это результат, т. е. цель этой деятельности.

Предмет - это то, на что направлена деятельность (А. Н. Леонтьев), что познается, воспринимается человеком: свойства, признаки, связи и другие характеристики; а также, учитывая рефлексивные явления, переживания, отношения, ощущения и другие чувства.

В предмете деятельности выделяется, таким образом, две стороны - объективная (элемент познаваемого объекта) и субъективная, т. е. то, что в нем личностно значимо.

Перед учителем в процессе преподавания математики встает задача научить учеников выполнению каждого вида учебно-познавательной деятельности, сформировать у них умения планировать и рационально организовывать свою деятельность. От того, как хорошо ученики владеют различными видами деятельности, как хорошо умеют применять их для получения новых знаний, в значительной мере зависит их познавательная активность, а также познавательные интересы и потребности, развитие в целом. Однако в школьной практике мы наблюдаем значительное преобладание тех видов учебно-познавательной деятельности, которые наименее эффективно обеспечивают развитие личности школьника.

Итоги проведенного анкетирования учащихся в школах города Алматы и Алматинской области позволяют сделать следующие выводы: Ученики предпочитают пассивные виды деятельности. Ученики оценивают собственную активность как недостаточную. Большинство учащихся не приучены самостоятельно находить ответы на возникающие вопросы.Учебно-познавательная деятельность школьников носит преимущественно нецеленаправленный характер.

Эти выводы были подтверждено в последующем другими анкетами, наблюдениями за деятельностью учеников на уроках, анализом контрольных и самостоятельных работ, анализом ответов выпускников школ на экзаменах.

В чем причина низкой активности учащихся процессе обучения математике в школе?

На наш взгляд, это следующие причины:

Изучению в школе подлежит сложный учебный материал, трудный для усвоения учениками.

Умения школьников самостоятельно работать, самостоятельно изучать учебный материал сформированы на низком уровне.

Учителя зачастую не умеют эффективно организовать и управлять учебно-познавательной деятельностью школьников, не могут научить школьниковвыполнять эту деятельность.

Итак, учебно-познавательные виды деятельности - наблюдение, эксперимент, работа с книгой, систематизация знаний и другие виды. Составной частью каждого вида деятельности психологи и педагоги и считают действия операции.

Список литературы:

1. «Стратегия «Казахстан - 2050», Послание Главы государства Н. Назарбаева народу Казахстана. 11 ноября 2014 г.

2.«Государственный общеобязательный стандарт начального, основного среднего, общего среднего образования Республики Казахстан», - ГОСО-2012 №1080, 2012 г.

3. Каган М. С.Человеческая деятельность. - М.: Политиздат, 1974. - 328 с.

4. Белич В. В. Комплексный анализ учебно-познавательной деятельности. Челябинск: Изд-во ЧелГУ, 1986.
5. Гранатов Г. Г. Метод дополительности в педагогическом мышлении. - Челябинск: Изд-во ЧГПИ, 1991. - 129 с.
6. Черкасов В. А. Оптимизация методов и приемов обучения в общеобразовательной школе. - Иркутск: Изд-во Иркут. ун-та, 1985. - 200 с.

INTERACTIVE METHODS OF TEACHING A FOREIGN LANGUAGE AS MODERN INTERPRETATION OF ACTIVE LEARNING METHODS

К.M.Berkimbayev - Doctor of pedagogical sciences, professor
D.Yu.Mutanova, Burhan Umur Atikol - PhD Doctor Student
Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

The article deals with the interactive and active methods of teaching foreign language in which the student's activities are productive, creative, and exploratory in nature. Different types of active methods as lecture, seminar, role-playing, playing games, brainstorming is identified, game is studied as the case method, which represents research and analysis of real situations with the subsequent proposal of possible solutions to the problem situation. It also deals with the experience of many domestic and foreign teachers, their demonstrations of effectiveness of the use of interactive methods as one of the ways to develop intellectual abilities and critical thinking.

Key words: method, interactive learning, lecture, seminar, learning process, professional activity.

In the context of modern globalization, the state's entry into the global educational space focuses on improving the quality of training for future teachers. From this point of view, in the traditional message of the First President Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan "New decade - new economic recovery - new opportunities for Kazakhstan", implementing the development program until 2050 [1], it is planned to achieve high-quality education in Kazakhstan. The quality of higher education must meet the highest international standards. Universities of the country should strive to achieve the ratings on par with the world's leading universities, - stressed he. Therefore, there is a need to revise new aspects of the requirements for improving the quality of the educational process in the country's universities.

In this regard, the head of state have set specific tasks at 76 steps of the Nation Plan "100 concrete steps": "improving the quality of human capital, updating training standards", at 79 steps "improving the competitiveness of trained personnel" [2].

The seventh paragraph of the ten main development objectives in the context of the «Fourth Industrial Revolution» states: «human capital is the basis of modernization. A new quality of education. It is necessary to accelerate the creation of our own advanced system in education, covering all ages of citizens [3]. The main priority of educational programs should be a constant decline to change and the development of the ability to master new knowledge. It is necessary to develop pedagogical departments and faculties at universities of the country. It is required to translate to English applied scientific researches". Here, the necessity of improving modern active methods of teaching foreign language sets out as the principal way of teaching.

The term "active methods and forms of learning" has long been used in the process of learning a foreign language. The active method is understood as a form of active interaction between the teacher and students, who in this case act not as passive students, but as active participants in the class. Active learning methods are such learning methods in which the student's activities are productive, creative, and exploratory in nature. Training at the same time turns into a random activity of students to develop and transform their own experience.

There are two mandatory requirements for active teaching methods: first, they must contribute to the activity of students in the educational process, and second, they must provide a deep understanding of the material being studied. These requirements are related. Students cannot be active in the learning process if they do not understand the material being studied, but they will not be able to understand it without being actively involved in the learning process. These requirements play an important role not only in teaching, but also in education, as well as in the development of students' cognitive abilities. The choice of teaching methods for achieving goals and solving problems when learning a foreign language is determined by the need to form communicative competence and a set of general cultural competencies in students that are necessary for interpersonal interaction and cooperation in intercultural communication, as well as to ensure the required quality of education at all stages [4].

This term unites a group of educational technologies that achieve a high level of activity of students' learning activities. However, it is worth noting that in recent years the term "interactive learning" has

also become widespread. Currently, one of the key goals of the learning process has been to develop the personality of the student and to increase the degree of his activity. Thus, there is a need to create appropriate educational technologies. There is a need to create learning conditions that are responsible for the desire of students to get new results of work and successfully apply them in practice [5].

It should be noted that an equal sign is sometimes put between the active and interactive methods. However, despite the fact that these methods have some commonality, they are still different from each other. The interactive teaching method can be considered as the most modern form of the active method. The concept of «interaction» (from the English. Interaction - interaction) first emerged in sociology and social psychology. In psychology, interaction refers to the interaction, the mutual influence of people or the influence of groups on each other as continuous dialogue. In John Meade's social psychology, direct interpersonal communication ("exchange of symbols"), the most important feature of which is the ability of a person to "take on the role of another", to imagine (feel) how his partner perceives communication (or group) [6].

Annotation: This article describes the effectiveness of using portfolio in the learning process. In order to provide quality education for young people for a brighter future for the country, many new reforms are underway.

Keywords: portfolio, educational process, student, education, model.

Білім сапсын арттыруда, білім алушылардын білім жетістіктерін бақылау және бағалау мәселесі үлкен ықпал ететіні сөзсіз.

Осы жағдайда портфолио арқылы студенттердің білім жетістіктерін бағалау, қосымша теориялық материалдарды өз бетінше меңгеру тәсілдерін қолдануға болады.

Еліміздің озық мемлекеттер қатарында болу біздің бірден-бір негізгі мақсаттарымыздың бірі. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін еліміздің жан-жақты дамуы ең алдымен білім жүйесінің сапалылығынан басталатыны анық. Осыған орай мемлекетіміздің тұңғыш президенті Н.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбы бойынша 2018 жылдың 10 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы халықана жолдауындағы «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс» - деген сөздерінен көрініс табады.[1]

Қазіргі уақытта еліміздің білім жүйесіне қойылатын талаптар күрделеніп, күшеюде. Заман талабына сай мемлекетіміздің жастарына сапалы білім беру арқылы азаматтық қоғамының саналы, мәдениетті, білімді мүшесін қалыптастырып, жетілдіру мәселесінің өзектілігі барлығымызға айқын.

Осы мақсаттарды негізге ала отырып, қазіргі білім беру жүйесіне жаңа ақпараттық технологияларды, жаңа білім бағдарламаларын енгізу басты мәселе. Білім беруді ақпараттандыру арқылы оқу үдерісінде жастардың білімі мен ақпараттық мәдениеті дамиды. Ақпараттық мәдениеті дамыған тұлға ақпараттық технология мүмкіндіктерін біле отырып, оларды өз қызметтерін жүзеге асыруда пайдалана білу шеберлігін, дағдысын жетілдіреді және білім алу барысында программалық құралдарды пайдалану мүмкіндігін толық пайдалана алады.

Аталынған мақсаттарды жүзеге асыру барысында оқу үдерісінде портфолио технологиясының қолданылу әдісі - білім беру жүйесінің ақпараттануының бір саласы болып табылады.

Портфолио білім беру жүйесінде ең жиі қолданылатын, нәтижеге бағытталған технологиялар түрлерінің бірі болып табылады. Бұл технолгия бақылау тесттердің нәтижелері бойынша білім алушылардың білімін бағалау жүйесіне тәжірибелі мұғалімдер мен педагог-ғалымдар назар аударғаннан кейін ғана таратыла бастады. Олар, тест білім алушылардың толық көлемде не ойлау процестері-нің қалыптасуын, не пәндер бойынша білім меңгергені туралы толық көрсеткіш бере алмайтындығы туралы қорытынды жасады [1].

Портфолио: белгілі бір уақыттағы білім алушылардың жеке жетістіктерін бағалау, белгілеу, жинақтау тәсілі; оқушының нәтижеге жетудегі әртүрлі жұмыстарын жан-жақты жариялау ғана емес, оған жұмсаған күш-қуаты,және онымен бірге білім,біліктерін бұрынғы көрсеткіштер нәтижелерімен салыстырғанда,айқын алға басқандығын дәлелдейтін жұмыстар жинағы; білім алушылардың белгілі бір уақытта (тоқсан,жартыжыл,жыл) бір нәрсе бірнеше пәндерге қатынасы мен білім, білік мониторингісінің, мұғалім мен оқушылар пайдаланатын жүйелі және арнайы ұйымдастырылған жетістіктер дәлелдерінің жинағы; өзі талдау жасап, өзі бағалайтын, бағалауға ұсынған жұмыстар таңдауына оның тікелей қатысуын талап ететін, білім алушы жұмыстарының антологиясы [2,36 б]

Портфолио - білім алушының жетістіктерін және жинақтаған тәжірибесін дәлелдейтін көптүрлі ақпарат жинақталған файлды жұмыс папкасы. Дәстүрлі бақылау-бағалау құралдарын толықтыра отырып, портфолио оқушының әртүрлі – оқу, шығармашылық, әлеуметтік, коммуникативті және т.б. әрекет түрлеріндегі көрсеткіштерін есепке алуға мүмкіндік береді және білім беруде әрекеттік, тәжірибеге бағытталған тәсілінің маңызды элементі болып табылады. Оқу портфолиосының түпкі мақсаты-оқу-танымдық әрекетінің заттанған өнімдері бойынша,жұмсалған күші, нәтижелері бойынша оқыту алға басуы дәлелдемелерінен тұрады, ал негізгі маңызы - «Бар қабілеттерінің барлығын көрсету» [2].

Сонымен портфолио – бұл білім алушының, білім берушінің жетістіктерін тіркейтін, жинақтайтын, бағалайтын және қорытындылайтын құжаттар жинағы. Портфолионың негізгі мақсатына жеке тұлғаның өзіндік дамуы мен жан-жақтылығын, шығармашылық бейнесін айқындау жатады.

Портфолионың кәсіптік, лауазымдық, шығармашылық, тақырыптық, қызметтік, білім алушылар үшін және электронды түрлері бар. Кәсіптік портфолио белгілі бір кәсіп иесінің құжаттар жинағы болса, лауазымдық портфолио лауазым иесіне арналып құрылады. Шығармашылық портфолио ақын, жазушы, суретші және т.б. өнер адамының шығармашылығына арналған болса, тақырыптық портфолио белгілі бір зерттеу жұмыстарына арналады. Қызметтік портфолио белгілі бір қызмет саласына арналса, білім алушылардың портфолиосына оқушылардың, студенттердің құжаттары, жетістіктері тіркеледі [3.71б]

Электронды портфолио дегеніміз – оқытушының немесе студенттің өзінің орындап жатқан жұмыстары жөнінде барлық мәліметтің магниттік дискіде файл түрінде берілуі [3].

Портфолиолардың осы аталып өткен түрлерінен басқа да түрлері бар. Ғылыми әдебиеттерде портфолионың келесідей түрлері беріледі:

Құжатты немесе «жұмысты» портфолио: Ол нақтылы мерзім ішіндегі іріктеп алынған жұмыстарды жинақтайды және жоспарланған нәтижелеріне қарап оқушының табыстарының өзгерісін көрсетеді. Құжатты портфолио барлық мидағы жазылған идеялардан, жобалардан және оқушының толық бітірілген жұмыстарын қамтиды (презентация, шығарма, эссе тағы сол сияқтылар). Портфолио материалдары нақты бір білім беретін мақсаттарға бағытталғанда ғана мағыналы болып қалыптасады. Портфолиоға күшті және әлсіз жұмыстар да кіре алады.

Портфолио процесі: Мұндай портфолио барлық тұрғыларды немесе оқытудағы процесстің фазасын құжаттайды. Бұл портфолио түрі барлық оқу процесін құжаттауға келгенде өте пайдалы. Ол оқушының бойына сіңірген нақтылы білімін немесе дағдыларын және негізгі деңгейден жоғары деңгейге алға басуын көрсете алады. «Портфолио процесі» оқушының рефлексиясын оқу туралы процеске күшейтеді. Мұндай портфолио ойлау күнделіктерінің, жазылған идеялардың және тағы басқа оқушы рефлексиясының қолданылуын ескереді.

Демонстрациялық (көрсетпелі) портфолио. Бұл портфолио түрі суммативті бағалауда өте көп қолданылады. Ол мұғалім мен оқушылардың таңдап алған жақсы жұмыстарынан тұрады. Тек қана толық аяқталған жұмыстар осы портфолио түріне кіреді. Бұл портфолио түрін көбінесе көрнекілік құралдарымен толықтырады: фотосурет, бейнежазбалармен, компьютер арқылы есептелген нәтижелермен. Демонстрациялық портфолио оқушының қандай жұмыстарды осы портфолио түріне еңгізетіні туралы шешім қабылдауда жазған ойларынан тұрады.

Кейбір авторлар өздерінің еңбектерінде электронды портфолиолардың бірнеше түрін бөліп көрсетеді:

Жетістіктер портфолиосы, мұнда оқытушының қызметтік жетістіктеріңізді дәлелдейтін құжаттарға барынша назар аудару керек.

Презентациялық портфолио жаңа жұмыс орнына келгенде қажет. Әсіресе еңбекақы әңгімелесу қорытындысы бойынша тағайындалатын жағдайларда.

Тақырыптық портфолио. Бұл нұсқада әртүрлі қызмет саласындағы тақырыптық ерекше шығармашылық жұмыстарға баса назар аударылады.

Кешенді портфолио жоғарыда аталып өткен портфолио түрдерін біріктіреді және оқытушы портфолиосын таныстыруға жарамды [4].

С.Саффкова портфолионы қолдану мынадай мүмкіндіктерге жол ашатындығын көрсеткен: оқытушы үшін – білім алушының жетістіктерімен танысып, олардың маңыздылығын айқындау мен бағалауға негіз болады; білім алушы үшін – тұлғалық тұрғыдан дамып, мотивация мен өзіндік жетістіктер, кемшіліктер мен мүмкіндіктер туралы түсініктерінің өзгеруіне байланысты әрі қарай жетістіктерге жетуіне мүмкіндік береді; оқу орны үшін – білім алушылардың мүмкіншіліктерін айқындап, соған байланысты оқу бағдарламалары, сабақ беру әдістемесі мен оқу үдерісін ұйымдастыруды студенттердің мүмкіншіліктеріне байланысты өзгертуге бағыт жасайды [5].

Портфолио жинақтаушы, үлгілік және шығармашылық қызметтерді атқарады. Жинақтаушы қазметі портфолио құрастырушының жұмыстарының жиынтығымен сипатталады. Портфолионың үлгілік қызметі оқудың өзіндік стратегиясын айқындап, қажетті материалдар мен жұмыс түрлерін таңдау мүмкіншілігін береді. Ал, шығармашылық қазметі білім алу және кәсіби тұрғыдан қажетті әдістер мен тәсілдердің қолдануын ұғынып, оларды қолдану мен өзгерту мүмкіншіліктерін жинақтайды.

Мазмұнына қарай портфолио үш модельден тұрады:

- Құжаттар портфолиосы - сертификатталған жеке білім жетістіктерінің портфелі. Оған жататындар: диплом, грамота, білім алушының белсенділігі мен табысын растайтын басқа да ресми құжаттар.

- Жұмыс және жоба портфолиосы – білім алушылардың әр түрлі шығармашылық және жобалық жұмыстарының жинағы, сондай-ақ, оның оқу және шығармашылық белсенділігінің негізгі түрі мен бағыттарының сипаттамасы: ғылыми конференция, конкурстарға қатысуы, факультатив өтуі, спорт және өнердегі жетістігі т.б.

- Пікірлер портфолиосы - оған педагогтар, құрбылар, сондай-ақ өзінің жұмысы мен оның нәтижесі туралы білім алушылардың жазбаша талдауы енгізіледі. Ол қорытынды, пікірлеме, пікір, резюме, ұсыныс хат пакеті түрінде болуы мүмкін.

Портфолионың үлгісі төрт деңгейде жүзеге асырылады: қойылған өлшемдерге ең жақсы жолмен жауап беретін жұмыстарды іріктеу портфель үшін оның потенциалды пайдалылығы тұрғысынан ақпаратты саралау және жинау; әр ұсынылған жұмыстың сын пікірі, мазмұндамасы; портфолионың әрбір сыңарын өңдеу; кейінгі мақсаттарды тұжырымдау және қол жеткізген немесе қол жеткізбеген мақсаттар тұрғысынан портфолионың жеке бағасы. Бұл жағдайда бағалаудың басты критериялары келесідей негізгі сұрақтар болып табылады: [6].

- Мақсат тұжырымдалды ма және сол мақсатқа жетті ме?
- Оқу объектісі нақты анықталды ма?
- Оқу үдерісі қаншалықты тиімді көрсетілген?
- Оқу жетістігі қадағаланады ма?
- Өзін-өзі бағалау қабілеттілігі және өзін-өзі ұйымдастырудағы қабілеттілігі анық па?
- Қаншалықта жұмысты іріктеу қабілеттілігі анық?
- Оқудың үдерісі мен нәтижесі қаншалықты баламалы?

Қорытындылай келе, өскелең бәсекелестік жағдайда білім беру жүйесінің үздіксіз дамуы мен қызметін жоғары дәрежеде жетілдіру қажеттілік едіміздің өзекті мәслерінің арасындағы ерекшесі. Қазір қолданылып отырған білім беру жүйесінің жаңа типтерінің пайда болуы мен оны соңғы жағдайға сәйкес өзгерту, оқытудың әдісі мен амалдары, үлгілері, мазмұнының жаңаруы өз кезегінде ғылыми идеялар мен психологиялық-педагогикалық теория негізінде жетілдірілген практикалық шешімдерге негізделуі керек. Сонымен қатар дамыған қоғамда мынандай заңдылықтар әрекет етеді: жаңашылдар мен жаңалық енгізушілер неғұрлым көп болса, соғұрлым шығармашылық бастамасы адам бойында айқын көрініс табады.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақылой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімІ

1. Мемлекет басшысының “Болашаққа бағдар:рухани жаңғырту” атты мақаласы
2. Бабанский Ю.К. Интенсификация процесса обучения. – М.: Знание, 1987. – 80 с.
3. ЮдинаИ.Г. Портфолио ученика средней школы .-Волгоград: Учитель,2007
4. Дүйсенбекқызы Ә.Г. Студенттердің оқу сапасын көтеруде электрондық портфолионың рөлі / https://agartu.com/655-studentterd-ou-sapasyn-kterude-elektrondy-portfoliony-rl.html
5. http://tilimen.org/formativti-bafalau-edisteri.html?page=2
6. Саффкова С. Портфолио как способ научить писменной аргументации. Перемена международный журнал о развитии о мышления через чтение и письмо- 2001
7. Студенттік¬ орталықтандырылған білім алу жағдайындағы магистранттардың білімін бағалау әдістері / https://articlekz.com/kk/article/17207

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ХАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ОРНЫ

Жиенбаева С.Н. – П.ғ.д., профессор
Ақбергенова К.М. - 6М010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
мамандығының 2-курс магистранты, ҚазҰлтҚызПУ

Аннотация. В статье расматриваетсявоспитательного потенциала традиций культурно-исторической среды и определении педагогических возможности формирование социального навки дошкольников
Ключевые слова: традиция, социальные навыки, дошкольный возраст

Annotation. The article discusses the educational potential of the traditions of the cultural and historical environment and the definition of pedagogical opportunities for the formation of social skills of preschoolers
Keywords: tradition, social skills, preschool age

Адамның жинақтаған мәдениет элеметтері балаларға дайын норма және ереже күйінде беріледі. Мәдениетті меңгеру құндылықтар жүйесі ретінде педагогтың арнайы ұйымдастырылған әрекетінде және баланың өмірінде мәдени деңгейде шешіледі. Сондықтан бастауыш мектептің білім беру үдерісінде оқушыларды мәдени-тарихи дәстүрлермен, дәстүрлі ұлттық мәдениетпен (күн тізбелік, дәстүр, салт, әдет-ғұрып) таныстыру қажеттілігі туындайды. Фольклор, халық мерекесі, ырымдар, ойын, ертегілер адамдардың табиғатты қорғау тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп, олармен үйлесімді өмір сүруге дағдыландырады. Бастауыш сынып оқушысылардың мәдение тарихи дәстүр туралы білімі, біліктілігі, дағдысы тәжірибесі және оған құндылық қатынасы ережелері мен нормасы әлеуметтік құзыреттілігін құрайды. Аталған мәселені меткепке дейінгі кезеңнен жүзеге асыру, практика жүзінде анықтау және талдау, дамыту ғылыми білімнің басты өзегінің бірі болып табылады.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп мәдени-тарихи дәстүрдің тәрбиелік әлеуетін мектепке дейінгі кезеңнен бастау қажеттілігін меңзейді[1]. Мектепке дейінгі ұйым жұмысының ерекшелігі мен мүмкіндіктерінің сипатына қарай қарастырылады. Ата-бабадан әлеуметтік тәжірибені қайта жаңғырту және бекіту, нақты қоғамдық қатынастарды жүзеге асыру тәсілдері деген мағынаны білдіреді. Сөздіктерде дәстүр 1) тарихи қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа берліген идеялар, көзқарастар, талғам, дәстүр, әдет-ғұрып, мінез-құлық ережелері 2) тұрмыста қалыптасқан мінез құлық реттері 3) атадан бабаға берілген ауыз әдебиеті.

Дәстүр ғана арнайы халық мәдениетін, тарихын және оның әлеуметтік жағдайлармен байланысын көрсете алады. Біздің жағдайымызда мәдени-тарихи дәстүр – қазіргі қоғамда: еңбекте, әдет-ғұрыпта, шығармашылықта, фольклорда, тәрбие мен оқуда, архитектурада және т.б. мәдени-тарихи ортаны толтыратын барлық жинақталған дәстүрлер. Бұдан дәстүрді меңгеру балаларды тәрбиелеуде әлеуметтік-педагогикалық көзқарастың болуын талап етеді деп түйіндейміз. Қазіргі таңда бұрынғы жылдардағыдай мәдени-тарихи дәстүр тәрбиелік қызмет атқарады. Дәстүр қоғаммен қатар дамуда және сонымен қатар әлеуметтік маңызын жоғалтуына байланысты кейбір дәстүр ұмытылуда.С.А.Арутпоновтың көзқарасынша, дәстүр –филогенетикалық және онтогенетикалық мағынада адамның пайда болуымен бірге келеді. Дәстүр диахрондық жоспармен атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа, когортадан когортаға берілетін қалыптасқан барлық мәдениеттік қаңқасы мінез-құлық, дағды, ұғым деп түсіндіреді [2, 249-295- б].

Біздің пікірімізше, әлеуметтік құзыртеттілік халықтық идеяда қалыптасқан тарихи дәстүрлерді меңгермей жүзеге асыру мүмкін емес. Өйткені, дәстүр – тарихи категория. Әрбір халықтың басқа халықтардікіне ұқсамайтын өзіндік дәстүрлері бар. Олар халық өмірін жақсартады және ұлт мәдениетін жетілдіреді.

Дәстүрлерді халық аялап сақтайды және өңдеп, толықтырып, мазмұнын байытып отырады. Оларды сақтауға қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайы және рухани-мәдени деңгейі ықпал етеді. Әрбір қоғамдағы жаңа ұрпақ өткен қоғамдағы аға ұрпақтың тәжірибесін ішінара дәстүрлер арқылы пайдаланады. Демек, өткендегі аға ұрпақ тәжірибесін кіші ұрпаққа беру, жеткізу, үйрету үдерісі «тәрбие» деп аталады. Сондықтан дәстүрлер ұрпақ тәрбиесінде үлкен рөл атқарады. Дәстүр ұғымы көп мағыналы болғандықтан, оған ғылымда әр түрлі анықтамалар берілген. Егер Қа-

зақ совет энциклопедиясында: «дәстүр дегеніміз – ұрпақтан ұрпаққа көшетін тарихи қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Дәстүр – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің рухани негізі» [3,156-б] делінсе, философиялық сөздікте: «дәстүр (traditio – жапсыру, жалғастыру) – тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мұрат пен игілік, мінез-құлық қалыптары және т.б., қоғамда, ұлтта немесе жекелеген әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт бойы сақталатын әлеуметтік-мәдени мұра элементтері» – деп тұжырымдалады.Сонда сөздіктерде дәстүр белгілі қоғамда, тапта, әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт бойы сақталған және ұрпақтан ұрпаққа берілетін әлеуметтік және мәдени мұралар; әлеуметтік мұралар нысаналарын (материалдық және рухани) қамтиды; әлеуметтік мирас үдерісі және оның амалдары делінгендігін көреміз. Дәстүр ретінде белгілі қоғамдық қондырғылар, мінез-құлық нормалары, құндылықтар, идеялы, әдет-ғұрып, салттар және т.б. жатады.Анығын айтсақ, «дәстүр» мен «әдет-ғұрып» мәні жағынан бірдей. Және кейбір ғалымдар екеуінің арасында ешқандай

айырмашылық жоқ десе, көптеген зерттеушілер «әдет-ғұрып» пен «дәстүр» арасында ескеруге тұрарлық айырмашылықтың барлығына терминді семантикалық және этимологиялық жағынан қарастыру арқылы назар аударады. Дәстүр адамның пайда болғанынан бастап қалыптасып, филогенетикалық, онтогенетикалық мағынада түсіндіріледі. Дәстүр аға ұрпақтан жас ұрпаққа мәдениеттегі мінез-құлық нормаларының, дағдысы, ұғымдарының диахрондық жолмен берілуі деген. Э.С.Макарянның көзқарасынша, дәстүр интегралдық құбылыс ретінде қарастырып, оған салт, әдет-ғұрып, адам іс-әрекетінің бірқатар стереотиптік формалары[5].

Әлемдік ғылымда «дәстүр» термині әлеуметтік зерттеулердің өзгеше түрін білдіреді. Мәселен, өткен әлеуметтік бейнені қайта жаңғыртуға бағдарланған ақпаратты жазу амалы. Соңғылары тұрмыстың міндетті және мызғымас, табиғи заңдылықтарын индивид қабылдайды. Демек, дәстүр – қоғамдық сананың барлық салаларымен байланыста дамыған, топтасқан қауымның қалыптасқан бірыңғай көзқарасын, әдет-заңын, идеясын марапаттайтын жора. Олай болса, қазақ халқының ұрпаққа тәрбие берудегі бай тәжірибесін жинақтап, әдет-ғұрып, дәстүрін ғасырлар бойы қалыптастырған құндылығы – тұрмыстық шаруашылығы. Яғни дәстүрлі еңбегі, ата кәсібі. Біз осы жоғарыда айтылғанның бәрін ескере отырып, ең алдымен, қарастырылып отырған проблеманың теориялық-әдіснамалық негіздерін қалайтын «халықтық идея», «дәстүрлі еңбек», «еңбек тәрбиесінің дәстүрлері» ұғымдарына анықтама беруді жөн көрдік. Яғни әрбір халық өз мәдениетінің ішкі мәселелерін шеше отырып, ұлттың мәдениетін, өмір салтын, әдет-ғұрпын дамыта отырып, адамзаттың түрлі бөліктерінің өзара түсіністі-гінің кепілі болатын барша планеталық ынтымақтастықты көздейді.

Дәстүр, әдет-ғұрып, ырымдармен қатар әлеуметтік құбылыстардың кең аймағын қамтиды. Арнайы дәстүрлер барлық әлеуметтік жүйелерде қызмет атқарады, соның ішінде педагогикалық және олардың өміршеңдігінің қажетті шарты болып табылады. Әрбір ұрпақ, қажеттілігіне қарай дәстүрді қабылдайды, сонымен қатар дәстүрлерді таңдау арқылы өзінің болашағы мен өткенін болжайды. Дәстүрдің өміршеңділігі оның жаңа тарихи жағдайдағы келер ұрпақтардың дамуы негізінде тұрақтанады.

Салт-дәстүрлер – қоғамдық әлеуметтік құбылыс ретінде көптеген зерттеуші ғалымдардың назарын аударды. Қазақтың ағартушылары тарихи дәстүрлердің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудағы орнын айтпаса да, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени тарихи дәстүрлерді жас ұрпаққа үйретуді үнемі іске асырып, қадағалап отырды. А.Құнанбаев мәдени тарихи дәстүрлерге философиялық терең талдау жасап, жастардың дүние танымын жетілдіруде, әлеуметтік талаптарға бейімдеуде халықтың салт-дәтүрлерін өз шығармаларынжда тиімді пайдалана білді. Абайдың әрбір қара сөзі мен өлең жолдарының мазмұнына үңіле қарасақ, баланың тез өзгеретін өмір жағдайына табысты әлеуметтенуі үшін қажетті өмірлік маңызды дағдылары, ұжымда, қоғамда, мектепке бейімделуіне ықпал ететіндей ой тастаған [6]. Ғұламаның қара сөздерінде ата салтын сақтау өз ұлтының рухани мәдениетін сақтаумен, ... игі істерді көріп, бабалардың салт-дәстүрі үлкенді сыйлау дегенді аңғару қиын емес. Мәдени-тарихи дәстүрлер арқылы туыстық байланыстар, отбасылық дәстүрлер, мәдениеттің көптүрлілігі, адамдардың әлеуметтік рөлдерінің маңызын түсінетіндігін білдіреді.

Халқымыздың аса көрнекті ағартушысы Ы.Алтынсарин мектепте балаларды халықтық дәстүр, аңыз, әңгіме, мақал-мәтел үйрет, еңбекке баулу негізінде кез келген өзгермелі әлеуметтік ортада басқа адамдармен тіл табысуы және қолдауы, адамның жаңа өмірге бейімделе алу қабілетін қалыптастыруды көзделі[7]. Адамның жақсы не жаман болуы өскен ортасының игі әсеріне байланысты деген қағиданы қуаттап отырды. Бүгінге дейін мәні жоғары баланың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруға арқау боларлық хрестоматиясында халықтың тұрмыс салт дәстүрлерін сіңіру, адалдыққа, еңбекке, ұқыптылықты дарытатын балалардың тілі мен түсінігіне жеңіл

Ш.Уәлиханов өз халқының ғана тұрмыс-тіршілігін, дәстүрлерін зерттеп қоймай, соымен қатар

ұйғыр, қытай, дүнген, қырғыз жұртының салт-дәстүрлері, мәдени тұрмыстарын салыстыра зерттеп, ғылыми баға берген. Оның пікірінше, халық аузындағы нақыл сөздерді зерттеудің этнография үшін маңызы бар, себебі халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы мұндай сөздерден айқынырақ көрінеді.

Қазақ халқының зиялы азаматтары А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұханбетов мәдени-тарихи дәстүрлердің өзіне және қоршаған адамдарға оңды және жауапты қарым-қатынас, Отанына деген сүйіспеншілік, азаматтық тәртіп негіздерін, қоғамдық орындарда өзін ұстау ережелерін, ересектер мен құрдастарына байланыстың формаларын жаңғыртудағы рөлін көрсетті.

Елімізде С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Қ.Бөлеев, Ж.Наррызбаев, Н.Сәрсенбаев және т.б еңбектерінде қазіргі қоғамның дамуына қарай мәдени-тарихи дәстүрлердің прогрессивті бағыттарын оқу-тәрбие үдерісінің пәрменді құралы ретінде жан-жақты талдап көрсеткен[8].

Философ Н.Сәрсенбаев дәстүрдің қоғамдық өмірден алатын орнына, атқаратын қызметіне философиялық талдау жасай отырып, дәстүрге әдет-ғұрыптың өткен қоғамнан қалған озық түрлері мен тұрмыстық формалары, ырым-жоралары, рәсімдер жиынтығы кіреді деп тұжырымдаған. Белгілі қоғамда немесе ұжымда қалыптасқан дәстүр, өзінің өмір сүру заңдылығына толық ие болғаннан кейін сол қоғамдық өмірден жалғасын табады да, тұрақты орын алады. Сол сияқты дәстүр әдет-ғұрыптың жинақталған, көпшілікке ортақ, салтанатты түрде қолданылатын түрлері мен рәсімдерін қамтиды. Дәстүрге қоғамдық сананың ғылым мен әдебиеттегі, өнер менн саясаттағы бағыттары енеді. К.Ж.Қожахметова өзінің монографиялық еңбегінде салт-дәстүрдің құрамын ажыратып, салт әдет-ғұрып, ырым,рәсімдердің жиынтығы, ал дәстүрге салт-жораларды топтастырды[9]. С.Қалиевтың пікірінше, ырым, рәсімдер, жол-жоралар, салттың құрамдас бөлшегі болып саналады,дәстүр осылардың сұрыптalып, өмір өткелінен өтіп, тұрмыста тұрақты орын алған синтездік формасы[8].

Осындай дәстүрлермен сусындағы мектепке дейінгі балаларға көмек көрсетуді өтіне де, басқаға жәрдемдесе де алады; басқа адамдардың тілегін құрметтейді; өзін ұстай біледі және өзінің қажеттерін сыпайы түрде жеткізе алады. Ол жаңа ахуалға жақсы бейімделеді; төңірегінділердің өзіне көзқарастары әрқилы сипатта екенін түсініп, бөтен адамдар арасында өз орнын сезінеді; өзінің мінез-құлқы мен қатынас тәсілдерін бағындыра біледі; мінез-құлықтың лайықты баламасын таңдауға қабілетті; мінез-әрекетімен басқаларға бөгет жасамай-ақ құрбыларымен де, ересектермен де бірлескен іс-әрекетке қосыла алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.- Астана, 2018
2. Арутюнов С.А. Культуры, традиции и их развитие и взаимодействие. Люистон, 2002. Изд-во Эдвин Меллен Пресс. 386 с.
3. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1978. – Т. 3. – 698 б. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. – Алматы, Республикалық баспа кабинеті, 1995. – 185 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1978. – Б. 129.
5. Маркарян, Э.С. Очерки теории культуры / Э.С. Макарян.-Ереван: Изд-во АН Арм. ССР, 1969.
6. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б
7. Абай. Қара сөздері. Поэмалары. – Алматы: Ел, 1993. – 270 б.
8. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. – 228 б.
9. Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан. /Құраст. Қ.Б. Жарықбаев, С. Қалиев – Алматы: Кітап, 1992. – 196 б.
10. 94 Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы: Қайнар, 1993. – 151 б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРДЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ

Жиенбаева С.Н. – п.ғ.д., профессор, ҚазҰлтҚызПУ
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Аннотация. В статье рассматривается актуальная проблема формирования у детей дошкольного возраста опыта безопасного поведения на основе этнопедагогические материалы, а также объективные предпосылки формирования у детей культуры безопасности.Обосновывается эффективность использования народные игры, устные творчество народа в получении дошкольниками позитивного опыта безопасного поведения. Представлен практический механизм воспитания культуры безопасности, формирования элементарного осознанного отношения к правилам и нормам поведения дома и в обществе.

Ключевые слова: культуры безопасности у дошкольников,дошкольная организация, диагностика, ситуационно-имитационного моделирова¬ния, проектная деятельность, игравой метод, семья, опыт.

Annotation. The article considers the urgent problem of the formation of experience of safe behavior in children of preschool age based on ethnopedagogical materials, as well as the objective prerequisites for the formation of a safety culture in children. It substantiates the effectiveness of using folk games, people's oral creativity in preschoolers getting a positive experience of safe behavior. The practical mechanism of fostering a safety culture, the formation of an elementary conscious attitude to the rules and standards of behavior at home and in society is presented.

Key words: safety culture in preschool children, preschool organization, diagnostics, situational simulation modeling, design activity, game method, family, experience.

Мектепке дейінгі жас баланың тұлғалық тәжірибесін қалыптастыруда маңызды кезең болып табылады. Дәл осы кезеңде қауіпсіз мінез-құлық тәжірибесі қалыптаса бастайды. Сонымен қатар, мектепке дейінгі жас баланың қозғалыс белсенділігінің артуымен және дене мүмкіндіктерінің ұлғаюымен сипатталады, олар білімге деген құштарлықтың жоғары деңгейімен, дербестікке ұмтылумен үйлесе отырып, көп жағдайда жарақаттану қаупі бар жағдайлардың пайда болуына әкеледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»(2018) [1], «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында» « Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» деп аталып, төмендегі міндеттер қойылған: адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы білімдерін, жұқпалы аурулар туралы, аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы түсініктерін қалыптастыру; негізгі азық-түлік тағамдары туралы білімдерін кеңейту. Үйде, көшеде, қоғамдық орындарда кейбір қауіпсіздік ережелерімен таныстыру; өзінің және басқа балалардың ауырғанын сезінген жағдайда ересектерден көмек сұрауға үйретудеп көрсетілген [2]. Сондықтан мектепке дейінгі жастағы балалардың қауіпсіз мінез-құлық тәжірибесін жинақтауда дамытуда этнопедагогикалық материалдардың орны ерекше.

Н.А.Андреев, Ц.Васильева, Е.Н.Ермакова, М.А.Котик, Ю.Н.Мотин, Е.В.Нисковская, Я.Палкевич, О.Н.Русак, П.Статмэн, В.И.Устинов және т.б. зерттеулерін талдау көрсеткендей, адамды қоршаған ортада қауіпсіз өмір сүруге даярлауға бағытталған білім берудің өзгеше компоненті ретінде, тұлғаның тәжірибесінің құрамдас бөлігі ретіндегі қауіпсіз мінез-құлық тәжірибесі алынуы қажет [3,4,5].

Педагогика ғылымында баланың әлеуметтік, жеке тәжірибесін ұйымдастыру және байыту бойынша бай материал жинақталған (Н.Ф.Голованова, Л.Г.Золотарева, Н.Г.Косолапова, А.С.Лагутина және т.б.). Аталған зерттеушілердің еңбектерінде мектепке дейінгі жастың баланың тұлғалық тәжірибесінің қалыптасуындағы маңызды кезең болатыны атап көрсетіледі. Дәл осы кезеңде қауіпсіз мінез-құлық тәжірибесі қалыптаса бастайды, нәтижесінде, балаларды қоршаған ортада қауіпсіз өмір сүруге даярлау жүзеге асырылуы қажет (Н.Н.Авдеева, А.А.Баранов, Г.Казанцев, Г.С.Грядкина, В.Г.Каменская, О.Л.Князева, Р.Б.Стеркина). Алайда, мектепке дейінгі жастағы балалардың қауіпсіздік мінез-құлқын қалыптастыру үшін қажетті жағдайларға арналған зерттеулер қазіргі кезде дейін жүргізілмеді. Дегенмен, балаларды күнделікте өмірде қауіпсіздік мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыруда халық тәжірибесінің құндылықтары ерекше.

Еліміздегі ұлттық тәлім-тәрбиесіне ерекше мән беріп сүбелі үлес қосқан ғалымдардың (Х. Арғынбаев, М.Х. Балтабаев, С. Қалиев, К. Қожахметова,Қ. Сейсембаев, С. Ұзақбаева т.б) зерттеулерінде халқымыздың еңбекке баулу бойынша тәжірибесі әртүрлі мазмұн, мағынада түсіндіріледі. Ғалым С. Қалиев халық ұрпағын еңбекке баулуды отбасынан бастап, күнделікті кәсібіне, тұрмыс-тіршілігіне байланысты еңбек түрлеріне баулып, еңбекті дәріптейтінін ертегі, аңыздан, еңбек тәжірибесінен түйіндеген мақал-мәтелдердің тәлім-тәрбиелік мәнін ғылыми тұрғыдан ашады. Сол сияқты отбасынан еңбексүйгіш, елгезек етіп тәрбиелеуді педагогиканың негізгі қағидасы ретінде ұсынады[6]. Оның астарында баланы қауіпсіздікке тәрбиелеудің астары жатыр.

Зерттеуші ғалым С. Ұзақбаеваның пікірінше, балаларды ерте жастан жас ерекшелігін ескере отырып, еңбекке араластырғанын айта келе, еңбекке мұндай араластыру балада көркемдік, эстетикалық талғамдарын, көзқарастарын қалыптастыруға жәрдем¬деседі[7]. Балаларды мектепалды даярлауда Қ. Сейсембаев отбасы дәстүрін, ұлттық балалар ойындарын, халықтың ауызекі шығармаларын педагогикалық тәрбие құралы ретіндегі құндылы¬ғына, қауіпсіздікке тәрбиелеудегі тиым сөздердің орнына сипаттама береді[8]. К. Қожахметова халықтық педагоги¬каны зерттеудің мәселесіне тоқтала келіп, қазақ халқының еңбек тәрбиесінің ерекшеліктерін, әдіс-тәсілдерін сара¬лайды. Зерттеушілердің бұл ой қорытындыларын аталған мәселенің құндылығын ашуға негізіге алуды мақсат еттік[9].

Халықтық тәрбиенің тарихына терең үңілсек, өз балаларын жас кезінен еңбекке баулу және қа-

уіпсіздігін ескеруді қазақ халқында ертеден қалыптасып, жинақталған тың тәжірибелер сақталған. Бала кезінен бастап үй шаруашылығына көмектесу, малға шөп салу, қозы, лақ бағу, күзету, суару, көгендеу, ержете келе мал бағу, одан кейін етік тігу, ағаштан, темірден әртүрлі ыдыс-аяқтар жасау, түрлі зергерлік еңбек: білезік, алқа соғу, тігіншілік, кесте, ою-өрнек т.б. сияқты кәсіптерді меңгерту – жастарды шынайы еңбекке баулудың сарқылмас көзі. Дегенмен, балабақша тәжірибесінде әдет-ғұрып, салт-дәстүр үлгісінде еңбекке баулуда қауіпсіздігін сақтаудағы мүмкіндігін пайдаланудың жеткіліксіздігі байқалады. Осындай тәрбие жұмысын¬дағы өзекті мәселені ескере отырып, озық ұлттық мұра¬дан еңбек әрекет үстіндегі қауіпсіздігін мінез-құлқын қалыптастырудағы әдіс-тәсілдерін іздестіру қажеттілігі туындайды. Бұл өзекті проблеманың ғылыми негізде шешілуіне үлес қосқан педагогтардың(Е.А. Аркин, П.П. Блонский, А.П. Усова, Л.К. Шлегер, Е.И. Тихееваның)зерттеулерінде Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында көптеген педагогтар мектепке дейінгі балалар еңбегін екі бағытта қарастырды.

Бұрын айтқанымыздай, мектепке дейінгі жастағы іс-әрекеттің жетекші түрі ойын болып табылады. Барлық сабақтар мен барлық оқыту, балалар үшін кез келген мәселені баяндау ойын түрінде болуы қажет. Ойын кезінде щынайы әлемде орын алатын көптеген жағдаяттарды ойнатуға болады, балалар қиын жағдайдан шығуға үйренеді. Өзімнің жұмыс тәжірибемнен балаларға кез келген тақырыптағы сюжеттік-рөлдік ойындардың ұнайтынын айта аламын: жолда, табиғатта, үйде және т. б. Әртүрлі жағдаяттары бар плакаттарды қарау және талқылау жақсы позитивті толқында өтеді.

Балаларды қауіпсіздік негіздерімен таныстыруда әрекеттік тұғыр маңызды рөл атқарады. Әрекет бір мезгілде балаға өзін қоршаған әлемді белсенді танудың мүмкіндігін және өзіне осы әлемнің бөлшегі болуды қамтамасыз ететін шарт және құрал болып табылады.

Балабақша базасында жол жүру ережелері туралы «Көңілді бағдаршам» үйірмесі жұмыс істейді, мен үйірменің жетекшісімін. Балалар менің әңгімелерімді ерекше қызығушылықпен тыңдайды, келесі күні олар балабақшаға келіп, жолда олардың келе жатқан кезінде не болғанын әңгімелеп береді, оларда «Кімдікі дұрыс, кім кінәлі?» тақырыбында қызу пікірталас басталады. Кейде біз, жолдың макетіндегі қиылыста жағдаяттарды ойнатамыз, бұл жағдайда кім және қалай жол беру керектігін анықтаймыз. Балалар жолдағы шынайы жағдайларды талқылауды және жаңа жағдаяттарды ойластыруды ұнатады.

Сонымен бірге, әңгімелесу кезінде (жол қозғалысы ережесі тақырыбына емес) біз тұрмыстағы заттарды қарастырамыз және талқылаймыз: «Олар қауіпті бола ала ма, егер қауіпті болса, неге?». Егер бір жыл бұрын балалар қойылған сұрақтарға мүдіріп жауап беретін болса, енді олар өздерінің пікірлерін қатаң қорғайды, заттардың белгілеріне айқын сипаттайды, олардың сипаттауы бойынша заттардың қауіптілігі немесе қауіпсіз еместігі туралы болжам жасауға болады.

Мен міндетті түрде өз жұмысымда салауатты өмір салтын қозғаймын. Балаларға денсаулықтың өмірдің басты құндылықтарының бірі екендігін, өмірлік табыс пен тартымдылықтың кепілі екендігін түсіндіремін. Мектепке дейінгі жастағы балалармен күнделікті жеке гигиена дағдыларын қалыптастырамыз. Ағзаның құрылысы мен жұмысы туралы әңгімелеп беремін, балалардың назарын оның күрделілігі мен нәзіктігіне аударамын, сондай-ақ, балалардың өз денесіне ұқыпты қарау, оған күтім жасау қажеттілігін түсіндіремін. Мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоционалды әл-ауқатына назар аудару қажет. Бұған «Адамның денесі неден құралады?», «Сұлулық және денсаулық», «Киім және денсаулық», «Науқас адамға қатынас», «Жөтелу және түшкіру кезінде не істеу керек?», «Сен не үшін қамығасың?» және т.б. жағдайлар ықпал етеді, балалар қорқынышының алдын алу мақсатында, қауіпті жағдайлар туралы білімді кеңейту мен тереңдетуге байланысты «ақпараттық невроздың» алдын алу мақсатында, әрбір сабақты позитивті аяқтау қажет. Бірақ, тренингті көңілді ойынға айналдырудың қажеті жоқ, балалар бұл іс-әрекетке шынайы қатынас білдіруі қажет.

Қосымша материалдар ретінде мен жұмысқа әдеби шығармаларды қолданамын: өлеңдерді, жұмбақтарды, жаңылтпаштарды педагогикалық міндеттерге сәйкес проблеманы ашудың әртүрлі сатыларында қолдануға болады.

Балаларды қоршаған әлемде қауіпсіз мінез-құлыққа үйретуде, біз мақсаттарымызға және міндеттерге жетуде ата-аналардың көмегіне жүгінеміз. Ата-аналармен мен сауалнама, әңгіме, сұрақнамалар, бірлескен экскурсиялар, ашық есік күндерін, ойын-сауықтарды өткіземін. Ата-аналар үшін өздерін қызықтырған тақырыптар бойынша кеңес беремін. Кейде ата-аналар мен балалар үшін бірлескен тапсырма беріледі. Суреттер сайысы ұйымдастырылады. Ата-аналар бізге белсенді түрде көмектеседі: атрибуттарды кім дайындайды, экскурсияны ұйымдастыруға кім көмектеседі. Өз кезегінде ата-аналар балалардың жолда мұқият бола бастағаны, ата-аналарға ескерту жасайтыны туралы жағымды жағдайларды айтады. Біздің қарқынды өтетін заманымызда біз балалардан сақтауды талап ететін ережелерді өзіміз жиі бұзамыз.

Балаларды қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру бойынша жүзеге асырылатын барлық бағыттар, баланың қоршаған әлеммен тиімді өзара әрекеттесуге және қарым-қатынас жасауға үйренуіне бағдарланады. Ойын жағдаяттарын модельдеу құралдарын пайдалана отырып, балалардың көпшілігінің дағдылары жақсарды. Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларының қалыптасу деңгейінде елеулі өзгерістер болды. Балалардың ойын жағдаятындағы қарым-қатынасы, мінез-құлық ережелерін «әңгімелеуі», ықтималды қауіпті заттармен әрекеттерді имитациялау балалардың қауіпсіздік тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, қауіпсіз өмір сүру негіздерін зерттеуден мен оң нәтиже аламын, бұл менің тәрбиеленушілеріме жақсы болашаққа деген кепілдікті қамтамасыз етеді. Бастысы - баланың жасына сәйкес жеткілікті күрделі мәндерді меңгеруі емес, ал адам өмірі мен денсаулығының құндылығын, адам өмірі мен денсаулығының бейнесінің өзара байланысын жалпы түсіну. Баланы өмірдің барлық жағдайларына арналған дайын рецептермен қаруландыру мүмкін емес. Баланың модельденген жағдаятты бастан өткеруі, оған күрделі, қиын жағдайдан шығуға, жылдам және тиімді шешімді өз бетімен іздеуді үйренуге мүмкіндік береді. Біздің ұмтылыстарымыздың нәтижесінде, балалар қоршаған кеңістікте бағдарланады, күрделі жағдайлардан абыроймен шыға білуге үйренеді. Мектепке дейінгі жастағы меңгерген білімдеріне байланысты, балаларға ересектік өмірге оңай қадам басу мүмкін болады.

Өзіне-өзі қызмет етуге дағдыландыруда, дербестігін шыңдау үшін, біз тұрмыстық ережелерге сүйендік. Тұрмыстық ережелер – тәртіп пен тазалық сақтау үшін орындалатын шын мәнінде іс-әрекет. Бұл ережелерді тәрбиеші балалардың күнделікті өмірінде түсіндіріп, одан соң орындалуын көрсетеді. Кейін ұмытып қалған жағдайда үнемі естеріне түсіреді. Тәрбиешінің өзі де осы ережелерді сақтайды. Бала бірте-бірте өзін-өзі бақылай бастайды, қорытынды шығарады. Балалар бұл ережелерді қызығып орындады. (Қосымша Д). Өзіне-өзі қызмет ету еңбегіне төселдіру тәсілдері ретінде тыйым сөздерді естеріне түсіріп отыру қолданылды.

Тыйым сөздер халықтың балаға тәлім-тәрбие, үлгі өнеге, ақыл-кеңес берудегі құралының бірі болған. Бұл негізінен балаларға арналып, халықтың өзі жасаған ереже ретінде оларды жаман әдет, жат пиғыл, ерсі қимыл, әдепсіз істерден сақтандыруға өте үлкен қызмет атқарған. “Жалғыз ағашты кеспе”, “Жалқау болма”, “Малды үркітпе”, “Еріншек болма”. Бұдан басқа баланың еліктеуіш қасиетін ескеріп, ересектердің ерсі әрекетіне орай халықта: “Баланың көзінше неге бұлай істейсің?”, “Бала саған қарап өседі”, “Баладан ұялсаңшы”, “Бала сенің сөзіңді, ісіңді өмір бойы есінде сақтап қалмай ма?”– деген тыйым сөздер арқылы жақсы үлгіге және балаларды жағымсыз әдеттерден жалқаулықтан қорғауға шақырған.

Зерттеуімізде тыйым сөздердің күшін еңбек заңы ретінде пайдаланып, балаларды өзіне-өзі қызмет етуі, тұрмыстық, шаруа¬шылыққа қатысу, табиғаттағы еңбекке, қол еңбегі барысында мәдени-гигиеналық және техникалық қауіпсіздік сақтандыру ережелерін үйрету кезінде пайдаландық[10].

Мәдени-гигиеналық ережелер

Қолыңды жууды ұмытпа.
Қолыңды сабындап жу.
Беті-қолыңды сүлгімен құрғатып сүрт.
Тісіңді тазала.
Тамақтан кейін аузыңды шаюды ұмытпа.
Ұйықтар алдында мойныңды, құлақ, аузыңды жу.
Өзің киініп, өзің шешін.
Киіміңді ілуді ұмытпа.
Сулы киіміңді кептір.
Аяқ киіміңді сүртіп қой. “Дос басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды”.
Сырттан келерде аяғыңды сүрт.
Бет орамалың оңайда болсын.
Айнағ ақарап, киіміңді жөнде.
Шашыңды тара.
Бәтеңкеңнің бауын өзің байла.
Ойыншығыңды жинап жүр.
Төсегіңді өзің салып, жина.
Өзгелерге көмектес.
Тыйым сөздер.
Әлем-жәлем киінбе.
Дәмге түкірме-жаландама.
Еріншек болма.

Жалаңаяқжүрме.
Нас, лас болма.
Салақболма.
Түрегеліп тұрып тамақ ішпе.
Тамақты сораптап ішпе.
Жалқау болма.
Шалбар жастанба.

Қауіпсіздік техникасы ережелері

Жұмысалдында қолымызды сабындап жуамыз.
Алжапқыш киіп, орамал байлаймыз.
құрал-жабдықтарды орнымен қолданамыз.
Пышақты кезенбе.
Пышақ жүзін жалама.
Ұқыпты жұмыс істейміз.
Үнемдеуді ұмытпаймыз.
Шегені бел ортасынан ұстау.
Балға мен шегені көздей ұру.
Шегені ауызға салуға болмайды.
Балғаны тек шеге қағуға қолданамыз.
Арамен тек ағашкеседі, оның тістері өткір, байқамасаң қолыңды кесіп аласың.
Сүргімен тек ағашты сүргілейді, тісі өткір байқау керек.
Бір-біріңе жақын отырма.
Инені, жіпті ауызға салма.
Инені байқап ұста.
Жіпті тісіңмен үзбе.
Ине сабақтағанда жіпті аузыңа салма.
Инені тастап кетпе.
Қайшыны бір-біріңе меңземе.

Кезекшілік міндетін атқаратын балаларға “Нан үстіне затқойма”, “Нанды лақтырма”, “Нанды аяққа баспа”, “Нандыүгітіп жеме”, “Нанды бір қолыңменүзбе” т.б. тәрбиелік мәні бар ережелер қолданылды. Сол сияқты қауіптен сақтандыру мақсатында: “Пышақты шалқа¬сы¬нан қойма”, “Пышақ жүзін жалама” дегент.б. тыйым сөздер айтылады .Балалардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруда дамытушы орта үлкен рөл атқарады: топтардағы қауіпсіздік бұрыштары, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрыштар, балалар мен ересектерге арналған танымдық насихаттаушы материалдар, иллюстрациялық стендтер, макеттер, дидактикалық ойындар, көркем әдебиет.

Халық тәжірибесінде үйдегі қауіпсіздік ережелер сақталып, балалардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастырудан, сондай-ақ келесі міндеттерді шешудің ықтималды жолдарын айқындаудан тұрады: 1.Қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен білімді қалыптастыру. 2.Балаларды осы біліктерді тәжірибеде қолдануға үйрету. 3.Танымдық белсенділікті қалыптастыру. Балаларды қауіпсіздік негіздерімен таныстырудың принциптері, шарттары, әдістері мен құралдары қарастырылуы шарт. Бұл тақырыптағы материалдар балаларға қолжетімді түрде берілуі және себепті-салдарлы байланыстарды ашылуы қажет.Баланың қоршаған ортамен қауіпсіз өзара әрекеттесу негіздерін танитын әрекеттің түрлерін қарастырамыз: ойын, әңгімелесу, бақылаулар, өнімді іс-әрекет, экскурсиялар, сауықтар, дидактикалық ойындар, ойын тренингтері, сюжеттік-рөлдік ойындар, жағдаяттарды шешу.

Этнопедагогика материалдарын қолану арқылы балаларға қауіпсіздікті үйретудің төрт ерекше жолы бар: 1) сөздік әдіс - бұл бала мен қауіпсіздік негіздерімен таныстыру арасындағы басты буын. Осыған байланысты тәрбиешінің сөзі, оның бейнелілігі, нақтылығы, ой-пікірді тұжырымдаудың дәлдігі (әңгімелесу, көркем әдебиетті оқу) үлкен маңызға ие болады; 2) баланың болмысты тікелей қабылдауы, оның сезімдік тәжірибесі (эксперимент және тәжірибе); 3) мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту баланың эмоцияларын қозғауы, эмоционалды қатынасты тудыруы, балалардың білімді меңгерудегі белсенділігіне ықпал етуі (бейнелеу және конструктивті іс-әрекет) қажет; 4) балаларды оқытуды ересектер ұйымдастырады және оның тікелей басшылығымен өтеді.

Осылайша, бала қауіпсіздіктің негіздерін халық тәжірибесінде алуан түрлі құралдардың көмегімен танысады. Дәл осылар әлемді танудың қайнар көздеріне айналады. Әрбір құрал өзінше маңызды, сонымен бірге, бірыңғай педагогикалық үдерісте ұйымдастырылған қазіргі заманғы құралдармен өзара байланыста да маңызды.

Балаларды қауіпсіздік негіздерімен таныстыру әдістері. Салыстыру әдісі. Балалар ненің жақсы,

ненің жаман екендігін салыстыра алады. Жағдайларды модельдеу әдісі. Егер .... болса, не болады? Қайталау әдісі. Балалардан нені меңгергендерін қайталау талап етіледі. Қайталау жалпылаудың пайда болуына әкеледі, тұжырымдарды өз бетімен құрастыруға ықпал етеді, танымдық белсенділікті арттырады.

Эксперимент жасау және тәжірибелер жүргізуден бала өз бетімен шешім табуға, өзіндік ұғымдарының дәлелдеуін немесе теріске шығаруына мүмкіндік береді. Ұлттық ойын тәсілдерін қолданудан балалар қауіпсіздік туралы жаңа білімдер мен біліктерді меңгереді.Қорытындылай келе, өмір қауіпсіздігін сақтау бойынша жұмыстың мектепке дейінгі жастағы балалардың қауіпсіз мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыруға, қауіп жағдайында адекватты жауап қайтару қабілетін даытуға және өзін-өзі сақтау және өмір сүру тәсілдерін үйретуге бағытталғанын айтуға болады.Өмір сұру қауіпсіздігінен тәжірибені жұмыс мақсатты бағытталған, арнайы жағдайлар жасалғанда, мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуының психологиялық заңдылықтары есепке алынған жағдайда тиімді болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – 2016, Астана – 7 б
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. / Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы№ 604 бұйрығы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы - Астана, 2016 – 95 б
4. Нүсіпбекова М. И., Сейілғазинова С.А. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері. Әдістемелік нұсқау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектепалды дайындық тобы мен сыныбы педагогтеріне арналған. – Алматыкітап баспасы, 2017- 160 б.
5. Алексеева Т. А. Основы безопасности жизнедеятельности / Т. А. Алексеева. — М., 2000.
6. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. –Алматы: Санат, 1995. –352б.
7. Ұзақбаев Е. Тамыры терең тәрбие. –Алматы: Білім, 1995. –232б.
8. Сейсембаев К. проблемы использования прогрессивных идей и опыта казахской народной педагогики в подготовке детей к школе, в семейном воспитании:Автореф. дис… канд.пед.наук. –Алматы, 1987 –16с.
9. Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы: Білім министрлігінің баспасы, 1993. – 17б.
10. Жиенбаева С.Н. Мектепалды балаларын еңбекке баулу. –Алматы, -2004. – 129 б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙНГІ БАЛАЛАР ТӘРБИЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Елькеева А.Б. – п.ғ.к., доцент
Метербаева К.М. – п.ғ.к., доцент, ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қ-сы

Аңдатпа. Мақалада ұлттық қимылды ойындар баланың жан-жақты дамуының маңызды құралы ретінде қарастырылады Психологиялық-педагогикалық талдау нәтижесінде авторлар осы ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде толыққанды рөлін, терең мағынасын көрсетеді.

Кілт сөздер: ұлттық ойын, мектеп жасына дейінгі балалар, ұлттық тәрбие, қимылды ойындар

Резюме. Статья посвящена осмыслению народных подвижных игр как важнейшего средства всестороннего развития ребенка. В результате психолого-педагогического анализа авторы показывают глубокий смысл этих игр в полноценной роли в воспитании детей дошкольного возраста.

Ключевые слова: народные игры, дети дошкольного возраста, народное воспитание, подвижные игры

Summary. The article is devoted to the understanding of folk outdoor games as the most important means of comprehensive development of the child. As a result of psychological and pedagogical analysis, the authors show the deep meaning of these games in a full role in the education of preschool children.

Keyword folk games, preschool children, folk education, outdoor games

Ұлттық ойын дегеніміз - балалардың көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын, төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ізденпаздықты, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқада толып жатқан сапалық қасиеттерді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістердің бірі. Ұлттық ойын арқылы баланың бойына сіңірген машығы - тәуелсіздікке қолы жеткен елдің ертеңгі азаматының азаматтық келбетінің бастауы, болашақ бағыт-бағдарының қозғаушы күші.

Қазақтың ұлттық ойындарының өзіндік тарихы, даму жолдары, қалыптасу кезеңдері бар. Ұлттық ойындардың тарихы көне дәуірден бастау алады. Олар халықтың өмір сүру салтынан, тіршілік үшін күресінен туындаған қажеттіліктің бірі. Бүгінде қазақтың 100-ден аса ұлттық ойын түрлері мәлім. Қазақтың ұлттық ойындарының барлығы адамды ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке, батылдыққа, ерік-жігерді игеріп, білек күшін дамытуға бағытталған[1].

Қазақ халқының ұлттық ойындарына бірін-бірі өзара сыйлау, бір-біріне сыйымды болу, әділдіктің әліппесін аяқ асты етпеу тәрізді ережелер тән. Елімізде ұлттық ойынның тәртібін ойыншылардың өздері де, көрермен де бағалауға бірдей мүмкіндік жасалған. Ұлттық ойындарды жинап қағаз бетіне түсірген Италия саяхатшысы П.Карпини қазақтың ойындарын былай деп суреттеген: «Халықтың өмірі үнемі мал бағумен, табиғатпен, таза ауада тіршілік етумен өмір өткізуі олардың дене бітімінің зор, күшті болып өсуіне себепкер болған. Сондықтан да олар ыстыққа, суыққа төзімді, көп жасайды, бас ауруы дегендер сирек кездеседі. Олардың көзі қырағы болып келеді. Алыстағы көрінген малдың түсін айнытпай дәл ажыратады. Атқа мініп жүруді балалары жастайынан үйренген. Олар үшін атқа шабу гимнастикалық жаттығудың бір түрі сияқты болып кеткен», - деп жазады [2].

Ежелден-ақ халқымыздың дәстүрлік танымында сәбилік шақты— ойын баласы деп атағаны мәлім. Бұл пікірдің заңдылығы баланың өсіп, өркендеуі, дүниені танып білуі ойынмен байланыстылығында. Қай заманда да, қай халықтың өмірінде болсын мектепке дейінгі кезеңде өмір қажетінен туындайтын ойын — бала үшін іс әрекетке, еңбекке, қимыл-қозғалысқа бастаушы болумен қатар, дүниені танып білуі, түсіну, ұғынудың кілті. Халық даналығындағы— ойнай білмеген, ойлай да білмейді, ойында озған өмірде де озады — деген астарлы сөздің сырына жүгінсек, мектепке дейінгі кезеңдегі баланың ойынға деген құлқы, қарым-қатынасы, мінез-құлық көрністері олар өсіп есейгенде де өмірінде жалғаса беретініне дәйекті деректер жетерлік.

Балалар ойынының мазмұны әлеуметтік қарым-қатынастың барлық деңгейін бейнелейді. Ойын мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде және қимыл іс-әрекетінің негізгі түрі.

Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уалиханов «Жоңғар очеріктерінде» әр түрлі қимыл-әрекетті ойындар мен асық ойындары тайпалық одақтарда ересектер арасында дамып кейін келе жас өспірімдердің үлесіне қалғандығын талдайды. Себебі үлкендерден көргенін бала өздері үшін үлгі санап, өнеге ретінде күн ұзаққа ермек етіп, үйде де, далада да ойнайды. Ойынсыз олар өсіп, өркендей алмайды-бұл қай заманның болса да шындығы, өмірдің заңдылығы. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ойындарындағы көзделген мүдделер жеке адамның әлеуметтік белсенділігіне ғана емес, ұлттық психологиясына да әсері бар екендігі белгіледі [3,240].

Ойынның педагогикалық-психологиялық негізіне мән берсек, баланың қуанышы да, реніші де бірден байқалады және ойынның барысындағы жас жеткіншектің ойлануы, әрекеттенуі ақыл сапасына, мінез-құлқына әсер етумен қатар, әдеп дағдыларына жаттығуға мүмкіндік береді. Осыдан барып әдеп түсініктері бойға сіңіп, көңілге дари бастайды. Ойынның тәлімдік, тәрбиелік ықпалының педагогикалық сыры осында.

Бүгін әлемдік тәжірибеде мойындалған бір ақиқат: ол – ел болатын мемлекеттерде жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру. Оның мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді тұлғаны қалыптастыру.

Ұлттық тәрбие беру жұмысын балалардың психологиясына сай ойын ретінде қызықтыра ұйымдастыру оқу-тәрбие үрдісінде кең тараған. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдықты, ептілікті, тапқырлықты, табандылықты, байсалдылықты т.б мінез-құлықтың ерекшеліктерімен бірге күш-қуат молдығын, білек күшін, дененің сомдығып шығуын қажет етеді. Сонымен бірге, ұлттық ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғарғы принципіне негізделген.

Ойынның педагогикалық және психологиялық мәні қимыл-қозғалыс арқылы денені шынықтыру, ақыл-ойды дамыту, тілді жетілдіру, мінез-құлықты қалыптастыру, адамгершілік әдеп дағдыларын сіңіру, дербестік қасиеттер егу т.б толып жатқан тәлімдік сипаттарға тәрбиелеу. Тек мұнымен ғана шектелмейді. Ойын бүгінде оқыту мен білім берудің дидактикалық жетекші саласына айналды. Ұлттық ойындар балалардың батылдық, ептілік, ұйымшылдық, жауапкершілік, төзімділік, халық шығармашылығына деген сүйіспеншілік тәрізді жақсы қасиеттерін дамытады. Оларды ұйымдастыру, өткізу жұмысында тәрбиешілердің, үлкендердің көңіл бөлетін негізгі кезеңдерінің бірі балалардың ойын тәртібін қатаң сақтауын қадағалау болып табылады. Ойын тәртібін сақтау балаларды адалдыққа, жауапкершілікке, реттілікке тәрбиелейді.

Қоғам өмірінің өзгеруі, демократиялық өзгерістерге бұрылуы мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие беру үрдісін халықтың өткен тарихымен, рухани-мәдени мұраларымен, өмірлік бай тәжірибесімен тығыз байланыста ұйымдастырып, ұштастыра жүргізуді талап етеді. Казіргі кезде де қа-

зақтың қимыл-қозғалыс, тапқырлық, ептілік, төзімділік, ой-қиял ұшқырлығына баулитын ойындары тәрбие жүйесіне енгізілуде. Олар тек дене шынықтыруға ғана емес, жас ұрпақтың туған халқының өткен жолын, тарихын, тілін, әдет-ғұрпын жақынырақ білуіне де жақсы көмектеседі.

Соның айғағы қазіргі заманғы ұлттық тәрбие берудің педагогикалық-психологиялық мәселелерін шеше отырып білім берудің жаңа моделін құрудың негізгі қағидаларын шешу мақсатында елімзде ұлттық білім беру саласын дамытудың, өзінің өмірлік мақсаттарын дұрыс белгілей алатын, ұлтын сүйе білетін, ұлттық әдіс-тәсілдер арқылы тұлға тәрбиелеудің негізін жасауды көздейтін маңызды бағдарламалар мен тұжырымдамалар өмірге келуде.

Халқымыздың ұлт ойындарында ұрпақ қамын ойлаған бір жүйеге келтіріліп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі-өнегенің желісі бар. Жас бала ойынға алдымен үйренуші, көруші, өсе келе соған белсенді қатынасушы, келесі кезеңде үйретуші, жаттықтырушы, ұлғая келе көруші жанкүйер ретінде қатынасады. Ұлт ойындарын жаңұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдалану қажет. Кейінгі кезде ұлт ойындары көңіл бөлмеу нәтижесінде, көбі ұмыт болып, мүлде жоғалуға жуық.

Сондықтан қазақтың ойын-сауықтарына назар аударған ғалым Н. Мыңжан дәстүрлі халық ойындары туралы ғылыми зерттеуінде былай дейді - «Халық тұрмысындағы ойын-сауықтар да өзіндік өзгешелігімен парықталған ұлттық мәнердегі әсемдік мәні зор құбылыстар. Ол да ойды оятып, көңілді ашуға қызмет етеді. Ендеше ұлт тұлғасын, сипатын таныту да осы ұлттық ойын түрлерін жан-жақты қолдауға байланысты», деп тұжырым жасайды [4].

Халықтық ойындар арқылы ұлттық сана сезімдегі қасиеттерді қалыптастырып, жетілдіру мәселесін қарастырған материалдар да ғылыми қорда баршылық. Олар ағарту, оқыту, тәрбиелеу, ісін жандандыруда ұлттық ойындарды жинап, сипаттап қолданып отыруды үндеді. Ұлы педагогтар халық мұрасының, ұлттық құндылықтардың, қайталанбайтын оригиналдығын, тілдің, оның формалары мен мазмұның ерекшелігін өсіп келе жатқан ұрпақтың танып, білуіне ойын арқылы жағдай жасау қажеттігін жариялаған.

Соның бірі қазақтың белгілі педагог ғалымы С. Қалиұлы жазған «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» еңбегі болашақ ұрпақты имандылық, қарапайымдылық, әдептілік, кішіпейілділік сияқты ұлттық асыл қасиеттерге тәрбиелеудің сан ғасырлық қалыптасқан халықтық дәстүрі негізінде көне заманнан бергі көрнекті ойшылдардың еңбектеріне сүйене отырып, тәлім-тәрбиенің ұлттық сипатын, қазақ этнопедагогикасының туып қалыптасу тарихын зерттеген [5].

Ойынның ұлттық деп аталуының ұлт ойындары әр ұлттың ерекшелігін даралап көрсететін ұлтқа тән қасиеттерді ашып айтып көрсете алатындығымен ерекшеленеді. Біз ұлттық ойынның тәрбиелік мәні мынада деп тұжырымдадық. Ұлттық ойындары-халық мәдениетінің бір тармағы, халық ойындары арқылы баланы жерін, елін сүйетін патриоттыққа тәрбиелеу.

Қазіргі кездегі педагогикалық теорияда ойын мектеп жасына дейінгі баланың негізгі қызмет түрі ретінде қарастырылады. Ойынның негізгі дәрежесі оған баланың арнаған немесе кеткен уақыт мөлшерімен емес, баланың негізгі қажеттілік құндылығын қанағаттандыратын, яғни ойын барысында басқа іс-әрекеттер туындап, ойын көп жағдайда бала психикасының дамуына себепші болып келеді. Адамның психикалық өмірінің жан-жақты дамуы белгілі бір әрекетпен айналасуына байланысты. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерін ұлттық ойын арқылы қалыптастыруға болады. Н.Елікбаев өзінің «Ұлттық психологиялық» еңбегінде ұлттық психологиялық ерекшеліктеріне мәдениетте, тұрмыста сонымен қатар ұлттық ойындар да айқын көрінеді деген [6].

Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық ойындарды ойнатудағы мақсат бұл бала өз халқының мәдениетімен танысады, өз халқының болмысын танып біледі, адамгершілік-патриоттық рухты өз бойына сіңіріп өседі.

Қорытындылай келе қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындары сияқты пайда болу ерекшелігі, тәрбиелік мақсаты халықтың мекен еткен жерінің сол халықтың салт-дәстүрі, шаруашылық жүргізу ерекшелігіне тікелей байланысты екендігін көруге болады. Ұлттық ойын адам денесін шынықтырып оның рухани қалыптасу негізін құрайтын маңызды құралдың бірі екендігіне көз жеткізуге болады.

Сондықтан қазақ елінің мұрасы, дәстүрлі халық ойындарын іздестіріп зерттеп, балаларға үйрету осы күнгі заман қажеттілігінен туады. Бүгінгі күн тәртібіндегі мақсат, халық ойындарына қатысты құжаттардың әлеуметтік мағынасын күшейтіп балабақшалардың оқу-тәрбие жүйесінде, отбасында ойындардың қолданыс шеңберін кеңейтіп пайдалы жақтарын көрсету болып табылады.

Пайдалынған әдебиеттер:

1. Құралбекұлы А., Әкімбайұлы С., Оқушылар дене шынықтыруының этнопедагогикалық негіздері. -Алматы: 2000. -32 б.

2. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. -Алматы:- 2006. -301 б.
3. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 8 том, 2006 ж. – 240 б
4. Мыңжан. Н. Қазақтың қысқаша тарихы. -Алматы., 2004. -110 б
5. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы.- Алматы: 2007
6. Елікбаев. Н Ұлттық психология.- Алматы «Қазақ университеті

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ОРТАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Кайдарова Д.С. – ҚазҰҚПУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін заттың ортаның маңыздылығы, сондай-ақ оның ұйымдастырылуына қойылатын талаптар анықталды.
Түйін сөздер: мектепке дейінгі білім, заттық орта, мүмкіндігі шектеулі балалар.

Аннотация. В статье определены важность предметной среды для развития познавательных способностей детей с ограниченными возможностями, а также требования к ее организации.
Ключевые слова: дошкольное образование, предметная среда, дети с ограниченными возможностями.

Abstract. The article identifies the importance of the subject environment for the development of cognitive abilities of children with disabilities, as well as the requirements for its organization.
Keywords: preschool education, subject environment, children with disabilities.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталғаны белгілі. Атап көрсетсек, «...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес, ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады» - деген болатын [1]. Бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Сол азаматты балабақшадан бастап болашақ өмірге бейімдеу, дені сау адамдардың арасында өздерін жайлы сезіну үшін қолайлы атмосфера қалыптастыру – білім беру ұйымдарының міндеті болып табылады.

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіруде үлкен жұмыстар атқарылуда. Осыған орай, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жаңа үлгідегі оңалту орталықтары, отбасына әлеуметтік көмек көрсету орталықтары іске қосылып жатқаны белгілі. Орталықтардың негізгі міндеттері мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді, яғни медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік көмек көрсету, сондай-ақ кәсіби бағдар беру болып табылады. Мұндай орталықтар тек мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, сонымен қоса олар тәрбиеленіп жатқан отбасыларына да кешенді көмек көрсетеді [2, 42-б.].

Ерте жастағы балаларды дамытуда заттық-дамытушы орта маңызды фактор болып табылады. Бала толыққанды дамуы үшін балалар әлемді жарқын, қанық әсермен қабылдайтындай жағдай жасау қажет. Ерте жастағы балалар тобында заттық-дамытушы ортаны құру баланың толыққанды дамуы үшін, жетекші іс-әрекет түрлерін іске асыру үшін қажетті жағдай болып табылады: танымдық және нәтижелі іс-әрекет, заттық және сюжетті-бейнелі ойындар. Ерте жастағы балалардың дамуына нормативтік құқықтық құжаттар және заттық кеңістіктік дамытушы орта зор мәнге ие.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл бала әрекеттерінің материалдық нысандар жүйесі, балалардың әртүрлі әрекет жасауды қамтамасыз ететін әлеуметтік және заттық құралдардың тұтастығы. Балабақшада заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтарының барлығының қызметі қажет. Себебі ойыншықтардың алуандығы бала дамуының негізгі шарты болып табылмайды. Педагогтар орта құру барысында ең алдымен оның дамытушы сипатына мән беру керек. Заттық әлем балаға белсенді және жан-жақты әрекеттерде қажеттіліктерін іске асыруын қамтамасыз етуі тиіс [3, 26б.].

Заттық орта мектепке дейінгі ұйымдарда іске асырылатын бағдарламаға сәйкес жобалануы тиіс. Бұл ретте педагог топтың ерекшеліктерін ескеруі, жалпы балалар тобын және әр баланың дербес ерекшелігін, олардың қызығушылықтарын, қабілеттері мен тілектерін білуі тиіс.

Қазіргі кезде мектепке дейінгі мекемелерді үй тәріздес жабдықтау жағдайы жиі кездеседі. Бұл

идея, әрине, қызықты және тиімді, өйткені ол балабақшаның атмосферасын жояды және, баланың эмоционалды жайлылық жағдайын қамтамасыз етеді, олардың «үйде» сезінуге көмектеседі. Алайда, бұл тәжірибеге керісінше масштабта, атап айтқанда, қоршаған ортаны байыту ниетінде, және сөзбе-сөз мағынада: балабақшаны қымбат жиһазбен, үлкен дивандармен, перделермен және басқалармен жабдықтауға жол берілмейді. Бұл жағдайда заттық-кеңістіктік орта сарай апартаментіне, ауқаттылық көрінісіне айналады.

Мектепке дейінгі мекемелердегі заттық-кеңістіктік ортаның ұйымдастырылуын бақылап, талдай отырып, мұндай оындарда балалардың белсенділігі айтарлықтай шектеулі екенін атап өтуге болады. Өз бетімен тәуелсіз жүруге бейім мектепке дейінгі жастағы бала, өзін-өзі көрсетуге деген ұмтылыс, яғни әр түрлі іс-әрекетте өзін-өзі көрсету және өзін-өзі растау, заттық-кеңістіктік ортаны басқару кезінде мұндай мүмкіндікті алмайды. Сонымен қатар, стационарлық жағдай балаларды бөледі, баланың ұжымшылдық жеке қасиеттерін тәрбиелеуге кедергі келтіреді, өйткені жиһазды үймелеу және оны балалардың өздері жылжыта алмауы айналасында көптеген қатысушылармен ойын ұйымдастыруға, қоршаған ортаны басқа ойындарға қарамай алдын-ала бағдарламалауға мүмкіндік бермейді [4, 241-б.].

Үлкен мектеп жасына дейінгі балалар тобында кіші топтарға қарағанда тұрақты ойын алаңдары аз болуы керек. Сондай-ақ, мектеп жасына дейінгі баланың материалдық ортасында, оны алмастыратын әртүрлі заттар (табиғи материал, мата қиықтары, үлбір, тері, тақтайшалар, арқан, көбік резеңке, картон, қағаз) өте аз немесе мүлде жоқ. Дәл осы заттар баланың дамуын белсенді басқаруға мүмкіндік береді. Баланың репродуктивтік белсенділігін ғана ескеретін статикалық ойыншықтар кеңістіктік әлемнің «эвристикалық» сипатқа ие емес және мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық әрекетін ынталандырмайтын мазмұнды құрайды. Бұл олар мүмкін болатын іс-әрекеттің түрлерін жылдам тауысады.

Біздің түсінігіміз бойынша, қоршаған орта баланың жеке басының шығармашылық дамуының құралы ретінде ғана емес, маманның кәсіби шығармашылығының көрсеткіші ретінде де әрекет етеді, өйткені оны жабдықтау және оған балаларды қатыстыру мұғалімнің фантазиясын және оны құрудың әртүрлі тәсілдерін қажет етеді.

Осылайша, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның маңыздылығын түсіне отырып, біз оның ұйымдастырылуына қойылатын талаптарды анықтадық. Олар:

- балаларды қызмет етуге, өзін жақсы сезінуге, денсаулыққа және дүниені сезінуге, оң әрекеттер жасауға үйрету;

- баланың толық және уақытылы дамуын, бала мен қоршаған орта арасында үйлесімді қатынасты, ыңғайлылықты қамтамасыз ету;

- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін барынша ескеру.

Топта қандай да бір нақты бұрыштардың немесе орталардың болуына нақты қатал талаптар, жабдықтардың бекітілген тізімі жоқ. Топтық ойын бөлмесіндегі қоршаған орта педагог пен балалардың даралығын көрсетеді, ол қайталанбас және дербес. Заманауи заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру баланың тұтас дамуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық қабілеттерін дамытудағы заттық ортаның маңыздылығын қарастыра келе, олардың төмендегі кезеңдерді қамтуы керек деген тұжырымға келдік:

- баланың әрекетін күні бойы қалыптастыратын және оқиғалардың болжамдылығын қамтамасыз ететін дәйекті суреттер – балаларға сол уақыттағы ақпаратқа (күн тәртібі, күнтізбе, тапсырма реті және т.б.) назар аударуға көмектесетін көрнекі сілтемелер болып табылады;

- баланың эмоциялық күйін көрсететін суреттер - «эмоциялар алфавитімен» ойындарды;

- басқа адамдардың эмоционалдық жай-күйін байқауды (алдымен ересек адамның, содан кейін суретте көрсетілген тұлғаларда);

- олардың айқын көзқарастарын анықтауды (декодтау);

- эмоцияларды талдап, олардың өзгеруінің әсерінен туындаған нәрселерді түсінуді;

- эмоцияларды жаңғыртып, өзінің эмоциясын талдауды;

- өзінің эмоционалдық күйін басқаруды;

- күрделілігі әр түрлі деңгейдегі кітаптар;

- қуыршақ театры - балалар арасындағы өзара әрекеттесуді дамыту, қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамытудың тамаша құралы. Баланың қуыршақтардың атынан қарым-қатынасқа түсу әлдеқайда жеңіл;

- құлаққаптары және әуенді және әдеби туындылар жиынтығы бар музыкалық орталық - оны пайдалану балаға демалуға мүмкіндік береді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығының бұзылу ерекшеліктері мен сипатын есепке ала отырып, танымдық қабілетін дамыту үшін заттық ортаны құру олардың әлеуметтік өмірге енуіне, олардың табысқа жетуіне, өз қауіпсіздігін сезінуіне және ортақ өмірге араласуына мүмкіндік береді. Мүмкіндігі шектеулі баланың қоғаммен неғұрлым күрделі қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндігі пайда болады.

Сонымен қатар, басқа балалар үшін бұл қоғамның алуантүрлілігін түсінуге және бағалауға үйрену, бір-бірімен қарым-қатынас жасау, әлеуметтік әділеттілік қандай екенін түсіну мүмкіндігі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауынан. 17 қаңтар 2014 жыл // Егемен Қазақстан. 18 қаңтар. 2014 жыл. 1–3 бб.

2 Шеримова А.С., Елюбаева А.Н. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің маңызы // Молодой ученый. — 2015. — №8.1. — С. 41-44. — URL https://moluch.ru/archive/88/17594/ (кірген күні: 18.09.2019).

3 Мустаева Л.Г. Коррекционная падегогика и социолого психологические аспекты сопровождения детей с задержкой психического развития. 2005. - 146с.

4 Муканова Н.Е., Абдрахманова У.К., Мергенова Р.Қ. Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары // «Инклюзивті білім берудің теориялық және тәжірибелік өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Орал, 2016ж. - 241б.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Калымбаева А.Д. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы. ҚР

Андатпа: Мақалада бастауыш сыныпта өзіндік жұмысты ұйымдастыру және оның маңызы қарастырылады. Жаңа ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттануымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады.

Кілт сөздер: Білім сапасын арттыру,өзіндік жұмыс, білім сапасы,өздік жұмыс

Анатоция: В статье рассматривается важность самоорганизации в начальной школе. Наша главная цель - дать новый импульс развитию науки и техники в направлении инновационных технологий.

Ключевые слова: улучшение качества образования,самостоятельная работа, качества образования

Anatomy: The article discusses the importance of self-organization in elementary school. Our main goal is to give a new impetus to the development of science and technology in the direction of innovative technologies.

Key words: Education quality improvement , independent work, quality education

Қазіргі кезде егемен елімізде білімді берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып мектеп практикасына енгізілуде. Әрбір мұғалімнің алдында оқушылардың үлгерімін жоғарлату мақсаты қойылған.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырғанда, мұғалім оқушылардың дара ерекшеліктерін ескеріп, соған қарай беретін тапсырмалардыөзгертіп отырғаны жөн және орындалған жұмыстың жалпы қорытындысына ғана баға қоймай, сонымен қатар оқушы қалай жоспарлады, қандай тәсіл қолданып орындады, өзі қалай тексеріп отырды,осының бәрін ескеріп, бағалаған жөн.

Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады. Ең бастысы, жеке тұлғада өз бетімен жұмыс істеуге деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісіне қанағат табу сезімі болуы қажет.

Ол үшін мұғалім мынадай мақсатты алға қою керек:

1. Өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту.
2. Оқушыларды өз пікірі бар, дара тұлға етіп тәрбиелеу.
3. Біліміне сай келетін бағдарды, мамандықты өзі таңдап алатындай дәрежеге жеткізу[1].

А.Байтұсыновтың пікірі бойынша; «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Балалар

қиналмай, керек білімін кешікпей, кезінде алып отыруы үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беріп, бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыруы керек». -деген.

Өзіндік жұмыс - арнайы бөлінген уақыт ішінде мұғалімнің көмегінсіз орындалатын жұмыс. Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда мына жағдайларды ескеруіміз керек: өзіндік жұмыстың мақсаты мен мазмұнын анықтау; өзіндік жұмысты ұйымдастыру жоспарын жасау; оқушының жұмыстарына бағыт беру[2].

Оқушының өзіндік жұмысы білік пен дағды қалыптастырудың тиімді жолы. Оқушылар өзіндік жұмысқа төселе келе, қазіргі өмір талабына сай өз қабілеттерін ашып, мүмкіншіліктерін кеңейте алады.

Негізінде баланың өзіндік жұмысы ең тиімді болып есептеледі. Ізденушілік бала табиғатына тән құбылыс. Жаңа мәлімет жинауға, білуге құштарлық жасайтын балалар баршылық. Өз бетімен жұмыс істеу барлық оқушының түрлі саладағы қызметіне қажет. Кез келген оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Сол себепті педагогикалық үрдісте оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда өзіндік жұмыстардың алатын орны ерекше.

Мектеп қабырғасында оқу-тәрбие үдерісі ішінде оқушылардың өзіндік жұмыстары жоспарлы, жүйелі түрде жүргізілсе, оның нәтижесі адамның жеке басының белсенділігі, тәуелсіздігі, ақыл-ой парасатының және ойлау қабілеттерінің қалыптасуымен қатар, өзін-өзі ілгері дамытуына себеп болып табылады. Жаңа қоғамда өз ісіне жауап бере алатын білімді де белсенді азаматтарды дайындаймыз десе, оқушылармен мектеп қабырғасында өзіндік жұмыстарын жиі, жүйелі түрде өткізіп отыру қажет.

К.Д.Ушинский тек оқушылардың өзіндік жұмыстары ғана ғылым негіздерін игеруге жағдай туғызады, оқушылардың ойлау, пайымдау, білім негіздерін қабылдау қабілетерін дамытады деген [3] .

Өздік жұмыс дегеніміз – оқытушының тапсырмасы оның әдістемелік жетекшілігімен, бірақ қатысынсыз орындалатын оқушылардың жоспарлы жұмысы .

Өзіндік оқу жұмысы - барлық құрылымның құрамаларында мәселені қоюдан бақылауды, өзін-өзі бақылауды және түзетуді, қарапайым жұмыстың түрлерінен күрделірегіне, іздену сипатындағы болатын оқушының өз бетіндік нақты деңгейінің болуын талап ететін оқу іс-әрекеті. Бұл оқушылардың танымдық қабілетерін қалыптастыратын, оларды үздіксіз өз бетімен білім алуға бағыттайтын құрал .

Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мән-мағынысын ұйымдастырудың тәсіл-амалдарын бір ғана белгімен сипаттауға болмайды. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар: мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі; жұмысты орындаудың уақытын белгілеу; мұғалімнің басқаруы мен оқушылардың дербестігін өзара байланысты олардың жұмысты өз еркімен және қолдарымен істеуі, оған әсер ететін мотивтер және т.б. [4]

Оқушылардың өзіндік жұмысына мұғалімнің тапсырмасы бойынша, өзара жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстары жатады. Сонымен қатар оқушылар өзіндік жұмысының жоғары түріне олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады.

Оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылық дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау, осыған орай оқытуды ізгілендіру, қазақ мектептерінің алдында тұрған үлкен міндет екені мәлім. Уақыт талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін оқытудың жаңа ақпараттық техникасын пайдаланған жөн деп ойлаймыз. Оқу-тәрбие үрдісін дараландыруда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау, білім беруде жеке оқытуды дамыту, көзделуі қажет. Осы бағытта оқушыға берілетін жекелей тапсырмалар үйренушілік, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық деңгейлер екенін ескере отырып, шығармашылық деңгеймен оқушы құбылысты өз бетінше талдай келіп, шағын ғылыми шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу. Бұл оқушыға кішкентай жаңалық ашқанмен тең. Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты – оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеті мен қызығуын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту [5].

Өзіндік жұмыстардың нәтижелі болуы үшін алдымен «өзіндік жұмыс» деген ұғым нені білдіріп тұрғанын анықтап алу қажеттігі туады: біріншіден, өз бетінше жұмыс балалардың түрлі тапсырмаларды, жаттығуларды ешкімнің көмегінсіз орындаулары, екіншіден, мұндай жұмыстар балаларды ұқыптылыққа, тәртіптілікке, жинақылыққа, бақылай білуге тәрбиелейді.

Өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыруда мынандай талаптарды орындау керек: 1.Өздігінен орындайтын жұмыстың мазмұны бағдарлама талаптарына сай болуы керек; 2.Өзіндік жұмыс оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиіс; 3. Өзіндік жұмыстың түрі, мазмұны әртүрлі болуы керек; 4.Әрбір

орындалған өзіндік жұмыс тексеріліп, бағалануы керек.

Ал егер, мұғалім оқушыға бәрін өзі айтпай, бұрын алған білімдерін қолдануға лайықты жаңа жағдайлар туғызатын болса, сол кезде оқушы өздігінен ізденіп жаңа міндеттерді шешуге тырысады. Мұндай жағдайда оның дербестігі, өздігінен істейтін әрекеті арта түседі.

Бұдан шығатын әдістемелік қорытынды: мұғалім оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды алдымен оларды өздігінен жұмыс істеуге дайындайтын жаттығулардан бастап, кейін мұғалімнің көмегімен жасайтын жартылай дербес, ең соңында толық өздігінен жасайтын жұмыстарға үйрету қажет. [6]

Сонымен өз бетінше жұмыс істеу дегеніміз – білім алушылардың оқу үдерісіндегі өз бетінше танымдық әрекеттерін ұйымдастыру мен басқарудың арнайы педагогикалық құралдары түрінде көрінетін жасанды педагогикалық конструкциялар.

Қорыта айтқанда, өзіндік жұмыс — шығармашылық жұмыстың бастамасы. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, олардың өз бетіндік әрекетінсіз дамыту мүмкін емес. Соның негізінде ғана тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1.Құрманова Н.Ж. Сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясы.Автореферат.-Алматы, 2004.

2.Давыдов В.В.Проблемы развивающего обучения - М:Педагогика, 2014ж

3.Г.Қопабаева.Қазақ тілі пәндерінде өз бетімен жұмыстарды ұйымдастыру жолдары. Бастауыш мектеп : - №2,2006, - Б.27-30

4.Сарбасова Қ.А. Бастауыш сыныптарда математиадан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру: Оқу-әдістемелі құрал.Қарағанды:ҚарМУ баспасы, 2002.-Б.19-40.

5. «Өзіндік жұмыстар» туралы Начальная школа /№2.2009ж/

6. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшелігі: - Алматы ,2004ж.

ОБ УСИЛЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОГО КОМПОНЕНТА В СОДЕРЖАНИИ УРОКОВ САМОПОЗНАНИЯ

Карабутова А.А. - Национальный научно-практический, образовательный и оздоровительный центр «Бобек», г. Алматы, Республика Казахстан

Аннотация. В статье излагаются вопросы усиления национального комонента в содержании учебного предмета «Самопознание». Авторская Программа С.А.Назарбаевой нравственно-духовного образования «Самопознание» определяется принципами, среди которых принцип национального наследия актуализирует необходимость познавать общечеловеческие духовные ценности через призму национальной духовной культуры.

Ключевые слова: учебный предмет «Самопознание», нравственно-духовное образование, национальный компонент, воспитание, абсолютные общечеловеческие ценности.

Андатпа. Мақалада «Өзін-өзі тану» оқу пәні мазмұнының ұлттық компонентін күшейту мәселелері баяндалады. С.А. Назарбаеваның авторлық «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы жалпыадамзаттық құндылықтарды ұлттық рухани мәдениеттің мәйегі арқылы тану қажеттілігін қарастыратын ұлттық мұра қағидасымен айқындалады.

Кілттік сөздер: «Өзін-өзі тану» оқу пәні, рухани-адамгершілік білім беру, ұлттық компонент, тәрбие, абсолюттық жалпыадамзаттық құндылықтар.

Abstract. The article outlines the issues of strengthening the national component in the content of the subject «Self-knowledge». The author’s program of S. A. Nazarbayev’s moral-spiritual education “Self-knowledge” is determined by principles, among which the principle of national heritage actualizes the need to know universal spiritual values through the prism of national spiritual culture.

Keywords: subject «Self-knowledge», moral and spiritual education, national component, upbringing, absolute universal values.

Приоритетным направлением развития современного общества становится развитие человеческих ресурсов. Одним из важнейших факторов, способствующих решению задач в этом аспекте, вне сомнения, является система образования.

Совершенствование казахстанской национальной системы образования осуществляется в русле общемировых тенденций. Возрастает актуальность развития широкого спектра социокультурных компетентностей личности, остро стоят вопросы духовно-нравственного образования человека.

В Казахстане концептуальные исследования вопросов нравственного воспитания представлены в трудах А.А. Бейсенбаевой, Л.А. Байсеркеева, В.А. Кима, А.Н. Кошербаевой, Р.А. Джанабаевой, С.Т. Иманбаевой, К.К. Жампеисовой, Р.К. Толеубековой, А.А. Калюжного. Как отмечает Л.А. Байсеркеев: «Чтобы человек мог состояться как личность, процесс его обучения должен быть неразрывно связан с нравственным воспитанием». Воспитание рассматривается как процесс введения личности в контекст общечеловеческой культуры, обретение ею способности жить в условиях гармоничного единства с окружающей действительностью на основе высших ценностей. Ученые подчеркивают важность гуманистического характера воспитания, которое предполагает гуманный характер взаимоотношений между участниками педагогического процесса. Трудно переоценить важность этнопедагогического направления в воспитаниистуденческой молодежи, использующее потенциал народной культуры и педагогики в духовно-нравственном воспитании (К.Б.Жарыкбаев, С.К.Калиев, К.Ж.Кожахметова, С.А.Узакбаева, Р.К.Толеубекова, Г.Т.Хайруллин, Г.Б.Оспанова и др.) [1]. Здесь созвучно утверждение С.Ж. Пралиева: «Нам представляется, что источником функционирования общечеловеческих ценностей должны быть национальные и культурные ценности народа» [2].

Национальный научно-практический, образовательный и оздоровительный центр «Бобек» осуществляет реализацию авторской программы С.А.Назарбаевой нравственно-духовного образования «Самопознание», которая была утверждена приказом №522 Министра образования и науки от 29 сентября 2018 года. Но сам термин «нравственно-духовное образование» требует уточнения своей сути, так как больше распространены понятия «духовно-нравственное воспитание», «духовно-нравственное развитие». А в чем смысл понятия «нравственно-духовное образование»? Почему акцент делается на «образование», насколько это важно?

В законе РК «Об Образовании» программа нравственно-духовного образования «Самопознание» определяется как «программа, определяющая цели, содержание, а также инновационные способы функционирования системы воспитания и обучения, обеспечивающей гармоничное интеллектуальное и нравственно-духовное развитие обучающихся» [3].

Ранее учеными Омаровой Г.А., Мукажановой Р.А. и др. было дано определение нравственно-духовного образования. В их трактовке – это целенаправленный педагогический процесс организации и стимулирования активной учебно-познавательной деятельности учащихся через включение в содержание образования общечеловеческих ценностей, способствующих, раскрытию высшей нравственно-духовной природы учащегося, и имеющее целью становление человека совершенного характера, живущего в единстве мысли, слова, дела.

Нравственно-духовное образование основано на взаимодействии учитель-ученик, в котором должна происходить трансформация не только ученика, но и учителя как субъектов собственного духовного поиска. Учитель стимулирует личностное восхождение ученика посредством своего примера и создания условий для духовно-нравственного развития – это является основой методики преподавания самопознания, как нравственно-духовного образования[4].

Система ценностей, основанная на выявлении добродетельных качеств, может стать фундаментом для осуществления ценностного подхода к содержанию образования. В этом случае при отборе материала будет приниматься во внимание не столько познавательная значимость материала, сколько, прежде всего, его влияние на формирование и развитие нравственно-духовных качеств личности.

Согласно идеям Программы НДО «Самопознание» основу содержания образования должны составлять вечные абсолютные духовно-нравственные ценности, составляющие его ядро. Это: истина, любовь, праведное поведение, внутренний покой, ненасилие. Опираясь на эти ценности, педагогами разрабатываются содержание учебной, внеучебной деятельности, осуществляется совместная деятельность с родителями и общественностью. На основе общечеловеческих ценностей рассматриваются возможности развития духовно-нравственных качеств. В структуре и содержании учебного предмета «Самопознание» разработаны все дидактические компоненты, способствующие решению задач обучения, развития и воспитания учащейся молодежи.

Важным условием эффективной реализации программы нравственно-духовного образования «Самопознание» является ориентация на общие принципы воспитания духовно-нравственной личности.

Принцип гуманистической направленности предполагает осуществление деятельности организации образования на основе гуманистических идей и общечеловеческих ценностей;

Принцип социального взаимодействия предписывает обращение к дополнительной специальной внеучебной деятельности.

Принцип национального наследия актуализирует необходимость познавать общечеловеческие духовные ценности через призму национальной духовной культуры.

Принцип природосообразности учитывает возрастные и индивидуальные особенности личности[5].

Остановимся более детально на реализации принципа национального наследия. Программа НДО «Самопознание», реализуя принцип национального наследия, направлена на сохранение многовековой культуры казахского народа. Понятие «культурное наследие» народа Республики Казахстанпредставляет совокупность культурных ценностей, имеющих государственное значение, принадлежащих исключительно Республике Казахстан без права их передачи иным государствам [6]. К культурным ценностям мы относим археологические памятники, находки (включая обычные и тайные) и открытия; редкие рукописи, старинные книги, документы и издания, представляющие особый интерес (исторический, художественный, научный, литературный). А также отдельно или в коллекциях; старинные и уникальные музыкальные инструменты; объекты, связанные с историческими событиями в жизни народа Республики Казахстан, развитием общества и государства, историей науки и техники, а также жизнью выдающихся деятелей науки, государства, культуры, в том числе музейные предметы и музейные коллекции.

Опыт внедрения Программы нравственно-духовного образования (НДО) «Самопознание» в казахстанской системе образования показывает ее актуальность, широкие возможности развития таких качеств, как ответственность, милосердие, уважительное отношение к человеку, истории, традициям, языку и культуре казахского народа, всех народов, населяющих независимый Казахстан.

В учебно-методических комплексах по самопознанию обновленного содержания усилен национальный компонент. Содержание учебного материала в учебниках по самопознанию нового поколения более 50% составляет казахский фольклор (сказки, пословицы, легенды, героический эпос), используются произведения А. Кунанбаева, Ш. Кудайбердиева, Ы, Алтынсарина и др. классиков казахской литературы, живопись казахстанских художников. В процессе обучения самопознанию учащиеся изучают традиции казахского народа: конакасы, шежире, уважение к старшим и т.д., у учащихся есть возможность ознакомиться и поразмышлять над вопросами по содержанию книг, статей, рассказов современных казахстанских авторов, способствующих осмыслению общечеловеческих ценностей. Многое зависит от мастерства педагогов.

В центре «Бобек» учителя проходят курсы повышения квалификации, где изучают возможности совершенствования организации учебных занятий. Посещение открытых занятий в детском саду, гимназии «Самопознание», колледже, самостоятельная разработка планов уроков и внеучебной деятельности требуют глубокого осмысления идей программы «Самопознание», творческого подхода, знание особенностей методики преподавания данного урока, наполнение каждого этапа урока, каждого вопроса, каждого слова ценностным содержанием. Учитель – пример нравственной личности, его целенаправленная деятельность основана на принципе единства мысли, слова и дела.

На уроках самопознания учащиеся познают себя: не смотря на то, что они отличаются друг от друга, при всем многообразии, они познают то, что их объединяет, независимо от возраста, цвета кожи, национальности, вероисповедания – духовное начало, которое проявляется через практику общечеловеческих ценностей. Уроки самопознания помогают раскрыть творческий потенциал каждого ученика, настраивают на позитив, для того, чтобыпрожить благородную и счастливую жизнь, они вдохновляют обучающихся через притчи, стихи, песни и творческие задания на поиск внутреннего источника любви, истины и красоты в сердце.

Урок самопознания – это особая полоса совместной возвышенной жизни, в которой происходит преображение не только ученика, но и учителя. Растущий человек¬-ученик наполняется Светом от мыслей, слов и дел учителя, открывает свою истинную духовную природу, воодушевляется и распространяет по миру свои дары духа. Урок самопознания позволяет раскрыть сердце и дать питание духу ученика и учителя.

Список использованных источников

1. Омарова Г.А. Духовно-нравственное воспитание студентов вузов на основе общечеловеческих ценностей: дис. … канд. пед. наук: 13.00.01 – 2010.
2. Пралиев С.Ж. Актуальные проблемы формирования личности будущих специалистов // Педагогика-психология – Алматы, 2009. – №1(4) – С.13-17.
3. Закон РК «Об Образовании», 2019 г.
4. Мұғалімге арналғаннұсқаулық / Руководство для учителя. / Г.А. Омарова, Р.А. Мұкажанова, Р. Мұратханова, А. Карабутова – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2019. – 144 бет. - / қазақша, орысша]
5. Программа НДО «Самопознание» МОН РК (приказ Министра образования и науки РК № 522 от 29 сентября 2018 г.)].
6. Закон РК «О культуре» в п. 3 ст. 1 .

ВИЗУАЛДЫ ӨНЕРДІҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕЛЕУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Калдыбаева Г.А. – магистр,аға оқытушы
Мизанбаев Р. - п.ғ.к. доцент, ҚазҰЛтҚызПУ

Резюме. Предусмотрены цели, чтобы основы художественно-изобразительной деятельности визуального искусства, обогащающие искусства молодого поколения и подросков,были высоком профессиональном уровне.

Summary. The goals are set so that the foundations of the artistic and visual activities of visual art, enriching the art of the younger generation and adolescents, are of a high professional level.

«Іргелі ел болуға, ұлт болуға, мемлекеттік тілді, халқымыздың тарихын, мәдениетін, өнерін білетін, қазақтың жанын ұға алатын, елінің саясатынан хабардар, қазіргі жаңа заманның бағдаламасымен бәсекеге түсе алатындай нағыз маман дайындауымыз керек»,- деген қазіргі алға қойған мақсатымыз бар. Республикамыздың стратегиялық мақсат міндеттерін шешу жолында қоғамның әлеуметтік- экономикалық мәдени-рухани даму мәселелері адам факторына жасалатын жағдайлармен өлшенетіні белгілі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың жолдауына байланысты «Қазақстан – 2030» стратегиясын орындай отырып, білім беру жүйесін жаңғырту барысында біріншіден,оқыту үдерісіне қазіргі заманғы жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізу. Екіншіден, арқаулық педагогтік білім берудің үлгі қалыптар мен жобалар арқылы студенттердің біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту.Үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру [1,3б.].Мәдениеті мен рухани жағынан бай елдер үшін жастарды әсемдікті түсініп, шығармашылыққа қабілетті болып өсуі үшін қандай шаралар жасалуы жөніндегі мәселе басты орын алуда. Студенттердің визуалды өнеріне қызығушылығы мен сүйіспеншілігін арттыру, эстетикалық талғамын жетілдіру міндетін дұрыс жолға қою. Сондықтан бұл жерде жас ұрпақ пен жас өспірімдердіөнермен сусындататын визуалды өнердің көркем бейнелеу іс-әрекетінің негіздері кәсіби деңгейде өте жоғары болуы басты шарт. Өнердің өзіне тән ерекшелігі өмір шындығына байланысты адамның –рухани байлығы мен эстетикалық қарым - қатынасын бақылау. Визуалды өнер үшін ең басты мақсат-дүниені көркемдік тұрғыдан шығармашылыққа айландыру болып табылады. Сондықтан студенттерді визуалды өнері жұмыстарын орындауға баулып,шығармашылыққа икемдеу. Визуалды өнер көркем бейнелеу іс-әрекеттерінің негіздері бойынша студенттердің көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының визуалды өнеріне деген қызығушылығын дамытып, халқымыздың жалпы өнеріндегі жинақталған құнды шығармаларды қастерлеуге, бағалап, қадір тұтуға талпындыру білім беру ісінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Жас ұрпақтың туған елінің мәдени құндылықтары мен эстетикалық дәстүрлеріне, өнеріне деген танымдық, талғамдық қатынасты қалыптастыру жаңұя, балабақшадан бастап, білім мен тәрбие беретін бастауыш, орта мектеп, колледж, арнайы оқу орындарында түрлі өнер құралдары – ана тілі, көркем әдебиет, музыка, бейнелеу және дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнер мазмұны арқылы жүзеге асырылып келеді. Бұл тәлім-тәрбиелік міндеттер, студенттердің университет табалдырығын алғаш аттаған күнінен бастап, курс аралығында, визуалды өнер пәнін оқыту үрдісіндегі практикалық бейнелеу, өнер туындыларын эстетикалық қабылдау іс-әрекеттері негізінде орындалады. Қазіргі рухани-мәдениетті игеруге деген соны талаптар мен қажеттіліктер кезінде, мектептік бейнелеу өнерін оқыту жүйесіне де жаңа мазмұнды талаптар жүктеледі:

оның басты талабының бірі – білімгер жастардың барлығын көркемдік біліммен қаруландыру, көркем-эстетикалық тәрбие үрдісі арқылы, оларды әлемдік, ұлттық рухани мәдениет қазыналарымен қауыштыру;

оқыту мазмұнын қоршаған өмір болмысымен ұштастыру: балалардың, өнердің тек күнделікті өмірге сәндік берумен бірге, оның адамдарды «сұлулық заңдылықтарына сай өмірді қайта жаңғыртып құру еңбек іс-әрекеттеріне жетелейтін қызметі бар екенін түсіне білуі;

оқытудың дидактикалық принциптеріне негізделген: әр курстағы студенттердің жас және қалыптаса даму ерекшеліктері ескерілген көркемдік білім беру мен рухан-эстетикалық тәрбие үрдісінің өзара тұтас, бірізділік бірлікте жүзеге асырылуы;

визуалды өнер сабақтарында өнерді қабылдау мен практикалық көркем бейнелеу іс-әрекеттерінің өзара бірлікте қолайлы ұштастырылуы, оқыту үрдісінің шығармашылық мазмұнда болуы;

жазықтықта дәстүрлі суреттеп бейнелеу жұмыстары мен кіші көлемде орындалатын түрдегі көркемдік жұмыс түрлерінің үйлесімді бірлігінің (мүсіндеу, көркем құрастыру, дизайн және техни-

калық эстетика элементтері т.б.) болуы және осы салада жеке және ұжымдық іс-әрекеттердің болуы. Белгіленген талаптар, визуалды өнержоғары оқу орнында оқытудың мақсаты мен міндеттерін, оқу жүйесін жүзеге асырудың бағыттары мен әдістерін анықтайды.

Визуалды өнер пәнін оқытудың мақсаты:оқушыны, қоршаған өмір шындығы мен табиғат бейнесінің өнер туындыларында жасалу ерекшеліктерін жүйелі, эмоциалы сезіммен қабылдауға, көркем бейнелеу дағдысын, іскерлік іс-әрекеттерін, шығармашылық қабілетін дамытуға баулу; өнердің қоғам, адамзат өміріндегі маңызын, өз халқының өнердегі көркем-эстетикалық, мәдени мұраларын игерте отырып, олардың рухани жан дүниесін ізгілендіру.

Визуалды өнер пәнін оқытудың негізі – студенттердің көркемдік білімін, практикалық дағдыларын, іскерлік қабілеттері мен қоғамдық, рухани-эстетикалық тәрбиесін өзара ұштастыра жүзеге асыруды қамтамасыз ету. Осы негізгі оқу-тәрбие талабы пәнді оқытудың міндеттерін айқындайды.

Визуалды өнердің оқытудың міндеттері:

1. Өткен дәуірлер мен бүгінгі өнер туындыларын қабылдауын, адам қолымен жасалған көркем-материалдық мәдени құндылықтар және олардың адам, қоғам өміріндегі маңызы туралы түсініктерін дамыту.

2. Визуалды өнердіңтуындыларын танып білу, зерделеу, талдауға ықыластық сезімдерін және қоршаған шындық болмысына эстетикалық қатынас сезімін дамыту.

3. Практикалық іс-әрекеттер дағдыларын, көркемдік білім негіздерін игеру қабілеттіліктерін дамыту (бояулар сырын меңгеру, кеңістіктік ойлау, қиялдау дағдыларын, композициялық мәдениетін, шығармашылық ізденіс қабілеттілігін қалыптастыру).

4. Студенттің өмір ағымдарына, табиғаттың болмысына деген өз ойын, сезімін, эмоциялық әсерін, өнер заңдылықтарына сәйкес, танымдық деңгейде бейнелі жеткізе білу дағдылары мен қабілеттілігін дамыту.

5. Қоршаған ортаның объектілері мен құбылыстарын нақтылы және шындыққа сәйкес көркем бейнелеу, көркем жобалау дағдылары мен іскерліктерін бірізділікпен қалыптастыру әрі дамыту.

6. Көркемдік білімі мен визуалды дағдыларын, қабілеттерін күнделікті өмірде, еңбекте, қоғамдық іс-әрекеттерінде практикалық қолдана білуге баулу, эстетикалық қалыптасуын қамтамасыз ету.

Визуалды бейнелеу өнері арқылы көркемдік білім беру мазмұныда, басқа пәндер сияқты, тәлім-тәрбиенің сан-алуан түрлерін (имандылық, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, этикалық, экологиялық т.б.) толық қамтиды. Сондықтан, визуалды өнер пәнін оқыту, осы өнердің атқаратын қызметінің мазмұнымен, көркемдік білімді игеруге тікелей ықпал ететін психологиялық факторларды ескерумен, тәлім-тәрбие үрдісінің барлық салаларымен тығыз байланыста болуы шартты ұғым.

Қазақстан Республикасы дамыған мемлекет ретінде, қоғам алдында жастарымызды жаңа заман талабына сай жан-жақты жоғары білімді, мәдениетті, өнерлі, елжанды етіп жеке тұлға ретінде тәрбиелеу міндетті. Қазіргі жас ұрпақ пен жас өспірімдердің болашақтағы еліміздің ертеңі болып табылатын студент жастарымыздың сана- сезімін, мінез-құлығын, ақыл-ойын дамыту үшін өзін-өзі басқаруды нығайтып, шығармашылық істерге дағдыландырудың тәлім-тәрбиелік маңызы зор. Визуалды өнер көркем бейнелеу іс-әрекеттерінің негіздеріне тәрбиелеу барысында студенттердің шығармашылық жұмысқа белсенділігін арттырып, әдістемелік бағытын көрсетіп, студенттердің жеке творчестволық көзқарасын қалыптастыру. Студенттердіңкөркемөнер материалдарымен жұмыс істеудегі біліктілігімен мен білімін қалыптастырып, визуалды бейнелеудің заңдылықтарын кезең-кезеңімен меңгеріп, шебер жазу мәнеріне жаттықтыру.Визуалды өнердің басты мақсаты студенттердің ойлау процесін дамыту, әр түрлі композициялық түстік, реңдік картиналарды өз бетімен еркін жаза білуге икемдеу. Визуалды сабақта студенттердің бойына жан-жақты шығармашылық қабілетінің белсенділігін рухани мәдениетті түрде қалыптастыру, бейнелеу өнеріне оқыту және шығармашылық еңбекте студенттерге қайсарлықты, тұрақтылықты, реңдік эмоциялық пен композициялық бүтінділікті дамытуға баулу талабын жетілдіруін баса айта келіп, кәсібилік, патриоттық, экологиялық тәрбие, сонымен қатар эстетикалық, әлеуметтік пен көркем- сұлулық, бейнелеу өнерінің танымдық мәні мен адамзат іс-әрекетіндегі ізгіліктерге тәрбиелеу [2,13б.].

Қазақстан Республикасы дамыған мемлекет ретінде, қоғам алдында жас өспірімдерді жаңа заман талабына сай жан-жақты жоғары білімді, мәдениетті, өнерлі, елжанды етіп жеке тұлға ретінде тәрбиелеу міндеттелген. Студенттергевизуалды өнердің барлық түрлерінен жалпы мағлұмат бере отырып, қарапайым заттардың суретін бейнелеу мен әдістемелік бағыттарын үйрету, өмірдегі әдемілікті ажырата білу және оқыту арқылы студенттерге эстетикалық тәрбие беру.Студенттердің ой өрісін дамыту, әр түрлі композициялық түстік, реңдік картиналарды өз беттерімен еркін жаза білуге үйрету. Визуалды өнерді оқыту нәтижесінде студент бейнелеу өнеріндегі композициялық – тематикалық картиналар жазуға дағдыландыру.Визуалды өнерді оқытубарысында студенттердің өзбеттілігі және белсенділігі

жақсы даму үшін бірнеше талаптарды ескеру қажет. Мұндай талаптардың бірі-сурет салу заңдылықтарын шебер түсіндіру, суреттің салыну кезеңдерін айқын көрсету, студенттер суретті қалай салатын нұсқаға өз бетінше талдау жасап, оның ерекшеліктерін анықтай білу [3,85б.]. Әсіресе тақырыптық шығармашылық жұмыстарды өз бетінше композициялық құрылымын және түс қатынастары арқылы үйлесімдік заңдылықтарын дұрыс шеше білгені маңызды. Студенттердің көркем шығармашылық дамуының жетістік жолдары студженттің психологиялық, педагогикалық мүмкіндіктерімен әсер етуіне тікелей байланысты. Студент үшін көру сезімдері мен заттың материалдықтығын сезіне білуді жетілдіру, болашақ суретші педагог маман ретінде сезімталдық және көру қасиеттерін аса тәжірибелікпен жетілдіре алуы міндетті. Көру сезімдері жас өспірімдердің байқағыштық қасиеттеріне тікелей байланысты. Шығармашылық сурет салу студенттердің көркемдік бейнелердің және идеялардың пайда болуын шабыттанған сәттерінде іске асыра алады. Шығармашылық іздену үдерісінде шабыттылықпен жігерлік басты міндеттерін атқарады. Осы міндеттердің орындалуына университетте өтілетін пәндердің арасынан себебін тигізетін пәннің бірі осы визуалды өнер пәнінің маңызы зор.

Әдебиеттер

Н.А. Назарбаевтың жолдауы «Қазақстан – 2030» 2015.

Ә.О.Қамақ «Пленэр» кәсіптік тәжірибесі.-Тараз. 2009ж.

Беда Г.В. Основы изобразительной грамоты. Рисунок. Живопись. Композиция. М. Просвещение. 1981 г.

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кобдикова Ж.У. - п.ғ.д., доцент
Елубай А.Б. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа: Бұл мақалада «технология», «мультимедиялық технология» ұғымдарына түсініктеме берілген. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын арттыруда мультимедиалық технологияларды қолданудың ерекшеліктері айқындалған.

Кілт сөздер: технология, мультимедиалық технология, үдеріс, бағалау, инновация, интеллект

Аннотация: В данной статье дается разъяснение понятий «технология», «мультимедийная технология». Определены особенности использования мультимедийных технологий в повышении познавательного интереса учащихся начальных классов.

Abstract: This article provides an explanation of the concepts of «technology», «multimedia technology». Determination features of using multimedia technologies in increasing the cognitive interest of primary school students.

Ғаламдық даму көшкінінен қалыспас үшін білім үнемі озық жүруі тиіс. Бастауыш білім беру жүйесінің негізгі нысаны – осы заманғы білімі компьютерлік, мультимедиялық технологияларға негізделген. Қоғамдағы әлеуметтік және ғылыми-техникалық процестердің дүниежүзілік сфераға бет бұруы, жаһандық және мультимедиялық қоғамдағы тұлғаның белсенділігі, идеялық көзқарасы мен сенімділігі, шығармашылығы, кәсіптік даярлығы бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі [1].

Қазақстанда ақпараттандыру процесі 1990 жылдардан басталады. Бұл кезең ішінде республикамызда компьютерлік техника саны артып, біршама мемлекеттік органдарда, қоғамдық ұйымдарда, кәсіпорындар мен ғылым, білім мекемелерінде жұмыс процесі аутоматтандырыла бастады. 1996 жылдан бастап елімізде Интернет жүйесі жұмыс жасай бастады. Қоғамдағы саяси, әлеуметтік, экономикалық процестер ақпарат ғасырындың жаңа талап-тілегіне тез бейімделуде. Бір-бірімен тығыз байланыстағы әртүрлі қоғамдық процестер орын алуда. Адам санасында ақпаратпен психологиялық тұрғыдан әсер етудің оң немесе теріс процестеріне негізделген жаңа саяси технологиялардың дүниеге келуі – саясаттың шынайы нәрседен виртуалды дүниеге айналғанының салдары, не болмаса белгісі ғана. Компьютерлік және мультимедиялық технологиялардың арқасында қазіргі саясат жаһандық саясатқа айналды, бұл саясат үшін ұлттық, мемлекеттік және басқадай шекара жоқ. ол қоғамдық өмірдің бүкіл саласына, ал ең бастысы адамның санасына дендеп ене бастады. Ақпараттың арқасында жаңа мифтер жасау арқылы адамдардың психологиясына әсер етіп, оны өзгерту мүмкіндігіне ие болды. Қазіргі мультимедиялық қоғам – ғылыми-техникалық революцияның немесе ақпаратты-компьютерлік революцияның қоғами-әлеуметтік деңгейдегі интеграциясы. Сондықтан, бұл процесс адам өміріне жаңаша әсер етеді. Бұл мультимедиялық қоғам дамуының, мультимедиялық өркениеттің алғы шарттары болды.

Осы тақырып аясында пайдаланылатын түсініктердің мағынасына тоқталатын болсақ, олар: оқыту технологиясы, мультимедиалық технологиялар оқытудың компьютерлік технологиялары. Жаңа техника, технологиялар мен тұжырымдамаларды таңдауда ең алдымен оның тиімділігіне көңіл бөлінеді. Технологиялық процесте (соның ішінде технологиялық принципте құрылған педагогикалық процесс) жоғары деңгейлі тиімділік көрсетуге тиіс.

«Технология» түсінігі техникалық прогреспен байланысты және сөздікке сүйенсек (гректің techne – өнер, біліктілік және logos – оқу ұғымдары), материалды өңдеудің тәсілдері мен құралдары туралы білімнің жиынтығы [2]. 60-70-жылдардан бастап педагогика ғылымында педагогикалық технология деп аталатын жаңа ұғым пайда болды. Оның мағынасын ғалымдар түрліше анықтайды:

педагогикалық технология – мақсаттар қою, оқу жоспары мен оқу бағдарламасын үнемі жақсартып отырудың, педагогикалық жүйелерді бүтіндей бағалаудың және ол жүйелердің тиімділігі жөніндегі жаңа ақпарат туындауына байланысты жаңа мақсаттар қоюдың тұтас үрдісі (С.Сполдинг);

педагогикалық технология – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер-оның құрамды бөлігі ғана (В.Беспалько);

педагогикалық технология – бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті (М.В.Кларин);

педагогикалық технология-оқу процесіне белгілі бір мақсат көздей әсер ететін педагогикалық ықпал (Б.Т.Лихачев);

педагогикалық технология – оқу-тәрбие процесінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі (Ш.Т.Таубаева, Б.Т.Барсай);

оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі (ҮӘЖ) технологиясы– білім алушының іздеу-танымдық қызметі арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік беретін дидактикалық матрица негізінде әзірленген педагогикалық жүйенің жобасы. Ол нәтиже алуға кепілдік беретін дамытушы оқыту ортасын қалыптастырады. Оқытудың ҮӘЖ технологиясы басқа оқыту технологиялар трендтерінің дидактикалық мүмкіндіктерін біріктіреді: бірінші синектикалық бөлімінде зерттеу процесі түрінде ұсынылған топтық оқыту іске асырылады (конструктивизм, сыни ойлау технологиясы); екінші нәтижеге бағытталған бөлімінде жеке іздену-танымдық қызмет арқылы әр оқушының білім жетістігі бағаланады [3];

технологиялық процесс қажет құралдар мен жағдайларды пайдаланып, белгілі операциялардың тізбегінен тұрады. Технологияның маңызды белгілеріне процесті стандарттау, унификациялау және белгілі бір шарттарда оны құрастыру жатады [4];

«Технология» түсінігін қарап шықсақ, ол – «өнім шығару процесінде жүзеге асырылатын шикізат формасын, материалды немесе жартылай фабрикатты өңдеу, олардың қалып-күйін, қасиеттерін өзгерту тәсілдерінің жиынтығы. Технологияның ғылым ретінде атқаратын міндеті – практикадағы ең тиімді өндірістік процесті анықтау және оны пайдалану мақсатында физикалық, химиялық, механикалық және де басқа заңдылықтарды анықтау» [5].

Мультимедиялық технологиялар – компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиынтығы. Оқытудың қазіргі кездегі мультимедиялық технологиялары – оқыту технологиясын интерактивті программалық-әдістемелік сүйемелдеумен қамтамасыз ететін компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары, инструменталдық программалық құралдар жиыны. Оқыту ісіндегі мультимедиялық технологиялардың негізгі міндеттері – танымдық әрекеттерді басқару процесі мен қазіргі мультимедиялық білім ресурстарына қол жеткізудің интерактивті ортасын жасау ісі болып табылады [6]. Ол педагогикалық іс-әрекетке жаңаны енгізу, оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында олардың мазмұны мен әдістерін өзгерту болып табылады. Мультимедиялық технология кез келген пәнді оқыту барысында болашақ мұғалімдердің ой-өрісін кеңейтіп, кәсіби даярлық деңгейін көтеріп, шығармашылықпен жұмыс істеуге, жаңашыл тәжірибелер мен әдістемелерді кеңінен пайдалануға және оқушыларға білім беруді жаңашылдық тұрғысынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Мультимедиалық технологиялар» – бейнелік және аудиоэффектілік, әр түрлі мультипрограммалық мүмкіндіктерді интерактивті программалық жабдықтың басқаруымен орындата алатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері [7]. Мультимедиа құралдары деп әр түрлі орталарды: графиканы, гипермәтінді, дыбысты, анимацияны, бейнелік көріністерді пайдалана отырып, тұтынушының компьютермен әрекеттесуін жүзеге асыратын мультимедиялық және программалық құралдардың

біріктірілген кешендерін айтады. Болашақтың адамы тек қана сауатты емес, сонымен қатар оның «екінші» компьютерлік сауаттылығы да болуы керек. Оқушылардың сабақта көзделетін нысандары, құбылыстары туралы өз бетінше оқу-тәрбие процесінде ақпаратты жинауы, өңдеуі, оны жүзеге асыра білуі қазіргі заманғы мультимедиялық технологиялардың даму өрісіне байланысты. Сондықтан пән мұғалімдерін дайындауда нақты пәннің оқу бағдарламасында мультимедиялық технологиялардың қолданылуын жүзеге асыруға баса назар аудару керек.

Ғалымдардың зерттеу нәтижелері бойынша, оқу процесінің тиімділігін арттыруда мультимедиалық технологиялардың ролі зор. Сол себепті де мектепті ақпараттандырудың басты құралы болып табылатын және соған сәйкес бүгінгі күні құрылымдық, мазмұндық жағынан өзгеріске ұшырап отырған пән – информатика пәні. Ресей ғалымы И.Б.Мылованың пікірінше, бастауыш мектеп оқушыларын қазіргі мультимедиалық технологияларды оқыту процесін ұйымдастыруды негізгі екі әдістемелік тұрғыдан амал ретінде қарастыруға болады: 1) басты мақсат есебінде бастауыш мектеп оқушыларының нақты компьютерлік программалармен жұмыс істеудің қарапайым тәсілдері қарастырылады (графикалық, мәтіндік редакторлармен және қолданбалы программалармен жұмыс істей білу). Тәжірибеге сүйенсек, бүгінгі күні бастауыш мектеп оқушыларын қазіргі мультимедиалық технологияларға оқытуды ұйымдастырудың бұл әдісі кең тараған; 2) Қазіргі мультимедиалық технологияларға оқыту бастауыш мектепті жаңартудың негізгі мақсаттарына сәйкес қарастырылады және оқыту пән шеңберінде төмендегі үш маңызды дидактикалық аспектілерді ескере отырып, жаңа сапалық деңгейде жүзеге асырылады: әрбір баланың жеке дамуына жағдай жасау және оның оқуда, қарым-қатынаста өзіндік тәжірибесінің қалыптастып, шығармашылық және әлеуметтік белсенділігінң дамуына ықпал ету; дербес оқытуды оқу тапсырмасын бірлесе отырып орындауға біріккен балалар мен ересектерді құрайтын оқу тобымен үйлесімді байланыстыра білу; кең көлемдегі пәндік кіріктіру, оқу процесін кешенді тақырыптар төңірегінде құру [8].

«Оқытудың компьютерлік технологиялары» – ақпаратты бейнелеу, тасымалдау және жинақтау, оқушының танымдық әрекетін бақылау және басқару сияқты педагогтың кейбір функцияларын модельдейтін компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары және интерактивті программалық өнім негізінде жұмыстың педагогикалық шарттарын жасау тәсілдері, әдістері, құралдары жиынтығы [9]. Білім беруде компьютерлік технологияларды пайдалану оқыту процесін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі оқыту құралдары (компьютерлер, телекоммуникациялық байланыс құралдары, қажетті интерактивті программалық және әдістемелік жабдықтар) әр түрлі оқыту формаларын жетілдіруге мүмкіндік береді, оған қоса олардың оқушылардың өздігінен білім алуын ұйымдастырудағы өзіндік жұмыстарды орындататын әдістемелік құрал ретінде атқаратын жұмысының маңызы өте зор. Оқытудың компьютерлік технологиялары педагогтар мен оқушылардың шығармашылық қасиеттерін дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді.

Кез келген ғылым өз саласында қолданылатын терминологиялық ақпаратқа көп көңіл бөлуі қажет. Мультимедиялық технологиялар өте тез дамып келеді. Бір жағынан, ол көптеген түсініктердің тұрақты бола алмауын көрсетсе, екінші жағынан, осындай динамизм бұрынғы тұрақты деп саналатын түсініктерді қайта қарап, соларды толықтыруды талап етеді. Білім саласындағы мультимедиялық технологияларды қарастыру кезінде ғылым тілінің осындай проблемалары өте өзекті мәселеге айналып отыр. Білім мазмұнын жаңартудың маңызды аспектілерінің бірі бастауыш мектепті ақпараттандыру болып табылады.

Бастауыш мектеп мұғалімдері оқыту процесінде мультимедиалық технологияларды қолдануда төмендегідей мәселелерді шеше алу керек:

әр түрлі обьектілерді кескіндеуді, оны салып тұрғызуды дисплей бетінде іске асыру және олардың динамикалық елестетілуін; есептеу процесін, ақпаратты іздеу жұмыстарын, сонымен қатар мәліметтерді жинау, өңдеу жұмыстарын автоматтандыру және көрсетілген, оқытылған обьектілер, құбылыстар, процестер туралы мәлімет жинау; мультимедиалық технологияларды қолдануда қосымша оқытуды жүзеге асыру; оқушылардың білім деңгейін бағалауға қойылатын негізгі критерийлерді білу; қолданушының білімін, дайындығын бағалауға арналған компьютерлік тестік және диагностикалық әдістерді қолдана білу.

Бастауыш мектепті ақпараттандыру дегеніміз – бұл бастауыш мектепте оқу құралы есебінде және бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу, дамыту үшін, сондай-ақ оқу процесі мен мұғалімнің кәсіби жұмысын талапқа сәйкес ұйымдастыру мақсатында оқу процесіне мультимедиалық технологияларды енгізу.

Қорыта келе, айтарымыз: Бастауыш мектеп мұғалімдері өз кәсіби қызметінде мультимедиалық технологияны қолдану барысында келесі мәселелерді шеше алу керек: 1) пәнді оқытудағы

мультимедиалық технологиялардың педагогикалық мақсаттары: қолданушы мен мультимедиялық және коммуникациялық құрылғылар арасындағы жылдам байланыс; компьютерлік дереккөзде оқыту ақпаратын ұсыну; мультимедиялық әдістемелердің оқыту процесін ұйымдастырудағы бақылауын автоматтандыру; 2) жергілікті және жалпы тораптағы мультимедиялық қарым-қатынас; 3) оқыту-тәрбиелеу процесінің білімді ақпараттандыру шаттарындағы ерекшеліктері, сонымен бірге әдістемелік практиканың қолданылуы, соның ішінде математикалық мультимедиялық жүйелері; 4) электрондық құралдардың құрылымын, қолданылуларын, жобалауы және бағаланылуын және мазмұндық-әдістемелік құндылығын білу; 5) электронды-есептеуіш техниканың, мультимедиялық және коммуникациялық құралдардың әдістемелік-эргономикалық шарттары; 6) тестік, диагностикалық әдістемелердің компьютерлік қолданылуының ерекшеліктері, оның оқушылардың білім деңгейін бағалауы және анықтауы, сонымен бірге бақылауы және өз білімін бағалауы [10].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абильдина С.Қ. Бастауыш мектепті ақпараттандыру мәселелері. «Использование информационных и инновационных технологий в процессе обучения»: Материалы международной научно-практической конференции.-Караганда, 2009.-Б 13-16
2. Айтмухамбетов А., Боранбаев С. Роль компьютерных и информационных технологий в формировании познавательной активности и самостоятельности // Высшая школа Казахстана. – 2001. – № 2. – С. 60-62.
3. Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Технология трехмерной методической системы обучения: сущность и применение. – Алматы, 2018 г. – 480 стр., ISBN 978-601-275-750-7.
4. Әбиев Ж.Ә. Педагогика: Оқу құралы. –Алматы: Дарын,-2004.-448б.
5. Әділбекова Э. Сандық әдістер пәнін оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану //Информатика негіздері. – 2006 - №5. – Б.8-9.
6. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: дисс…док.пед.наук. - Алматы, 1994. -312 с.
7. Халықова К.З. Оқушыларды компьютер негізінде дербес оқытудың педагогикалық мүмкіндіктері (5-6 сынып информатика курсы материалдары негізінде): пед.ғыл. канд... дисс. -Алматы, 1995. - 215 б.
8. Ержанова А. Білім беруде мультимедиялық технологияларды қолдану //Информатика негіздері. – 2005. - №1. – Б.6-7.
9. Досжанов Б.А. Мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық негіздері – Қазақстан Республикасы, Түркістан, 2007ж.
10. Гриншкун В.В. Организация компьютеризированного обучения на базе иерархических структур баз данных: дисс…канд.пед.наук. - Алматы, 1996. - 146 с.

ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКА ЖҮЙЕСІН МОДЕЛЬДЕУ

Кобдикова Жанартай Уажитовна – п.ғ.д., проф.м.а.,
Дінсламова Ұ.Ә. - «6М012400 Пед. өлшемдер», 2-курс магистранты, ҚазҰЛтҚызПУ.

Аңдатпа. Зерттеу барысында педагогикалық диагностика тек педагогикалық қызметтің бастапқы, орталық және қорытынды буыны ғана емес, сонымен қатар қазіргі мектептегі басқарудың қажетті құрамдас бөлігі екені анықталды.

Кілт сөздер: педагогикалық диагностика, ұжымдық рефлексия, білім беру мазмұны, оқыту технолоиялары, білім беру процесінің субьектілері.

Аннотация. В ходе исследования установлено, что педагогическая диагностика есть не только начальное центральное и заключительное звено педагогиче¬ской деятельности, но и необходимая составная часть управления в со¬временной школе.

Ключевые слова: педагогическая диагностика, коллективная рефлексия, содержание образования, технологии обучения, субъекты образовательного процесса.

Abstract. The study found that pedagogical diagnostics is not only the primary, central and final link of pedagogical activity, but also necessary component of management in a modern school. Keywords: pedagogical diagnostics, collective reflection, the content of education, teaching technologies, subjects of the educational process.

Білім беру мазмұнын және мектептің барлық қызметін өзгерту, басқару жүйесін қажетті өзгерту үшін де алғышарттар жасайды. мектеп өмірінің барлық жақтарын диагностикалау міндетті буын болып табылады. Диагностиканың міндеті-алынған нәтиженің жоспарланғандармен ара қатынасы,

нәтижелер арасындағы арақашықтықты анықтау, себептерін анықтау және олардың шоғырлануы, ал осының негізінде-келесі жұмыс үшін мақсаттарды қоюға да болады. Демек, педагогикалық диагностиканың негізгі функциялары: анықтау бағалау себептерін анықтау өзгерістер енгізу мақсатты жүзеге асыру; Осылайша, педагогикалық диагностиканың мақсатын айқындаймыз, қазіргі кезде диагностикалау объектісінің жағдайын анықтау және одан әрі дамыту және жетілдіру болып табылады.

Педагогикалық диагностиканың міндеттерінің қатарында: диагноз объектісі туралы ақпарат жинау; зерттеудің нәтижелерін талдау; объектінің маңызды ерекшеліктеріндегі өзгерістерді және олардың себептерін анықтау; диагностикалық қондырғының нақты жағдайын анықтау; объектіні жақсарту жөніндегі одан әрі іс-қимыл бағдарламасын анықтау.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, педагогикалық диагностиканың міндеті дамудың нақты деңгейін зерттеу негізінде білім беру процесінің нәтижелілігін көп аспектілі бақылау, осы дамуды оның қойылған мақсаттармен арақатынасында талдау негізінде түзету енгізу және даму перспективаларын анықтау болып табылады. Қазіргі мектепте демократияландыру жағдайында басқаруға қатысуға тартылатын адамдардың саны өсуде, сондықтан барлық педагогтарға басқару сияқты маңызды және күрделі құбылыстың мән-мағынасын жақсы түсіну маңызды. Бұл ұғым тек директор мен оның орынбасарларына ғана қатысты емес. Мұғалім де оқыту процесін басқарады, оқушы өз қызметін, өзінің дамуын және т. б. басқарады. Егер басқару - бұл ұжымның әрбір мүшесінің жалпы іске белсенді қатысу дәрежесі болса, оның осы ортақ іске қосқан үлесі, субъектілер арасындағы қарым-қатынасы, олардың тәртіпке бағыну дәрежесі, лауазымдық міндеттерді орындауы, онда педагогикалық процестің барлық қатысушыларын қамтитын мектеп басқару жүйеісн қосуды қамтамасыз ету керек,бұл өз кезегінде басқарудың жаңа сапалы, нақты мақсаттарға ие, мазмұнды, әдістер мен басқару формаларын ауыстырады.[1]Біз бұл педагогикалық диагностиканы басқару құралы ретінде-басқару жүйесіне енгізу керек деп есептейміз, және басқарудың барлық қатысушыларын қамтитын бұл диагностика теориясы мен қолдану тәжірибесін меңгеру есебінен ғана мүмкін деп есептейміз. Біздің ойымызша, басқарушылық диагностиканың ерекшелігі:

- біріншіден, кез келген бағыт бойынша жұмыстың басында проблеманы анықтайды, мақсатты түрде оған мазмұнды және технологиялық шешімдердің бағыттарын таңдауға, оларды жетілдіру жөніндегі шараларды және тиісті істермен шешуге мүмкіндік береді;

- екіншіден, алынған диагностикалық материалды талдау аяқталғаннан кейін бастапқы кезеңде ұсынылған диагностикалық гипотезаны тексеруге, бар проблемалар мен ауытқулар туралы түпкілікті пікір қалыптастыруға және осы ұйымның және сыртқы ортаның ерекшеліктерін ескере отырып, оларды шешу жолдарын нақтылауға болады.

Ол үшін резервтер туралы, мектептің даму мүмкіндіктері, кадрлық әлеует, таңдалған білім беру парадигмасы, мектептің, мектеп ұйымдарының білім беру және тәрбие қызметінің мазмұны және т. б. туралы жеткілікті ақпарат алу қажет.[2]

Диагностикалық қызметті ұйымдастыру әдістемесі мектепте басқару процесін дамыту мәселелері туралы нақты ақпарат алуға мүмкіндік беретін бірқатар дәйекті процедураларды көздейді. Сонымен, технологиялық шешімді қабылдау туралы маңызды ақпарат жұмыс тобын, уақытша ғылыми-зерттеу ұжымын құру, сыныптарды оқытудың жаңа технологияларына және т. б. ауыстыру мәселесін шешу үшін кадрлық әлеуетті талдау кезінде алынуы мүмкін.Зерттеу әдісін таңдау оның мақсаттарымен, сондай-ақ зерттеу объектісінің ерекшеліктерімен және диагностикалық процестің кезеңдерімен анықталады. Біз бастапқыда кең ауқымды ұжымдық талқылаулар, кеңестер, оқыту процесі жүргізіліп жатқан талдау жұмыстары жүргізіліп жатқан тұста, және оның барысында негізгі проблемалар тіркеледі және анықталады, әртүрлі ақпарат көздері зерттеледі және шешім қабылданатын амал-тәсілді қолдандық. Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, бұл тәсіл - мектеп проблемаларының ұжымдық рефлексиясы-диагностиканың негізінде басқарудың қажетті және міндетті кезеңі екендігін көрсетті: мектеп қызметінің өзекті мәселелерін анықтау; алдағы жұмыс үшін ұжымды біріктіру және пікірлестер тобын ұйымдастыру; педагогикалық ұжымның әлеуетті мүмкіндіктеріне және тиісті мектеп жүйелеріне негізделген мәселелерді шешудің пәрменді жолдарын белгілеу.

Диагностика шеңберінде өткізілген педагогикалық іс-әрекеттерді анықтау және бағалау жүргізіледі. Бұл ретте педагогикалық жүйе қызметінің нақты нәтижелерінің соңғы мақсаттарына сәйкестігі туралы хабардар ететін кері байланыс қамтамасыз етіледі. Соңғы қойылған мақсаттардың жоспарға сәйкес келмеуі-қалыпты жағдай, бұл білім беру қызметкерлері әрдайым ескере бермейтін жағдай. Сондықтан біз педагогикалық диагностиканы маңызды басқару құралы деп есептейміз, мектептегі білім беру процесінің күрделілігі бүгінгі күні оның өнімділігі мен нәтижелілігін, серпінділігі мен дамуын қамтамасыз ете отырып, жүйенің жұмысына уақытылы және тиімді түзетулер енгізу үшін оның барлық кезеңдері мен мазмұнды буындарын қадағалауды талап етеді. Мұнда міндет нәти-

женің жоспарланған мақсаттан ауытқу дәрежесін, бағытын және себептерін дұрыс бағалау болып табылады. Бұл ауытқулар педагогикалық жүйеге әртүрлі сыртқы және ішкі факторлардың ықпалынан туындауы мүмкін, онда оның жұмыс істеу тиімділігін төмендететін себептер ретінде: білім беру мекемесі мақсаттарының өзгеруін; білім беретін оқу жоспарлары мен бағдарламаларындағы өзгерістерді; білім беру мекемесі мақсаттары мен білім беру процесіне қатысушылардың жеке мүдделерінің сәйкес келмеуін; ғылымның озыңқы дамуын; жаңа оқу курстарын енгізуді; оқытудың жаңа әдістері мен технологияларына көшуді атауға болады.

Жоғарыда айтылған ойды тұжырымдай келе, педагогикалық диагностика педагогикалық қызметтің циклдік сипаты бар болуына байланысты педагогикалық қызметтің бастапқы және соңғы кезеңі екені анықталды,бұл диагностика басқару процесінің бірлескен бөлігі болып табылады деп болжауға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, Диагностика, біздің ойымызша, сыртқы орта әсерлері мен педагогикалық жүйенің ішкі факторлары арасындағы байланысты талдауды қамтамасыз етуге және білім беру процесінің негізгі сипаттамаларында нәтижелері негізінде осы байланыстар мен өзара байланысты реттеуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Әдебиеттер

1. Третьяков П.И. Практика управления современной школой. - М., 1995.- 163с.
2. Гвишиани Д.Н. Организация и управление. - М., 1972. - 132с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Қоңырбаева С.С. - п.ғ.қ., профессор м.а.
Кинжибекова Г.Н. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ

Аңдатпа. Бұл мақалада шығармашылық тапсырмалардың оқушылардың оқу жетістіктеріне, танымдық әрекетіне және өзін-өзі дамытуына әсері жайлы айтылады. Оқыту процессінде шығармашылық тапсырмаларды қолданудың ролі көрсетіледі.
Кілт сөздер: шығармашылық, оқыту процесі, оқушы

Аннотация. В данной статье рассматривается влияние творческиех заданий на учебную и познавательную деятельность учащихся.
Ключевые слова: творчество, учебный процесс, студент

Annotation. This article discusses the effects of creative tasks on student learning, cognitive activities and self-development. The role of using creative tasks in the learning process is shown.
Keywords: creativity, learning process, student

Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Яғни, қазіргі білім беру концепциясының басты мақсаты: өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, шынайы өмірге белсене араласатын, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, ойөрісі кең, білім деңгейі жоғары, сауатты, танымдық әрекетке қызығушылығы мол оқушы тәрбиелеу.

Кез-келген дамыған өндіріс қазіргі таңда шығармашылықпен жұмыс жасауды талап ететін адамды қажет етеді. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын адамның негізгі іс — әрекеті ақыл — ойға, әрі алған білімді басқа таныс емес іс — әрекетте тасымалдай алуға негіздейді.

«Шығармашылық» ұғымы жөнінде Қазақстан Республикасы Орта білімді дамыту тұжырымдамасында: «Шығармашылық — бұл адамның өмір шындығында өзін — өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түюі, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет». [1]

Мектептегі оқу процесі оқушылардың іздемпаздығын, танымдылық белсенділігін арттырып, шығармашылық әлеуетін дамытуында жол ашуы қажет.

Оқыту процесі — екі жақты процесс болғандықтан, оқушының өзіндік жұмысы, дербес іс-әрекеті мұғалімнің басшылығымен қатар, олардың іздемпаздығын, белсенділігін, өз ықыласымен жасай-

тын әрекетін де керек етеді. Осыған байланысты кейбір педагогтармен психологтар оқушылардың өзіндік жұмыстарының негізгі ерекшеліктері олардың ықыласына және өз еркімен әрекет жасауына байланысты деп пікір айтады.

Оқушылардың өзіндік жұмысының жоғары формасына олардың өз еркімен амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады. Оқушылардың шығармашылығын, іздемпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық, пәндік апталықтар мен ғылыми-шығармашылық апталық, жобалар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Оқушылардың танымдық іздемпаздығы мен белсенділігін, шығармашылық бағыттылығына негізделген жұмыс түрлерін пайдалану — олардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Сондай-ақ мектептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, көркем өнер және техникалық көрмелер, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, дербес оң нәтижеге жетуге ықпал етеді [2]. Шығармашылық процесс ешқандай шектеусіз, абсолютті бостандықты ала отырып, ешқандай шеңбермен шектелмеуі тиіс Бала үшін бұл ерекше мәнге ие. Шығармашылықпен айналыса отырып, балалар тәуелсіздікке ие болады, ал топтық шығармашылық процесс достар табуға көмектеседі. Шығармашылық ақыл-ой әрекетінің өнімі деп саналады, ал шығармашылық ойлаудың нәтижесі жаңа бір нәрсені табу болып табылады. Алайда, кей жағдайларда төменгі сынып оқушыларына тапсырмалар қиын, қызық емес, әртүрлі себептермен көп нәрсені түсінбейтін жағдайлар болады (оқулықтағы тапсырманы тез орындаған жағдайда немесе жеке ерекшеліктердің болуынан).

Сабақты өткізудің стандартты емес түрлерін қолдану бұл мәселені шешуге көмектеседі, бұл оқушылардың зерттелетін пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық дербестігін, шығармашылық ойлауын дамытады, мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуды ынталандырады, әртүрлі білім көздерімен жұмыс істеуге үйретеді.

Сабақты өткізудің мұндай формалары сабақтың дәстүрлілігін «жояды», ойды жандандырады. Алайда, білім беру процесін ұйымдастырудың мұндай формаларына тым жиі жүгінудің мүмкін еместігін атап өту керек, өйткені дәстүрлі емес адам тез дәстүрлі түрге айналуы мүмкін, нәтижесінде нәтиже деңгейі төмендейді.

Шығармашылық сабақтың мақсаты оқушылардың өзіндік білімділік нәтижесін құру болып табылады. Оқыту сабақтарының шығармашылық сипаты оқушының танымдық белсенділігін оятып оның шығармашылық қабілеттерінің дамуына адамгершілік қасиеттеріне әсер етеді. Ұжымдық сабақтарда өзінің сыныптасының кемшілігін көруге өзгелердің ісінен сабақ алуға танымдық әлеуметтік ұстанымының қалыптасуына өз ортасының пікірінің әсері зор. Мұндай сабақтарда оқушылардың ұжымдық ой — пікірлері қалыптасады.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда сабақтарды түрленіп өткізудің маңызы ерекше. Мұндай сабақтардың тиімділігін атап өтсек: сабақ құрылымының ұйымдастырылуы сыныптағы оқушылардың іс — әрекетін бақылауға қолайлылық оқу — танымдық тапсырмаларды орындаудағы ұжымдық бірлескен әрекеттің жүзеге асуы, оқыту уақытының үнемделуі.

Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс — әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағлымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет, білігін ұштай түседі. [3]

Шығармашылық сабақтардың оқушылар үшін мынадай маңызды жақтары бар: оқушының танымдық іздемпаздығы қалыптасады; сұрақтарды, мәселелерді терең талдауға үйренеді; шығармашылық ой-өрісі артады; кітаппен жұмыс, көркем және ғылыми әдебиеттер, баспа материалдармен жұмыс істеу біліктерін қалыптастырады; ұжымдық ой-пікірлері жетіледі, топ мүшелерін пікірлерімен ортақ тұжырым жасауға үйренеді; мұғаліммен оқушылардың қарым-қатынасы ынтымақтастыққа болып, сенімділіктері артады; оқушы өз ойын еркін айтуға, сөз мәдениетіне үйренеді; білімін жүйелі түрде толықтыруға; өз әрекетіне сын тұрғысынан қарауға; тұжырым жасап қорытындылауға үйренеді; оқу міндеттерін тиімді шешу мүмкіндігін тудырады.

Шығармашылыққа үйрету тұлғаның интеллектуалдық аспектісі ғана емес, оның психологиялық, мінез-құлық ерекшеліктерін де көздейді. Оған жігерлілік, жаңа жағдайларға бейімделуге икемділік, қаржылық пен табандылық, тәуелсіздік пен адамгершілік сезімі, ынтымақтастық, қажырлы еңбекке қабілеті, белгісіз жағдайдағы өзіне сенімділік, ақиқаты іздеудегі және қарым — қатынастағы адалдық жатады. Әр сыныптағы әр оқушыға байланысты мұғалім өзінің мақсатқа жету жолдарын іздейді. Ол оның үстіне басты шарты аталған қасиеттерді көрсетуге тырысады.

Оқушылардың жоспарлы жұмыс істеуге және өз жұмысының нәтижесін өзі тексеруге, оларды

тапсырманы орындаудың тәртібі мен әдістерін анықтай білуге, сабақта, бір күнгі, апта ішіндегі, ай ішіндегі өз жұмысын жоспарлай білуге ұсынылған критерийлер негізінде өз жұмысының нәтижесін талдау мен бағалауға, сондай — ақ мұндай критерийлерді өздері жасауға үйретуді көздейді.

Шығармашылық сабақтың базалық негізін анықтауда әр жағдайда сабақтың үйлесімді үлгісі таңдап алынды. Шығармашылық сабақтың мақсаты оқушылардың өзіндік білімділік нәтижесін құру болып табылады. Оқыту сабақтарының шығармашылық сипаты оқушының танымдық белсенділігін оятып оның шығармашылық қабілеттерінің дамуына адамгершілік қасиеттеріне әсер етеді. Ұжымдық сабақтарда өзінің сыныптасының кемшілігін көруге өзгелердің ісінен сабақ алуға танымдық әлеуметтік ұстанымының қалыптасуына өз ортасының пікірінің әсері зор. Мұндай сабақтарда оқушылардың ұжымдық ой — пікірлері қалыптасады. [4]

Қорыта келгенде сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін әр түрлі кездесулерден, саяхаттардан, журналдардан оқығандардан алған әсерлерін әңгімелету. Шығарма ретінде жаздыруға, (Ана тілінен) оқытылып отырған шығармалардың авторлары туралы толық мағлұмат жинап, реферат жазғызуға болады.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.

Шығармашылық тапсырма түрлерін сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, психологиялық таралым, шығармашылық қабілетінің даралығына қарап, әр сынып бойынша әрі қарай жалғастыра беруге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Білім туралы Заңы. Астана. 2004 жыл.
2.Бабаева Ю. Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М. 1997г.
3.Қазақстан мұғалімі 16 сәуір. 2008 жыл.
4.Бастауыш мектеп. №7. 1993жыл. №2. 2008 жыл №5. 2008 жыл.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘН САЛУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қуандыққызы П. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы

Аңдатпа. Бұл мақалада музык өнерінің ерекшелігі, жас ұрпаққа музыка өнерінің беретін тәрбиелік мәніне тоқталдық.Сонымен қоса жоғарғы оқу орнындағы болашақ музыка мамандарын дайындауда ән салу дағдыларын қалыптастыру жолдары айтылады.

Кілтті сөздер: музыка өнері, дауыс,ырғақ, ән салу

Аннотация. Особенности музыкального искусства в этой статье, мы остановились на воспитательном значении, которое дает молодому поколению музыкальное искусство. Кроме того, будут озвучены пути формирования навыков пения в подготовке будущих специалистов музыки в вузе.

Ключевые слова: музыкальное искусство, голос, ритм, пение

Annotation.In this article, we focused on the educational value that gives the younger generation of musical art. In addition, the ways of formation of singing skills in the training of future music specialists at the University will be announced.

Key words: the art of music, voice, rhythm, singing

Музыканың біз ынта қоятын тағы бір ерекшелігі – оның адам өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ әсер ететіндігінде. Құлаққа жағымды бесік жырын естігенде нәресте тыныштала қалады. Ал енді сергек марш ойналса, оның жүзінде өзгеше нышан байқалып, қимыл жеңілдейді. Бұл сияқты эмоциялық әсер нәрестені ерте бастан музыкаға баулуға, эстетикалық тәрбиенің белсенді көмекшісі етуге мүмкіндік туғызады.

Жас жеткіншектерді биік өнер шыңына терең талғампаздыққа ұмтылуы - эстетикалық тәрбие берудің, тұлғаны жан-жақты, кеңпейілдікке, кішіпейілдікке, мейірімділікке, имандылыққа, ина-баттылыққа талпынтудың негізгі нысанасы деп түсінген жөн. Әлбетте, адамның өнерге деген ұмтылысы сана-сезімімен, көркемдік тұрғыда түйсінуі мен талғампаздығы арқылы байқалады[1].

Қазіргі таңда жас ұрпақты әсемдікке баулудың негізгі құралы - музыка сабағы. Жастардың дауысын тәрбиелеп, олардың музыкалық есту қабілетін дамытып отыру - әнші – педагогтың міндеті. Мәселен, ән айту адамның физиологиялық, анатомиялық, психологиялық және педагогикалық қасиеттерін қамту мен бірге, техникалық жаттығуды да қажет етеді.

Адамның қиын да күрделі ән айту функциялары көптен бері зерттеліп келеді. Адамның дауыс аппараты ең үлкен байлық, оны күтіп, қадағалап, саналы түрде қолдану керек.Кейбір жағдайларда дауыс аппаратынын ауруларын вокалды педагогика әдістері арқылы емдеуге болады деп дұрыс айтқан. Көптеген зерттеушілір дұрыс ән айту тәрбиесі дауысты қорғау болып та¬былады деген тұжырымға келген.

Ән айтуға енді ғана қатысып жүрген жас әншілер музыкалық шығармадағы жалпы дыбысты естігеннен өзінің даусын баќылай алмай қалады. Жақсы музыкалық есту қабілеті бар оқушылардың өзі ән айта бастағанда кейде таза интонациялыќ дыбыспен орындай қалады. Мұнда дауыстардың белгілі тембрлік сапалары үлкен роль атқарады.

Ән айту жастардың орындаушылық үрдісіне белсенді қатысуына, музыкалық қабілетінін дамуына, музыкалық есту қабілетін тәрбиелеуге жағдай жасайды.

Дыбысталу сапасын қалыптастыруда, дауыс аппаратының жұмысын ән айтатын жағдайға келтіруде, жалпы және музыка мәдениетін, әсіресе вокальды есту мәдениетін білуіне мұғалімнің арнайы білімі мен шеберлігіне байланысты іске асырылады.

Әр әнші ән айту барысында дауыс аппаратын тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін негізге ала отырып, дыбыс жолдарының ана¬томиялық құрылысы мен физиологиялық заңдылықтарын есте ұстауы қажет[2].

Ән айтуда дауысты дыбыстардың ролі ерекше. Өйткені, дауысты дыбыстар созылымға бейім келеді де, ән айтудың негізін қалайды. Олар ән айту процесінде дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты және ұлғайтқыш қуыс мүшелерінің ықпалымен сан құбылып, көптеген бояулар табады. Сондықтан, адам дауысы тек дауысты дыбыстардың көмегімен ғана өзінің көркемдік қасиетін әуенін барынша көрсете алады. Олай болса, дауысты дыбыстарды дұрыс айтып үйрену, олардың әрқайсысына тән артикуляциялық пішінмен, үн нақышын таба білу басты міндет. Сондықтан, сөзбен әуенге қатысты дауысты, дауыссыз дабыстардың айтылу ерекшеліктеріне жақсы мән беруіміз қажет. Бұл ән айтудың сауатты болуына көмегін тигізеді.

Әнді орындамас бұрын бір қалыпты ұстап, денені тік, басты жоғары, екі қол ыңғайлы екі жағына турғаны дұрыс. Бұл тәртіп әншінің эстетикалық көрініуіне ғана емес, ол дауыстың ашық және еркін шығуына көмектеседі.

Вокалдық педагогиканың талаптарына сай (демді дұрыс алу, ќоңыржай үнділікті саќтай айту, кантилена), сөздін ашыќ, айқын айтылуы (дикция), мәнерлеп орынадуға дағдылану) студенттерді әншілік өнерге баулуда практикада қолданылатын арнайы ән жаттығуларының алатын орны ерекше. Сабақтың мақсатына сай өз орнын тауып қолданылған жаттығулар, тек дауыс аппаратын ән айтуға дауындап ќана қоймай, белгілі бір орындаушылық шеберлікті дамытуға байланысты дағдыны қалыптастырады. Әдетте вокалдық жаттығулар әнді орындау алдында іске асырылады[3].

Педагог осы берілген фрагменттерден басқа да методикалық құндылығы мол, студенттердің дауыс ерекшеліктеріне байланысты жаттығуларды өздері таңдап алуына болады.

Жаттығуларды өз алдына оқшау емес, күрделі де қиын, әншілік өнерге баулудың негізгі құралы деп қараған жөн. Ќандай жаттығу болмасын, вокалдыќ - техникалық талаптарды жүзеге асырып ќана қоймай, сезміталдыққа қанағаттандыруына тиіс. Бұл жөнінде заманымыздың көрнекті ғалым - ұстазы О.Апраксина былай дейді: «Әрбір жаттығу, егер ол бір ғана дыбыстың тұрса да, әуезді, мәнерлі орындалуы тиіс. Бұл жағдайда, оқытушысының әр жаттығуды өз дәрежесінде, қойылған талапқа сай мән бере, дауыстың тембрін ән айтушының үніне жақындатыш орындай білуінің маңызы зор. Студенттердің еліктеушілік қасиетін және дауыс ерекшеліктерін ескере отырып (әні ашық, сыңғырлаған, жеңіл, таза) бас, баритон, меццо -сопрано дауыстыларға жататын студенттер дыбысты жеңілдетіп айта білуі керек. Сол себепті меццо - сопрано дауыстылар I октавада сопрано баяуымен, алерлер фальцетпен немесе соған жақындатып айтуға тиіс»[4].

Әншілік өнерге баулаға қойылатын талаптардың бәрі бір –бірімен тығыз байланысты. Демді дұрыс алуға, сөзді анық айтуға, қоңыржай үнділікті сақтай білуге өз алдына жеке - жеке үйрету айтарлықтай қанағаттандырарлық нәтижеге жеткізбейді. Арнайы жаттығуларда біршама табыстарға жеткенмен, шығарманы орындағанда ол дағдылар пайдаланыла алмай қалатын жағдайлар болады. Сондықтан қандай жаттығу болмасын оны орындауда комплексті талап қойылуы қажет деп білеміз

Студенттерді ән айтуға оқыту вокалды - техникалық дағдылардың белгілі бір жинағын үйретумен байланысты. Ән айтуда резонаторларды айрықша ұйымдастыру талап етіледі. Әрине, жылжымалы резонаторлармен басқару да сабаќ барысында өзінің көмегін тигізеді. Оқытушының вокалдық есту ќабілеті өте жоғары болуы керек. Тәжірибелі студент дыбысталу сапасын, дауыс аппараты дұрыс немесе дұрыс емес жұмыс жасағанын анықтап, онда болып жатќан кішкентай да өзгешеліктерін бірден байқайды. Жаттығудың «қ» дыбысынан басталуы балалардың дауыс аппаратын активтендіріп,

бірден айқын, таза дыбыс шығаруға жетелейді. Қатаң «к» дыбысынан кейінгі орналасқан «а» дауысты дыбысының құлаққа жағымды, майда болып шығуына, сөз тексінің мазмұнына лайықты сезімталдықпен орындауды талап ету әсерін тигізеді. «Гүл» деген сөзді айтқанда «ү» дыбысының созыла айтылуын қадағалан жөн. Әдетте практикада созылу ұзақтығы мүмкін бола тұрса да, дауысты дыбыстың орнына дауыссыз дыбысты созып тұрып алатын жағдайларда кездесіп қалады («ү»-нің орнына «л»). Жаттығуды бір мезгілде бастап, бірдей аяқтауда, онын характерін жеткізе білуде мұғалімнің дирижерлік қол қимылын окушылардың дұрыс түсіне білуінін мәні зор. Әуен өз дәрежесінде орындалған соң, берілген тональдықтан бастап жарты тоннан жоғарылатып айтқызуға болады. Алғашқы жаттығу балалардың орындауына (звук) дыбыстардан басталып, бірінші октаваның ноталарынан аспауы қажет.Бұл жаттығуды орындағанда орфоэпия заңдылықтарына сүйенуге тура келеді. Әдетте студенттер әрбір сөзді жазылуы бойынша айтады, сондықтан дыбыс легі үзіліп - үзіліп естіледі. Мұғалім жаттығуға қойылатын талапта мынадай құбылыстарға көңіл аударуы тиіс: «әлі-ақ ұйықтап қаласын» деген сөйлемдегі «әлі-ақ» деген сөзде «а» дыбысын ықпалынан «і» дыбысы түсіп қалады, ал «қ» қатаң дыбысы келесі «ұйықтап» сөзінің бірінші дыбысы «ү» -нің әсерінен «ғ»-ға айналады. Сонда жазылуы «әлі-ақ» болғанмен, орындалғанда «әлағ» болып айтылады.

Ән сөзінің ашық, таза айтылуы да әншілікке баулудың негізгі компоненті болып табылады. Орнындалатын шығарманың мазмұнының тыңдаушыға дұрыс жетуі үшін, орындаушының әрбір дыбысты айқын айта білуінің маңызы зор. Оқытушы дыбыс шығаруға қатысатын ауыз, ерін, тіл, көмекей, төменгі жақ сүйегінін жұмысын өзі өте жақсы меңгеріп, оны студентке ұғымды тілде жеткізе білуі тиіс[5].

Студенттерді әншілікке баулу жолында халық әуендерінің тәрбиелік мәнінің зор екендігін ескере отырып, жұмыс барысында халықтың ән дәстүрін шебер талғаммен пайдалана білген жөн. Б.В.Асафьев халық әндерін музыка сабақтарында пайдалана білудің орны ерекше екендігін айта отырып былай деген еді: «Халық арасында музыканы кеңінен дамуы үшін және оның әсерлілілігінін артуы үшін, халықтың өзі туғызған мәңгілік өлмес ән өнерінің орны бөлек». Б.В.Асафьев халық әніне ерекше мән бере отырып, оның мектеп жасындағы балаларды музыкаға тәрбиелеудегі алатын орынын осылайша көрсетті.

Ән айту мәдениетін қалыптастыруда, мүмкіндігінше баяу да созылыңқы түрде айтылатын халық әндерін еңгізу пайдалы болмақ. Мысалы, халық әні «Әлдиді» алар болсақ, оның баяу да салмақты сипаты шығарманы орындағанда дауыс аппаратының қысылмауына, тыныс алуды бақылап отыруға, сөздің анық айтылуына және дыбыстың сапалы шығуына мүмкіндік береді[6].

Халықтың дәстүрдегі орындаушылар әдетте әннің басында, ортасында немесе аяғында қысқа ғана вокализдерді қолданып отырған (аха-ха, или-гай, гәк-ку, хай-ли-лау, әридаш-ау, угу-гу, иги-гак, т.б.) мұның өзін кейде әннің келесі шумағына дайындық ретінде немесе көмейді дем алдыру үшін пайдаланған. Аталған жаттығуларды біз өз тәжірибемізде дыбыстарды дұрыс, анық, таза айта білу үшін қолдандық.

Қорыта айтқанда, адамның парасатты ойы мен терең сезім дүниесін бейнелейтін, эмоциялық әсер туғыза алатын жарқын көркем шығармалар жан дүниенің эстетикалық жақтарын қозғап, тәрбиенің қайнар бұлағы мен құралына айналады.Музыканың тағы бір ерекшелігі, Д.Шостаковичтің айтуынша, «өзіндік тамаша тіл». Бейнелі, жарқын әуенді, жан-жақты үйлесімді, өзіндік бір ырғақты ұштастыра отырып, композитор өзінің дүние сезімін, айналасына көзқарасын бейнелейді. Мұндай шығармаларды қабыл алғандардың бәрі солар арқылы рухани байи түседі.

Әр адам музыкаға өзінше ынталы, онымен өзінше әуестенеді, ол музыка жанрының қайсыбіреуіне, өзі ұнатқан композиторына, тыңдаудағы белгілі тәжербиесіне сай жеке бір артығырақ ден қояды. Оқып, жаза білуге, есептеуге, суретсалуға қалай үйренсе, музыканы танып, бағалай білуге, образдардың ширақ дамуын, әр тарап тақырыптардың қақтығысымен тартыстарын және олардың аяқталуын жіті байқап, музыканы зейін қойып тыңдай білуге де дәл солай үйрену қажет. Тыңдаушы музыканы тереңұғыну үшін оның бүкіл даму барысына ілесе отырып қабылдауы тиіс. Осы «өзіндік тамаша тілді» жіті ұғып, түсіне білуге үйрену қажет. Сонда бірте-бірте музыкалық талғам қалыптасады, музыкамен ұдайы шұғылдану қажеттігі туады, барған сайын нәзік және алуан түрлі тебіреніс-толғанысқа бөленушілік күшейе түседі.

Пайдаланылған әдебеттер тізімі:

1.Программы педагогических институтов. «Музыка и пение» Сборник 25 – Просвещение, 1980.

2. Хрестоматия Вокально-педагогического репертуара. Для сопрано. Муз.училище 3-4 курсы, ачсть 2. «Музыка» - Москва, 1971.

3. Абдуллин Э. Б. Теория и методика музыкального образования

4. Г.Зейдлер «Вокальные упражнение» М., 2000 г.

5. В.Дмитриев «Искусство пения» М., 1990 г.
6. Арчажникова Л.Г. Профессия – учитель музыки. М., 1984

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР

Құнантаева К.Қ. - п.ғ.д., профессор
Әнәпия Ұ.Т - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы

Аңдатпа: Оқушылардың оқу-танымдық дағдаыларын қалыптастыру – аса күрделі үдеріс. Оны іске асыру үшін ең алдымен сол үдерістің мақсаты мен міндеті, субъектісі мен объектісі, әдіс-тәсілдерін және әсер етуші факторларын айқындау қажеттігі туындайды.
Кілт сөздер: проблемалық оқыту, жүйелілік, оқу үдерісі

Резюме: Формирование учебно-познавательных навыков учащихся – очень сложный процесс. Для ее реализации, прежде всего, возникает необходимость определения цели и задачи, субъекта и объекта, методов и факторов воздействия данного процесса.
Ключевые слова: проблемное обучение, регулярность, учебный процесс.

Abstract: The formation of educational and cognitive skills of students is a very complex process. For its implementation, first of all, there is a need to determine the purpose and objectives, subject and object, methods and factors of influence of this process. In this article we talk about the main factors of formation of educational and cognitive skills of students.
Key words: problematic learning, regularity, learning process

Мемлекеттік стандартта дамыта оқыту ұстанымына сәйкес білімнің теориялық деңгейін көтеру, оқу-әрекетін қалыптастыруда білімнің танымдық, шығармашылық рөлін мақсат етіп қояды. Соған сәйкес, басты мақсат - пәндерді оқыту арқылы ұлттық және әлемдік тәлім нәрімен сусындаған, болашақ халық игілігін жасайтын азамат тәрбиелеу болса, міндеті - оқушылардың танымдық деңгейін кеңейту, шығармашылық және еңбек біліктерін, қабілеттерін дамыту, рухани байлықты дамытуға жағдай жасау, салауатты өмір салтын насихаттау. Соның негізінде ұшқыр ойлы, жаны сұлу, тәні сау, шығармашылықпен ойлай білетін дара тұлғаны тәрбиелеуге қажеттігі туындайды.

В.Сухомлинский «Бала бойындағы білімге деген құштарлық, талап, ынта отын сөндіріп алмаңдар... Партадағы жұмыссыздық – аса қатерлі қауіп» деген екен. Әрбір ата-ана дүние есігін енді ғана ашқан нәрестесін өзінің үлкен, саналы ғұмырының жалғасы, бүгінін ертеңге жалғастырушы деп біледі, ал қоғам, дәлірек айтқанда, оның саяси құрылымы, реттеушісі саналатын мемлекет, сол жас адамның тәрбиелі, тағылымды, білімдар және парасатты азамат болып өсуі өзінің қуаттылығының, мызғымас беріктігінің, өркениеттілігінің кепілі деп санайды.

Педагогика, түптеп келгенде, «мәңгілік» мәселелермен айналысатынына қарамастан, оның пәні нақты әрі айқын: бұл оқу-тәрбие мекемелері жүзеге асыратын тәрбие беру қызметі[1, 14-15бб.].

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті - күрделі процесс. Ол іс-әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды.

Оқу-танымдық іс-әрекет - шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Оқу үдерісі оқушылардың оқу-танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу-танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады.

Танымдық белсенділіктің орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүміндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды.

Оқушылардың белсенді танымды іс- әрекетінің көздейтін мүддесі — білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету негізінде дамыту. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады.

Оқушылардың танымдық белсенділігі мына үш белгіге тән: оқу-танымдық әрекеттің қоғамдағы маңыздылық бағыты; оқу-танымдық әрекеттің интеллектуалдық сипаты; оқу-танымдық әрекеттің реттеушілік сипаты.

Сондай-ақ, танымдық белсенділігін дамыту тиімділігі мынадай жетекші фактормен анықтала-

ды: оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу; оқу үдерісінде проблемалық оқытуды кеңінен енгізу; материалдарды айтып түсіндіруде жүйелік ұстанымын қамтамасыз ету; бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар кешенін шешудегі қол жеткен табыстарды «нығайтуды» қамтамасыз ету, т. б. [2, 38–39 бб.].

Я.А.Коменский алғашқылардың бірі болып оқу-тәрбие үдерісінде балалардың жас ерекшеліктерін қатаң есепке алуды ұсынды. Ол табиғатқа сәйкестілік принципін негіздеді, яғни табиғаттағыдай тәрбие процесінде де барлығы өз орнымен және кезегімен жүріп отыруы тиіс.

Жас ерекшеліктерін есепке алу – педагогикалық принциптердің ішіндегі негізгілерінің бірі. Оған сүйене отырып, мұғалімдер оқу жүктемесін белгілейді, еңбектің әр түрімен қамтуды қалыптастырады, дамуға оң мүмкіндік беретін күн тәртібін анықтайды. Жас ерекшеліктері оқу пәндерін, әр пәндегі оқу материалын таңдау және орналастыру мәселелерін дұрыс шешуді міндеттейді. Сол сияқты олар оқу-тәрбие іс-әрекетінің формалары мен әдістерін таңдауда негізгі роль атқарады[3, 48б.].

Проблемалық оқыту технологиясының негізгі мақсаты – оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту.

Проблемалық оқыту технологиясының ерекшеліктері мынандай: оқушының белсенділігін арттыру; оқу материалдарында баланы қызықтыратындай құпиясы бар мәселе туғызу; оқушы материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілін қанағаттандыру мақсатын да меңгереді. Проблемалық оқыту кезінде мұғалім ізденіс жұмыстарын ұйымдастырады, оның барысында оқушылар жаңа білім, іскерліктерді меңгеріп, жалпы қабілетін, зерттеу белсенділігін дамытады, шығармашылыққа үйренеді, оқу мен оқыту сипаты өзгереді. Оқушылар шағын зерттеу және шығармашылық-тәжірибелік жұмыстармен айналысады.

Жүйелілік ұстанымын мағыналануына және нақтылануына А.В Овчиников, В.Н Садовский, Г.П Щедровицкий, Э.Г Юдин және т.б отандық философтар мен әдіснамашылар үлкен үлес қосты. Психологияда жүйелілік принциптерінің дамуы оның бірліктегі жағынан психологиялық мәселлерді шешумен байланысты шешкен Л.С Выготский, Л.С Рубинштейн, А.И Леонтьев есімдерімен тығыз байланысты. Белгілі рефлексті жандандыра отырып Б.Ф.Ломов отандық психологияда жүйелілік тұрғыдан жүйелілік принципінің құрылуының классигі атанды. Біріншіден, ол психологиялық білімінің реттік, жүйелілік қызметтерінде жүйелілік тұрғысын қабылдады. Екіншіден, жүйелік тұрғы категорияларындағы мәселелер ретінің мағынасы арқылы ол жаңа перспетивтің зерттеу бағытын ашты. Акмеологияда жүйелік тұрғының ерекшелігі оның пәні нақты деңгейлік құрылымы болмағандығымен байланысты өзіне онтологиялық біртекті емес, бірақ функционалды бірегей оңтайлы жағдайларға қозғалмалы жүйені қосады.

Педагогикалық процесте білім алушының өтілген материалды түсінуі, талдауы, нығайтуы және оны өмірлік жағдайларда қажет кезде қайта жаңғырта алуының маңызы зор. Сондықтан, мұғалім педагогикалық процесті басқара отырып, сабақта өтілген материалды оқушының өздігінен санасында бекітіп, сақталуына түрткі болар әдіс-тәсілдер қолданады[4].

Оқу үдерісі оқушылардың танымдық әрекеті нәтижесінде жүзеге асады, ал танымдық әрекеті негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Демек, оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру – оқу үдерісін ұйымдастыра білудің маңызы зор. Сабақ беруде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға қойылатын негізгі талаптар:

оқушыларға қойылған оқу міндеттерінің мәні әрқашан түсінікті болуы керек, олар оқытудың мақсатын түсіну керек. Сабақ мәселе қоюмен басталу керек және оқушылардың алдыңғы тәжірибелеріне, олардың білім жүйесіне сүйене отырып жүргізілуі керек. Мұғалім оқушылардың оқытылатын материалға қызығушылығын арттыру үшін барлық тәсілдерді пайдалануы керек.

оқушылардың белсенділігінің маңызды шарты оқыту процесіндегі өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалау. Сондықтан да оларды осындай қызметке қажеттілік пен дағды қалыптастыру мұғалімнің бірден бір міндеті саналады. Өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалау қазіргі оқыту технологиясының міндетті элементі болуы қажет.

білімді саналы және белсенді меңгеруде басты рөл жарқын үлгілерді белгісіз оқушының қосымша оқу материалын пайдалануы арқасында көрініс табатын қызығушылыққа беріледі. Саналылық және белсенділік принциптерін жүзеге асыру үшін оқылатын материалдың тек мазмұнына ғана емес, сондай-ақ оқыту процесінің өзіне де қызығушылық қалыптастыру қажет. [5, 66-67бб.].

Оқушыларға тек жаңа ақпарат алу ғана емес, сонымен қатар оқу, оларға таным процесінің өзі де қызық болуы керек. Бұл ережелерді сақтау жалған білім жинақтауды емес, сенімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметова Г.К., Исаева З.Ә. Әлқожаева Н.С. Педагогика: Оқулық,. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 220 бет.

2. Рысбекова А. «Танымдық қабілетті арттыру шрттары», «Қазақстан мектебі» журналы № 7–2010
3. Әбиева Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика.-Алматы: Да¯рын, 2004.
4. Ильясов С. Танымдық белсенділікті дамыту — өзекті мәселе, «Қазақстан мектебі» журналы № 2–2011

МАРИЯ МОНТЕССОРИ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ КЕШЕНДІ ДАМЫТУ

Кунанбаева Н.Ж. - пед.ғ.к., «Дефектология» мамандығының 1 курс магистранты,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық Университеті

Аңдатпа. Бұл мақала Мария Монтессори әдісін қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі бабалаларды кешенді дамытуға арналған. Мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу барысында Мария Монтессори әдісінің маңызы және түрлері қарастырылуда.

Түйін сөздер: Монтессори әдісі, мүмкіндігі шектеулі балалар,психикалық дамуы тежелген балалар.

Аннотация. Данная статья посвящена на использование метода Марии Монтессори для всестороннего развития детей дошкольного возраста с ограниченными возможностями. Рассматривается важность и цели метода Марии Монтессори в работе с детьми дошкольного возраста с ОВЗ.

Ключивые слова: метод Монтессори, дети с ограниченными возможностями, дети с задержкой психического развития.

Abstract. This article is devoted to the use of the Maria Montessori method for the comprehensive development of preschool children with disabilities. The importance and goals of the Maria Montessori method in working with preschool children with disabilities are considered.

Keywords: Montessori method, children with disabilities, children with mental retardation.

Мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің іс-әрекеттері арқылы оқиды. Олар өз сезімдерінің призмасы арқылы әлемді танып біледі және іс-әрекетте өмір сүреді. Бала үнемі өзіне жақын адамдарға еліктейді. Сонымен бірге тәуелсіз болуға деген ұмтылыс - балалық шақтың ең күшті сезімдерінің бірі болып табылады. Олардың ересек адамдардан айырмашылығы, баланың қызығушылығы шынайы қанағаттану сезімі нәтижеге әкелмейді. Керісінше мақсатты әрекеттерді тәуелсіз орындау процесі болып табылады.

Балалар үйінде тұратын балалардың айналасындағы әлем туралы үстірт ойлары бар. Олар аз, көбінесе жағымсыз, әлеуметтік тәжірибеге ие. Біздің балалар үйінің тәрбиеленушілерінің дамуы туралы диагностикалық мәліметтерге сәйкес, мектеп жасына дейінгі балалардың көп пайызында психикалық дамуы тежелген. ПДТ балалардың ерекшелігі - олардың эмоционалды жетілмегендігі және танымдық белсенділігінің бұзылуы, физикалық дамудың өте төмен деңгейі. Әсіресе ұсақ және үлкен моторикалары. Осыған сүйене отырып, біздің балаларымызды тәрбиелеу мен оқытудың түзету процесінде Мария Монтессоридің әдістерін қолдану өзекті болады [2].

Монтессори жүйесінде педагогикалық процесті ұйымдастырудың ерекшелігі - іс-әрекеттің ауырлық орталығы мұғалімнен балаға ауысады. Бала мұғалімнің түсіндірмелерін енжар қабылдайтын тыңдаушы емес, керісінше жеке қызығушылықтар мен уәждерге сәйкес тәуелсіз конструктивті іс-әрекет барысында білім, білік белсенді алады. Монтессори - материалдар табиғатта аутодидактикалық болып табылады және баланың өздігінен білім алу процесінде көмекке ие болады. Барлық материалдар балалардың еркін қол жетімді жерде ашық сөрелерде орналасқан. Әр материал баланың қоршаған ортаға дұрыс бағдарлануы және оның санасында тәртіпті қалыптастыру үшін қажет болатын даналардан тұрады.

Монтессори педагогикасында мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудің мақсаты баланың табиғи даму процесін оңтайландыру болып табылады. Осыған байланысты келесіміндеттерқарастырылады:

Сабаққа қолайлы жағдай жасау - әр баланың физикалық және психикалық ерекшеліктері мен даму қарқынына сәйкес жеке тәсіл;

Балада туындаған сұрақтарға өз бетінше іздеу қажеттілігін, салыстыру, қарама-қайшылық және талдау қабілеттерін дамыту;

Танымдық белсенділікті дамытуға, қызығушылыққа, жұмыстың жоғары сапалы нәтижеге жетуге ұмтылысына ықпал ету.

Біз жасаған дамушы ортада, Монтессори сыныбында 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалар айналысады. Оқу-дамытушылық ортаны құру кезінде біз осы әдістеменің барлық аспектілерін ескеруге тырыстық және негізгі бағыттар бойынша материалдар орналастырдық:

Практикалық өмір аймағы.

Осы топтың материалдарымен жаттығулар балаларды күнделікті өмірге дайындайды. Олар жасанды нәрсе емес, бірақ баланың қалыпты өмірімен бірге жүреді. Белгілі бір мағынада, бұл жаттығулар шындықты имитациялайды: олар тәрбиелік мақсатта орындалады және баланың табиғи мүдделерін, оның қозғалыс қажеттілігін, қозғалыс қабілеттерін дамытуға, сонымен қатар қозғалыстарды басқаруға және үйлестіруге арналған.

Сенсорлық даму аймағы.

Сенсорлық жаттығуларға арналған материалдар зияткерлік пен сезімді дамытуға берік негіз қалайды. Мұнда материалдың белгілібір сапасы немесе қасиетін бөліп, түс, пішін, өлшем, салмақ, температура, заттың беткі құрылымының қасиеттерін анықтауға арналған материалдар жиынтығы бар.

Математикалық даму аймағы. Бұл аймаққа математиканы құрайтын абстрактілі ұғымдармен байланыстырудың сенсорлық тәжірибесіне мүмкіндік беретін материалдар кіреді. Оны зерттеуге жанама дайындық практикалық және сенсорлық аймақтардың материалдарына енеді. Сондай-ақ, мұнда арифметиканы, нақты объектілермен жұмыс жасауда сандардың өзара әрекеттесуін саналы түрде қабылдауды оқытуға арналған материалдар бар.

«Ғарыштық» білім беру аймағы (сыртқы әлеммен танысу).

Бұл аймақтағы материалдар балаға айналасындағы әлемді тануға көмектеседі, болашақ білімнің негізін қалайды[3].

Қозғалыстарды жақсарту, оларды үйлестіру және бақылау - адамның бала кезіндегі қажеттілігі. 1 жастан 4 жасқа дейін бала әсіресе ұсақ және өрескел моториканы жетілдірумен байланысты іс-әрекет түрлері мен түрлеріне өте сезімтал болып келеді. Практикалық іс-әрекеттегі жаттығуларды орындау кезінде ептілік пен мейірімділікке бала қол жеткізеді. Әрине, бірден емес. Ересектер әдеттегі әрекеттердің көпшілігін тек автоматты түрде орындайды және балаға қиын деп ойламайды[1].

Мария Монтессоридің идеясы мынада: жаттығудың әр кезеңі балаға анық және нақты көрсетіледі. Осылайша осы қызмет түрін игеру процесін едәуір жеңілдетеді. Бала іс-әрекет алгоритмімен танысады, оны ол жағдайларға және нақты еңбек жағдайларына байланысты түпнұсқада да, модификацияланған түрінде де қолдана алады.

Пайдаланылған әдебиет тізімдері

1.Сорокова М.Г. Система М.Монтессори. Теория и практика 2-ое издание, ИЦ «Академия», 2003г.

2. «Детский сад по системе монтессори», методическое рекомендации для педагогов. Москва, 2016 год.

3. Детский сад «International Montessori Kinderhouse» ,Алматы,2019 жыл.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА БІЛІМДІ БАҒАЛАУ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Конырбаева С.С. - п.ғ.к., қауымд. профессор м.а.

Жырымова Г.Н. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім беру сапасын арттыруға септігін тигізеді. Бұл мақалада қазіргі таңдағы білім беру жүйесіндегі білім берудің жаңа технологиялары мен бағалау жүйесін білім беру саласында қолдану, бағалаудың мақсаты, маңызы, күтілетін нәтиже, неге қол жеткізуге болады осы мәселелер қарастырылған.

Аннотация. Оценка учебных достижении учащихся способствует повышению качества образования. В данной статье рассмотрены вопросы применения современных образовательных технологий в системе образования и системы оценивания в области образования, цели, значение, ожидаемый результат, что может быть достигнуто.

Annotation. Evaluation of student learning achievement contributes to the quality of education. This article discusses the application of modern educational technologies in the education system and the evaluation system in the field of education, goals, value, expected result, what can be achieved.

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау – оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады. Сол себептен, зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып, оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі. Бұл жерде оқушылар өзін-өзі

бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады. Өйткені, дәстүрлі бағалау процесінде мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін және оқушы жетістігі басқа оқушы жетістігімен салыстырмалы түрде бағаланып келген болатын. Сол кезде оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей келді, күмәнмен қарады. Бұл жағдайда білім алуға деген қызығушылықты жоғарылатуға мүмкіндік жасайтын бағалаудың нақты критерийлері, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс болмады,

Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ – егеменді елдің берік тірегі. Сондықтан да, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050», «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында білім саласына айрықша көңіл бөліп, еліміздің жарқын болашағы білікті де парасатты жастардың қолында екенін назардан тыс қалдырған емес[1].

Ал, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар, оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Сондықтан, білімалушы жетістігін нақты бағалау мәселесі – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Жалпы білім беру жүйесін жетілдіру «Білім туралы» Заңның талабына сәйкес XXI ғасырдың даму міндеттерін іске асыруға бағытталған[2]. Еліміз жаңа ғасырға өмірдің барлық саласында жаңа құрылыммен енген кезеңде мектепте білім беру әдістері де саны мен сапасы жағынан биік деңгейге көтеріліп, тәжірибеде батыл көрінуде. Осыған орай, қазіргі білім беру саласында оқытудың озық әдістері, түрлі технологиялар көптеп енгізіліп, мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылуда. Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік дағдыларын есепке алу, бақылау оның аса құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі көптеген жағдайларда оқу тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесінің сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың сабақ жүйесінде білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау мен бағалаудың орны ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі, сапа, біліктілік пен дағдының қалыптасу дәрежесі анықталады. Осы тұрғыдан білім, білік, дағдыны есепке алу және бақылау мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаудың маңыздылығы ерекше.

Бақылауды ұйымдастырудың практикалық мәселелерін кейбір ғалымдар (П. Горбунов, У.С. Березняк, В.И. Иващенко, А.К. Исаков, Е.И. Теповский, С.Ф. Сухорский, Чергинский) ғылыми педагогикалық еңбектерінде талдаған. Осылардың негізінде қаралып отырған педагогикалық мәселенің теориялық аспектісі жеткілікті дәрежеде зерттелген деп қортынды шығаруға болады. Себебі «есепке алу», «бақылау» ұйымдастырудың мәні, олардың оқу-тәрбие процесіндегі қызметі, формалары мен тәсілдері анықталған. Екіншіден, оқыту сапасын тексерудің «5» балдық жүйесі оқушылар білімдерінің нақтылы дайындық дәрежесін барлық жағдайда дұрыс көрсетпейді. Ондағы негізгі кемшілік оның жеткілікті түрде ішкі және сыртқы кері байланысты қамтамасыз ете алмауында, соның нәтижесінде оқыту процесінде сапасын арттыруда мұғалім әр кезде бағалау жүйесін қолдана алмайды. Жоғарыда айтылған тұжырымдамаларға сүйене отырып, білім, білік пен дағды нәтижесін есепке алу, бақылау мен бағалаудың теориялық талдауы мен практикада қолдану тәжірибесі арасында әлі де болса қарама-қайшылықтың бар екендігін байқаймыз[3].

20-жылдары үй тапсырмасын беру білімді және емтиханды бағалауды оқыту процесі жүйесінде қарастырмайды. Соның нәтижесінде оқушының үлгерім сапасына мұғалімнің бақылау жасау түрлері кең көлемде тартылды. Ол бір жағдайда үлгерім нәтижесін бақылауда иесіздік, жауапкершіліксіздікке әкелсе, екінші жағдайда, оқу сапасының төмендеуіне кері әсерін тигізді.

30-жылдары білім, білік, дағды нәтежесін есепке алуды, бақылау (Е.В. Гурьянов) және тәрбиелік қызметіне көптеп көңіл аударыла бастады.

40-60 жылдары бұл мәселе төңірегінде отандық білім мен практика тәжірибесін жинақтау жұмыстары қолға алынды. Онда білімді бақылау (Е.И. Перовоский) оқушыларды бақылау ретінде қарастырылды. Оқушыларды бақылау: әрі оқыту, әрі тәрбиелеуді көздесе, кейіннен оны дамыту қызметі ойластырылды (Н.Т. Даири).

Осы мәселені дұрыс шешудегі оң қадам 70-жылдары Педагогика ғылым академиясының оқыту мазмұны мен әдістері ғылыми зерттеу институты қызметкерлерінің зерттеулері негізінде бастама алды. Мұнда оқу-тәрбие процесінің барлық буындарын басқару және тексерудің диагностикалық қызметі айқындалды. 80-жылдардан бастап оқыту нәтижесін есепке алу, бақылау мазмұны, амал тәсіл-

дері мен қызметінің дидактикалық әдістемелік негіздерін талдап, жасау қолға алынды. Оның әділдігін, дәлдігін көтеруге бағытталған мәселелер, үлгерім нәтижелерін есепке алуды қатаң және тәртіпке келтіру жүйесіне арналған жұмыстар қолға алына бастады

XX ғасырда білім беруді ұйымдастыру «Ғылым – өндіріс – білім»

аясында жүрді (А.Чучин-Русов). XXI ғасырда жаңа білімді ұйымдастыру «Мәдениет – білім – тарих» болғандықтан білімге деген жаңа көзқарас туды. Білім мәдениеттің бөлігі ретінде төрт жақты сипатта болатындығы ескерілуде. Дәлірек айтсақ, білім – құндылық, білім – жүйе, білім – үрдіс, білім –нәтиже.

Білімге деген жаңа көзқарас тұрғысынан оның сапасы да жаңаша пайымдалуда. Бұл негізінен, білімнің төрт сипатын біртұтас қарастырып, оның ішінде білімнің құндылық ретінде және білімнің нәтиже ретіндегі қырларына аса мән берумен байланысты. Осыған орай, білім жүйесінің соңғы нәтижесі оқушының жеке пәндер бойынша алынған білім дағдылары емес, оларды пайдалану арқылы қалыптасып дамытылатын өмірлік дағдылар, құзырлықтар болып табылады. Әрине, білім беру жүйесінде, оның ішінде жалпы білім беруде оң өзгерістер болып жатқаны көпшілікке мәлім. Жүйелі түрде жүргізілген кешенді іс-шараларды төмендегідей топтауға болады: білім беретін оқу орындарының әлеуметтік институт ретіндегі міндеттері мен құқықтарын жетілдіру (заңдар, ережелер, нормативтік құжаттар); білім беру саласын қаржыландыру жүйесін жетілдіру (оқу орындарын қаржыландырудың көп арналылығы, қаржыландырудағы дербестік, ішінара шаруашылық дербестігі, мұқтаж оқушыларға қаржылай демеушілік); жалпы білім беру жүйесінің қалыптасып қалған дәстүрлі құрылымы мен мазмұнын жетілдіру және жаңарту (стандарттар, оқу-әдістеме); әр түрлі оқу орындарын (меншігіне, ұйымдастыру ерекшелігіне, бағытына қарай) құруға және әр түрлі технологиялар арқылы оқу үрдісін шығармашылықпен ұйымдастыруға еркіндік беру арқылы педагогикалық қауымның белсенділігін арттыру[4].

Интербелсенді оқу/оқыту практикасында «бағалау» термині мынандай мағынада қолданылады:

Бағалау – студенттердің оқу процесінде қаншалықты табысты (немесе, керісінше) болғандығын, білім игерудегі олардың жетістіктерін, өсуі мен дамуын анықтау.

Бағалау – студенттердің қолынан не келетіндігін (білім, білік, дағды, машық, құзырлылық, құндылықтар) айқындау.

Бағалау – білім игеру процесіне қатысушылардың (оқытушы және студенттер) әрекеттері қандай деңгейде екендігін, олардың сапасын анықтау.

Бағалау – студенттердің білімін қалайша әрі қарай дамытып, олардың алдағы білім игеру әрекеттерінің деңгейін қалайша жақсартуға болатындығын білу, жоспарлау және студенттерді соған ынталандыру.

Бағалау – оқу процесінің (студент әрекетінің, сабақтың, пәннің, курстың) қаншалықты нәтижелі екендігін анықтап, мақсаттардың қандай дәрежеде жүзеге асырылып жатқандығын анықтау.

Қорыта келе, бүгінгі күні Қазақстандық білім беру жүйесіне сындарлы оқыту теориясының енгізілуі – игілікті істердің бірі болуда. Соның ішінде оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе.

Мектепте оқушының тәрбиесі мен дамуы және оқу жұмысындағы мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы, ізгілендіру ұстанымдары негізінде ұйымдастыруға ерекше мән беріліп отырған қазіргі кезеңде бағалаудың рөлі, қызметі түбегейлі өзгеріп, ол тәрбиелеуші, диагностикалық дамытушы, бақылаушы және басқарушы қызмет атқару керек.

Соңғы уақыттарда оқу нәтижесін бақылау мен бағалау мәселесін әр түрлі аспектілер бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижелері шығармашылықпен жұмыс істейтін жекелеген мұғалімдер тәжірибесіндегі жаңалықтар жеткілікті нәтижеде сараланып, жинақталып, бақылап-бағалаудың қызметтерін жүзеге асыратын рейтингілік жаңа жүйе жолдары әзірленуде. Әзірге 5 балдық жүйе оқу үрдісін ұйымдастырудың ұстанымдары мен бақылап-бағалаудың жаңа қызметінен туындайтын белгілі бір талаптарға сай қолданылып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, «ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ - 2050: БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ» Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар
2. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы, 2007ж.
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. 2014 ж.
4. Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий – Педагогика, 2009 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢАША ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Мәкіш Ж.А. - 6М012400-«Педагогикалық өлшемдер» мамандығының 2-курс магистранты. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. Алматы қ.

Аңдатпа. Бұл мақала білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялардың қазақ тілі пәнінде қолданудың тиімділігін айқындай алады. Сонымен қатар қазақ тілінің жан-жақтылығын көрсетеді, жаңа технологияларды қолданудың қыр-сырын меңгертеді.

Кілт сөздер: бағалау, оқыту технологиялары, критериалды бағалау, оқыту.

Аннотация. В данной статье рассматривается определение эффективности использования новых технологий на казахском языке в системе образования. Он также демонстрирует многогранность казахского языка, учится использовать новые технологии.

Ключевые слова: оценивания, технологии обучения, критериальная оценивания, обучение.

Annotation. This article can define the effectiveness of the use of new technologies in the Kazakh language in the education system. He also demonstrates the versatility of the Kazakh language, learns how to use new technologies.

Keywords: assessment, training technology, criteria-based assessment, training.

Әр ұлттың өз ана тілі бар. Біздің ана тіліміз, бәрімізге ортақ мұрамыз – қазақ тілі. Ұлы орыс ғалымы, шығыстанушы В.В.Радлов өзінің жазбаларында қазақ тілімізге мынадай анықтама беріп кеткен екен: «Қазақтардың тілі жатық та шешен, әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақпен жауап беруге келгенде таң қалдырарлықтай оралымды сөйлейді. Кез келгені, тіптен, сауатсыздарының өзі, ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесінде сөйлей біледі».

Уақыт өткен сайын, заман жаңарып, заманына қарай жастардың да дүниетанымы өзгерген. Соған орай, қазіргі технология заманында жоғары оқу орындарында, мектептерде сабақтарда, оның ішінде қазақ тілін оқытып-үйрету кезінде технологияны көп қолдану керек, бұл қазіргі уақытта көп сұранысқа ие дүние болып тұр. Білім мекемелерінде оқытылатын пәндер арасында қазақ тілі пәнінен алатын орны ерекше. Ұлы ойшыл, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі жаухары» деп, қазақ тілінің өте бай тіл екендігін айтады. Дегенмен де, бір жағынан, өте күрделі тіл. Себебі бір сөзінің өзі сан алуан мағынаны білдіруі мүмкін. Өзге ұлт өкілдерін оқыту барысында ұстаздың оқушыларға осыны түсіндіруде көп қиындықтарға тап болатындығы анық. Қазіргі таңда оқу мекемелерінде қазақ тілін оқыту басты мақсаттардың бірі болып отыр. Оқыту әдістерінде әр түрлі жаңа технологиялардың пайдаланылып жатқаны белгілі. Қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды пайдаланудың басты мақсаты оқушылардың сөздік қорын байыту, сонымен қатар сауатты жаза білуге баулу болып табылады. Сол себептен барлық ұстаздар білім берудің жаңа тәсілдерін білуге міндетті. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын басты ақпараттық технологиялар интерактивтік тақта, теледидар, электронды оқулықтар болып табылады.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі, сөзсіз, түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру — міндет.

Жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай: әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу; білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу; өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту; аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Инновациялық процестерді енгізу үш өзара байланысты күштер анықталады: енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен [1].

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да, әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері — кезек күттірмейтін өзекті қоғам

талабы. Сондықтан біз болашақ педагог-психологтардың жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды.

Модификациялық инновация — бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация — бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация білімге мемлекеттік стандарттарды енгізумен сипатталады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады [2].

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әр түрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация — нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс: «Инновация — арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», — дейді.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте, инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Р. Масырова, Т. Линчевская «жаңару» дегенімізді былай деп түсіндіреді:

«Жаңару — белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея».

Қазақстанда ең алғаш «инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз — білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір білек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов «инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жүктемесінде инновацияны, қайта жаңғырту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке- дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке-дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын) [3].

Инновациялық технологияларға мультимедиалық сабақтар да жатады. Ағылшын тілінде multimedia, латын тілінде multum — көп және media, medium — жинақ дегенді білдіреді, яғни құрамына бірнеше мәтін, сурет, бейне, көрініс, анимация кіреді. Мультимедиалық сабақтарда қойылатын мақсаттар: студенттердің компьютерлік технологиясын қолдану арқылы оқыту, үйрену, танымдық әрекетін жүзеге асыру және өз бетінше жұмыс істеу дағдысы мен шығармашылыққа қабілеттерін дамыту. Сабақта келесі қажетті шарттар орындалуы керек: студенттің жеке тұлғасын дайындау; ойлау қабілетін жетілдіру; эстетикалық тәрбие; нақты бір шешім қабылдауға қалыптастыру; пәнаралық байланыстарды тереңдету.

Мультимедиалық сабақ өткізу кезінде студенттер ақпаратты тек қана қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге оны өңдеп, жеткізу әрекеттерін орындайды. Бұл кезде оқытушының мақсаты студенттерде қажетті ақпаратты табу, сұрыптап, оны жүйелеу мен жеткізу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Ол оқу пәнінің тақырыбын қоршаған ортада болып жатқан түрлі құбылыстар мен жағдайларды және проблемаларды шешумен байланыстыра отырып, студенттерге жобаны дайындау тапсырмасын ұсынады. Бұл тапсырманы орындау мен оны қорғау кезеңі студенттердің топ алдында сөйлеу мәдениетін, ойын жүйелей білу мен өзіндік көзқарастың және ой- пікірлерін қорғай білу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тапсырмаларды қорғау топтың алдында орындалады және олардың өзара қарым-қатынасын талап етеді. Сонымен, мультимедиалық жобаны көру студенттерге қажетті теориялық білім мен танымдық қызығушылықты қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді әдіс болып табылады.

Қазақ тілін оқыту кезеңдерінің тіл үйрету деңгейлерімен байланысы анықталып, жеделдете деңгейлік оқытудың соңғы нәтижесі қатысымдық құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында аралық, қорытынды сынақтарды және өзіндік жұмысты ұйымдастырудың тиімді тәсілдері айқындалады. Қазақ тілін жаңаша оқыту барысында сабақта жан-жақты технологияларды ұтымды қолданып, студенттердің шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызып отыру қажет. Оқыту кезең бойынша ұйымдастыру, сол арқылы әрбір кезеңде оқытудың мазмұнын, формасын, әдістерін және құралдарын сәйкестендіріп таңдап алуды, болатын нәтижелерді кезең бойынша диагностикалауды есепке алу негізінде дидактикалық міндеттерді қою мен шешудің логикалық бірізділігін қамтамасыз ету тиіс. Жаңа

технологиялар дәуірі студенттерге қазақ тілін жеделдете оқытудың әдістемелік жүйесінің мазмұны айқындалып, соңғы ғылыми жаңалықтар негізінде толықтырылады, білім берудің парадигмалары негізіндегі жеделдете оқытудың мәні айқындалып, ұстанымдары нақтыланады [3].

Бүгінгі таңда қазақ мектептерінің өзекті мәселелерінің бірі — оқушылардың тіл мәдениетін көтеру, сауатты жаза алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын азамат тәрбиелеу. Қазіргі заманымызда қойылған басты талаптардың бірі — өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу. Оқушының жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, тіл мәдениетін, әдебін қалыптастыру педагогиканың қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Осы мәселелерді назардан тыс қалдырмай, кәсіби-бағдар бере отырып оқыту — тіл үйренушінің мектепте алған білімін тереңдетіп, өзі таңдаған мамандыққа сай лексиканы меңгеруіне, өз көзқарасын танытуға, бейнелі, астарлы қазақ тілінің байлығын меңгеруіне жол ашады. Тіл үйренушінің ой-пікірін белгілі бір тақырып бойынша жүйелі түрде өз мамандығына негіздеуге жұмыстар жүргізіледі. Осы арада жоғарыда айтып өткен жаңа технологияның түрлері кеңінен қолданылады, яғни оқытушының шеберлігі аса қажет етіледі. Оқытушы таңдаған технологияны түрлендіріп, аса шеберлік көрсетсе, соғұрлым сабақ мақсатына жетеді деп ойлаймыз. Осы тұрғыдан алғанда, оқытушыға білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Кез келген оқыту технологиясы іс-әрекеттің қарқындылығы мен белсенділігін арттырады. Тіл үйренушінің оқуға деген ынта-ықыласын, қызығушылығын жойып алмау мақсатында, алдымен ұғымға сәйкес түсінікті болуын ескеру қажет, берілетін тапсырманың тәрбиелік мәніне көңіл бөлініп, сезімді, қызығушылықты оятатындай құрылуы керектігі ескерілуі қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Әмірғалина Н. Білім берудің инновациялық технологияларының бірі — тірек конспектілері // Білім. — 2009. — №— 17–19 б.
2. Құрман Ж.Н. Қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздері. — Алматы, 2017. — 28-б.
3. Садуова Ж. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану // Білім, 2015 — № 5. — 22–24-б.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ГРАФИКА АРҚЫЛЫ ҚҰРЫЛЫМДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұратбаева Г.А. - п.ғ.д., проф.м.а.
Молдақан Б.Е. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа. Бұл мақалада бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау жолында нәтижеге қол жеткізу үшін білім берудің моделін түбегейлі өзгерту қажеттілігі, оның ішінде математика сабағында дидактикалық материалдардың маңыздылығы мен оларды дұрыс құрылымдаудың ерекшеліктері жайлы баяндалған.

Кілт сөздер: қабілет, дағды, тыңдалым, айтылым, графика, сапа т.б.

Аннотация. В этой статье подчеркивается необходимость радикальных изменений в модели образования для достижения результатов в конкурентоспособном поколении, в том числе важность дидактических материалов на уроках математики и особенности их правильного структурирования

Ключевые слова: умение, навыки, аудирование, произношение, графика, качество и т. д.

Annotation. This article emphasizes the need for radical changes in the model of education to achieve results in a competitive generation, including the importance of didactic materials in mathematics and the features of their correct structuring.

Key words: skill, listening skills, pronunciation, graphics, quality, etc.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарауға себепші болды. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім беру саласындағы мамандар үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды болып отырған мәселе- «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және маңыздылығы жағынан одан кейінгі екінші мәселе – «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» [1].

Жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеу-

меттік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету. Жалпы орта білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – жеке және қоғам өміріне қажетті әрі қарай кәсіби білім алуы мен жұмысқа орналасуының негізі ретінде сапалы білім алуына оқушыға мүмкіндік беру болып табылады. Қазіргі білім берудің мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес, өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жанжақты дамыған білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр.

Бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау жолында нәтижеге қол жеткізу үшін білім берудің моделін түбегейлі өзгертуге бет бұрдық. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауында «2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет. Орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталатын болады. Бұл – мүлде жаңа бағдарламалар, жаңа оқулықтар, жаңа стандарттар және кадрлар» деп атап өтілген[2].

Осыған орай білім беру саласында оқушылар үшін терең білім де, соған сәйкес тәжірибелік дағдылар да тең дәрежеде маңызды. Заманауи оқыту тәсілдерінің негізгі ерекшеліктері оқушылардың білімді тек меңгеріп қана қоймай, оны іс жүзінде орынды қолдана білуіне басты назар аудару керек екенін анық аңғартады [3].

Оқушының қабілеттерін дамыту, оның бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру ең біріншіден педагог маманның шеберлігі мен білімділігін қажет етеді. Елбасы Жолдауында (2018) педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыруды жетілдіру керектігін,еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамытудың маңыздылығын,білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керектігін, бұл – жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты екендігін атап көрсетті. Бұл міндетті жүзеге асыру барысында жоғары оқу орындарында дайындалатын педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың жолдары зерттеу қажеттігі анықталды. Дәстүрлі білім беру жүйесінің оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру нәтижесіне жетуге мүмкіндігі толық жетпейтіндігін іс-тәжірибе дәлелдеп отыр.

Математика пәні оқушы бойында байқағыштық, жылдамдық, тез қабылдау, жылдам ойлау секілді қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Математикада есептер шешу арқылы оқушылар белгілі бір ойлау деңгейінде жұмыс жасайды, оны әрі қарай дамытады. Білім алуда оқушы меңгеруі тиіс дағдыларды, атап айтсақ тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым пайдалана отырып тапсырманы тиянақты орындауға ұмтылуы тиіс. Бірақ, балаға берілген тапсырма түсінікті ұсынылмаса осы дағдылар оқушы бойында қалыпстаспасы анық. Білім алушы тапсырманы орындау үшін оқытушы тарапынан қызығушылығын оятатын әдіс-тәсілдер ұсынылуы қажет. Есептерді шығару үшін біріншіден, тапсырманы толық түсініп, келесі қадамның қандай болатынын болжай білсе, алған білімін әр қадамда орындай алса білім сапасы да нәтижелі болмақ. Көрнекі құралдарға АКТ құралдарын пайдалану ең тиімді әдістердің бірі болып есептеледі. Мысалы, 5-сынып математика пәні бойынша «Санның бөлігін табу» тарауында оқушыларға тапсырмаларды графика арқылы ұйымдастырса бала бірден алған білімін ойлау деңгейінің жоғары бөлімінде орындай алар еді.

Көрнекілік адамның заттар немесе құбылыс жайлы ақпараттың берілуі мен оны қабылдауды оңайлату қажеттілігінің туындауымен бір мезгілде пайда болды. Оның куәсі бізге ертеден жеткен жартастағы суреттер болып табылады. Көрнекілік, оқыту жазу өнері пайда болғанға дейін туындаса керек. Ежелгі Египет, Рим, Грек елінде ол кеңінен қолданысқа ие болған. Ақпаратты ауызша және жазбаша сөйлеу тілі арқылы жеткізудің жетілуі, сонымен бірге абстрактілік ойлаудың дамуы көрнекі оқыту әдісінің кең тарауына ықпал етті. Ал, математика пәнін оқытуда оқушылардың танымы мен қызығушылығын арттыру мақсатында дидактикалық ақпаратты пайдалану жоғары нәтижеге алып келеді. Дидактикалық ақпаратты жүйелі әрі сызбаның көмегімен ұсыну білім алушылардың тиянақты білім алуларына, өз беттерімен ізденіс жасауларына көп көмегін тигізеді [10].

Оқытудағы көрнекілік принципінің мәні туралы Ж.Б.Қоянбаев және Р.М.Қоянбаев былай дейді: «Оқыту процесінде сөз бен іс, теория мен практика өзара байланысты болады. Әр түрлі көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді. Мысалы, жоғары сыныптарда сабақты демонстрациялап өткізу өте тиімді және нәтижелі болады. Көрнекілік абстракты ұғымды игеруге әсер етеді. Сонымен, көрнекілік принципінің оқыту материалдарын, әсіресе теориялық ережелерді терең оқуда, берік есте сақтауда алатын орыны ерекше» [5]. Дегенмен, олар көрнекілік қасиеті тек нақтыға ғана тән деп, ал «абстрактілік» ұғымын көрнекілікпен байланыстыруға болмайды деп

есептеді. Көрнекілік принципін қолдану әдістемесі негізінен бастауыш мектепке, ана тілі сабақтарына қатысы болып, көрнекі оқытудың компоненттік құрамы анықталған жоқ.

Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде көрнекілік, көрнекі оқыту, көрнекілік түрлері, көрнекі құралдары жіктемесінің сан-алуан жолдары келтіріледі.

Ғылыми әдебиеттер мен мектеп практикасында «көрнекілік» сөзі үш мағынада қолданылады. Біріншіден, ол кейбір объектілер (көрнекі құралдарды), екіншіден, кейбір қасиеттері реалды заттар, құбылыстар, ойлау), үшіншіден, адамның белгілі бір іс-әрекетін (көрнекілік құралдарын қабылдау, оларды пайдалануды) білдіреді. Терминнің көпмәнділігіне байланысты оның әр түрлі анықтамалары бар.

С.Қ.Шабажанова: «Балалардың ойлауы табиғатынан екі түрлі болып келетінін мұғалім қашанда білуі керек. Бірі — көрнекі құралдарға сүйене отыру арқылы қабылдаса, екіншісі — ауызша тезірек қабылдайды. Мұндай балаларды анықтау оңай емес. Баланың жасы кіші болған сайын олардың ойлауы көбінесе көрнекі құралдарға негізделеді, ойлауы көрнекі-бейнелілік және ауызша-логикалық болып келеді. Олардың айырмашылықтары жасөспірім кезде ғана анықталады. Таза түрі сирек кездеседі. Көбінесе аралас түрі ұшырасады. Сонымен, «көрнекілік» түсінігі бастапқымен салыстырғанда едәуір өзгерді. Қазір көрнекілік тек нақты ғана емес, сонымен бірге абстрактілік деңгей мен іс-әрекет үдерісінде қарастырылады. Дегенмен, «көрнекілік» ұғымына бірдей көзқарас жоқ, көрнекі оқытудың анықтамасы берілмеген, оны құраушы компоненттердің сипаттамасы толық ашылмаған, әрі математикадағы көрнекі оқыту ерекшелігі жеткіліксіз түрде зерттелген» [6].

Математика пәні мұғалімі педагогикалық жұмыста белгілі бір нәтижеге жетуді көздеп, заманауи технологияны, яғни компьютерлік техниканы, математика пәнін оқытуда тиімді пайдаланып, сабақ өтсе, сапалы білім беруге қол жеткізуге болатындығы айқын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. — Алматы: Атамұра, 2000. — 218,219-б.
2. Бидосов Ә. Математиканы оқыту методикасы. — Алматы: Мектеп, 1989. — 56,57-б.
3. Әбілқасымова А.Е., Көбесов А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. —Алматы, 2005. — 89,90-б.
4. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. — Алматы, 2004. — 147,148-б.
5. Болтянский В.Г. Комплексы учебного оборудования по математике. — М., 1971. — С. 105,106.
6. Шабажанова С.Қ. Мектептегі психологиялық диагностика. — Алматы, 2005. — 80,81-б.
7. Аяған Б. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. — Алматы, 2003. — 60,61-б.
8. Халықова К.З. Информатиканы оқыту әдістемесі. — Алматы: Білім, 2000. — 71,72-б.
9. Жақыпбекова Г. Информатиканы оқыту әдістемесі. — Шымкент, 2005. — 95,96-б.
10. Жұмағұлова Қ.Ә. Оқушыларға экономикалық білім беру — бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу кепілі. — Алматы,— 55,56-б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Омарбекова Ш. О. - п.ғ.к аға оқытушы
Жұмағұл А.Б. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы

Аңдатпа: Бұл мақалада тарих пәні бойынша жаңартылған білім беру мазмұны жайлы баяндалған. Сонымен қатар жаңартылған білім берудің негізгі мақсаты арқылы тарих сабағында қолданылатын топтық жұмыс әдісі туралы айтылған.

Тірек сөздер: Жаңартылған білім беру мазмұны, тарихи білім, топтық жұмыс, тәсілдер, әдістер.

Аннотация: В данной статье изложено обновленное содержание образования по предмету история. А также говорится о цели и о приоритетах обновленного содержания также о методе групповой работы, используемой на уроках истории с элементами обновленных технологии.

Ключевые слова: Обучения по обновленному содержанию, историческое обучения, групповая работа, способ, метод.

Abstract: This article presents the updated content of education on the subject of history. And also it is told about the purposes and about priorities of the update contents also about a method of group work used at lessons of history with elements of the updated technologies.

Keywords: Updated content training, historical studies, group work, way, method.

Қазіргі таңда барлық мектептер жаңа технология құралдарымен жабдықталып, ұстаздар білім берудің жаңа әдіс - тәсілдері бойынша білімдерін етілдеру үстінде. «Білімді ұрпақ - болашақтың кепілі» ,- деп дана халқымыз айтқандай, бүгіндей ел болашағы - жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды болса, мұғалімдер қауымына артылар жүк ауыр екені баршаға мәлім. Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе білім беру жүйесі. Қазіргі таңдағы негізгі мақсат - жан - жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой - тұлғасы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны яғни еліміздің патриотын қалыптастыру.

Оқып үйрену мен тәрбие ісінде оқу орындарының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру - қоғамның басты мәселесі. Осыған орай, әр ұстаз- XXI ғасыр мұғаліміне сай болу үшін - ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан - жақты шебер, тынымсыз еңбекққор терең қазыналы білімпаз, кез келген ортаның ұйытқысы болу керек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жылдар бойы білім және ғылым саласына ұдайы көңіл бөліп келеді. «Қазақстанның төртінші жаңғыруы : Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» атты Қазақстан халқына Жолдауында да бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс. Біздің міндетіміз- білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру . Оқыту бағдарламаларын оқушылардың сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», - деген жолдар соның дәлелі [1].

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім беру бағдарламасын жүзеге асырауда білім берудің жаңа парадигмасына көшу жағдайында оқытудың тиімді стратегияларын қолдана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру. Осыдан жаңартылған бағдарламаның негізгі басымдықтарын көре аламыз: білім беру жүйесі әлемдік білім беру стандартымен сәйкестенеді; бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырады; үштілді толық білетін тұлға қалыптасады;- функционалдық сауаттылық қалыптасады; тәжірибелік дағдылары дамиды; мұғалімдердің кәсіби шеберлігі жетіледі.

Осы басымдықтардың негізінде XXI ғасырда Қазақстандағы білім жүйесі әлемдік стандарттарға сәйкестенеді. Бүгінгі күні қолданысқа енгізіліп отырған жаңартылған оқу бағдарламасының басымдықтарын жүзеге асыруда ұстаздарға жүктелетін жұмыс пен міндеттің ауқымы айрықша.

Біз, зерттеу жұмысымызда тарих пәнін оқыту барысында оқушылардың білім сапасын бағалау әдістемесін қарастыратын болғандықтан, жаңартылған блім беру бағдарламасының мақсаты: «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту, кретериалды бағалау жүйесін енгізу және мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру болып табылды.

Жаңартылған технологиялардың элементтерін пайдалану арқылы тарих сабағында топтық жұмысқа қолдау көрсетіп, мынадай оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге болады: топқа бөлініп оқу сынып ішінде ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады, оқушылар бірлесіп топ ережесін құрады, сол ережеге бағынады, оқушылардың әр тақырыпты меңгеруі әр түрлі деңгейде болады. Сол себепті жұптық,топтық жұмыс бұл пәнге сай келеді. Сабақта тақырыптың мазмұны мен мәнін ашып, тарихи фактілерді дәлелдеу үшін әр түрлі тәсілдерін пайдаланғанда жақсы нәтижеге қол жеткізуге, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға болады. Осындай жұмысты бағалағанда нәтижеге емес, оқушының ынта мен қызығушылығына назар аударылады. Сабақ соңында мұғалім жаңа материалды ғана емес, ненің ұнағандығын, қандай тәсілдердің қолайлылығын да талқыға салып отыру керек.

Әр сабақта білім алушыларды шағын топтарға бөліп сол арқылы олардың бірлесе жұмыс жасауына қолайлы жағдай жасау керек. Білім алушыларды шағын топтарға 4-5 адамнан бөлген тиімді. Олардың партаны жағалай бір - біріне бет қарап отырғаны дұрыс.

Топқа бөлу әдетте кездейсоқ түрде жасалады. Алайда жыл бойы әр білім алушы басқалармен барлық сабақтарда топ құрамында жұмыс жасап, шығуы керек. Мұндағы басты мақсат - білім алушылардың бір -бірімен тиімді қарым - қатынас құрып, ортақ тіл таба білуіне ықпал жасау. Топқа бөлуді әрекетке негіздеп, қызықты қылып өткізген жөн. Топтық жұмыстарды ұйымдастыруда ұжымдық танымдық іс- әрекеттердің әр түрлі формалары мен түрлерін жүзеге асыру маңызды орын алады. Бұл үшін мұғалім топқа бөлудің қызықты тәсілдерін қолдану керек. Ұстаз топқа бөлінудің алуан түрлерін, мысалы, жылдың төрт мезгілін, сурет қиындыларын, сандарды, геометриялық фигураларды, түстерді, жемістерді, гүлдерді немесе әндерді және т.б таңдау арқылы іске асатынын көрсеткен жөн.

Топтық жұмыс формасын ұйымдастыруда бірін - бірі бағалау әдісін қолдануға болады. Бағалау әдісі білім алушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға; тұлғаның қарым - қатынас, танымдық, сыйласу, шығармашылық тұрғыда өзін - өзі құлшындыру, өзін - өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға әсер ететіні сөссіз. Топтық бірлескен жұмыстан соң (талқылау, пікірлесу, ой қозғау, тапсырманы бірлесе орындау, т.б) әр топқа өз пікірі мен көзқарасын жариялау мүмкіндігін беру керек.

Ол үшін топ атынан бір білім алушы (топ басшысы, шешен, спикер, капитан, т.б) берілген уақыт ішінде өз ойлары мен ұйғарымдарын ортаға салады. Осылайша, бірлескен топтық жұмыс барысында білім алушылар білім ала отырып, өзара түсіністікке қол жеткізеді. Топпен жұмыс істегенде білім алушылардың бастары бірігіп, араларында бір - біріне деген жылы сезімдер орнайды [2].

Әр тоқсанның соңында бағалаудың бірыңғай стандартын белгілеу үшін оқушылардың жиынтық жұмыстарының нәтижесін талқылау үдерісі - модерация жүргізіледі.

Оқу нәтижелерін бағалаудың айқындығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін ІЖБ модерациясы бойынша отырыс ұйымдастырылады. Онда оқушылардың қалыптастырушы бағалау кезінде пән бойынша орындаған тапсырмаларының нәтижелері талқыланады.

Модерацияға дейін: жиынтық бағалау жұмыстарын балл қою кестесіне сәйкес бағалайды; баға қарындашпен қойылады; жиынтық бағалау жұмыстары іріктеніп алынады;

Модерация кезінде: жұмыс қорытындысын ұжымда талқылайды және балл қою кестесіне сәйкес қойылғанына көз жеткізеді; отырыс хаттамасына қол қояды;

Модерациядан кейін : білім алушылардың жұмыстарын қайта қарайды, балдарды жоғарлатуы немесе төмендетуі мүмкін ; нақты балл бағалау нәтижелерін тіркейтін электрондық журналға қойылады [3].

Қорыта келе айтатанымыз, қазіргі қоғам мен өткенді байланыстыратын тарихи таным өскелең ұрпақтың бүгінгі заман оқиғаларының мәні туралы түсінігін қалыптастыруда бірінші кезекте тұрады. Тарих пәні ұлттық өзіндік сана - сезімді және жас ұрпақты тәрбиелеудің адамгершілік этикалық нормаларын бекітуге назар аударады. Тарих ғылымы пән ретінде аса маңызды білім саласына жатады. Өйткені, ол бүкіл адамзаттың басынан өткізген тарихын, тәжірибесін баяндайды. тарихты әрбір адам білу қажет. Сонда ғана ол өзі өмір сүрген қоғамдағы лайықты орнын, істейтін қызметін соларға байланысты туындайтын міндеттерді, оларды орындау жолдарын дұрыс,дәл анықтайтын болады.

5 пен 11 сынып оқушылары бойынша тарих пәніне арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Бағдарламаның маңыздылығы - оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарны жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ- ны қолдану, коммуникативті қарым - қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс- тәсілдерді қолдану. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр.

Пайдаланған әдебиеттер :

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның төртінші жаңғыруы : Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2018ж.

2. «Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы //Мқғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

3.Қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалауға арналған басшылық«Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы. Білім сапасын бағалау департаменті . Астана 2015.

МОНТЕССОРИ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ. ДАЙЫН ОРТА ЖӘНЕ МОНТЕССОРИДІҢ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ЕРЕСЕКТЕРДІҢ РӨЛІ

Г.С.Оразаева - психол.ғ.к.
А.И.Ботирова - «Дефектология» мамандығының 2 курс магистранты, Алматы қ., Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық Университеті

Аңдатпа. Бұл мақалада Монтесори педагогикасы әдісінің негізі туралы, Монтессори педагогикасының ерекшеліктері, Мария Монтессори үшін балаға оның психологиялық қажеттіліктеріне сай дайындалған ортасы, сенсорлық қабылдауды дамытуға мүмкіндік беру . Осы мәселеге шолу жүргізілген.

Түйін сөздер: дайындық орта, сенсорлық қабылдау, психологиялық қажеттіліктер, педагогикалық сипаттама.

Аннотация. В данной статье речь идет об основах методики педагогики Монтесори, особенностях педагогики Монтессори, среде, подготовленной для Марии Монтессори в соответствии с ее пси-

хологическими потребностями, позволяющей развивать сенсорный восприятие. Был проведен обзор этой проблемы.

Ключевые слова: подготовительная среда, сенсорное восприятие, психологические потребности, педагогическая характеристика

Abstract. In this article we are talking about the basics of the methodology of montesori pedagogy, the features of Montessori pedagogy, the environment prepared for Maria Montessori in accordance with her psychological needs, allowing to develop sensory perception . The problem was reviewed.

Key words: preparatory environment, sensory perception, psychological needs, pedagogical characteristics.

Педагогика Монтессори жиі педагогикалық әдіс ретінде сипатталады, онда бала мен оның тұлғасы бірінші кезекте орналасады. Монтессори әрбір баланың құнына сенді. Монтессоридің педагогикасында салыстыру және өлшеу қолданыстағы жалпы шараларға қолданылмайды. Оның орнына, балалар зорлық-зомбылықсыз, сыртқы араласудан және сыннан үйренеді. Мария Монтесори екеуі де жігер мен жаза адамның ішкі бағдарына зиян келтіретініне және адамдар өздерінің ынта-жігерін ұстануға үйренуі керек екеніне сенімді болды.Ең алдымен, ересектер өміріне қатысуға деген ұмтылыс өсіп келе жатқан табиғатқа тән органикалық болып табылады.

Монтесори әдісінің негізі баланың білім алудан табиғи қуанышын сақтау болып табылады. Монтесоридің айтуы бойынша, бұл қуаныш – өсіп келе жатқан адамның басты ерекшеліктерінің бірі. Бұл сезімді қолдау және оны құрметтеу рухында басқару, мұғалім үйлесімді және теңгерімді тұлғаны дамытуға ықпал етеді.

Өз ырғақтарында және өз мүдделеріне сай оқитын балалар өздерінің қабілеттеріне сенім артып, неғұрлым тиімді түрде үйренгендерін біледі.

Өзін-өзі қамтамасыз ету практикалық өмірдің тапсырмаларымен (яғни, күнделікті практикада тікелей қолданылады) жүзеге асырылады. Монтессори балабақшасы (ең алдымен имитация арқылы) өзін-өзі киюге, жууға, үстелді жабуға және т.б. үйретеді.Мектептегі Монтессориге арналған тренингтер топтарда жұмыс істеу үшін көп орын алады. Балалар бірге жұмыс істегісі келетін адамдармен және немен таңдай алады.

Оқытушылар мен оқушылар өздерін оқу ретінде қабылдағаны өте маңызды, әр баланың өздерінің ырғағын ескеріп, оны өз даралығымен түсінуге тырысады және қазіргі кездегі жағдайды таниды. Мысалы, бала математика үшін емес математикалық материалды пайдаланады, бірақ одан өлшеу немесе құрылыс машиналарын және т.б. – және бұл жағдайда менеджер мұндай дамуы керек.

Монтессори педагогикасының негіздері. Мария Монтессоридің айтуынша, баланың жеке басын дамыту үш кезеңге бөлінеді:

Балалық шақтың бірінші кезеңі (0 – 6 жас)

балалық кезеңнің екінші кезеңі (6 – 12 жас)

жастар (12 – 18 жас).

Бұл кезеңдердің әрқайсысы дамудың нақты тәуелсіз сегментін білдіреді.

Балалық шақтың бірінші кезеңінің (0 – 6 жас) фазасы – өмірдің маңызды кезеңі, себебі қазіргі кезде баланың жеке қасиеттері мен қабілеттері қалыптасады. Монтессори өмірдің алғашқы алты жылын баланың рухы мен жаны дамитын екінші эмбриональды даму сатысы деп түсінеді. Ересек адам өзінің қабылдауын сүзгі жасағанда, бала қоршаған ортаға жұтылып, оның жеке басының бөлігі болады.

Бала Монтессоридің екінші кезеңі тұрақтылық кезеңі ретінде анықталады. Баланың дамуы барысында «сезімтал» немесе «сезімтал» кезеңдер өтеді. Мұндай кезеңдерде бала әсіресе қоршаған ортадан белгілі бір толқуларға сезімтал, мысалы, қозғалыс, сөйлеу немесе әлеуметтік аспектілерді дамытуға қатысты.

Мария Монтессоридің өсиеттері. Ешқашан балаға қолын тигізбеңіз (қандай да бір түрде).

Ешқашан бала туралы, онымен де, онсыз да жаман емес.

Нашарлау нәтижесінде аз және аз орын болу үшін баладағы жақсылықты дамытуға шоғырланыңыз.

Қоршаған ортаны дайындауға белсене қатысыңыз. Тұрақты және педиантикалық күтімін алыңыз. Баламен оған сындарлы қарым-қатынас орнатуға көмектесу. Әрбір дамып келе жатқан материалдың орнын және онымен жұмыс істеудің дұрыс жолдарын көрсетіңіз.

Сізге қажет баланың шақыруына жауап беруге дайын болыңыз, үнемі тыңдаңыз және сізбен сөйлейтін балаға жауап беріңіз.

Қателік жасаған баланы құрметтеңіз, оны қазір немесе кешірек түзетіңіз, бірақ материалды дұрыс пайдаланбаңыз және баланың немесе басқа балалардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін кез келген іс-әрекетті, оның дамуы.

Баланың демалуына немесе басқаларды жұмысын қадағалайтынына, не істегеніне немесе жасайтынына көз жеткізіңіз. Ешқашан оған қоңырау шалмаңыз немесе басқаларды әрекет етуге мәжбүрлеңіз

Жұмыс іздеп жүргендерге көмек көрсетіңіз.

Балаңызға алдын-ала бас тартқан, жетілмегендікті үйренуге, кемелсіздікті жеңуге көмектесетін тұсаукесерін қайталаңыз.Мұны істеп, қоршаған әлемді қамқорлық, қамқорлық және тыныштық, мейірімділік пен сүйіспеншілікпен толтырыңыз. Іздестіріп жатқан және анықталған нәрестені көрмейтін балаға анық көмектесуге дайын болыңыз.

Әрқашан баланы емдеуде ең жақсы мінез-құлықты қолданып, оған өзіңізге және өзіңіздің ең жақсы нәрсеңізге жақсы ұсыныңыз.

Дайын орта. Дайындалған орта Montessori педагогикасының маңызды элементі болып табылады. Онсыз ол жүйе ретінде жұмыс істей алмайды. дайын қоршаған ортаны балаға оған тәуелсіз болуға, ересек қорғаншылық құтылу қадам мүмкіндік береді. Сондықтан, Монтессоридің айтуынша, баланы қоршаған қоршаған орта оған сәйкес болуы керек.

Монтессоридің педагогикасындағы ересектердің рөлі. Бала туылған сәттен бастап ересек адамнан еркіндік пен тәуелсіздікті іздейді. Монтессори бұл процесті адам өмірінің биологиялық принципі ретінде сипаттайды. Баланың денесі өз қабілеттерін дамытып, оны қозғалыс еркіндігін беретіндей, баланың рухы да тәлім беру үшін және рухани автономия үшін аш болып табылады.

Бұл үдерісте ересек бала баланың одақтасы бола алады және оның қажеттіліктері мен білімге деген ұмтылысына сәйкес келетін жағдай жасайды.Монтессоридің педагогикасындағы ересектердің өзін-өзі тану – баланың «Тәуелсіздігіме көмектесу» принципі бойынша тәуелсіздік жолын тегістейтін көмекші рөлі. Бала оқыту мен таным процесі жүреді, бала – мұғалім. Ересек бала баланы ілімдерге апаруды үйрену керек, одан кейін тәуелсіз болу және балалардың таным процесін қадағалаушы ретінде қалу керек.

Әрбір бала сезімталдық кезеңін жеке түрде өткізген сайын, баланың үйінде немесе мектепте оқу жоспары жеке бағытталуы керек. Мұғалім сезімталдықтың фазаларын танудың әдістемесі бар және баланы қызығушылығын арттыратын іс-әрекеттерді жүргізуге қабілетті. Негізінде, балаға жұмыс істеуді қалайтын нәрсені таңдау еркіндігі берілуі керек.

Оқытушының рөлі. Оқытушының не істейтініне қатысты алғашқы педагогикалық талап орындалды. Бұл міндетті емес, талап етілетін нәрсе емес, бірақ талап етілмейтін нәрсе, атап айтқанда, өзін-өзі дамыту үдерісіне кедергі келтірмеуге категориялық шақыру. Бұл талап, ең болмағанда, баланың ата-аналары емес, баланың,жоғарыда айтылғандай, ол өзінің даму шебері; Ата-аналар – бұл құрылыс алаңында көмекшілері және осы рөлімен мазмұны болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бұлақбаева М.К. Жаңа ақпараттық технологиялар //Қазақстан мектебі. – 2010.
2. «Я сам» балалар білім беру орталығы © 2008 - 2015yasam2008.kz
3.Монтессори М. Баланың үйі. Ғылыми педагогика әдістемесі М.: Задруга, 1913. - 339б.
4.Монтессори М. Менің әдістемем бойынша жетекшілік. М. Типолитогр. Т-ва И. Н. Кушнерев и К, 1916. - 64б.
5.Монтессори М. Мұғалімнің дайындығы. Пер. с итал. Ю. И. Фаусек/ / Просвещение. - 1921. - № 1. - С.125-133.
6.Монтессори М. Ортағаи тәрбиенің әсері. Пер. с итал. 7.К.Памфиловой //Шет елдегі орыс мектебі - Прага, 1926. - Кн.17. - С.419-424.
7.Монтессори М. Ғылыми педаготкалық әдістемені Бала үйінде тәрбилеуді балаларға қолдану. - М.: Тип. Госснаба, 1993. - 168с.
8. Монтессори М. Баланың ақыл-ойы. Москва. 1997.- 176 с.
9. Монтессори М. «Маған өзім жасауыма көмектес»// Составители М. В. Богуславский, Г. Б. Корнетов (М. Монтессори кітабынан үзінді бөліктер мен и М. Монтессоридің педагогикасы туралы ресей авторларының баяндамалары). ИД «Карапуз». М. 2000.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ

Кенжан А.М. - п.ғ.к қауым.профессор м.а

Оспанбекова М.К. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», магистрант. ҚазҰлтҚызПУ

Аңдатпа. Еліміздің білім беру саласын жаңғыртуындағы негізгі бағыттары айқындалып, ха-

лықтың білім мазмұнын жаңаруына деген көзқарасы жаңа қырынан жаңғыра бастаған бүгінгі таңда мемлекеттің тарихи сана қалыптастыру мақсатына жетудегі міндеттердң бірі – «жаңартылған білімнің негізгін айқындау» болып отыр.

Кілт сөздер: жаңару, жаңғыру, жаңартылған, кәсіби, заманауи,, бәсеке.

Аннотация. Сегодня одной из основных целей государства по достижению цели исторического сознания является «определение основы обновленного образования» [1], когда определены основные направления модернизации образования страны и возрождается взгляд людей на обновление содержания образования.

Ключевые слова: обновления, модернизация, модернизация, профессионализм, модернизация, конкурентоспособность.

Annotion. Today, one of the main goals of the state to achieve the goal of historical consciousness is to «define the basis of renewed education» [1], when the main trends in the modernization of the country's education have been identified and the people's view of renewing the education content has been revived.

Keywords: renovations, modernization, modernization, professionalism, modernization, competitiveness.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың-болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің басты талабы болмақ. Әрбір мемлекеттің ең басты байлығы – адам болса, сол елдің келешегі үшін жасалатын игі істері мен үміт болашағының иесі бүгінгі өскелең ұрпағы екені анық.

Еліміздің болашақта өсіп, көркейіп, бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақтың қандай білім мен тәрбие алатынына тікелей байланысты. Тұңғыш Президентіміз Елбасы Н.Ә. Назарбаев «соңғы 10-15 жыл бойында бәсекеге қабілеттіліктің жаңа өлшемі пайда болды: салмақ жаһандық экономикалық жаңа сапаға – «білім экономикасына» өтуіне түсіріледі», – деген болатын. Олай болса, әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде заман көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу - мектепке талабы зор жауапкершілікті жүктейді.

Қазіргі заман үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер қойлып, жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең басты мәселесінің бірі. Бұл әр оқытушының шығармашылық ізденісін жаңаша істеуін қажет етеді. 21 ғасыр – білім ғасыры. Тек білімді азаматтарымен ғана еліміздің болашағы жарқын болашақ. Білімді ұрпағы бар мемлекет өзінің даму жолында кез келген кедергілер мен тосқауылдарға қарсы тұра алады дегендей білім беру үрдісінде білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамыту – басты мақсат болып отыр. Қазіргі педагогикалық-психологиялық білім беру жағдайларда танымдық қабілеттерді кешенді түрде, мысалы танымдық қызығушылық, мотивация, ойлау қабілетін, ізденісін бір сабақ көлемінде қолданылса ғана сабақ жемісін, білім алушылардың білім сапасы арту деңгейін көретініміз анық.

Жеке тұлғаның ойлау, зейінін, интеллектісін жетілдіре, білім беру барысында қалыптастыру үлкен жетістіктерге жеткізеді. Оқытушы мен білім алушы, екі жақты үнемі ізденісте өшпес ұмтылыста, үздіксіз құлшыныста болғанда ғана, білім үрдісінде жаңа әдістерді оқытушы ендірсе, сонда ғана білім алушылардың білімге деген құштарлығы өркейіп, нұры тасып, танымдық қабілеттері одан бете дамып, дүниетанымдары арта түсері анық.

Білім алушылардың танымдық қабілеттер белсенділігін арттыру, таным қабілеттілігінің оянуына түрткі болу- оқытудың негізгі мәселелерінің бірі. Білім алушылардың танымдық белсенділігі ал кезеңінде қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау үрдістері мен зейіннің тұрақты күйін қажет етеді. Білім алушылардың өзіндік сезімдік танымы негізінде қабылданған білімі мен дағдысы, ертігі мен шеберлігі әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады. Таным қабілеті әр адамзатқа тән, қоғамдағы өзгерістерге сәйкес білім алушыларға бүгінгі таңда тиянақты білім беру үшін олардың танымдық қабілетін дамыту басты мақсат болып отыр. Білім алушылардың белсенділігін арттыру жолында олардың әр пәнге деген қызығуын, өздігінен даму дағдыларын қалыптастыру ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу әр оқытушының міндеті. Сол себепті білім мазмұнын оқыту әдістерін, түрлері мен құралдарын, әдістемелік жүйені жаңа сапалық негізінде қайта құру қажеттілігін естен шығармағанымыз

абзал. Білім мазмұны ақпарат көзі болып қоймай, білім алушылардың өздігінен білім алу құралына айналуы керек. Бұл мақсатқа жету жолында пән аралық байланыс, білім алушылардың өзіндік танымдық белсенділігін дамытуға арналған сабақтың түрін өзгертіп отырып нәтиже беретіні сөзсіз. Педагогикалық ахуалға байланысты оқытудың дара және ұжымдық түрлерін біріктіру, оқу құралдарын дұрыс пайдалана білудің де маңызы зор.

Заман алға жылжып, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыру өмір талабы. Сондықтан да қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер жаңа технологияны пайдалану жолдары түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы орайда ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс – әрекеттің ғылыми - практикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Қазіргі кезеңде еңбек әрекетінің құрылымы оның тек қарқындылығымен, шығармашылығымен көрсете алу деңгейімен өлшенеді. Қазіргі таңда қоғам дамуымен еңбектің қарқындылығы және саны кеми түсіп, интеллектуалдық және шығармашылық жақтары арта түсуде.Бүгінгі білім берудің басты мақсаты — шығармашыл тұлға қалыптастыру. Егеменді еліміздің ең басты мұраты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше болып табылмақ. Осы орайда білім алушылардың техникалық шығармашылық, танымдық қызығушылық қабілеттерін дамыту оқытушылардың алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі. Білім алушылардың танымдық қызығушылығын ашу, оны алға қарай дамыту үшін жоспарлы істің мақсаты мен міндеті болып табылады. Қазіргі замандағы ғылым мен техниканың даму жағдайында ғылымның әр саласында білім мазмұны мен көлемінің қауырт өсуіне байланысты ЖОО мен мектеп арасындағы сабақтастық білім алушылардың танымдық қызығушылығының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сондықтан заман талабына сай маман дайындау жоғары сыныптарда басталып, студенттік кезеңмен ұштасып отырады. Демек жоғары оқу орындарындағы оқытушыларға, студенттерге аса үлкен жауапкершілік жүктелуде. Өйткені, болашақ ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеу мұғалімдер мен оқытушыларға байланысты. Білімді маман даярлау үшін толыққанды адам, жеке тұлға қалыптастыру - күрделі де келелі іс.

Білім алушылардың мектепте оқу - тәрбие процесін дұрыс ұйымдастырудың бірден - бір жолы - ғылым негіздерінен білім берумен қатар, сол білімді алуға ынталылықты, яғни білім алушылардың танымдық қызығушылығын ояту, табандылық, қабілеттілік, өз бетінше ізденуін арттыру. Әрбір мұғалімнің шығармашылық жұмысы белгілі бір мақсатты көздейтіні сөзсіз. Білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырудағы негізгі мақсат - олардың шығармашылық қабілетін дамыту. Ал, бұл мақсатқа жету оқытудың көптеген міндеттерін шешуге мүмкіндік береді, яғни:жаңа материалды берік және түсініп оқуына;білімін өз бетімен оқып толықтыруға; жоғары оқу орындарына жақсы дайындалған талапкерлерді беруге; сол талапкердің таңдаған мамандығын шығармашылықпен игеруге.

Білім алушының білім алудағы жоғары белсенділігін қалыптастыру үшін оқытудың әдістері мен тәсілдерін дұрыс қолдану - оқушылардың танымдық қабілетін дамыту-дың ең басты құралы болып табылады. Сондықтан да білім алушының танымдық дамуын қамтамасыз ету үшін, оқытудың белсенді әдіс - тәсілдерін жиі қолдану өте қажет. Бірақ түрі әдіс - тәсілдерді пайдаланғанда, білім алушының бойында танымдық қабілеттің бар - жоғын ескеру қажет. Күрделі танымдық тапсырмаларды тек ғана қабілеті жоғары білім алушыларға беру керек.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір білім алушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Мұғалім әңгімелейді, түсіндіреді, ал білім алушы тыңдайды, қабылдайды, ойланады, т.б. таным әрекеттерін жасайды.

Осы орайда, сабақтың сапасын арттыру үшін мүмкіншілігіне қарай, мультимедиялық проекторды пайдаланып отырса, мұғалімнің ұтары мол. Яғни, қазақ тілі сабақтарын үйлестіріп, түрлендіріп, тартымды слайдтар қолдану арқылы өткізсек, әр сабағымыздың өзінде білім алушыларды тілге деген қызығушылығымызбен баурап алатынымыз сөзсіз. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл құралды пайдаланудың тиімді тұстары: білім алушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады; танымдық қабілеттілігін қалыптастырады; білім алушыны шығармашылық жұмысқа баулиды; мұғалімнің уақытын үнемдейді; қосымша мәліметтер береді. Мысалы, білім алушылар өз деңгейіне сәйкес тапсырма таңдап алады. Бұл тапсырмалар білім алушының білім деңгейін бағалауға, мүмкіншіліктерін байқауға, мұғалімнің әрі қарай қандай жұмыс атқару керектігін көрсетіп береді.

Осы мақсатта білім алушылардың ойлау қабілетін арттыру үшін, сөйлеу тілін дамыту үшін мәтінмен жұмыс түрлерін әзірлеу керек болады.

Ол білім алушының функционалдық сауаттылығын көтеруге септігін тигізеді. Балалардың функ-

ционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында және оқу сауаттылығымен дайындалған тапсырмалар үлгісі ретінде мынадай:

Мына мәтінге сәйкес келетін сөйлемді таңда.

Бүкіл адамзатты алға сүйрейтін ұлы күш еңбек. Әлемдегі талантты адамдардың барлығы сол талантын үнемі дамытып отыратын қажырлы еңбектің арқасында табысқа жеткен. Еңбек әрбір адамның өмір сүру салты болуы тиіс.

«Менің әкем көп еңбек етеді», «Қол еңбегі көп күшті талап етеді», «Еңбек – бәрін де жеңбек», «Еңбекпен тапқан нан тәтті».

Бұл білім алушыларынң қызығушылығын оятып, логикалық ойлануына, мәтінді түсінуге жетелейді. Қазіргі заманғы әдіс-тәсілдердің ішінде ең қолайлысы, әрі тиімдісі – компьютерлік технология. Қандай сабақта болмасын компьютерлік техниканы, интернетті, интерактивті тақтаны, компьютерлік желі, электрондық оқулықтарды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың білімділігін арттыруға болады. Соның бірі – "Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту" технологиясын сабақты жоспарлауды қолданудың тиімділігі. Мұнда әр білім алушының ойы шыңдалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынандай үш құрылымнан тұрады:қызығушылықты ояту;мағынаны тану;ой-толғаныс.

Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал, соңғы кезеңде білім алушы өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. Сабақтың қай құрылымында болмасын білім алушы осындай стратегияларды қолданғаны дұрыс «Мен не ұқтым?» және «Мен нені білгім келеді?» деген сұрақтарды есінен шығармауы керек

Қорыта келе, оқытудың қазіргі уақыт талабындағы негізгі мақсаты кәсіптің белгілі бір саласына бағытталған, ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істей білуге қабілетті жастар даярлауы, еңбекке оқытуды шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру ұстанымы тұрғысынан орын алатыны айқындалды. Оқыту үдерісінде білім алушының қызығушылығын оята біліп , өзі ізденетіндей әрекет жасау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан.- 12.04. 2017.
2. Инновациялық білім беру үрдістерінің мәні, түрлері және құрылымы // Ізденіс. – Алматы, 2005. - №3(2).
3. Инновациялық білім беру үрдістерін жүйелі басқару үлгісінің қызметтері, құрылымы және технологиялары // Ұлт тағылымы. – Алматы, 2005.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Өтепбергенова З.Д. - п.ғ.к., аға оқытушы
Аубәкір А.С. - Магистр, оқытушы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Теориялық және практикалық психология кафедрасы

Аннотация. Болашақ маманды жалпы кәсіби дайындау – қоғамның әлеуметтік тапсырысын, маманды дайындаудағы мемстандарттың талаптарын, маман дайындау мақсаттарын және студенттердің жалпы кәсіби іс-әрекеттерді меңгеру деңгейлері қамтылады. Педагогикалық талдау, педагогикалық ойлау, педагогикалық рефлексия, мотивация кәсіби шеберлік сияқты қасиеттер қалыптаса бастайды.

Кілт сөздер: педагогикалық үрдіс, педагогикалық практика, оқыту технологиялары, білім беру мазмұны, оқушыны зертеу.

Оқыту үдерісінде жыл сайын оның қарқынын заман талабына сәйкес дамыту үшін білімнің қоғам дамуындағы әсері айқындалып, білім беру барысындағы теория мен практиканың ұштасуы талдау жасалынып қорытындылану қажет.

Педагогика мен психология ғылымының жаңа бағытта өрбуі, білім беру жүйесінде жоғары дәрежелі, жан-жақты сапалы біліммен қамтамасыз ету арқылы ұлттық, мемлекеттік саяси, экономикалық және ел мүддесі тұрғысынан туындаған мәселелерді шеше алатын жоғары дәрежелі мамандарды даярлауды талап етеді.

Жоғары білім беру үдерісінде педагогикалық практиканың маңыздылығы болашақ мамандар дайындаудың тұжырымдамасын жүзеге асыруды көздейді. Бұл күрделі үдеріс келесі кезеңдермен қамтылып, жүзеге асады:

1) теориялық білімді оқыту үдерісінде қолданылатын технологиялардың құралдарын игеруге және оны жасауға; білім беру мазмұнында оқу жұмысын ұйымдастыру түрі мен жаңа әдістерін игеру туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу;

2) дәстүрлі оқу пәндерін оқытуда қолданылатын технология құралдарын жасау және оны белсенді түрде оқу үдерісіне енгізу; осының негізінде педагогтардың оқу жұмысының жаңа әдістері мен ұйымдастыру түрін жалпылама игеру; білім беру мазмұнын, оқу-тәрбие жұмысы әдістері мен дәстүрлі формасын түбегейлі қайта қарастыру, оны оқу-тәрбие үдерісінде практикалық жүзеге асыру;

3) үздіксіз білім беру мазмұнын оның барлық деңгейінде түбегейлі қайта құру; педагогикалық технология құралдарын қолдануға сәйкес келетін білім беру технологиясы негізінде оқытудың әдістемесін толықтыру[1.218б].

Болашақ педагог-психолог мамандарын даярлауда оқыту мазмұны мен формаларын, оқу құралдары мен әдістерін іріктеуде, кейінгі кезде айтылып жүрген кәсіби мақсатты көздеу ұстанымын негізге алудың маңызы зор. Осы тұрғыда оқу үдерісінде теориялық даярлығын жетілдіруде кәсіби мақсатты көздеу ұстанымын ескерудің өзіндік ерекшеліктері көптеген ғылыми әдебиеттерде айтылып жүр. Онда білім мазмұны теориялық тұрғыдан студенттің біліктілігін жетілдіруге бағытталып құралған. Сондықтан теория мен практиканың байланысын жүзеге асырып отырудың рөлі ерекше екені айтылғаны жөн.

Зерттеу және тәжірибе жүргізетін мәселелердің маңыздылығы бірінші кезекте білім беру практикасына қажетті технологияларды құру концепциясын жасауды талап етеді.

Педагогикалық практика бұл бүтін бір үрдіс, мұнда студент өзін өзі дамытады, психикалық және жеке қасиеттер қалыптасады.Педагогикалық талдау, педагогикалық ойлау, педагогикалық рефлексия, мотивация кәсіби шеберлік сияқты қасиеттер қалыптаса бастайды.

Педагогикалық практика үрдісінде мынадай өте ауқымды мәселелер шешіледі: Университетте алған теориялық және методикалық білім бекітіліп, әрі оқушылармен оқу-тәрбие жұмыстарында оны қолдана білуге үйренеді. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым қатынасты бақылап, талдау жасайды. Кәсіби шеберлікті қалыптастырып және дамытуға байланысты іс-шараларды ұйымдастыруға ат салысады. Оқушылардың танымдық қабілетін дамытарлықтай сабақ жүргізу әдістерін қолданып, сабақ түрлерін өткізуді үйренеді. Педагогикалық өзін-өзі жетілдіруде жеке тұлғаның кәсіби қажетті қасиетін қалыптастырады. Оқу-тәрбие жұмысының жаңа күн талабына сай алдыңғы қатарлы тәжірибелі мұғалімдер еңбегімен танысады. Оқушыны тәрбиелеу-оқыту үрдісіндегі мәселені шешуге көмектеседі, білім беру, тәрбиелеу жұмыстарына араласады.

Оқушылардың жеке психологиялық жетілу ерекшеліктерін зерттеп, оқушыларға, ата-аналарға психологиялық кеңес бере алады, қолдау көрсетеді[2. 129б].

Сонымен қатар, студент педагогикалық практикадан өту кезеңінде ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы білім беру тәрбиелеу негізінде нақты оқу-тәрбие үрдісімен танысады. Жеке тұлғаның тәрбиесі мен даму диагностикасын тұрғызу мақсатында оқушылар ұжымы мен оқушының жеке тұлғасын зерттеуге байланысты іс-шаралар ұйымдастырып, білім беру мекемесінің алдағы және ағымдағы іс жоспарымен танысады.

Оқу-тәрбие үрдісінде балаларды тәрбиелеудегі сынып жетекшісі, тәрбие ісінің меңгерушісі, тәрбиешілердің қызмет бабымен танысады. Оқу-тәрбие жұмысын бақылап, сабаққа талдау жасайды. Өзінің ынталылығымен, озық ойлылығымен оқушыларға болашақ мамандық таңдауына көмектеседі әрі педагогикалық- психологиялық білімдерді насихаттайды. Оқу-тәрбие жұмысында түрлі психологиялық зерттеу әдістерін меңгеріп, балалармен жұмыста тиімді пайдаланады.

Педагогикалық және психологиялық қызмет кәсібіне дайындауда ерекше рөл атқаратын педагогикалық практика болғандықтан білім беру үрдісінде, студент педагогикалық қызметке дайындалуда практикадан өту арқылы қаруланады деуге болады.

Практикадан өтетін студент өзіне болашақ маман ретінде міндеттерді жүктейді. Ол сабақ басталардан 10 минут бұрын келіп, сабақ аяқталғанға дейін мектепте болуға, (күніне 6 сағаттан кем емес) тиіс. Практика жоспарында қарастырылған барлық жұмыстарды өз еркімен және сапалы да тыңғылықты орындауды өз міндетіне алады. Оқу-тәрбие беретін оқу орнының ішкі ережесіне бағынып, практика жетекшісінің, талабын орындайды. Әр сабаққа және сынып сағаттарына тыңғылықты дайындалып өткізетін болады.

Мектептің немесе білім беретін мекеменің педагогикалық кеңестеріне қатысып, әдістемелік семинар, оқушылыр және ата-аналар жиналыстарына қатысады. Ұқыпты әрі өз уақытында күнделікті толтырып, басқа да берілген тапсырмаларды орындап, оқу-тәрбие орындарында тәртіп бұзған жағдайда, оқу-тәрбие ережесі мен практика жетекшілерінің талаптарын орындамаған жағдайда студент практикадан өтуден алынып тасталады.

Педагогикалық практика кезіндегі студенттер арнайы және психолого-педагогикалық пәндерді

оқудағы теориялық білімін әр түрлі әдіс тәсілдерді қолдана отырып практикамен байланыстырады. Бұл оқушылардың танымдық үдерістерін психологиялық бағытта зерттеуге мүмкіндік береді. Шығармашылық қабілетін айқындау үшін сынып ұжымын, жеке оқушыларды зерттеп қарым-қатынаста әдістемелік және эксперименттік жұмыста қарастырады. Оқушыларға мінездеме жазады және оның тәрбиелік деңгейінің диагностикасын жасап, жеке оқушыға қатысты зерттеулер жүргізіп, психологиялық тұрғыдан шешу жолдарын қарастырады[3.89б].

Ұжыммен, мектеп оқушыларымен тәрбие жұмысын ұйымдастыруды алдын –ала жоспарлайды. Ата-анамен жұмыс жасауды үйренеді, жеке пән мұғалімдерімен, мектеп ұжымымен жұмыс жасай білуді қалыптастырады. Оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілетін дамыту үшін өз бетімен түрлі психологиялық іс-шараларды ұйымдастырады. Оқушыны тәрбиелеу-оқыту үрдісіндегі мәселені шешуге көмектеседі, білім беру, тәрбиелеу жұмыстарына араласады. Психологиялық тренингтерді психологиялық профилактика ретінде әдіскермен бірлесіп жүргізеді. Кейбір оқушылардың жеке психологиялық жетілу ерекшеліктерін зерттеуге мектеп психологымен бірдесіп, оқушыларға, ата-аналарға психологиялық кеңес беруде, қолдау көрсетеді[7.57-63 б.].

Педагогикалық практика кезеңінде студент жұмысты жүйелі жүргізе білу үшін қажет конструктивтік функцияны меңгереді, онда жеке жұмыс жоспарын құрастырады, сабақтың мақсаты анықталады; оқу материалы қарастырып, пәнаралық байланысты дұрыс қалыптастыруға үйренеді. Сонымен қатар оқу үдерісінде жүргізілетін факультативтік сабақтар, үйірме жұмыстары ұйымдастырылады[4. 25-29б.].

Педагогикалық практикадағы студент мобилизациялық деп аталатын функцияны меңгеруі керек, ол келесі шараларды іске асыруға көмектеседі: оқушылардың танымдық қабілетін арттырады және белсендіреді; оқу материалын есте сақтауға, ынтасын арттыруға, ойлауға мүмкіндік береді; тірек негізінде қалыптасқан білімді арттыруға, жаңаны қалыптастыруды жеткізеді;

Педагогикалық практикадағы студент ұйымдастырушылық қабілетті меңгеруі керек, ол арқылы студент келесі шараларды іске асыра алады: жоспардағы сабақты ұйымдастыра білу;

сабақтың құрылымдық және логикалық бөлімінде оқушы мен практикант мазмұндаған сабақ әдісі арасында уақытты үнемді пайдалана білу; оқушылардың оқу ісін басқара білу; оқушының оқу орнын сипаттап және ұйымдастыра білу;

Педагогикалық практикадағы студент коммуникативтік функцияны меңгеруі керек, ол арқылы студент келесі шараларды іске асыра алады: оқушы мен мұғалім арасында, мектеп ұжымы мен ата-аналар арасындағы қарым қатынасты қалыптастырады; оқу үрдісі кезінде оқушыдан өзара байланыс қарым-қатынасын қалыптастырады; оқушыға көңіл бөлуге, эмпатия, қаталдық, тон, педагогикалық такт сақтауға; оқушымен конфликтіні шешуге, конфликт болдырмау технологиясын меңгеруге.

Педагогикалық практикадағы студент ақпараттану функциясын меңгеруі керек, ол келесі шараларды іске асыруға көмектеседі: оқушыларға пәнді меңгертуге; пәнаралық байланысты ескеріп, білім берудің индуктивтік және дедуктивтік жолдарын пайдаланып, пәннің өткен тақырыбымен байланыстырып, оқу ақпаратын қатаң логикалық тізбек түрінде беру; әдебиеттер мен анықтамалық материалдар арқылы жұмыс істей отырып, оқу материалының мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, ауызша мазмұндаудың әдістерін еркін қолдану арқылы оқушыларға білім беру;

Педагогикалық практикадағы студент бағдарлаушылық функцияны (тәрбиеші) меңгеруі керек, ол арқылы студент келесі шараларды іске асыра алады: тәрбиеленушіні оқыту барысында пәннің мүмкіндігі арқылы оқушыларда ғылыми көзқарас қалыптастыруға, еңбекқорлық, эстетикалық, кәсіби-бағдарлау, идеялық көзқарасты оқу материалы арқылы да сондай-ақ пәнаралық байланыс арқылы қалыптастыру; сынып жетекшісінің рөлін атқаруда оқушыларды тәрбиелеу; оқуда және тәрбиеде интегративті әдісті қолдану; танымдық қарым қатынас ұйымдастыру[6. 45-49б.].

Педагогикалық практикадағы студент дамытушылық функцияны меңгеруі керек, ол арқылы студент келесі шараларды іске асыра алады: әр түрлі деңгейлі тапсырма беру арқылы оқытуда оқушылардың ой-өрісін дамытуға мүмкіндік береді; өздік жұмыстарын орындауда типтік, проблемалық тапсырмаларды қосу; оқушыларды оқудың түрлі жолдарына үйрету; сыныптан тыс жұмыста сондай-ақ оқу барысында негізгі сферада жеке тұлғаның қалыптасу диагностикасын іске асыру.

Педагогикалық практикадағы студент зерттеушілік функцияны меңгеруі керек, ол арқылы студент келесі шараларды іске асыра алады: алдыңғы қатарлы мұғалімдердің жетістіктерін ескере отырып, жаңа талаптарға сай жалпы дидактикалық және психологиялық аспектіде сабақтарға және сабақтан тыс жұмыстарға бақылау жүргізіп, сараптама жасап, әдістемелік қорытындылау; өздік сараптама жасап, әсіресе сабақты және сабақтан тыс жұмысты талдауда басқа практикадан өтуші студенттермен жұмыстарын теориялық талдау; практикадан өту аралығында ғылыми-әдістемелік жұмыстың орындалу мақсатымен педагог тұлғаның фактілерін жалпылап, жүйелеп, жинақтау[5. 54-55б].

Сол сияқты педагогикалық практика кезіндегі студенттердің арнайы және психолого-педагоги-

калық пәндерді оқудағы теориялық білімін практикамен байланыстырып, түрлі әдіс тәсілдер арқылы оқушылардың танымдық үрдістерін бақылай алады. Психологиялық бағытта зерттеу арқылы шығармашылық қабілетін қарым-қатынаста әдістемелік және эксперименттік жұмыста қарастырады. Сынып ұжымын, жеке оқушыларды зерттеп, мінездеме жазады және оның тәрбиелік деңгейінің диагностикасын жасайды. Жеке оқушыға қатысты зерттеулер жүргізіп, психологиялық тұрғыдан шешу жолдарын қарастырады. Мектеп оқушыларымен тәрбие жұмысын ұйымдастыруды жоспарлайды. Ата-анамен жұмыс жасауды жеке пән мұғалімдерімен, мектеп ұжымымен жұмыс жасай білуді үйренеді. Оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілетін дамыту үшін өз бетімен түрлі психологиялық іс-шараларды ұйымдастырады. Оқушыны тәрбиелеу-оқыту үрдісіндегі мәселені шешуге көмектеседі, білім беру, тәрбиелеу жұмыстарына араласады; психологиялық тренингтер жүргізеді. Оқушылардың жеке психологиялық жетілу ерекшеліктерін зерттейді, оқушыларға, ата-аналарға психологиялық кеңес беріп, қолдау көрсетеді.

Міне, мұның барлығы студенттің педагогикалық практика өту барысында жүзеге асып отырады. Сондықтан да жоғары білім беру үдерісінде педагогикалық практиканың маңыздылығына аса мән берілетіні тектен тек емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қараев Ж.А. Оқытудың педагогикалық технологиялары. Алматы, 1997
2. Тұрғынбаева Б.А. Сабақта жаңа технология элементтерін қолдану. Алматы, 2001
3. Әбеуова И.Ә. Білім беру саласындағы психологиялық қызмет: әдіснама, технология, практика. Алматы, 2001
4. kitapkhana@nabrk.kz; Орта мектепте өткізілетін педагогикалық практиканы ұйымдастырудың әдістемелік нұсқауы [Мәтін] / ; Әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті ; [құраст. С. Т. Тулеуханов [ж. б.] - Алматы : Қазақ университеті, 2017 . - 75 б.
5. Бидайбеков Е.Ы. //Болашақ маманның кәсіби іс-әрекеттерін логикалық моделдеу ерекшеліктері. Қазақстан жоғары мектебі. Ұлт тағлымы, №1. 2007. –Б.53-54.
6. www.nabrk.kz. 031940 «Шет тілі» амандығы бойынша өткізілетін университет студенттерінің педагогикалық практикасының бағдарламасы / Қағазбаев, Жаңбырбай, - Қарағанды : ҚарМУ баспасы, 2002 . - 114 б. - Мәтін қазақ және орыс тілдерінде - – 9965-590-43-5
7. Сламбекова, Т. С. Педагогикалық практика болашақ «Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі» бакалаврының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру шарты ретінде: Оқытудың теориясы мен әдістемесі / Т. С. Сламбекова // Білім = Образование. - 2013. - № 4. - 57-63 б. - Библиогр.: с. 63. ISSN

БОЛАШАҚ ҚОЛӨНЕР МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Рахметова Н.Б. – п.ғ.к.,профессор м.а.
Үсенова Ж.А. - 6М012400 –Педагогикалық өлшем мамандығының 2 курса магистранты

Андатпа. Болашақ қолөнер мамандарының кәсіби біліктіліктерін бағалау шығармашылық іс-әрекетке берген өзіндік ерекшеліктерімен анықталады. Болашақ мұғалімдердің санасының жасампаздығын және іс-әрекетінің биік белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет – деген анықтама берілген.

Түйін сөздер: Болашақ маман, қолөнер, кәсіби құзыреттілік, шығармашылық, бағалау, педагогикалық өлшемдер.

Аннотация. Оценка профессиональных компетенций будущих ремесленников определяется особенностями творческой деятельности. Было дано определение-деятельность, раскрывающая высокое качество открытия, позволяющая повысить созидательность и высокую активность сознания будущих учителей искусства.

Ключевые слова: Будущий специалист, ремесло, профессиональная компетентность, творчество, оценка, педагогическая измерения

Abstract. Assessment of professional competencies of future artisans is determined by the peculiarities of creative activity. The definition was given-the activity that reveals the high quality of discovery, allowing to increase the creativity and high activity of the consciousness of future art teachers.

Key words: Future specialist, craft, professional competence, creativity, assessment, pedagogical activity

Қазақстаннның жарқын болашаққа ұмтылуы және оған жету жолдарының нышандары бүгінгі

қоғам тіршілігінің әртүрлі салаларынан көрініс табуда. Солардың бірі – қоғамдағы орны мен атқарар қызметінің салмағы жағынан ерекше болып табылатын білім беру жүйесі. Олай дейтініміз бұл саладағы әрекет қоғамның бір жеке мүшесінің тағдырына ғана қатысты емес, еліміздің ертеңгі күнгі әлеуметтік күйіне, тұрмыс деңгейіне, өркениеттілігіне әсер ететін кешенділігімен сипатталады [1].

Елімізде қазіргі таңда қалыптасқан еңбек нарығы жоғары білімді, шығармашылық деңгейі жоғары, әрекеттің сан түрлі саласында өз білімі мен біліктілігін қолдана алуға қабілетті мамандардың кәсіби даярлығының деңгейіне және сапасына қойылатын талаптарға өз әсерін тигізуде.

Осы орайда болашақ мамандардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан – жақты дамыған, кәсіби құзыретті маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс, себебі жоғарыда айтылғандай қоғам өзінің әлеуметтік – экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Мамандардың кәсіби біліктілік туралы пікірлер мәселелерімен айналысып жүрген ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда.

Біліктілік, біздің ұғымымызда, жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы және қабілеті. Нақтылай айтып кететін болсақ, «дайындық» ұғымы «бір нәрсенің барлығы орындалғаны, бәрінің дайындығы» деген жағдай мағынасын анықтау үшін, ал қабілет - іскерлік, сондай-ақ белгілі бір әрекетті орындау мүмкіндігін білдіру үшін қолданылады.

Бұл мағыналар біліктіліктің мәні мен мазмұнын жеткізіп, ашып тұрады. Біліктілік теория мен практиканың бірлігі негізінде қалыптасады. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға, қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген іскерлігінің белсенділігінен көрінеді.

Біліктіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби біліктілігі қалыптасқан болып саналады. Бұл біліктілікті пайымдаудың жалқы жолы. Нәтижеге ғана емес, белгілі бір жетістікке жету үшін талпынуды біліктілікке теңеуге және біліктілікті адамның білімдарлығымен жапсарластыруға болмайды, өйткені жұрт айтқандай, «біліксіздік оқу орындарының шаңырағында шайқалып тұр».

Кәсіби білігін шыңдап, шығармашылық қабілетінің дамуына кепіл болатын мамандардың мақсаты: кәсіби білімін дамыту курстарына қатысу; әдістемелік, практикалық, психологиялық семинарлар, конференцияларда баяндамалар жасау; іс-тәжірибе алмасу; жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес өз білімін көтеру; біліктілігін диагностикалау; диагностикалық-психологиялық зерттеулер жүргізу; мектепте іс-тәжірибелік жұмыстар жүргізу, бақылау; аттестациялаудан өту.

Болашақ маманның кәсіби біліктілігін қалыптастыру, техникалық шығармашылығын дамыту мынадай жолдардан өтеді: пән бойынша қызығушылығын арттыру; пәнаралық байланыстар жасау; техника-технологиялық жұмыстар жүргізудің ұтымды әдіс-тәсілдерін қарастыру; тақырыпқа және қазіргі қоғам талабына сәйкес келетін әдістерді пайдалану дағдысын қалыптастыру.

Өздігінен білімін жетілдіруді тәжірибемен ұштастыра алатын кәсіби қызығушылығы жоғары, танымы биік, бастаған ісінің нәтижесін көре алатын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдай білетін, педагогикалық процестің заңдылықтарымен таныс, оқытудың әдістемелік заңдылықтарынан хабардар, оқыту процесін ізденімпаздықпен арттыратын өз ісінің шебері - жаңа формация маманы.

Сонымен бірге жаңа формациядағы маманға білімділігімен қоса, тәрбиелік-мәдениеті мен шеберлігі, интеллектуалдығы, деонтологиялық (жүріс- тұрыстағы, қылықтағы, әрекеттердегі парыздылық туралы ілім) мүмкіндіктері ерекше мамандық мінез-құлқы, сыртқы бейне мәдениеті, педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті, ілтипаттылық, сенім, әділдік, төзім мен сабыр сақтау, сергектік, байқағыштық, сезімталдық, байсалдылық, ұстамдылық қасиеттері мамандық мәдениет аясына кіретін рухани тәрбие мен моральдық қасиеттеріне қойылатын талаптармен анықталады [2].

Біліктілік білімсіздік пен үйреншіліктен асыра орындайтын асқан біліктілікпен салыстырылады. Кейбір ұйымдарда (иерхарияда) асқан біліктілік біліктіліксіздік сияқты сауал ретінде қабылданады. Л.Питердің пікірінше «Адамды кәсіби жағынан біліктіліксіз болғанша көтереді, қоғамдағы пайдалы жұмыс өзінің біліктілігі деңгейіне жеткенше ғана орындалады».

Демек, біліктіліктің ұғымы эволюциялық парадигмалық деңгейдегі түсінік бойынша қарастырылады. Соған орай, біліктілік ұғымының кешенді түрде зерттелу барысында болашақ маманның кәсіби біліктілігін дамыту бағытындағыпікірлер туындайды.

Кәсіби біліктілікте жетекші роль (бірақ бірегей емес) проблемалық- практикалық аспектіге беріледі. Солай бола тұра, барлық үш аспектінің қалыптасқандығы жалпы мәдени құзыреттілікке ие адамның сипатын береді. Өйткені бұл адамға өз кәсіби аясынан тысқары жағдайда өз мүмкіндігін жүзеге асыруға жол ашады.

Біліктілікті оның жалпы мәдени және кәсіби көріністерін сипаттау үшін былайша аспектілерге бөлу жасанды екенін көруге болады. Әсіресе психологтар мен педагогтарға қатысты анық байқалады. Өйткені, олардың іс- әрекетінде ахуалдың мәнін жете ұғыну міндетті түрде практикалық әрекеттерден бұрын болып қана қоймайды, сонымен бірге осы әрекеттердің өзі қатысымдық жағынан жеткілікті деңгейде жиі қамтамасыз етіліп отырады. Сондықтан кәсіби біліктіліктің көріністері айқындалған үш аспектімен бірдей кешенді түрде сипатталуы кажет [3].

Болашақ қолөнер мамандарының кәсіби біліктіліктерін бағалауда оларды өнер түрлері арқылы бейнелеу өнері, қолөнері, тігін өнері, музыка өнері жүзеге асырылады. Қандай да болсын өнер түрі, қоршаған ортаның, болмыстың құбылыстарын бейнелейтін өзіне тән құралдары арқылы студенттердің санасына әсер етіп, қоршаған өмір шындығына эмоциялық қатынасының қалыптасуын сапалы дәрежеге жеткізетін танымдық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Өнер арқылы жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру ісі қоғамдық дәуірдің әрбір даму кезеңдеріндегі қоғамдық талаптарды іске асырудың бір саласы ретінде күн тәртібінен түскен жоқ.

Қазіргі кезде қолөнер бұйымдарын орындау арқылы болашақ маманның кәсіби біліктілігін қалыптастыру қоғамды дамытудың бірден-бір құралына айналып отыр. Сондықтан да оны іске асыру қоғам үшін маңызды алғы шарттардың бірі болып есептеледі.

Болашақ өнер мамандарының кәсіби біліктілігін қалыптастыру деген талаптың жылма-жыл күшейіп отыруына байланысты олардың кәсіби білімін ұдайы жетілдіріле түсуде. Қазіргі кезде оның өзі білім беру жоспарында елеулі орын алып, мұғалімдерді даярлау жүйесінің маңызды компонентіне айналды. Теориялық курстарда тәрбиелеу мен оқытудың ғылыми логикасы айқындалады. Оқу-тәрбие процесінің принциптері мен әдістемелері психологиялық-педагогикалық ғылымдар жүйесінде (педагогика, психология, өнер тарихы, оқыту жұмыстарының озық тәжірибелері және оқыту әдістемесі, т.б.) тиянақты оқытылады. Соның нәтижесінде оқу-тәрбие процесі, оның мәні, заңдылықтары, даму факторлары мен жағдайлары туралы ғылыми білім қалыптасады. Болашақ мамандарға тігін бұйымдарын көркемдік-құрастыру арқылы оның дүниетанымдық белгілерін атап айтып таныстыра кету міндетті. Әдебиеттерді теориялық тұрғыда талдауда «маманның кәсіби біліктілігі» ұғымы, оның мәні алуан түрде бірнеше көрініс бере отырып, түрлі терминдермен аталғанына қарамастан антикалық заманда туғанын көрсетіп берді [4].

Маманның кәсіби біліктілігі күрделі де көпқырлы проблемалардың қатарында. Бұл педагогикада, психологияда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістемесінде, т.б. гуманитарлық ғылымдарда әр қырынан қарастырылып жүр. Кешенді зерттеу аталған ғалымдардың бұл проблеманы шешудегі мүмкіндігін шектеу емес, керісінше, сол салалардың нәтижелерін саралай пайдалана отырып, маманның кәсіби біліктілігі, оның маңызы, мазмұны, құрылымы, қалыптасуы мен дамуының, шарты мен мүмкіндіктерінің тұтас сипатын педагогикалық, психологиялық тұрғыдан ашу.

Қорыта келе, ұлттық құндылықтар негізінде студенттердің шығармашылық мәдениетін қалыптастыру, жоғары мәдениетті толыққанды шығармашыл тұлғаны дайындау болып табылады. Аталған тақырыбымыз бүгінгі күн талабына сай, демек жаңартылған білім беру жүйесінде нарықтық қатынастар бағытына қосар үлесіне айналып отыр. Тақырыбымыздың көкейкестілігі де осыған байланысты болса керек. Сондай-ақ тақырыптың өзектілігі, тек студенттер ғана емес, мектеп мұғалімдерін, колледж оқытушыларының да игеріп кете алатындығын дәлелденді және педагогика саласында пайдалана алады деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.12.04.2017 ж.
2. ТұрғынбаеваБ.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005,174-б.
3. Кадирбаева Р. І Болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері: педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты / Р. І. Кадирбаева. - Алматы, 2010. - 36 б.
4. Мухаметжанов Б.А. Мүсін және қыш материалдарынан бұйымдар жасату арқылы болашақ маманның кәсіби біліктілігін қалыптастыру (Көркем сурет және графика факультетіндегі арнайы пәндер негізінде). Педагогика ғылымдарының кандидатығылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. Алматы, 2008

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ДАЯРЛАУ

Садыкова М.К. - п.ғ.к., аға оқытушы
Бигазинова К.А. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ,Алматы

Аңдатпа. Мақала жаңартылған білім беру мазмұны аясында мектепке дейінгі сынып мұғалімдерін инновациялық әрекетке даярлау мәселесіне арналған.

Түйін сөздер: инновация, инновациялық қызмет, инновациялық үдеріс, инновациялық дайындық.

Аннотация. Статья посвящена подготовке будущих учителей дошкольных классов к инновационной деятельности в рамках обновленного содержания образования. Ключевые слова: инновация, инновационная деятельность, инновационный процесс, инновационная подготовка.

Abstract. The article is devoted to the preparation of primary school teachers for innovation in the framework of the updated content of education.

Key words: innovation, innovative activity, innovation process, innovative training.

Білім – кез-келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін көрсететін басты фактор. Қазіргі таңда білім берудің жаңа философиясы білімді дамытудың жаңа сапалық деңгейін қажет етіп отыр. Сондықтан білім берудің қай саласында болмасын жоғары сапаға қол жеткізу қоғамдық дамудың маңызды мәселесі. Мектепке дейінгі білім берудің сапасы – бұл нормативтік талаптарға, әлеуметтік және тұлғалық күтулерге шынайы жететін білім беру нәтижелерінің сәйкестігінің деңгейін көрсететін мектепке дейінгі білім беру жүйесінің сипаттамасы. Демек, білім берудің барлық саласында жас ұрпаққа үздіксіз білім мен тәрбие беруді жетілдірудің өзектілігі зор.

Мектепке дейінгі ұйымдар - баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып, оның толыққанды қалыптасуы үшін даму ортасын құратын, үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейін дамытатын орталық. Мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын жобалау, ақпараттық-қатынастық, терапия және оның түрлері, сын тұрғысынан ойлау, М. Монтессори педагогикасы, ойын технологиясы, денсаулық сақтау, тәрбиеші мен баланың портфолиосы, компьютерлік технологиялар және т.б. бағдарламалар мен педагогикалық технологияларды дұрыс қолданатын болашақ мамандарды, тәрбиешілерді даярлау қажеттігі сөзсіз жайт.

Өз кезегінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін білікті мамандар ұсынуы маңызды. Оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс...», – деген болатын [1]. Бұл талап жаңа ғасырдағы білім саласы қызметкерлеріне аса жауапты міндеттер жүктейді. Бүгінгі таңда алға қойылған мақсаттарды іске асыруда басты рөлді мұғалімнің атқаратындығы туралы тұжырымға ешкім қарсы шыға қоймас. Білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулердің нәтижелері тиісті кәсіптік қасиеттерге ие, оқыту және оқу үдерістерінің қажетті дағдылары мен терең түсініктерін игерген мұғалімдер жастардың білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алатынын көрсетіп отыр (Barber&Mourshed, 2007) [2]. 2011 жылғы 22-26 шілде күндері Кейптаунда (Оңтүстік Африка) өткен Білім беру интернационалының YI Дүниежүзілік конгресіне қатысушы мұғалімдердің 80 пайызынан астамы дәл бүгін білім беруге инвестиция құюдың қажеттігі ерекше маңызды екендігін ресми түрде мәлімдеді, себебі білім беру арқылы адам факторына капитал құю үздіксіз экономикалық дамуға апаратын жол болып табылады. Конгреске қатысушылар әлемдік білім беру қоғамдастығында қабылданып жатқан шараларға қарамастан, мұғалім кадрлардың сапалылығы мәселесі әлі күнге дейін өзекті екендігін атап өтті [3]. Әлемдік деңгейде білім берудің қазіргі талабы оқытудың нәтижеге бағдарлануы, оқушының жеке тұлғасына бағытталуы, ал оқыту әдістерін тұлғалық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндіргенінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйенуі арқылы танымдық, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әртүрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушы дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен қөзқарасы қалыптасады. Оқушының сыни, шығармашылық тұрғыда ойлау дәрежесі дамиды, функционалдық сауаттылығы қалыптасады, ойлау қабілеті дамып, ғылыммен айналысуына ықыласы туады. Мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қолдана біледі.

Жаңартылған мазмұндағы білім беруде, оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке

айналдыру – мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Жаңартылған білім беру мазмұны болашақ мектепке дейінгі сынып мұғалімдерінен білім беру үдерісінде жаңа ақпараттық білім беру ортасын қалыптастыруды, зерттеуші позициясында болуын, бір сөзбен айтқанда, инновациялық әрекетті талап етеді. «Инновация» - қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, көнені өңдеу, бар нәрсені жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңа нәрсені таба білу, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту.

Инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «әдістеме», «өзгеріс», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп атауға болады. Мұғалімнің инновациялық дайындығын қалыптастыру дегеніміз – әлемдік бәсекеге қабілетті білім беруді жүзеге асыратын жаңа парадигманың қоғамды дамытудағы үлесін арттыру; білім беретін оқу орындарындағы инновациялық реформаларды жүзеге асыруды жеделдету; білім беру жүйесінде инновациялық өзгерістерді, оқу-тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық, коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану және жаңа технологиялар арқылы жүзеге асыру. Осы жағдайда мұғалім жаңа технологияның қыры мен сырын меңгереді, инновациялық қызметін жоспарлап, жүзеге асыру механизмін қолданады. Бұл мұғалімнің өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жаңаша құруды көздейді. Мұғалімнің бойында үш түрлі біліктілік қалыптасуы қажет: пәндік біліктілік педагогтік біліктілік технологиялық біліктілік. Бұл мұғалімнің білім беру тәжірибесінде өзінің идеясын жүзеге асыруға көмектесетін өмірлік бағыттылығы бар әдіснамалық білімдер жиынтығын құрайды. Болашақ мектепке дейінгі сынып мұғалімдерін даярлауда, кәсіби педагогикалық қызметтегі инновацияның рөлі – бұл әрекеттің тұлғалық-шығармашыл және жекелік бағыттылығын қамтамасыз етеді, кәсіби ойлаудың инновациялық стилін қалыптастыруға әсер етеді. Ғылымда мұғалімнің инновациялық қызметі жайында түрлі аспектілер сөз етіліп жүр. Білім беру жүйесінің негізгі даму механизмдерінің бірі ретінде білім беруге инновацияның ендіру мәселесін зерттеген ғалымдар: (И.Г. Богуславская, Т.К. Клименко, С.В. Наумов, А.М. Новиков, Т.Г. Новикова және т.б);

- педагогикалық инновацияның базалық ережесін қарастырғандар:

(О.Г. Хомерики, А.В. Хуторской, Н.Р. Юсуфбекова және т.б);

- болашақ мұғалімдерді инновациялық әрекетке дайындау аспектілерін қарастырған: (К.Ангеловски, С. Подымова, В.А.Сластенин, А.Алексюк, А.Бойко, В.Бондарь, С.Гончаренко, В.Евдокимов, И.Зязюн, Л.Кадченко, В.Ковалев, А.Липенко, С.Манукова, О.Мороз, Р.Пенькова, В.Сластенин, В. Щербина және т.б);

- педагогикалық инновациялық құбылыстардың түрлі аспектілерін қарастырған: (Б.С. Гершунский, В.И. Загвязинский, М.В.Кларин, В.С.Лазарев, В.Я. Ляудис, В.М.Полонский, М.М.Поташник, В.И.Слободчиков);

- педагогтардың кәсіби сапасын арттыру, олардың педагогикалық білігін қалыптастыру мәселелерімен шұғылданғандар: (Н.В.Кузьмина, Г.А.Уманов, Н.Д.Хмель, О.А.Абдуллина, В.А.Сластенин);

Толығырақ айта кетсек, бұл еңбектерде болашақ мұғалімдердің инновациялық кәсіби қызметке деген оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған шаралар эксперименталды тұрғыда тексерілген [4]. Алайда жоғарыда айтылған еңбектерде, болашақ мұғалімдерді инновациялық кәсіби қызметке даярлаудың кейбір сұрақтары ғана қарастырылған. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогикалық теорияда мұғалімдердің кәсіби дамуына бағытталған инновациялық қызметке даярлау мәселесіне қатысты аспектілер аз қарастырылған. Осыдан келіп алдымызда келесідей қарама-қайшылықтар туындайды:

- заманауи білім берудің жаңа міндеттерін шешуге даярланған мұғалімге мемлекетпен қоғам арасындағы сұраныстың болуы және оларды мұғалімнің шешуге дайындығының жеткіліксіздігі арасында;

- кәсіби дамуға бағытталған инновациялық қызметке мұғалімді дайындау қажеттілігі мен жаңартылған білім беру мазмұны аясында мұғалімдерді инновациялық қызметке дайындау әдістемесі және теориялық негіздемесінің жеткілікті деңгейде әзірленбегендігі арасында қарама-қайшылықтар туындап отыр.

Қорыта келе айтарымыз болашақ мектепке дейінгі сынып мұғалімдерінің инновациялық қызметін ұйымдастыру жолдарының бірі – болашақ мұғалімдерді инновациялық қызметке дайындығын қалыптастыратын (педагогикалық инноватика) арнайы курстардың жоғарғы оқу орындары оқу жоспарларында болуы. Болашақ мұғалімдерді инновациялық қызметке даярлау кезінде мұғалімнің дербестігіне көңіл бөлініп, вариативті модульдерді таңдау барысында кәсіби білім беру бағдарламаларын игеру мүмкіндігі ұсынылады, өзіндік маршрутты жобалауға мұғалімдердің белсенді қатысуы

ұйымдастырылады. Инновациялық әрекетті орындауға бағытталған, мұғалімнің инновациялық қызметке дайындығын, тұлғаның кәсіби сапасын қалыптастыратын педагогикалық стратегия жүзеге асады. Инновациялық даярлығы қалыптасқан болашақ маман педагогикалық қызметінеі кәсіби тұрғыдан қарап, оны әдістемелік жағынан түрлендіре алады, өзінің шығармашылығы арқасында жоғары деңгейде жүзеге асатын технологиялық операцияларды жүйелеп, инновациялық қызметтің жетістіктері мен кемшілік тұстарын зерттейді, себептерін ашып, өзінің іс-тәжірибесінен туындаған инновациялық технологияны ғылыми тұрғыдан негіздеп, ұдайы ғылыми-ізденушілік іс-әрекет атқара алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2014.

2. Barber,M.,Mourshed, M.&McKinsey (2007). Report “Consistently high performance: Lessons from the world’s top performing school systems”. [Мектепте орнықты жоғары сапалы оқытуға қалай қол жеткізуге болады]. 3.Білім беру интернационалының YI Дүниежүзілік конгресі, 2011, 22-26 шілде. Кейптаун (Оңтүстік Африка).

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ ДАҒДЫЛАРЫН БАҒАЛАУ

Таубаева Ш.Т. - п.ғ.д., профессор
Өмірқұлова А.Ө. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер»
ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа. Мақалада оқыту үдерісінде студентердің өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау дағдыларын бағалау туралы және бұл мәселе бойынша зерттеген ғалымдардың тұжырымдамалары айтылады.

Кілттік сөздер: оқыту үдерісі, студент, өзіндік жұмыс, дағды, бағалау.

Аннотация. В статье рассказывается об оценке навыков студентов выполнение заданий самостоятельной работы в процессе обучения и концепции исследователей по данному вопросу.

Ключевые слова: процесс обучения, студент, самотоятельная работа, навык, оценивание.

Annotation. The article describes the assessment of students ‘ skills to perform tasks of independent work in the learning process and the concept of researchers on this issue.

Keywords: learning process, student, independent work, skill, assessment.

Қазіргі кездегі білім беру ісі дүниежүзілік білім беру кеңістігіне енуге бағытталып отырғандықтан, бұл реттегі жұмыстарға педагогикалық ғылыми мен практикасында елеулі өзгерістер енгізілуі тиіс.

Соңғы кездегі экономикадағы және еліміздің саяси өміріндегі, мәдени жағдайдағы өзгерістер, болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуде шығармашыл, өз көзқарасы бар, дүниежүзілік мәдениетті танып білетін, кәсіби жоғары білікті адамдар дайындау қажеттігін қоюда [1, 4б].

Аталған мәселелердің оңтайлы шешім табуы-білім реформасының дұрыс бағытта жүзеге асырылуына байланысты. Осыған орай, қазіргі білім беруде үдерісінде жаңа әдістерді қолдану студенттердің ойлау, түрлі көзқарастарды, түрлі позицияларды салыстыра алу қабілетін, нақты фактілерге, ғылыми заңдылықтарға сүйене отырып өз көзқарасын қалыптастыру мен дәлелдеу қабілетінің жетілуіне, өзіндік бақылаулар жүргізуіне мүмкіндік береді. Негізінен аталған факторлар білім беру саласының дамуына түрткі болады [2, 125 б].

Сондықтан да, студенттерді оқытуда тиімді, жаңаша әдістер пайдаланылып, оқыту үдерісі дұрыс ұйымдастырылатын болса, бәсекеге қабілетті, өз бетінше шешім қабылдай алатын шығармашыл тұлғаны тәрбиелейміз.

Білім беруді дамытудың идеясы - білім алудағы басты жауапкершілік студенттің өзіне жүктелуінде. Осыған байланысты қазіргі мамандар дайындаудағы негізгі талаптар мынадай: алған білімін өз мақсатына жұмсай білу және кеңейту; өзгермелі ортада өзінше дамыта түсу; жауапкершілік пен қабілетін қалыптастыру, өз көзқарасын білдіре алуы.

Белсенді және шығармашылықпен жұмыс жасайтын болашақ маманды жан-жақты даярлау мәселесін шешудің тиімді жолдарының бірі жоғары оқу орындарында студенттің өзіндік іс-әрекетін жетілдіру және тұлғаның өздігінен шығармашылықпен жұмыс жасай білу қабілетін дамыту болып

отыр [3, 2 б]. Осы орайда, студенттің өзіндік іс-әрекетін жүзеге асыруда ең тиімді әдіс ретінде өзіндік жұмыс тапсырмаларын атап айтсақ болады. Өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау барысында студент өз бетінше жұмыс жасауды үйреніп қана қоймай, өтілген тақырып бойынша толық ақпарат жинап, білімін кеңейтеді.

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі [4].

Студенттің өзіндік жұмысы білім алушының оқу іс-әрекетінің ерекше түрі. Ол білім мен ғылымның белгілі бір саласындағы білімін толықтыруға бағытталады және студенттің логикалық ойлау, шығармашылық белсенділікті, оқу материалын меңгерудегі зерттеушілік бағыттың дамуын қамтамасыз етеді.

Студенттердің танымдық қызметі барысында өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл мәселеге көптеген ғалымдар, мысалы, Ястребова Е.Б., Ерецский М.И., Гарунов М.Г., Блохина Р.А., Сабодашев В.П., Вербицкий А., т.б үлкен мән беріп, зерттеген. Бұл зерттеулердің өзектілігі – студенттердің теориялық және практикалық білімді саналы игеріп, интеллектуалдық қызмет жасай білуге тәрбиелеу болып табылады.

П.И. Пидкасистый өзіндік жұмысты оқу үрдісінде студенттің өздік әрекетін басқару және ұйымдастыру құралы ретінде қарастырады. Соның нәтижесінде ғылыми зерттеулерде өзіндік жұмыс келешек маманның шығармашылық ойлауын, ғылымға қызығушылығын, кәсіби қарым-қатынас қажеттілігін туғызатын оқыту әдісі, таным үрдісі ретінде қарастырылады. Студенттің өз бетінше жасайтын іс-әрекеті, дербес әрекеттің сипаты және білім алушының қабілеттілігінің көрініу формасы, оқу үрдісінің негізі, студентті өз бетімен білім алуға дайындаудың жолы, оқу әрекетін ұйымдастырудың формасы, тәсілі, оқытудың бір түрі, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру формасы, оқыту құралы ретінде де қарастырылады.

Педагог Р. Сүлейменовтың пікірінше, өздігінен істейтін жұмыстарда жеке тұлғаның іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдылығынан туатын толық дербестігі айқын көрінеді. Өздік жұмыстар студенттің дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі [5].

Студенттердің өзіндік жұмысы — бұл оқу-танымдық іс-әрекетінің өздігінен білім алудың жоғарғы, спецификалық формасы (түрі) ретінде қарастырылады. Студенттің өзіндік жұмысы — бұл оның өзіне ыңғайлы және рационалды уақытта танымдық қызығушылықтары мен мақсат бағыттарын белсенді дербес ұйымдастырған жұмысы. Студенттің өзіндік жұмысының нәтижелері оқытушымен бақыланады. Яғни, берілген тапсырма бойынша жасалынған студенттердің өз бетінше орындаған жұмысы оқытушы тарапынан жасалынған белгілі бір критерийлер, талаптар бойынша бағаланады.

Сонымен, өзіндік жұмыстар бағдарламасы өз құрамында мынадай талаптарды құрауы қажет: студенттердің өзіндік оқу-танымдық жұмыстарының ауқымды, тереңдетілгенін диагностикалауы; физиологиялық, тұлғалық, интеллектуалдық мүмкіншіліктері көбіне оқу орнынан тыс жерде байқалуы; өзіндік жұмыс оқу-танымдық қажеттіліктерді және ізденулерді жалғастыруды қанағаттандыруы; объектіні, зерттеу тематикасын немесе тақырыбын таңдауда еркіндігі, дербестігі; ұзақ немесе жақынаралық бағдарламаның нақты жоспарын құрып, өңдеуі; өзін-өзі бақылаудың формасы мен уақытын белгілеуі. негізгі педагогикалық ұғымдар мен анықтамалардың мәнін түсіну; оқу танымдық іс-әрекетінде алған білімдерін пайдалана білу. тәжірибилік өмір тіршілігіне педагогикалық, психологиялық ұғымдарды әлеуметтік орнына сәйкес қолдану.

И.Қожамбердиева студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу технологиясы мынадай элементтерден тұратынын атап көрсетеді: студенттердің өздік жұмыстарын жоспарлау, әдістемелік қамтамасыз ету, бақылау және орындалу бағасы, талдау және жетілдіру.

Жоғарыда аталған талаптарды есепке ала отырып, СӨЖ орындау арқылы студент оқу процесінің белсенді мүшесі болып, өз ойын еркін, сондай-ақ, нақты дәлелдермен жеткізе алатын дағдыларды үйренеді және меңгереді.

Өзіндік жұмыстың жалпы оқу үрдісіндегі маңыздылығы мынадай ерекшеліктері бойынша сипатталады: өзіндік жұмыс студент ойларын жазбаша түрде көрсете білумен қатар шығармашылық ойлауының және зерттеу жұмыстарының негізін бекітуін қамтамасыз етеді; дәрістен алған білімдерін кеңейтіп, тереңдетумен қатар теориялық, түпнұсқалық материалдарды талдау дағдысын қалыптастырады; оқу бағдарламасына сәйкес студенттің қаншалықты белсенділік, шығармашылық бағытта өсуін бақылауға мүмкіндік береді [6, 70б].

Студенттің өз бетінше жұмыс жасау әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қасиеттер

қалыптасады: 1.Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздылығы. 2.Оқуға деген қабілеттілігінің артуы.3.Берілген білімді игеру. 4.Жеңілден қиынға қарай қиналмай өтуі.

Көптеген ғалым-педагогтар «студенттердің білімдер мен біліктілікті игеру бағытындағы іс-әрекеттері оқытушының тікелей жетекшілігінсіз өткенімен, бұл үдеріс белгілі бір деңгейде оқытушы тарапынан бағыттауды керек етеді» деген болатын. Жоғары оқу орны оқытушысының басты міндеттерінің бірі ол – студенттің өзіндік жұмысты орындау барысын қадағалау мен оны бағалау болып табылады. Осы орайда, оқытушы студентке СӨЖ тапсырмасын жоспарлау барысында бұндай тақырыптың ғылыми-практикалық өзектілігін негіздеп, оның қолданбалы сипаты мен деңгейін түсіндіруі тиіс. Осы аталғандарды студент жете түсінген жағдайда ол тақырыпты зерттеуге жаңа қырынан келіп, осы зерттелу тақырыбына байланысты өзінің жеке пайымдаулары мен ой қорытуларын білдіре алады. Ал бұл өз кезегінде СӨЖ-ге белгілі бір деңгейде өзіндік сипат береді.

Оқытушы үшін студенттің берілген тақырып бойынша жазған эссесі, немесе баяндамасының мазмұны мен ғылыми деңгейін күшейту мақсатындағы дайындығын, ізденісін, қабілетін бағалау басты орында. Сонымен қатар, студенттің жұмысы қарастырылған мәселеден алшақтамауы және оның әрі түсінікті түрде тұжырымдалуы тиіс. Осыдан кейін ғана болашақта өзекті мәселеге қатысты пікір қалыптастыруда студент өз білімін орнықты, әрі тиімді қолданатын болады.

Өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау барысында оқытушы мен студент арасында мынадай жұмыс бағыттары жүреді: оқытушы студенттің психофизиологиялық және академиялық үлгерімін ескере отырып, өз бетімен жұмыс жасауға бағыт-бағдар беріп, олардың дербестігінің дамуына мүмкіндік жасайды; студентпен бірлесекен іс-әрекет барысында оқытушы – студенттің уақытын тиімді пайдалануға беретін түсіндірмелі-иллюстративті (схема, таблица, тезис, т.б.) материалдарды қолдануға үйрететі, қажетті әдебиетті іздеу жолдарын көрсетеді; өзіндік белсенділігін, дербестігін дамыту үшін проблемалық баяндау, шығармашылық ізденіс әдістерін қолданады; оқытушы студентке жеке тапсырма таңдауға (курстық жұмыс, реферат, ғылыми баяндама, үлгі сабақ жоспарын құруға) көмектеседі; әдебиеттермен қамтамасыз етуге, олармен жұмыс жасай білуге жол көрсетеді; тиімді әдіс-тәсілдер, тапсырма орындау жолдарын қолдана білуге үйретеді; жеке не бірнеше студентке кеңес береді, студенттердің бір-бірімен жұмыс жасауын үйлестіреді.

Оқытушы студенттің білім алуға деген мотивін дамытуға, ішкі ынта-ықыласымен білім алуға ұмтылуына көмектеседі. Оқытушының бақылауымен студент: зерттеушілік іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады; өткен материалдарды жалпылай алу және қайталау; алған білімді олдану, оларды толықтыру, кеңейту дағдысын қалыптастырады [7, 142б].

Дегенмен де, өзіндік жұмыс студенттердің өз бетінше жұмыс жсаына бағытталғандықтан, студент пен оқытушы арасындағы қатынасты студент белсенділігімен оның өз бетімен білім алуға ұмтылуы бағытына өзгерту жұмыстарын ұйымдастыру, сондай-ақ соған сәйкес студенттің өздік жұмысын ұйымдастырудың тиімді әдістерін, формаларын, түрлерін, құралдарын дұрыс таңдау және қолдану студенттің өздік жұмыс нәтижесіне ықпал жасайды. Студенттердің өздік жұмысының тиімділігін және оны орындауға студенттің ынтасын арттыруда дидактикалық құралдары мен жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы зор. Әр өздік жұмыстың мақсаты айқын, түсінікті, оның көлемі мен мазмұны оқу мақсатына сай, студентті орындауға ынталандыратындай жасалып, оны орындауға студенттің жағдайы мен мүмкіндігі болуы тиіс. Студенттің өздік жұмысының тапсырмалары алған білімді жаңа жағдаятта қолдануды, жаңадан өздігінен білім алуды қажет ететіндей, студенттің танымдық қабілеттерін арттыратындай болуы қажет. Сонда ғана аналитикалық ойлауы қалыптасқан, өз әрекетін басқара алатын, өз жұмысының нәтижесінде өзіндік бақылау жасайтын студенттің шығармашылық тұлғасы қалыптасады. Оқыту үдерісінде өзіндік жұмысты ұйымдастыру қаншалықты маңызды болса, оны бағалау соншалықты жауапты іс. Себебі, бағалау арқылы біз студенттің жасаған жұмысына баға беріп қана қоймай, оның алдағы уақытта ғылыми зерттеу жолына бастапқы қадамдарын жасауға себепкер боламыз. Сол себепті, студенттің орындаған жұмыстарын әр оқытушы обьективті түрде талаптар мен критерийлерге сүйене отырып бағалауы тиіс. Студенттің өзіндік жұмысының қорытындысы оқытушының бақылауында болуы керек. Осы қорытындылар студенттің оқып жатқан пәнінен қорытынды аттестация кезінде бағаланып, ескерілуі тиіс. Студенттің жұмысын бағалаудың тиімді түрі – баллдық бағалау болып табылады.

Қолданылатын бақылау түрлері мыналар: тестілеу; бақылау жұмыстары мен конспектілерді тексеру; тақырып бойынша реферат дайындау; жеделдетілген сұрақ -жауап өткізу.

Қорытындылай келе, оқыту үдерісінде ғылыми негіздегі ұйымдастырылған студенттердің өзіндік жұмысы мен студенттердің оқу-танымдық әрекеттері мен өзіндік жұмысты орындау дағдылырын бағалау жұмысы олардың саналы белсенділігін, жоғары оқу-кәсіби мотивациясын, оқу процесінің сапалы болуын қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Педагогикалық білім беру стандарты. – Алматы, 2001. – 50 б.
2. Түргенбай А.А. Студенттің өзіндік жұмыстарын дайындау және өткізуде оқутудың жаңа технологияларын пайдалану.-Заманауи үздіксіз кәсіби білім беру жүйесіндегі түлектің құзіреттілік үлгісі. XLIII ғылыми-әдістемелік конференция материалдары.-Алматы: Әл-фараби атындағы ҚазҰУ, 4-кітап, 2013 ж.-125-127б.
3. Назарбаев Н. Ә. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан.// Казахстанская правда - 1наурыз 2007.-№3, -2 б
4. Баширова Ж.Р., Алғожаева Н.С., Жұмабекова. ЖОО студенттердің өзіндік жұмысын қалыптастыру.-Алматы, 2011 ж.
5. Ш.Л.Ерхожина. Студенттің өздік жұмыстарының мазмұны мен маңызы.- Алматы: Қазмемқызпу. http://melimde.com/studentti-ozdik-jmistarini-mazmni-men-maizi.html
6. Құдайбергенова А.М. Жоғары оқу орындарында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру түрлері. - Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының хабаршысы, №4 (шілде-тамыз), 2009. 67-71б.
7. Мырзабеков М.С. Студенттің өзіндік жұмысындағы ғылыми-зерттеулік компнентті жетілдірудің маңыздылығы.-Білім беру қызметіндегі инновациялар және оқытудың сапасын арттыру мәселелері. 42-Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары. 1-кітап.-Алматы: Әл-фараби атындағы ҚазҰУ, 2013 ж.-141-142 б.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ТЕРЕҢДЕТІП ОҚИТЫН ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

Таубаева Ш.Т. - п.ғ.д.,профессор
Бекбауова С.А. 6М012400 –«Педагогикалық өлшемдер» мамандығының 2 курс магистранты

Аңдатпа. Бұл мақалада ағылшын тілін оқытуда жазу сауаттылығын дамыту жолдары туралы жалпылама қарастырылды.
Кілт сөздер: жазу сауаттылығы, артикуляция, орфография, каллиграфия, фраза.

Аннотация. В этой статье кратко излагаются способы развития навыков письма на английском языке.
Ключевые слова: письменная грамотность, артикуляция, орфография, каллиграфия, фраза.

Annotation. This article describes how to develop writing skills in English.
Keywords: written skills, articulation, spelling, calligraphy, phrase.

Қазіргі таңдағы ұрпақ мақсаты қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін біліп ,өз құзыреттілігін дамыту болып табылады. Ал ғалымдардың зерттеуінше, бала жас кезінде тілді қиналмай әрі еркін меңгереді екен. Сондықтан да орта білім беру жүйесінде басты бағыттардың бірі шет тіліне ерте жастан оқыту болып табылады. Соңғы он жылда ағылшын тілін бастауыш сыныптардан бастап оқыту көптеген мектептерде эксперименттік деңгейде жүргізіліп келді. Осыған орай, ағылшын тілін тілдің үш тұғырының бірі ретінде қызмет етуінің алғышарты – оның қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қолданылуы болып табылады. Жер шарын мекендеген мыңдаған ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне – халықаралық сипат алған ағылшын тілінің ролі зор.

Ағылшын тілін үйрену арқылы оқушылар білім дегейін көтеріп, өз халқы мен басқа халықтар арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді ажыратуға дағдыланады. Сөйтіп, өз пікірі қалыптасады, түрлі елдер мәдениетін үйренеді[1].

Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Ал әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Қазір ағылшын тілін білу – уақыт талабы.

Сондықтан заман талабына сай жаңа мазмұнда білім беруді ұйымдастыру 12 жылдық оқытуға көшумен тікелей байланысты. Осы орайда, оқытушылар өз мүмкіндіктеріне баға беретін әлемдегі білім беру кеңістігінің даму бағытын, болып жатқан әртүрлі интеграциялық процестерді бағдарлай алатын деңгейде болуы қажет.

Ағылшын тілінде жазуға үйрету үшін төмендегідей факторлар жазу біліктілігін дамытуға өте қажет:

1. Дыбысты, сөзді, фразаны немесе сөйлемді тыңдау арқылы қабылдау;

2. Жазылып жатқан дыбыстың, сөздің, фразаның және сөйлемнің айтылу жолдарын /артикуляция/ білу;

3. Айтылып жатқан әріптерді, әріп қосындыларын көзге елестете алу;

4. Жазу әрекетіндегі қол бұлшықетінің жұмысы.

Сонымен, жазуға – көз, құлақ, бұлшық ет, және қолдың бұлшықеті, тіл, көмей қатысады. Сондай–ақ, маңызды факторлардың бірі – дұрыс жазудың қалыптасуы үшін керекті ережелерді білу.

Жазуға үйретуде кездесетін кейбір қиыншылықтар.

Ағылшын тіліндегі a, o, e, п, м, д, х, т, н әріптерін жазу мемлекеттік тілде оқытылатын балаларға қиын емес, себебі бұл әріптер мемлекеттік тілде кездеседі. Ал, s, r, l, g, f, q сияқты әріптер таныс емес болып көрінеді. Сондықтан, сабақ үстінде бұл әріптерді дұрыс жазғызу үшін көп жаттығулар жасау керек.

Оқушылардың ағылшын сөздерін қолды үзбей бір-біріне тіркестіріп жазуы қиын, сондықтан кішкентай әріптерді қолын алмай жазғызу үшін көп жаттығу керек.

Әртүрлі сөздердегі әртүрлі әріптердің немесе әріптер қосындыларының оқылуы кейде бірдей болады:

Eye – I

Road – rode

Write – right

Tale – tail

Әріптердің көбір кейбір сөздерден оқылады, ал кейбір сөздерде оқылмайды.

Build - suit

Laugh – brought

Help – hour

Ағылшын тіліндегі әріптердің айтылуы мен орфографиясының сәйкес келмеуінің себебі ағылшын тілінде әріптерден көрі дыбыстар көп, 26 дауысты дыбыс және 6 дауысты әріп бар. Сондықтан busy, daughter, language, beautiful, foreign деген қиын сөздерге назар аудару керек. Ағылшын орфографиясын білу үшін, оның заңдылықтарын жақсы білу қажет. Оқушылар мыналарды білуі тиіс:

1) У әрпіне аяқталған сөздерге s жалғауының қосылу жолдарын:

Key – keys

Stay – stays

Бірақ: city – cities, study – studies дауыстыларға «ed» жалғанады

Play – played

Carry – carried

Дауыстыларға ing жалғау:

Write – writing

Dig – digging

Play – playing

Stand – standing

Ағылшын тілін жазуға үйрену дегеніміз – сол тілдің әріптік және дыбыстық жүйесін білу, оны сөйлей, айта, қолдана білу. Жазу каллиграфиядан, орфографиядан және шығарма жаза білуден тұрады. Жазуды үйрену мынадай дағдыларды білуден тұрады: 1. Алғашқы алфавиттің әрпін жаза білу дағдысы. 2. Дыбыстарды жаза білу дағдысы. 3. Сөз және сөйлемдер орфографиялық қателерді түзете білу дағдысы. 4. Әртүрлі жаттығуларды орындай білу дағдысы.

Бұл дағдыларды қалыптастыру үшін мынадай негізгі факторлар талап етіледі: 1. Сөзді тыңдай білу. 2. Сөзді айта білу. 3. Көру факторы. 4. Қолдын саусақтарын дұрыс пайдалану[2].

Сонымен жазу процессінде адамның сезіну мүшелері – көз, құлақ, тіл, сөйлеу мүшелері қатысады.Жазуға үйретудің жолдары. Оқушыларды шет тілінде әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді жазуға үйрету үшін көп жаттықтыру, жақсы үлгілермен таныстыру керек.

Каллиграфияға оқытудың кезеңдері:

Мұғалім балаларға карточкада жазылған үлкен және кішкентай әріпті көрсетеді.

Мысалы: Bb

Карточканың бірінші бетінде әріптер жазылған болса, екінші жағында сөздер жазылады.

Мысалы: Bb – Bed, book.

2. Мұғалім тақтаға сөзді жазып көрсетіп, қиын жерлерінің жазылуын түсіндіреді. Мысалы, Q әрпін қолды қағаздан айырмай жазу керек, тек құйрығын жазғанда ғана қолды қағаздан айыруға болады, «r» әрпін жазғанда оны «v» әрпімен ұқсастырмау керек, «b» мен «d», «p» мен «q» әріптерін шатастырмау керек екенің түсіндіріп, мұғалім осы әріптері бар сөздерді жазады.

Әріптерді, сөздерді жазғанда мұғалім өзінің әр қимылын түсіндіруі керек, ал балалар сол қимылдарды бірінші ауада, содан кейін дәптерлерінде қайталайды.

3. Мұғалім балалардан әріптерді, сөздерді жазуды талап етеді, ал өзі әр балаға жақындап жазуға көмектеседі. Жазу қабілетін дамыту үшін бала үйде де әріптерді, сөздерді жазуға жаттығады.

Оқушыларды таза, жақсы жазуға үйрету үшін мұғалім өзі жақсы жаза алуы керек. Тақтадағы көрнекі құралдар да өте жақсы талапқа сай жазылуы керек.

Орфография – қатесіз жазу, дұрыс тасымалдау және әріптерге бөліп жазуды үйретеді. Жазуға үйрету және орфографияда кездесетін қиыншылықтарды жою үшін мұғалім төмендегідей жаттығуларды жасата алады:

1. Көшіру

а) ұқсас сөздер: room – spoon – moon

ә) естілуі ұқсас жазылуы әртүрлі сөздер:

Two – too

Sea – see

One – won

Оқушылар бұл сөздерді жазғанда оның құрамындағы әріптерді атауы керек. Ережеге бағынбайтын сөздерге көп көңіл бөлу керек:

Sure; usual; clerk; soldier.

Оқушыларды таныс фразаларды, сөйлемдерді көшіру арқылы жазуға үйретуге болады.

2. Диктант – жаттығудың қиындау түрі. Диктанттың мынадай түрлері бар:

а) Көріп жазу диктанты. Мұғалім тақтаға сөзді, фразаны, сөйлемді жазады, ал балалар оларды оқып жазылу жолдарын есте сақтауға тырысады. Содан кейін мұғалім сөздерді тақтадан өшіріп тастайды, ал балалар естерінде қалған сөздерді дәптерлеріне жазады.

ә) Жаттығу диктанты. Мұғалім сөйлемді оқиды. Жазуға қиын сөз тақтаға жазылады, келесі бір оқушы сөздің ішіндегі әріптерді атап шығады. Содан кейін, балалар сөздерді дәптерлеріне жазады, ал мұғалім қатарлардың арасында жүріп оқушылардың жұмысын қадағалайды. Сөйлемді дұрыс жазған бала тақтаға шығып, сөйлемді жазады.

Диктанттың бұл түрі 10 – 12 минутқа созылады.

б) Диктантты өз бетімен жазу. Үйде жаттап келген мәтінді не тақпақты оқушылар сыныпта жатқа айтады, кейін сол тақпақты не мәтінді дәптерлеріне жазады[3].

Қорытындылай келе, тілді үйрену сабақтарында оқушылардың тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту сабақ барысында жүзеге асып отыруы тиіс және жазудан гөрі оқушылардың тыңдап түсінуіне, сөйлеуіне көбірек назар аударылады, өйткені бұл жаста балалардың көбі есту, көру арқылы есте сақтайды. Бастауыш сыныпта ата-аналардың көмегі де өте маңызды. Егер олар бүгін сабақта үйренген сөздерін күнделікті үйде қайталап отырса, келесі сабақта балалар оны ұмытпай еркін қолданатын болады. Бірақ өкінішке орай ата-аналар арасында «ағылшын тілін білмейміз, көмектесе алмаймыз» деушілер көп. Бұндай жағдайда мен интернетті қолдануға, сөздіктерді пайдалануға ақыл-кеңес беремін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

Г. Ботағарина, «Ағылшын тілін оқытудағы бүгінгі белес», Білім, 70-бет, №3, 2006 ж..

Иманқұлова С. «Жаңаша оқыту әдістемесі», Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы, 97-98 беттер, №1, 2006 ж.

М. С. Сақтағанова, Н. Қ. Алиева, Н. Қ. Айтбаева «Ағылшын тілін оқытудың әдістері», Білім, 43-бет, №3, 2006 ж..

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ұзақбаева Н.Қ. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа. Бұл мақалада айтылған негізгі ой заман талабына сай Қазақстанның білім беру саласын жаңғыртудағы негізгі бағыттарын айқындауды көздейді. Білім беру мен жаңашыл қызмет ету, оқу саласындағы бірден-бір жол оқу-тәрбие процесіне инновациялық әдіс-тәсілдер енгізу, әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол ашу.

Кілт сөздер: оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым, бағдарлама, дағды, сауаттылық.

Резюме. Основная цель статьи – определить основные направления модернизации образования Казахстана. Единственным способом образования и инноваций является внедрение инновационных подходов к обучению, повысить интерес учащихся к знаниям, изучить и создать творческую работу.
Ключевые слова: чтение, произношение, подписка, прослушивание, программа, навыки, грамотность.

Annotation. The main idea of the paper is to define the main trends in modernization of education in Kazakhstan. The only way to education and innovation is to introduce innovative approaches to teaching and learning, to increase students' motivation to learn, to motivate themselves, to explore and to engage in creative work.
Keywords: reading, pronunciation, subscription, listening, program, skills, literacy.

Жалындаған жастарымызды мемлекет болашағының кепілі деп білсек, сол кепілдің берік те бекем болуына жағдай туғызу мемлекет мүддесі. Мемлекет үшін жастарға заманауи білім мен тәрбие беру ең өткір мәселе. Осы жолда: «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген елбасы сөзін басшылыққа ала отырып, мемлекет өз жауапкершілігін артығымен орындап келеді.

Еліміз әлемдік саяси аренада өзіндік салмағын пайымдау барысында ұлттық білім жүйесіне көптеген өзгерістер енгізіп, даму жолдарын қарастыруда.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты- білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу, сонымен қатар саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан шақта сапалы білім беріп, жан-жақты, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы қалыптасқан, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Қазіргі таңда еліміз жоғарыда айтылған мәселелердің барлығын қамту барысында білім сапасын арттырып, заманауи талаптарға сай, әлемдік тәжірибенің озық үлгісі болып саналатын жаңартылған білім беру мазмұнына кезең-кезеңімен көшуде. Осыған байланысты білім берудің мазмұны айтарлықтай жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Жаңартылған білім беру мазмұнының мақсаты - оқушыларға алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез-келген жағдайда, ресми-іскерлік ортада бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдана білуге үйрету, заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыру болды. Осы тұрғыда ұстаздар қауымына көптеген міндеттер қойылды: оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру, технологияларды меңгеріп, оны тиімді қолдана білу. Неге десеңіз адамзат баласының санасында мұғалім мен шәкірт ұғымы қалыптасқаннан бері, мұғалімнің беделі қашанда жоғары болған. Жас шәкірттің болашақта жеке тұлға болып қалыптасуына, сөз бен сөйлеу мәнеріне ерекше ықпал ететін бірден-бір жан, әрине, ол-мұғалім болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2018 жылғы 5 қазанда халыққа жолдаған жолдауында: «Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады»- деген еді.{1.3} Шын мәнісінде ең алғаш мектеп табалдырын аттаған баланың жаңа қабілеттері мен дағдыларын шыңдайтын, кез келген баланың жеке тұлға болып немесе интеллектуалы жоғары маман болып қалыптасуына зор әсерін тигізетін адам-мұғалім. Осыдан келіп мұғалім екінші ата-ана ғана емес, болашаққа айқын жол сілтер ақылшы болып саналады. Оның мейірімге толы жүрегі шәкірт бойындағы талай ағаттықты кешіріп, білімі мен ақылы көптеген шәкірттерін есейтіп, ержеткізеді. Сондықтан да ұстазды әр баланың жан дүниесін танып білуші әрі оны тұлға етіп қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі деуге болады.

Қазіргі білім беру саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты проблема–жаңа формацияның жаңа ұстазын қалыптастыру. «XXI-ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністермен ерекшеленеді. Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар азаматты тәрбиелеу-әр мұғалімнің міндеті. Мұғалім-барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны, жүрегі. Мұғалімнің басты мақсаты-рухани бай, ізденімпаз, адамгершілігі мол адамды қалыптастыру. Қазіргі заманғы мұғалімдер информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болу керек. Оқушыны субъект ретінде қарастырып, оның өзін-өзі тануына жол ашу, «Мен» менталитетін қалыптастыру, білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау-бүгінгі таңдағы мұғалімнің кезек күттірмейтін қасиетті міндеті»- деген пікірді толықтай құптауға болады.

Осыдан келіп білім алушыларды жоғарыдағыдай азамат етіп тәрбиелеуде сауаттылыққа, яғни сауатты жазу мен сөйлеуге үйретететін негізгі пән-қазақ тілі пәні екенін естен шығармауымыз керек. Қазақ тілінде сауатты, жақсы, жетік сөйлеу үшін сөздерді бір-бірімен байланыстырып қана айту аздық ететіндіктен сауатты жаза білу кез келген адамның басты міндеті. Сауатты жаза білуге үйрету

арқылы мұғалім оқушыға жазуды, яғни жазбаша тіл мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, жазылым арқылы ауызекі сөйлеу тілін де дамытады. Балалар сауатты жаза білу үшін қазақ тілінің грамматикасын, сауатты сөйлей білу үшін қазақ тіліндегі үндестік заңдарын жетік меңгерулері тиіс.

Бүгінгі таңда оқу үрдісінде қазақ тілінің заңдылықтарын оқытуда алуан түрлі әдіс–тәсілдер мен жаңашыл дүниелер қолданылуда. Жоғарыда айтылған жаңа форматтағы ұстаздарға қойылып отырған басты талап жаңа технологияны ғылыми түрде меңгерту және терең білімді де ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу мәселесі. Осының нәтижесінде мемлекет білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру кезінде білім мазмұнын жаңарту үшін жаңартылған білім беру бағдарламасын ұсынып отыр. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі. Сондықтан қазіргі уақытта дайын білімдерді игеру мен жалпылау мақсат емес, ол адамның интеллектуалды дамуының көмекші құралы болып табылады. Ал қажетті ақпараттарды өз бетінше табу, мәселелерді анықтау және оларды шешу жолдарын іздеу, алынған білімдерді сын тұрғысынан талдай білу және оларды жаңа тапсырмаларды орындауда қолдану жаңартылған білім мазмұнының нәтижесі.

Қазақ тілін оқытудың жаңартылған бағдарламасының негізгі ерекшеліктері деп Ишангалиева Ж.Н. «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қазақ тілі пәнінен қмж құрылымдау жолдары» деген мақаласында төмендегі аспектілерді атап көрсетеді: қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді дамытады; оқу бағдарламасында коммуникативтік әрекеттер мен дағдыларды жүзеге асыратын оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалған; бағдарлама «спиральді оқыту» тәсіліне негізделе құрылған; әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отырады; бағдарлама мазмұны әдебиет, тарих, биология, география, физика сияқты өзге пәндермен тығыз байланысты, лексикалық тақырыптарды меңгерту осы пәндермен тығыз байланыста жүргізіледі; бағдарлама оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді; грамматиканы бөлек қарастырмай, функционалдық-коммуникативтік мәтінде оқытуға негізделген; оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оларға қызықты болатын өмірмен байланысты лексикалық тақырыптар ұсынылған. {6.1}

Қазақ тілі сабағын жаңартылған білім мазмұнына сай басқа да әдіс-тәсілдерді қолданып, кіріктіре оқыту ұтымды дүние болып саналар еді. Ол үшін оқушының тілдік дағдысын жетілдіруге бағытталған: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды бір тапсырма аясында өрбіту. Мысалы, ментальды талдау әдісін қолдану арқыл тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын түгелдей қамтуға болады. Талдау барысында ең алдымен жазылым қалыптасады, ары қарай тыңдалым арқылы талқыланады, айтылым кезінде кемшіліктер мен артықшылыққа көз жүгіртіледі, оқылым бойынша нәтижеге қол жеткізеді.

Білім алушыларды сауаттылыққа үйретуде жоғары нәтиже берген тағы бір әдістің түрі-сабақ үстінде ойын элементтерін пайдалану. Демек, ойын арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артып, материалдарды жылдам қабылдап, естерінде ұзақ сақтауға болатындығы дәлелденген. Дәл қазіргі уақытта ойынның түрлерін бірнеше тәсілдермен көрсетуге болады. Мысалы, заманның ағымына сай жаңашаланған ақпараттық технологияларды қолдану арқылы не болмаса көптеген дәстүрлі ойын түрлері. Айтайын дегенім ойын кезінде балалардың сауаттылықпен қатар жазба сөйлеу тілдері де дамып, өз ойларын еркін, айқын жеткізе білуге дағдыланады. Тағы да бір атап кетерлік жайт ойын кезінде балалар бір-бірімен бірлесе жұмыс істеп, бірлікке ұмтылса, тағы бір қыры шапшаңдық пен жылдамдыққа да үлкен мән беріледі. Олай болса сабақ үстінде ойын ойнаудың тәрбиелік мәні зор екенін де байқаймыз.

Тіл жанашырларының: «Қазіргі таңда қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алып отырғанда, басқа ұлт өкілдерін қазақ тіліне үйрету екі бағытта жүргізілуі тиіс, біріншісі-олардың ауызекі байланыстырып сөйлеу тілін дамыту бағытында, екіншісі-осы ауызекі сөйлесім тілін сауатты жаза білу бағытында»-деген ойтұжырымдамаларына толықтай қосылуға болады. Себебі, өзге ұлт өкілдерімен қоса өз ұлтымыздың өкілдері де дәл қазіргі уақытта осы екі бағытқа терең мән берулері керек деп ойлаймын. Сондықтан да менің басты мақсатым сабақ беріп қана қоймай тіл тазалығы мен сауаттылыққа барынша ден қою.

Сонымен, «Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді»,-деген Әбу Насыр әл Фарабидің қанатты сөздерін негізге ала отырып, тіл дамыту жұмыстарын сауатты сөйлеуде ғана емес, балалардың ізденімпаздық, шығармашылық қабілеттерін дамытуда да қолданған дұрыс. Бұл қасиеттердің

шыңдалуына тест түрлерімен жұмыс жасау мол әсерін тигізеді. Олай дейтініміз балаларды тесттің сұрақтарына жауап берумен ғана шектемей, оны құрастыруды да өз еріктеріне бергеніміз жөн. Ол үшін ең алдымен тест түрлерімен таныстырып кету керек. Ашық тест, жабық тест, толықтыру тесті, сәйкестендіру тесті сияқты тест түрлерінің маңыздылығын баса айтып, осы тест тапсырмаларын құрастыру кезінде балалардың жоғарыда айтылған қасиеттерімен қоса жазбаша сауаттылықтарының артатынын, іскерлік қасиеттері мен ой-өрістерінің кеңитіндіктерін, алған білімдерін қорытындылап саралайтындықтарын да тілге тиек етіп түсіндірген жөн. Осылайша балаларды қызықтыра, ұғындыра отырып, оқыту мен үйретуді ұйымдастыру-әр ұстаздың шеберлігі мен шығармашылығының мол екенін көрсетеді. Ал ұстаз үшін тестің пайдалы қасиеттері: білім беруде бағдарлама сапасын, оқыту мақсатын зерттеу; балалардың білімін саралай отырып, жетістіктерін саралау; сондай-ақ, тесттік тапсырма аз уақыт аралығында білім сапасын анықтауға және оқу үрдісінде уақыт үнемдеуде өте қолайлы.

Енді осы тест тапсырмаларын құрастыруда бірнеше ескерілуі тиіс талаптар берілген. Олар: тест сұрақтарының түсінікті, жауаптарының қатесіз берілуі; тест тапсырмаларының бір тақырып көлемінде бағдарламаға сәйкес жүргізілуі; тест тапсырмасын орындауға уақыт тест көлеміне, күрделілігіне сай берілуі; тест тапсырмаларында балалардың жас ерекшелігі мен қызығушылығының қатаң ескерілуі; тестік тапсырмалардың мәтін мен сөйлемді толықтыруға, дұрыс немесе бұрыс жауаптарын табуға, топтау негізінде құрылуы сияқты бірнеше қарапайым қағидалар. Дәл қазіргі уақытта тестік тапсырмалар заман талабына сай білім сапасын анықтауда, білім алушылардың білім деңгейлерін арттыруда маңызы ерекше тәсіл екеніне күмән келтірмеуіміз керек. Тест дегеніміз сынақ, тәжірибе, тексеру десек, ал тестік тапсырма дегеніміз стандарттық білім беру негізіндегі берілетін тапсырмалар жүйесі.

Қорыта келе айтатыным ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин «балаға айтып түсіндіргеннен гөрі қолымен ұстап, көзімен көріп түсіндірген сабақ ұғымды» деген болатын. Олай болса мұғалім өз сабағында түрлі технологияларды жүйелі қолданып, жаңартылған білім мазмұнын жетік меңгерте отырып шығармашылықпен ұштастыра білсе, оқушылардың жазбаша сауаттылықтарымен қоса ауызекі сөйлеу дағдылары да қалыптасады. Жалпы алғанда, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру-жаңа бағдарламаның басты мәні мен міндеті болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан
2. Жаңартылған білім беру бағдарламасы
3. Қазақ тілі: мектепте, колледжде және ЖОО-да оқыту журналы 2015 жыл
4. Қазіргі Қазақстан мектебі журналы 2017 жыл
5. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. Әлімов А.Қ - Астана 2014 жыл
6. Ишангалиева Ж.Н. «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қазақ тілі пәнінен қмж құрылымдау жолдары» 2017 жыл.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ САПАЛЫ МАМАНДАР ДАЙЫНДЫҒЫН АНЫҚТАУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Чайзаданова Г. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы.

Андатпа: Бұл мақалады білім берудің сапалық сипаттамалары оқу орындарының бітірушілері көрсеткен нәтижелерінде айқын көрінеді.

Кілт сөздер: сапа, сандық сапа, фактор, білім беру жүйесі

Аннотация: В данной статье освещаются качественные характеристики образования по результатам выпускников учебных заведений.

Ключевые слова: качество, цифровое качество, фактор, система образования

Annotation. This article highlights the quality characteristics of education in the results of graduates of educational institutions

Key Words: quality, digital quality, factor, education system

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғалы дамыған елдер қатарында болуға стратегиялық бағыт алып, әлемдік дамудың барлық талаптарына сай мүмкіндіктерді қарастырды. Соның бірі – білім беру жүйесін дамыған елдердің әлемдік стандарттарына сай бағыттап, Болон процесіне кірді.

Еліміздегі білім берудің реформаларына негіз болатын Болон процесінің талаптары педагогикалық білім беру – педагог-мамандар даярлау мәселесімен тығыз байланысты.

Жоғары білім беру тәжірибесінде білім сапасы мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін, аккредиттеуді, сертификаттау талаптарын, мемлекеттің қажеттілігін және өндірісті талап ететіндіктен, прагматикалық тәсіл қолданылады. Бастапқы мағынада сапа - объективті, маңызды, ажырамас болу, ішкі сенімділік, объектілер мен құбылыстардың тұтастығы. Сапа объектінің құрамдас бөліктері арасындағы айқын және тұрақты қарым-қатынасты көрсетеді, ол оның ерекшелігін сипаттайтын, бір объектіні басқалардан ажыратуға мүмкіндік береді. Объектінің сапасы – негізгі қасиеттердің интегралды сипаты, объектінің ішкі және сыртқы анықтамасы.

Сандық сапаны сандық бағалауға тырысады, әсіресе әлеуметтік немесе рухани пән нысанға айналдырылған кезде, олардың сапасына емес, жеке қасиеттерінің өзгеруіне тосқауыл болады. Сипаттардың қаншалықты жақсы таңдалатындығынан (тұрақты немесе өтпелі, сыртқы немесе маңызды, нақты немесе жалпы, негізгі немесе қайталама), бұл сандық өлшеулер сапаға байланысты дәрежесі байланысты.

«Сапа – маңызды ерекшеліктер, қасиеттер, нысан немесе құбылыс; адамгершілік, этикалық санаттағы (сапалы, кемелді), немесе таза экономикалық тұжырымдама ретінде, бір немесе басқа меншік, қадір-қасиет, бір нәрсеге жарамдылық дәрежесі. «Білім беру сапасы туралы айтатын болсақ, кейбір ғалымдар мен практиктер оны оқытудың сапасына қол жеткізудегі білім беру жүйесінің басты бағыты ретінде түсінеді; басқалары – оқыту және білім сапасы; үшіншіден – жеке қабілеттерін дамыту деңгейін арттыру; төртінші – университет түлегінің қоғамда өмір сүруге дайындығы туралы» деді ресейлік ғалым Е.В. Яковлев [1].

Ғылыми әдебиетте «сапа» терминін түсінуді қорытындылай келе, ғалым А.А. Орлов екі негізгі мәселеде қолданылатынын көрсетеді:

1) пәннің «қалай» және «нені» білдіретін философиялық санат ретінде, оның маңызы, оның арқасында ол жай және басқа нәрсе емес;

2) мақсаттарға жету дәрежесі ретінде [2]. Ғалым тақырыптың сапасы әрқашан оның сандық сенімділігімен байланысты екеніне назар аударады, оның үстіне субъект субъект болмайды және қазіргі жағдайдағы мақсаттарға жету деңгейін айқындау негізінде педагогикалық білім сапасын анықтау үшін ең тиімді деп санайды.

Білім берудің сапалық сипаттамалары оқу орындарының бітірушілері көрсеткен нәтижелерінде айқын көрінеді. Жеке тұлғаны қалыптастырудың интегралды нәтижесі – оның жылдам өзгеретін әлемдегі оның ынталандыруы, қабілеті және дамуына дайындығы. Басқаша айтқанда, білімнің негізгі нәтижесі – білімі, дағдысы, қабілеті емес, жүйелі қасиеттерінің бірі – білім беру мекемесінен шыққан кезде білім алу және болашақтағы көпжақты өзін-өзі жаңғырту, дүниетанымдық көзқарастың және кәсіби ұтқырлықтың сақталуына әкелетін білім.

Көптеген зерттеушілер білім берудің әр кезеңінде болашақ мұғалімнің, тәрбиеші мен мұғалімнің педагогикалық дайындығының нақты анықталған мақсатының жоқтығын атап өтті. Бұл түлектердің кәсіби және педагогикалық дайындық дәрежесін бағалау критерийлері мазмұнының анық болмауына әкеледі.

Педагогикалық білім берудің даму жолдары мен тәсілдері туралы әртүрлі пікірлердің өкілдері болса да, көбінесе, оның мақсаты болашақ мұғалімнің жеке басын қалыптастыру болып табылады, оның мотивациялық, когнитивтік, эмоционалдық-аксиологиялық, операциялық, коммуникативтік және рефлексиялық компоненттері; әртүрлі типтегі оқу орындарында кәсіби қызметке дайындықты қалыптастыру; инновациялық қызметке дайындықты дамыту және үнемі өзін-өзі оқыту қажеттілігін дамыту (Э.П. Белозерцев, Е.В.Бондаревская, А.И. Пискунов, В.А.Сластенин, А.П. Триапицына және т.б.), критерийлер мен бұл мақсатқа жету дәрежесін объективті бағалауға, яғни педагогикалық білім сапасына, өз зерттеушілерін күтуде.

Осылайша, білім беру сапасын оның мақсаттары мен нәтижелеріне қатынасы ретінде түсіну, осы құбылыстың мәнін ашу мүмкіндіктерін жан-жақты қарастырылуда. Өйткені, білім беру мақсаттарын қою өте күрделі практикалық мәселе және мақсаттарды құжаттарға дәл бекітілген нормалар деңгейімен салыстыру әлі де өз деңгейінде емес. Осыған байланысты мақсаттарды іске асырудың әділ талаптары қажетті шарт ретінде қабылданады.

Білім беру және маман даярлаудың сапасына қатысты жиі пайдаланылатын сапа менеджментін басқару жөніндегі құжатта келесідей анықтама берілген: «жоғары білім сапасы әртүрлі қажеттіліктерге, мақсаттарға, талаптарға, жоғары білім берудің (нәтиже ретінде, білім беру жүйесі ретінде) стандарттар [3]. Бұл түсінік процедуралық және өнімділік сипаттамаларын қамтиды, яғни «жоғары білім сапасы» дегеніміз - «жоғары білімді мамандарды даярлау сапасы».

Бұл анықтама ISO (ISO) 9000: 2000 сериялы стандартына сәйкес келеді, онда сапа белгілі бір

талаптарға (нормаларға, стандарттарға) сәйкес объектінің (өнімнің, қызметтің, процестің) қасиеттерінің сәйкестік дәрежесіне нұсқайды.

Бұл түсініктің негізі – бұл процестің өзіндік нәтижелерінде көрініс тапқан (А.И. Субетто) сапалы білім беру принципі. Осыған байланысты біз тағы бір рет атап өтеміз: шын мәнінде, білім берудің сапасы мен оны жүзеге асыру жағдайына қарамастан білім берудің сапасын бағалау мүмкін емес. Бұдан басқа, кері нәтиже: білім беру үдерісінің нәтижелілігін және оның нәтижелерін бағалаусыз жүзеге асыруға жасалған жағдайларды анықтау мүмкін емес. Сондықтан, білім беру сапасын жетілдірілген сандық және сапалық нәтижелердің деңгейін, білім беру үдерісін ұйымдастыруды және жүзеге асыруды және мемлекет пен қоғамның мүдделерін қанағаттандыратын және білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыратын жағдайларды көрсететін сипаттамалар жиынтығы ретінде қарастыруға және анықтауға барынша ұтымды. тыңдаушылар. Сонымен қатар, білім беру қызметінің шарттары, ұйымдастырылуы мен нәтижелері арасындағы бір-бірімен сәйкес келмейтінін түсіну қажет. Осылайша, төмендегі ережелер [4] «сапа» санатын түсінудің негізін құрайды:

а) сапа – қасиеттердің үйлесімі;

б) сапасы құрылымдық;

в) сапасы динамикалық, ол жаңа қасиеттер анықталғандықтан өзгереді және оқу үрдісін басқаруға, студенттердің жеке сипаттамаларына және бірқатар басқа факторларға байланысты;

г) сапа – салыстырмалы тұжырымдамасы және екі аспектісі бар: стандарттарға сәйкестігі және клиенттердің қажеттіліктерін сақтау;

е) сапа санына байланысты, олардың бірлігі өлшем санаты бойынша көрсетіледі.

Педагогикалық кадрларды даярлау саласында білім беру сапасын бағалау жүйесін ұйымдастыру, тәжірибе және сертификаттау, сертификаттау және аккредиттеу, инспекциялау, психологиялық-педагогикалық зерттеулер, статистикалық деректерді жинау, мониторингтік зерттеулерді қолданыстағы рәсімдер мен механизмдерді белсенді пайдалануды және жетілдіруді қамтиды.

Педагогикалық білім сапасының көрсеткіштерін ескере отырып, олар мұғалімнің жеке басының құндылықтары (құзыреттілік, қабілет, жауапкершілік, ашықтық және т.б.) сияқты тиімді сипаттамалары болып табылады; жеке сурет, мінез-құлық қасиеттері, адамгершілік қасиеттері, құндылық бағдарлары және т.б.; білім беру үдерісін, даму үдерісін, білім беру процесін дербестендіруді жүзеге асыруға қабілетінің «жанкүйері» ретінде кәсіби бейнесі; педагогикалық қоғамда көрініс тапқан педагогикалық қызметтің жеке стилі, мінез-құлқы, білім беру және оқыту құралдарын таңдау және т.б.. Мұндай көзқарас, бәлкім, өмір сүруге құқығы бар, бірақ қазіргі уақытта теориялық тұрғыдан ақылға қонымды емес. Бұл тізімді мәңгілікке жалғастыра беруге болады, бұл мәселені түсіндіріп қана қоймайды, керісінше, педагогикалық (және кез келген басқа) білім беру сапасын бағалау мүмкін емес.

Әрине, білім беру сапасына әсер ететін факторлардың саны жеткілікті үлкен және осыған байланысты көптеген ғалымдар олардың саны қаншалықты үлкен мөлшерде қолданылатынын ескереді, сапасы жоғары болады, оның жаңа сипаттамалары пайда болуы мүмкін бұрын болған жоқ. Бұл тұрғыда жеткіліктілік әрдайым салыстырмалы болып табылады және факторлардың саны басқарманың субъектілерінің осы сәттегі олардың бір немесе бірнеше санын жабу мүмкіндігімен анықталады. Оқу үрдістерінің күрделілігі, оларды жүзеге асыру шарттары, педагогикалық қызметке дайындық құрылымы, сондай-ақ осы мәселелерді теориялық тұрғыдан жетілдіру іс жүзінде педагогикалық кадрларды даярлау сапасын бағалау үшін ұсынылатын көптеген көрсеткіштерге әкеледі. Олардың кең спекторының мониторинг технологиясына тән екендігін түсіну, ол бастапқыда күтпеген факторларды және олардың өзара байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғарыдағы ғалымдардың ұсынған критерийлердің, шарттардың, индикаторлардың, принциптердің және т.б. туралы пікірімен келісе отырып, сарапшылардың қызметіне тоқталу қажет. Олардың тізімі, жиынтығы дәйекті болуы керек, оның көздері анық болуы тиіс (теориялық, эмпирикалық, жобаның нәтижесі, эксперименттердің нәтижелері және т.б.) және егер сарапшылар ұсынылған тізімді толтыра алмаса, онда ол салыстырмалы түрде толық болып саналады. Уақыт өте келе бұл көрсеткіш сарапшылардың көрсеткіштер тізімін кеңейткеннен кейін оларды ең маңызды нәрселерге бөліп, «жинақталған» деп қорытындылау керек.

Білім сапасын бағалау мәселесін қарастырған кезде әдетте оның көрсеткіштері, критерийлері, қажетті жағдайлары, принциптері және т.б. туралы айтылады. Білім беру сапасының көрсеткіштерін анықтау мәселесі әлі шешілмегендіктен, қазіргі уақытта интегралды бағалауды алу үшін алынған индикаторларды интеграциялау арқылы біртекті элементтерге дәйекті ыдырау арқылы сапа құрылымын анықтау оның басым бөлігін құрайды. Қажет болса, оқу процесіне ішкі және сыртқы факторлардың бәрі де білім сапасына байланысты болуы мүмкін екендігін тағы бір рет атап өтеміз, сондықтан индикаторлардың тұтас жиынтығын жинау және бағалау мүмкін болмайды.

Педагогикалық мамандықтың білім беру құрылымдарын ұйымдастырудағы бір мақсатты мақса-

ты кәсіптік даярлауды жоспарлау және басқарудағы соңғы нәтижелерге бағытталады. Тәжірибе мен зерттеулер көрсеткендей, осы ережені жүзеге асыру тек қана оқыту және жобалау үдерісінде теориялық және тәжірибелік оқу базаларын кезең-кезеңмен күрделендірудің мақсаттары мен міндеттерін болашақ маманның профиліне жақындастырып, кәсіптік лицейлердің білім беру бағдарламаларына енгізілген жағдайда ғана мүмкін болады, кадрларды көп деңгейлі және көп сатылы оқытуды жүзеге асырады.

Болашақ педагог-мамандардың келешектегі кәсіби қызметін ескере отырып, бағдарламалық-мақсаттық тәсіл негізінде жүйелік компоненттерді қайта құрылымдау (мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, құралдары мен оқыту әдістері, оқытушылар, студенттер мен студенттердің қызметі).

Біздің көзқарасымыз бойынша, ұсынылған талаптар бір-бірімен айтарлықтай қиылысатын болады және оларды төмендегілерге дейін қысқартуға болады: дайындық үдерісін кәсіби даярлауды жүйелі, тұтас және сабақтастықты қамтамасыз ету үшін дайындық процесінің мазмұны және оның ұйымдастырылуында бірізділікті сақтау, тұлғалық бағдарланған тәсіл бойынша жан-жақты сабақтастыру.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Яковлев Е.В. Управление качеством образования в высшей школе: теория и практика: Монография. – Челябинск: Издательство. ЧГПУ, 2000. – 148 с.
2. Орлов А.А. Мониторинг инновационных процессов в образовании. //Педагогика. - 1996. №3. С.34-43
3. https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30574611#pos=0;0
4. Субетто А.И. Теория фундаментализации образования и универсальные компетенции (ноосферная парадигма универсализма). - СПб.: Астерион, 2010. -556 с.

Секция 3
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЭТНОТӘРБИЕ

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ДЕҢГЕЙІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ

Кенжан А.М.- п.ғ.к., қауымд.проф.
Абсадык Ж. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Түйіндеме. Мақалада мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейін педагогикалық диагностика арқылы бағалау мәселесі қарастырылып, бұл тақырыпты зерттеушілердің пікірлері арқылы ортақ пайымдаулар жасалған.
Тірек сөздер: педагогикалық диагностика, оқушы тәрбиелілігі, тәрбиелілік деңгей, тәрбиелілікті бағалау

Аннотация. В статье рассматривается оценка уровня образования студентов с помощью педагогической диагностики, разработанная общими соображениями с точки зрения исследователей данной темы.
Ключевые слова: педагогическая диагностика, воспитанность учащихся, уровень воспитанности, оценка воспитанности.

Abstract. The article deals with the assessment of the level of education of students through pedagogical diagnostics, developed General considerations from the point of view of researchers of this topic.
Keywords: pedagogical diagnostics, good breeding of pupils, level of good breeding, estimation of good breeding

Жаһандық ғаламданудың кеңеюі, ақпараттық технологиялардың өріс алуына, білім беру нәтижесіне халықаралық талаптардың күшеюіне байланысты барлық білім беру жүйесінің қарқынды дамуына, ертеңгі болашағына тұғыр боларлық міндет жүктеліп отыр.

Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында еліміздегі адам капиталының барынша дамуы мен адами асыл қасиеттерді сақтап қалуымен бағаланатынын көрсетті.

Оқыту мен тәрбиелеу табысты болу үшін оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін барынша ескеру қажет. Педагогикалық іс-әрекет нақты нәтижеге байланысты жоспарлануы және жүргізілуі және өзінің мақсат иерархиясы болуы, оқушылардың жеке даму логикасына бағынуы тиіс. Педагогтар мен психологтар диагностикалық негізде оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру осы үдерістердің тиімділігі мен нәтижелілігін едәуір арттыратынын, тәрбиеленуші тұлғасының мақсатты дамуына ықпал ететінін дәлелдеді (Ю.К.Бабанский, В.П.Беспалько, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, А.И.Кочетов және т.б.).

Сондықтан да тәрбие процесін диагностикалық қамтамасыз ету мәселесі ғылымда да, мектеп практикасында да ерекше өзектілікке ие болды. Көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулерде мектеп өміріне диагностиканы енгізудің әдіснамалық, теориялық және операциялық аспектілері қарастырылады. Ғылыми әдебиеттерде педагогикалық диагностиканың негізгі аспектілері мен даму бағыттары (К.Ингенкамп, Е.А.Михайлычев және т.б.), оқытудың, тәрбиелеудің, педагогикалық қызметтің теориялық мәселелері, оның құрылымы, диагностикалық негізде сапаны талдау және бағалау (Б.П.Битинас, Н.К.Голубев, т.б.) қарастырылады. Педагогикалық білім саласы ретінде педагогикалық диагностиканың мәні мен міндеттері, құрылымы, деңгейлері, функциялары мен әдістері ашылады (Л.И.Катаева, А.И.Кочетов, Е.А.Михайлычев және т.б.); диагностика мұғалімнің кәсіби-педагогикалық қызметінің ерекше түрі ретінде қарастырылады (А.С.Белкин, В.Г.Максимов, В.М.Минияров, М.ИШилова және т.б.), кәсіби-педагогикалық қызметті жетілдіру және педагогикалық құзыреттіліктің өсуі шарты ретінде (Л.А.Башарина, И.Ф.Исаев, Н.В. Кузьмина, А.К.Маркова, И.П.Раченко, Т.И. Шамова және т.б.).

Педагогикалық теория мен практикада «педагогикалық диагностика» термині білім беру үдерісінің түрлі аспектілеріне қатысты қолданылады. Мектептің тәрбие үдерісінде диагностиканы ег-

жей-тегжейлі қарастырсақ, онда негізгі рөл сынып жетекшісіне беріледі. Педагогикалық диагностика грек тілінен аударғанда «тану» дегенді білдіреді. В.И. Зверева педагогикалық диагностика ретінде бақыланатын немесе зерттелетін объектінің жағдайы туралы ақпарат алу процесін, түрлі педагогикалық құбылыстарды тану процесін түсінеді. М.П. Нечаевтың пікірінше, педагогикадағы диагностика «тәрбие объектілерінің (субъектілерінің) жағдайын зерттеуге және тануға бағытталған педагогикалық қызмет» деп қарастырылады.

Сынып жетекшісі жұмысының бір бағыты – жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындығын қалыптастыру. Біздің ойымызша, сынып жетекшісінің осы бағыттағы жұмысы педагогтің педагогикалық диагностика әдістерін меңгеруі кезінде неғұрлым тиімді болады. Сынып жетекшісімен жүргізілетін диагностиканың артықшылығы, мысалы, мектеп психологының жұмысымен салыстырғанда, педагогта оқушыларды бақылау үшін мүмкіндіктер кең. Сынып жетекшісі оқушыларды сабақта, үзілісте, оқу жұмысы кезінде және басқа формалды емес жағдайда оқытады. Балалар мұғалімдерге арнайы психологтарға қарағанда жиі сенеді, сондықтан олардың сөздері ашық. Педагогтардың диагностикалық негіздегі қызметі артық эмоциялық, субъективті бағалаулар, негізсіз пайымдаулар үшін алғышарттар жасайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы» және «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» және т.б. тәрбие бағдарламалары мектеп оқушыларына тәрбие беру, олардың әр тәрбие бағыты бойынша тәрбиелілікті бағалаудың критерийлерін мен өлшемдерін көрсететін басты құжаттар саналады. Еліміз тәуелсіздік алғалы алғалы бері білім беру жүйесінде біршама өзгерістер мен жаңашыл реформалар болғаны айқын. Оның ішінде білімділік пен оқығандықты бағалаудың түрлі заманауи әдістерімен қатар, педагогикалық диагностиканың дәстүрлі бағалау құралы ретіндегі мүмкіндіктерін қолданыста болды және бола береді. Сонымен қатар, соңғы кезде тәрбиелілікті анықтауда да қолдану кеңінен өріс алып келеді.

Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының Тәрбие мәселелері институты 2003 жылы мектеп оқушыларының әлеуметтік педагогикалық проблемаларын ашу мақсатында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, сауалнамалар мен тесттер құрастырды. Оны Қазақстанның алты аймағына жіберіп, мектеп оқушыларымен қатар, оқушылардың ата-аналарына, мектептің мұғалімдеріне жүргізіп, нәтижесін өңдей келе білім беру саласының тәрбиеге қатысты көптеген көкейкесті мәселелерін анықтауға болатындай нәтижелерге қол жеткізді. Осы зерттеулер нәтижесінде «Мектеп оқушыларының әлеуметтік портреті», «Мұғалімдердің әлеуметтік портреті» түзілген бұл еңбек «Біз өз балаларымызды білеміз бе?» атты оқырмандардың қызығушылығын тудырған кітап болды.

Қазақ білім академиясының Тұлғаны әлеуметтендіру институтында мектеп оқушыларының тәрбиелілігін анықтау мәселесі бойынша бір топ ғалымдардың авторлығымен «Тәрбие үрдісі мен оқушылардың тәрбиелік деңгейін бағалаудың өлшемдері» атты әдістемелік құрал жарық көрді. Бұл еңбекте бала тәрбиесіне қатысты тәрбиелілік өлшемдері, тұлғаның қалыптасуы мен өмірге бейімделуінің деңгейлері, оған қатысты өлшемдер мен критерийлер бойынша классикалық әдістемелерден бастап, ресейлік танымал ғалымдардың ондаған жылдар бойына тәжірибеде қолданылған әдістемелерін ұсынып, кейбір тесттерді бейімдеп, оңтайлап ұсыну (мақал-мәтелдерге қатыстыны қазақша нұсқамен) және оқушылардың өмірлік икем-дағдыларының қалыптасуы жөнінде педагогикалық диагностикалық материалдар жинақталған.

Педагогикалық диагностика педагогикалық ғылымның жаңа бағыты ретінде маңызды әрі мұқият зерттеуді талап етеді. Қазіргі кезеңдегі оның мәнін, мазмұнын, әдістерін, ерекшеліктері мен жағдайларын анықтау педагогикалық диагностика негізінде мектеп ұжымының қызметін құру жөнінде оқу-тәрбие жұмысын жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі. Салыстырмалы түрде аз мерзім ішінде педагогикалық теорияда педагогикалық диагностиканы зерттеудің бірқатар бағыттары қалыптасты, онда тәрбиенің немесе оқытудың қандай да бір феномені зерттеледі. Бұл педагогикадағы дифференциалды диагностиканың қалыптасу кезеңі ретінде педагогикалық диагностиканың қазіргі кезеңін сипаттауға мүмкіндік береді. Педагогикалық теорияда оқытудың диагностикасы, тәрбиенің біршама олқылау болса да диагностикасы жасалған. Педагогикалық диагностика мәселелерін зерттеу жүргізілетін негізгі бағыттарға: жеке тұлғаның тәрбиелілігін диагностикалау, ұжымның тәрбиелілігін диагностикалау, тәрбие процесін диагностикалау, тұлғааралық қарым-қатынасты диагностикалау, ауытқуларды диагностикалау жатады.

Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі диагностикалық зерттеу жүргізу қағидалары түрінде белгілі бір талаптарды ұсынатын өз заңдылықтарына ие. Олар диагностика барысының мазмұнын, нысандары мен әдістерін, алынған нәтижелерді талдау әдістемесін анықтайды. Келесі принциптер ең маңызды деп саналады: педагогикалық құбылысты тұтас зерттеу; зерттеу әдістерін кешенді пайдалану; объективтілік; оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі; ұжым мен тұлғаны бір мезгілде зерттеу;

құбылысты өзгеруде, дамыту барысында зерттеу.

Тәрбиеленушілік деп адамгершілік дамуының белгілі бір деңгейі, адамгершілік нормалары мен мінез-құлық ережелерін сақтау, сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас және өзара қарым-қатынас, адамның білімділігі жалпылама түсіндіріледі. Тәрбиелілік – қоршаған адамдардың субъектісіне: ересектерге, құрдастарына және т.б. ықпал ету және тәрбиенің нәтижесі. Оқушылардың тәрбиелілік деңгейін зерделемей, тәрбие мақсатын нақтылау, оқушыларға жеке және сараланған көзқарасты жүзеге асыру, тәрбие жұмысындағы формализмді жеңу мүмкін емес.

Тәрбиелеуді кәсіби деңгейде шебер ұйымдастыру, әлбетте педагогикалық талдаудан тұрады, оған байланысты ұстаздар тәрбиелеу жолдарының дұрыс-бұрыстығын, үлгерім деңгейін, ұйымдастыруды жетілдіріп немесе уақытқа, баланың жасына, оқығалар мен жағдайларға қарап түзетіп отырады.

Оқушының тәрбиелілігі – бұл педагогтің қойған мақсатына тұлғаның дамуының сәйкестігі дәрежесі. Мақсат – жалпы мұғалімнің жетістігіне өлшемдер тауып, төрешілік жасау. Бұл тәрбиелеу нәтижесін кәсіби бағалаудың жалпы өлшемі саналады.

Тәрбиелілік өлшемі дегеніміз – бұл меже мағлұматына сәйкес келетін өлшем. Бұл туралы көрсеткіш арқылы шешімге келеміз. Мысалы, баланың эгоистік қылығы көбінесе өлшем сапасын бекітіп, баланың мейірімділіктен алыс екендігін көрсетеді. Демек, оның тұлғалық дамуының сапасы төмен. Кейбір көрсеткіштерді бақылауға болады. Бақылауға жататындар: баланың сыртқы келбеті, мимикасы, пластикалық кейпі, сөзі, мінезі, таңдауы, әлеуметтік өзгерістерге серпіліс, ортамен қарым-қатынас құрылымы, оның іскерлік әрекет сапасы. Көрсеткіштердің көбісі баланы тікелей бақылауда бекітіледі. Бекітілу көрінісі: сыныпқа кірсек те, коридорда жүрсек те, асханада көрініс, киім ілгіш, дәретхана бөлмелері – бұл көрсеткіштер балалар тәрбиесі туралы көп мәліметтер береді. Бірақ, кейбір бақылау көрсеткіштері, мәліметтерді ұзақ мерзімнен кейін немесе арнайы диагностикалық әдістемеден кейін алынып тасталады. Педагогикалық диагностика – бұл педагогикалық мінез-құлқы туралы мәліметтер алу. Мұндай әдістер саны көп: сұрастыру, сауалнама, аяқталмаған тезис, альтернативті тезис, аяқталмаған әңгіме, аяқталмаған диалог, шкаладан өткізу, сурет күйіндегі тест және т.б.

Тәрбиелілікті бағалауда әлі де көп нәрсе толықтырылмаған және оны толықтыру үшін уақыт кететіні сөзсіз. Педагог оқушының ерекшеліктерін сипаттайды, оны тәрбиелеудің шарттары мен мүмкіндіктерін анықтайды. Демек, ол аналитикалық-диагностикалық қызметті орындауға дайын болуы тиіс. Өйткені, үнемі оны іздеуге, оқушының қандай да бір мінез-құлқының себептерін анықтауға, оның оқуға, ересектерге қарым-қатынасын анықтауға, тәрбиенің перспективалық бағдарламасын құруға мәжбүр ететін жағдайда болады.

Зерттеу негізінде алдын ала болжам жасалады, оқушыларды тәрбиеліліктің бір деңгейінен екіншісіне ауыстыру бойынша тәрбие

Сынып жетекшісі үшін бастысы – әр оқушының және жалпы сыныптың тәрбиелілігі көрінісіндегі орталық үдерісті, реттеу мен өзін-өзі реттеу арақатынасын, іс-әрекеттер мен іс-әрекеттердің қоғамдық бағытын, оқушының жеке ұстанымын анықтау. Осы негізде ол өз тәрбиеленушілерінің типтік және жеке, мүмкін болатын «жақын арада даму аймағын» анықтайды.

Қорытындылай келе, диагностика әдістерін меңгере отырып, педагог қазіргі уақытта әрбір оқушының тәрбиелілігі туралы қорытынды жасайды, оның оң қасиеттерін бөледі, оларға оқушының, сыныптың, ата-аналардың назарын аударады, одан әрі дамыту үшін қол жеткізілген қасиеттерге сүйенеді. Оларды қоректендіретін жағымсыз қасиеттер мен себептерді анықтау оқушының дамуындағы одан әрі регресстің алдын алуға мүмкіндік береді. Педагогтің міндеті – оқушыларды тәрбиеліліктің жоғары деңгейіне ауыстыру. Бұл жолда мектеп оқушысына әлеуметтік құнды бағдарларды ұсыну, өзінің азаматтық қалыптасуында бір қадамға қадам басу үшін не істеу керек деген кеңестер беру қажет. Мұндай бағдарлар өз бетінше қызметті ұйымдастыру, мінез-құлық пен қарым-қатынасты реттеу, өз жолдастарының белсенді іс-қимылдарына түрткі болуы мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы. 2018 ж. 10 қаңтар. https://e-history.kz/kz/publications/view/3788
2. Зверева В.И. Диагностика и экспертиза педагогической деятельности аттестуемых учителей. М.: Перспектива, 1998.
3. Нечаев М.П. Управление воспитательным процессом в классе. Учебно-методическое пособие для студентов и педагогов. – 2-е изд. – М.: «5 за знания», 2007. – С. 176. – (Классному руководителю).
4. Мониторинг и диагностика в управлении воспитательным процессом в школе/сост. Ф.П. Черноусова. – М.: Изд-во УЦ «Перспектива», 2011. – С. 344.
5. Handbook of tests and measurement in education and the social sciences(2ndEdition, pp. 313 –314). London:Scarecrow Publishers.Dworkin A. G. (2001).

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Абшаяқова Ш.С. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы, ҚР

Аңдатпа: Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу — рухани тәрбиенің маңыздылығы,балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мәні,мазмұны,бағыттары туралы баяндалады.

Аннотация: Данная статья посвящена нравственному воспитанию дошкольников - важности духовного воспитания, морального состояния детей сущность, содержание, направления обучения.

Annotation: This article focuses on the moral education of preschoolers - the importance of spiritual upbringing, children's morale he essence, content, directions of education.

XXI-ғасыр балаларының тәрбиесінің өзекті мәселесі ұлттық және жалпы адамзаттың мәдени мұралар арқылы қоғамда руханилықты қалыптастыру болып табылады.Мұндай аса жауапты міндеттердің баянды болуы үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуден бастау алуы қажет. Ерте жастан алынған рухани жасалым, адамның барлық өмірінде адамгершілік белгісін анықтап, ізгілік қасиеттерді, рухани болмысты бала бойына қалыптастырады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне жүгінсек, адамгершілік сөзі: ар-ұжданның тазалығы, адамшылдық, ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік, әділдік, шыншылдық, кішіпейілділік, имандылық, т.б. қарапайым адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде.

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде біздің елімізде балалардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру оларды оқытудың, тәрбиелеудің және жетілдіріп дамытудың бөлінбес бір бөлігі мектепке дейінгі ұйымда бүкіл оқу жылдары бойында жүзеге асырса дұрыс болатындығын, ол мектепке дейінгі ұйымда ұлттық салт дәстүрлер негізінде жүзеге асырылуы тиіс екендігін атап көрсетті [1].

Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» заңына және «Білімнің 2011-2020 жылдарға дейінгі мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қазақстандық білім беру жүйесінің ұлттық үлгісін дамытуды қалыптастыру жөніндегі жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Осыған орай, болашақ ұрпақты ұлттық генезисіне ана тілініңауыз әдебиеті мен фольклорының, классикалық жазба әдебиетінің әлем таныған нұсқаларын терең таныту қолға алынуда. Тілге байланысты жеке тұлғаның: ұлттық сана-сезімі, ой-өрісі, ұлттық болмысы, ұлттық құлық, ұлттық руханият, ұлттық өркениеттік құндылықтар, ұлттық абырой, ұлттық беделі қалыптасады. Кез-келген қоғамның даму деңгейі адамдар мен әлеуметтік топтардың даму деңгейімен анықталады оның іргелі негіздерінің бірі адамгершілік тәрбиенің мазмұнымен көрінеді.

Қазақ халқының тәлім-тәрбие істерінің ғылыми негізін қолдап, оның негізін қалаушылардың бірі – Ахмет Байтұрсынов. Ғұлама ғалым мектепке дейінгі балалар тәрбиесіне де мән берді. "Баланы бастан тәрбиелеу деген – баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру" деген сөз. "Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икем, бейнетіне берік болып өседі,"– деп өмірге адамгершілікке сәбилік кезеңнен баулу қажеттілігін ескертеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мәселелерін көтерген педагог-тәлімгер – Нәзипа Құлжанова. Зерттеуші шығармаларындағы тәлім-тәрбие¬лік ой-пікірлерінің үлкен бір саласы – адамгершілік тәрбиесі, "Ана мен бала" деген еңбегінде баланың жеке басының дамуы мен қалыптасуында ананың тазалығы, денсаулығының ролін жоғары бағалап, оларды салақ, еріншек, жалқау және басқа жағымсыз қылықтарға жиіркене қарап, үздіксіз еңбекқорлыққа шақырады. Ал "Мектеп¬тен бұрынғы тәрбие" атты зерттеуінде баланы мектепке дейінгі кезеңнен адамгершілікке көркем әдебиет және еңбекі арқылы тәрбиелеу қажеттілігін, адамгершілікті өскен орта, тағылымды тәрбиемен ұштастыра көрсете білген.ланыстыра келе, жамандықтың себептерін білуге ұмтылыс жасаған. Ол "От әулие, киелі болып саналады. Ошақтағы отты басуға немесе оған түкіруге болмайды, қарғыс ұрады. Қара жер мәңгүрттікке қайырымсыз, әруақтардың рухы бар деп ескі жұртты баспайды, ескі жұртта жүруден қорқады… Аспандағы әр жұлдызды әр адамның жаны деп түсінеді. Табиғат пен жаратылыстан барлық тосын құбылыстары көрінген әсерлерді қасиетті деп санайды", - деп жазады. Шоқан Уәлиханов адам санасындағы құбылыстардың, әртүрлі сенімдердің себептерін табиғаттан іздестіріп, табиғат пен адам бірлігін түсіне білуге әрекеттенген [2].

Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің нақты міндеттері: 1) балалардың үй-ішіне, жақындарына, құрбы-достарына, жалпы адамдарға, Отанға деген сүйіспеншілік

сезімін тәрбиелеу; 2) адамгершілік ережелеріне сай балалардың мінез-құлқын, ұйымдасқан тәртібін, мәдениеттілігін, жақсы әдеті мен дағдысын қалыптастыру; 3) балалардың адамгершілік түсініктері мен қасиеттерін тәрбиелеу.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың Отанға, адамдарға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу жатады. Ол үшін алдымен балалардың ата-анасына, үйіне, туған жеріне, оның табиғатына, өз ауылына, қаласына, туған-туысқандарына, дос-құрбыларына, балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу қажет. Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына балаларды интернационалдық рухта тәрбиелеуде жатады, өйткені ол адамгершілік тәрбиесінің негіздерінің бірін құрайды. Балабақшада көптеген ұлттың балалары бар, олардың бәрі бірдей тәрбиеленіп, бірдей қамқорлыққа бөленеді. Осының өзі-ақ балалардың бір-біріне жолдастық, достық сезімін тәрбиелеудің ең қолайлы жағдайы.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің даму динамикасы, оның ішінде мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік-рухани білім беруде бастапқы идеал құндылықтары, ұстаным мен мақсаттарды қалыптастыруды талап етеді. Балабақшада баланың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, адам және қоғам байланысын қалыптастыруда, өз қылығының қоғаммен сәйкес болуы қажеттілігін сезінуде, адамгершілік білімді адамгершілік нанымға ауыстыруда, тұрақты адамгершілік сезімдер мен сапалар орнықтыруда, адамның басқалармен қарым-қатынасындағы жоғары мәдениеттілік пен адамгершілік әдеттерді бекітуде тәрбиенің маңызы зор.

Кейбір еңбектердегі анықтамалар адамгершілік тәрбиесінің негізгі бөліктерін атап көрсетумен шектелген. Мәселен, В.В.Макаев адамгершілік тәрбиесі мынандай негізгі бөліктерден тұрады дегенді айтады: а) адамгершілік түсініктерді, ұғымдарды, идеяларды қалыптастыру; ә) адамгершілік сезімдерді дамыту; б) адамгершілік сенімдерді қалыптастыру; в) мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыру; г) өзін-өзі тәрбиелеу; д) жағымсыз ықпалдарға, теріс әсерлерге қарсы тұра білу іскерлігін қалыптастыру [3].

Адамгершілік тәрбиесі барлық тәрбие жүйесіндегі негізгі тәрбиенің көзі болып табылады. Адамгершіліксіз табиғатты, қоршаған ортаны, адамдар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру мүмкін емес. Адамгершілік тәрбиесі арқылы балаларды рухани тәрбиенің негізі қаланады. Руханилық баланың ішкі болмысы, жан дүниесінің азығы, мінез-құлқының тірегіші болып табылады. Руханилық пен адамгершілік араласып, бір-бірімен сабақтастықта байланысқан ағайындас ұғымдар. Мектепке дейінгі балдырғандар үшін оларға түсінікті ғибрат сөз, әсерлі өлең, сурет, әңгімелер пайдалану, үлгілі, өнегелі ойын, еңбек үстінде этикалық қатынас жағдайында әдепкі адамгершілік әдет-дағдылары қалыптасады.

Мектеп жасындағы балаларға адамгершілік әліппесі ойын арқылы меңгертіліп, баланың әлеуметтік саналылығын дүниетанымын, этикалық талғамын, ішкі рухани байлығын молайтатын жүйелі жұмыстар өткізіледі. Қазір балабақша бағдарламаларында адамгершілік қасиеттерді бала бойына қалыптастыруға арналған шығармалар іріктеліп алынған. Ол шығармаларда сөз болатын негізгі қасиеттер: әдептілік, ұят пен ар, шындық пе3н әділет, ынтымақ пен бірлік, жолдастық пен достық, құмарлық т.б. М.Әуезов: Адам баласынан жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі өнеге білетіндігінен… Көпшілікті адамшылыққа тәрбиелеу үшін, жас буынды жақсылап тәрбиелеу қажет – деген.

Адамгершілік тәрбиесі өзінің ықпал ету көлеміне қарай тәрбиенің негізі болып табылады. Тәрбие міндеттерінің бірі – баланың әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру. Мұндай әрекеттер кезінде балалардың адамгершілік қасиеттері қалыптасады, ал пайда болатын қатынастар әрекеттердің мақсаты мен себептерінің өзгеруіне әсер етуі мүмкін. Баланың адамгершілік санасының дамуы өзара қатынастар мағынасын қабылдау және ұғынуы арқылы іске асады. Мұндай қатынастарға ата – аналармен, педагогтармен, қоршаған орта түсе алады. Бала санасында сыртқы ықпал жеке мағынаға ие болады, осылайша оған деген субъективті қатынас қалыптасады. Осыған байланысты тәрбие себептері, шешім қабылдау және өз істерін баланың адамгершілікпен таңдауы қалыптасады. Балалардың адамгершілік дамуының деңгейі оқу ісін табысты іске асыруына ықпал етеді. Оқу ісінің өзі, мазмұнының, әдістерінің этикалық бағыттылығы және оқу үдерісін ұйымдастыру мектепке дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі дамуының негізгі көзі және тәсілі болып табылады. Оқыту үдерісінде танымдық әрекет, қабылдау, зейін, қиял, ойлау есте сақтау дамиды. Бұл балалардың қоғамдық өмір құбылыстарына қызығушылықпен қарауын тәрбиелеуге мүмкіндік береді [4].

Қорыта айтқанда, жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеу дегеніміз – оларды жоғарыда айтылған мінез-құлықтың дағдылы ережелеріне үйрету. Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – адамның моральдық қасиеттерін белгілі бір мақсатқа бағыттап қалыптастыру. Адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу арқылы – моральдық түсініктердің, әдеттердің және мінез-құлық мотивтерінің қалыптасуы бірлесіп жүзеге асады және мектепке дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесін қамтамасыз етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімдері:
1.ҚР Президентінің «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегі
2.Меңжанова А.Н Мектеп жасына дейінгі педагогика: Рауан –Алматы, 2002
3.Нысанбаева Ә. Ой. Ақыл. Адамгершілік. Алматы,1994
4.Отбасында балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. Алматы,1985.

ҚЫЗ БАЛАНЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ТӘРБИЕЛЕУ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІ

Асылхан С.Қ. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа: Бұл мақалада салауатты өмір салтына ынталандыру, ана мен баланы қорғау, нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресу, темекі мен ішімдік тұтынудың алдын алу, тағамның сапасын жақсарту, қоршаған ортаның және экологияның тазалығын сақтау.
Кілт сөздер: ұлттық тәрбие, салауатты өмір салты

Аннотация: Эта статья посвящена пропаганде здорового образа жизни, защите здоровья матери и ребенка, борьбе со злоупотреблением наркотиками и наркоманией, курением и употреблением алкоголя, улучшением качества продуктов питания и сохранением окружающей среды и экологии.
Ключевые слова: национальное воспитание, здоровый образ жизни

Abstract: This article focuses on promoting a healthy lifestyle, protecting maternal and child health, combating drug abuse and drug abuse, smoking and alcohol consumption, improving food quality, and preserving the environment and ecology.
Keywords: national education, healthy lifestyle

Біз, түркі халқы – ата-ананы пір тұтқан, тегімізді атадан, тілімізді анадан санаған халықпыз. Ежелгі түркі жазба ескерткіштері – қазақ тарихына да ортақ түркі қағанаты билік құрған дәуірінен қалған тағылымды, тарихи мұра. Отбасында мұқтаждық көрмеу, ұл-қызыңның жат қолында қор болмауы, ата-ана сыйлап, үлкеннен өнеге алып, өз халқыңмен бірге туған Отан аясында болу, бақытты ғұмыр кешу – қай заманда да адамзаттың басты арманы. Жырдан осындай гуманизмге өмірін арнаған батырлардың тарихи өсиетіне қанық боламыз. «Жұқаны бүктеу оңай, жіңішкені үзу оңай. Жұқа қалыңдаса, оны тек алып бүктейді. Жіңішке жуандаса, оны тек алып үзеді». Қазақ үшін «тек», «тектілік» ұғымы отбасы тәрбиесінің негізгі өзегі болмақ. Бұл мысалдан соң, «тек» сөзі тамырының тереңде екендігін аңғарамыз [1]. «Орхон-Енисей ескерткіштері» – түбі бір түркі халықтарының тағылымдық халық мұрасының бірегейі. Тарихта өткен бабалардың ұрпақ қамы үшін күресіп, келешегі үшін дұрыс өсиет айта алатындығына тәнті боласыз. Адами асыл қасиеттерді дәріптейтін елдің ұрпағы болу – мақтаныш қана емес, ұлт тәрбиесінің қайнар көзі.

IX ғасырда өмір сүрген Қорқыт бабаның бізге жеткен «Қорқыт ата кітабы» – қазақ халқының ғана емес, түркі халықтарының жазба ескерткіші һәм тәлімдік мәні жоғары, ұстаздық ұлағаты. Қорқыт бабаның нақылдарының ішінде жалпы адамзатты тәрбиелейтін ғақлиятты ойлар көп-ақ. Әйелдер жайлы көбірек тоқталып айтқанда ананың адамзат арасындағы орнын, отбасындағы мәйекті маңыздың әйел арқылы ұйитынын білгендіктен, «Әйел төрт түрлі болады: Оның бірі – ниеті құрыған әйел, екіншісі – ынсапсыз әйел, үшіншісі – үйдің құты болған әйел, төртіншісі – кесір әйел. Әйел біткеннің ең жаманы осы», - депті Қорқыт [2].

XI ғасырдың өкілі (1015-1016ж. туылған) Хас-Хаджиб атанған Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» еңбегі – дүнияуи әдебиеттің алғашқысы ғана емес, моральдық кодекс іспеттес тағылымды мұра. Хас хаджип өзінің оқулық іспеттес «Құт әкелетін білім» кітабында ер адамның әйелге деген көзқарасының дұрыс болуы, өмірлік серік – әйел таңдаудың маңыздылығына мән беріп, «Қандай әйел алуы керек екендігін айтады». Баласағұнидің «әйел таңдаудағы» әлеуметтік-педагогикалық көзқарастарын реттеп қарастырар болсақ, ер-азаматқа әйел таңдауды төмендегіше өлшеммен көрсетеді: тегінің таза болуы; қатарың болуы; әлеуметтік жағдайының өзіңнен төмен болуы; бұрын «есік көрмеген» болуы; бұрын еркекпен байланыста болмауы; жаман қылық, жат істен алыс; өзіңді сүйетін болуы; ұяты мол, инабатты болуы; ойы түзу, жүзі жарқын болуы; қылықты болуы; мінезді болуы; зерделі болуы; ардақты болуы.

Осылай айта келіп, жалпы «жар таңдаудағы» көпшілік пікірімен де санасады және оған да өз ойын ұсынады. Жұрт негізінен төрт түрлі: «бай қыз», «көрікті қыз», «текті қыз», «ақылды қыз» іздеуді басшылыққа алатынын айтады [3].

Атақты Кайкаустың «Қабуснама» атты кітабында тәрбиелі қыз туралы айта келіп, перзентіне қандай әйел алу қажеттігін айтқанда төмендегі өлшемдерді ұсынады: тәрбиелі; табиғаты таза; жан-дүниесі пәк; өзіңе дос; уақытты бағалайтын; дүние-малды жақсы сақтайтын; көргенді; көрікті; үй-ішін тәртіптеп ұстай білетін; көршілерге азарсыз; балиғатқа жасы жеткен; басқа ру, басқа тайпа, жат елден ал [4].

Қоғамның дамуы барысында тарихи жинақталған тағылымды мұралар ұмытылмақ емес. Ұлттың ділі, діні, рух-психологиясы тәрбие арқылы қалыптасады. Оған алғашқы тәрбиенің қайнар көзі қыздар тәрбиесі және оларға берілетін салауатты өмір салты болмақ.

«Қазақстан – 2050» мемлекеттік даму бағдарламасының ұзақ мерзімді стратегиясының негізгі бағыттарының бірі – «Азаматтардың денсаулығын, білімін және ырысын жақсарту» [5]. Оның мақсаты: салауатты өмір салтына ынталандыру, ана мен баланы қорғау, нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресу, темекі мен ішімдік тұтынудың алдын алу, тағамның сапасын жақсарту, қоршаған ортаның және экологияның тазалығын сақтау.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына ұсынылған «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында» тәрбиенің басым бағыты ретінде «салауатты өмір салтына тәрбиелеу» қарастырылған және оған төмендегіше анықтама берілген: «Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру жастардың бойына психикалық тұрақтылықты және тиімді кәсіби қызмет қажеттілігін қамтамасыз ететін салауатты өмір салтын дарыту мен жеке тұлғалық сапаны қалыптастыру мақсатын қояды. Оны іске асыруға алдын алушылық білімі кіреді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру адам ағзасының мүмкіндіктерін, оның қызметінің ерекшеліктерін болжау, адамның физикалық, психикалық және рухани саулығының өзара байланысы, сондай-ақ, тәрбиеленушілерді сан алуан спорт түрлеріне тікелей қатыстыру жолымен ағартушылық және ақпараттық түсіндіруші жұмыс барысында жүзеге асырылады» [6, 10].

Қыз балалардың тәні мен жанының саулығын сақтауға салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы қол жеткізу үшін оған ықпал ететін жағдайлар аса маңызды. Адам санасын улайтын заттарды қолданудың алдын алуға, қоршаған ортаның жағымсыз әрекетіне қарсы тұру қабілетін шыңдауға, өз денсаулығын күтуге, дұрыс тамақтануға, спортпен айналысуға, оқу мен демалыстың режимін сақтауға міндетті. Қыз балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде неден сақтандыру, қандай нәрселерді білуді басшылыққа алған жөн. Атап айтсақ: адам өміріне қауіпті, тәуелділікке душар ететін, зиянды заттар жөнінде білуі; жынысына сай тәрбие беру, болашақ табиғи функциясын атқаруға салауатты даярлығының болуы; күн тәртібін сақтау мен дұрыс тамақтану тәртібін білуі; адал ас даярлау жолдарын білу және меңгеруі; дұрыс киіну, денсаулыққа зиян келтіретін киімдер мен бұйымдар жөнінде хабарлар болуы; денсаулыққа күш түсіретін, тәуелділікке душар ететін құмар ойындарынан аулақ болуы; жыныстық тазалықтың сақталуы, моралдық азғындықтың теріс ықпалдары жөнінде білуі; ұлтттық әдеп талаптары – салауатты өмір салтының негізі екендігін білуі, т.б.

Отбасының алтын қазығы – әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала бойжеткенде сол әдетін сақтайды. Сондықтан да, қызбалаға тәрбие беретін біріншіден - отбасы болса, екіншіден – мектеп қабырғасында тәрбиеленеді. Мектеп өмірінде өнегелі істер мен сыпайылық қарым-қатынасқа тәрбиеленген қыздар, болашақта да ертең еңбек еткенде де жақсы жақтарымен көпшілік құрметіне бөленуі сөзсіз. Қыз баланың физиологиялық, психологиялық даму кезеңдерін басшылыққа ала отырып жүргізілетін тәрбие жұмыстары өз нәтижесін бермей қоймайды.

Қыз баланы жаман әдеттерден тыю, жаман жолға жібермеу – ұлттық тәрбиені сақтаудың кепілі. Салауатты өмір салты – ата-бабамыздың тәрбиесінің негізі. Қыз баланы қарапайым әдепке үйрету қоғамдағы үлкен кеселдердің алдын алады. Ол үшін отбасында да, білім беру мекемелерінде де тәрбиелеудің дәстүрлі әдіс-тәсілдерінен бастап, жаңа технологиялар арқылы өмірге тұлға қалыптастыру жолдарын білген жөн.

«Қызым үйде, қылығы түзде» деген бұрынғылар. Қыз баланың бойына асыл қасиеттерді дарыту тек құлаққа құюмен, ақыл айтумен не болмаса «Қызды қырық үйден тыюмен» шектелмейді, мәселе қай кезде, қандай жағдайда орынды ақыл ұсынып, үлгі-өнеге көрсету қажеттігін ескертеді. Ізеттілік, көргенділік нәресте кезінен ана сүтімен бойға сіңеді. Қатты күлмеу, айқайлап сөйлемеу, үлкеннің жолын кеспеу, ыдыс аяқты салдыратпау, алдымен кіріп, артымен шығу, есікті теуіп ашпау, босағаны кермеу, ұсынған кесені төмен қарап беру, үлкендерден жоғары отырмау тәрізді тіпті қыз баланың отырысына, жүрісіне, аяқ басқанына, киім киісіне, қимыл-қозғалысына, дауыс ырғағына дейін мән берудің өзі қыз бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, көңіл қоюдың жауапкершілігін сездіреді.

Қыз бала тәрбиесі қай кезде де назардан тыс қалып көрген жоқ. Бірақ бүгінгідей қоғамның алапапыран кезеңде қыз балаларды жан-жақты тәрбиелеудің уақыт күттірмейтін мәселе. Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі тұтқасы- болашақ ұрпақтың дені сау, жаны таза болуы, бойларына жалқаулық,

құлықсыздық, жауапсыздықты дарытпау, өздерін сергек ұстауы - бұл да тәрбиенің бірден бір міндеті. «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі». Қыз баланың бойына сыпайылық мейірбандылық, адалдық, сезімталдық және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді кішкентайынан бастап дамытуды халқымыз өте ежелден қолға алған. Сондықтан, қазақ қызы өзіне өмірлік жолдас, жар таңдауға ерекше жауапкершілікпен, сақтық, ұстамдылықпен қарап, оның маңызын санасымен аңғарып, жүрегімен түйсінген. Бұл істе жеңіл ойлылық, ұшқалақтық, орынсыз тәуекелге жол беруді өмірлік үлкен қауіп деп санаған.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор К.Ж.Қожахметова қыздар ережесін төмендегідей етіп көрсетеді: Қысқаша амандасу рәсімін орындау. Орынсыз еліктеп, әлем-жәлем киініп ерсіленбеу. Әдепсіздік пен азғындық жолға баспау. Ойлы, ұстамдылық жолмен лайықты жар таңдау, алданбау. Спиртті ішімдіктер ішуден, темекі тартудан аулақ болу. Әйел адамға тән өнер түрлерінің барлығын, үй шаруасын меңгеруді үйрену. Ұлдар мен ер азамматтар тәртібіне қыздар әдептілігінің зор ықпалы бар екенін дұрыс түсіну. Үлкендердің алдын орағытып, жолын кеспеу. Өтірік, өсек айтпау. Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді [7, 45]. Аталмыш ережелер қыз баланың салалауатты өмір салтына бағыттайтын талаптар деп айта аламыз. Қазақ этнопедагогикасының негізін салушы профессор апайымыздың ұсынған қыздар ережесі ұлттық тәрбиеден бастау алатындығын білеміз.

Егер адамның рухы таза, сау болса, ондай адам таза жүріп, дұрыс, таза тамақтануға тырысады. Бұл адамның жанының да, тәнінің де дұрыс жұмыс істеуіне себеп болады. Дені сау тән рухты одан да жоғары шыңдарға көтере түседі. Немесе керісінше – дәл осы байланыс кері мағынада да болуы мүмкін. Бұл ойдың артынан еріксіз атамыз қазақтың «тәні саудың жаны сау» деген сөзі еске түседі.

Хақ дініміз бұл мәселені де ескеріп, барлығына өз шешімін тауып қойған. Құдыреті шексіз Алла тағала бізге не керек, не керек емес, не пайдалы және не зиянды екендігін ең жақсы білуші, және бізге өзінің кітабы Құран кәрімде және сүйікті құлы және елшісі Мұхаммед (с.а.с.) арқылы біздерге білдіріп, ескерткен. Дініміз бізге зиянды заттарды жеуге тыйым салып, пайдасы көбірек заттарды қолдануға үгіттейді.

Құранда келесі аят жеуге тыйым жеуге тыйым салынған тағамға байланысты: «Шынайы түрде сендерге өлексені (арам өлген малды), қанды, доңыз етін, және Алладан басқаның атымен бауыздалғанды арам қылды. Сонда кім мәжбүрленсе, қарсылық қылмаса, шектен шықпаса оған күнә жоқ. Күдіксіз Алла өте жарылқаушы, ерекше мейірімді» (Бақара сүресі 173 – аят).

«Айт! Маған уахи етілгенде, жейтін кісіге жеуге арам болған нәрсені таппадым. Бірақ жемтік немесе ағызылған қан, негізінен арам доңыз еті, немесе күнәлі болып, Алладан басқаның атымен бауыздалған мал арам» (Анғам сүресі, 145-аят).

Исламда тамақтан өткен барлық нәрсені рыздық деп атайды. Рыздықтың жеуге рұқсат етілгені (халал) және тыйым салынғаны (харам) болады. Мұсылмандық талаптары бойынша рұқсат етілген тамақтың түрлері адам баласының денсаулығына аса пайдалы екендігін, ал тыйым салынған «харам» тобына жататындардың адам ағзасына зияндылығын бұл күнде медицина ғылымы дәлелдеп жүр.

Қазақ отбасындағы дастарқанның ажары, қазан-ошақтың иесі қыздарымыз адал мен арамды (халал мен харам) айырып, отбасы мүшелері мен өз ұрпағының салауатты өміріне кепіл бола алады. Ата-бабаларымыз, мұсылмандықтың жолын таңдағанда, әйел адамдардың шашынының жасырын болуын талап еткенде, адал ас ішуді қалап, қолына күміс сақина салғанда, салауатты өмір салтын сақтау әйел адамнан басталатындығын білген. Күнделікті орындалатын бес уақыт дәрет алып, намаз оқу сияқты діни құлшылық талаптары да деннің саулығын шынықтырудың – алғышарттары.

Белгілі қазақ жырауы, философы Асан Қайғы өзінің поэтикалық шығармаларында, өмірде адам баласы қандай болуы қажет, неге талпыну қажеттігі жайында қызықты ой-өрісті дүниелерді көрсете білген. Философтың пікірінше, әрбір адамзат өзіндік жетілуге талпынуы қажет. Нағыз адам мынадай саналы сапа иесі болуы тиісті адамгершілік, шынайылық, шыншылдық, қарапайымдылық, намысқойлық, тұрақтылық. Асан Қайғының пікірінше, қоғамдық шарттар тұлғаның қалыптасуына, оның саналы ерекшеліктерінің қалыптасуына басты фактор болып табылады.

Бұл күнде мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын қазіргі заманның талаптарына сәйкес жүргізу, оқушының денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық қызметкерлер мен мұғалімдердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Педагогика ғылымында осы туындаған мәселені шешудегі тиімді жолдары мен құралдарын негіздеу қажеттілігі туындайды.

Қорытындылай келе қыз балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу – заман талабы. Ол еліміздің баянды болашағы, салауатты өмірі, биік рухы. Жан мен тәннің саулығы жолға қою ешқашан уақыт талабынан түспеуі тиіс. Отбасындағы ата-ана, білім беру жүйесіндегі педагог, болашақ маман иелері де өз тарапынан осы мәселенің көкейкестілігін естен шығармай, нақты міндеттерге сай іс-шаралар арқылы өзіндік үлес қосқанда ғана оң нәтиже көретініміз айқын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

5. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, Ана тілі. 1991. 34-61 бб.
6. А.Қыраубайқызы. Ежелгі дәуір әдебиеті.Алматы: «Мектеп».2001. 25-30-бб.
7. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: 1-том. –А. Рауан. 1994. 89-б.
8. Кайкаус. Қабуснама / Өзб. ауд.Т.Айнабеков. –Алматы: Балауса, 1992. 18-82 бб.
9. Қазақстан Республикасының «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасы. – Алматы.
10. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы, Астана, 2010.
11. Кенжегарина А.З. Әзілхан Нұршайықов тағылымдары. /Оқу-әдістемелік құрал. –Алматы, 2010. -123 б.
12. Қоңырбаева С. Отбасы: бала мен ана. – Алматы, 2006. – 198 б.
13. Адылханов А.С., Брусенко З.Г., Сейдуманов С.Т. Шымырлылық шынығудан. Мектеп оқушыларына арналған валеология жөніндегі бағдарлама. –Алматы, 1998.
14. Ембергенова Ж. Жастарды салауатты өмір салтына халықтың педагогикалық құндылықтары негізінде ұрпақ сабақтастығымен ұштастыра тәрбиелеу. Автореф.канд. дисс. Қарағанды, 2000.

ӘСКЕРИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ КУРСАНТТАРЫНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІН АРТТЫРУ

Ауесбаев М. – Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Академиясының докторанты

Аңдатпа: бұл мақалада әскери жоғары оқу орындары курсанттарының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылады.

Кілт сөздер: курсант, құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік, феномен, патриоттық идея.

Аннотация: в данной статье рассматриваются особенности формирования социальных компетенци курсантов высших военных вузах.

Ключевые слова: курсант, компетенция, социальная компетенция, феномен, патриотическая идея.

Abstract: in this article the features of formation of social competences of cadets of the higher military higher education institutions are considered.

Keywords: cadet, competence, social competence, phenomenon, Patriotic idea.

Қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, саяси, құқықтық және өзге де жағдайларда офицер кадрларының әскери және педагогикалық қызметінің мазмұны өзгерді. Офицер-басшыларға көбінесе стандартты емес жағдайларда әрекет етуге, күрделі және қарама-қайшы кәсіби міндеттерді шешуге тура келеді. Патриоттық идеяны, әскери серіктестікті, мықты әскери тәртіпті дамыту, бөлімдердің жауынгерлік әзірлігінің жоғары деңгейін қолдау барлық офицер-басшылардың тиісті әскери-кәсіби даярлығын талап етеді.

Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беру жүйесін реформалау тұжырымдамасында, сондай-ақ болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік дамуының маңыздылығы туралы еске алу, бұл адам ресурстарын дайындау сапасын арттыру, жеке тұлға мен қоғамның, оның ішінде рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарының басымдықтары негізінде көп деңгейлі білім берудің ұлттық жүйесін кезең-кезеңімен жаңғыртумен қамтамасыз етілуге тиіс. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінде әлемдік білім беру кеңістігіне толық ықпалдасуға бағытталған өзгерістер жүргізгенде рухани-адамгершілік даму проблемасы мемлекеттің назарында бола алмайды [1].

Қазіргі білім беру жүйесі философиялық негіздерді қайта ойластыру кезеңін бастан кешуде. «Технократизм мен жансыздықты күшейту, өмірдің тұрақсыздығы, әдетті орнығулар мен адамгершілік бағдарлардың бұзылуы, әлеуметтік катаклизмдер – осының бәрі адамзаттың шынайы гуманистік дағдарысын тудырады. Әсіресе, ол қоғамның ең аз бейімделген бөлігіне — жастарға әсер етеді» (В. В. Черняев, 2001).

Қазақстан Республикасының Заңы Білім беру жүйесінің мынадай міндеттерін басымдықпен айқындайды:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдайлар жасау арқылы интеллектті байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны — Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін құрметтеуге, конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ және республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу [2].

Бұл компоненттердің барлығы — бір жағынан білімді, білімді, тамаша мамандармен, рухани, жоғары моральды, адамгершілік-екінші жағынан болашақ ұрпақты тәрбиелеу үшін басты, бірінші кезектегі назар аудару қажет тұлғаның рухани-адамгершілік дамуының құрамдас бөлігі.

Рухани-адамгершілік жаңғыруда жағдайында әскери жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысы зерттеудің әлеуметтік-психологиялық пәнімен қарастырылады. Дереккөздерді талдау психологиялық зерттеулер тұлғаның өзін-өзі бағалауының деңгейімен және барабарлығымен жеке сипаттамалардың байланысын анықтауға бағытталған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Рухани-адамгершілік тәрбиесінің жоғары деңгейін қалыптастыру үшін мынадай белгілердің болуы қажет: - өзіне сенімділі;- өзін-өзі бақылау;- бейімделу;- табандылық;- ресурстарды пайдалану;- сенім.

Әскери жоғары оқу орындарындағы рухани-адамгершілік тәрбие жұмысын дамытуда әлеуметтік құзыреттіліктің мынадай факторларымен талданады: жоспарлы; мақсатқа ұмтылушылық және оған қол жеткізуге ұмтылу; табандылық (басталған істі аяқтау және белсенділікті реттеу үшін субъектінің ерікті күш-жігердің қосымшасына бейімділігі); бұрын жоспарланған құрылымды бекіту, оған байланыстылық; өзін-өзі ұйымдастыру, қазіргі және болашаққа бағдар.

Рухани-адамгершілік қарым-қатынастар екі деңгейлі құрылымға ие:

бірінші деңгей — мораль мен өздігінен қарым-қатынасты қамтитын адамгершілік қатынастар;

екінші деңгей – өмірдің мағынасына, идеалға, дінге қарым-қатынасты айқындайтын рухани қатынастар.

Рухани-адамгершілік қатынастардың құрамдас бөліктері: когнитивті компонент (адамның рухани мәні туралы білімнің болуы); мінез-құлық компоненті (кез келген өмірлік жағдайларда рухани-адамгершілік нормаларды басшылыққа алуға ұмтылу); эмоциялық компонент (өзіне, басқа адамдар мен әлемге эмоциялық-құндылық қарым-қатынас) болып табылады [3; 137 б.].

Жоғарыда айтылған еңбектерге сүйене отырып, әскери жоғары оқу орындарының курсанттарын әскери-педагогикалық қызметке офицер қызметінің негізгі түрлерінің бірі ретінде даярлауды олардың әлеуметтік құзыретін қалыптастыру процесі ретінде қарастырған жөн.

Біліктілік талаптарына сәйкес офицердің әскери-педагогикалық қызметінің міндеттері жеке құраммен жұмыстың негізгі бағыттарына сәйкес тұжырымдалған [4, 19-б.], демек, ілеуметтік құзыреттер деп құқық тәртібі мен әскери тәртіпті, ақпараттық-насихаттық, психологиялық, әскери-әлеуметтік, мәдени-демалыс жұмысын және сенуші әскери қызметшілермен жұмыс істеу міндеттерін тиімді шешу мақсатында офицердің тиісті білімін, іскерліктері мен жеке қасиеттерін қолдану қабілетін түсінетін боламыз. Курсанттардың жоғарыда көрсетілген құзыреттер кешенін меңгеруі олардың (курсанттардың) әскери-педагогикалық қызмет міндеттерін шешуге дайындық деңгейін, яғни олардың әлеуметтік құзыреттілігін сипаттайды.

Әскери жоғары оқу орындарындағы рухани-адамгершілік тәрбие жұмысын дамыту офицердің шектеулі уақытта және кәсіби қызметтің өзгермелі жағдайында қол астындағы жеке құрамның қажетті қасиеттерін, мақсаты бойынша міндеттерді орындауға моральдық және психологиялық дайындығын дарыту мен дамытуға бағытталған қалыптасқан құзыреттерді қолдану қабілеттілігінде көрсетілген тұлғаның интегралдық кәсіби маңызы бар сипаттамасы.

Жүргізілетін зерттеу шеңберінде әскери жоғары оқу орындарының курсанттарында әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру деп курсанттармен оқу сабақтары барысында қажетті білім, білік, тәжірибе алу және жүйелендірілген жинақтаудың, сондай-ақ әмбебап және кәсіптік құзыреттерді меңгеруді қамтамасыз ететін жеке қасиеттерді алу мен дамытудың педагогикалық процесін түсінетін боламыз. Әскери жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін офицердің табысты кәсіби қызметіне ықпал ететін деңгейге дейін көрсетілген құзыреттіліктің құрылымын құрайтын әскери-педагогикалық міндеттерді тиімді шешу.

Бұл ретте курсанттардың жеке қасиеттерін қалыптастыру арнайы ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесі барысында, сондай-ақ жасырын түрде, яғни әскери жоғары оқу орны ортасының, педагогтар мен командирлердің, курсанттар ұжымдарының және басқа да факторлардың қасақана болмаған әсерлері нәтижесінде жүргізіледі.

Курсанттарда дағдыларды қалыптастыру оқытудың барлық кезеңі ішінде үздіксіз жүргізіледі және әскери жоғары оқу орнының басшы құрамының, жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлім мамандарының, факультет қолбасшылығының, курсанттық бөлімшелердің және оқытушылардың өзара байланысты әкімшілік, тәрбиелік және оқу іс-шараларының кешенін білдіреді.), күнделікті өмірде (әскери ЖОО-ның үлгілі ортасында). Курсанттар кезең-кезеңімен қабырға басылымын дайындау және шығару, ақпараттық-насихаттау және мәдени-демалыс жұмыстарының іс-шараларын дайындау және өткізу, елдегі және әлемдегі әскери-саяси жағдайды талдау, бөлімшедегі құқық тәртібі мен әскери тәртіптің жай-күйін, жеке жұмыс жүргізу дағдыларын және т.б. меңгереді [5, б. 12].

Болашақ әскери маманның кәсіби құзыреттілігі білім беру процесінің барысында қалыптасады. Теориялық сабақтар, практикумдар, тағылымдамалар, факультативтер, әңгімелесулер және әскери-кәсіптік оқыту әдістеріне т.б. қолданылады. Курсанттардың құзыреттілігіне кешенді ағдарламаны құруды да жатқызамыз. Әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру; имитациялайтын жағдайларды құру, әртүрлі міндеттер мен тапсырмаларды қою: күрделілік және бағыттылығы, рөлдік ойындар, макеттер мен тренажерларда жұмыс істеу, курсантты қосу, әр түрлі кәсіби қызмет түрлері сияқты әдістер қолданылады. Оқу-жаттығулардың, маневрлердің, командалық-штабтық жаттығулардың, жұмылдыру жаттығуларының, бітіру біліктілік жұмыстарын дайындаудың өту барысы курсанттардың әлеуметтік құзыреттіліктерін арттыруға септігін тигізеді.

Нақты сабақты құрастыру барысында басты ережелерді көмекші және демонстрациялық материалдар бөлінеді. Оның күрделілігі бағаланады, қайталаудың қажетті саны және материалды беру тәсілі анықталады. Курсанттардың қызметін уәждемелеу, түзетуші кері байланыс орнату тәсілдері, оқу міндетін шешу барысында білім алушының дербестігінің қолжетімді деңгейі үлгілеледі.

Сабақтарды өткізудің интерактивті түрлері мен әдістерін қолдана отырып, пәндерді оқу барысында курсанттарда бөлімшедегі әскери-педагогикалық қызметтің мәні, мазмұны және ерекшеліктері туралы білім жиынтығы қалыптасады, ал практикалық мәселелерді пысықтау барысында оқу сабақтарында тиісті кәсіби міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін білімдер алынады. Жақсы жоспарланған және дұрыс ұйымдастырылған дербес даярлық курсанттардың үнемі өзін-өзі дамуына және өзін-өзі жетілдіруге, олардың кәсіби деңгейін арттыруға, сондай-ақ әскери-педагогикалық құзыреттілікті меңгеруге оң уәждеме қалыптастыруға ықпал етеді.

Курсанттардың алған білімдерін бекіту, іскерлігін жетілдіру және тәрбиелік іс-шараларды (ақпараттандыру, әңгімелесу, викториналар және т.б.) өткізу бойынша практикалық дағдыларын алу курсант бөлімшелерінде (өзінің және кіші курстарында), жоғары оқу орнының қамтамасыз ету бөлімшелерінде немесе әскери бөлімдерде өткізілетін практикалар барысында жүзеге асырылады. Осылайша, қол астындағылармен жұмысқа дайындықты арттыру және басшының сапасын қалыптастыруға ықпал етеді. Тәжірибе нәтижелері бойынша әрбір курсант өз жұмысының бағасын ғана емес, әдіскер мен тәрбиешінің жеке қасиеттерін дамытады.

Қорыта келе айтарымыз, әскери-педагогикалық қызметке дайындық процесінде маңызды элемент курсанттардың жұмыс істеп тұрған әскери бөлімдердің бөлімшелерінде бастапқы офицерлік лауазымдарда әскери тағылымдамалары болып табылады. Тағылымдама барысында курсанттар әскери қызметшілердің түрлі категорияларымен қоғамдық-мемлекеттік даярлық бойынша хабардар ету және сабақтар өткізеді, бөлімшелердегі әскери тәртіптің жай-күйін зерделейді, тәртіптік практикаға талдау жүргізеді, әскери қызметшілермен жеке жұмыс жүргізуге және басқа да іс-шараларға қатысады.

Тағылымдамалар курсанттардың психологиялық-педагогикалық тәжірибесін байытады және бөлімшеде тәрбие жұмысын нақты орындау жағдайында әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасу дәрежесін тексеруге мүмкіндік береді. Сондықтан курсанттардың әскери тағылымдамасы олардың рухани-адамгершілік тәрбие жұмысын дамытупроцесінің маңызды бөлігі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Концепция реформы системы общего образования в Республике Казахстан // Казахстанская правда. — 2005. — С. 2-3..

2. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года. — Астана, 2007.

3. Зотов А.А., Бунин С.В., Беловолова С.П. Понятие военно-педагогической компетенции иособенности ее формирования у будущих офицеров // Воен.проф. образование. 2012. С. 128–137.

4. Организационно-методические рекомендации по формированию у курсантов военно-учебных заведений МО РФ военно-профессиональных навыков. М.: УВО МО РФ, 1999.

5. Пути развития духовно-нравственных отношений будущих педагогов профессионального обучения /https://articlekz.com/article/5674

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕДЕРГІСІЗ ОРТА

Бектаева К.Ж. - пед.ғ.к., профессор,
Амангельдиева И.Р. - «Дефектология» мамандығының 2 курс магистранты, Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық Университеті, Алматы қ.

Аңдатпа. Бұл мақала Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруге арналған. Инклюзивті білім беруді енгізудің негізгі мақсаты қарастырылуда. Сондай-ақ ҚР инклюзияны белсенді енгізумен байланысты туындаған кейбір проблемаларға назар аударылды.
Түйін сөздер: инклюзивтік білім, мүмкіндігі шектеулі балалар, гиперопека, әлеуметтендіру.
Аннотация. Данная статья посвящена инклюзивному образованию в Республике Казахстан. Рассматривается основная цель внедрения инклюзивного образования. Также уделено внимание некоторым возникшим проблемам связанных с активным внедрением инклюзии в РК.
Ключевые слова: инклюзивное образование,дети с ограниченными возможностями здоровья, гиперопека,социализация.

Abstract. This article is devoted to inclusive education in the Republic of Kazakhstan. The main purpose of the introduction of inclusive education is considered. Attention is also paid to some of the problems associated with the active implementation of inclusion in Kazakhstan.
Keywords: inclusive education, children with disabilities, overprotection, socialization.

Республика Казахстан в 2008 году стала участником международной Конвенции по защите прав инвалидов. В связи с этой международной Конвенцией в нашей республике начало активно внедряться инклюзивное образование, которое является обязательным составляющим данного документа. В свою очередь инклюзивное образование-это специальная система дошкольного и школьного воспитания и обучения, которая предполагает вовлечение в процесс на равных правах детей, не требующих психофизиологической помощи, и тех, кому она необходима.[1,с.15] Простыми словами, это школа, где в одном классе обучаются дети с ограниченными возможностями здоровья (далее ОВЗ) и дети, у которых не наблюдается отклонений психосоматического характера.

К теоретическим принципам, имеющим основополагающее значение для развития инклюзивного образования в Республике Казахстан, можно отнести, в первую очередь десять принципов, провозглашенных 20 ноября 1959 года Генеральной Ассамблеей ООН в Декларации прав ребенка [2,с.10]. Основной посыл данных принципов, которых является в том, что ребенок с ограниченными возможностями должен воспитываться в духе взаимопонимания, терпимости, дружбы между народами, мира и всеобщего братства, а также в полном сознании, что его энергия и способности должны посвящаться служению на пользу других людей. Главной целью инклюзивного образования является создание без барьерного обучения многих категорий детей с ОВЗ, а также включение их в социум.

Инклюзивное образование – относительно новая для образовательной практики нашей страны философия, в которой реализуется основной принцип гуманистических начал «на учения жить вместе».[3,с.35] Согласно этому гуманистическому подходу, все учащиеся обучаются в общеобразовательной школе, где создается комфортное адаптивное образовательное пространство, отвечающее потребностям всех без исключения детей. [4,с.12]

Для детей с ОВЗ в общеобразовательных школах создаётся доступная среда, педагоги осваивают методики взаимодействия с особыми учениками. И сегодня на первый план выходит вопрос разработки адаптированных основных образовательных программ.

Приоритетной целью инклюзивного образования является социализация детей с ОВЗ. Дети, имеющие разные возможности и нарушения развития, должны научиться взаимодействовать и общаться в классе, развивать свой потенциал (интеллектуальный и личностный).[5,с.45] Это становится одинаково важным для всех детей, так как позволит каждому из них максимально раздвинуть существующие границы окружающего мира.

Для детей с особыми образовательными в классе с нормотипичными сверстниками особенно сложен период адаптации, поскольку многие из этих детей привыкли к ежеминутной опеке родителей. Ведь доминирующим стилем воспитания в семьях с детьми с особенностями в развитии является гиперопека. Этот тип взаимоотношений проявляется в чрезмерной родительской заботе, который приводит к неумению устанавливать социальные контакты.

Внедрения инклюзивного образования в общество привело к следующим основным глобальным проблемам:

1. Общество оказалось не готовым к полной инклюзии. Многие родители детей без особенностей в развитии опасаются того, что вследствие инклюзивного образования обнаружится отставание в усвоении программы их детьми. Родители детей с ОВЗ боятся психологического дискомфорта, социального остракизма (насмешек, издевательств), которые будут переживать их дети. Поэтому родители обеих категорий школьников требуют дополнительной работы социальных психологов, которые поддержат и сформируют адекватное отношение к совместному обучению детей. То есть существует необходимость мотивации родителей реализовать подобную гуманистическую стратегию развития общества.

2. Не достаточная готовность педагогического состава. Основной педагогический состав никогда не сталкивался с обучением детей с ОВЗ, к которым требуется индивидуальный подход. Также многие из педагогов не могут справиться с детьми, которые имеют специфические особенности в поведении. Кроме того, жесткие государственные стандарты образования не предусматривают адекватность оценки успешности детей с ОВЗ.Их нужно пересматривать и создавать более гибкую систему, которая бы учитывала индивидуальные особенности детей.

3. Недостаточное количество специализированных кадров. В школах осуществляющих инклюзивное образование есть специализированный ресурсный класс, а также психологическое сопровождение детей с ОВЗ, который разрабатывает индивидуальный образовательный маршрут. Открытие ресурсных классов в инклюзивных школах подразумевает наличие специалистов: дефектологов, логопедов, психологов, тьюторов, при необходимости тифлопедагогов, сурдопедагогов и олигофренопедагогов. Но к сожалению идет острая нехватка данных кадров. Тьюторы (педагоги сопровождающие детей с ОВЗ) не всегда имеют специальное образование, также многие из них не владеют поведенческой психологией, что влечет за собой недостаточно успешную социализацию детей с ОВЗ.

Основными противопоказаниями для приема детей с ограниченными возможностями в развитии в общеобразовательную школу являются наличие тяжелой и глубокой умственной отсталости, а также психопатоподобных расстройств различного происхождения, частых судорожных приступов, остальные категории детей беспрепятственно могут обучатся в инклюзивных классах.

В ходе внедрения инклюзивного образования мы решаем главную задачу – включение детей с ОВЗ в систему социальных отношений за счёт различных видов деятельности.[6,с.23]

Таким образом, современная система образования больше не рассматривает людей с ограниченными возможностями как проблему, нуждающуюся в решении, а позитивно реагирует на многообразие учащихся и расценивает индивидуальные особенности как возможность для обогащения процесса получения знаний всеми. Актуальность построения в Республике Казахстан качественно новой системы образования в целом и инклюзивной в частности диктуется изменением социально-экономических условий.

Список использованной литературы

1.Инклюзивное образование: проблемы совершенствованияобразовательной политики и системы: мат-лымеждунар. конф., 19–20июня 2008 г. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2008. – 215 с.

3.Государственная программа развития образования РеспубликиКазахстан на 2011-2020 годы. Астана, 2010.

4.Бушная Н.В. Модель инклюзивного воспитательного пространства вусловиях гимназии мегаполиса//Ресурсные материалы по вопросаминклюзивного образования и образования для устойчивого развития. –Международное бюро просвещения ЮНЕСКО Сообщество практики поразвитию куррикулума в СНГ, 2009. - С.33.

5.Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов ипедагогических колледжей / Под ред. И.П. Пидкасистый. - М.:Педагогическое общество России, 1998. - 640с., с.129-192.

6.Инклюзивное образование: Стратегии ОДВ для всех детей /ПетерсСьюзен Дж. /Под ред. Т.В. Марченко, В.В. Митрофаненко, В.С.Ткаченко; перевод с англ. Ю. В. Мельник. – Ставрополь: ГОУВПО«СевКавГТУ», 2010. – 124 с.

КӨРКЕМӨНЕР ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Боранқұлов Е.Қ. - Қазақ технология және бизнес университетінің
п.ғ.к.,қау. профессоры (доцент)

Аңдатпа. Мақалада көркемөнер түрлері арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру жолдары, технологиясы мен оқу-тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруға септігін тигізетіні ашып көрсетіледі.

Түйін сөздер: көркемөнер, эстетикалық тәрбие, ұлт мәдениеті, қарым қатынас, дәстүрлі мәдениет.

Аннотация. В статье раскрывается пути, технологии эстетического воспитания учащихся через художественные формы, способствующие эффективной организации учебно-воспитательной работы..

Ключевые слова: художество, эстетическое воспитание, культура нации, отношения, традиционная культура.

Annotation. The article reveals the ways and technologies of aesthetic education of students through artistic forms that contribute to the effective organization of educational work.

Keywords: art, aesthetic education, culture of the nation, relations, traditional culture.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған қоғамымыздың негізгі міндеттерінің бірі жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Бұл міндеттің өзектілігі өмірлік және көркемдік-эстетикалық құндылықтар жүйесін қайта қарауға байланысты. Өсіп келе жатқан ұрпақтың мәдениетін қалыптастыру қоғам өз өмір сүру процесінде жинақталған көркем құндылықтарға жүгінбей мүмкін емес. Осылайша, өнер тарихының негіздерін зерттеу қажеттілігі анық.

Белгілі бір дәуірдің өнерін барынша толық түсіну үшін өнертану терминологиясына бағдар беру қажет. Әр өнер түрінің мәнін білу және түсіну. Тек категориялық-ұғымдық жүйені иеленген жағдайда ғана адам өнер ескерткіштерінің эстетикалық құндылығын толық түсіне алады.

Өнер (шығармашылық көрініс, көркем образдарда шындықты жаңғырту.) өзара байланысты түрлер жүйесі ретінде бар және дамиды, олардың алуан түрлілігі өзінің көп қырлығымен байланысты (көркем шығармашылық процесінде көрсетілетін нақты әлем).

Өнер түрлері – бұл тарихи қалыптасқан, шығармашылық қызмет түрлері, өмірлік мазмұнды көркемдік іске асыру қабілеті бар және оны материалдық іске асыру тәсілдері бойынша ерекшеленетін (әдебиеттегі сөз, музыкадағы дыбыс, бейнелеу өнеріндегі пластикалық және колористік материалдар және т.б.).

Қазіргі заманғы өнертанулық әдебиетте белгілі бір схема мен өнерді жіктеу жүйесі қалыптасты, бірақ әлі күнге дейін біртұтас емес және олардың барлығы салыстырмалы. Ең көп таралған схема-оны үш топқа бөлу.

Біріншісі – өнердің кеңістіктік немесе пластикалық түрлері. Бұл өнер тобы үшін көркем бейнені ашудағы кеңістіктік құрылыс - Бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер, сәулет, фотосурет болып табылады.

Екінші топқа уақытша немесе динамикалық өнер түрлері жатады. Оларда уақыт өте келе жатқан композиция-Музыка, әдебиет негізгі мәнге ие болады.

Үшінші топ - Хореография,әдебиет, театр өнері, кино өнері деп аталатын кеңістік-уақыт түрлері.

Әр түрлі өнер түрлерінің болуы олардың бірде-бірі өз құралдарымен әлемнің көркем жан-жақты бейнесін бере алмайды. Мұндай суретті тек жекелеген өнер түрлерінен тұратын адамзаттың барлық көркем мәдениеті ғана жасай алады.

Бейнелеу өнері өзінің бай тарихы, терең мазмұнды алуан түрлі ерекшеліктерімен жас ұрпаққа рухани, эстетикалық тұрғыда әсер етіп, балалардың саналы қасиеттерін дамытатыны анық. «Сурет салуы сүю - өмірді, табиғатты, айнала қоршаған ортаны сүю. Ол адамның ақыл-ой парасатын өсіреді, танымын кеңейтіп, ізгілікке, әсемдікке үйретеді, өмірдегі келеңсіз құбылыстармен ымырасыз күресуге тәрбиелеп, халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке баулиды», - дейді танымал ұстаз Ә.Төлеубаев.

Адамның басқа қабілеттері сияқты оның эстетикалық қабылдағыштығы да ұдайы дамып, тәрбиеленіп отырады. Эстетикалық қабылдау әрқашанда заттар мен құбылыстардың тек сыртқы пішіндері мен белгілері ғана емес, олардың ішкі сапалық белгілеріне баға берумен де байланысты. Сондықтан эстетикалық және идеялық құбылыстар өзара байланысты және үлкен танымдық мәні бар. Бұл мәселе жөнінде қазақтың заңғар жазушысы М.Әуезов: «Көркем өнердің міндеті табиғатқа еліктеу емес, оның сырын ашу. Көркем өнер біздің ішкі дүниеміз бен жан-жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді», - деген болатын.

Эстетикалық білімнің негізі – оқу пәндері. оқушылары әр түрлі пәндерді оқудың нәтижесіне табиғаттың, еңбектің сұлулығын және адам іс-әрекетінің әдемілігін бағалай білуді түсінеді. Эстетикалық тәрбиеде халық ауыз әдебиетінің маңызы өте зор. Оның мазмұны халқымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып жас ұрпақ санасын, әсемдік сезімін талғамын қажеттігін білдіреді.

Эстетикалық тәрбиенің маңызды міндеті - өнер және әдебиет салаларында балалардың қабілетін, ынтасы және бейімділігін дамыту. Осған орай, мектепте оқушылардың ықтимал мүмкіндіктерін және қабілетін барынша ашу керек.

Эстетикалық тәрбиенің негізі құралдары әдебиет және өнер. Ола зор идеялық тәрбиелік роль

атқарады. Әдебиет пен өнер адамдарды қуанышқа бөлейді, жігірлендіреді. Олардың идеялық жағынан баюына игі әсер етеді. Өнер және әдебиет адам санасына белгілі көзқарастарды әр түрлі құралдар арқылы (әдебиетте проза, кескіндемеде – жанр, баталия, пейзеж, мүсінде – бюс, музыкада симфония, оратория, ән енгізіледі).

Сонымен бейнелеу өнері және әдебиет шындықты игерудің және танудың құралы. Өнер мен әдебиет шындықты және рухани өсуінің басты шарттарының бірі болып табылады.

Оқу тәрбие процесінде оқушыларға эстетикалық тәрбие беру барысында іскерлік пен икемділікті қалыптастыру көзделеді.

Әдемілікті сезуде, эстетикалық көзқарасты қалыптастыралы. Табиғат адамды қуанышқа бөлейді, сезімін дамытады, эстетикалық түсінігін байытады. Адам табиғатты бақылаушы ғана емес, ол тұтынушы, сұлулықты жасаушы шығармашалық қызметкер. Сондықтан өзінің күшін, қабілетін адамдар бағыты үшін табиғатқа өзгеріс жасауға жұмсалуы керек. Мысалы, қала мен селоны, тұрған жерлерді көгалдандыру, бақ және гүлдер өсіру, мәдениет және демалыс орындарын әшекелейлеу – бұл зор эстетикалық қамқорлық.

Бейнелеу өнері сабақтарының да балалардың эстетикалық көзқрасын тәрбиелеуде ықпалы мол. Кескіндеме, мүсін, сызықтық суреттер, сәулет өнерлері құралдарымен өмір, табиғат және қоғам әсемдігі өрнектеледі. Бейнелеу өнері шығармалары әсемдік үшін күреске шақырады, адамдар мұратына, күнделікті өмірдегі тәртібіне үлкен ықпал жасайды.

Бейнелеу әсемдікті түсіну мен нәзік сезіну, алған әсерін бейнелеу өнері құралдарымен шамасына сай беру, сызықтық сурет салу сауатын меңгеру, жеке балаларда кескін, мүсін, сызықтық суреттерде әсемдікті жасау қабілеті, олардың өзіндік іс-әрекеті бейнелеу өнерін тану барысында қалыптаса бастайды. Жеке адамның сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы эстетикалық сұлулықтың белгісі А.П.Чеховтың сөзімен айтқанда адамда: келбет, киім, жан дүниесі, ойы бәрі сұлу болу керек.

Эстетика - әдемілік, сұлулық негізі. Бейнелеу өнері сабағында пейзаждың кесіндеме шығармалары, суреттік шығармалар оқушылардың эстетикалық дүниетанымын байытады.

Қорыта келе, жастарымыздың үлгі алатын ең таңдаулы ішкі, сыртқы адамгершілік-эстетикалық сапаларын үйренетін адамы міне осындай болуы анық. Нұрсұлтан Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» еңбегінде «Тәрбиенің түпкі мақсаты - қоғамдық нарықтың қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шығыа алатындай ізгіленген XXI ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген жан-жақты мәдениеті жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру» деген тұжырымдама жасаған. Осы орайда халқының мәдениетін, әдебиетін, тілін, салт-дәстүрін, өнерін сүю арқылы нағыз мәдениетті маман даярлау да бүгінгі күннің көкейтесті мәселесі.

Эстетикалық тәрбие беру жүйесінде ұлттық өнердің орны ерекше: лирикалық, үйелмендік, тұрмыстық, әдет-ғұрыптың, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер; музыкалық аспаптар: домбыра, шертер, асатаяқ, шаңқобыз, мүйіз сырнай, жетіген, үскірік, т.б.; қолданбалы қолөнер бұйымдары: ағаш, тері, металл өңдеу өнері; ауыз әдебиеті. Олар жас ұрпақтың бос уақытында эстетикалық тәрбие беру ісіне қызмет етті.

Оқушылардың эстетикалық тәрбиесі оқу-тәрбие процесінде іске асырылады. Эстетикалық білімнің негізі - оқу пәндері. Мектеп оқушылары әр түрлі пөндерді оқудық нәтижесінде табиғаттың, еңбектің сұлулығын және адам іс-әрекетінің әдемілігін бағалай білуді түсінеді:

Ана тілі - мәдениетті сөйлеу, көркемдік танымын қалыптастырып, қиялын дамытады.

Музыка - сезімдерін дамытып, музыкалық мұратын қалыптастырады.

География - оқушылардың эстетикалық дүниетінымын дамытады.

Бейнелеу өнері - кескіндеме, мүсін, графика, әсемдікті жасау қабілетін дамытады.

Әдебиет, тарих - шығармашылық қабілетін дамытады.

Химия, физика - табиғи құбылыстар жөнінде түсінік алады.

Бейнелеу өнері сабақтарының да балалардың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеуде ықпалы мол. Кескіндеме, мүсін, сызықтық суреттер, сәулет өнерлері құралдарымен өмір, табиғат және қоғам әсемдігі өрнектеледі. Бейнелеу өнері шығармалары әсемділікке тәрбиелеп, адамдар мұраттарына, күнделікті өмірдегі төртібіне үлкен ықпал жасайды. Бейнелеу әсемдікті түсіну мен нәзіктікті сезіну, алған әсерін бейнелеу өнері құралдары арқылы шамасына сай беру, сызықтың сурет салуын меңгеру арқылы олардың өзіндік іс-әрекеті қалыптаса бастайды.

Әдебиеттер:

1. Төреқұлов Н.Қанатты сөздер. – Алматы: Жазушы, 1977.
2. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан 2050» атты Қазақстан дамуының ұзақ мерзімді стратегиясы. 11.қараша.2013
3. Бейнелеу өнері бойынша дидактикалық ойындар/ Ф. Жұмабекова.- Алматы: РАУАН, 1994.- 8 бет.
4. Жеке тұлғаны тәрбиелеу және эстетикалық мәдениет: Оқу құралы/ Е.Қ.Боранқұлов – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 2013.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Досмағамбетова А.М. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы, ҚР

Аңдатпа. Мақалада автордың негізгі проблемалары мен көркемдік-эстетикалық талғамның сәтті қалыптасуындағы объективті кедергілер, сонымен қатар қосымша көркемдік білім беру жүйесінде оларды жеңудің мүмкін жолдары талданады.

Түйінді сөздер: көркемдік және эстетикалық талғам, бейнелеу өнері, көркем образ, көркемдік қабылдау.

Аннотация. В Статье указано что, проанализированы основные проблемы автора и объективные препятствия к успешному формированию художественно-эстетического вкуса, а также возможные пути их преодоления в системе дополнительного художественного образования.

Ключевые слова: художественно-эстетический вкус, изобразительное искусство, художественный образ, художественное восприятие.

Annotation. The Article indicates that the author analyzes the main problems and objective obstacles to the successful formation of artistic and aesthetic taste, as well as possible ways to overcome them in the system of additional art education.

Keywords: artistic and aesthetic taste, fine art, artistic image, artistic perception.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында «оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жекебас-тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәбиелеу" мақсатын көздейтіндігі айтылған. Білім берудің бүкіл жүйесін қайта құру жағдайында бұл мақсатты іске асыру үшін эстетикалық тәрбиесінің ең маңызды бағыттарының бірі – гуманитарлық пәндер арқылы, яғни көркем шығармалар арқылы оқушының әсемдік сезімін қалыптастыруға басты көңіл бөлінуде [1].

Қазіргі мектеп практикасын талдау да мектеп оқушыларын көркем шығармалар арқылы оқушыларды эстетикалық тәрбиелеу қажеттігін айғақтай түседі. Әр халықтың эстетикалық дүниетанымы, мәдениеті, эстетикалық талғамы өнер және әдеби туындыларымен ерекшеленетіні- ол өмір шындығы. Ұрпақ тәрбиесінде халықтық көркем шығармалар баланы сұлулық заңдылықтарымен таныстыру және әсемдікке баулу құралы екені сөзсіз. Өйткені, көркем әдебиет жанрларын балалар бар жан-жүрегімен қабылдайды, сезінеді, сол арқылы өмірді танып, оған деген көзқарасы қалыптасады, мінез-құлық мәдениеті жетіліп, қоршаған орта туралы білімі дамиды. Ғылыми мақаланы жан-жақты ашып көрсету үшін эстетика, эстетикалық тәрбие, эстетикалық талғам ұғымдарына тоқталып, олардың мәнін, әдіснамалық және тұжырымдық негіздері мен тарихилық сипатын педагогикалық терминдер мен сөздіктерге сүйене отырып талдадым.

Философиялық тұрғыдан алып қарайтын болсақ "эстетика" деген сөздің өзіне былайша түсініктер берген. "Эстетика"-көркемдік таным теориясы, әсемдік туралы, көркем шығарманың жалпы заңдары туралы, адамның болмысқа эстетикалық қатынасы туралы ғылым, өнерге деген көзқарас, өнерді қабылдау, сезіну, түйсіну, түсіну [2].

"Көркемдікке тәрбиелеу" дегеніміз — өнер құралдарымен тәрбиелеу деген сөз. Ал эстетикалық тәрбие дегеніміз – Ильишаның айтуы бойынша өнердегі, табиғаттағы және бүкіл қоршаған өмірдегі әсемдік құралдары арқылы тәрбиелеу деген сөз. Сондықтан көркемдікке тәрбиелеу эстетикалық тәрбиемен пара пар емес оның өте маңызды, бірақ құрамдас бөлігі болып табылады [3].

Батыстың белгілі философы И.Кант (1724-1804) "Прекрасное есть символ нравственного, бодрого и только принимая это во внимание, оно нравится" деген еді [4]. Ғұлама бұл жерде этикалық тәрбие адамның эстетикалық тыныс – тіршілігімен байланысты деп тұр емес пе? Этика мен эстетика бір-бірінсіз өмір сүре алмайтыны шындық. Ал бұл екеуінен де жұрдай, не бұлары бірбірімен қиыспайтын адам бұрын да болған, қазір де бар. Эстетикалық талғамды тәрбиелеу – адамның көңіл-күйіне, мінезіне қатысты мәселе. Айталық, көркем сөз бен картиналарды адам іштей бағалап, жан дүниесімен сезініп, терең ойға шомылып, ұнағанына қуанып, ұнамағанына реніш білдіріп отырады. Егер адам осындай көңіл күйіне түспесе, эстетикалық тәрбиеміздің пәрменсіз болатындығы түсінікті. Эстетикалық талғамнан эстетикалық ұғымды ажырата білу ләзім. Эстетикалық талғам – адамның түрлі өнер салаларынан алған түсініктерінің жиынтығы. Эстетикалық ұғым оның іргетасы, ол шәкірттердің жас өзгешеліктеріне байланысты өзгеріп отырады.

Халықтың ауызекі шығармашылығын Абай өзінің педагогикалық идеяларын таратуда, әсіресе, адамгершілік-эстетикалық тәрбиесін жүзеге асыруда қажетті құрал ретінде пайдаланады.

Мәселен, қарасөздерінде мақал-мәтелдерді талдау, ертегі, аңыз сюжеттерінде, салт-дәстүрлерге тоқталу, адамдардың этикасын, мәдениеттілігін сипаттау арқылы балалар мен жастарды адамгершілікке, әсемдікке баулып ақыл-кеңес береді. "…Мақалдарды халықтың өмірімен, тарихымен тығыз байланыста алып қараған, оларды қоғамдық мәні тұрғысынан бағалап, өзінің қазақ тарихына, этикасына, дініне, дүниетанымына деген көзқарасына сәйкес талдаған [5].

Сонымен қатар ол жоғары адамгершілік қасиеттердің мінез-құлық мәдениеттілігіне байланысты екенін ескеруді де ұмытпайды,"…ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез… бұзылмасын!… мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!",- деп балалар мен жастардың көрсеқызарлыққа, жеңілтектікке, біреудің орынсыз сөзіне ермеуге шақырады, адамды сұлу, көрікті көрсететін мінез деген ұғымға жетелейді.

Балалар мен жастардың әсемдікке, сұлулыққа деген көзқарасын қалыптастыруда Абай өлеңдерінің рөлі ерекше. "Қуатты ойдан бас құрып, еркеленіп шығар сөз" деп ұлы ақынның өзі айтқанындай, оның өлеңдеріндегі туған жердің сұлу табиғаты, қазақ ауылының көріністері, адамдардың көңіл-күйі сан алуан сезімдерімен ұласып музыка үніндей естіледі.

Эстетикалық тәрбие туралы пікір айтқан адамдардың бірі – Шоқан Уалиханов. "Ата көрген оқ жонар" дегендей, Шоқанның көркемдік танымының қалыптасуына әкесі Шыңғыстың ықпалы айрықша болды. Шыңғыс қырғыз-қайсақтардың (қазақтардың – Ұ.С.) салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін зерттеген орыс ғалымдарымен, жазушыларымен байланыста болды, оларға қажетті материалдар жинауға көмектесті [6]. Шоқанның халық шығармашылығына деген сүйіспеншілігінің қалыптасуына, көркемдік талғамының жетілуіне, ой-өрісінің, рухани әлемінің кеңи түсуіне бірнеше факторлар (шартты түрде) әсер етті (өскен ортасы,табиғат, туыс-жолдас, өнер адамдары т.б. жанұясы, әке-шешесі, әжесі; орыс достары).

Шоқанның балалық шағы Көкше өңірінде – Оқжетпес, Құсмұрын, Сырымбетте өтті. Бұл өңір баршаға өзінің тарихи аңыздарымен, ғажайып сұлу табиғатымен, атақты майталман суырып салма ақын, әнші-күйшілерімен белгілі. Мұның Шоқанның рухани жетілуіне, көркемдік талғамының қалыптасуына тікелей әсері болғаны күмәнсіз.

Эстетикалық тәрбие туралы құнды пікір айтқан адам – Ыбырай Алтынсарин болды. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына, халқына халық мұрасына:ауызекі шығармашылыққа әдетғұрып, салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігінің артуына, эстетикалық талғамы мен сезімінің дамуына өскен ортасы (табиғат, семья, туыс-достар, өнер адамдары т.б.) әсер етті. Әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл-ойы жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балқожаның ықпалы ерекше болды.

Ыбырай осы бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім-тәрбиесін, үлгі-өнегесін, көңілін түйгендерін оқу-ағарту ісі арқылы қазақ балаларының бойына сіңісті ете білді. Балаларды ауызекі шығармашылығын қадірлеуге, ондағы халықтың басынан өткен қилы-қилы тарихи кезеңдерге әділ баға бере білуге үйретті, оны ерекше әсермен, жоғары эстетикалық сезіммен қабылдауға баулыды.

Ы.Алтынсариннің де эстетикалық тәрбие проблемаларын қозғайтын арнайы еңбектер жазып қалдырмағаны белгілі. Бірақ, Ы.Алтынсариннің эстетикалық көзқарастары оның педагогикалық қызметінен көрініс тапты. "Қазақ хрестоматиясына" енгізілген ауыз әдебиетінен жинаған материалдардың мазмұны тек қана танымдық, адамгершілік, өнегелік және ақылгөйлік сипатқа ғана емес, ол сондай-ақ жоғары эстетикалық талғамның жан-жақты қалыптасып дамуына, әдемілікті түсіне білуге, нағыз сұлулықты сыртқы жылтырақтардан ажырата білуге тәрбиелейтін ықпалымен де құнды.

Шетел ғалымы Г.Маркет: Эстетикалық қызығу, эстетикалық қажеттілікке қарағанда белгілі бір құнды нәрсені меңгеру мақсатына бағытталған ұмтылыс" дейді. Бұл жерде ол эстетикалық қызығу үлкен бір мақсаттан туындаған іс-әрекет пен саналылық, жеке адам мен эстетикалық объектісінің арасындағы тығыз байланыстық екенін айтады [7].

Зерттеуші С.А.Жолдасбековтың пайымдауын басшылыққа ала отырып, "Эстетикалық қызығушылық деп біз эстетикалық құндылығы бар объектіге мақсатты танымдық қатынасты түсінеміз. Эстетикалық қызығушылық объекті мен субъектінің эмоциялық әсер толқыны мен түсінігі арасында пайда болады", дей келіп, "эстетикалық қызығуды өмірдегі, болмыстағы адамға қажетті эстетикалық құндылықтар мен құбылыстарды танып білу мақсатымен өз қалауы бойынша нысаналы іс-әрекет екенін ескерсек, мұндай іс-әрекетті бастауыш класс оқушыларының бойында ерте қалыптастырып, эстетикалық қызығушылықты жас кезден оятудың маңызы зор екені күмән туғызбайды"- деп қорытынды жасайды.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай келе, эстетикалық тәрбие, эстетика-

лық талғамға анықтама беруге тырыстық. Эстетикалық тәрбие дегеніміз - қоршаған дүниенің, өнердің сұлулығын балалардың көру және сол сұлулықты жасау қабілетін дамыту мақсатымен оның жеке басына ықпал етудің мақсатты түрде бағытталған, жүйелі үдерісі. Ал, эстетикалық талғам - баланың эстетикалық нәр алуға мүмкіндік тудыратын сезім мүшелері мен шығармашылық қабілетін ұштау, өмірдегі, көркем шығармадағы әсемдікті түсінуіне, оны қабылдауына педагогикалық жағынан ықпал ету арқылы баланың эстетикалық сезімін дамыту.

Қорытындылай келе балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда оқыту үлкен рөл атқарады. Оқушылар, білім алу барысында балалар әдебиетінің рухани шығармаларын тани білуді, сүюді үйренеді. Балалардың көркем шығармашылық қабілеттерін, олардың эстетикалық сезімдері мен ұғымдарын, әсемдікті бағалай білуін дамытады.

Балалардың көркем-шығармалар арқылы эстетикалық талғамын дамытудың негізгі түрлеріне мыналар жатады: әңгіме құрастыру, өлең шығару, ән айту, сурет салу, жапсыру. Әлбетте, олардың орасан мол өзіндік ерекшелігі бар, ол ерекшелік балалардың шындықты соншалық пәк, тікелей бейнелейтіндігінде, ғаламат шынайылығында, бейнелейтін нәрсенің шындығына сенетіндігінде, көрушілер мен тыңдаушылар жөнінде қам жемейтіндігінде. Осы кезеңнің өзінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттері дами бастайды, бұл ойдың тууынан, оның іске айналуынан, өзінің білімі мен әсерін ұштастыра білуінен, сезімі мен ойын білдірген кездегі ғаламат шынайылығынан көрінеді. Балалар шығармашылығының ерекшелігі, сондай-ақ оның мектеп жасына дейінгі балалардың еліктеуі секілді ең айқын ерекшелігіне негізделетіндігінде. Ол балалардың ойын әрекетінде қоршаған ортадан алған әсерін бейнелі түрде жүзеге асыруда кеңінен көрініс табады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім (ғылыми – педагогикалық журнал) №2 (16) 2014 жыл
2. Қазақстан мектебі: №1, 2, 3, 2010 жыл
3. І. Киященко Н.И., Лейзеров Н.Л. Эстетикалық шығарма. – М.: Знание, 2010.
4. Шацкая В.Н. Мектепте эстетикалық тәрбиелеудің жалпы мәселелері. – М.: ПҒА РСФКР, 2005.
5. Лихачев Б.Т. Педагогика. Дәрістер курсы. ИПК және ФПК тыңдаушылары мен педагогикалық оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. – М.: «Юрайт», 2009.
6. Эстетикалық мәдениет және эстетикалық тәрбие. Мұғалімдерге арналған кітап. А.М. Лобковскийдің ред. басшылығымен. – М.: Просвещение, 2012. – 60 б.
7. Чукман Е.К. Оқушылардың қабілеттерін дамытудағы өнер рөлі. – М., 2005. – 60 б.

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ

Дүйсенбаев Абай Қабақбайұлы
Баишев университеті, Білім берудің жоғары мектебінің деканы, п.ғ.к., доцент, Ақтөбе қаласы
Абилдаев Ержан Советбекович
Қазақ ұлттық аграрлық университеті, PhD, Агробиология факультеті деканының орынбасары, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Түйін. Аталған мақалада қазақ этнопедагогикасындағы экологиялық тәрбие мәселелері жан-жақты талданған.

Резюме. В данной статье анализируются проблемы экологического воспитания в казахской этнопедагогике.

Summary. This article analyzes the problems of environmental education in the Kazakh ethnopedagogy.

Қазіргі кезде айналадағы ортаны қорғаумен табиғат байлықтарын тиімді пайдалану мәселесіне ерекше назар аударылып отыр. Табиғат бар байлықтың көзі, адам өмірінің негізі, адамның өзіде-сол табиғаттың туындысы. Қазақ халқында мұндай рухани мұралардың негізінде өсиет-нақыл, мақал-мәтел, ырым-тыйым сөздер ретінде қалдырған. Мұның дәлелі: «Қазақы экологиялық қағидалар– табиғатты аялау жөніндегі ұлттық салт-дәстүрлер қағидасы. Қазақ халқы табиғат аясында тіршілік етіп, мезгіл ауанымен көшіп-қонғандықтан табиғатты қастерлеп, қадір тұтқан. Адамзат баласы да өзге жан-жануар, өсімдік секілді тіршілік етеді деп ұққан. Табиғатқа зиян келтірмеген, оны қорғау шараларына үлкен маңыз берген. Қазақ ешқашан жасыл желекті, көкті таптамаған, құмырсқа илеуін бүлдірмеген, құс ұясын бұзбаған, жас балапандар мен хайуан төлдеріне тиіспеген, өсіп тұрған талды, ағашты жұлмаған. Экология ортаға өсімдік пен жан-жануарлардың тигізетін пайдасын жете түсініп, ұрпақтарын жастайынан табиғат байлықтарын тиімді пайдалануға баулып, өнегелі тәлім-тәрбие берген» деп келтіреді [1, 483].

Табиғатты ардақтауға байланысты қалыптасқан ұғымдарға қайшы келетін іс-әрекеттер қатты айып саналған. Соның арқасында халық табиғатты жүдетуге жол бермейтін тыйым ережелерін қоғамдық сана деңгейіне дейін көтере білген. Қандай зат болсын өзінің молшылығымен, табиғат пен адам өмірінде алатын орнымен бағалы екенін бәрімез де білеміз. Алайда, кейбір адамдар табиғат қырын тегін дүние санайды. Табиғатта керексіз қалай болса солай жұмсап пайдалана беретін не ысырап қылатын тегін ештеңе жоқ екендігін түсінбейді. Молшылықты қадірлемеу, бағаламаудан тапшылықтың қасіретін тартқан кездер де болған, әлі де бола бермек. Қазақ халқы өмір тәжірибесінен дұрыс қорытынды шығарып, «Ей, шырағым, байқа, ағып жатқан суда тегін деме, судың да сұрауы бар» деген даналық сөз қалдырыпты ұрпағына. Дені мал бағып, егін егіп, көшіп-қонып, ен даланы жайлаған қазақ халқы үшін, әсіресе, судың қадірі қымбат болған. Бірақ олар аққан өзен мен көл, бұлақ суларын ешкімнің меншігіне жатпайтын қасиетті дүние санаған. Жолаушы қазақ ат шалдырарда кездескен кішкентай тұнбаның көзін көрсе, «Жарықтық-ай» деп, алақанымен не тастың жарықшасымен болса да, аршып, көзін кеңітіп кетеді. Аға алмай, арна таба алмай жатқан бұлақтың көзін ашып, кеңітіп кетуді қайда жүрсе де өзіне борыш санаған.

Қазақ халқының суды қадірлеу жөнінде неше түрлі аталы сөздері бар. Ойнап жүрген балаларына ата-анасы, үлкедер: ««бұлақты лайлама», «кең-көсіңді су басынан аулақ төк», «суды сапырма», «суға түкірме», «суға зәр сындырма» деп жасынан үйреткен» [2, 127]. Осы сөздерден су тазалығына қанша мән берілгендігін көреміз. Суды таза ұстау – қорғау деген сөз. Таза сақталмаған су тез құриды. Суды лайламау, былғамау әрбір дала тұрғынының тікелей борышына айналған. Мұның өзі – тек судың ғана қамы емес, ондағы балықтардың, су бойын мекендеген құстардың қамы. Сонараға тыныштық, жайлы тіршілік тілегеннен туған дәстүрлі сөздер болып табылады.

Жалпы халқымызда суды қадірлеумен қатар, оны тіршілікке, орман-тоғай, өсімдіктер дүниесіне ортақ тіршілік беруші деп қараған. Судың мәнін жақсы түсінген. Су бермеу, судан тарықтыру ең үлкен қылмыс санаған. Сол үшін атам заманнан бері қазақ үйіндегі су, қымыз, айран, шалап, көже, сүт сусындар тегін. Айдалада мал бағып отырған жалғыз үй болса да, белдеуіне ат байлаған жолаушыға, ең алдымен сусын беріп, аттандырады, қонса не түстенсе, сусынмен қоса тамағы да тегін. Бұл тіпті сол жолаушыны үй иесінің тану-танымауына немесе оның кім, не істеп жүрген адам екеніне байланысты емес. Ал, бір ауылда той болып, не ас беріліп жатса, басқа ауылдар сол ауылға сусын үшін, саба-саба қымызын өздері іштей жинап, тегін артып барады. Мұндай дәстүрлер – біріншіден, қасиетті ел берекесі болса, екіншіден, суды, сусынды қадірлеу салттары. Мұндай аса биік адамгершілік дәстүр ешуақытта берекелі ел арасынан жоғалмауы тиіс.

Міне, халқымыздың ұмыт бола бастаған дәстүрлерінің бірі – бұлақтардың көзін ашуды қолға алудың өзі табиғат қорғау ісіне, еліміздің шаруашылығына үлкен пайдасын тигізер еді. Өңір бұлағын өмір бұлағына айналдыру кезек күттірмейтін іс екендігі бәрімізге мәлім.

Қазақ халқының ежелден құстарды, жан-жануарларды, жер, суды қадірлеп, аялай білгендігін мынадан көруге болады. Қазақстанда: «Құндызды, Құланды, Арқарлы, Аюлы т.б. жер аттарының қойылуы аңдарды қасиет тұтудың белгісі» деген елді мекендер бар [3, 114].

Ардақты азаматтарын, асқар тауым, шалқар көлім, қара орманым деп қастерлеген. Сұлулықты, нәзіктікті – аққуға, мөлдір бұлаққа, батылдықты, батырлықты – қыранға балаған. Сүйікті ұлдары мен қыздарын бәйтерекке, шынарға, құралайға теңеген. Міне ұлан байтақ кең далада мал бағып ұзақ күндері табиғат құшағында мал күзетінде өткізген қазақ халқының табиғатқа деген сүйіспеншілігін қазіргі жас ұрпақтың санасына жеткізе алсақ алдағы уақытта табиғатымыз күйзеліске көп ұшырай қоймас деп тұжырымдауға болар еді, бүгінгі экологиялық тәрбиені халықтық педагогикамен ұштастырған кезде өткен ғасырда өмір сүрген бабаларымыздың педагогикалық көзқарастағы идеяларын пайдалануға болады.

Табиғат – сұлулықтың өмір-бақи таусылмас қайнар көзі. Сондықтан да ол эстетикалық тәрбие берудід ең маңызды құралдардың бірі. Ал бұл экологиялық тәрбиемен іштей жалғасатын табиғаттың күйзеліп, күйреуіне қарсы тұратындай адамның қалыптасуына ықпал етеді. Қазақ халқында табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көздің қарашығындай сақтап қалуы туралы қазіргі ұрпақтарға өнеге-үлгі боларлық асыл мұралар, даналық ұғымдар түрінде, мақал-мәтел, нақыл сөз, аңыз-әңгіме арқылы жетіп отырған. Осындай әрбір асыл мұраның өзінде қаншама терең ой әрі тәлім-тәрбие жатыр. Сондықтан да әрбір ұстаз, әрбір тәрбиеші өзінің күнделікті жұмысында осындай халық педагогикасы асыл маржанына үнемі көңіл бөліп әрі пайдаланып отырулары тиіс. Өйткені қазіргі таңда табиғат тағдыры ешкімді де тебірентпей қоюы мүмкін емес. Бұл арада ғұлама ғалым Қаныш Сәтпаевтың мына бір жан тебіренісі мен жүрек толғауы еріксіз ойға оралады: «Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп ол туралы ойланбаған жігітті қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын мақтап жарытпақ емес» деп келтіреді [4, 184].

Қазақ халқында сүтті, қымызды, шұбатты, айранды тағы басқа да сүт тағамдарын «ақ» деп атайды да, оны қасиетті, киелі зат санатына жатқызады. Сол сияқты ақ түсі де киелі, адалдық ұғымды білдіреді. Халық дәстүрінде ауылға келген көш алдынан шығу адамгершілік, мұсылмандық, болашақ көршілік парыз. Ал сол көш алдынан ақ алып шығу «Осы ақтай таза, дәмді болайық» деген тілектен туындаған жайт. Мұндай жағдайда жаңа көшіп келгендер ризылық білдіріп, алыс айтады. Халқымыз ақты жерге төкпейді, аяққа баспайды. Халық түсінігінде сонымен бірге «Желі, көгенді аттама!» дейді. Себебі, желі құлын байланатын көген-қозы, лақ бекітілетін арқан. Бұл тыйым сөз «Мал – өмір, тіршілік тірегі, оны қорлама» деген мағына береді. Үй жануары ішінен қазақтар түйені қасиетті санаған. Түйені қазақтар беталды көп соя бермеген. Түйе мына кездерде ғана сойылады: Меккеге қажылыққа жүрерде, көп болып тасаттық жасағанда немесе ханды таққа отырғызғанда. Мұндай кездерде әсіресе, ақ түйе сойылады. Халық аузында «ақ түйенің қарны жарылғанда» деген мәтел осындай мерекені көрсетеді. Халқымызда ертеден түйені еш уақытта ұрмаған, теппеген, тіпті қатты сөзбен ұрыспаған, жүнін де қасиетті санап, жын бәлекетті қуады деген. Сол секілді қазақтар қойды да қасиетті санап, қатты құрметтеген. Қойдың жүні де тұмарды алмастырған. Қойдың жауырынын келешекті болжау үшін пайдаланған. Қойдың «кәрі жілігі» малды ұры-қарыдан сақтайды деп сенген. Аттың ерінің басына да іліп қойып, ер-тұрманды, атты бәлекеттен, ұрыдан сақтайды деп ырымдаған. Қошқардың мүйізін «көз тимеу» үшін іліп қойған. Осы тәрізді сенімдер ел арасында әлі де кең тараған. Қазақтар малды балағаттап, тіл тигізуге болмайды, иесі өкпелейді деп сендірген. «Малға сөйлегенде оның кемшілігін айтуға, қой бағып жүріп өзіңе отбасыңа байланысты қайғылы нәрселерді айтуға болмайды» деп ескерткен. Мұның себептері де болған. Ғалымдардың зерттеуі бойынша адамдардың қасында биологиялық жылу өрісі болады екен. Егер ол тым күшті болса, жас балаға, жас төлге әсерін тигізуі ықтимал. Ал малдың да адам сезімін түсіне алатынын күні бойы мал соңында жүрген бақташылар мен шопандар байқаған. Шындығында да жусап жатқан отардың шетіне барып отбасындағы, болмаса, жеке басы қайғы-қасіретіңізді айтып, жыласаңыз, қойлардың күйсегенін қоя қойып күрсінгенін байқайсыз. Бұл таза өмірлік тәжірибеден туған. Адам тәрізді мал да қайғылы күйді өте жансыз қабылдайды. Бұның шындығын кез-келген адам өз тәжірибесіне өткізіп, көз жеткізуіне әбден болады. Сондықтан да туған жердің табиғатына үлкен құрметпен қарау және оны танып білуге деген құштарлық, рухани мұраларымыздың негізін айқындау, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, өркениетті мемлекет құру қазіргі кезеңдегі қоғам талабы болып отыр.

Қорыта келгенде, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан табиғатты қорғау туралы өсиеттер және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру тұлға бойындағы экологиялық сана-сезімді, парызды қалыптастырумен қатар егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын, бірлігін сақтап қалатын патриот-азамат тәрбиелеуге толық мүмкіндіктердің бар екендігі анықталды.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия./Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – 7-т. – 728 б.
2. Түркі халықтарының этнопедагогикасы: теориясы, әдістемесі, тәжірибесі. Монография /Құрастырған Дүйсенбаев А.Қ. – Ақтөбе, 2019. – 280 б.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: «DPS», 2011. – 344 б.
4. Сәрсекеев М. Қаныш Сәтбаев. – Алматы: «Жалын», 1988. – 528 б.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ ТОЛЕРАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮЛГІСІН ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Дуанабаева Б.Ч. - п.ғ.к., аға оқытушы

Алтынбек А.Ж. – «6М012400 – Педагогикалық өлшем», 2 курс магистранты. КазМемҚызПУ.

Аңдатпа. Мақалада жалпы білім беретін мектеп жағдайында жасөспірімдердің бойында толерантты мінез-құлықты қалыптастыратын тәрбие беру жүйесін теориялық тұрғыдан негіздеу қарастырылады. Сонымен қатар, мақалада жасөспірімдердің толеранттық мінез-құлықты қалыптастырудағы «толеранттылық», «толерантты мінез-құлық», «интотолеранттылық», «толерантты тұлға» ұғымдарының мән-мағынасына түсінік беріле отырып, жасөспірімдерге толеранттық тәрбие беруге байланысы тәжірибелік-эксперименттік нәтижесі бойынша ғылыми-әдістемелік құралдар дайындаудың жолдары көрсетіледі.

Кілт сөздер: толерант, интотолерант, толерантты тұлға, толернтты мінз-құлық, опека, диктат.

Аннотация. В статье рассматривается теоретическое обоснование системы воспитания, формирующей толерантное поведение подростков в условиях общеобразовательной школы. Кроме того, в статье раскрываются пути разработки научно-методических пособий по результатам опытно-экспериментальных исследований, связанных с толерантным воспитанием подростков с пониманием сущности понятий «толерантность», «толерантное поведение», «интотолерантность», «толерантная личность» в формировании толерантного поведения подростков.
Ключевы слова: толерантность, интотолерант, толерантная личность, толерное совершенство, диктат, опека.

Annotation. The article deals with the theoretical basis of the system of education, forming a tolerant behavior of adolescents in a secondary school. In addition, the article describes ways of development of scientific and methodological manuals on the results of experimental research related to tolerant parenting adolescents with understanding of essence of concepts «tolerance», «tolerant attitude», «intolerants», «tolerant personality» in the formation of tolerant behavior among adolescents.
Keywords: tolerance, intolerant, tolerant personality, tolerant perfection, diktat, guardianship.

Адамдар арасындғы толеранттылық қарым-қатынас XXI ғасырдағы мемлекеттік және мемлекеттік емес деңгейде заңдастырылған қазіргі қоғамның әлеуметтік нормасына айналып отыр. «Толеранттылық» ұғымы бірнеше ғасыр бойы қалыптасты және бүгінгі күні де аталған үрдіс жалғасын табуда. Түрлі мағыналар негізінде толықтырылған «толеранттылық» ұғымы алдын алу мен жеңуге қажетті шыдамсыздықтың түрлі деңгейі белең алған жаңа қоғамда ақиқатқа жақындастырылып келеді.

Бүгінгі таңда адамзатты зорлық-зомбылық, лаңкестік, нәсіпшілдік пен ұлтшылдық, әсіресе діндер арасындағы қақтығыстар мазалауда. ЮНЕСКО-ның шешімімен 1996 жылдан бері 16-қараша Толеранттылықтың Халықаралық күні деп жарияланды.

Толеранттық (лат. tolerencia - төзімділік) айырмашылықтарды мойындау, ымыралық, түсіністік, келісім, мейірімділік, сыйлау, өзінен өзге сенімдегі, көзқарастағы, мінез-құлықтағы басқаның құқын мойындау арқылы қақтығыстардың шешімін табу мүмкіндігін іздестіруге апаратын адамның күнделікті тұрмыста басшылыққа алып отыратын өнегелік жүріс-тұрыс ережесі. Ал, «интотолеранттылық» ұғымы: төзімсіздік, ымырасыздық, тағатсыздық, менмендік, бірбеткейлік, парықсыздық дегенді білдіреді.

Этимологиялық талдау толеранттылық ұғымының шығу тарихын қарастыруға мүмкіндік береді. Ларустың айтуынша, «tolerance» сөзі алғаш рет 1361 жылы қолданылған. Ағылшын этимологиясының Оксфордтық сөздігі толеранттылық ұғымын «tolerance» ретінде XV ғасырға жатады екен. Ал, «tolerantion» XVI ғасырда шыққандығын көрсетеді. XV ғасырда толеранттылық ұғымы «төзімділік», «ауруға шыдауға қабілеттілік» ретінде қолданылған. XVI ғасырда оған «байсалдылық», «шыдамдылық», «мүмкіндік беру» мағынасы қосылады.

Толеранттылық сөзі орыс тілінде қолданылғанына көп уақыт болған жоқ. 1909 жарияланған Ф.А. Брокгауз бен И.А. Эфронның энциклопедиялық сөздігінде басқа діндерге шыдамдылықты анықтайтын зат есім ретіндегі толеранттылық жайлы мақала шығады. В.Дальдың сөздігінде «шыдамдылық» сапа немесе қасиет, мейірімділік, кішіпейілдік бойынша көнуге қабілеттілік ретінде түсіндіріледі.

Жалпы алғанда толеранттылықтың негізі өзінің «басқаға, бөтенге» қатынасын бақылау, бұл к.нделікті кездесетін, тұрмыстық деңгейден бастап кәсіби қарым-қатынас жасауға дейінгі аралықты қамтитын мәселе болып саналады. Екінші жағынан, толеранттық, төзушілік жай ғана төзбеушіліктің қарсы мәні, құр оны терістеу болып табылмайды, қайта ынтымақтастыққа, ізгілікке т.б. қарым-қатынас мәдениетіне жетелейтін жаңа, қарсылықсыз шынайы өмірді қалыптастырудың жасампаз күш-қарымды бойына тұтады.

Толеранттық сананың қалыптасуына дүниежүзіндегі әртүрлі халықтардың мәдениеті де әсер етеді және тұлғаның дамуындағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Ол тұлғаның тіршілік әрекетінің мынадай маңызды салаларын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады: басқа адамдардың ұлтына, діни сенміне, жасына қарамастан жағымды қарым-қатынас жасау; әрбір адам өмірінің сөзсіз құндылықтарын мойындай отырып әртүрлі этностардың және мәдениет уәкілдерімен сенімді араласу және т.б.

Толерантты тұлғаны тәрбиелеу – күрделі үрдіс. Ол арнайы оқу-тәрбие үрдісі, бүкіл әлеуметтік шындық, отбасындағы өзара қатынастың және қоршаған адамдар әсері арқылы жүзеге асырылады. Бала үшін отбасы бір жағынан тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан тәрбиелік орта.

Отбасында толеранттылыққа тәрбиелеу жолдарына келетін болсақ, балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасын сәтті шешу үшін педагог-психологқа толерантты орта жасау керек.

Бала тәрбиеленіп отырған ортада дұрыс қарым-қатынас қалыптаспауы, келісім, түсіністік болмауы – баршамызды ойландыратын ортақ мәселе. Отбасындағы нашар қарым-қатынастар және оның ұзақтығы баланың психологиясына ауыр әсер жасайтынын өмір сүру барысы дәлелдеп отыр.

Ғалымдардың пікіріне сүйенетін болсақ, олар отбасында ата-аналар мен балалар арасындағы қатынас түрлерін төрт түрге бөледі: диктат, опека, «араласпау» және ынтымақтастық.

Диктаттық қатынас ата-аналардың талабын, бұйрығын, зорлық көрсетуін бірінші орынға қояды. Талап қоюды құрмет көрсетумен ұштастырмаған жағдайда бала тәрбиесіне зиян келтіретінін ескерткен – А.С. Макаренко.

Опека – диктатқа қарама-қарсы қатынас түрі, балаға шектен тыс қамқорлық көрсетіп еркіндік беру, қиындықтардыөз бетімен жеңуге үйретпеу, ол да бала тәрбиесіне зиянды.

«Араласпау» қатынас түрі балалар мен ата-аналар арасында эмоционалды жылылық тудырмайды, себебі талап, тәртіп нормалары іске аспайды.

Ынтымақтастық – идеалды қатынас түрі, балаға деген сүйіспеншілік, баланы түсіну, құрмет көрсету талап бірлігімен ұштасады. Мұндағы диктат, опека, «араласпау», интотолеранттылдықтың көрінісін байқататын ата-аналар мен балалар арасындағы қатынас түрлері болса, ынтымақтастық керісінше толеранттылыққа тәрбиелеудің ең қолайлы қатынас түрі болып саналады. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орны өте зор. Ата-ана мен балалар арасындағы толеранттылық, қарым-қатынас жасау мәселелеріне келетін болсақ, баланың мінезін жақсы түсіну үшін ең алдымен оның дамуына және оған не нәрсе қажет екенін білу қажет.

Жасөспірімдер арасында толеранттылық жөнінде тәрбие беру түсініктері мен білімдерін жетілдіру мақсатында келесідей жаттығылар мен сауалнама (Өз балаңызды түсінуге тырысыз ба?) өткізуге болады.

Сауалнама

Сабаққа деген ынтасы қандай?

А. Жоғары

Ә. Орташа

Б. Төмен

2. Көңілсіз жүру сеебін сұрайсыз ба?

А. Кейде

Ә. Әрқашан

Б. Мән бермеймін

3. Отбасындағы кикілжіңнің балаға әсері бар ма?

А. Оған бәрібір деп ойлаймын

Ә. Бар

Б. Балаға сездірмеуге тырысамыз

4. Достарының қандай екенін білесіз бе?

А. Білмеймін

Ә. Иә, үнемі бақылап отырамын

Б. Кейде өзінен сұраймын

5. Қажеттінің бәрімен қамтамасыз етесіз бе?

А. Шамамыз келгенше

Ә. Бар жағдайды жасаймыз

Б. Қажетін сұрамаймыз

6. Сынып жетекшісімен бірлесіп өзекті мәселеңізді шешесіз бе?

А. Жоқ, өзіміз шешеміз

Ә. Әрқашан

Б. Қатысым жоқ

7. Бос уақытының өткізілуін қадағалайсыз ба?

А. Жоқ, өз қалауымен жүреді

Ә. Иә, көзден таса етпеймін

Б. Қатаң бақылаймын.

Жаттығулар: «Екі портрет», «Бізді сізбен біріктіретін», «Мен қандай жақсымын» т.б. Сонымен қатар, ата-аналар дөңгелек үстелде жағдаяттарды талқылап пікір алысады. Кейін ата-аналарға «Үйлесімді отбасы» атты қытай аңызы бойынша рефлексия жүргізіледі. Алдымен олар «..Онда олар қалай болып өседі?» деген ойды жалғастырады.

Соңында ата-аналарға төмендегідей кеңестер ұсынылады: Егер баланы тұрақты сынап тұрса, ол жек көруге үйренеді. Егер бала дұшпандықта өмір сүрсе, ол басқыншылыққа үйренеді. Егер баланы

келекелесе, ол тұйық болып өседі. Егер баланы жиі кінәләса, ол өмір бойы кінә сезімімен өмір сүреді. Егер бала шыдамдылықта өссе, ол басқаларды түсінуге үйренеді. Егер балаға дем берсе, ол өзіне сенуге үйренеді. Егер баланы мақтаса, ол мейірбан болуға тырысады. Егер бала адалдықта өссе, ол әрдайым әділ болуға тырысады. Егер бала қауіпсіздікте өмір сүрсе, ол адамдарға сенуге үйренеді. Егер де бала оны түсініп, оны құрметтейтін ортада өмір сүрсе, ол өмірде жақсыллықты көріп таба біледі.

Қорытындылай келе, Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессиясында Нұрсұлтан Назарбаев қоғамда білім беру жүйесі мен тәрбие арқылы азаматтық сәйкестендіру, толеранттылықты дамыту қажеттілігі жайында сөз айтып, республика мектептеріне «Толеранттылық негіздері» атты курстар енгізуді ұсынған.

Отбасында балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің қажеттілігі бүгінгі күнде шешімін қажет ететін өзекті мәселердің бірі екені дәлелденіп отыр. Отбасындағы психологиялық саулық сақталмай кикілжіңнің, зорлық зомбылықтың әсерінен балалар бойында жағымсыз сезімдер мен эмоциялар туындайды. Отбасы балаға адамдармен әрекеттесуге қатысты маңызды тәжірибе берді, мұнда ол қарым-қатынас жасауға, басқаларды тыңдауға және олардың пікірін сыйлауға дағдыланады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Л.Нұрмаханова, Мұғалім және қоғам, 5/2012 «Толеранттық сезімді қалыптастыру мәселелері».
2. Декларация принципов толерантности // Век толерантности. 2001.-№1. – 62-68-бб.
3. Андреев В.И. Технология экспертной оценкой качестве работы учителей и руководителей школы, лицеев, гимназий.-Казань: Эвристика, 1994.-24с.
4. Вачков И.В. Уровни профессионального самосознания учителей// Школьный психолог, 2000.-№5.-с.12-13
5. Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. 2004 жыл. 11-қазан, №145
6. Жарықбаев Қ. Жантануға кіріспе. Хрестоматия. Ж.О.О.-ның студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Дарын, 2005-Б.186.

БАЛАНЫҢ ДИАЛОГТЫҚ СӨЙЛЕУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жаздықбаева Мария Ботаевна, п.ғ.к., доцент,
Хакимова Ирода магистрант Қожа Ахмет Яссауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.,
Қазақстан Республикасы

Андатпа. Оқыту немесе оқу диалогы өзіндік ерекшелігі бар қатынас құралы. Бұл балалардың өзара қатынасы, тәрбиешщі мен балалардың, балалар мен тәрбиеші арасындағы қатынас. Оқу үрдісі тілдесу арқылы жүзеге асады. Қазіргі заман баланың оқу бағдарламасының білім, білік дағдыларын меңгеру ғана емес, білімді өз бетімен іздеп, оқып үйренуі керек. Ол өзінің оқу қызметін ұйымдастыра отырып, оқу оқуға дайындығын және оқуға икемділігін жоспарлауы тиіс. Сондықтан бала мен тәрбиеші бірлескен оқыту әдісі монологтан диалогқа қарай ауысуы қажет деп ойлаймын.

Түйін сөздер: диалогты сөйлеу, тәрбие, оқыту, балалар мен тәрбиеші, оқу қызметін ұйымдастыру.

Аннотация. Учебное пособие представляет собой инструмент коммуникации, который имеет свою специфику. Это отношения между детьми, педагогом и отношениями между детьми, детьми и опекунами. Учебный процесс происходит через общение. Учебная программа современного ребенка - это не только приобретение знаний, навыков, но и способность самостоятельно искать и изучать знания. Он должен планировать свои учебные мероприятия и планировать обучение и гибкость в обучении. Поэтому я считаю, что ребенок и педагог должны перейти от монолога к диалогу.

Ключевые слова: общение, речь, воспитание, обучение детей и воспитателей, организация воспитательных мероприятий

Annotation. The manual is a communication tool that has its own specifics. This is the relationship between children, the teacher and the relationship between children, children and guardians. The learning process takes place through communication. The curriculum of a modern child is not only the acquisition of knowledge and skills, but also the ability to independently seek and study knowledge. He must plan his training activities and plan training and flexibility in training. Therefore, I believe that the child and the teacher should move from a monologue to dialogue.

Keywords: communication, speech, parenting, training of children and educators, organization of educational events

Балалардың тыңдауға және сөйлеген сөздерін түсінуге, сөйлесуді жүргізуге, сұрақтарға жауап беруге және сұрақтар қоюға қабілеті. Байланыстырылған сөйлесу сөзінің деңгейі баланың сөздік күйіне және тілдің грамматикалық құрылымын қаншалықты меңгергеніне байланысты. Әңгімелесушімен әңгіме ретінде сөйлесе, әңгімелесу кезінде мәдениетті ұстай білу, сыпайылық, ұстамды болу мүмкіндігін қабылдайды. Тәрбиеші балалармен әңгімелесудің мазмұнына әсер етеді, бір-бірінен жаңа нәрсені үйренуге деген ынтаны көтереді. Тәрбиеші балаларға өздерінің жұмыс, демалу және т.б. туралы ересектерден сұрасаңыз, көптеген қызықты нәрселерді білуге болады деп айтуға тиіс.

Балалардың сөйлеу тілін дамыту бағдарламасы қоршаған орта туралы және әрбір жас кезеңінде балалардың үйренуі тиіс сөйлеу дағдылары мен шеберлігінің тиісті көлемін анықтайды, сондай-ақ белгілі тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеуді көздейді. Мысалы, диалогтық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру міндетін қою (сұрақтарға жауап беру және сұрастыру), бағдарлама балаларды біріктіру, сыпайылық, адалдық, ұстамдылық тәрізді қасиеттерге тәрбиелеу қажеттігін баса айтады[1-12б].

«Балабақшадағы білім беру бағдарламасы» секілді сөйлеуді дамыту бағдарламасы әдетте ғылыми принциптерге негізделген. Ең алдымен, оның мазмұнымен рухани білім беру теориясын, яғни баланың жеке басын жан-жақты дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар, бағдарлама баланың ауызша сөйлеуінде және оның әртүрлі жас деңгейіндегі балаларға қойылатын талаптардың реттілігі мен реттілігін анықтайтын танымдық белсенділіктің сипаттамалары бойынша байланысты ғылымдардағы психология деректеріне негізделеді.

Бағдарлама сондай-ақ баланы дамыту жөніндегі қызметтің жетекші рөлі туралы маңызды педагогикалық қамтамасыз етуді ескере отырып салынған; оның материалының күрделі құрылымы бар, себебі ол онымен байланысты. Балалардың әртүрлі түрлері (ойын, күнделікті өмір, топтар және т.б.). Ақыр соңында, сөйлеуді дамыту бағдарламасы негізгі дидактикалық принциптерді - оқу материалдарының жүйелі және өзара байланысты сипатын, оның ерекшелігі мен қолжетімділігін ескере отырып жасалады; Онда сөйлеу дағдыларының балаларда қалыптасуы бақыланады (яғни әр жастағы өтуі балалардағы қалыптасқан ортақтығы және біртіндеп кеңейту және олардың мазмұнын тереңдете отырып, сол секциялардың сатысы).

Бағдарламадағы барлық тапсырмалар мен талаптар жиынтықталады. Балалардың біліміне және дағдысына тек жалпы талаптар қойылған. Бағдарламаның жалпы талаптары тәрбиеші теріге үйренуге тиіс. Мысалы, ересек топтағы балаларды «қоршаған ортамен танысу және сөйлеуді дамыту» бөлімінде көрсетілген объектіге немесе құбылысқа енгізу арқылы сөздікке қойылатын нақты талаптарды есте ұстау, балаларға түрлі сұрақтарға жауап табуды үйрету керек: кім? Не? Нысанның бөлшектері мен бөліктері қандай? Бір немесе екі сөзбен объектілер тобын қалай атауға болады? (Нақты сөздер нақты және ұжымдық). Кім? Қалай? Қайда? Қайда? Қашан? Не үшін? Неліктен? Не істеп жатыр? (Жауаптарда бала сын есімдерді, есімдіктерді, мақал-мәтелдерді, етістіктерді, есімдерді, түйіндерді пайдаланады.) Қанша? Қайсысы? (Санды сандық, реттік).

Мәселен, бағдарлама ересек топтың балаларын ас дайындаушының жұмысымен таныстыруды ұсынады. Бұл, олар көруге болатын (картоп аршығыш, көкөніс кескіш) бірнеше тұрмыстық техника деп аталады[2-54б].

Орташа топтағы ұқсас сөздікпен салыстырғанда біз ескі топта балалар туралы жалпыланған ұғымдарды (ас үй ыдыстары, машиналар, бұйымдар) Салыстырмалы сын есімдер (ет, көкөніс, темір), бөлшектердің бөлшектері көрсетіледі (егер тесіктердің түбінде тесік болса, ұзын тұтқасы бар және т.б.), кеңістікті және уақытты белгілеу (ішіндегі, екі жағынан, таңертең ерте, ертеңге дейін).

Мектепке дейінгі жұмысшы бағдарламаны жеке-жеке және топта оқып, кейбір жағдайларда тәрбиешілер мен әдіскерлер курстары мен семинарларында, педагогикалық мектепте сабақтарда және т.б. сабақ жүргізеді. Балабақшаның басшысы немесе тәрбиеші-әдіскер жыл сайын қыркүйек өткізу керек. балабақшасында олар үшін жаңа жас тобында бағдарлама талаптарын оқшаулауға көмектесу үшін тәрбиешілермен сөйлесуді дамыту бағдарламасын ұжымдық талқылау, оларды көршілес топтардың бағдарламасымен салыстыруға болады.

Барлық осы жағдайларда бағдарламаны зерттеу сөйлеуді дамытудың негізгі міндеттерін еске салумен басталады. Содан кейін, бір топтың мысалында, бағдарламаның мәтініне сілтеме жасай отырып (әрбір тыңдаушы оны қолдана отырып, бет белгілерді, астын сызу және т.б.), осы негізгі тапсырмалардың мазмұнын және бағдарламаның қай бөлімдерінде орын алғанын көрсетіңіз. Келесі сабақтың мазмұны күрделі болады: жекелеген тапсырмалар үшін бағдарламалық материалдарды салыстырмалы талдау жүргізіледі, бұл материалды жас топтарында дәйектілікпен және жалпы ережелерді көрсететін мысалдармен жүзеге асырылады.

Бағдарлама талдауға арналған сұрақтар:

1.Әртүрлі жас топтарында сөйлеуді дамыту проблемалары, оларды салыстыру, сабақтастық пен асқынуды түсіндіру («Тәрбиелеу міндеттері» бөлімдерінде).

2. Қоршаған орта және лексика жұмысымен танысу бағдарламасы. Қоршаған ортаны қорғау туралы кең ауқымды кеңейту. Балалық сөздіктерге қойылатын талаптарды қиындату. Балаларды сын есімдермен меңгеру бағдарламасы, сандар, зат есімдерді жинақтау, түс, өлшем, пішін, кеңістік пен уақытқа арналған сөздердің тізімі.

3.Дыбыс мәдениеті тілін оқыту бағдарламасы. Дыбыс сапасына, дикцияға, дауыстың сапасына, сөйлеудің айқындығына қойылатын талаптар.

4.Ауызша сөйлеу тілін оқыту бағдарламасы. Сөйлеу дағдылары.

5. Оқу-жаттығу бағдарламасы. Балалар әңгімелерінің түрлері мен олардың сапасын салыстыру.

6.Көркем әдебиетпен танысу бағдарламасы. Өнер туындыларын қабылдап, кітаппен жұмыс істеу кезінде қалыптасқан дағдылар, қабілеттер, қабілеттер тізімі. Оқуға, балаларға айтып, жаттап алуға арналған өнер туындыларының санын көбейту және көбейту.

Ең алдымен, бағдарламаның негізгі бөлігінің мазмұнын - басқа адамдармен танысуды және балалар сөздігіне қойылатын талаптарды оқшаулауды, әр түрлі жас топтары үшін қиынға соқтыратын сөздердің (түс, өлшем, формасы, кеңістігі, уақыты, саны) тізімін көрсету керек. Содан кейін дыбыстық мәдениет бағдарламасының салыстырмалы талдауын жасау қажет. Сценарийлерді оқыту бағдарламасы егжей-тегжейлі қарастырылады: әңгімелердің қандай түрлері және қандай тоқсанда балаларға әңгімелердің сапасына қойылатын талаптар өзгеретінін үйрету ұсынылады. Сөздің грамматикалық жағы бойынша жұмыс бағдарламасын белгілеу қиынырақ. Бұл жұмыстың мазмұнын жариялау қажет. Сөйлеуге және фонетика бағдарламасына қойылатын талаптар жеңілірек. Бұл бөлімдер материалды талдауға арналған бұрын дайындалған мәселелерді басшылыққа ала отырып, өз бетімен зерттелуі мүмкін[3-63б].

Бағдарламаны талдау кезінде көрнекі құралдарды - сабақты өткізу арқылы дайындалған сөздерді дамытуға арналған бағдарламалық материалдардың кестелерін пайдалануға болады. Кестелер бағдарламаны жан-жақты қабылдауға көмектеседі.

Балабақшада сөйлеуді дамыту бағдарламасын іске асыру құралдары. Сөйлеуді дамыту бағдарламасы балалардың осы немесе басқа қызметінде (білім беру, ойын, еңбек, тұрмыстық) жүзеге асырылады.

Кең мағынада тәрбие айтылғандықтан (және осы тұжырымға кіретін сөздің қалыптасуы) ересек адамның қандай да бір іс-әрекеттер арқылы жүзеге асыратындығына байланысты, бұл іс-шара шартты түрде құралдар деп аталуы мүмкін. Осылайша, оқытуды, ойнауды, жұмыс істеуді, күнделікті немесе күнделікті іс-әрекеттерді, өнер туындыларын қабылдауды, яғни сөйлеуді дамыту арқылы ересек адамның жіберген және басқарған кез-келген әрекетін қарастыруға болады [4-6б].

Күнделікті өмірде балалар өздерін сөйлейді. Бірақ егер ересек адамның басшылығысыз қалдырылса, сөйлеудің жағымсыз қасиеттері анықталуы мүмкін: тілдік қателіктер, қарабайыр сөздік, грамматикалық қателіктер және т.б. Сонымен қатар, үнсіздікпен немесе Тәрбиешінің нұсқауларын пассивті тыңдағанда, балалардың сөйлеуіне айтарлықтай әсер етпейді.

Қоғамдық тәрбие жағдайында баланың сөзін қалыптастырудың басты құралы - бұл нұсқаулық.

Ана тілін оқыту - балалардың когнитивтік қабілеттерін дамыту, оларды қоршаған орта және тиісті сөздік қорын қалыптастыру, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және дағдыларын қалыптастыру.

Мектепке дейінгі білім берудің негізгі түрі – оқу-қызметі.Дидактикалық мақсаттар үшін сабақтың мұндай түрлерін ана тілінде ажырата білуге болады: жаңа материал туралы сабақ; білімді, дағдыларды шоғырландыру; білімді жалпылау және жүйелеу; қорытынды немесе тексірілген (бақылау); кіріктірілген (аралас, біріккен).

Балабақшада сөйлеуді дамытудағы «жаңа материал» түсінігі кейде салыстырмалы түрде орын алады, себебі балалар өз сөзінде үнемі пайдаланатын тілдік құбылыстармен (дыбыстар, интонациялар, грамматикалық пішіндер, сөздер) кездеседі. Дегенмен, біз балаларға жаңа тұсаукесер туралы сеніммен айта аламыз. Бұл түсінік, танымал фактілерді түсіндіру, жаңа идеяларды жинақтау, жаңа дағдыларды қалыптастыру. А.П.Усова балалардың ой-пікіріне және мінез-құлқына әкелетін идеяларды балалардың көзқарастары бойынша толық таныс , бірақ шашыраңқы, кездейсоқ, түсіндірілген деп атап өтті.

Бұл әңгімелерді үйретудегі балаларға арналған алғашқы сабақтар, онда жаңа әңгімелерді оқып үйрену, жаңа туындыларды оқып үйрену, есте сақтау өлеңдер. Балабақшаларда сабақтарға бару, балалардың балабақшасының үйі туралы әңгімелесу, жүрекке жатқызу және т.б. туралы әңгімелесу сияқты тәрбиеленген білім мен дағдыларды нығайту және тәрбиелеу мақсатында балабақша сабақтарында кеңінен қолданылады[5-41б].

Сабақтарда тәрбиеші, ол, әрине, жаңа, қосымша ақпарат береді, бірақ ол негізінен балалар-

дың өздерінің білім қорын өз бетінше пайдалануға және сөйлеу дағдыларын нығайтуға бағытталған күш-жігерін бағыттайды . Бұл жекелеген фактілерді топтастыру, жалпылау және дағдылар болуы мүмкін. Тәрбиеші түзетуді сөзбе-сөз енгізе отырып, қайталауды (таныс мәтінді қайта жазу, есте сақталған өлеңдерді оқып үйрену), қайталанған жаттығуларды (дыбыс өткізбеуде, бірдей грамматикалық пішінді) және шығармашылықпен (танысу мәтінін). Оң нәтижелерге қол жеткізу үшін материалды қайталау үдерісінде жаңалықтың, шығармашылық қызметтің элементтерін енгізу маңызды.

Бұл топтық сабақтарға жақындары, жалпыланған және жүйеленген өтілген материалдар. Мысалы, «Кімге не керек?», «Дүкен» және т.б. тәрізді дидактикалық ойындарда балалар объектілерін түстермен, пішінмен, мақсаттармен және т.б. бойынша жіктеу кезінде қолданылады. Кіші топтарда әңгімелесу жасалады: ересектердің жұмысы, көлік, кітаптар. Балаларға материалды мақсатты түрде шығаруға тапсырма берілді (жолаушылар көлігі туралы сұхбат, шоу-бизнестің жұмысы, сүйікті ертегілер). Жалпыға ортақ типтегі сабақтар мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау, аналитикалық және синтетикалық белсенділігін қалыптастыру үшін өте құнды.

Есепке алу іс-шаралары жиі бейнелеу өнерінде жүргізіледі. Алайда, олар ана тіліне қажет, себебі белгілі бір білім мен дағдылардың деңгейін белгілеу қажет. Оқу жылының басында белгілі бір секцияларда бақылаушы мен тестілеу сабақтарын өткізу керек, тәрбиешіді жаңа топтың балалары туралы білу және ақыр соңында жұмыстың нәтижелерін қорытындылау кезінде танысу. Балалар бақшасын жаппай тексеру кезінде ана тілінде бақылау жаттығулары қолданылады. Бір жағынан, оларда оқыту сипаты бар. Әдетте, тәрбиеші балалардың жасаған дұрыс емес қателіктерін қалдырмау үшін тек жанама оқыту әдістерін қолданады.

Балабақшаларда кеңінен таралған зерттеулер бірге болды дидактикалық мақсаттар жиынтығы, мысалы, балаларды жаңа материалмен таныстыру, өткенді қайталау және біріктіру және оны практикалық қолдану.

Сөйлеуді дамыту бойынша сабақтар олардың мінез-құлқындағы белгілі бір қиындықтарды тудыратын бірқатар белгілермен сипатталады. Мысалы, балалар көбінесе түрлі іс-шаралармен айналысады: біреуі сөйлейді, қалғандары тыңдайды; сабақтардың қысқа мерзіміне байланысты әр балаға жеткілікті сөйлеу практикасын ұсыну мүмкін емес. Сабақтардың максималды әсері болуы үшін олар жалпы дидактикалық талаптарға сай болуы керек, атап айтқанда:

1. Сабақ үшін мұқият дайындық, оның мазмұнын және оқыту әдістерін анықтау. Бұл өз ана тіліндегі басқа да топтарда , балалардың білімі мен дағдыларының деңгейінде, олардың жүктемесі айқындалады. Тәрбиешідегі нақты сөйлеу тапсырмалары және нақты сөйлеу мазмұны болуы керек. Құрылымы көзделетін бағдарламалық материалдарды зерттеуге қажетті әдістер мен әдістер таңдалады және сабақтың барысы. Қажетті көрнекі құралдар, оқу құралдары. Тренингтің жеке тапсырмалары анықталды (жұмыс орындары сараланған, балалардың шақыру тәртібі қарастырылады) [1-84б].

2. Тиімді жүктеме қарқындылығы. Тәрбиеші дамыта оқыту принципін басшылыққа алады. Ол балаларға тапсырмаларды жеткілікті дәрежеде қиындықтармен қамтамасыз етеді, сондықтан олардың орындауында белсенді ақыл-ойды қажет етеді.

Кейде жүктеме жеткіліксіз болады: балалар өз бетінше жұмыс істемейді, аналитика-синтетикалық түрдегі тілдік тапсырмаларды шешу, нысандар арасында байланыс орнатуға, ұқсастықтарын оқшаулау. Егерде балада есте сақтау, ойлау қабілеті жоқ болса, ал тәрбиеші одан тек тыныш, тәртіпті болып отыруын және қайталап отыруын талап етсе, онда сабақ балалар үшін бір сұмдық көрініске айналуы мүмкін.

Жүктеменің дұрыс өлшемін анықтау үшін топтың аралас құрылымы көмектеседі, одан да күрделі арнайы әдістер пайдалы: қорытындылар, салыстырулар,

3. Топтың тәрбиелік сипаты. Аудиторияда сөйлеуді дамыту үшін кеңестік педагогикада тәрбиелеу принципі іске асырылады.

Тәрбиелеу әсері сөйлеу белсенділігінің мазмұны және оның лингвистикалық дизайнымен, сондай-ақ дұрыс ұйымдастырумен, сабақты жүргізу әдісімен көрсетіледі. Сабақтар оқшауланған ақпарат емес, белгілі бір білім беру жүйесі берілгендіктен, балалар біртіндеп тілге деген саналы қарым-қатынас элементтерін, оны ассимиляциялауды дамытады.

Сөзді дамыту үдерісінде, бұрын айтылғандай, барлық психикалық үдерістер жетілдірілуде. Мектеп жасына дейінгі жастағы жалпы қызығушылықты мектеп жасына дейінгі балалардың дифференциалды және тұрақты мүдделеріне дейінгі балалардың когнитивті мүдделері сабақтарға қол жетімді талдау және олардың қызметін бағалауда қолжетімді болуы маңызды.

Ана тілін меңгеру, оның байлығын және сұлулығын бірте-бірте жүзеге асыру патриоттық тәрбие беруде. Балаларға әлеуметтік-тарихи сипаттағы ақпарат беру, оларды кеңестік халық өмірімен таныстыру Отанға деген сүйіспеншілікті, интернационализмді, ұжымдастыруды, еңбекқорлықты арттыруға көмектесетін жоғары моральдық сезімдер мен идеяларды тәрбиелеуге байланысты.

Топта тәрбиеші балаларға өз білімдерін және шығармашылық қабілеттерін пайдалануға үйретеді. Баланың білім алуға деген ұмтылысын қолдауға, өз достарын өз әріптестерімен бөлісуге үйрету өте маңызды .

Сабақтардың мазмұны мен ұйымдастырылуы өзіндік мақсаттар, тәртіп, тактика және басқалар сияқты моральдық және ерікті ерекшеліктерді дамытуға көмектеседі.

Сөйлеу сабақтары балалардың эстетикалық тәрбиесіне үлкен әсерін тигізуі мүмкін. Тәрбиеші мектепке дейінгі жастағы балаларды сыртқы әлемнің нысандарымен таныстырудан ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаны қалыптастырумен эстетикалық тәрбиелеуді жүзеге асырады. Өз кезегінде тілдің өзі - бейнесі, музыкалық, көркем сөзі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Айтбенбетова А.Қ. Ауызекі және көркем шығарма мәтініндегі диалог: лексикалық, синтаксистік және стилистикалық сипаттама. А.,2007
2. Имангалиева Г.С.Типология диалога (на материале казахского и русского языков. Алматы, 1999.с. 17б.
3. Абдыкаримова Д.Б. Типология реплик казахского и русского диалогов.
4. А.,1999; Қаңлыбаева Ж.С. Коммуникативтік акт шеңберіндегі жауап репликаның қызметі. А.,2006.
5. Ана тілі оқыту әдістемесі. «Атамұра» Алматы 2012

ХАЛЫҚТЫҚ ЭТИКЕТ ДӘСТҮРІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ӘДЕПТІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Жаздықбаева Мария Ботаевна, п.ғ.к., доцент,
Қасымбеков Жақыпбек Айдарбекович, п.ғ.к., профессор
Қожа Ахмет Яссауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

Андатпа. Бүгінгі таңда біз үшін этнопедагогика тәрбиеге ұлттық ерекшеліктері, мәдениет, халықтың тұрмысы мен тарихына көп көңіл бөлетіндігі туралы ойы маңызды болып табылады, өйткені дәстүрлі мәдениет, әдептілік жобалар, құрылымдары, мөлшері мен мінез құлық ережелері әдептіліктің негізі.

Түйін сөздер: Этнопедагогика, тәрбие, мәдениет, дәстүр, әдептілік жобалар, мінез құлық ережелері.

Аннотация. Сегодня для нас важно, чтобы этнопедагогика учит национальным особенностям, культурам, жизни и истории людей, поскольку традиционная культура, этические проекты, структуры, размеры и поведение являются основой этики.

Ключевые слова: Этнопедагогика, воспитание, культура, традиции, этика, правила поведения

Annotation. Today it is important for us that ethnopedagogy teaches national characteristics, cultures, life and history of people, since traditional culture, ethical projects, structures, dimensions and behavior are the basis of ethics.

Keywords: Ethnopedagogy, education, culture, traditions, ethics, rules of conduct

«В.А.Сухомлинский баланың білімсіз-оның ақыл-ойының дамуы, ынтасы, қызығушылығы, қабілеті болмаса –тәрбиеде болмайды» деген. Баланың жас ерекшеліктері мен дара ерекшеліктері ескеріп әдептілікке тәрбиелеген. Этнопедагогика жас ерекшеліктер кезеңдерін сақтаған. Қазақ халық педагогикасында табиғатпен байланыс мәселесі басты рөл атқарған: үй жануарлары, өсімдіктер мен талдарға байланысты төрт кезеңге бөлген. Мысалы: Қазақтар қараағашты төртке бөлген: бала, жасөспірім, үлкен және қарт. Қарт талды –тіреуіш, үлкенін-төменгі тіреуіш, жасын-стропила, ең кішісін-өсе берсін деп тиіспеген. Мұндағы айтылған сөздің тәрбиелік мәні өте зор. Г.Н.Волковтың айтуынша қарттардан тәжірибе келер ұрпаққа тіреуіш болып, ал келер ұрпақтың ары қарай дами беруіне жағдай жасау керек деген ұғымды білдіреді[1].

Адамдардың дәстүрлі педагогикалық мәдениетінде жас ерекшеліктер кезеңіне бөлу бірнеше жақындықтар бар. Ең алғашқы болып, халықтық зерттеуіне сәйкес, жас ерекшелік кезеңін К.Б.Селчак ғылыми тұрғыда қараған. Оның негіздеуінде этникалық ортада баланың тұлғалық әлеуметтің жаңа кезеңіне ауысуы қарастырылған.

Г.Д.Сундуйдың жасаған кезеңге бөлуі 12 жылдық жануарлар күнтізбесіне негізделген: адамның жасының әрбір 12 жылы мүше болып саналады, жылда 12 айдан тұрады, сағатта 12 сағатпен есеп-

теледі. Бала 12 жасқа толғанда 1 мүше бітіп, екінші мүше басталады. Бұл жасқа келгенде ол өзінің жасаған істеріне, қылықтарына жауап береді деп айтқан. Оның зерттеуінде мынаған көңіл бөлген: болашақ ана қайғы болып жатқан жерге бармауы, сүт тағамдарын ішуге, темекі тартуға, адамдармен араздасуға болмайды, мейрімді болуы керек. Әйел баласына табиғат аясында көбірек болып, олардың қызығына бөленуі керек, сәбиге табиғаттың сұлулығын тілеу қажет. Г.Д.Сундуйдің халықтық педагогикаға енгізген «жатыр тәрбиесі» термині қазақтардың жас ерекшелік кезеңі туралы ежелгі ойларымен байланысты. Жаңадан туылған балаға 1 жас берген, өйткені бөбек пайда болғаннан туылған күнге дейін, анасының жатырында жатып, бір жылғы кезеңнен өтеді. Ол ананың құрсағында жатқанда оның ішкі дүниесі арқылы «тәрбиеленеді» [2].

Үшінші нұсқаны М.Б.Кенин-Ложан сипаттаған : Мұнда жеті қарақшы туралы айтылған «Адам өмірінде 7 кезең арқылы істі жасаған және тиым салынған. Бұл кезеңдер 7 қарақшы сияқты біресе көрінеді бірде жоғалады, біресе өшеді, біресе жанады, бірақ еш уақытта 7 санын жоғалтпайды.» Осы 7 жұлдыздай ұқсастық келер ұрпақтың байланысы қазақтарда жалғасын тапқан. Әрбір келер ұрпаққа бұрынғы ұрпақ тіршіліктегі мәселелерді шешуде тіреуіш, әдептілік мөлшерін тануда оқытушы болып табылған. Этноәлеуметте тұлғаның әлеуметтік кезеңдері мен ерекшеліктерін қараймыз.

1-ші кезең –туылғаннан бастап 3жасқа, дейін бөбекке барлығы қамқорлық жасаған: жастарда қарттарда суықтап қалмас үшін сақтандырған, оларды жұбатқан, анасы болмаған жерлерде көзден таса етпеген. Халық: «құлынды үркітпе, бөбекті қорқытпа» деп айтқан. Сонымен қатар, басқа да көптеген елдердегідей, кішіге қамқорлық жасаған және үлкендер отбасында оларды қарауға толығымен жауапкершіліктеріне алған. Бір ғана баласы бар отбасында өздерінің жақын туыстарының баласын арнайы көмекке сұраған. Мұндай рөлді негізінде кішкентай жасөспірімдер орындаған. Көмекке шақырылған туысына күнделікті киетін киімін, мектепке қажетті құралдарды және оның сабаққа үлгеріміне бөбектің ата-анасы жауап береді. Өсе келе «көмекші» өзінің «асыраушысынан» қолдау күтеді- оларды туыстық қатынас қана емес, бір-біріне бауырмашылдық қалыптасады.

Екінші кезең, балалық шақ, 3 жастан 15 жас аралығы (2 жас ерекшеліктер кезеңі-балалық шақ пен ересек-біріккен). Бұл кезеңде, туыс мүшелерінің қатарына енгеннен бастап, оған жауапкершілік артады, отбасының ережелерін мойындап, жақындары мен туыстарының ортасынан бөлінбеуді сезінетін әлемге кіреді. Адамдардың қарым-қатынастарын бақылай отырып отбасылық және туыстық жиындарда, ұлттық мерекелерде және жиналыстарға қатысады. Сондай-ақ адамдарға, қоғамға, өзіне, еңбекке және табиғатқа моральдық қатынасының жүйесін үйрене және меңгере отырып халықтық әдептілікке жақындайды.

Бұл кезеңде қыз 5 жасынан анасына көмектесе бастайды, ал ер бала- майда түздегі жұмысқа қолқабыс етеді. Ата-аналары олар туралы «менің-көмекшім» деп айтқан. Қазақ халық дәстүрінде әңгіме арасында мақтау сөздер айтуға көзден қорыққан және адамдардың көзінше өз балаларын мақтамаған. Бұл жастағы балалар халықтық әдептілікке жақын келеді, адамдармен тез тіл табысып, мінез-құлық ережелерін тез ұғынады.

ІІІ-кезең -16 жастан 29 жас аралығы (жастар) әкесі мен анасының тірегі, кезкелген үй шаруашылығын атқаруға, еркін жанұялық өмір бастауға дайын. Жасөспірімдерді «адам болды» дейтін болса, ал бұларды «өз еркімен, ешкімнің көмегінсіз өмір сүре алады» деп атаған. Шынында «жастар» ата-аналарының қамқорлығынан шығатын, ата-аналары оларды қатаң бақылайтын және әрбір жасаған кері қылықтары ата-аналарының беделін түсіріп, үмітін ақтамағандығы болып саналатын. Заңға бағынбағандармен жұмыстар атқарылып, үлкендер ақылмен шешкен және қателіктерін мойындағандар туралы «қателескен адам қайта өзінің атын иеленуге тырысты» деп айтқан.

Адамның ер жетуі және өз аяғына тұру туралы батырлар жырында көрсетілген: адал атын іздеу, оны арқанмен ұстау, күрес алғашқы сапар, батырдың көлігі. Батыр ақылды кеңесшісі –атын тапқанда ғана батыр бола алады. Аттың рөлі өте үлкен ол діни көзқарас саласымен тығыз байланысқан, мысалы, жерлеу дәстүрінің қажетті элементі болып табылған. Бұрынғы заманда ежелгі әскер, малшы, аңшы жерлеуге атпен бару керек-болатын. Халықтық педагогикада атқа жағдай жасап, оған шеберлікпен қарау керектігі және адамның атқа жақын болуы туралы айтылған. Қазақ өздерін өмірлерін ат болмаса қандай боларын болжай алмаған. Мысалы « Ат адамның қанаты» , жеті қазынаның бірі деп есептеген. Аттың басынан ұруыды, қамшыдан аттауды, оң жақтан атқа мінуді үлкен күнә санаған.

Сайып келгенде, бұл кезең туыстық маңыздылығы ретінде адамды дамытудың маңызды кезеңі болып саналады, жанұялық еркін өмір сүруге дайын.

ІҮ кезең- 30 жастан 45 жасқа дейін (орта жас) -әке мен ана. Бұл жастағы адамдарға үйлену тойларына баруға, жақсы тілектер айтуға және алыс сапар шегуге рұхсат етілген. Бұл жастағы адам өз туыстарына танымал, әйелі мен балаларына, қоршаған ортаға қамқорлық жасайды. Ер кісі өзіне тиісті міндеттемелерді, орындай отырып, отбасын сақтайды, әйел баласы – отбасының тіреушісі,

сақтаушысы. Біреуге арқа сүйеп өмір сүретін адамды туыстары сыйламаған, олармен араласпаған. «Егер адам еңбекті сүйсе, онда өмірді де сүйген» деп айтқан. Анасы қызына: «қызым бүгін істейтін жұмысыңды ертеңге қалдырма, қырық жасыңда сені ел сыйлау керек, қырық жасыңда сыйға иленбесең, өз туыстарыңның тіреуіші бола алмайсың» деп айтқан.

V-кезең -46 жастан 61 жасқа дейін (үлкен адам) Бұл жастағы адамдар туралы былай деген : «Бұл жастағы адам –ақылды адам , ол өмірдің ащысы мен тұщысын түсінеді, жастарға ақыл береді, туыстары силайды, жанұялық жиындардың барлығына шақырады, жастарды мінез-құлық ережелерін сақтауға үйретеді»

VI-кезең-62 жастан 81 жасқа дейін (қарттар) – көпті көрген және ақылды. Аянғатты ауылдың атақты бақсысының бәрі Офжак Очур Кавааевич бұл жастағы адам о дүниелік болуы мүмкін, өзінің балаларына, немерелеріне, шөберелеріне өмірлік тәжрибесін үйретеді. Егер қарт адамның өз ұлы ұятқа қалдырса, ол елге күлкі болмас үшін үйден шықпаған. Мұндай масқараны көргеніне өлгенің артық деп айтқан. Казіргі таңда жастар әдептілікті сақтамайды : баласы әкесіне қол көтеріп, әйелін ренжітуі мүмкін.

Кез келген үйде қарт адамды силаған, құрметтеген , оларды мереке күндері де, жәй күндеріде төрге отырғызған, олардың ақылдарын тыңдаған , олардың алдын кетеген, олардың көздарінше дауыс көтеріп сөйлеген. Олар жастардың ұстаздары.

VII- кезең-81 жастан демі таусылғанға дейін. Олар ақылды, халыққа ардақта адамдар. Олар үшін барлық жағдай жасалып, тыныштық беріледі, оларды оңаша қалдырмайды[3-11б].

Әр кезеңнің басында жас ерекшеліктеріне қарай жас балалар мен қоршаған ортаның арасындағы қатынас қалыптасқан. Бұл қатынасты Л.С.Выготский былай деп жазған «осы жастағы әлеуметтік жағдаятта даму »

Л.С.Выготский баланың психологиясын дамытуға 2 негізгі сұрақтар туындайды деп санаған: біріншіден бұл кезеңнің басындағы әлеуметтік жағдаяттықтың дамуы неліктен, екіншіден, бұл кезеңнің соңында бөбекте қандай психологиялық өзгерістер болуы мүмкін?

Жасөспірім кезеңде жаңа, күрделірек дағдылар мен қоршаған әлем туралы ойлар, адамның бір-бірінен көзқарасы қалыптасады, әдептілік және этетикалық аспектілерді олардың ойлау қабілеттері жүре бастайды , ал ересек кезеңде - өзін-өзі тәрбиелеуге ынталандырады. Ересек бала қоршаған ортамен, басқа адамдармен, өз өзімен байланыста болады, сондықтан әдептілік оған байланысты қалыптастыруға көмектеседі. Осы жастағы ересек балалар өз өмірінің әдептілік құндылығын тануға үйренеді.

Жоғары сынып оқушыларын әдептілікке тәрбиелеуде әдептілікті қолданудің мүмкіншілігі «адамның өзін-өзі тану» болып табылады дамытудың жаңа сапалы жағдаяты өзін –өзі танудың пайда болуына байланысты жасөспірім үшін басқа адамды дұрыс түсіну мүмкіншілігі. Тұлғаның түсінігін жетілдіретін әлеуметтік даму өзін-өзі тануда оның әрі қарай дамуына тіреуіш болады.

Жоғары сынып оқушыларын әдептілікке тәрбиелеудегі қолдану мүмкіншілдігі «Мен» немесе «Өзін-өзі даму» дамудың жаңа сапалы жағдаятын анықтайтды. өзін-өзі тани отырып, ересек бала басқа адамдарды таниды. В.А.Мудрик ұлдар мен қыздар өзін-өзі тану оны қоршаған әртүрлі адамдар әңгімелесу үдерісінде, әртүрлі әлеуметтік рөлдер орындауда пайда балады деп санаған. Адам үлкендермен, құрбыларымен, ересектермен және кішкентайлармен қатыса отырып, өзін таниды. Ол өзінің оқу, білімі, қабілеті үшін бағаланады. Ол өзінің бойына қажетіні дамытады және жаңаларын қабылдайды[1-19б].

Осы жобада әдептілік қолдану тұлғаның әдптілік халық құралы ретінде, адамның мінез-құлқын жөндейтін құрал ретінде өмірдің қажеттілігі болып табылады. Жасөспірім өзінің және біреудің мінез-құлқын салыстыра, бақылай және талдай отырып , мінез-құлқ ережелерін таниды.

Бұл жаста қыздар мен ұлдардың өзін-өзі тану мәселесін шешудің дайындық үдерісі жүргізіледі; олар барлық сала бойынша; досты мамандықты, өмірлік жолын, әдептілік идеалын таңдайды, сондықтан әдептілікті қалыптастыру жоғары сынып оқушылары үшін үлкен іс. Жасөспірімдер мұндай жаста ешкімге бағынбауға бейім және еркіндікті жақсы көреді. Жоғары сынып оқушыларының «ішкі пазициясы» өзін-өзі анықтауға, өзінің мүмкіншіліктерін сезінуге бағытталуы әдептілік дағдыларын қалыптасуға, халықтық әдептілік дәстүрінде әдептілік идеалын анықтауға ерекше стимул болып табылады.

Әдептілік тәжрибесінде этикетті қолдануды жоғары сынып оқушылардың ой-өрістерінің даму деңейінің, себепті құбылысы түсіндіруді ынтасы, өз ойын жеткізе білу.

Шындықты дәлелдеу, көргенін, естігенін, оқиғаны талдау тізімін, айтып өтуге болады .

Әдептілікті жай ғана үйрене және оның қатал мөлшерлерін біле отырып жоғарғы сынып оқушылыры оны болдырмайды, керісінше ойланады. Олар үшін этикет адам арасындағы әдептілік

қарым-қатынас қорытындысы, оған дамытудан гөрі этикет филасофиясын түсіну қажет және ол мінез-құлыққа байланысты ежелгі әдептілік заңды шебер қабылдайды және қайта ойланады.

Жоғарғы сынып оқушысы өмірден алған эстетикалық және сезімдік тәжірибесін жинай отырып, адамдармен қарым-қатынасын түсінуге ұмтылады.

Отбасы құрылымдық негізінде үш сатылық байланыстан тұрсада аталам мен немерелер арасында тығыз байланыстардың жас ата-аналардың этикет арқылы әдептілік дағдысын үйрету қабілетінің төмендеуі байқалады, ал бұл болса жас жеткіншектердің «өткенді қабылдау сезімінің» жоғалуына себеп блып табылады.

10-11 сынып оқушыларының жауаптарына сүйене отырып, біз қорытынды жасадық. Бізді жоғары сынып оқушыларының әртүрлі саладағы дәстүрлі этикетпен байланысы туралы мәлімдемелері қызықтырды. Отбасындағы қалыптасқан этикалық дәстүр кішкентайларғада әсерін тигізеді. 92 оқушының отыз үш үзбей толық, ал 59 оқушы «кейде», «ешуақытта», «өте аз» деп жауап берген.

Мектептеде бұл жөнінде деңгей төмен десекте болады, өйткені мұнда үнемі халықтық этикетті қалыптастыруға еш қандай жағдай жасамайды. Дәстүрлі этикет туралы мәліметтер беріліп отырады, бірақ оны оқушылардың сапасына жеткізілмейді. Бүгінгі таңда оқушылардың күнделікті үйде, мектепте ұлттық этикет туралы қатынасы төмен, этикалық дәстүр үлгілерін үйретуге ынта қоймайды, сондықтан пайдалы психологиялық- педагогикалық шарттарды ескере отырып, оқушылардың халықтық этикетке әдептілік мазмұнын меңгерулері оқу-тәрбие үрдісіне (мектепте) сонымен қатар, болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісінде де уақыт жетті деп ойлаймын.

И.С.Кон былай деген : «Әрбір ұлт әрқашан өз балаларын шыншыл, мықты, еңбекқор етіп тәрбиелегісі келеді: Осы жалпы адами құндылықтарды қалыптастыруға не қажет және оны халық педагогикасына ендіруге, жүзеге асыруға қандай құралдар арқылы қол жеткізуге болады ал тәрбие үдерісінде маңыздылығы оның мақсаты, жүзеге асырылу құралы мен орындалу қорытындысында байқалады.

Әдептілік тәрбиесі тұлғаның әлеуметтілігінің бөлігі, сондықтан әлеуметтік-адамның құндылықтарды, мөлшерлерін мінез-құлық үлгілерін меңгеруін ол қоғамға, әлеуметтік ортаға, топқа әлеуметтік,тәрбие адамның әлеуметтік қатынасының жүйесіне енуіне: оқу, білім, дағды, тәжрибені жинақтауға жан – жақты бағыт береді[3-56б].

Жаңа әлеуметтік- педагогикалық жағдаятта жас бала біртіндеп қоршаған ортаны тани бастайды, уақыт өте ол іске кіріседі, деген ойы өзекті мәселенің шешімі болып табылады. Бұл мәселеден соң жас баланың шындық пен мейрімділікке ұмтылу санасы оянады. Ең соңында, екі қорытындыны жинақтай келе заманауи әдептілік білім туралы ой туындайды.

Заманауи тәрбие тұлғаның бойында әдептілікті қалыптастыруға бағытталған. Ауыспалы заманда адам әдептілікті меңгере отырып, өмір сүре алады және тиімді пайдаланады.

«Әдептілік болмаған жерде тіршілік жоқ, әлеуметтік бірлік жоқ жерде тұлғада жоқ, әдептілік тәрбиесі бірінші кезекте нағыз адам тәрбиесінің саласы болып табылады. Бұл тұлғаның болмыс үдерісінің маңызды компоненті»

Бүгінгі таңда біз үшін этнопедагогика тәрбиеге ұлттық ерекшеліктері, мәдениет, халықтың тұрмысы мен тарихына көп көңіл бөлетіндігі туралы ойы маңызды болып табылады, өйткені дәстүрлі мәдениет, әдептілік жобалар, құрылымдары, мөлшері мен мінез құлық ережелері әдептіліктің негізі. Сондықтан әдептілік тәрбиенің негізгі мақсаты тұлғаның ынтасында халықтық дәстүрлерді қалыптастыру және дамыту, ал әдептілік тәрбиенің мазмұны тұлғаның әдептілік санасына арнайы көңілді болжайды, бұл дегеніміз әдептілік талаптар бағдарламасын, тұлғаның әдептілік санасының тізімін болжайды.

Әдептілік сөзінің мағынасын этикалық мәдениет, дәстүрінің мөлшерлері мен ережелерінде бекітілгендігі адамның әдептілік мінез-құлқына тікелей қатысты.

Бұл сөздің мағынасын адамдардың еркін өмір сүре бастағандығы деп түсінуге болған мысалы:(адам болды), (қыз болды), (ер жетті) дегендей. Мұндай мінездемені туыстардың үлкені, туыстары немесе ата-аналары (аяқтарынан тұрғанда берген. Осындай атаққа иелену үшін шын мәнісінде өзінің мейрімді мінезімен, халықтың бағалаумен жас жігіт иеленеді: Егер (адам болды) деген сөзге иеленсе,онда ол тек қана әртүлрі әлеуметтік рөлдерді орындаушы емес, сонымен қатар өзімен әдептілік идеалдерды алып жүретін адам ретінде табылған. Осы атаққа керісінше, кері мінездемесі мен халықтың үмітін ақтамаған,(ешкім емес), (әдепсіз)деген сөзге иеленген.

Сайып келгенде, халықтық педагогика әдептілік тәрбиенің мақсатын әдептілікті құру деп санаған. Егер біз бір мақсатқа жетуге ұмтылатын болсақ, онда әдептілікті қалыпты дамытуды жүзеге асыруға жол табамыз, өйкені адам алдына қандайда бір мақсат қоятын болса онда өзіне сенеді: Бір жүйеге келтірілген жүйенің мақсаттың жиынтығы идеал дейді. Идеалда адамның тәрбиесі мен өзінөзі тәрбиелеу мақсаты көрсетіледі, өзі ұмтылатын оған жоғарғы үлгі беріледі. Әрбір халыққа ерекше

идеал болады және әрбір тұлғадан өз тәрбиесінде осы идеалды қабылдауды қажет етеді. Әр халықтың адам идеалы халықтың мінезге сәйкес, халықтың қоғамдық өмірімен анықталынады, оның дамуымен бірге дамуды, оны дәлелдеу әрбір халықтың мәдениеттің негізгі мақсатын құрайды.

Әдебиеттер

1.Дүйсембінова Р.Қ. Қазақ этнопедагогикасын мектептің оқу-тәрбие процесіне ендірудің ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед.ғыл. док. дисс. автореф., Алматы, 2000, 43 б.

2.Магауова А.С. Подготовка будущего учителя к использованию прогрессивных традиции народной педагогики в учебно-воспитательном процессе общеобразовательной школы. Дис. канд.пед.наук, Алматы, 1995, 157 с.

3.Бахтиярова Г. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын педагогикалық пәндерді оқытуда пайдалану. Пед.ғыл. канд. дис.,Алматы, 1995, 151 б.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Икрамова А.Ш. – п.ғ.к., қауымд.профессор м.а.
Изимова А. – 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ. Алматы қаласы, ҚР

Андатпа: Бұл мақалада білім беру процесіндегі мектеп оқушыларының эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың маңызы жайында баяндалады. Оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің ерекшелігі мен жолдары түсіндіріледі.
Кілт сөздер: эстетика, тәрбие, мәдениет, талғам.

Аннотация: В данной статье подчеркивается важность формирования эстетической культуры школьников в образовательном процессе. Рассмотрены особенности и способы эстетического воспитания учащихся.
Ключевые слова: эстетика, воспитание, культура, вкус.

Annotation: This article emphasizes the importance of the formation of aesthetic culture of schoolchildren in the educational process. The features and methods of aesthetic education of students are considered.
Keywords: aesthetics, education, culture, choice.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасында соңғы онжылдықта білім беру саласындағы болып жатқан өзгерістер бастауыш мектеп оқушыларын оқыту және тәрбиелеуге жаңа талаптар қоюда. Соның ішінде сұлулықты түсінетін, мәдениетті, үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруда ерекше рөлді эстетикалық тәрбие атқарады. Осыған байланысты болашақ ұрпақты эстетикалық талғамы жоғары етіп тәрбиелеу мәселесі мұқият талдауды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында білім берудегі басты міндет ретінде жеке тұлғаның шығармашылық және рухани мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауаттық өмір салтының негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасай отырып, олардың ақыл-ойы мен зердесін байыту сондай-ақ әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне үйрету атап көрсетілген [1].

Жеке тұлғаның эстетикалық мәдениетін, көркем талғамын қалыптастыруды зерттеу маңызды және өзекті мәселе болып келеді. Өйткені соңғы уақытта қазіргі жастардың рухани және адамгершілік әлеуетінің төмендеуі байқалады. Дамыған, көркем талғам шын мәнінде әдемі нәрсені эстетикалық тұрғыдан дұрыс бағалауға, өмірде, тұрмыста және еңбекте эстетикалық нәрсені эстетикалық емес нәрселерден ажыратуға, әсемдікті түсінуге көмектеседі. Сол себепті көркем талғамды, қабілеттерді қалыптастыру, шынайылықты эстетикалық қабылдау эстетикалық тәрбие берудің аса маңызды міндеті болып табылады.

Тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыратын негіз салушы құрамдаушы болып эстетикалық тәрбие беру мәдениеті танылған, оның маңызды факторы - әлемдік және отандық эстетикалық құндылықтар, әсіресе тек қана өз халқының ғана емес, басқа да халықтардың көркем, көркем-шығармашылық тәжірибесі. Ол адамды тек қана сұлулықты сезініп, түсінуге қабілетті етіп қана қоймай, оған өзінің рухани байлығын еркін түрде, белсенді, шығармашылықпен эстетикалық түрде көрсету қабілетін бере алады.

Бүгінде адамның өмірі мен әрекетінің кез келген саласында эстетика мен поэзиясыз тіршілік

етуге болмайтыны кәміл ақиқат. Олай болса, қоғам және адам өміріндегі эстетика аясының кеңеюі, тек ұрпақтан - ұрпаққа тарихи-мәдени болуды ғана міндеттемейді, сонымен қатар аға ұрпақтың тәжірибесін бойымызға сіңіруді, әсемдік жайындағы тәжірибесін молайтуды талап етеді.

Көне әдебиеттерден бастау алған жеке тұлғаның мәдениеті, тәрбиесі, дамуы бүгінгі дейін ешбір маңызын жоймай келеді. Өз еңбектерінде адамның жеке басының дамуына баса тоқталып, қалам тербеген ежелгі ұлы ойшылдарымыз Әл-Фараби, М.Қашғари, Ж.Баласағұни, ұлы Абай, Ш.Құдайбердіұлы, бертін келе көрнекті педагогтар М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсыновтардың ізін С.Ұзақбаева, С.Жолдасбекова т.б. сынды көптеген ғалымдар жалғады. Оның ішінде шетелдік, Ресей ғалымдарын да ерекше атап кетуге болады. Бұл – жеке тұлға мәдениетінің аса маңызды фактор екенін, оның ғасырлар тоғысында да өз ерекшелігін жоғалтпағанын аңғартады.

Философиялық тұрғыдан алып қарайтын болсақ "эстетика" деген сөздің өзіне былайша түсініктер берген. "Эстетика"-көркемдік таным теориясы, әсемдік туралы, көркем шығарманың жалпы заңдары туралы, адамның болмысқа эстетикалық қатынасы туралы ғылым, өнерге деген көзқарас, өнерді қабылдау, сезіну, түйсіну, түсіну. Ал, «эстетикалық» дегеніміз не, бұл сөз нені білдіреді? Бұл гректің сөзі, оның тікелей аудармасы «сезінушілік» (чувственное) дегенді білдіреді: Мұнда көру, есту, түйсіну, талғам арқылы – бұл адамдардың сезінуі. Эстетикалық тәрбие адамның рухани бейнесін қалыптастырудың соншама ауқымды саласын қамтиды. Кейде эстетикалық тәрбие деген ұғымды "көркемдікке тәрбиелеу" деген ұғыммен қатар алып жүрміз.

Батыстың белгілі философы И.Кант (1724-1804) "Прекрасное есть символ нравственного, бодрого и только принимая это во внимание, оно нравится" деген еді [2]. Ғұлама бұл жерде этикалық тәрбие адамның эстетикалық тыныс-тіршілігімен байланысты деп тұр емес пе? Этика мен эстетика бір-бірінсіз өмір сүре алмайтыны шындық. Ал бұл екеуінен де жұрдай, не бұлары бір-бірімен қиыспайтын адам бұрын да болған, қазір де бар. Эстетикалық талғамды тәрбиелеу – адамның көңіл-күйіне, мінезіне қатысты мәселе. Айталық, көркем сөз бен картиналарды адам іштей бағалап, жан дүниесімен сезініп, терең ойға шомылып, ұнағанына қуанып, ұнамағанына реніш білдіріп отырады. Егер адам осындай көңіл күйіне түспесе, эстетикалық тәрбиеміздің пәрменсіз болатындығы түсінікті. Эстетикалық талғамнан эстетикалық ұғымды ажырата білу ләзім. Эстетикалық талғам – адамның түрлі өнер салаларынан алған түсініктерінің жиынтығы. Эстетикалық ұғым оның іргетасы, ол шәкірттердің жас өзгешеліктеріне байланысты өзгеріп отырады.

Эстетикалық тәрбие беру – адамның шынайылыққа белгілі бір эстетикалық қатынасын қалыптастыру. Эстетикалық тәрбие процесінде тұлғаның эстетикалық құндылықтар әлемінде олардың белгілі бір нақты қоғамдағы қалыптасқан сипаты туралы түсініктерге сәйкес бағыттылығы, бұл құндылықтарды игеруі қалыптасады. Эстетикалық тәрбиемен бір уақытта адамның эстетикалық қабылдау мен сезіну қабілеті, эстетикалық талғамы мен идеалы, сұлулық заңдары бойынша шығармашылыққа, өнерде және одан тыс (еңбек қызметі саласында, тұрмыста, әрекеттер мен тәртібінде) эстетикалық құндылықтар жасауға деген қабілеті қалыптасады және дамиды. Осылайша, эстетикалық тәрбие қарама-қайшылықтар бірлігін құрайтын екі негізгі қызметке ие: тұлғаның эстетикалық-шығармашылық әлеуеттерін дамытудағы эстетикалық құндылықты бағдарын қалыптастыру. Бұл қызметтер эстетикалық тәрбиенің қоғамдық өмірдегі орнын, оның тәрбие қызметінің басқа түрлерімен байланысын анықтайды. «Эстетикалық тәрбие» түсінігі эстетикалық тәрбие теориясында жалпылама түсінік болып табылады. Ол оған тәуелді бірқатар түсініктерді қамтиды. Олардың арасынан, эстетикалық даму – адамда эстетикалық түйсінудің, шығармашылық қиялдың, эмоционалдық сезінудің белсенділігін қамтамасыз ететін мәндік күштердің, сондай-ақ рухани қажеттіліктердің мақсатқа бағытталған қалыптасу процесі. Әрбір адамның толыққанды эстетикалық дамуы – бұл асып кетушілік емес, тұлғаның жан-жақты дамуының абсолютті қажетті құрамдаушысы, ол болмаған жағдайда әлемге, адамдарға, табиғатқа деген қатынастың адамгершілік принциптерін толық игеру болмайды және болуы мүмкін емес. Өз кезегінде, рухани және адамгершілік даму қатаң реттелген эстетикалық тәрбие жүйесінсіз мүмкін болмайды, ол индивидумның барлық пәндер, факультативтер мен үйірмелер арқылы, қоршаған жағдайдың өзі, ұжымдағы қатынастар арқылы оқыту процесінде эстетикалық дамуын талап етеді .

Шығармашылықтағы көркем талғамның қалыптасуы тек қана көркем шеберліктер мен дағдыларды игеруге ғана сайып қоймайды, тұлғаға шынайы өмір құбылыстарын, қоғамда болып жатқан процестерді іріктеу мен оларға эстетикалық баға берудің ішкі критериі қызметін атқаратын тұлғаның қасиеттері мен сапаларының тұтас кешенінің, тұлғаның рухани-адамгершілік әлеуетінің одан әрі дамуына бағытталуының қалыптасуы болып табылады. Осыған байланысты оқыту әдістерін жетілдіру жолдарын барынша іздеу мен мектептегі оқыту процесін толығымен қазіргі заман талаптарына сай берік ғылыми негізге қою талпынысы жүзеге асады.

Эстетикалық тәрбиенің негізгі құралдары-әдебиет, өнер. Өнер мен әдебиет адам санасына белгілі көзқарастарды әр түрлі құралдар: әдебиет, театр, кино, теледидар, музыка, кескіндеме (пейзаж, баталия), мүсін (бюст), т.б. көркем туындылар арқылы әсер етіп қалыптастырады. Бұл жерде көптеген мысалдар келтіруге болады.

Эстетикалық тәрбие берудің түрлі теорияларын зерттеу және танысу барысында біз түрлі дәуірлер теоретиктерінің еңбектің, өнердің ролін эстетикалық тәрбиенің аса маңызды құралы ретінде бағалап, оған жастарға адамгершілік тәрбие беру жүйесінде ерекше орын бөлгендігін аңғардық. Эстетикалық тәрбиедегі қолөнердің айрықша ролі оның шынайылықты эстетикалық игеру әдісінің, эстетикалық әрекеттің жоғарғы нысаны болып табылатындығымен түсіндіріледі. Сол себептен өнер, қай ғасырда болмасын, қоғамдық өмірде маңызды орынға ие болды.

Қазақтың белгілі ғалымдарының бірі С. Ұзақбаева өзінің 1995 жылы жарық көрген «Тамыры терең тәрбие» деген еңбегінде бүгінгі мектептегі эстетикалық тәрбиеге терең үңілген[3]. Онда эстетикалық тәрбиенің маңызы және міндеттерімен қатар балаларға эстетикалық тәрбие берудегі ұлттық өнердің рөлін баса көрсеткен. Әсіресе ұлттық өнердің қасиетін бастауыш сынып оқушыларына, керек болса балабақшадағы балалардың бойына қалыптастырғанымыз жөн. Себебі ұлттық белгі осы ұлттық эстетика арқылы айқындалады.

Эстетикалық тәрбиенің методологиялық негізі – диалектикалық-материалистік көзқарас. Ол өмір мен өнердегі эстетиканың мәнін ашады, адамның ортаны эстетикалық тұрғыда меңгеруіне қажетті деген негізгі принциптерін зерттейді, көркем шығармашылық заңдарын тексереді.

Балалардың эстетикалық сана-сезімін, көзқарасы мен талғамын, құштарлығын арттыруда, тәрбиелік ықпалдық нәтижесін қамтамасыз етуде ұстаздар ұжымының эстетика саласында білімдері мен қабілеттерінің болуы, оқушылар өмірін «әсемдік заңы» бойынша құруда олардың өздерінің белсенді әрекеттердің болуы да мұғалімдер қауымына үлкен жауапкершілігі жүктейді.

Эстетикалық (әсем) істер - арнайы бағыттағы тәрбие жұмыстарының жалпы атауы, мақсаты - өмірге эстетикалық қатынас баулу: еңбекке, қоғамдық іске, табиғатқа, өнерге, өз қылығына деген қатынасты таныту. Эстетикалық тәрбиенің басты міндеті - эстетикалық түсінік, баға, талқы, қажеттік, тандау және қабілет дамыту. Эстетикалық көзқарасты қалыптастыруда мектептен, сыныптан тыс оқушылармен өткізілетін үйірмелер мен іс-шаралардың маңызы зор. Табиғатқа саяхат, түрлі көрмелер, тарихи ескерткіштер, әдеби мұражайлар, кинотеатр, өнер адамдарымен кездесу, түрлі үйірмелер, білім алу, т.б. орындары ерекше.

Қорыта айтқанда, біздің қоғамның объективті қажеттілігінен шыға келе, педагогика ғылымы өскелең ұрпақты тәрбиелеу процесін, тұлғаның жаңа, үйлесімді дамыған адамға қажетті қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөліп, зерттеуде. Қазіргі әлемде адамның позициясы, оның айналада болып жатқанға деген қатынасы өте маңызды. Сол себептен педагогика ғылымы алдыңғы қатарға тұлғаның белсенділік секілді қасиетін қалыптастыруды қояды. Бұл қасиет адамды қоршаған әлемге пассивті сырттай қараушыдан қазіргі қоғамның талаптарын барынша толық қанағаттандыратын тұлғаға айналдырады. Халықтың бай тарихын, мәдени құбылыстарының сан қилы ерекшеліктерін білмей, бүгінгі тәрбие жүйесін қалыптастыру мүмкін емес. Бүгінгі білім жүйесіндегі өнердің басты мақсаты-ол адам баласының барлық іс-әрекетіндегі сергек сезімталдықты, әдемілік пен әсемдікті тәрбиелеу. Сондықтан, жеке тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру – ұрпақ тәрбиелеудегі маңызды міндет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2000
2. Кант И. О педагогике (Пер. с нем. Б.М. Бим-Бада),1801.
3. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. -Алматы: Білім,1997.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ - АТАДАН БАЛАҒА МҰРА БОЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН РУХАНИ МӘДЕНИ ҚАЗЫНА

Икрамова А.Ш., Садықова М.К. – п.ғ.к., қауымд.профессор міндетін атқарушылар
Юсупова И.Б. - п.ғ.к., аға оқытушы, ҚазҰЛТҚызПедУнив, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ұрпақ тәрбиелеудің басты құралы ретінде қазақтың ұлттық ойындар қолданудың маңызы қарастырылады.

Кілт сөздер: ұлттық ойындар, тәрбиелеу, ұрпақ, психологиялық-педагогикалық құрал, іс-әрекет

Аннотация. В этой статье рассматривается роль национальных казахских игр в развитии и воспитании подрастающего поколения.
Ключевые слова: национальные игры, воспитание, поколение, психологическое-педагогическое средство, деятельность

Annotation. This article discusses the role of national Kazakh games in the development and education of the younger generation.
Keywords: national games, education, generation, psychological and pedagogical means, activity

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2030» стратегиясында негізгі бағыттардың бірі ретінде халықтың ұлттық моделі мен салт-дәстүрлерін есепке ала отырып, білімі мен білігі жағынан өркениетті елдердегі замандастарымен қатар тұра алатын, бойында ұлттық, отаншылдық рухы мықты қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу қажеттігі баса айтылған [1].

Ата-бабамыздан бізге жеткен, өткеніміз бен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз – қазақтың ұлттық ойындары болып табылады. Ол туралы қағаз бетіне түскен алғашқы деректер XIII ғасырдан бастау алады. Оны алғаш жинап, Еуропа жұртшылығына таныстырған Италия саяхатшысы Плано Карпини болды. Ол XIII ғасырда Еуропа халқына Монғол тарихын таныстыру мақсатымен саяхатқа шыққан П.Карпини Жетісу мен Тарбағатайды басып өткен кезде, осы өңірді мекендеген ру-тайпалардың тұрмысы, әдет-ғұрыптары, ойын-сауықтары жайлы көптеген этнографиялық материалдар жинаған.

Қазақтың ұлттық ойындарының этникалық ерекшелігін саралап, талдап, топқа бөліп жіктеуге ат салысқан белгілі ғалымдар Е.А.Алекторов, А.А.Диваев, М.Гуннер т.б. еңбектерін атауға болады. Қазақтың ұлттық ойындарын жинап баспа орындарына ұсынушылардың бірі -А.Диваев болды. А.Диваев қазақ халқының ұлттық ойындарын тек жинап қана қойған жоқ, оның бала тәрбиесіндегі маңызын көре білді және оның тәрбиедегі орнын белгілеуге тырысты. Ол қазақтың ұлттық ойындарының әлеуметтік негізін анықтап, ұлт ретіндегі даму тарихындағы маңызын зерделеген. Ол өзінің еңбегінде Қазақ халқының қалыптасқан әдет-ғұрпына орай балалардың жас кезеңдерін үш топқа бөліп қарастырған: а) бір жастан жетіге дейін; ә) жеті жастан он бес жасқа дейін; б) он бестен отызға дейін. Осы кезеңдерді негізге ала отырып қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа жіктеген. Бірінші топқа сәбилер ойыны деп ат қойып, баланың дүниеге көзқарасын қалыптастыратын ойындарды жатқызады: Соқыр теке, Түйе-түйе, Көк сиыр, Үйшік-үйшік, Қой бағу, Бөрік жасырмақ т.б. Екінші топтағы ойындарды бозбалалар ойыны деп атап, оған Орда, Домалақ ағаш, Бөрік жасырмақ, Тақия телпек шілік т.б. ойындарды жатқызады. Үшінші топтағы ойынды жігіттер ойыны деп атайды да, осы топқа жататын ойындардың өзін үш топқа бөледі.

1.Қоғамдық өмірге байланысты қазақ халқының ұғымында ерте қалыптасқан «Хан жақсы ма?» ойыны.

2. Жедел қимылды ойындарды – Жаяу көкпар, Арынды арқан, Тиын салу, Алтыбақан, Арқан тартыс, Белбеу тастау, Шертпек, Көрші т.б. жатқызады.

3.Спорттық маңызы бар ойындар – Бәйге, Көкпар, Түйе жарыс, Аударыспақ, Жамбы ату, Жаяу жарыс, Жорға жарыс, Қазақша күрес, Күміс алу, Қыз қуу, Сайыс, Таяқ жүгірту т.б. жатқызды[2].

Бұл ойын түрлері мен атаулары біздің заманымызға дейін қазақ халқының ұлттық ойыны туралы бұрын-соңды айтылған, әлі күнге дейін өз құнын жоймай келе жатқан ғылыми пікір айтуға ниет білдірген алғашқы еңбек деуге болады.

Француз педагогы Ж.Ж.Руссо баланың жан-жақты дамуында ойынның алатын орны туралы алғашқы пікір айтушылардың бірі болды. Ол ойын баланы ойлауға үйретеді, оның сезімін оятып, еркін шыңдап, мінезіне, ақыл-ойы мен іс-әрекетіне әсер ететіні туралы пікірді дамытты [3]. Неміс философы Иммануил Кант ойын адамның дене, адамгершілік және эстетикалық тәрбиесіне тигізер пайдасы зор деп есептеген [4].

Қазақ ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен атын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі [5].

Ойынның тәрбие жұмысында педагогикалық-психологиялық құрал екендігі жөніндегі түсінікті

кейінгі педагогиканың үздік ойлы өкілдері одан әрі дамытып, кеңейте түсті. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген итальян педагогі Д.А.Колоццо ойынның оқу-тәрбие жұмысындағы орны туралы пікірді одан әрі дамыта түсті. Ол ойынды қаншама жоғары бағалап, ақыл-ой тәрбиесіндегі педагогикалық-физиологиялық құндылығын көрсетіп, оның бала бойындағы ерік-қайрат, адамгершілік әдетті қалыптастырудағы рөлін барынша жеткізе айтқан [6].

Ұлттық ойындар болашақ ұрпақты жасқаншақтылықтан, қорқақтықтан, босаңдықтан, жан сауғалаушылықтан бой тартуға, кейін шегінушіліктен жат, қоршауға түсіп қалған жағдайда тез шешімділікпен күресуге, ұрыстың түрлі тәсілдерін қолдануға, жауынан құтылуға, жаудың күшін көп жұмсатқызуға, бет-алды қан төкпеуге, қажетті жерде қан төгуден бас тартпауға, өзінің және ат күшін сақтай ықтиярлықпен күресуге жақ болуға баулып, тәрбиелейді.

Орыстың демократтары В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов т.б. ойынды халық педагогикасынан бөле қарамай, оны әлеуметтік тұрғыдан бала тәрбиесімен бірлікте қарастырған. Сонымен қатар ойын теориясының дамуына өз үлестерін қосып, ойынның негізгі маңызын түсініп, балалар ойынындағы жасандылыққа қарсылық танытқан.

Ұлттық ойындарды мектептегі педагогикалық іс-әрекеттің қажетіне жарату туралы пікірді тыңғылықты қоя білген Г.А.Покровский болды. Балаларды жан-жақты тәрбиелеу әдісін іздестіру барысында Покровский бірден-бір тиімді құрал деп ұлт ойындарына көңіл аударып, оны балаларды табиғи тәрбиелеуде әрі тартымды, әрі таңдаулы тәрбие құралы деп білді. Ұлт ойындары дене тәрбиесінің таптырмайтын құралы, біздің халықтың мінез-құлқын калыптастырып, оны айқындай түсетінін көрсетті. Сондай-ақ, өз еңбектерінде басқа да халықтардың ойындарын жинақтап, зерттеп, оларды өзінің жинақтарына енгізіп, ол туралы өз пікірін білдіре отыруды да естен шығармады. Г.А.Покровский өзінің жинағына қазақтың ұлттық ойындарын да енгізіп, оның тәрбиелік, білімдік жағының өзіне тән ерекшелігін ескеріп, көрсете білген [7].

Ұлттық ойындардың тууы да, дамуы да әлеуметтік құбылыс. Өйткені, оны туғызушы да, іске қосып керегіне жаратушы да - халық. Ойын әлеуметтік ортада ғана, өзін жасап, өмірге әкелушілерінің қажетін өтей алады. Осы қажеттілікті адам баласының өзі көздеген мақсатына жеткізу үшін, онымен айналысушылар көпшілік халық алдына алып шығып көрсету үшін оны өңдеп, қырлап, шыңдай түседі. Ол үшін өзінің ақылы мен қайратын жұмсайды. Ойынды ойдағыдай шығару үшін, көпшілікке көрсету үшін жаттығады, тер төгеді, үлкен еңбек мектебінен өтеді.

Қазақтың дәстүрлі ойындары мен жаттығуларын қолдану жөнінде Т.Ж.Бекбатчаев ұлттық ойын түрлерін жіктеп, бірнеше бөліктерге бөліп, топтастырған. Атап айқанда: 1. Ойыншықтармен ойналатын ойын. 2. Лақтыру, жүгіру және секіру элементтері қатыстыратын ойындар. 3. Күрес және қарсыласу элементі кездесетін ойындар. 4. Көзді байлап ойналатын ойындар. 5. Алаңда ойналатын ойындар. 6. Суда ойналатын ойындар. 7. Әскери-өнерлік ойындар. 8. Столда ойналатын ойындар. 9. Ат-спорты ойындары. 10. Аттракциондар.

Жас ерекшеліктеріне қарай бұларды екі топқа бөлуге болады:1. Балалар ойыны. 2.Үлкендер ойыны [8].

Зерттеуші ғалым А.Қ.Айтпаеваның «Қазақ халық ойындары – бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу құралы» атты еңбегінде – орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу құралы ретінде қазақ ұлттық ойындарын пайдаланудың теориялық-әдістемелік негіздерін жасап, қазақ халық ойындарының педагогикалық жіктемесін ұсынып, тәрбиелік мүмкіндіктерін айқындаған [9].

Қазақтың ұлттық ойындарын қазіргі зерттеушілер арасында жеткілікті ғылыми тұрғыда қарастырғандардың біріне Е.Сағындықовтың еңбектерін жатқызуға болады, себебі, ол алғашқы зерттеулерінде ұлт ойындарын кеңестік кеңістіктің аумағында алғаш рет ана тілі, математика сабақтарының барысында дидактикалық материал ретінде пайдалану үшін нақты материалдар ретінде ұсынған. Атап айтқанда, ұлттық ойындарды қазақ тілі, математика пәндерінде және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында: сабақ аралық үзілістерде, ертеңгіліктер мен кештерде және ұзартылған күн топтарында пайдалануды әдістемелік тұрғыда көрсете білді. Сонымен қатар, ұлттық ойындардың тұлғалық-салауаттық классификациясын ұсынған.

1. Еңбек-тұрмыс ойындары;

2. Дене шынықтыру спорт ойындары;

3. Ойлау арқылы орындалатын ойындар [10].

Бұл ойын түрлері жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттермен қатар адамдар арасында қарым-қатынас жасау негіздеріне, өнерге, оны сезініп бағалауға үйретеді, өзін-өзі тәрбиелеп, білімді меңгеруге деген өзіндік ізденісін арттырып, өзін-өзі танып білуге жетелейтін құрал болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының қай-қайсысы болмасын әлеуметтік-педагогикалық бел-

гілі бір мақсатқа негізделеді. Қай халықтың ойыны болмасын оның негізінде ұжымдық топтасып ойнау мақсаты көзделсе, қазақ ойындарында да белгілі бір әлеуметтік мақсат пен тәрбиелік ниет астасып жатады. Солардың қайсысы болмасын адамның жасампаз қиялын оятып, өнерге үндеп, өз жанынан суырып салып айту, жаңалыққа, еркін ойға ұмтылдыра жетелейді. Осы тұрғыдан алғанда әр ойынның қоғамда өзіндік орны, көздейтін мақсаты бар. Осыны есепке алған халық ұлттық ойынға үлкен мән беріп, оның әлеуметтік-педагогикалық, тәрбиелік мәнін бала тәрбиесінде дұрыс пайдалануға тырысқан, орынды қолдана білген. Сол ойындарға жеке-жеке ат қойып, өзіндік ойнау мәнерін, өзіндік ережесін, ойынға қойылатын талап пен талғам, жеңімпазға қойылатын міндет секілді әлеуметтік мәселелердің жүктелуі күн ілгері ойластырылады.

М.Тәнекеев қазақтың ұлттық және дәстүрлі ойындарын зерттей келе, дене тәрбиесінің халықтық педагогиканың маңызды бір саласы екендігін дәлелдеп, негізін қалады. М.Тәнекеев зерттеуінде қазақтың тоғызқұмалақ ойынының ереже-тәртіптерін таразылап, халық ойынының қажетті жақтарын ашып, сонымен қатар басқа да ұлттық қозғалмалы, спорттық ойын түрлеріне анықтама беріп, құнды мұрағат деректеріне сүйене отырып, ғылыми жаңаша пікірлер айтады. Ғалым халықтың арасында танымал ұлттық ойындар мен спорттық ойындарды екі үлкен топқа бөлген: біріншісі: қазақтың халық ойындары мен спорттық ойын түрлері; екіншісі: ат үстінде жүріп ойналатын спорттық ұлттық ойын түрлері. М. Тәнекеев қазақтың ұлттық ойындарын ең көп жинақтап, топтаған, оны нақтылап талдаған алғашқы ғалымдардың бірі. Ғалым бұрыннан белгілі, бірақ оған дейін дұрыс маңызына жеткізе ешкім мән бермеген қазақтың аты шулы ойындары: «тоғыз құмалақ», «түйе жарыс», «қыз қуу», «көкпар», «күміс алу», «жаяу жарыс», «жамбы ату», тағы да басқа ойындарды таразылаған. Қазақтың ұлттық ойындарындағы қимыл-қозғалыс белсенділігінің халық медицинасымен байланысын ашып көрсете білген [11].

Ұлттық ойындар ұжымдық ой-қиялдан бас құрап, жеке адамдардың игілігіне асатын, ұлт өкілдерін түгел қамтитын ұлтқа тән рухани қазына. Ұлтқа тән дейтініміз - ұлттық ойындардың сол ұлттың өсіп жетілу барысындағы ұзақ жолда пайда болып, оның мыңдаған ұрпағының рухани азығына айналған, қиялын қозғап, ұлттық болмысымен өзіндік ерекшелігін қалыптастыруға игі әсерін тигізген.

Қазақ халқының өмірінде ойын араласпаған бірде-бір тұрмыс, шаруашылық саласы жоқ десе де болады. Ұлттық ойындар тақырыбына, мазмұнына, көздеген мақсатына байланысты, негізінен, үш салаға бөлінеді. Атап айтқанда: ойын-сауық, тұрмыс-салт ойындары және оймен келетін ойындар. Шындап келгенде, ұлт ойындары ауыз әдебиетінің бір саласы. Олай болса, ұлан байтақ қазақ даласына ауызекі тарай келіп, ол түрленіп, өзгеріп отырған.

Олардың мазмұны кеңейіп, әрлене түскен. Жан-жануарларды бейнелейтін ойындардың кейбіреуі тұрмыстық, ойын-сауықтық тәрбие жұмысында пайдалана отырып, оқытушылық тәрбиелік мақсатқа, дене шынықтыру, спорттық мақсатқа қызмет еткен.

Ойын тегінде адам баласының ұжымдық үдеріс көзделгендігін, ойын үстінде жолдастық, достық қарым-қатынаста әрекеттесуге, тәрбиеленуге зор мүмкіндік береді.

Әсіресе, мектеп оқушыларына тән адамгершілік қасиеттер, өзін қоршаған өмір заңдары мен құбылыстарының мән-мағынасы ең алдымен ойын үстінде меңгеріледі. Өмір сабақтарын: ненің жақсы, ненің жаман екенін, нені істеуге болады, нені жасауға болмайды, өзара қарым-қатынас арқылы «мінез» деген қайшылығы мол, сыры терең адам бойындағы құпия құбылысқа кезігеді. Қуанышы мен азабы да мол тар жол, тайғақ кешулерді басынан кешіре жүріп, өмір сүрудің әдіс-тәсілін үйреніп тәжірибе жинақтайды. Осының көбін бала өмір тәжірибелері арқылы алады десек, соның көбін ойын арқылы қабылдап, ойын арқылы бойға дарытып, өзін қоршаған ортаның әдет-ғұрыптары мен салт-санасын, дәстүрін бойға сіңіреді. Адамға тән осы асыл қасиеттердің барлығы жасөспірім шақта ұлттық ойындар арқылы қабылданып, бойына дариды, ойын арқылы өмірге көз жіберіп, көрген білгенін ой елегінен өткізеді, сол арқылы бала бойында өз ұлтының психологиялық негізгі қасиеттері қалыптасады деуге негіз бар. Өз ұлтының рухани байлығын қабылдаған адам, өзгенің өнері мен рухани байлығына үңілмей, білгісі келмей, үйренбей тұра алмайды.

Осы тұрғыдан қарағанда қазақ халқының ойындары ұлттың ғасырлар бойы жасаған, сұрыптalып бізге жеткен мәдени мұраларының заңды бір саласы, оның игілігіне қызмет ететін, оның жас ұрпағын жетілдіріп шыңдайтын, педагогикалық-психологиялық мүмкіншілігі зор тәрбие құралы. Ұзақ жылғы зерттеулерге қарағанда ұлт ойындары атадан балаға мұра болып келе жатқан рухани мәдени қазына. Ол халықтың сәби шағы мен бүгінгі өскелең дәуірдің куәсі ретінде, адам баласының фантазиялық ой-жүйесінің жемісі ретінде де оны үйренудің, зерттеудің және оның заманымызға жарасымдыларын бүгінгі ұрпақты тәрбиелеу ісіне жаратудың үлкен білімділік, тәрбиелік маңызы зор деп білеміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан -2030». Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 1998.-96б.

2. Диваев А. Халық ойындарының тәрбиелік маңызы жайында // Қазақстан мұғалімі, 1974, №5
3. Руссо Ж.Ж.. Шығармалар жинағы. Москва, 1964.
4. Кант И.. Спорттың ұлттық түрлері және оның тәрбиелік мәні. Москва, 1984
5. Масалимова Г.Ғ. Қазақ ұлттық ойындары – тәрбие көзі. Әдістемелік нұсқау: Астана, 2011.- 107 бет.
6. Колоццо Д.А.Роль игр в учебно-воспитательном процессе. Москва, 1984
7. Покровский Г.А.. Роль ранней специализации в подготовке резерва по спортивной борьбе // XIII международный научный конгресс «Современный олимпийский спорт и спорт для всех». – Т.I.- Алматы, 2009.
8. Бекпатчаев Т.Ж., Байзақова Н.О. Қазақтың ұлт – қимыл ойындарын спорт түрлерінде қолданғанда дене тәрбиесіне тигізетін әсерлері. Алматы, 2001
9. Айтпаева А.Қ.. Қазақ халық ойындары – бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу құралы. Алматы, 1995
10. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Рауан, 1991, 176 б.
11. Тәнекеев М.. Қазақтың ұлттық спорт ойындары. Алматы, 1996

БОЗ ҮЙ МЕЗГИЛ-МЕЙКИНДИК КОНТИНУУМДА

Касымбекова Нурида Жумагуловна, Саламат к. Альмира
И.К.Ахунбаев атындагы Кыргыз мамлекеттик медициналык академиясы, улук окутуучу

Резюме. Көчмөндөрдүн дүйнө таанымында боз үй – кичинекей космос, дүйнөнүн кичинекей көчүрмөсү, мезгил-мейкиндикти аныктоочу маркер. Түндүк Күндүн, түндүккө айланта кадалган уюктар – күн нуру чачыраган Асмандын, кереге жарым айлана түрүндөгү Жердин элесин берген.Мындан тышкары боз үй үй-бүлөлүк өзгөчө "планетарийдин", түндүгү күн өлчөгүч "телескоптун", уюктар сааттын циферблатынын милдетин аткарган.

Негизги сөздөр: төгөрөктүн төрт бурчу, семантикалык борбор, мезгил-мейкиндикти аныктоочу маркер.

Резюме. В мировоззрении кочевников юрта – маленький космос, копия мира, маркер определяющий пространство и время. Тюндюк (круг на вершине купола, скрепляющий жерди) передавал образ Солнца, жерди прикованые по кругу к тюндюку – образ Неба с разлитыми лучами солнца, кереге (решетчатые складные стенки) образ земли в виде полукруга. Кроме этого, юрта играл роль особенного семейного "планетария", тюндюк – роль телескопа измеряющего сутки, а жерди циферблата часов.

Ключевые слова: четыре угла круга, семантический центр, маркер определяющий провтранство и время.

Resume. In the worldview, the yurt is a small space a copy of the world, a marker that defines space – time. Tyundyuk (circle on top of dome fastening poles) conveyed the image of Sun, poles pinned in circle to the tyundyuk – image of the Sky with spilled lights of the sun, kerege (lattice, folding walls) – a semicircle image of the Earth. In addition to this, the yurt played the role of a special family planetarium, the tyundyuk – the role of telescope measuring the sun, and poles the role of the watch dial.

Keywords: four courners of a circle, simant center, marker that defines space – time.

Туш тарабы бир чекитке биригип келип, туюк жабылган боз үйү – төгөрөктүн төрт бурчун чордонуна чогулткан семантикалык борбордун, айлананын символу. Кайталангыс архитектуралык үлгүгө ээ, семантикалык мааниси терең ата мурастарынын бири боз үй кыргыз элинин дүйнө таанымынан кабар берген улуттук сыймыгы болуп саналат. Өзгөчө 2014-жылы боз үй ЮНЕСКОнун Дүйнөлүк мурастар тизмесине кириши жалпы кыргыз эли үчүн омоктуу окуя катары бааланып, андан тышкары руханий дөөлөттөрдүн түбөлүктүүлүгүн тастыктады.

Батыш-Чыгыштын тарыхчы, акын, саякатчы, элчи, сүрөтчү, соодагерлерин (Земарк, Плано Карпини, Ибн Батыта, Менондр Протектор) суктантып, тамшандырган боз үй биздин дооpлорго чейин эле байыркы сактардын, хуннулардын, кыргыздардын, үйсүндөрдүн, дөөлөстөрдүн доорунда пайда болгон [2, 77]. Археологдор Алтайдан б.з.ч. V-VIII кылымдарга таандык боз үйдүн калдыктарын табышкан. Бардык жагы төп келген боз үй бир нече тарыхый жазмалардан, Тан доорунан тартып эле акын саптарынан орун алган (Кытайдын Бо Цзюй (772-846 жж.) деген акынынын "Боз үй" аттуу ыры бар).

Көчмөн империялардын тарыхында Адам атанын аалам, Космос жөнүндөгү түшүнүгүн айгинелеп, философиялык, астрономиялык, экологиялык, маданий түшүнүктөрүнүн бирдиктүү Кодексине айланган Боз үйдүн ар бир бөлүгү коомдук-маданий феномен катары жаңыча көз караш менен талдануuга тийиш.

Көчмөндөрдүн дүйнө таанымында ал – кичинекей космос, дүйнөнүн кичинекей көчүрмөсү, мезгил-мейкиндикти аныктоочу маркер. Муну окумуштуу Л.М.Ведутованын изилдөөлөрүнүн жыйынтыгына таянып айтууга болот.

Убакыт-мейкиндиктин ыргагы да, динамизми да боз үйдүн чыгыш тарапты көздөй багытталгандыгына байланыштуу. Босогосу боз үйдүн башаты болуп саналат. Ушул босого коюлгандан кийин гана кереге-дубалдар орнотулат. Бул мейкиндиктин жылышын, толукталышын көрсөтөт. Эшик-босогодон баштап, чыгыш-батыш сызыгында убакыт-мейкиндиктин диагоналы өтөт. Анын маңдайында төр болот. Төрдүн семиотикалык мааниси абдан кеңири, себеби, төр үйдүн эң сыйлуу жери, ага улуу кишилер отурат. Адамзат агымы да күндүн жылышына окшойт, анын жаралышынан чыгыштан батышка карай жол тарткандай, үй-бүлөнүн эң улуу мүчөсү каза болгондо, төрдөгү орун бошотулуп, бүт жамаатта жылышуу болуп, ылдый жагына социумдун бир мүчөсү кошулат. Бул учурда адамдын жашоо тартиби космостун тартибине ылайык жүрөт деген түшүнүк жаралат.

Чыгыш – босого, батыш – төр делип, улуу-кичүүнүн ордун аныктагандай эле, эркек менен аялга да түндүк менен түштүк, оң-сол жактар энчиленип берилет. Тартипке салынган жашоонун оазиси катары боз үй экиге бөлүнөт: оң жак түштүк, өйдөңкү тарап – эркектердики, сол жак төмөнкү тарап – аялдардыкы. Космос түшүнүгүндө бул бир бүтүндүктү түзөт. Муну боз үйдөгү чыгыш-батыш жана түндүк-түштүк горизонталдуу сызыктардын кесилишинде жайгашкан очоктон көрө алабыз. Очоктун үстүндөгү түндүктү тиреген бакан бекемдик түшүнүгүн чагылдырат.

Түндүк Күндүн, түндүккө айланта кадалган ууктар – күн нуру чачыраган Асмандын, кереге жарым айлана түрүндөгү Жердин элесин берген. Көк мейкиндигиндеги Күндүн жердеги бейнеси – түндүктүн ар түрдүү семантикалык туюнтмаларынын курамында кездешет: «түндүк көтөрүү» – өз алдынча жеке бир үйлүү болуу, «чамгарагың бийиктесин» - зоболоң көтөрүлсүн, өркүнүң өссүн деген маанилерди туюндурса, түндүгүн түшүрүү – талкалоо кыйратуу, чамгарагы кыйроо – үйү бузулуу, ымала бузулуп, ырк кетүү дегенди түшүндүрөт. Ал үйдүн чамгарагын гана эмес, жалпы үй-бүлөнүн бактысын, байлыгын, ырыс-берекеси менен тынчтыгын кыйраткан душмандык деген мааниге да ээ. Душман дайыма үй-жайды талкалоону көздөгөн. Анткени, үй – анын ааламдагы орду, адам күч-кубат топтоочу чекит, андан ажыраса, өзүн жоготорун жакшы түшүнүшкөн.

Ар үй-бүлөнүн боз үйү болгон. Боз үйдүн түндүгү түнкүсүн Айдын, жылдыздардын кыймылына байкоо жүргүзүүгө эң сонун шарт түзгөн. Натыйжада боз үй үй-бүлөлүк өзгөчө “планетарийдин”, түндүгү күн өлчөгүч “телескоптун” милдетин аткарган. Мындан улам күндүн кыскаруу, узаруу кыймылын аспапсыз так эсептей алышкан. Күн эсепчилигинде күндүн тийген мерчемдерине басым коюлган. Бир күндүк убакытты батыш жагындагы тоого күндүн тийүүсүн карап туруп боолголошкон. Күн тоо башын чалганда, күн тоо капталына түшкөндө, күн сайга түшкөндө, күн төбөгө келгенде деген чен бирдиктери калыптанган. Көлөкө да европалыктардын кол сааты сымал мезгилди өлчөөчү каражат болгон. Адам жана буюмдардын көлөкөсүнө жараша (эртең менен узун көлөкө сол жакта, түштө кыска көлөкө аркада, түштөн кийин көлөкө оң жак капталда) күнүмдүк убакытты так аныкташкан.

Кыргыз боз үйүнүн эшиги дайыма чыгышты карап тигилген. Күн чыгыштан чыкканда түндүктөн түшкөн күн эшиктин кыйгач каршысына, боз үйдүн эр жак капталы жактагы ууктун башына чачырап түшүп, аны күн тийген маал деп аташкан, андан күн ылдыйлап түшүп отуруп, керегенин башына келгенде козу түш маалы болгон. Күн керегеден жерге түшүп, төр жакты бойлой жыла баштаган. Төрдүн так ортосуна жеткенде, чак түш деп мерчемделген. Андан эпчи жакты көздөй жылып, анын оозуна келгенде эрте бешим маалы болгон. Ошол жүрүш менен эпчи жактын керегесине жармашып, уугунун башына отуруп кетет. Мындайча айтканда эр жак капталдан түшкөн күн эпчи жак капталдан чыгып кетүүсүндөгү жылыш ордун ар бир саат маалы катары эсептеп биле алышкан. Мында ууктар сааттын циферблаты катары колдонулган [4,98].

Ал эми жыл ичинде күндүн кыскарып, узарар убактарын батыш тоо кыркасына чек коюп, күндүн ал жерге канчалык жетпей кайрылганына карата, кыскарганын, ашкан чегине жараша узарганын эсептешкен. Муну боз үйдүн түндүгүнөн түшкөн күндүн орду менен белгилөө ыкмасы да көп тажрыйбаларды берген. Күндүн эң узун кезинде эр жактан түшкөн күн эпчи жакка жылганда коломтону кечип өтөрүн байкашкан. Түндүктөн түшкөн күн коломтого жетпей төр жакка жылып бара жатканынан күндүн кыскарып бара жатканын түшүнүшкөн. Күн менен теңелген айды боз үйдүн түндүгүнөн түшкөн күндөн билишкен. Күндүн эң кыска кези “токту тийбес, чөмүч кургабас” маалы делип, анда күн эр жак капталдан түшүп, жүктү бойлой коломтодон алда канча алыс эпчи жактан эле кайтып кетерин байкашкан. Күндүн аракетине карай бир күндүк, айлык жана жылдык эсепти билүү кыргыздын сары эсеп кишилерине гана таандык касиет эмес, катардагы ар бирине тааныш турмуштук билим болгон.

Пайдаланылган адабияттар:
1. Акмолдоева Ш. Б. “Манас” – форма духовного освоения действительности древними кыргызами. –Бишкек. 1998.
2. Жусупов К.Ж. Байыркынын издери. – Бишкек: Кыргызстан-Сорос фонду, 2001. – 324 б.
3. Каракузова Ж., Хасанова М., Космос казакской культуры. –Алматы: Гылым. 1993:280 б.
4. Чоротегин М., Бозүй – байыркыбабаларданмурастуракжай. – Бишкек: 2007
5. Цыбульский В.В. Календари и хронология стран мира. –Москва: Просвещение, 1982.

МУЗЫКА МЕКТЕБІ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН БАҒАЛАУ ЖОЛДАРЫ

Курсабаева Б.Қ. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы

Аңдатпа: Мақалада балалар музыка мектебі оқушыларының орындаушылық дағдыларын бағалау жолдары қарастырылады.

Кілт сөздер: орындаушылық дағдылар, бағалау, бағалау нормалары, салыстыру, музыкалық шығармаларды талдау

Аннотация: В статье рассматриваются пути оценки исполнительских навыков учащихся детской музыкальной школы.

Ключевые слова: исполнительские навыки, оценка, нормы оценки, сравнение, анализ музыкальных произведений

Article: The article considers the ways of assessing the performing skills of children’s music school students.

Keywords: performance skills, evaluation, evaluation standards, comparison, analysis of musical works.

Тәуслсіздіктің көк Туы көгімізде желбірегелі бері санамызда да бір жаңғыру белең алды. Ол бүгінгі күні білім берудің бағыты мен мақсаты, міндеті мен талабының түбегейлі өзгеруінде. Еліміз осындай әлемдік өзгерістер үрдісінен қалып қоймауы үшін білім берудің жаңа дүниежүзілік әдіс-тәсілдерін меңгеруге, халықаралық стандартқа сай оқуға ерекше көңіл бөліп отырғаны белгілі. Осымен бірге, қазіргі жагдайда жастарды тәрбиелеу мәселесі ең күрделі әлеуметтік мәселе қатарына еңгізіліп отыр. Себебі, болашақ жас мамандар білім алған ордасынан жоғары білімді, сапалы кәсіп иесі болумен қатар, қазіргі уақыттың қажеттілігінен туындайтып барлық іскерлік, тапқырлық, жаңашылдық қасиеттерді де терең игерген өз елінің азаматы, белсенді өмірлік бағыт ұстаған лидер болып шығуы тиіс. Бірақ, білім беру маңыздылығын белгілі бір өлшеммен бағалау мүмкін емес, өйткені, ол көп қырлы, әр түрлі, өзіндік ерекшеліктері бар

Қазіргі кезеңдегі білім беру кеңістігінде музыкалық аспапты меңгеру арқылы балаларды өнер әлеміне тарту үлкен маңызға ие. Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде оқу процесі негізінде жатқан дамыта оқыту тұжырымдамасы аспапта ойнаудың орындаушылық дағдыларын қалыптастыра отырып бағалау баланың жеке тұлғасының жан-жақты дамуымен, оның ой-өрісін кеңейтумен, жалпы мәдени құндылықтарға баулумен, шығармашылық белсенділікті арттырумен байланыстырады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Халқына жолдауында «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз — белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін игерген білікті мамандар ұсынуы маңызды. Оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп анық көрсетті . Олай болса, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі-әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар — шығармашылық,белсенділік,жауапкершілік,-терең білімділік,кәсіби сауаттылық.Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды.

Мектеп жасындағы балаларға аспапта ойнауды үйрету - педагогикалық мақсаттарға жетудің ең қолжетімді тәсілі болып табылады. Белгілі аспапты меңгеру оқушылардың мәдени деңгейін арттырады, оларға классикалық өнерге деген талғампаздығын шыңдайды, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға, өзін толыққанды дара жеке тұлға ретінде сезінуге мүмкіндік береді және сонымен қатар әлеуметтік кеңістікке кірігуіне жағдай жасайды.

Аспапты меңгере отырып, оның орындаушылық мүмкіндіктерінің кеңдігін көрсету - педагогтың маңызды міндеті. Аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру білім алушының музыкалық білімінің мәнін түсінуде кәсіби және сауатты тәсілге қол жеткізу құралы болып табылады.

Музыка арқылы әлемді түрлендіруге болады. Оқушыларға музыкалық өнерге деген қызығушылықты жүйелі түрде дамыту - олардың эмоционалдық, шығармашылық қабілеттерін байытуға бағытталған баланың тұлғасын қалыптастырудың тиімді жолы.Шыдамды, ақылды, сабырлы, сыпайы және еңбекқор педагог әрдайым оқушымен бірлескен еңбектің арқасында жеңістер мен жеңілістерді бастан өткізе отырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады.

Музыка мұғалімінің «басты» қаруы « - мақтау.Ресейдің белгілі музыка пәні мұғалімі Б. С Рачинаның –« Баланы көзінше мақтау барысында қуаныш пен өз күшіне деген сенімділікті көресіз», «Сізде жібек дыбыс бар, - ал маған барқыт дыбыс керек»– деген екен.

Сонымен-сабақ үстіндегі әрекет бағалануы тиіс. Бірақ қалай?

Көптеген мұғалімдер музыка сабағында баға қоюда өз критерийлеріне сүйенетіні рас. Берілген тапсырмалар бойынша қателіктерін анықтай отырып алынған нәтижелерге байланысты өздерін өздері бағалайды. Әрине, бірден әділ бағалануы мүмкін емес , оқушыға тапсырмаларды тұрақты және сапалы орындату барысында оқу үдерісіндегі бағалау маңыздырақ екеніне көз жеткізуге болады және балалар музыкамен қарым-қатынас жасаудың өзі марапат екенін түсінеді және қосымша ынталандыруда аз қажет етеді.

Көптеген жылдар бойы «музыка сабағында педагогикалық бағалау»тақырыбында пікірталас жүргізіліп жатыр. Үнемі, жыл сайын бір сұрақ туындайды: оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру барысында рухани дамуын мұғалім бағалай алады ма?

Оқушылардың орындаушылық қызметін бағалауға қалай қарау керек?

Оқушылар қызметінің бағалаудың функциялары этикалық тұрғыдан маңызды бағалау болып табылады. Жалпы музыкалық тәрбие барысында әр бала музыканы өзінше қабылдайды және түсінеді. Үнемі есту қабілеті нашар, интонациясы дұрыс емес балада өзін сабақта естілген музыка туралы пікірде көрсете алатын сәтті табуға болады. Сабақта бағалау мәселесі өзекті және көп жағдайда да даулы болып жатады.Әрине, оқушылардың білімін бағалау қажет,бірақ музыка сабағында мұғалім үшін оқушының жауаптарын ауызша көтермелеу маңызды.

Шығармашылық бастама бірінші сыныптан бастап пайда болуы мүмкін: жауаптардың ерекшелігі (тек олардың дұрыстығы ғана емес); мұғалімнің өзіне сұрақ қоюға ұмтылу (оның сұрақтарына жауап беру ғана емес); белгілі бір музыкалық шығарманың орындалу сипаты туралы өз ұсыныстары.

Оқушы өзін көрсете алады: жақсы орындаушы ретінде; музыканы белгілі аспаппен сүйемелдегенде; импровизация кезінде таза «интонацияны» сезіну; музыка туралы кітаптарды оқығанда; музыка тыңдағанда.

Балалардың шығармашылық қабілеттерінің шеті мен шегі жоқ. Білім мен іскерліктің көлемін емес, оқушының мәдени және рухани өсуіне беталысын ескеретін критерийлер қажет.

Бағалау критерийлері: 1.Музыкаға деген қызығушылықтың тікелей эмоционалды көрінісі; 2. Музыканы тыңдау барысында негізгі білім арқылы тыңдалған шығарма туралы өз ойын жеткізе білу; 3.Оқушының дайындық деңгейін және оның сабақтардағы белсенділігін ескере отырып бағаланатын орындаушылық дағдылардың өсуі;

Музыка сабағында оқушылардың бағдарламалық материалды меңгеру сапасы тексеріледі және бағаланады.Үлгерімді бағалауда мұғалім үшін бағдарлар әрбір сынып бағдарламасында ұсынылған оқушыларға қойылатын нақты талаптар және білім мен іскерлікті бағалаудың үлгілік нормалары болып табылады. Оқыту нәтижелері бес балдық жүйе бойынша бағаланады және жауаптың ауызша сипаттамасымен толықтырылады.

Оқу бағдарламасы оқушылардың музыкалық қызметтің түрлі түрлерін меңгеруін көздейді: музыкалық шығармаларды тыңдау; аспапта орындау; шығармаларды музыкалық талдау; импровизация.

Қызметтің түрі және оны бағалау туралы қосымша:

Музыка тыңдау: Сабақта оқушылардың музыкалық шығармаларды тыңдау, олардың мазмұны мен музыкалық мәнерлілік құралдарына сөздік сипаттама беру,салыстыра білу, жалпылау, музыкалық әдебиетті білу дағдылары тексеріледі және бағаланады.

Ескерілетін жайттар: музыкалық мәнерлілік құралдары арқылы музыкалық шығарманың эмоциялық мазмұнын ашу дәрежесі; музыкалық шығарманы талдаудағы дербестік; оқушының шығармаларды салыстыра білуі және алған білім негізінде өз бетінше қорыта білуі.

Бағалау нормалары:

«Бес» бағасы: музыкалық шығарманың мазмұнының сипаттамасын музыкалық мәнерлілік

құралдары арқылы дұрыс және толық көрсете біледі; «төрт» бағасы - дұрыс көрсеткенімен толық емес; « үш» бағасы - музыкалық шығарманың мазмұнының сипаттамасы толық, емес, мұғалімнің бірнеше жетекші сұрақтары арқылы толықтырылды; «екі» бағасы - жауап оқу материалын білмеу мен түсінбеуді анықтайды.

Музыка мектебінде әр түрлі қабілеттері бар балалар білім алып, оларға әр түрлі талаптар қойылады. Бұл талаптар оқушыларға саралап қарау әдісі арқылы жүргізіледі. Жоғары сынып оқушылары үшін орындаушылық шеберлікке қойылатын талаптар өсуіне байланысты нақты баға мен оқушының бағалау туралы ұсынысына сәйкес келмеуі орын алып жатады. Осы кезеңде оларды сәйкестікке келтіру қиын. Бұндай жағдайда оқу бағдарламасын таңдай отырып, оқушылардың қабілетін ескеру қажет. Бағдарлама оқу сыныбына сәйкес келетін шығармалардан тұруы мүмкін, ал сынып бойынша жоғары немесе төмен болуы мүмкін. Оқу бағдарламасы оқытудың үш саты көлемінде өзгеруі мүмкін. Ең маңыздысы: оқу бағдарламасы үзілді-кесілді және түпкілікті емес. Бағдарлама-бұл ұсынымдық сипатқа ие бағдар. Сондықтан оқу бағдарламасын қатаң сақтау туралы мәселе қоюдың қажеті жоқ.

Музыкалық мектепте оқу жоспарын орындауға қойылатын талаптар салыстырмалы және оқушының қабілетіне және оқытушының шеберлігіне байланысты. Бағдарламаны көтеру және әсіресе төмендетуді оқытушылар бөлім мәжілістерінде талқылайды, шешім шығарылады және бөлім отырыстарының хаттамалар кітабына жазылады. Өз сынып бағдарламасы бойынша меңгере алмайтын, бірақ жас ерекшелігі үлкен оқушы төмен бағдарлама бойынша музыка мектебін оқып, аяқтай алады. Музыка мектебінде баға оқушының жетістіктері үшін қойылуы тиіс. Оқушының білімін бағалау тәсілі барлығына бірдей болуы керек, өйткені шығармаларды таңдауда жеке тәсілде оқытушы балалардың музыкалық қабілеттілігінің деңгейін ескерді. Тыңдауларда барлық оқушыларға бірдей жоғары талаптар қою қажет. Егер оқушы шығарманы өз деңгейінде орындамаса, еңбегі үшін ғана жақсы баға қою дұрыс емес. Сабақ бағасы ынталандыру сипатында , моральдық ынталандыру мақсатында көтермеленуі мүмкін. Емтихан бағасы нақты шығармашылық жетістіктері үшін қойылуы тиіс. Жоғарыда айтылғандардан: оқушыларға қатаң талаптар қойып, бақылау тыңдауларында орындаушылықты объективті бағалау қажет. Мұндай жағдайларда оқушыларда оқу процесіне жауапкершілік және академиялық концерттің бағалауында ағымдағы жұмыстың қорытындысы бар деген түсінік қалыптасады. Академиялық концерттің бағасы оқушының музыкалық қабылдауына негізделген. Осыған байланысты оқушылардың орындаушылық қабілеттерін салыстырмалы бағалануы мүмкін. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін көрсеткіштердің субъективті қабылдауы мен объективтілігін біріктіре отырып, орындаушылыққа қойылатын талаптарды жүйелеу қажет. Бағалау-бұл оқушының шығармашылық жетістіктері мен еңбекке деген шығармашылық қарым-қатынасының көрсеткіші.

Емтихандық орындаушылық талаптарын топтастырып көрейік: 1. Ұйымдастырылуы : сахна мәдениеті (сахнаға шығу,сахнадан кету, иілуі), сахналық еркіндік және әртістік жұмысты жұмылдыра білу (эмоция, ерік-жігері, тұтас орындау), бағдарламамен жұмыс істеудің аяқталуын көрсету. 2. Орындалу сапасы: автордың нұсқауларына сәйкес мәтін; оқытушылық талаптарды орындау; үздіксіз және мәнерлі орындау; музыкалық: динамика, ырғақты сезім, эмоциялық орындау, тыңдаушыларға шығарманы ұсына білуі, «өзін тыңдай білуі», және т. б.).

Сонымен бірге орындаушылар концерттерде жиі жіберетін қателер кездеседі: мәтіндік дәлсіздіктер;оқушы аспапты кәсіби түрде меңгермеген: аспап мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланбау, аппликатурадағы дәлсіздіктер, аспаптағы қойылыммен (постановка) дұрыс меңгермеу мәселелері; штрихтарді дұрыс меңгермеу; орындаушылық аппаратын дұрыс қоймау (қолдар, корпус), орындалатын пьесаның мағынасын дұрыс түсіндірмеу. Осы талаптар бойынша оқушының орындаушылық қабілеттерін талдап, нақты бағаны анықтауға болады. Барлық талаптарды орындап, шығарманы мінсіз орындағаны үшін тамаша баға қойылады. Егер талаптардың біреуі-екеуі орындалмаса немесе шығарма формальды түрде дұрыс орындалса, бағаны бір баллға төмендету керек. Егер осы топтардың үш-төрт тармағы бұзылған болса онда екі балл төмендетіледі.

Қорыта келгенде, музыкалық мектептердің тәжірибесінде оқытушының өз оқушысына сабақта жақсы жұмыс істегендігі үшін және орындалу сапасы үшін емес, күрделілігі жоғары бағдарламаны орындағаны үшін неғұрлым жоғары баға қою жағдайлары кездеседі. Алайда, академиялық концертте оқушының бұрын үйренген туындыларды орындау қажет. Ал күрделі бағдарламаны сабақта және бақылау сабағында ойнауға болады.

Тәжірибе көрсеткендей, бақылау тыңдауларында оқушылар сабақтарға қарағанда нашар ойнайды. Бұған себеп көп, олардың бірі-техникалық резервтің жоқтығы және оқушының ерік-жігері. Бұл кемшілікті жою үшін академиялық концерт бағдарламасын дұрыс таңдау ғана емес, сонымен қатар осы бағдарлама бойынша жұмысты жоғары деңгейде орындайтындай жағдайға жеткізу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қ.Р. Президенті Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауынан 5 қазан 2018 ж

2. Филонова Т.С.Домра үйренуді оқыту үрдісінде орындаушылық дағдылар арқылы көркем-мәнерлі міндеттерді шешу - диссертациялық жұмыс. Мордовия Мемлекеттік педагогикалық институт 2016 ж

3. Әбу Насыр әл-Фараби «Музыканың ұлы кітабы»

4. Гинзбург Л.С. Заметки о мастерстве. – В сб. Вопросы фортепианного исполнительства. Вып.2. М.,

5. Гулуа Д.Г. Гитара ойнаудың орындаушылық дағдыларын дамытудың мазмұны мен ерекшеліктері [электрондық нұсқа] http: vtk64.ru

6. Диков Б.А. Кларнет үйренудің әдістері [ж.о.о. арналған әдістемелік құрал]1983ж 192 б.

7.Самохина М.А. « Балалар музыка мектебіндегі гитара класы оқушыларының орындаушылық дағдыларын қалыптастыру» диссертациялық жұмыс. п.ғ.к. 13.00.02 Москва қ-сы 2005 ж 165 б.

8. Манькова О.Ю. «Критерии оценок на уроках музыки

9. Анищенко И Критерии оценки на уроках музыки

МЕКТЕП ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Машенбаев Т.Б. - п.ғ.к., профессор м.а.
Зұлхарнай Т.С. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы, ҚР

Аңдатпа. Бұл мақалада ұлттық тәрбиенің маңызы мен ерекшеліктері және оның мектеп тәрбие жұмысындағы орыны туралы қарастырылады. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қиын балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы.

Кілт сөздер: Мектеп , тәрбие, ұлттық тәрбие , кәсібилік, оқыту, құзірет, білім, еңбек ету, отбасы , ұрпақ, қабілет.

Аннотация. В данной статье рассматриваются значение и особенности народного образования и его место в воспитательной работе школы.

Ключевые слова: школа, воспитание, национальное воспитание, профессионализм, воспитание, компетентность, воспитание, труд, семья, умения.

Abstract. This article discusses the significance and characteristics of public education and its place in the educational work of the school.

Key words: school, upbringing, national upbringing, professionalism, upbringing, competence, upbringing, labor, family, skills.

Қазақ халқы о бастан бала тәрбиесін бәрінен жоғары қойған. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, сапалы білім бере білген. «Адам ұрпағымен мәңгі жасайды» деген халқымыз бар ықыласын балаға бөліп, болашағын бағамдаған.

Бала тәрбиесі жайлы қазақ ойшылдары әр түрлі ой-пікір айтқан. Жүсіп Баласағұнның өзі «Құтадғу білік» атты еңбегінде тәрбие жайлы: «...Баланың мінез-құлқы жақсы тәрбиеден туындайды [1]. Егер бала ебедейсіз, шамшыл, өбектеліп өскен болса, бұған бәрінен бұрын оның ата-анасы кінәлі. Отбасы үшін бала – зор қуаныш. Баласыз бақыт жоқ. Бірақ, баланың тууы ата-анаға зор міндет, жауапкершілік те жүктейді. Отбасы тәрбиесі бала мінез-құлқы мен психологиялық бейнесін қалыптастыру негіздерінің негізі. Сондықтан оны балғын шағынан оқытып, жақсылап тәрбиелеу керек. Үй шаруасы мен баланы дұрыс күтіп-бағу үшін тазалық сақтайтын әйелді таңда. Баланы тәрбиелеу әкенің де парызы. Егер бала тәртіпсіз болса, оған әкесі де кінәлі. Ақылды, білімді етіп тәрбиелеу үшін әке-шешесі баласын үнемі назарда ұстауы тиіс. Балаларды қолөнерге баулу, ғылым-білімге қызықтыру – ата-ананың қасиетті парызы. Балаңыз өмірде өксімес үшін оған білім мен кәсіп бер. Үлгілі тәртіптің негізі – білім, әдет-дағдыға машықтану. Сондықтан баланы кішкентайынан тіл алғызу, үлкендерді сыйлауға, ағайын-туысты, ата-ананы қастерлеуге үйрету керек», – дейді.

Тәрбиені қашанда құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне ешқашан жүрдім-бардым қарамаған. Ал оған ұлттық сипат беру – ұлт болашағын ойлаудан туған даналық. Сондықтан да «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе», – деп айтты ұлы Мұхтар Әуезов.

Тәрбие адамдардың пайда болуымен бірге туындаған. мінез-құлық кемшіліктері – бұл тәрбиені дұрыс бермеу нәтижесі деп есептелген. Халық баланың жас ерекшеліктерін және психологиясы тура-

лы білімді ғасырлар бойы зерттеп жинаған. Баланың болашақта қалыптасуы біріншіден үлкендермен қарым-қатынасына байланысты болады. Зерттеуші ғалым-педагогтар және психологтар жылдар бойы бақылаған баланың ойын іс-әрекетіне байланысты бірнеше қорытынды жасады. Ата-ананың тәрбиелеу әсеріндегі маңызды ерекшелігі, баланың дидактикалық ойындар ойнауы, рухани және ақыл-ой тәрбиесіндегі маңызы көп және сол үрдісте баланың еңбек құралдары, мамандықтары туралы түрлі заттардың ерекшеліктері туралы біліп, білімде, жұмбақта және жаңылтпашта жарысады. Халық педагогикасы өзіне баланың өмірінің түрлі жақтарын қосып алды, соған қоса олардың денсаулығы, мінез-құлқы, мінез ерекшеліктері және т.б. Көптеген халықтар қыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлген және оны жоғары бағалаған. Өйткені, қыз балаға ертеңгі ұрпақтың анасы, тәрбиешісі деп қараған. Халық педагогикасы тәрбиенің көптеген әдістерін қолданған. Ғасырлық тәжірибеде балаға тәрбиенің әсер ету әдістері мынадай: түсіндіру, оқыту, мадақтау, қолдау, көндіру, жеке үлгі, жаттығуды көрсету, ымдау, тұспалдау, жазалау т.б.

Қара сөздер – жаңұя педагогикасында кең тараған тәсіл. Халық педагогикасында қара сөз кодекстері кездеседі үлкеннің-кішіге, ұстаздың-оқушысына, халық кемеңгерінің-жастарға, әкенің-балаға арналған. Халық педагогика тәрбиесінде түрлі афоризмдер бар, оны педагогикалық категорияға қосады: бағыттаушы, алдын ала айту, сынау т.б.

Халық педагогикасында кең тараған тағы бір әдіс – үйрету. «Затты сумен жуады, баланы үйрету арқылы тәрбиелейді». Балаға үйрету арқылы үлкендер оларға тапсырма береді, оның орындалуын тексереді, мысалдар, мінез-құлық және әрекет үлгісін көрсетеді.

Мадақтау және қолдау – бұл тәрбие әдісі жаңұя тәрбиесінің тәжірибесінде кең қолданылады. Бала әрқашанда өзінің мінез-құлқына, ойына, жұмысына баға бергенді қажетсінеді. Жаңұядағы ең бірінші мадақтау-ауызша мақтау және ата-ананың қолдауы. Мадақтау және қолдау балаға стимул болатын үлкен әсер береді. Халықта баланы жақсы әрекет жасауға тырысуы үшін мақтайды. Бұл жағдай балаға емес, ата-аналарына ризашылық білдіріп, мақтау берген.

Тұспалдап айту – тікелей немесе жанама, тәрбие әдісі ретінде әсер ету үшін бүкіл шығыс елдерінде қолданылады. «Қызым саған айтам, келінім сен де тыңда», – дегенге саяды.

Жеке өнеге (әсіресе, ата-аналардың) – бұл халық педагогикасында ең радикалды, ең әрекетті әдіс болып табылады. Ата-ананың рухани бейнесі, олардың еңбегі, қоғамдық әрекеті, жаңұядағы өзара қарым-қатынасы, заттарға қарым-қатынасы, өнерге – бұның барлығы балаға үлгі болып табылады және олардың тұлғалық дамуына, қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Халық кемеңгері бала тәрбиесінде жағымды үлгіні айтады.

Ойнау, еңбек ету және оқу барысында ақыл-ой, адамгершілік, физикалық және көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді. Бала осы кезде белгілі дәрежеде білім алады, іскерлікке үйренеді, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға, қоғамдық өмірдің әдет дағдыларын игеруге бейімделеді [2].

Балалар – біздің болашағымыз, өміріміздің жалғасы. Олардың ойын арқылы алған тәлім-тәрбиесі болашақта балаға дұрыс жол көрсетеді. Бүгінгі таңда XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн»[3].Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қиын балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» – деп, кезінде ғалым М. Жұмабаев айтып өткеніндей, ұлт тәрбиесін білім алушыға дұрыс деңгейде бере білсек, бүгінде белең алып жатқан жастар арасындағы келеңсіз оқиғалардан арылуға жол салған болар едік.

Ұлттық тәрбиелік білім жас ұрпақты әсемдікті игеруге, сұлулықты сезініп, қастерлей білуге, оны өз бойына дарыта білуге, яғни, эстетикалық тәрбие бере білуге, ең бастысы рухани даму сипатына жетелейді. Ұлттық тәрбиелік білім беру арқылы, жас өскелең ұрпақты халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпымен таныстырып, адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсіне білуге бағыттауға ұмтыламыз. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра

отырып тәрбиелеу, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті.

Отбасындағы бала тәрбиесі бүгінгі таңда ғылым мен технологияның даму әсерінен өзгеріске ұшырап бара жатқаны белгілі. Бала ата-ана тәрбиесінен гөрі теледидар мен интернет тәрбиесін алып жатыр десек те болады. Сонда біз болашақ ұрпағымызды тәрбиелерде нендей бағыт ұстауымыз қажет деген ой көкейге ұялайды. Осы жолда бұрынғы дана Абайды тәрбиелеген әже тәрбиесі, Шоқанға әсер еткен Айғаным тәрбиелері бүгіндегі ата-ана мен ата-әжелеріміздің ескеруінде болмауы. Яғни, біз балаға ертегі айта отырып, жаттау жаттатқызып, білім мен тәрбиені егіз ұғымда қатар жолға қояр болсақ, отбасындағы ұрпақ тәрбиесі дұрыс жолға негізделері анық. Осы тұрғыда Бауыржан Момышұлы: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанына қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын», – деп айтқан [4].

Белгілі әдебиет зерттеушісі әрі жазушы Шеген Ахметов: «Ежелгі Қазақстандағы тәрбие ісі негізінен, басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтыған. Біріншіден, тәрбие басы әдептілікке үйретуді көздеп, әдепті бол дегенді басты міндет етіп қойған. Екіншіден, мейірімді болуға тәрбиелейді. Үшіншіден, тілалғыш, елгезек бол деп үйретеді. Бұл еңбекке баулудың алғашқы көрінісі болатын. Төртіншіден, адалдық пен шындыққа баулуды көздеген. Бесіншіден, білгір бол, ұстаз бен ғалымдардың, көпті көрген данышпан қариялардың сөзін тыңда, ақпақұлақ болма, құйма құлақ бол дегенді бойларыңа сіңіре берді. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы сыйлауға үйретуді басты міндет етіп қойған. Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспа дейді халық тәрбиесі. Бұл кемшілікті айтпа деген сөз емес, қаріп-қасерлердің табиғи кемдігін (мұрны пұшық, көзі қисық, аяғы ақсақ деген сияқты) көрсетпе деген сөз. Сегізіншіден, ел қорғаны батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді үйретеді», – деп ұлттық тәрбиелеудің маңызы мен ерекшеліктерін саралап, талдап береді.

Қорыта келе, жастарға балбөбек кезінде ұлттық тәрбиені сіңіру тиімдірек. Бала шыбық тәрізді, қайдан жарық шықса, соған қарай бұрылып өседі. Оған қоса, балаға әсер ететін тартымды әуен екенін ескеріп, ұлттық аспаптармен орындалатын әндерді, күйлерді ақырын ғана қосып қойып, санасына әсер ететіндей, құлағын үйрете берген дұрыс. Әр түрлі ою-өрнектермен әшкейленген суретті кітапшаларды халықтық музыка әуенімен біртіндеп ашып, көзін жаттықтыра беру керек. Халық жырауларының термелерін, ертегілерді тыңдату – бала бойына патриоттық сезімін ұялататын бірден-бір тәсіл болмақ. Жас балаларға және ата-аналарға арнап республика көлемінде көп таралыммен халықтың ата-мұрасынан қалған құнды ертегілер, мақал-мәтелдер жалпы ауыз әдебиеті үлгілерін бала сана-сезіміне лайықтап, қалыптасқан шығармаларды сұрыптап шағын кітапшалар етіп шығару қажет. Бала тәрбиесіне жіті көңіл бөліп, әр жас ерекшелігіне қарай білім берумен сабақтастырған орынды деп ойлаймын. Ол дегеніміз бала дүниеге келгенде бесікке бөлеп, бесік жырымен сусындатудан басталғаны абзал. Өйткені, ананың әлдиіне жететін әдемі ән әлемде жоқ. Балаға жасына сай жұмбақ шешкізіп, батырлық жырларды жаттатқызып, жан-дүниесіне жақын мамандыққа қарай икемдеуге септігін тигізер болсақ, болашағынан үлкен үміт күттірер, өз елінің болашағын ойлар азамат тәрбиелеген болар едік.

Әдебиеттер :

1. Асанова Г. «Отбасы – бастапқы тәрбие мектебі» Қазақстан мектебі №1, 2007 ж.

2.Жаксыбаева А. Ж. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру / А. Ж. Жаксыбаева // Молодой ученый. - 2014.-№1.2. -С. 55-57.

3.kontrast.mzsr.gov.kz›ru/node/310393

4.Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998ж.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Муханбетчина А. - п.ғ.к.доцент, БҚМУ,
Кенжан А. - п.ғ.к.қауымд.проф. ҚҰҚПУ.
Айтжанова Э. - аға оқытушы. ҚҰҚПУ.

Түйіндеме. Мақалада болашақ жастардың білімді болуына жағдай жасай отырып ұлтымыздың өркениетті елдердің қатарында болуының бағыт бағдары туралы айтылады. Ол үшін білім берудің өзінің жаңа технологиясын игеру керектігін аңғартады. Яғни, білім беруді де жаңа әлемдік стан¬дарттар мен жаңа нормаларға негіздеу керек. Бүгінгі дүниежүзілік білім бәсекесі бізден осыны талап етіп отыр.

Резюме. Статья посвящена применению новых технологий в процессе обучение,инновационный подход к учебной деятельности современного студента предпологает переориентацию образования на личностную направленность,как процесс и результат развития и самоутверждения личности и как средство ее социальной устойчивости и социальной защиты в условиях рыночных отношений.

Pesume. The article is devoted to the use of new technologies in the process of learning, an innovative approach to teaching modern student expects a reorientation of education for personal direction as the process and the result of the development and affirmation of identity and as a means of social stability and social protection under the conditions of market relations.

Тірек сөздер: ақпараттық технология,өркениет,дәстүр,ұлттық психология.

«Ұлтына қызмет еткен ұл ғана ұлы бола алады»
Қадыр Мырза Әли.

Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан озық әдет-ғұрып, дәстүрлері мен ізгі қасиеттерін сіңіре отырып, дені сау, рухани бай, парасатты, қазіргі қоғам дамуының үрдісіне сай білімді, жеке тұлғаны қалыптастыру тәрбиенің өзекті мақсаты болып табылады.

Осы орайда, тәрбие мен білім беруде этнопедагогиканы мүмкіндігінше, әр-түрлі әдіс-тәсілдер арқылы бере отырып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады.Ұлттың мүддесі мен мақсатын, алдымен қазақ жеткіншектерінің сана-сезіміне басты нәрсе етіп орнықтырған жағдайда ұлттың тәрбиесі ықпалды болмақ.

Халқымыздың ардақты азаматы М.Жұмабаевтың мынадай пікірі ойымызға оралады: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ ұлт баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Ұлт тәрбиесінің жақсылығы көп» [1].

Ұлттық тәрбиенің топтасу жүйесі әр жас ерекшелігіне байланысты болмақ, себебі, түрлі ұлттық ойындар мен баланың дамуына әсер ететін іс-шаралар баланың жасына байланысты таңдалынып, жүзеге асырылады.

Ғалымдардың еңбектерінде ұлттық тәрбиенің жалпы әдіснамалық серпіні басым болғанымен, әрбір топтағы жастардың жас ерекшелігі ескерілмеген. Онда ұлттық тәрбиенің құрылымдық сипаты, мазмұны мен мәні жалпы сипатта тұжырымдалған.

Қазақстан Республикасында қазақ ұлтының бірегейленуі жүріп жатыр. Бұл міндетті жүзеге асыруда ұлттық тәрбие зор ықпал етеді. Ол үшін халқымыздың тарихи жетістігі мен мақтаныштарын арқау етіп, бүгінгі қоғам жағдайымен үйлестіре жүргізгенде ғана қуатты болмақ.

Ұлтымыздың тарихи өрнегі бар табандылығы мен жігерін, батырлығы мен жасампаздығын, адамгершілігі мен мәдениетін басқа ұлттарға үлгі етуге ұмтылуымыз қажет. Өйткені, ел мен жер қазақтың игілігі, өз байлығы. Оған қазақтан артық ешқандай жанашыр жоқ. Жалпы, ұлттық тәрбие дегеніміз – тек өз ұлтының құндылықтарын ғана емес, басқа да ұлттардың рухани мәдениетінен үлгі алуы тиіс. Ондағы ұлттық мұраттар, бостандық сүйгіштік, қайырымдылық, ізгілік т.б. қасиеттері ұлттық мазмұны арқылы жалпы адамзатқа пайдалануға беріледі. Олай болса, Шекспир мен Гетенің, Достоевский мен Толстойдың, Абай мен Әуезовтың шығармалары ұлттық тәрбие негізінде кез-келген адамды жетілдіруге көмектеседі.

Студенттердің ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып дамыту негізінің бірден бір көзі – оқу орындарында жүргізілетін тәрбиелік іс- шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі өскен ортаға, тәрбиеге ғана емес, үлгі-өнеге берер ұстазға, отбасындағы тәрбиеге де байланысты. Әрбір халықтың өсіп-өркендеуі үшін әлеумет ортада қалыптасқан рухани, мәдени, саяси құндылықтарды сақтап, дамытып отыруы қажет [2].

Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ол жайдан-жай емес, әрине. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы мемлекетшілдік, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені, біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысы¬мызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Өзіндік “менін” сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай

болса, осы айтқаны-мыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын мойындауға мәжбүрміз.

Әрбір халықтың өзінің тарихи, рухани және мәдени төлтума қасиеттеріне бойлауы арта түсуде. Бірақ осындай ұмтылыстар басқа халықтардың мүдделеріне нұқсан келтірмеуі тиіс. Сондықтан Қазақстанның өркениет өріне бастар бағыты – адамгершілік-ізгілік қасиеттерге негізделген ұлттық тәрбиеге табан тірейді [3].

Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшебасар ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсінуіміз керек. Яғни, парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз. Сондықтан мұнда алдымен мемлекет жасауға ұйытқы болып отырған этнос пен мемле¬кеттің мүддесі қатар тұруға тиіс. Ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиедегі негізгі қағида¬ның біріне айналуға тиіс. Бұл үшін қазақ ұлтын қай тұрғыдан да жаңа дәрежеге, жаңа интел¬лектуалды сапаға көтеріп алу тиімді.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халық¬тың білімі мен интеллектілік ресурстарымен тығыз байланысты. Интеллектуалды ұлт болу деген тар шеңбердегі ұғым емес, оның түпкі иірімінде ұлттық негіз, ұлттық кейіп, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақ-сартумен ғана шектелмейді, рух тазалығын тәрбиелеу арқылы да биік мұратқа жетуге болады.

Ұлттық тәрбиенің негізгі діңгектері – ұлттық сана, ұлттық тіл, ұлттық мәдениет, ұлттық діл, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрып катего¬рия¬ларына сүйенеді. Сол себепті «кімде-кім өткеніне терең үңілсе, болашағын көреді» деп Шығыс ойшылы М.Руми айтқандай, бізді болашаққа апарар жол ұлттық тәрбиенің негізгі діңгектерінде жатыр.

Ұлттық тәрбие өзара тығыз байланысты екі бастаудан нәр алуға тиіс. Оның біріншісі, қазақ халқының тарихи тағдыры қа¬лып¬тастырған мейірім, жарасым, төзім, шапағат, парасат, ізет, бақыт туралы арман-аңсар. Таратып айтсар болсақ, осындай арман-аңсардың мәдениет пен өнерде, салт-дәстүрде, тіл мен ділде, діни сенім-нанымда түрліше көрініс¬тері болуы керек. Екіншісі, бүгінгі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіріп отырған қоғамдық-психологиялық ахуал. Бірінші жағдайға қатысты ойымызды одан әрі өрбітер болсақ, халықтың мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен салт-дәстүрі, тілі мен ділі, сенім-на¬нымы мен діні дегенде тарихтың сүзгісінен сараланып өткен рухани құндылықтарға басымдық сипат берілуі керек. Мұның өзі қоғамның тарихи, психологиялық даму бағытында екінші мәселенің де оң шешімін табатын жолмен ілгері басуына кепіл бола алар еді [4].

Әрине, бүгінгі қоғамдық-психологиялық ахуал дегенде осы бағыттағы әлемдік тә-жірибелердің озық үлгілері мен жетістіктері де назардан тыс қалмауға тиіс. Түсінген кісіге қазіргі заман көзімен қарасақ, қоғам түбегейлі өзгерген. Жастардың психология¬сы, таным түйсігі мүлдем басқаша. Бүгінгі қоғамдық қатынастар өкшебасар ұрпақты бәрібір өз дегеніне көндіруде.

Ұлттық тәрбиені қалыптастыруда халықтың ұлттық қайнар көздері фольклор, ауыз әдебиеті, ұлағатты қағидалар, от ауызды, орақ тілді би-шешендеріміздің шешендік сөздері болып табылады.

Мысалы, нақты бір зат туралы тұспалдап, бейнелеп айту арқылы баланы ойлату, танымдық, білімділік түсініктерді ой елегінен өткізіп, тұжырым жасап, тапқырлық пен дүниетаным дәрежесін байқау үшін, халық ертеден-ақ ауыз әдебиетінің бір түрі саналатын жұмбақтардың алуан түрлерін шығарған. Ал, мақалдар – нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіндері, сөз мәйегі. Шешендік сөздер – ел құралып, халық қалыптаса бастағаннан бергі халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесінде пайдаланып келе жатқан, билер мен хандардың, ел ағасы болған данышпандардың аузынан шыққан өнегелі, қасиетті сөздер.

Ұлттық тәрбиенің өзегі – отбасы, маңызды бөлшегі, яғн тармағы, халық тарихы мен мәдени ескерткіштер болып табылады. Бұл ретте көптеген рухани жұмыстар кезеңін күтіп тұр. Себебі, тарихи салт-сана, ұлттық зерде мәдениетті адамзаттың рухани қазынасы.

Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгер¬шілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиет¬тері, ізгілік сынды тағы басқа сапалық бел-гілер ұлттық тәрбие¬нің негізгі көрінісі болады.

Қорыта келе, қазіргі жаһандану кезінде әлемнің алпауыт елдерімен ұлттық салт-сана мен дәстүрімізді сақтап және оны болашақ ұрпақтың санасына сіңіру арқылы бәсекеге түсуіміз керек. Ол үрдіс адамның сәби кезеңінен бастап, жеке тұлға болып қалыптасуына дейін жалғасуы керек. Осы

орайда“Саусақ бірікпей, ине ілікпейді” деген аталы сөздің де алар орны ерекше. Ұлттық тәрбиені қалыптастыру және дамыту барысында, отбасы, мектеп, қоршаған орта факторларының әсер етуі өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қалиев С.Қ.Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы.Алматы,2015ж.

2.Бурбаев,Т.Ұлтмәдениеті.Астана:Елорда,2001ж.

3.Есім Ғарифолла. «Ұлттық өркениет және мәдени бағдар» Қазақстан: сындарлы жылдар және ғаламдық мәселелер. – Аматы: Қазақ университеті, 2003ж.

4. Ә.Табылды «Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі» Алматы, «Білім» 2004ж .

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ - ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІ

Нығметова Ғ.Н. - п.ғ.к., қауымд.проф.м.а.
Елькеева А.Б. – п.ғ.к. доцент, ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада авторлар педагогикалық-психологиялық талдауды негізге ала отырып қазақ отбасындағы ұлттық тәрбиенің түп негізіне жататын парыз бен қарыздың маңыздылығын айқындап отыр.

Кілт сөздер: ұлттық тәрбие, ата-ана, отбасы, ұрпақ болашағы, парыз бен қарыз.

Резюме. В статье авторами в результате психолого-педагогического анализа подчеркивается важность взаимных обязанностей и долга родителей и детей друг перед другом, лежащих в основе национального воспитания казахской семьи.

Ключевые слова: национальное воспитание, родители, семья, будущее поколение, обязанности и долг.

Summary. In the article the authors as a result of psychological and pedagogical analysis emphasize the importance of mutual duties and duties of parents and children to each other, which are the basis of national education of the Kazakh family.

Keyword: national education, parents, family, future generation, duties and duty.

Әрбір ата-ана өз перзентінің жақсы болуын тілейді. Сол баланы тәрбиелеу, оны жетілдіру өте маңызды. Өйткені, баланы тәрбиелеу сонау көне заманнан бері күнгі бүгінге дейін күн тәртібіндегі негізгі мәселе.

Қазақ отбасында бала тәрбиесі өзінің маңыздылығын жоймаған. Бүгінгі бала- елдің ертеңгі болашағы. Келешегін ойлайтын саналы ел ертеңгі күнін бүгіннен жоспарлап , бүгіннен ойластырғаны хақ. Сондықтан болса керек, дана халқымыз бала тірбиесіне ешуақытта бей-жай қарамаған. «Баланы жастан», «әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» деген нақыл сөздер осыны айғақтаса керек. Тәртіпті де, тәрбиелі ұрпақ өсіру- отбасылық өмірдің негізгі мақсаттарының бірі. Бұл ретте, бала тәрбиесінде келешекте оның қай бағытты таңдайтығында ата-ананың рөлі өте маңызды. Міне ата-ана өз баласының болмысы бұзылмауы үшін оларға жастайынан ақиқатты үйретуі, дұрыс жолды таңдай білуі керек [1].

Баланы тәрбиелеуде ата-ана өзінің перзентіне тәрбие мен білімді беру мүмкіндігін де ескеруі қажет. Кез-келген адамның өз дәрежесі өзіне белгілі екендігін ескерсек, онда ұрпақ сұранысы да соған сай болуы тиіс. Мұндайда балаға өзіміз үлгі боларлықтай амал-әрекетімізді , яғни әкелік міндетіміз бен аналық парызымызды орындай білу бірінші кезекте тұрады.

Қазақ халқы ұрпақтарына: «басыңа бақ қонса – тасыма, іс түссе –жасыма; байлық-мұрат, шен - бақыт емес; байлық – қолдың, маңсап – беттің кірі; шенді болу, бай болу – парыз емес, адам болу – парыз. Атақ қуған адам абыройдан жұрдай болады» деп ұрпақтарына қоғамның белді бір мүшесі болғаны парыз деп ескертіп отырған [2].

Бұл тәрбиеде әр-бір отбасы өз ұрпақтарына «бақ-даулет, атақ-данқ кума, өнер мен білім қу, бақ-даулет көленке, өнер мен білім –өмірлік серік», сондай-ақ, адам баласын бай-кедей, хан-қара деп алаламай, барлық адамға тең қарауды, кішпейіл, кешірімді болып, асып-тасымауды ерекше ескертеді. Әрбір адамның басында бақыт-байлық, қыйындық мәнгі тұрмайды, сондықтан барлық іске ойлы көзіңмен қара; бұл өмірдегі адамның артықшылығы өнер мен ғылымда екендігін терең ұғындырып «мансап қуған адам - өнер-білімнен жұрдай болады, білім құған адам – өнер білімге толады» деп, бұл

тәрбие ұрпақтарды ізгілікке, адамгершілікке жетелейді, мол өнер білім үйренуге ғылыми тұжырым жасауға бағыттайды.

Әрбір ата-ананың ұрпақ алдындағы жеке қарыздары менен парыздары болады. Яғни, ата-ана өз ұрпағының алдында жан-тәніменен абыройын таза сақтау, жаман қылықтарды көрсетпеу. Ана тілін толық уйрету. Ұрпақтарына ана тілін үйрете алмаған ата-ана, олардың алдында мәнгілік қарыз. Баласының төрт мүшесін сау, ақыл-есін дұрыс етіп есейту, өйткені баланы жас күнінен кем-тар етіп өсіру –мәнгілік қарыз. Аналар ұрпақтарына ақ сүтін ақ-адал, пәк етіп беруі – парыз [3].

Балаларын өзгелердің қорлық-зорлығына ұшыратпай, құқық мүддесін қорғауы – парыз. Баланың жүрегіне адам баласының береке бірлігін, достығын ұялату адал азамат етіп жетілдіруі де парыз. Отбасында адал-әділ етіп уәде серттен таймауға бауылу, отбасын, Отанын қорғау, тыныштығын сақтау, балаға өнер, білім, үлгі, тағлым үйрету. Уақытымен тамақтандырып, жеке басының тазалығын сақтапөз құрбыларынан қалдырмау –парыз.

Қажырлы, қайсар, батыл-қарапайым, енбексүйгіштікке тәрбиелеу. Адал, арлы, әдепті-ибалы болуға баулу. Үлкендермен қалай қарым-қатынас жасауды, қалай амандасып, қалай сәлем беруді үйрету. Туған-туыс, дос-жарандар мен қатынасып, алыс-берісті үйрету.

Ер-әйел, үлкен-кіші, аға-қарындасарасындағы силастық, жол-жосық, салт-дәстүрді үйрету керек.

Үлкен жыйын, той, қаралы ас-мәзірге қалай баруды ұғындырып өзін қалай ұстау керектігін үйрету. От жағып тамақ пісіру, шай қую, үй жинау, үлкендердің қолына су қую, ат байлау, келген қонақты қарсалып, ізет білдіру дағдысын үйрету.

Кісілік, кішілік дағдысын ұғындару, ар-абыройын таза сақтау, ибалы болудың жолдарын үйрету. Оқытып, жақсы тәрбие беріп, есейгенде өзінің сүйгеніне үйлендіру. Ақсақалдар мен өнер- білімді кісілерді үлгі тұту. Ата-ананы бағып-қағу баланың парыз екенін түсіндіру [4].

Бұл тәрбиенің мәнін ғалымдар жоғары бағалайды. Осының барлығын үлгі тағлым етіп, жақсы азамат етіп жетілдіруден бас тартуға болмайтындығын сездіріп ұлы борышының бар екенін түсіндіріп балаларды жауапкершілік сезім тудырады.

Ал ұрпақтың да қарызы мен парызы болады. Мысалы, ата-ананы мәнгі құрметтеп силау, олардың айтқанын екі етпей, тапсырған жұмысынан бас тартпау. Оқу мен өнерді, білімді игеріп, ата-анаға күйік емес, қызық болу. Арлы болу, алдынан көлденен өтпеу, бетіне қарсы келіп сөйлемеу, ата-анаға қолын-тілін тигізбеу. Бұндай бала хайуаннан да жаман.

Әрбір бала өзінің ата-анасына мәнгі қарыздармын деп сезіну керек.Салт-дәстүрді білмейтін өзіндік көзқарасы жоқ баланы «мәнгүрт» дейді. Ата-анаға уайым-қайғы салып, жоқты талап етіп қинамау керек. Бұл әрбір ұрпақтың бас тартуға болмайтын парыз-қарыз екененін балалара жете түсіндіруіміз керек.

Балалық шақ және жасөспірімдік кезең адам өміріндегі сенім, мінез-құлық басты ұстанымдарды қалыптастыратын мезгіл. Бұл мезгілде тәрбиенің бесігі- отбасы. Отбасының үлгі бола алуы –игі ұрпақты тәрбиелеп шығаруда басты рөл ата-анаға жүктеледі. Өйткені, өмірінің алғашқы кезеңінде нәресте қоршаған ортадан бұрын ең жақын жанашырлары – ата-анасына еркелейді. Солардан үйренеді, еліктейді. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» деген даналық сөздің түпкі байламы осы.

Жалпы, отбасы тұлға шынығып, шыңдалып , қалыптасатын орын. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны істейді. Содан кейін осы қаланған қасиеттер әдетте ешқандай өзгерістерге ұшырамайды да мызғымас тұлғалық тұтастыққа айналады. Бала тәрбиесі ата-ананың өздерін-өздері тәрбиелеуден, өз-өздерін жақсы халге өзгертуден басталады. Бала тәрбиелеудегі басты алғышарттардың бірі де осы. Бұрынғыдан қалған нақыл сөзге «Адам баласы жақсы да, жаман да қасиеттермен туылады, ал бірақ өтірікті қоршаған ортадан алады» делінген. Бұл ата-ана баласына өтірік айтпауы қажет дегенді алға тартады.

Қорыта келе, ата-анаға берілген сый болып табылатын балалардың аманат екендігін естен шығармаған абзал. Сондықтан балалардың материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етумен қатар, рухани қажеттіліктерінің де өтелуіне баса назар аударуымыз қажет.Балаларымызды тәрбиелемес бұрын ата-ана мына ережені жақсы білуі керек: Балаларымызды тәрбиелемес бұрын ата-ана мына ережені жақсы білуі керек: « Егер баламыздың кемшіліксіз болғанын қаласақ, өзіміз кемшіліксіз ата-ана болуымыз шарт».

Ал, бұл мәселелерді орындау үшін ата-ана үлгі болуы шарт. Бұл жоғарыда келтірген: «Балам дейтін әке болмаса, әкем дейтін бала қайдан болсын?» дегенді алға тартады [5].

Рас, кез-келген ата-ана бүгінде мұндай сұраныс бере алмасы анық. Бірақ, бұған жағдай жоқ деп қашанда ауызды қу шөлпен сүртіп, қол қусырып отыру да жақсы емес. Кез келген жақсылыққа ұмтылған дұрыс. Бұл дегеніңіз, өзіңіз жете алмағанға балаңыздың жететініне ұмтылу дегенді аңғартады. Міне, сонда ғана еңбегіңіздің нәтиже бергеніне куә бола аласыз.

Тоқсан ауыз сөзімізді түйіндей келгенде, өскелең ұрпағымызды тәрбиелеп, оған заман талабына сай білім беру кез келген ата-ана алдындағы міндет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. С.Ғаббасов. Ұлт тағдыры – ұрпақ тәрбиесінде. - Алматы, 2013
2. А.Нүсіпұқасұлы. Тал бесіктен жер бесікке дейін. –Алматы, 2014
3. С.Кенжеахметұлы. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. –Алматы, 2010
4. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы.- Алматы: 2007
5. Ә.Табылдиев. Халық тағлымы. –Алматы, 2000

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТКЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МӘНІ

Нуртаева Г. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛТҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аннотация: Бастауыш сынып оқушыларын зерттеушілік іс-әрекетке үйретудің маңыздылығы дәлелденіп, оларды өздіктерінен ізденіп зерттеуге баулу жолдары көрсетілген.

Кілт сөздер: жеке тұлға, функционалдық, коммуникативтік, зерттеу әдісі, зерттеушілік іс-әрекет, ізденушілік, интеллект, белсенді оқу әрекеті.

Аннотация: Важность обучения учащихся начальной школы исследовательской деятельности подтверждается тем, как они могут изучать сами.

Ключевые слова: личность, функционал, коммуникативность, метод исследования, исследовательская деятельность, исследование, интеллект, активное обучение.

Abstract: The importance of teaching primary school pupils to research activities is proven by how they can be explored by themselves.

Keywords: personality, functional, communicative, research method, research activity, research, intelligence, active learning.

Жалпы білім берудің мемлекеттік стандартында білім беру мақсаты мен міндеттеріне, мазмұны мен құрылымына маңызды өзгерістер енгізу көзделген. Басты назар оқушыларды біліммен қаруландыру міндетін олардың жалпы оқу біліктері мен дағдыларын оқу әрекетінің негізі ретінде қалыптастырумен ұштастыруға аударылып отыр. Осыған орай орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында жасалып, қазіргі таңда эксперименттен өткізіліп жатқан бастауыш сыныптағы қазақ тілінің оқу бағдарламасында пәнді оқыту мақсаты төмендегіше айқындалған: «Қазақ тілін» оқыту мақсаты – тілдің функционалдық және коммуникативтік қызметі арқылы қоғамдық-әлеуметтік ортада тілдік қатынасты жүзеге асыратын жеке тұлғаны дамытуға мүмкіндік жасау» [1]. Осы талапқа сай тілді оқыту барысында оқушыларды тілдік дағдыларды игеру арқылы сыни ойлау мен жазуға жаттықтыру және оларды зерттеушілік әрекетке баулу көзделеді.

Қоғамның қарқынды дамуы, техникалық прогресс, қазіргі заман талабы мектеп оқушыларының жан-жақты терең ойлау қабілеттіліктерін арттыруды және зерттеушілікке негізделген белсенді оқу әрекетін ұйымдастыруды қажет етуде. Сондықтан бұл істі бастауыш сыныптан бастап қолға алған жөн. Кейінгі жылдары көп айтылып жүрген бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін зерттеу-ізденушілік жұмыстарды бастауыш сыныптан бастау қажет.

Оқушыларды зерттеушілік жұмысқа үйрету қажеттігін де, зерттеу әдісі туралы да Т.Шонанұлы сонау 1926 жылдың өзінде-ақ айтқан болатын. Ол бұл мәселеге 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналының 6-санында жариялаған «Зерттеу әдісі» атты мақаласын арнаған. Осы мақаласында автор зерттеу әдісі қазақ мектептеріне жаңадан еніп жатқан әдіс екенін айта келіп, «Зерттеу әдісі қай ғылымда да ұсталады, өте-мөте жаратылыс ғылымында көп ұсталады. Зерттеусіз жаратылыс ғылымы жоқ», – дейді. Содан соң жаратылыстану, математика, ана тілі сабақтарында зерттеу әдісін қолдану жолдарына тоқталады [2]. Шын мәнінде де, зерттеу әдісі дүниетану пәні үшін өте қолайлы. Жыл мезгілдерінің өзгерісіне қарай болатын табиғат өзгерістерін, ауа райын, сынып бөлмесіндегі өсімдіктердің өсу барысын бақылау оқушылардың қызығушылығын оятары сөзсіз. Қазіргі таңда оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетке деген осы қызығушылықтарын өзге пәндерді оқыту үдерісінде де оңтайлы қолдану талап етілуде. Мұның себебі саналы зерттеу жұмысы тек адамға тән, ол ақиқатты игерудің қуатты құралы бола отырып, оның ойлау қабілетін дамытады ізденушілік әрекетке жаттықтырады.

Ғылымдағы іргелі зерттеулер – әлемнің мейлінше шынайы бейнесін құруға ұмтылатын ғылымды дамытудың басты құралы. Орыс және әлемдік ғылымның классигі В.И.Вернадский: «Ғылым – әдебиет пен өнерге қарағанда үлкен, бірегей, ешнәрсемен салыстыруға болмайтын адамзаттың күрделі әлеуметтік туындысы, ол бүкіләлемдік сипат алып тұр. Мемлекеттік және қоғамдық өмірдің формаларымен әлсіз байланыста. Бұл – әлеуметтік жалпы адами білім, өйткені оның негізінде барлығы үшін тең міндетті ғылыми фактілер мен жалпы қорытындысы жатыр».

Қазіргі заман оқушыдан тек оқу үдерісі барысында жекелеген пәндер бойынша алынған білімді ғана емес, бәрінен бұрын шығармашылық зерттеу қызметі барысында алынған тұтас білім мен шынайы өмір тәжірибесі негізінде тұжырымдалған тұтастай дүниені сезіну мен дүниетанымды көптеп талап етеді.

XXI ғасырдың басында-ақ зерттеулік ізденіс біліктері мен дағдылары тек ғалымдарға емес, ол барша адамға сөзсіз қажеттігі айқындалды. Оқытуды зерттеушілік бағытта ұйымдастыру, оның теориялық идеясы мен практикасын біріктіру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Психолог және педагог ғылымдар адам өміріндегі зерттеушілік іс-әрекеттің рөлін, жалпы білім беру үдерісінде зерттеу әдісін қолданудың бағытын қайта қарастырып, бағалауда. Қазіргі білім беру практикасында баланы зерттеу жолымен оқыту – қоршаған әлемді тануға мүмкіндік беретін ең тиімді әдістердің бірі ретінде танылуда.

Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, өзіне беймәлім нәрсе туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән қасиет болып саналады. Яғни ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Зерттеу балаға тән, қалыпты жағдай. Көз алдымызға жаңадан ойыншық алған сәбиді елестетіп көрейікші. Бала бұл ойыншықты жан-жақты қарайды, уқалайды, умаждайды, жапырады, тістейді, сәл ересектеуі оны бөлшектерге бөліп тастайды. Кез келген кезде белгісіз обьектіні немесе құбылысты байқаған бала ересектерге “Бұл не?”,”Неліктен?”, “Неге?” деген тәрізді сұрақтарын жаудырады. Өкінішке орай, көптеген жағдайда жауап беруге өресі жетпеген ересектер оларды жауапсыз қалдырады. Баланың қажымай-талмай жаңа әсерлерге әуестенуі, белгілі бір затты тәжірибелеуге, бақылауға ынталылығы, өмірден өздігінен жаңа мәліметтер іздеуі – осының барлығы оның өздігінен зерттеушілік іс-әрекетке ұмтылысын байқатады. Бұл тұста білмегенді білуге деген құштарлық бала бойына туа біткен қасиет екенін атап айтқан жөн. Ұлы ақын Абай бұл туралы: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалты-жұлтыр еткен болса, соған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-крней болса, даусына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» болатын [3]. Баланың білуге деген осы құштарлығын өшіріп алмай, одан әрі өрістету – мұғалімдердің міндеті. Оқушылардың нақ осындай танымдық ынтасынан олардың зерттеушілік бағыты қалыптасады және зерттеп оқу қажеттілігі туындайды. Демек, баланың білуге құштарлығын қолдау және дамыту білім берудегі маңыздың мәселелелердің бірі, ал оны шешу жолдары – оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыру.

Зерттеушілік іс-әрекет – бұл оқушылардың есін, түйсігін іске қосу емес, ойлану механизмін қалыптастыру деген сөз. Яғни саналы ойлау арқылы олардың танымдық-психикалық үдерісін дамытады. Зерттеушілік іс-әрекет оқушының эмпирикалық және теориялық танымының біріктірілуімен меңгеріледі. Кез келген зерттеуде проблеманы анықтау, конструктивті сұрақтар қою, бақылау жүргізу, мәтіндермен жұмыс жасау арқылы ақпараттар жинақтау, оны саралау, анализдеу және тұжырым жасау әрекеттері кіріктіріледі. Бұл зерттеушілік іс-әрекеттің жан-жақтылығын, әмбебап болмысын дәлелдейді. Баланың ізденісі оның жеке дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. Оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке бастауыш сыныптан бастап үйрету маңызды болып отырғаны сондықтан. Бұл ретте оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетінен күтілетін нәтиже – баланың танымдық қажеттіліктері мен қабілеттерінің дамуы екенін ұғыну жөн.

Зерттеушілік оқыту барысында оқушылар ұсынылған тақырыптар жөнінде көптеген мәліметтер жинақтайды. Әр кірпіштен немесе тастан құралған үйінді үй деп саналмайды, дәл солай кез келген деректердің жиынтығы да ғылыми білім бола алмайды. Сондықтан шәкірттер байқау жүргізу немесе тәжірибелеу нәтижесінде алынған деректері, болжамдары, топтастыру сызбалары, тіпті айқындалған заңдары – ғылым материалдары екендігін жете түсіну керек. Бұларды ғылым ретінде ұйымдастыратын – теория. Ендеше мектеп қабырғасында зерттеумен айналысқан бала жаңа ақпараттар жинақтау арқылы ғылымға алғашқы қадамын жасайды.

Қазіргі мектеп түлегі әлеуметтік ортаға бейімделуге және жетістікке жетуге қажетті тәжірибелік-бағдарлы білімді меңгеруі тиіс. Мұндай жағдайда оқытудың шығармашылық әдістері басты рөл атқарады. Солардың ішінде зерттеушілік әрекет айрықша орын алады.

Бастауыш мектептегі зерттеушілік жұмыс ерекшеліктері мұғалімнің жүйелі түрдегі басқарушылық, ынталандырушылық және түзетушілік рөлінен көрінеді. Бұл тұста мұғалім үшін бастысы – балаларды қызықтыру және «жұқтыру», оларға өз әрекеттерінің маңыздылығын көрсету және өз күштеріне сенімділігін орнықтыру, сонымен қатар ата-аналарды балаларының мектептегі жұмыстарына қатыстыру.

Ақылды ата-аналар балаларына қолдау жасайды, сонымен қатар оларға тура жауапты айта салмай, баланы өздігінен ойлануға, бақылау жасауға итермелейді, кейде оларға не істеу керектігін көрсетеді. Міне, бұл – зерттеушілік әрекетті қалыптастырудың бастамасы.

Интеллектісі жақсы дамыған оқушыларға мектептегі білім мен тапсырмалар аздық етуі мүмкін. Мұндай жағдайда ондай оқушыларды дер кезінде байқап, оларға жеке ерекшелігіне орай біршама күрделендірілген тапсырмалар беру керек. Сонда олардың қызығушылықтары қайта оянады. Егер арада көп уақыт өтіп кетсе баланың шығармашылық жұмысқа ынтасы оянбауы да мүмкін. Сондықтан оқушылардың өзіндік ерекшеліктері мен қабылдау мүмкіндіктерін және олардың нені қалайтындарын үнемі назарда ұстаған жөн.

Бұл үшін төмендегідей сұрақтар арқылы оқушылардың ойын біліп тұру керек: Сені бәрінен бұрын не қызықтырады? Немен шұғылданғанды ұнатасың? Бос уақытыңда немен айналысысың? Не туралы көбірек білгің келеді? Нені мақтан етесің?

Ұсынылатын зерттеу тақырыптары мынадай болуы мүмкін: Фантастикалық (бала қандай да бір фантастикалық болжам ұсынады); эксперименталді; шығармашылық; теориялық.

Жұмыс жоспары:

- Зерттеу жұмысының тақырыбы: Менің зерттеуім қалай аталады?
- Кіріспе. Мәселенің өзектілігі. Менің жұмысым не үшін қажет?
- Мақсат. Мен нені зерттегім келеді?
- Зерттеудің болжамы. Мен бұл зерттеуді не үшін жүргізгім келеді?
- Зерттеудің міндеттері.
- Менің зерттеуімнің жүргізілетін уақыты мен орны.
- Жұмыс әдістері. Мен зерттеуді қалай жүргіздім?
- Жұмыстың сипаттамасы. Менің зерттеу нәтижелерім.
- Қорытынды. Мен ойлағанымды орындай алдым ба? Мен зерттеу барысында қандай қиындықтарға тап болдым, нені орындай алмадым?
- Пайдаланылған әдебиеттер
- Қосымша.

Зерттеу жұмысының қорытындысы балалар конференциясында сөз сөйлеу болып табылады. «Үлкендердің» конференциясынан айырмашылығы – мұнда әр оқушы үшін «жетістік жағдаятын» туғызу керек. Жұмыстың сапасына қарамастан әр оқушыны мадақтау қажет, бұл олардың зерттеушілік әрекеттерін одан әрі қарай жалғастыруға деген ынтасын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (2-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы – Астана, 2016.

2. Т.Шонанұлы Зерттеу әдісі. «Жаңа мектеп» журнал, 1926, № 6.

3. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том. Алматы «Жазушы» 1995.

СПОРТИВНО-МАССОВАЯ И ФИЗКУЛЬТУРНО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНАЯ РАБОТА В ШКОЛЕ

Садвакасова А. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы, ҚР

Аңдатпа. Басты мақсат-мектеп қалыптастыру, оқушылардың қызығушылығын дене шынықтырумен және спортпен айналысуға қажеттілігі салауатты өмір салтына, денсаулығын сақтау және нығайту.

Кілт сөздер: Салауатты өмір салты,дене шынықтыру-сауықтыру ,спорттық бұқаралық,қалыптастыру,дамыту,спорттық жарыстар, денсаулықты нығайту.

Аннотация. Главная задача школы формирование у школьников интереса к занятиям физической культурой и спортом, потребность к здоровому образу жизни, сохранение и укрепление здоровья.

Ключевые слова: Здоровый образ жизни,физкультурно-оздоровительная , спортивно-массовая,формирование,развитие, спортивные соревнования, укрепление здоровья.

Annotation. The main task of the school is the formation of students ‘ interest in physical culture and sports, the need for a healthy lifestyle, preservation and promotion of health.

Keywords: Healthy lifestyle, fitness, sports mass, formation, development, sports competitions, health promotion.

Спорт, физическая культура, здоровый образ жизни должны стать надежной защитой, способной помочь детям адаптироваться к новым условиям жизнедеятельности, противопоставлять непрерывно ухудшающей экологической обстановке. Это в свою очередь активизирует требование формирования у детей и молодежи ценностных ориентации и мышления относительно сознательного укрепления своего здоровья и физического совершенствования.

Одной из задач школы является современное формирование у школьников мотивов занятий физической культурой и спортом, соответствующих интересов и привычек. Между тем последнее должно основываться на знаниях закономерностей формирования мотивационно-потребностной сферы личности.

В условиях переустройства казахстанского общества остро стоит вопрос о состоянии здоровья детей и учащейся молодежи. [1] Современное человечество все яснее осознает тот факт, что культура общества и личности не может быть полноценной без прогресса культуры физической. В усиливающейся борьбе за

всеобщее оздоровление нации физической культуре отводится одна из слагаемых здоровья нации. Перечень неблагоприятных воздействий на здоровье подрастающего поколения очень велик. В имеющихся условиях вряд ли можно надеяться оздоровить подростков или укрепить их здоровье только за счет физкультурных мероприятий. Мы сначала вредим их здоровью, допуская учебные перегрузки на уроках и дома, а потом пытаемся формировать здоровый образ жизни. В связи с этим необходимо от рождения до взрослого состояния системная организация мероприятий, которые способствовали бы воспитанию потребности в укреплении здоровья, а также формировали бы знания о здоровом образе жизни.

Здоровый образ жизни – это активное участие в трудовой, общественной, семейно-бытовой, досуговой формах жизнедеятельности человека. К сожалению, многие люди не соблюдают самых простейших, обоснованных наукой норм здорового образа жизни.[2] Одни становятся жертвами малоподвижности, вызывающей преждевременное старение, другие излишествует в еде с почти неизбежным в этих случаях развитием ожирения, склероза сосудов, третьи не умеют отдыхать, отвлекаться от производственных и бытовых забот, вечно беспокойны, нервны, страдают бессоницей, что в конечном итоге приводит к многочисленным заболеваниям внутренних органов.Здоровый образ жизни является предпосылкой для развития разных сторон жизнедеятельности человека, достижения им активного долголетия и полноценного выполнения социальных функций. Актуальность здорового образа жизни вызвана возрастанием и изменением характера нагрузок на организм человека в связи с усложнением общественной жизни, увеличением рисков техногенного, экологического, психологического, политического и военного характера, провоцирующих негативные сдвиги в состоянии здоровья.

Казахстанские видные ученые в области физической культуры и спорта Л.И.Орехов, Т.М.Досмухамбетов, А.К. Кульназаров, В.А.Сорокин, В.А. Коваленко в «Программе комплексного оздоровления населения Республики Казахстан» рассматривают здоровый образ жизни как глобальную социальную проблему, составную часть жизни общества в целом.[3]

Одной из основных задач цивилизованного общества является внедрение в повседневный режим жизни активной двигательной деятельности. Важнейший мотив этого – стремление повысить устойчивость организма к различным неблагоприятным условиям внешней среды, сохранить здоровье, активную трудоспособность и устранить проявления хронической патологии.

Использование методов физической культуры в оздоровлении нации является первостепенным, что подтверждает ее главную роль в укреплении здоровья населения. При всей значимости физической культуры, как основы процесса физического воспитания учащихся, исключительная роль в приобщении к ежедневным занятиям физическими упражнениями, а также формированию здорового образа жизни принадлежит физкультурно-оздоровительной и спортивно-массовой работе. Повышен-

ное внимание к данному направлению работы в учреждениях образования обусловлено следующими причинами: ухудшение здоровья детей; увеличение наполняемости классов; гиподинамия. [4]

Спортивные соревнования – всегда праздник. Вот почему очень важно хорошо продумать зрелищную сторону стартов. Места соревнований украшают флагами, плакатами, призывами. Нередко перед соревнованиями проводят парад, показательные выступления. По возможности, неплохо организовать и квалифицированный комментарий судьи информатора, который поможет зрителям следить за ходом борьбы на спортивной арене. Опытные организаторы заранее разрабатывают весь сценарий предстоящего праздника.

Соревнования могут быть личными, командными и лично-командными.

В личных соревнованиях разыгрываются звания чемпионов и победителей среди отдельных спортсменов (легкая атлетика, лыжный, велосипедный спорт и другие виды спорта).В большинстве спортивных игр (футбол, волейбол, баскетбол) и некоторых других видах спорта в велосипедных командных гонках, эстафетах все соревнования командные, т.е. борются между собой команды. Результаты отдельных участников тут не учитываются. Командными могут быть соревнования в любом виде спорта, если их итоги подводятся по принципу командного зачета: результат каждого участника идет в общую сумму результатов всей команды. Тот коллектив, у которого эта сумма окажется лучше, выйдет победителем.Наиболее распространены лично-командные соревнования. В них учитываются результаты отдельных спортсменов, и команды в целом. Эти соревнования выявляют лучших, сильнейших участников и дают представление об общем уровне развития спорта в той организации, которую представляет команда.

В лично-командных соревнованиях командное первенство определяется по сумме результатов (очков, баллов) участников команды класса, учебной группы, района, города.Для организации круглогодичной спартакиады учреждения образования, мы рекомендуем применять следующие формы проведения физкультурно-оздоровительных и спортивно-массовых мероприятий: соревнования по видам спорта по упрощенным правилам внутри классов (групп), между классами (группами); матчевые встречи между классами (группами); дни бегуна, метателя, прыгуна, спринтера, многоборца, гимнаста, баскетболиста и т.д. (проводятся как лично-командные, так и личные); открытые первенства учреждения образования по видам спорта (проводятся как лично-командные, так и личные, в которых могут принимать участие учащиеся других параллелей классов, курсов, а также учащиеся близлежащих учебных заведений, например, малокомплектных школ); туристские слеты и соревнования; дни «Здоровья» - проводятся как лично-командные (комплексное проведение соревнований: по народным, подвижным и спортивным играм, легкой атлетике, лыжным гонкам, спуску с гор на санях, гимнастике, допризывной подготовке и т.д.

Таким образом, одним из эффективных путей привлечения учащейся молодежи к занятиям физической культурой является: изучение мотивов, интересов, потребностей к активным занятиям физическими упражнениями и дать необходимые знания в данном направлении. Достижение этой важной цели некоторые авторы видят в возможности комплексного использования средств физического воспитания для обеспечения не только физического, но и психического здоровья каждого школьника, формируя тем самым его физическую культуру как неотъемлемый компонент общей культуры.

Список литературы:

1. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам физической культуры и спорта» Президент Республики Казахстан Н. НАЗАРБАЕВ, Астана, Акорда, 11 мая 2017 года № 65-VI ЗРК.

2. Программа комплексного оздоровления населения Республики Казахстан/Л.И.Орехов, Т.М.Досмухамбетов, А.К.Кульназаров, В.А.Сорокин, В.А.Коваленко. – Алматы, Департамент по делам молод., туризма и спорта Мин.Обр. и культ.РК, 1997.

3. Кульназаров А.К. Теория и методика здорового образа жизни. Учебное пособие. – Алматы. – 326 с.

4. Адамбеков К.И. Воспитание физических качеств детей и подростков, оценка его эффективности: монография. – Алматы, 1993. – 260 с. 18-25.

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТІРЕГІ

А.Т. Рахимова – оқытушы, ҚазҰҚызПУ, Алматы қ.,

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ қыздарына тән қасиеттер анық көрсетіліп, олардың қазіргі таңдағы тәрбие мәселесі жүйеленіп отыр. Сонымен қатар, қыздармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының бағыттары берілген.

Түйін сөздер: тәрбие ортасы, шаңырақ, отбасы тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі.

Аннотация. В статье рассмотрены оновные качества казахских девушек и их проблемы воспитания. Так же, рассматривается основные направления воспитательной работы с современными девушками.

Ключевые слова: воспитательная среда, семья, семейное воспитание, воспитание девочек.

Annotation. The article examines the qualities of Kazakh girls and their problems of upbringing. Also, the main areas of educational work with modern girls are considered.

Keywords: educational environment, family, family upbringing, education of girls.

Тәрбие – тал бесіктен.... немесе «Отан отбасынан басталады» десек, сол әрбір кіші отанның ұйытқысы, берекесі болатын – әйел адам. Сондықтан да бүгін жалпы берілетін тәрбиенің ішінен қыз бала тәрбиесіне байланысты тұстарын бөліп алғандағы негізгі мақсатым - адамгершілігі мол, кішіпейіл, әдепті, инабатты, сыпайы қыздарымызды тәрбиелеп шығару.

Ұлттың адаспай, ұлт болып қалуы, қоғамның дамуы мен мемлекеттің өркендеуі – соңында келіп әйелге, келешек ана болар қыздардың қалай тәрбиеленетініне байланысты болмақ. Әрбір елдің өміріндегі шешуші кілт – қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызда «Қыз» деген сөздің өзі әдемiліктің, әдептіліктің, сұлулықтың символы ретінде қолданылады.

«Қызым үйде – қылығы түзде» демекші, қыз баланың жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, киім киісі тәрбиенің негізі болып саналады. Жасыратыны жоқ, кейбір ата-аналар қыздарымен жеке сырласуға, сөйлесуге уақыттары болмай жатады. Осыдан барып бала әке – шешесінен суып, оларға деген сыйластықтан алыстай бастайды. Бала кезінен жылылық, мейірімді көрмеген адам баласы жүрегін бойлаған суық ызғардың өшін өзгелерден алатын қатыгездікпен өседі.

Ата-бабамыздың дәстүрінде халқымыз қыз баланың тәрбиесіне қашанда қатты көңіл бөліп, жат жұрттық болғандықтан төрден орын беріп, аялап өсірген. Ер баланы соңынан ерген тұяғы, өмірінің жалғасы, ертеңгі мұрагері санағанымен, қыз баласын олардан әсте жоғары қойып, әлемдегі сұлулықтың үлгісін қызының тал бойынан көруді көксеген. Бүгінгі қызғалдақ қыздарымыз – ертеңгі күні ибалы келін, болашақ ана, салиқалы әже болатыны табиғат заңынан белгілі. Сондықтан, иманы мен ибасы бойына тоғысқан қыздарымызға ата-бабаларымыз «қырық үйден тыйым» салып, көзінен таса етпей, тәрбиесіне үлкен мән берген. Өйткені, ол - ертеңгі шаңырақтың құты мен ұйтқысы, бағы мен берекесі, сәні мен салтанаты. Көпке топырақ шашудан аулақпыз, десек те, осы жағымыз қазіргі таңда осал қалып жатқан сияқты. Еркелеткен жөн-ақ, бірақ оны еркіне қоя беру деп ұқпау керек. Әсіресе, университетімізде тек қыздар білім алатындықтан ба, еріксіз назар аударасың, қоғамда ерсі қылықпен көзге түсетін қыздар баршылық. Біле білсек, бұл сипат біздің қыздарымызға мүлдем жараспайды. Мәселе шаңырақтағы ата-анадан берілетін тәрбиеде және оны бойына сіңіре білген баланың санасында екені белгілі. Қазақ отбасында қалыптасқан тәрбиеде шектен шыққан ұлын жазалап, тәртіпке салатын болса, ал қызына анасы, әжесі байыппен, сабырмен кеңес беретін болған. Біздің санамызда әкеден, өзіңнен үлкен ағадан ескерту алу деген өте үлкен айып саналатын еді. Бұл да болса отбасындағы ер адамдардың беделінің биіктігін көрсетсе керек.

Дана халқымызда «Келіннің шашына күн тисе, кіндігіне у тиеді» деген даналық сөз бар. Ізеттілік, көрегенділік нәресте кезінен ана сүтімен бойға сіңеді. «Қызға қырық үйден тыйым» деп қыз баланың жүріс-тұрысынан бастап дауыс ырғағына дейін мән берудің өзі қыз бала тәрбиесінің маңыздылығын сездірсе керек. «Қыз қылығымен сүйкімді» екенін ерте біліп, қызды қашанда «жат жұрттық» уақытша қонақ ретінде жас күнінен отбасының сенімді серігі, қара қазанның иесі, үйдің ұйытқысы ретінде тағылымды тәрбие берген. Қазақ қыздарының менталитетіне қарапайымдылық, сыпайылық, инабаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ақылдылық, имандылық сияқты қасиеттер кіреді. Тарихқа көз жүгіртсек, Айман, Құртқа, Назым сияқты қыздарымыз, Домалақ ана, Айша Бибі сынды аналарымыз нағыз қазақ әйелдерінің үлгісі болды. Сондықтан да, қазақ қыздарымыз тәрбиелі ұлтжандылығымен, өздеріне тән нәзіктігімен және рухани тазалығымен ерекшеленетін еді. Ар-намысын жоғары ұстай білген қыз ғана жұрт алдында әрдайым абыройлы, сыйлы болары хақ.

Қазақ отбасының маңызды қызметтерінің бірі - тәрбие. Ата-ананың міндеті - жас ұрпаққа аға ұрпақтың әдет-ғұрпын, адамшылдық, адамгершілік, инабаттылық, сыйластық қасиеттерін сіңіру. Әсіресе, қазақ отбасында басқа ұлттарға қарағанда қыз бала тәрбиесі ерекше орын алады. Қазақ халқы қыз баланы ардақтап ұстаған, оның көңілін қалдырмаған, оған қарсы сөйлемеген, оны мәпелеп өсірген және де оны қатал ұстап, тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп қараған.

Қыз бала тәрбиесінде ананың орны ерекше. Ана қыз бала тәрбиесінде әкеге қарағанда ерекше қызмет етеді. Қыз бала анаға бір табан жақын ғой! Басқа ұлтқа қарағанда біздің қазақ қыз-келіншектердің бойында іземттілік, ар-ұят, ұяңдық, үлкенге қызмет көрсету, үлкеннің алдын кесе-көлденең

кесіп өтпеу, жан ашу қасиеттері басымырақ келеді. Осындай қыз балаға тән қасиеттерді қызының бойына сіңіретін ең бірінші ол - анасы. Қыз баланы жастайынан үйді таза ұстауға, төсек жинауға, ас пісіру, шай құю, кесте тігу тағы басқа жанұяның үй жұмысына үйретуді анасы мен әжесі өз міндеттеріне алған.

Қыз баланы келешек ана, бала тәрбиешісі, жанұяның ұйытқысы деп түсінген халқымыз оның еңбек сүйгіш, өнерлі болып өсуімен қатар, қыз баланың көрікті болып өсуіне де ерекше көңіл бөлген. Әсіресе, қыз баланың көрікті болып өсуіне анасы ерекше көңіл бөліп, «аттың көркі-жылқы, қыздың көркі-шаш» деп, қыздың шашын күтіп өсіруді өнер санаған. Бөйжеткен қыздың киім киісіне де ерекше көңіл бөлген. Мысалы: «адам көркі-шүберек» деп, қыз балаларға қынама камзол, кәмшат бөрік, қос етек көйлек, биік өкше етік тіктіріп кигізген және де қызға сырға, білезік, шашбау, шолпы сияқты әшекейлерді тақтырған. Дана халқымыз қыз баланың көркіне оның ақыл-ойы және мінез-құлқы сай болуын қалаған. «Қыз қылығымен сүйкімді», «қыз ақылы - шешеден» тағы басқа мақал-мәтелдерді қазақ халқы бекер айтпаса керек.

Ал қазіргі отбасында қыз бала тәрбиесі қандай!?

Кейбір отбасында бұл тәрбие өз мәнін жоғалтқаны сөзсіз. Қазіргі қыздардың бойынан қазақ ұлтына жат қылықтар көптеп кездеседі. Мысалы айтатын болсақ, шылым шегу, жеңіл жүрістері, ашық-шашық киім кию, көпшілік ортада өзін-өзі ұстау әдебін білмеу, бейбастақ сөздер айтуы, ата-аналарына құлақ аспау, «өзім білемге» салып, қате шешім қабылдау сияқты әрекеттер жасау ең үлкен қателіктер болып табылады. Әсіресе, қыз балалардың бойында бұрынғы аналарға тән инабаттылық, ұяңдық қасиеттері азайып барады. Міне, осындай жан түршігерлік қылықтардың біздің қазақтың қыздарының бойынан табылуы өте өкінішті-ақ. Қазіргі қоғамда осындай кемшіліктердің болуына ата-аналардың да қатысы бар. Ата-ана бала тәрбиесінде басты рөл атқарады. Күнделікті тіршіліктің соңында жүріп, олар бала тәрбиесіне соның ішінде қыз бала тәрбиесіне аса үлкен жауапкершілікті азайтып алған сияқты. Сондай-ақ, қыз бала тәрбиесінің төмендеуіне қазіргі көгілдір экрандағы көрсетіліп жатқан шетел фильмдері, онымен қоса ұялы телефондағы сан түрлі әлеуметтік желілер, әр-түрлі жағымсыз ақпарттар да әсер етуде. Осы айтылғандарға қазақ қыздары еліктеп, өздерін тым еркін ұстайды, тіпті кейбір қыздар ата-анасын сыйламай, оларға дөрекі сөйлеп, қарсы келіп жатады. Мұндай жағдайда, тіпті, ата-аналардың өз балаларына шамалары жетпей, дәрменсіз күй кешеді. Әрине, бұған себеп тек бір ғана факторды бөліп көрсету қате пікір. Енді осы тәрбиені жақсартудың бірнеше жолдарын атап кеткенді жөн көрдім: жанұяда ұлттық тәлім-тәрбие беру, әрбір ата-ана өз міндеттерін, жауапкершілігін білу, ата-ана білім беру ұйымдарымен, яғни педагогтармен тығыз байланыста болу қажет.

Қыз баланың жақсы болып өсуіне, оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы-құрдастарының, дос-жорандарының да әсері күшті. Қазақтың «қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол» деген нақыл сөздері сол өмір тәжірибесінен алынған. Сонымен қатар, қазіргі заманғы қыздардың бойынан ақылдылық, инабаттылық, сымбаттылық, көріктілік және де іскерлік қасиеттері табылуға тиіс. Халық «өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без», Жүсіп Баласағұн»: ақылды әйел іздесең сен - есті болса, төрт құбылаң теңелер», ал, ұлы Абай атамыз»: ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» деген екен. Демек, болашақ жас ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, өнегелі, өнерлі етіп тәрбиелеу қазіргі отбасындағы үлкен міндет. Сонымен қатар, қазақ отбасында тәрбиенің негізі - ұлттық салт-дәстүрлер. Біз келешек ұрпақ тәрбиесін, соның ішінде қыз бала тәрбиесін дұрыс жолға қоя білсек, ұлтымыздың алдыңғы қатардағы озық ұлттар қатарына қосылуына аз да болса үлес қосқан болар едік деп ойлаймын. Тәрбие отбасынан басталады дегенді тағы қайталап айтқым келеді, себебі қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі түзелсе, яғни келешекте әрбір ұлттық сәлт-дәстүрлермен тәрбиеленген қыздар ел қорғайтын ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелей алатынына біз сенімдіміз.

Қорыта келе, жоғарыда айтылған қыздардың тәрбие мәселесі қазіргі таңда өзекті екені баршаға мәлім. Сондықтан, барлық жоғары оқу орындарында қыз тәрбиесіне арналған арнаулы курс жүргізілсе, бұл ұлттық маңызы бар оқиға болар еді деп ойлаймын. Біздің университетте оқып, білім алып жатқандардың көпшілігі ауылдан келген қыздар. Ауылдағы ең қажетті, әрі қасиетті шаңырақ, бар қазақтың алтын бесігі – мектеп. Демек, қазақ халқының алтын бесігі – ұлттық мектептерге маман даярлау біздің университет ұжымы үшін өрелі, әрі қастерлі міндет. Ұлы даланың дана қыздарының бүгінгі жас ұрпағы елдіктің ұраншысы және инабатқа толы қозғаушы күші болса екен дейміз. Өз халқын сүйе білген жас адамдардың бойында ұлттық намыс та, ұлттық рух та, жарасымдылық та молынан табылады. Жас өскін талшыбық сияқты, оны аялап-мәпелесең, бәйтерек болып өседі. Қыздар саналы да тәрбиелі болып өссе, терең білім алса, жоғарыда айтылған өрелі міндет биігінен көрінеріміз хақ.

Әдебиеттер:

1. Ж.Байжанова. Қызым саған айтам. - Алматы, 1990
2. К.А.Оразбекова. Иман және инабат. - Алматы, 1993.

3. Г..Исаева. Шаңырақ шаттығы. - Алматы, 1992.
4. Оразбекова К.А. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. – А.: Дәуір, 2000.
5. Оразбекова К.А. Отбасы психологиясы. – Алматы, 1997.

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ – БАЛАНЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМЫТУ

Рысбаева А.Қ. - «Бөбек» ҰҒПББСО, Адамның үйлесімді дамуы институты, Алматы қ., ҚР.

Аннотация. В статье излагаются проблемы воспитания современной молодежи. Весомый вклад вносят в решение проблемы выдающиеся личности С.А. Назарбаева, С.К.Калиев и др. В Программе нравственно-духовного образования «Самопознание» поставлена цель – всестороннее развитие ребенка. Эти же идеи рассматриваются в трудах С. К. Калиева.

Ключевые слова: самопознание, нравственно-духовное образование, воспитание, общечеловеческие ценности, значимость народной педагогики.

Аңдатпа. Мақалада қазіргі заман жастарын тәрбиелеудің өзекті мәселелері қарастырылады. Бұл мәселені шешуге С.А. Назарбаева, С.Қ.Қалиев және тағы басқа атақты тұлғалар қомақты үлес қосуда. «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім бағдарламасының басты мақсаты – баланың жан-жақты дамуы. С.Қ.Қалиевтың еңбектерінде осы идеялар өз шешімін табады.

Кілт сөздер: өзін-өзі тану, рухани-адамгершілік білім беру, тәрбие, жалпыадамзаттық құндылықтар, халық педагогикасының маңыздылығы.

Annotation. The article is devoted to the problems of education of modern youth. Outstanding personalities S.A. Nazarbayeva, S.K.Kaliev and others are making a significant contribution to solving this problem. The program of moral and spiritual education «Self-cognition» sets a goal - the comprehensive development of the child. The same ideas are considered in the works of
S. K. Kaliev.

Key words: self-cognition, moral and spiritual education, education, universal values, the importance of folk pedagogy.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне жиырма бес жылдан асқан уақыт болды. Еліміздің тарихында өсіп келе жатқан ұрпағымыздың тәрбиесі ерекше орын алады. Жастардың бойында қандай қасиеттер басым? Қазақстан бейбітшіл, рухы биік, адамгершілігі мол азаматтардың елі ретінде одан әрі дамуы үшін не істеу керек? Бұл – жай қойылған сауалдар емес. Бұл сұрақтардың жауабын табу үшін жан-жақты ізденіс қажет.

Өзекті мәселелердің шешімі қоғамның рухани-адамгершілік жаңаруына белсенді араласып жүрген адамдардың арқасында табылады. Бұл ретте адамға қызмет етудің жоғары үлгісі ретінде Сара Алпысқызы Назарбаеваның, Серғазы Қалиұлы Қалиевтың, Күләш Құнантайқызы Құнантаеваның т.б. өмірі мен қызметін алуға болады. Мұндай ұстаздар өз өмірін жастарға адамгершілік тәрбие беруге, оларды мейірімділік пен сүйіспеншілік негізінде тәрбиелеуге үлес қосып, өскелең ұрпақты рухани білім беру арқылы дамытуға арнап отыр.

«Өмірдің мәні неде? Қалай бақытты өмір сүруге болады?» деген сұрақтар әрбір адам үшін маңызды. Өмір мәнін таппай, жаһандану мәселелерімен тығырыққа тірелген, орындалмаған арман–мақсат жетегінде жүрген жастардың пайда болуы әлемді таңдандырып отыр. Аутоагрессиялық әрекет (суицид), ерте жүктілік, өз өміріне шексіз қанағаттанбаушылық сандық және сапалық тұрғыдан өріс алып келе жатыр. Адамдар ашкөздігінің кең қанат жаюының қайтарымы ретінде зілзала, су тасқыны сияқты және емдеуге келмейтін аурулар белең алуда. Экологиялық зардаптар, экономикалық дағдарыс... Бұдан шығудың жолдары қандай? Не істеу керек?

Сара Алпысқызы өзінің «Өмір әдебі» кітабында: «Біз әртүрліміз, сондықтан өмір тағлымын әркім өзінше таниды» десе, ежелгі ғұламалар былай деген екен: «Өзіңді тани білсең, әлемді тани білесің!». Біздің биологиялық және рухани тұрғыдағы ауытпашылықтарымыздың бәрі – ішкі жан дүниеміздегі жаман ниет-пиғылдан, менмендіктен, қызғаныш, жалқаулық пен өзін басқа адамдардан жоғары қоюдан деп айтудан шаршамаймын. Сондықтан, бірінші – рухани жағынан, екінші – шынайы жаңарусыз адамзаттық қоғамды өзгерту мүмкін емес. Біз адамдардың күнделікті өмірінде ізгілік, мейірімділік, риясыз сүйіспеншілік, қайырымдылық, кешірімділік, шыдамдылық сияқты қасиеттердің болуына ықпал етуіміз керек, одан басқа жол жоқ» [1].

Балаға жан-жақты тәрбие беруде ұлттық тәрбиенің орны ерекше маңызды. Профессор Серғазы

Қалиұлы өз еңбегінде халық педагогикасы ұғымына мынадай анықтама берген: «Халық педагогикасы дегеніміз – халықтардың ғасырлар бойы жинақтаған ұрпақ тәрбиесі жөніндегі ой-пікір, білім, тәжірибелер жиынтығы». Халық педагогикасындағы тәрбие түрлері: тән және тазалық тәрбиесі, еңбек пен өнер тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, имандылық пен адамгершілік тәрбиесі. Ғалым ауыз әдебиеті жанрларынан нақты мысалдар келтіре отырып, олардың мазмұнын жасады [2].

Қазіргі таңда жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселесі өзекті мәселеге айналуда. Сара Алпысқызы Назарбаеваның авторлық «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы отандық және әлемдік білім берудегі инновация болып табылады. Бағдарламаның тұжырымдамасына сәйкес білім берудің мақсаты – баланы жан-жақты тұтас дамыту болып табылады. Бұл мақсат өскелең ұрпақтың зияткерлік және рухани-адамгершілік әлеуетінің үйлесімді дамыту міндеттерін жүктейді. Күнделікті бақылау көрсеткендей, біз өз балаларымыздың танымдық мүмкіндіктерін дамытудың қамына белсене кірісіп кеткен сияқтымыз, олардың ақпараттық технологияларды жақсы меңгеруіне, көп тілдерді игеруіне және сыни ойлай алуына жіті көңіл бөліп отырмыз. Дегенмен, тұлға дамуының рухани-адамгершілік жағына баса назар аудару қажеттілігі туындап отыр. Аталған Бағдарлама жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделіп, білім беру ұйымдарында бірыңғай рухани-адамгершілік кеңістігін құруға бағытталған педагогикалық үдерістің ерекше түрін ұйымдастыруды қарастырады. Білім беру ұйымдарында бірқатар маңызды педагогикалық шарттар болуы тиіс:

- оқу үдерісінің сүйіспеншілік, сенім білдіру, шабытты шығармашылық аясында ұйымдастырылуы;
- мектептің тұтастай педагогикалық үдерісінде рухани-адамгершілік білім берудің интеграциялануы;
- рухани-адамгершілік білім беру үдерісінде тек қана жағымды және ізгі әдістердің қолданылуы;
- білім беру үдерісінің рухани-адамгершілікті тұлғаны тәрбиелеудің жалпы ұстанымдарына бағдарлануы.

Бағдарламаны жүзеге асыру төмендегі принциптерге негізделеді:

ізгілік бағыттылығы принципі, ол әрбір тұлғаға құрмет көрсетуге, оның бостандығы мен әлеуметтік құқығын мойындауға негізделген ізгілік идеялары мен бағдарларын алдыңғы шепке қояды;

жалпыадамзаттық құндылықтар принципіне сәйкес «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұны адамның жоғарғы рухани табиғатының көрінісі ретінде түсіндірілетін жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделеді;

әлеуметтік өзара әрекеттестік принципіне қосымша арнайы оқудан тыс іс-әрекетті іске асыруға негіздейді, оның негізінде тұлғаның адамдық қасиеттерінің толыққанды дамуы жүзеге асады;

ұлттық мұра принципіне сәйкес жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды ұлттық рухани мәдениет негізінде тану іске асады;

табиғатпен үйлесімділік принципі тұлғаның жастық және жеке дара ерекшеліктерін, рухани-адамгершілік дамудағы ішкі қажеттіліктер деңгейін, физиологиялық және психикалық денсаулық ахуалын ескеруді міндеттейді.

Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде берілген білім оқыту үдерісін айтарлықтай маңызды етеді. Оқушыларға сабақтың тақырыбын қоршаған өмірмен байланыстыруға көмектесу барысында рухани-адамгершілік мәселелерге бет бұруға, олардың шығармашылық белсенділігін оята отырып, танымдық қызығушылықтарын, жағымды көңіл-күй ортасын қалыптастыра ала білуге көмектеседі.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы инновация ретінде педагогтардан терең теориялық және әдістемелік дайындықты қажет етеді. Теориялық дайындыққа мұғалімнің тәрбие және оқыту, қабылдаған шешімдерді нақтылау білігі сияқты дамыту үдерістерінің мағынасын тану жатады. Теориялық дайындық сонымен қатар педагогтардың кәсіби қызметін ұйымдастыруда келесі методологиялық тәсілдемені талап етеді: құндылық (аксиологиялық), іс-әрекеттік, тұлғаға бағдарланған, ортаға бағдарланған. Оларды қысқаша түсіндіре кетейік.

Құндылықтық тәсілдеме жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың диалектикалық бірлігінің діңгегін бағамдайды. Адамның әлемге, адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасының маңызы ерекше орын алады. Рухани-адамгершілік мағынаға толы қатынастар тұлғаның сенімің, құндылықты бағдарларын, тұтас дүниетанымын сипаттайды.

Іс-әрекеттік бағыт бала әрекетінің қалыптасуын бағамдайды,оның рухани-адамгершілік дамуына таным, еңбек және қарым-қатынас жасау арқылы ықпал етеді, яғни, өз өмірінің белсенді жасаушысы болу қажеттігін сезінуге, оның мақсатын, себептерін, шарттарын, нәтижелерін, мүмкіндіктерін тануға көмектеседі.Таным, еңбек және қарым-қатынас жасау, білім алушылардың негізгі іс-әрекеті ретінде, жеке тұлғаның қалыптасуында өзгеріс болатындай жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін ұғынуына ықпал етеді.

Тұлғаға бағдарланған бағыт – педагогикалық қызметтің тұтастай оқушы тұлғасына бағдарлануы, оның тек ақыл-парасатының дамуына емес, сонымен бірге оның азаматтық сезім жауапкершілігіне, эмоционалды, эстетикалық, шығармашылық қабілеттері мен даму мүмкіндіктері бар рухани тұлғаға қамқорлық көрсету болып табылады.

Ортаға бағдарланған бағыт ортаны ұйымдастыру тәсілі мен оның оқушы тұлғасына әсерін оңтайландыру болып табылады. Мұндай білім ортасын құрудың негізінде әлем мен адамды қабылдаудың құндылықтық-мағыналық басымдықтары орын алады. Әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу үдерісінде бала әлеуметтік құбылыстардың мәнін ұғынады, нормалар мен құндылықтарды меңгереді, мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастырады.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы XXI ғасырдың маңызды мәселелерін шешуге бағытталған: ізгілік пен қайырымдылық, жауапкершілік пен заңға мойынсынушылық, барлық адамдарға деген кішіпейілділік пен құрмет қасиеттерімен сипатталатын, ұлы Абайдың «Адам бол!» қағидасын ұстанатын кемел адамды тәрбиелеу. Олай болса, осы бағытта бірлесіп қызмет жасайық, ізгі ұрпақты тәрбиелеп, елімізді дамытуға еңбек етейік!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаева С.А. «Өмір әдебі». – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББО, 2001.
2. Қалиев С.Қ. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. Алматы: «Мектеп», 1986.

МЕКТЕП АЛДЫ БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Садыкова М.К. - п.ғ.к., аға оқытушы

Исабай А.М. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», магистрант. ҚазҰлтҚызПУ, Алматы

Аңдатпа. Бүгінде рухани және адамгершілік мәселелері әлемдік қоғамның басты назарында, себебі адамдардың санасында рухани және адамгершілік құндылықтардың дамуынсыз бір де бір қоғам өзінің әрі қарай дамуын көре алмайды.

Кілт сөздер: Адамгершілік, Мінез-құлық, Қоғамдық-экономикалық, Тәрбие, Өзін өзі тану, Қасиет,Құндылық

Аннотация - В народе не зря говорится: « чтобы дерево росло прямым, ему можно помогать во время рассады, а когда большое дерево не мог его исправить ». Поэтому решающую роль в воспитании уверенности в себе играют семьи и педагоги с детства, которые впитывают в себя нравственные качества, доброжелательность, милосердие.

Ключевые слова: Нравственность, поведение, общественно-экономическое, воспитание, самопознание, качество, ценность

Annotation - The people knowingly said:»that the tree grew straight, he can help during the seedlings, and when a large tree could not fix it.» Therefore, a crucial role in the education of self-confidence is played by families and teachers from childhood, who absorb moral qualities, kindness, mercy.

Keywords: Morality, behavior, socio-economic, education, self-knowledge, quality, value

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Бұл жөнінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан — 2050»: мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясы (14.12.2012 ж.) атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Әлем дүниетанымдық және құндылықтар дағдарысын бастан өткеруде. Біз қазір экономикалық мәселелерден гөрі, рухани мәселелерге басым назар аударылатын мемлекетіміздің дамуы кезеңіне қадам басудамыз», — деген болатын [1].

«Жер бетіндегі адамдардың, алғашқы кезекте үлкендердің басты міндеті — рухани білімді ілгерлетуде өзіне және басқаларға көмек көрсету, оны өскелең ұрпаққа жеткізу», ¾ деп Республика- лық «Бөбек» балалар қайырымдылық қорының негізін қалаушы және Президенті С.А. Назарбаева Дүниежүзілік рухани мәдениет форумында баса айтқан болатын (Астана, 2010) [1].

Бүгінгі күні ұлттық білім беру жүйесі өскелең ұрпақтың дамуына, балалар мен жастарда адамгершілік сенімдердің және де махаббат, мейірімділік, шындық, әдемілік, адамгершілік сынды

жалпы адами құндылықтармен адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыру арқылы жеке тұлғаны дамытуға бағытталған. Осыған орай заманауи педагогиканың маңызды міндеттерінің бірі балаларды жалпы адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу болып табылады. Бұл міндеттің отыз жыл бойғы тәжірибелік шешімі болып, елімізде өскелең ұрпақты дамыту және рухани адамгершілікке тәрбиелеуде белсенділік танытқан, Қазақстан Республикасының бірінші ханымы Сара Алпысовна Назарбаева авторы болатын «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік рухани-адамгершілік білім жобасын жүзеге асыру болып табылады.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады [1,67 б]. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек.

Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Тәрбиенің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ляззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жасбаланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық«, деп атап көрсеткен [2,18 б]. Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-зі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Адамгершілік-адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы. Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет- ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда.

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрініс болып табылады. Сонымен қатар, « Өзін өзі тану» пәні рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы маңызы зор. «Өзін-өзі тану» пәні — баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке,достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүюге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретеді [3,24 б].

Қорыта келе айтарымыз ,қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі. Халқымыздың тәлім- тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайрымдылықты, мейірбандықты дәріптейді. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәде-

ниетті азамат қалыптасады. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Егемен Қазақстан. – 15 тамыз. – 2007. – 5-8 бб.
2. Назарбаева С.А. Келешек кемел болсын // Халық кеңесі. – 6 наурыз.
3. Сухомлинский В.А. Таңдалмалы педагогикалық шығармалар.М-1980
4. Бекарыстанова Н. Өзін өзі тану бойынша рухани –адамгершілік білім беру.//Самопознание.kz .2014-№6-46 б
5. Дереклеева Н. И Сынып жетекшісінің анықтамалығы.-2005.4
6. Әрінова Б.А. Жоғары білім беру жүйесіндегі «Өзін-өзі тану» оқу курсының гуманитарлық пәндер аясындағы интегративтік сипаты // Жоғары мектеп. – 2012. – №5. – 246-251-б.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

Сайдахметова Л.Т. - п.ғ.к., доцент, ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қ.

Андатпа. Мақалада ұлттық құндылықтар негізіндегі халықтық тәрбие қазақ халқында ғасырлар бойы қалыптасқан үлгі-өнеге арқылы беріліп келе жатқаны қарастырылған. Бүгінгі күні мемлекет өз билігін өзі алып, тәуелсіз ел болғанда, ата-бабалар салып кеткен тәрбиенің алғашқы бастаулары имандылық, қайырымдылық, туған туысқа мейірімділік пен ізеттілік, ізгілікке тәрбиелеуге мол мүмкіндік туып отырғандығы, жалпы баланы ұлттық құндылықтар арқылы отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, сауаттылыққа тәрбиелеу қажеттілігі айтылды.

Кілт сөздер: ұлттық құндылықтар, халықтық тәрбие, үлгі-өнеге, тәуелсіз ел, ұлтжандылық, отансүйгіштік.

Аннотация. В статье народное воспитание рассматривается на основе национальных ценностей переданное через многовековую историю Казахского народа. На сегодняшний день государство, являясь независимой страной, первым началом воспитания, заложенного предками, способно воспитывать нравственность, милосердие, милосердие и гуманность к родному человеку, гуманизм, необходимость воспитания детей в целом через национальные ценности патриотизму, любви к народу, грамотности.

Ключевые слова: национальные ценности, народное воспитание, пример подражание, независимая страна, патриотизм.

Annotation. In the article national education is considered on the basis of national values transmitted through the centuries-old history of the Kazakh people. To date, the state, being an independent country, the first beginning of education laid down by ancestors, is able to educate morality, mercy, mercy and humanity to the native person, humanism, the need to educate children in General through national values of patriotism, love for the people, literacy.

Key words: national values, national education, role model, independent country, patriotism.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбиелік ой-санасы ежелгі түркі тайпаларының наным-сенімдерімен астасып жатқандықтан, оларды бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Себебі халық дүниетанымының өзегі сол көне ұғымдарда жатыр. Халқымыздың ұзақ уақыт бойы рулық-қауымдық құрылыс пен патриархалдық-федалдық қоғамда өмір сүруі қазақ даласында түрлі наным-сенімдердің белең алуына себепші болды.

Туған жерге деген ыстық сезім, атамекенге деген құрмет пен қадір қасиет тұтуды ұлы дала ойшылдары Қорқыт ата, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари т.б. айтқан болатын.

Ықылым заманан бізге жеткен «Қорқыт ата кітабында» тәлімдік мәні күшті, қанатты сөздер мен ұстаздық ұлағаттар көптеп кездеседі. Мысалы: «Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп, күшіңді сарп етпе. Батыр туған жігітің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасын жаралап, ана құрсағында шырланып тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік өрге баспайды, өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық» деген екен Қорқыт ата [1].

Бұл өсиет сөздерден ақыл-парасат, өтірік айтпау, атаның былғамау туралы ойлар мен шығарманың өн бойынан ұлы даланың байтақтығын, әдемілігін көреміз, бұл әр түріктің бойында осы далада туғаны үшін мақтаныш сезімін тудырса керек.

әл-Фараби өзінің «Азаматтық саясат», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу», «Риторика», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты трактатында этикалық, эстетикалық мәселелермен бірге көркемдік, сұлулық, мейірбандық, білім категорияларының бетін ашып, олардың негізін дәлелдеп берген.

Ж.Баласұни ата-ананың ең басты парызы-баланы парасатпен, терең сезім құрметпен қарауға тәрбиелеп, ата-баба әруағын ардақтауға, салт-дәстүр сияқты киелі нәрселерді құрметтеуге, отбасылық, қоғамдық дәстүрлерді түсіну сезіміне баулу екенімен бірге: Ақылды-ұлы, білімді, білікті, қонса екеуі, ұлы етер жігітті.... «Ақыл пайда болса, ұлылық толады», Білім кімде, сол білікті болады. Ақылды ұғар, білімділер біледі, Түгел болар білімді, есті тілегі.... деп оқу – білімді өсиет еткен [3].

Оның білімді болсаң ғана өз еліңе, жеріңе, қала берді өз ошағыңа пайдаң тиеді, оларды сыртқы жаудан қорғай аласың деген өсиеттері бүгінгі ұрпақ тәрбиесімен де ұштасып жатқанын байқаймыз.

М.Қашқаридың – «Отан дәстүр мен ұлттық мәдениеттен тұрады, Отаннан күдер үзу болғанмен, дәстүр-салтты аттап кетуге жол жоқ» деген мақалы ұлттық дәстүр мен ұлттық мәдениетті аңғартады [4].

Қазақ даласында өсіп-өнген ақын-жыраулар халыққа өнегелі сөздерімен ықпал етіп, оларды іргелі ел, берекелі жұрт болуға шақырады.

Жыраулар жаугершілік заманда хандар мен бектердің ақылгөй кеңесшісі болып, жорықтарға бірге аттанды, ру тайпаларға басшылық етті, сұрапыл қанды майдан көріністерін жырға қосты, ерлікті мадақтады, шейіт болған батырларды жоқтап, ел қайғысын бөлісті [5].

Бүгінгі күні мемлекет өз билігін өзі алып, тәуелсіз ел болғанда, ата-бабалар салып кеткен тәрбиенің алғашқы бастаулары имандылық, қайырымдылық, туған-туыстық, мейірімділік пен ізгілікке тәрбиелеуге мүмкіндік алды. Ал бұл мүмкіндікті іске асыру жайбарақаттықты да, тым асығыс үстіріттікті де көтермейді, мұнда суыққандылық, ақылға салып шешу керек.

Елдің тәуелсіздігі көп нәрсеге ой салады. Мұнда тарихи сананы ояту, жоғалғанын өзіне қайтару, өрлеу дәуіріне жол ашу деген мағына, сондықтан тәрбие деген ұғым тек қана айтыла салатын дерексіз ұғым емес, тәрбие ең алдымен нақты, өз ұлтына берілген, адал еңбек ете алатын, жалпы халықтық, әлеуметтік мәдениетті түсініп білетін, соның нұсқаларын өз халқының қажетіне жарата алатын, басқалары түсіне білетін нағыз адам сүйгіштік рухтағы белсенді адамдарды тәрбиелеу үшін керек.

Тәрбиенің негізі, оның мақсаты, міндеті мазмұны, түрі, құрылымы, әдісі, тәсілі, заңдылықтары, принциптері, құралдары болу керек. Бұл қағида классикалық педагогикаға тән және ол ұлттық педагогикаға да тиісті. Егер тәлім-тәрбиемізде осы негіздер болмаса, ол жай сөз болып қалуы мүмкін. Өзін-өзі білмеген адам өзінің кім екенін түсінбейді. Ұлттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып, ұлттық тәрбиеге жаңа мән береді. Ұлттық тәрбие дегеніміз ол оқшаулану емес, керісінше ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі, дүниетанымы кең азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік болады деп түсіну қажет және солай да.

Әрине, ұлттық тәрбиені әркім әртүрлі түсінеді. Кейбіреулер сол ұлттық нақыштар сол күйінде болса екен дейді, ал кейбіреулер ұлттық тәрбие қазіргі өмірмен байланысты болса екен дейді. Шындығында ескінің жаңамен қауышып жатқаны өміршең келеді.

«Ұлттық тағылым деген ұғым әр халықтың ғасырларға ұласып жатқан тәрбие үлгісі, бала тәрбиесіне қолданылатын әдіс-тәсілі, үлгі-өнегесі, сондықтан да ұлттық тәрбие деген сөздің мағынасы әлдеқайда кең», дейді «Педагогикалық тағылымдарда». Себебі, ол бүкіл ұлтқа тән қасиеттердің бәрін қамтиды. Оған әлеуметтік, тұрмыстық, шаруашылық, салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүрлер, тағы басқа ұғымдар кіреді. Жалпы баланы ұлттық тәрбие арқылы отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, салауаттылыққа тәрбиелеуіміз керек.

Жоғары, орта мектеп, балабақша қызметкерлері осы ұлттық тәрбиені жетік меңгеріп, бүгінгі үлгіге салып, отбасында т.б. жағдайда жастармызға тәрбие берсе, көп нәрсені ұтуға болады, оны өмір көрсетіп жүр.

Рухани материалдық байлық негізгі денсаулыққа байланысты деп қарап, баланы сергек сезімді, дені сау азамат етіп тәрбиелеуде. «Бүгінгі өмірдің қонағы, болашақ өмірдің қожасы», - деген ата-бабамыз.

Жануарлар әлемінде Жолбарыс туыстық Барыстың өзіндік ерекшеліктері, өз ұрпағын баулыған кезде: оны баса көктеп келген «қонақтардан» қорғай отырып, ауызындағы дәмдісін соның аузына тосуға, оның саулығына, өресі мен пайымына нәр беруге тиіс.

Патриоттық тәрбие жұмыстары барысында Отанға сүйіспеншілік, жалпы елдің экономикалық ғылыми, моральдық - саяси, әскери қуатын арттыруға үлес қосуға дайын болу, Отанды идеологиялық, мәдени экспанциядан қорғау, қажет болса қарумен қорғауға әзірлік сенімі қалыптасады. Оқушылар ар, намыс, ождан, қайырым, мейірім сезімдерімен қатар Отанын мақтаныш тұту, оның жетістіктеріне сүйсіну, қиындықтарына күйіну, әрқашан елін, жерін қорғауға дайын болу, басқаша айтқанда іс-әрекетімен ұштастыруға бейімделеді. Бұлар соғыссыз, бейбітшілік замандағы патриотизм қандай болу керек деген мәселенің шешімін анықтайды.

Бейбітшілік замандағы патриотизм біздің жағдайымызда береке - бірлік, экономикалық өрлеуге үлес қосу, қазақтар үшін ұлттық мүддені қорғау болып табылады.

Бұл ретте қазақ халқының батыр ұлы Б.Момышұлының «Бұл менің ошағым - Отанның ошағы, Отан болмаса, ошағың да үйімде болмас еді, менің үйім де ошағым да Отанымдікі» деген сөзін келіні Зейнеп Ахметова отбасы тәрбиесіне қатысты айтып өткен. Қоғамның өз азаматтарына қызмет етуі адамның өзіне байланысты екені белгілі. Бұл қоғамның азаматына байланысты деген сөз .

Қазақстан Республикасының егемендігі дамуының басты шарттарының бірі - оның азаматтарының патриотизмі. Адамдар санасындағы бұрынғы Кеңес Одағы кезіндегі патриотизмнің мазмұны, жаңа қоғамдық жағдайда біртіндеп жаңару процесін бастап кешіруде, бірақ сондай күндылықтар әлі қалыптасып бола қойған жоқ. Патриотизмнің мәнін ашу барысында ең алдымен, осы патриотизм идеяларын ерте замандарда туып, қалыптасқанын айта кеткен жөн.

Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы-сырнайының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары, шешендік саз, айтыс өлеңдері мен бостандық үшін жері мен елін қорғаған батыр бабаларымыз туралы тарихи дастандары ғасырлар бойы өз ұрпағын өнегелі де өнерлі, адамгершлік ар-ожданы жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Олай болса тәуілсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ отансүйгіш ұрпағын тәрбиелеуде олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіруде осы ұлттық құндылықтарды басшылыққа алсақ, өте ұтымды болар еді.

Әдебиеттер:

1. Қорқыт ата кітабы. Түркі тілінен ауд. Ысқақов Б. – Алматы: Жазушы, 1994. –160 б.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. –Алматы, 1975. -382 б.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік. –Алматы, 1986. -4505-4506 б.
4. Сүйіншіәлиев Х.Ж. Диуани лұғат ат-түрк. –Алматы, 1986. -67 б.
5. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. –Алматы: Рауан, 1994. -320 б.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ

Төлебай Ғ.Е. - магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қаласы

Түйіндеме. Бұл мақала балалардың тілін дамыту, балалардың балабақшада халық әдебиетін жазбаша қолдануы.

Резюме. Это статья расширят горизонты развития детского языка, народная литература письменного обращения использования детей в детском саду.

Ключевые слова: фольклор, наследие, история

Summary. This article will broaden the horizons of development of children’s language, folk literature written request the use of children in kindergarten.

Keywords: folklore, heritage, history

Болашақтың базары да, келешектің-кемеңгерлері де балалар емес пе? Саналы, өскелең ұрпақ тәрбиелеу - әрбір тәрбиешінің міндеті. Баланың ой-өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына балабақша тәрбиешілерінің сіңірер еңбегі орасан зор. Кеше ғана аяғын аттап басқан жас сәбидің алғашқы рет қоғаммен араласуы балабақшадан басталады. Қазақстан Республикасының бірінші президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың:

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында еліміз дамуының жаңа кезеңінің келесі он жылға арналған бағыт - бағдарын анықтап, айқындап берген болатын. Сондықтан

мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруда тәрбиешілер алдында үлкен жұмыс тұрғандығын көрсетеді.

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алды десек те, ғылымға негізделген әдіс – тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан – жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе, балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті әсер етіп, мағынасы өшпейтін із қалдырады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды жан - жақты дамыту кезінде ұлттық тәрбиенің алатын ролі өте зор. Қазақ атамыз келешек ұрпақтың қамын алыстан болжап, өмірге нәресте келгенде оған лайықты ат қойып, бесікке салып, тұсау кесер рәсімдерін жасап, өсе келе оған қазақ халқының ұлттық шежіресін, өзінің шыққан тегін, халықтың даналық сөздерінің мағынасын түсіндірген. Жас баланың сөйлеу, ойлау, есту, көру, есте сақтау қабілеттерін дамытуда халық ауыз әдебиетінің үлгілерінің алатын орны ерекше.

Әдебиет-адам ақылына қозғау салып, қиялына қанат бітіріп, ізгі іс-әрекеттерге жетелер өнер түрі. Сондықтан сөз өнері өткен тарихтың, бүгінгі заман шындығының көркем бейнесі ғана емес, оқу мен тәрбиенің басты құралы. Оны танып білу – әрбір саналы ұрпақтың ең басты мұраты.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті – ауыздан-ауызға ауызша тарап, біздің дәуірімізге дейін жеткен шығармалар. Ауыз әдебиеті ғылымда фольклор деп аталады. Фольклор ағылшын сөзі, дәлме-дәл аударғанда «халық шығармасы», «халықтың ауызша шығарған көркем сөздері» деген мағынаны береді.

Қазақ ауыз әдебиеті – талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай асыл қазына. Одан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымыздың ұлылығын танимыз.

Қазақтың мақал-мәтелдері болсын, жұмбақ-жаңылтпаштары мен ертегілері болсын – бәрі де балаларды Отанын сүюге, ерлікке, елін қорғауға үндейтіні белгілі.

Балалар бақшасының тәрбиеленушілерін ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстырып, олардың өмірін байыта түсу тәрбиешілердің міндеті болып саналады.

Қазақ фольклорындағы ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі - ертегілер. Оның осы дәуірге дейін жетуі ертекшілермен тығыз байланысты. Халық арасында үлкен беделге ие болған ертекшілер ертегіні шебер орындаған, жаңадан ертегілік сюжетті тудырып, толықтырып отырған. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі мен арман-тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз.

Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиға желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Кейіпкерлер арасындағы қайшылықтар өрістей келе, әділдік үстемдік құрып, зұлымдық жеңіліс табумен аяқталып отырады. Әсіресе, адам өміріне байланысты іс-әрекеттер өткір сықақ - мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Балалар жағымсыз кейіпкерлердің жаман әрекеттерінен бойларын аулақ ұстап, жақсылыққа құмартады.

Қазақ ертегілері мазмұнына байланысты 4–ке бөлінеді. Қиял-ғажайып ертегілер. Олар қиялға, фантазияға құрылады. Өмірде болмайтын нәрселер туралы айтылады. (Алтын сақа, Ер Төстік). Қиял-ғажайып ертегілер екіге бөлінеді : қазақ ертегілері, сырттан келген ертегілер. Хайуанаттар туралы ертегілер. Олардың кейіпкерлері үй жануарлары, құстар мен аңдар болып келеді. Халық жануарлардың мінездері, қылықтары арқылы адам бойындағы жақсы мен жаманды танып білген. «Аю түлкі және арыстан», «Күшік пен мысық». Тұрмыс- салт ертегілері . Тұрмыс-салт ертегілері қойшы, малшы, бақташылардың тұрмысы бейнеленген. Бұл ертегіде өмірде болатын оқиғалар мен болмайтын оқиғалар араласып отырады. «Арыстан мен кісі», «Аю, түлкі және қойшы». Шыншыл ертегілердің қаһармандары қиялдан туған бейнелер емес, қарапайым еңбек адамы (Алдар көсе, Дүмше молда).

Ертегінің қай түрін алсақ та, ол баланың ой-қиял ұшқырлығын күшейтеді, мінез-құлқын, ерік-жігерін қалыптастырады. Сондықтан да ертегіні оқытуда оның жанрлық ерекшелігін ескеріп, тәрбиелік мақсатына айрықша көңіл бөлгеніміз жөн.

Мектепалды балалардың сөйлеуін, ой-өрісін дамытуда, көзқарасын, тәлім-тәрбиесін қалыптастыруда мақал-мәтелдердің алатын орны ерекше. Мақал-мәтелдер балаларға терең ой салып, көркем сөйлеуге жаттықтырып, сөздік қорын дамытады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға осы аталғандардың бастапқы екі түрі оқытылады. Ертегілер балалардың жас ерекшелігіне сай жоспарланады.

Кіші топтарда (3 - 4 жас) ауызша әңгімелеп беру тәсілі қолданылады. Ересектер тобында (5 - 6 жас) оқығанды тыңдату мен әңгімелеп беру қатар жүргізіледі. Мұндағы мақсат – ертегіні әңгімелеуге үйрете отырып, оқылған ертегіні шыдамдылықпен тыңдай білуге үйрету болып табылады.

Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Мақал – мәтелдер өмір шындығының көрінісі, халықтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті, өмір сүру әрекетінің ережесі. Олар ғасырлар

бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, бірге қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады.

Мақал – мәтелдердің тақырыптары әр алуан. Ол халықтың әлеуметтік, шаруашылық, рухани өмірін түгел қамтиды. Мақал – мәтелдерде халықтың тарихы, ой – арманы, мақсат – мүддесі, дүниеге деген көзқарасы айқын сезіледі. Құлақтан құлаққа сіңіп, ауыздан ауызға жеткен мақал – мәтелдер тілдің көркем бір үлгісі, халық шығармашылығының жетістігі. «Сөздің көркі – мақал» деп халық бекер айтпаса керек.

Халықтық шығармалар ішінде жұмбақтар үлкен рөл атқарады. Жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулып, ой - қиялын ұштастыруға көп әсер етеді.

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс та, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр – жаңылтпаш. Балалар жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

Қорытындылай келе, бала тілін дамытуда, ой-өрісін кеңейтуде халық ауыз әдебиетін балабақшада пайдаланудың маңызы зор. Ауыз әдебиетімізде халқымыздың түсінік, пайымы, тәлім-тәрбиесі бар. Осыдан үлгі өнеге алып, ата-бабамыздың аманаттап кеткен асыл қазынасын жоғалтпай, мына жаһандану заманында құндылығын арттыра берейік.

Пайдаланылған әдебиеттері:

1. Қазақ әдебиеті энциклопедиясы.
2. Халық ауыз әдебиеті
3. Ө.Тұрманжанов «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері». Алматы 2004.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ- ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АШУ

Шекербекова А.Ж. - 6М012400- «Педагогикалық өлшем» мамандығының 2-курс магистранты.

Аңдатпа. Бұл мақалада басауыш сынып оқушыларының бейнелеу өнері сабағында көркем-технологиялық қабілеттерін дамыту туралы айтылады.

Кілт сөздер: бастауыш сынып, қабілет, бейнелеу өнері.

Аннотация. В данной статье говорится о художественно-технологической развитии способностей учеников начальных классов.

Ключевые слова: начальный класс, способности, изобразительное искусство.

Annotation. This article says about the artistic and tehnological development of the abilities of primery school students.

Keywords: elementary class, abilities, art.

Қазіргі таңда бастауыш мектепте оқыту барысындағы мәселелердің бірі-оқушылардың эстетикалық талғамын дамыту, сол арқылы олардың бойында адамгершілік, мейірбандық, имандылық қасиеттерін қалыптастыру. Әр баланың көркемдік ойлау қабілітін дамыта отырып, шығармашылық, қиал сезімін дамыту. Ал, осы мәселелер мектеп қабырғасында әлі де болса өз мәнінде шешілмей келеді. Соның салдарынан оқушылардың сабаққа ынтасының төмендеуі, енжарлық етек алуда.

Мектеп мұғалімдері бастауыш сыныптарда эстетикалық тәрбиені кітап оқу, ән тыңдау, бейнелеу өнері мен театр, кино т.б. өнер түрлері арқылы көркем өнерге тарту, тағы басқа да жолдармен жүргізуге болатынын біліп қана қоймай, оны қалай жүзеге асыру тәсілдерін жан-жақты меңгеріп, жетілдіруі тиіс. Мұғалім эстетикалық тәрбиені балаларға өнер түрлерін меңгерту арқылы жүзеге асырады. Оқушы өзін қоршаған ортадан әсемдікті сезінуі, оны бағалай білуге талпынуы бүкіл жан дүниесіне, сезіміне әсер етеді. Дегенмен, баланың көркем өнерге деген қабілетінің дамуы, оның шығармашылықпен ұштасуы, бала кезінен тәрбиенің сол түрлерімен айналыстыруға және жеке-дара ерекшеліктерін ескеріп, тәрбиені белгілі мақсатқа бағыттап жүргізуге байланысты.

Оқушылардың көркем білімге талпынуын арттырып, қиялын шарықтатып, бойын сергітіп, әдемілік әлеміне ынтасын арттыруда бастауыш мектепте оқытылатын бейнелеу өнері пәні зор роль атқарады. Ол дүниені түсініп, көрген-білгендерін, алған ұғымын көркем образ арқылы бейнелеуге үйретеді. Төменгі сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие берудің табысты болуы мұғалімдердің көркем талғам мен білімді игерту әдіс-тәсілдеріне байланысты. Қазіргі кезеңде бастауыш мектепте

мұғалімдер эстетикалық тәрбиені халқымыздың озық, дәстүрлерін ескере отырып жүргізгендері жөн.

Өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде бастауыш мектептегі бейнелеу өнері сабағының алатын орны зор екендігі белгілі. Себебі бастауыш мектеп кезеңінде баланың эстетикалық мәдениетінің негіздері қолданылады. Балаларды әсемдікті сезініп, түсініп, қадірлей білуге баулу бейнелеу өнері сабағында эстетикалық тәрбие беру арқылы іске асырылады. Ол үшін міндеттенр қарастырылады:

- бейнелеу өнер пәні арқылы оқушыларды әдемілікке әсемдікке деген сезімдерін жетілдіріп, жаңа сапалық деңгейге көтеру, эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу;
- бейнелеу өнері пәні арқылы эстетикалық тәрбие берудің тиімді жолдарын анықтау;
- бастауыш мектеп кезеңінде эстетикалық тәрбиені ұйымдастыру деңгейін анықтау;
- оқушылардың көркем өнерге деген қызығушылығының шығармашылықпен ұштасуына көмектесу;
- бейнелеу өнері пәні бойынша бастауыш мектеп оқытушылары эстетикалық тәрбиелеу жолдарын анықтау;

Бастауыш мектепте бейнелеу өнері сабағында эстетикалық тәрбие беруде оқушылармен бірлесе отырып, олардың өнердегі әсемдік пен әдемілікті түсіну, байқай білу қабіліетін дамыту үшін көптеген ұжымдық жұмыстар жүргізілсе, сабақ барысында ойындар мен көрнекіліктер («Түстерді ажырат», «Кім алғыр», «Үйлестіре біл», т.б.ойындар)тиімді қолданылса, оқушылардың табиғат сұлулығын, көркем өнер шығармаларын эстетикалық мәнде қабылдаулары күшейіп, сабақ сапалық жаңа деңгейге көтеріледі. Сапалы сабақтарды жүргізу нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларының эстетикалық танымы, білімі, талғамы артып қана қоймай, олардың әрбір жұмысы шығармашылықпен ұштасып отырады [1].

«Көркем еңбек» оқу пәнінің атауы технология білім беру мазмұнын толық мәнін, бейнелеуін сипаттай алмайды. Өйткені, технология оқу пәнінің оқу материалы сәндік-қолданбалы өнер мен көркем құрастыру ғана оқу материалымен шектелмейді. Сонымен бірге, электротехника және электроника, ауылшаруашылық өндірісі, конструкциляқ материалдарды өңдеу, тұрмыстық үй және үй экономикасы, кәсіби бағдар, қазіргі өндіріс технологиясы, техникалық шығармашылық сияқты оқу материалдары да қамтылған. Ал, біздің оқу пәнінің атауы «көркем еңбек». Олай болса, кіріктірілген білім беру мазмұны тек бейнелеу өнері мен технология оқу пәнінің сәндік-қолданбалы өнер мен көркем құрастыру оқу бөліміне ғана қатысты болып отыр. Технология оқу материалының қалған оқу бөлімдеріне тән оқу пәнінің атауы, оның білім беру мазмұнын толық қамтымай отыр.

Осыған сәйкес, біздің тарапымыздан бірнеше рет ұсыныстар жасалды. Ол ұсыныс «көркем еңбек» атауды «технология және дизайн» атауына алмастыру. Оның себебі, кез-келген еңбекте маман өнімнің түрін анықтап, оның нобайын жасау кезінде техникалық, технологиялық белгілерін бірінші қарастырып, анықтап алады. Оны әсемдеу жағы екінші кезеңде орын алады. «Технология» деген ұғым пән атауының мазмұнында болуы кіріктірілген білім беру мазмұнын толық сипаттауға, ашуға мүмкіндігі жеткілікті. Кез-келген еңбек – ол белгілі технологиялық процестен құралады. Соның ішінде бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары бойынша жұмыстарды орындау технологиялық процесті құрайды. Сондықтан, «көркем еңбек» оқу пәнінің атауында технология деген ұғымды енгізу біршама білім беру мазмұнының мәнін толық ашуға мүмкіндік береді. Екіншіден, технология ұғымы қазіргі кезде өзектілігі мен қолданылуы кең таралып отырғаны белгілі[2].

Көркемөнер табиғат мәнімен шұғылданғанда ол өз тұрғысынан емес «адамзат мәні» тұрғысынан қарастырады, яғни нақты «шынайы мәнін» сипатын айқындайды. Бұл жаратылыс құбылыстың өз болмысынан бүлінбей, жіктелмей, мейлінше тұтас мүсінделетін сапалық мағыналы бейнесі. Суреткер табиғи тіршілік пішінінің нақтылығы, мазмұны, сыртқы әлпетінің сезіне білу құдіретіне еркінірек бойлап тұңғиық сырларына бірте бірте жақындай береді. Әр құбылыс өзінің мәнісімен табыса бастаған тұста ғана ол көркемдік таным тақырыбына айналады.

Нанымдылық – сурет сенімділігі дейтініміз осындай жауапкершіліктен туған. Көріністік үлгіден аңғарылатын нақтылық қасиет әдетте сыртқы сұлулық бедері сияқты көрінгенімен, шын суреткер талантты ішкі әлем «жан-сарайы» жалынында жарқыратып жеткізе білмек.

Өнер туындысында бейнелер жаратылыс негізі сезім арқылы қабылданатын төңірегін қоршаған байырғы кеңістік болмысы. Көрнекілік, сезінерлік нақтылық көркемдік игіліктің басты белгілері болып табылады. Суретші ұлан ғайыр дүние шындығынан ойлантып, көңіл-күйіне қуат берген, рухани тірек болған толғандырған жеке бір тіршілік көзін саралап алады да, азаматтық ортақ мән мағына дарытады. Сезім байлығымен суарылған өнер туындысы дейтініміз осы.[3]

Қорыта келгенде бейнелеу өнері сабағында оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде халық дәстүрлерін, ұлттық өнердің түрлерін көбірек пайдалану қажет. Себебі бастауыш мектеп жасындағы

балаларды халқымыздың өнері, ұлтық ойындар және халық ертегілеріндегі кейіпкерлер бейнесі қызықтырады. Бейнелну өнері пәні сабығында эстетикалық талғамды қалыптастырып, негізі мынадай іс - әрекеттерге тоқталу қажет. Жаңа сабақты түсіндіру барысында көрнекіліктерді түрлендіре отырып, сұрақ – жауап, әңімелесу әдістерін қолдану. Сабақты ұлттық әдет – ғұрыптар мысалдарымен түрлендіріп жүргізу.

Әдебиеттер тізімі

1.Аманжолов С. Эстетикалық тәрбие және халықтық бейнелеу өнері. –Қазақстан мектебі. 1990 ж. №12.

2.Көркем еңбек. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламасы. –Астана, «Назарбаев зияткерлік мектептер» ДББҰ, Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім беру Академиясы, 2016. – 58 б..

3. Балкенов Ж. Сурет салуға үйрету. –Алматы, мектеп, 1987.

ГУМАНИСТІК КӨЗҚАРАС ПЕН АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ

Шабажанова А.А. - Жоғары санатты орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы
Алматы мемлекеттік жаңа технологиялар колледжі

Аннотация. В данной статье рассматривается правильное воспитание молодежи, оказание положительного влияние на их духовное развитие, формирование гуманистических взглядов и нравственности.

Ключевые слова: гуманистический подход, гуманистическое образование, духовное развитие,образовательная парадигма,здоровый образ жизни.

Abstract. In this article discusses correct education of young people ,providing a positive impact on their spiritual development, formation of humanistic views

Key words: preparatory environment, sensory perception, psychological needs, pedagogical characteristics.

Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі. Олардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағды мен шеберлігін, асқақ адамшылдығы мен адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру – үлкен қажеттілік.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден бір жолы адамның рухани байлығын арттыру болмақ. Қазіргі уақытта қала жастары ғана емес, берекелі ауыл мен ақ көңіл, жайдары, ойлары таза, рухани құндылығы мен адамгершілігі жоғары, тәрбиелі ауыл адамдары да өзгерген. Сондықтан бүгінгі таңдағы сұраныс қоғамды ізгілікке, руханилыққа бет бұрғызып, оқу-тәрбие жұмысын рухани-адамгершілік тәрбие негізінде ұйымдастырып, оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру қажеттілігін айқындап отыр. Қоғамды ізгілендіруде жетістіктерге жетудің бірден бір жолы жастарымызға дұрыс тәрбие беру, олардың руханилығына үлгі-өнеге арқылы оң әсер ету, гуманистік көзқарастарын қалыптастыру.

Қазақстан Республикасында білім беруді гуманитарландыру тұжырымдамасында жастарға гуманистік тәрбие беру мәселесі жалпы адамзаттық құндылықтармен мазмұнында қалыптастырылуы тиіс делінген. Ал, гуманистік көзқарас гуманитарлық мазмұнды білім негізінде қалыптасады, олар әлем бейнесін негіздеу қызметін атқарады, ол ғылыми білімнің әр түрлі өрістерін, гуманистік негізінде интеграциялау XXI ғасыр адамының қалыптасуы үшін толық құнды негізді құрайтын ескермесе болмайды. Ол мазмұн бойынша «гуманистік адами көзқарастар жүйесіндегі рухани құндылықтарды мойындауға икемделу, сол арқылы бостандыққа, бақытқа ұмтылудың жағымды әрі ізгілікті әрекеттерін жүзеге асыруға қабілетті болу»-деген анықтаманы тұжырымдауға болады [1].

Жаңа білім парадигмасы бойынша бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның жеке тұлғасын, білім алу арқылы дамуы қойылып отыр. Қоғамдағы өзгерістерге байланысты оқушыларға білім беруде, олардың қоршаған ортаға, қоғамға деген көзқарастарын қалыптастыруда төмендегі ерекшеліктер ескерілуі керек:

оқушылардың оқыған шығармаларының басты кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жағымды жақтарына көңіл аударып, талдауға, түйін жасауға үйрену;

сана сезім, ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына ықпал жасай отырып, шығармашылық қабілетін жетілдіру;

пәндер бойынша алған білім, білік, дағдыларын одан әрі дамытып тереңдету, өздігінен жұмыс істей алу қабілетін ашу, өзін-өзі тануына, өзіндік «Менін» оятуға бағдар беру.

Ізгілікті тәрбиелеуде тұлғаның өз келешегіне қатысты гуманистік көзқарасы мен дүниетанымдық ұстанымдары анықталады, олар адамды табиғаттың ерекше құбылысы ретінде тану, өзінің субъективті артықшылығын ескеруге мүмкіндік береді. Тәрбиелеу мақсатының бұлай құрылуы адам өз өміріне ықпалын өзгерту, өз қабілеті мен шығармашылық әлеуетін ашудағы құқықтары мен жауапкершілігін түсінуіне мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар өзіндік дамуы мен өзін-өзі жетілдіруде тұлғаның ішкі бостандығының таңдауы арасындағы ара қатынаспен оған қоғамның ықпалын түсіндіреді. Демек, «ізгілікке тәрбиелеу» мақсатына жету арқылы адамның гуманистік көзқарасын қалыптастыру шаралары жүзеге асырылады.

Осы тұрғыдан алғанда ізгілікке тәрбиелеу мақсаты өзіне тиісті маңызды міндеттерді қояды:

тұлғаның өмірдің мәнін ұғынуы, өзінің әлемдегі орны, өзінің бірігейлігі мен құндылығын түсінудегі философиялық-дүниетанымдық бағдары;

өзіндік, жандүниелік қабілеттері мен шығармашылық әлеуетінің даму қарқыны мен шегін бейнелейтін, өмір сүру жауапкершілігін түсінуге мүмкіндік беретін, тұлғалық тұжырымдаманы құруға көмек беру;

жалпы адами және мәдениет байлығын бейнелейтін, мәдени құндылықтар жүйесіне тұлғаны араластыру,оларға деген өзіндік қарым-қатынасты белгілеу;

ізгілік адамгершіліктің жалпы адами нормаларын, оның көлемі мен нақтылы мазмұнын (қайырымдылық, өзара түсіністік, жылы жүректілік) ашу және тұлғалық маңызды көрсеткіш ретінде зиялылық мәдениеттендіру;

елдің материалдық қоры мен жандүниелік әлеуетін құрайтын, әлеуеттік және тұлғалық сипат алатын қажеттілік пен мәжбүрлік ретіндегі еңбекке көзқарасты өзгерту.

салауатты өмір салтына байланысты валеологиялық ережелерді дамыту, тұлғалық және әлеуметтік ұмтылыстарды жүзеге асыру мақсатындағы өмірлік жоспар ұғымдарын түсіндіру.

Адамның негізгі адамгершілік-рухани сапалары, гуманистік көзқарастары бірнеше салаларда бір-бірімен сабақтастықта қалыптасып, дамиды. Олардың негіздері туралы білімдер оны толық қанды тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтанда оқушылардың гуманистік көзқарасы жоғары деңгейде қалыптасуы үшін олардың бірнеше бағыт бойынша білімі, түсінігі мен меңгерген білік, дағдылары болуы керек.

Педагогикалық іс-әрекетте үлгі көрсету әдісі өте кең тараған және нақты нәтиже беретін әдістердің бірі. Сондықтанда әрбір негізді үйрену барысында теориялық білімді бергеннен кейін айтылған мәлімет түсінікті болу, есте жақсы сақталуы үшін мысалдармен жұмыстар жасалады. Әрбір негіз бойынша, осы салада жетістікке жеткен, еңбек еткен, қоғам мойындаған нәтиже көрсеткен тұлғаларды, қоғам қайраткері атағын алған азаматтарды оқушыларға үлгі ретінде көрсетсе, олардың бойында өздері үлгі тұтатын адам пайда болып, алдына қойған мақсаты шынайы әрекетке айналады. Төменде ұсынылатын негіздер гуманитарлық көзқарастың негізін құрайтын білім, білік, дағдылар жиынтығы. Мектепте гуманистік көзқарас гуманитарлық пәндер және сыныптан тыс қосымша іс-шарала негізінде қалыптасады.

Олардың негізгілеріне тоқталып сипаттама беретін болсақ:

Білімдік негіз. Ақиқаттың сан түрлі құрылымын түсіну үшін, зердені байытып, ойлауды белгілі бір деңгейге көтеру үшін қажетті дүние. Ол қажетті білімдерді адамның рухани дамуы мен қасиеттерін ашып, айқындай түсуі үшін қажет. Қазіргі ақпараттар ағыны заманында адам баласы әр күн сайын естіген көрген ақпараттар қорытып өзіне қажеттісін ғана алуға қажеттілік туындап отыр. Оқушылар білімді тек сандық жағынан ғана емес, сапалық жағынан жинақтауы керек. Сонда ғана ақпарат, алған деректері мен білімі адамға оның өміріне пайдасын тигізеді, оның дамуы мен тәрбиесіне әсер етеді.

Имандылық негіз немесе жоғары рухани күштердің адал жанды қолдайтынына сенім, болашаққа деген зор үміт, адамды, табиғат және бүкіл әлемді жан-тәнімен сүйе білу.

Психологиялық негіз, бұл ерекше бір тоқталып күтетін руханилықтың күрделі астары. Адам бойындағы жан деген кереметтің арқасында, мейірімділікке, жылылыққа, сұлулыққа деген табиғи сұранысы бар. Бұл физиологиялық қажеттілік қана емес, ол психологиялық ерекшеліктерден туындайтын адами қасиет. Бұл қасиеттер оқушыға қоршаған ортамен ерекше жағымды қарым-қатынас орнатуына әсер етеді. Кейде оқушы тұлғасындағы жағымсыз қасиеттер (жек көру, қызғану, кектену, қорқу) доминантты болып жатады.

Өнегелік негіз. Руханилықтың әлеуметтік салада кең таралуына, негізгі тәсіл болатын сала – өнер болып табылады. Әрбір өнер туындысы адам әлемін жаңа рухани күшке, рухани атмосфераға

айналдыруы шарт. Әсіресе, жастарды тәрбиелеу ісінде өнердің рөлі зор. Әрбір адамның бойында дарындылықтың іргетасы қаланған. Мәселе соны қандай бағытта дамытуға болатындығында. Сондықтанда жастар барлық шығармашылықты тек қана техниканы, компьютерді қолдануда екен деген деңгейде қалып қоймағаны абзал. Өйткені адам өз қолымен жаңа дүние жасап үйренбей өзін жетілдіре алмайды.

Шығармашылық негіз. Әлемді тануға ұмтылатын тұлға оны бейнелеп қана қоймайды, ол жетіліріліп, дамытуғада тырысады. Сондықтанда өмірді Жоғары рухтың, үйлесімділіктің өте нәзік заңдылықтарына сәйкес өзгертем, өз үлесімді қосам деген жеке адам барлық өмірін шығармашылық әлемінде өткізеді, өмірін соған арнайды. Шығармашылықтың қайнар көзі ғана сублимациялық адамның рухани болмысымен астасып, оның мәндік түптамырын айқындай түседі [2].

Басқаша айтқанда оқушылардың оптимистік ұстанымы жоғары, өздерін тәуелсіз сезінгендігіменен, оларға қоршаған ортаның нормаларына позитивті қарау тән. Олар тұлға ретінде қалыптасуына қажетті құндылықтарды айыра алады. Олар ұлттық психология мен тәрбиеге тән және орта талаптарына байланысты өз сезімдері мен қылықтарын, қажеттіліктерін реттей алады. Адам табиғаты жайлы көзқарастарына байланысты оқушылардың барлығына дерлік адам «әлемін» оңды тәрбиелеу тән. Оларда агрессия, қатыгездік сезімдер төмен. Оқушылардың әлем және адамды бір тұтастық ретінде қабылдаулары олардың әлеуметтік жағымды болып көрінуге, орта талғамына сай келуге деген талпынысы бар. Өзгелермен байланыс жасауында жоғары адамгершілік қасиеттері айқын көрінеді. Оқушылардың қоғам қайраткерлері әрекеті үлгісінде гуманистік көзқарастарын тәрбиелеу іс-әрекетінің әртүрлі формаларын қамтиды.

Гуманистік көзқарас пен адамгершілік тәрбие беруде адамгершілік қасиет пен гуманды адамның қалыптасуын, адамның жасаған әрбір іс-әрекетінің қоғамның рухани – адамгершілік өміріне әсерін қарастыруы керек.

Біздің елімізде адамның қалыптасуы әлеуметтік ортаны құрайтын шындық жағдайларында жүзеге асырылады. Әлеуметтік ортамен мектептің ықпал жасауы нәтижесінде баланың дүниеге көзқарасы, бір сөзбен айтқанда жеке тұлғасы қалыптасады.

Әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. Алматы: Қазақстан, 1994. – 40 б.

2. Бөкешова А.К., Раимбаева М.М., Игілік Ж. Мектептегі әлеуметтік педагогтың қызметін ұйымдастыру және іс қағаздарды жүргізу: әдістемелік нұсқаулық.- Шымкент, 2010ж.-170б.

Секция 4
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТАРЫ

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ МӘНІ

Абдиев Қ.С. - п.ғ.д., профессор
Сарсенгалиева И.А. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Андатпа. Бұл мақалада білім мазмұны мен сапасын арттыру үшін оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда критериалды бағалаудың рөлі жөнінде баяндалған.
Кілт сөздер: бағалау, критерий, рефлексия, критериалды жүйе, дескрипторлар, өсу динамикасы.

Аннотация. В этой статье рассматривается определение понятия критериального оценивания и его роли в оценки достижений учащихся.
Ключевые слова: оценивание, критерии, рефлексия, системы критериев, дескрипторы, динамика роста

Annotation
This article discusses the definition of the concept of criteria-based assessment and its role in assessing student achievement.
Keywords: assessment, criteria, reflection, criteria systems, descriptors, growth dynamics

Бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі - білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту және еңбегін бағалау болып табылады. Елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық түрлендірулер адамзаттың барлық салаларына елеулі өзгерулер енгізді. Әсіресе, бұл білім саласына айтарлықтай ықпал етті. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында білім мәселесіне нақты тоқталып, алдымызға міндеттер қойды. Дамыған мемлекеттердің қатарынан көрінуіміз үшін біз сауаттылығы жоғары мамандар дайындауымыз керектігін айтты. Еліміздің білім беру жүйесіндегі даму іс-әрекеті - білім мазмұны мен сапасын арттыру, білім беруде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыру секілді кешенді шараларға байланысты нақты сөз қозғады. Ұлы қазақ педагогы Ы. Алтынсариннің айтқанындай мұғалім мектеп жүрегі болса, оның оқушыларды тәрбиелеу, дамытуға бағытталған сыныптағы күнделікті жұмысы оқыту үдерісі мен оқушылардың оқу нәтижелеріне оң ықпал етеді. Сондықтан да оқушылардың ойлау қабілеті, қалыптасатын білімдері жан-жақған жинаған (мұғалімнен, достарынан, интернетген, кітаптан, т.б.) ақпараттарына негізделеді. Дәстүрлі оқыту кезінде оқушының алған білімдері механикалық түрде есте сақталынып, кейбір жерде ұтымды пайдаланылады. Бірақ, мәні терең меңгерілмегендіктен оқушылар оны өмірде тиімді пайдаланбайды. Сол себептен, оқушылардың қалай оқу керектігіне, түсіну қабілетін дамытып, оны керек кезде пайдалана білетін, ойын нақты жеткізе алатын, көзқарасы дамыған, жігерлі тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ету - білім беру ұйымдарының негізгі мақсаты. Ұлы педагог

Ы. Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деп, айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі-білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Көптеген жылдар бойы оқушы жетістігі басқа оқушымен салыстырмалы түрде бағаланып келді. «Бағалау» термині «жақын отыру» латын тіліндегі мағынада-бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. [1]

Өз кезегінде, білім беру сапасын жоғарылату оқушылар жетістіктерін бағалаудың нақты критерийлерін жасауды талап етеді. Бағалаудағы ерекше амал критерий арқылы бағалау болып табылады. Бағалау - білім беру үрдісіндегі қажет басты құрама бөліктердің бірі. Бұл үрдісте оқытушы оқушының ағымдағы және қорытынды үлгерімі туралы ақпаратты жинақтайды және талдайды. Бағалаудың мақ-

саты, міндетгері, пәні, нысаны, принциптері, әдістері, түрлері және құралдары білім беру үрдісінің барлық қатысушыларына (мектептің әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар) түсінікті болуы керек. Бағалау жүйесі - бұл оқыту мәселелерін болжаудың және жетістіктерін өлшеудің негізгі құралы. Бұл құрал білім берудің сапасын, оның әлемдік стандарттарға сәйкестігін анықтауға, білім беру саласындағы заманауи міндетгерге сәйкес болмаған жағдайда оны білім беру стратегиясы мен тактикасы бойынша түбегейлі шешімдерді қабылдауға, білім берудің мазмұнын, білім берудің күтілетін нәтижелерін бағалаудың түрлерін де жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бағалау - алынған нәтижелерді және жоспарланған мақсаттарды салыстыру үрдісі. Критериалды бағалау - бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі, яғни белгілі бір критерийлер арқылы бағалау болып табылады. [2]

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты: 1. Мектепте оқыту сапасын жоғарылату. 2. Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критерий арқылы бағалаудың оқыту үшін маңызы неде?

Оқушы өзін-өзі талдау мен рефлексия жасау тәжірибесін үйренуі, оқу үдерісі ғана емес, бағалау үдерісінің де белсенді қатысушысы болуы керек. Бұл жағдайда өзін-өзі бағалауға баса назар аударылады.

Білім сапасын бағалау жүйесінде жаңарту мәселесі:

1. Бес балдық жүйенің қазіргі заманға сай білім жүйесін қанағаттандыра алмауы. 2. Оқушы танымындағы өзгерістер мен білім саласындағы қалыптасқан қайшылықтар. 3. Әлеуметтік сұраныстардың өзгеруі.

Ұстанымдар негіздері:

1. Бағамен оқушының жұмысы бағаланады. 2. Дескрипторлар оқушыға алдын-ала белгілі болуы шарт. 3. Оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы қажет. 4. Нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі:

1. Алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы; 2. Анық, айқындылығы;

3. Бағаның әділдігі; 4. Өзін-өзі бағалауға мүмкіндіктің берілуі.

Сабақта критерий арқылы бағалауды қолдану: сабақтың мақсаты критерий құрудың негізі болып табылады; сабақтың/бөлімнің басында оқу мақсатын түсіндіру; алдын-ала критерийлердің үлгісін дайындау, оқу мақсаттарына сай келуін қарау; критерийлерді оқушылар тіліне аудару, оларға түсінікті болу үшін өздеріне құрғызу (немесе) бірге құру; критерийлерді тақтаға немесе оқушының дәптерлеріне жаздырту; белгіленген критерийлерді оқушылардың барлығы бірдей түсінгеніне көз жеткізу; оқушыларға өз жұмысын құрылымдауға көмек беру үшін жоспарлауға/жазуға арналған ережелер.

Критериалды бағалаудың функциялары:

Ынталандыру, белсенділік, түзету, дамытушы.

Принциптері: нақтылық, әділдік, жүйелік

Критериалды жүйе арқылы бағаның қойылуы:

Оқытуда зерттеушілік іс - әрекеттердің кеңінен қолданылуы қазіргі талаптарға сай келетін жаңаша бағалау жүйесін қажет етеді. [3]

Критериалдық бағалау жүйесі арқылы: 1. Оқушының тұлғалық бағытын белсенділікке бағыттау. 2. Тұлғаны нәтижеге жеткізу. 3. Өсу динамикасын кез-келген кезеңде анықтау. 4. Қалыптастырушылық және негізгі бағалау арқылы білімін анықтауға болады. Қалыптастырушы бағалау - Күнделікті алған білімінің меңгеру деңгейін анықтайды; негізгі бақылау жұмысына дейін білімін жүйелейді; кездескен қиыншылықтарын қалыпқа келтіруге оқушыға мүмкіндік береді. Негізгі бағалау белгілі бір тақырыпты қорытындылау мақсатында орындалады; негізгі бағалаудағы оқушының алған бағасы тоқсандық баға болып табылады; бір тарауға байланысты қалыптастырған білім деңгейін анықтайды және мазмұны оқылған материалды қамтуы керек. Негізгі бағалауда барлық критерийлер барынша қолданылуы керек. Критерий оқушының жас ерекшелігіне, бағдарламаға сай алынады. Тоқсан соңында әр критерий бойынша негізгі бақылаудан алынған орташа балл есептелінеді.

Қорыта келгенде осы заманғы әрбір жас маман тек дайын білім жүйесін қабылдап, оны қайталап қолдануға ғана емес, сонымен қатар күрделі стандартты емес мәселелерді шешу үшін қажет болатын шығармашылық қызметті де орындауға әзір болуы керек.

Қазақстанда жоғары білім беру стандарттарын енгізумен қатар, ғылыми негізделген, оқушы білімін бағалайтын және бақылайтын диагностикалық әділ жүйені ұйымдастыру да – өзекті мәселенің бірі. Басқа сөзбен айтқанда білім беру жүйесінде оқушы мен оқытушы әрекеті барысында оқушы білімін әділ бағалау үшін қолайлы жағдай туғызу керек. Білімді бақылау және бағалаудың әдіснамасын құрып, жалпы қағидаларын анықтау мәселесі – қазіргі таңда оқытушылар арасында қызу талас туғызып отырған мәселенің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Урмашев б.А. «Критериалды бағалау технологиясы» - Алматы, 2016
2. https://baribar.kz/student/1215/kriterialdi-baghalau-tekhnologiyasynynh/
3. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Әдістемелік құрал. «Бастауыш мектепке оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері», - Астана, 2015

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ДИАГНОСТИКАЛАУ

Әбдіғапбарова Ұ. М. – п.ғ.д., проф. м. а.,
Шал Қ.К. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер»
ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа. Біз бұл мақаламызда мектеп оқушыларның білім жетістігін бағалаудағы қолданылатын диагностикалау әдісіне үлкен мән беріп, қарым¬- қабілетіміз жеткенше талдадық.
Кілт сөздер: педагогикалық диагностика, бағалау, әдіс, ғылыми, оқу жетістігі, оқу үдерісі, дидактикалық процесс, диагностика, психологиялық диагностика, мониторинг.

Аннатоция. В данной статье мы уделяем большое внимание методу диагностики, применяемому при оценке учебных достижений обучающихся и стараемся анализировать достижения ими способностей диагностика обучения и формирование навыков играет важную роль в организации учебного процесса.
Ключевые слова: педагогическая диагностика, оценка, метод, научные, учебные достижения, учебный процесс, дидактический процесс, диагностика, психологическая диагностика, мониторинг.

Abstract. In this article we pay great attention to the method of diagnosis used in the evaluation of educational achievements of students and try to analyze to achieve their abilities diagnosis of learning and formation of skills plays an important role in the organization of the educational process.
Keywords: pedagogical diagnostics, assessment, method, scientific, educational achievements, educational process, didactic process, diagnostics, psychological diagnostics, monitoring.

Оқыту процесінің құрамдас бөлігі бола отырып, оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау немесе диагностикалау және бағалау білім беру, тәрбиелеу және дамыту функциялары болып табылады. Бірақ бақылаудың басты функциясы диагностика болып табылады, ол бақылау түріне байланысты бірқатар тапсырмаларда нақтылайды.

Педагогикалық диагностиканың мәнін қарастырайық. Жалпы түрде диагностика (грек, diagnostikos - тануға қабілетті) - бұл «диагноз тәсілдері туралы ілім», «диагноз қою» [1]. Диагноз (грек. педагогикалық практикасында) педагогикалық процестің жалпы жай - күйін бағалауды немесе оның жұмыс істеуінің белгілі бір сәтінде жан - жақты ерте, тұтас зерттеу негізінде жеке комменттерді атауға болады [2].

«Педагогикалық диагностика» ұғымын 1968 жылы неміс педагогы К. Ингенкамп бір ғылыми жоба шеңберінде медициналық және психологиялық диагностикаға ұқсас етіп ұсынды. К. Ингенкампөз міндеттері, мақсаттары мен қолдану саласы бойынша педогикалық диагностика өз бетінше жүзеге асырылады. Бұл ретте ол психологиялық диагностикадан өз әдістерін қарастырады. [3]

Бүгінгі таңда диагностика түрлері: ағымдағы, мерзімдік және қорытынды болып үшке бөлінеді.

«Ағымдағы диагностика - бұл әр сабақта білім, шеберлік пен дағдыларды меңгеруді жүйелі бақылау, бұл сабақта оқыту нәтижелерін бағалау. Жүйелі бақылау оперативтік, икемді, әдістер мен формалар, құралдар бойынша әр түрлі, сабақтың басқа элементтерімен (жаңаларын зерттеу, қарттықты қайталау, жаттығу және т. б.) байланысты.

Кезеңдік диагностика - бағдарламаның ірі бөлімдерінен кейін немесе оқытудың үлкен кезеңінен кейін бақылаудың әртүрлі нысандары түрінде жүзеге асырылады және пәннің бөлімдері бойынша бағдарламаның ірі блоктары бойынша бақылау жұмыстарын, сынақтарды жүргізуде көрсетіледі.

Қорытынды диагностика келесі сыныпқа немесе оқу кезеңіне өтер алдында жүргізіледі және оның негізгі міндеті-одан әрі оқытуды қамтамасыз ететін дайындықтың минимумын белгілеу» [4].

Білімді меңгеру мен іскерлікті қалыптастыру диагностикасы оқу үдерісін ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады, өйткені ол мұғалімге оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқару үшін қажетті ақпаратты береді. Оның объективтілігі, толықтығы және уақтылығы көп жағдайда оқытудың сапасы-

на байланысты, өйткені толыққанды ақпараттық қамтамасыз басқару – бұл «соқыр» басқару, бүгінгі таңда қазіргі заманғы білім беру жүйесінің даму барысымен расталған. Оқушылардың үлгерімін бақылаудың дәстүрлі формалары мен құралдары негізінен оқу қорытындысы туралы ақпарат алуға бағытталған және оқушылардың қандай да бір қателерінің себептерін анықтауға, олардың үлгеріміне әсер ететін факторларды анықтауға бағытталған мониторингтің диагностикалық функциясын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік береді.

Отандық ғылымда «педагогикалық диагностика» термині шектеулі қолдануға ие және тәрбиелеу саласында қолданылады, онда тәрбиелілік деңгейін өлшеу мен талдауды білдіреді, бұл жүз психодиагностик мамандардың ойын бір арнаға тоғыстырады. Дәстүрлі терминдерді пайдалану: білімді бақылау, тексеру, бағалау және есепке алу. Оқытуды бақылау дидактикалық процестің бір бөлігі ретінде және дидактикалық рәсім тексеру функциялары мен оның мазмұны, бақылау түрлері, әдістері мен формалары, өлшеулер туралы, демек, білім сапасының өлшемдері, өлшеу шкаласы мен өлшеу құралдары, оқытудың табыстылығы және оқушылардың үлгермеушілік себептері туралы сұрақтар қояды.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін диагностикалау және бағалау оқу процесінің міндетті компоненті болып табылады және оқу процесінің барлық сатыларында орын алады, бірақ бағдарламаның қандай да бір бөлігін зерделегеннен немесе оқу кезеңін аяқтағаннан кейін ерекше маңызы бар.

Оқушылардың оқу жетістіктерін диагностикалау мен бағалаудың мәні осы бағдарлама немесе тақырып бойынша білім беру стандартына сәйкес болуы тиіс оқушылардың білімді меңгеру деңгейін анықтаудан тұрады. Алайда білімді тексеру немесе оқыту нәтижелерін бақылау дидактикалық ұғымдарында қазіргі заманғы педагогиканың маңызы зор. Оқыту нәтижелерін бақылау, тексеру Педагогикалық өлшеулер проблемасымен байланысты педагогикалық диагностика ретінде дидактикамен түсіндіріледі.

Біздің пікірімізше, егер - педагогикалық диагностика көмегімен оқу үдерісі талданып, оқу нәтижелері анықталатынын ескерсек, осы мақсаттарды негіз ретінде қарастыру керек.

Ғылыми әдебиетті талдау педагогикалық диагностика туралы ғылыми ұсыныстардың бірқалыпты еместігін көрсетті және осы үдерістің мәндік сипаттамасын анықтауға мүмкіндік берді: ғылыми білімнің мәні мен құбылыстарды тану арасындағы танымның ерекше түрі; тәрбиелеу, білім беру және оқыту нәтижелерін өлшеу мақсатында тұлғаның қызығушылық тудыратын қасиеттерін анықтауға бағытталған педагогтер мен педагогикалық ұжымдардың ерекше қызметінің жүйесі; педагогикалық процестің жеке бағыттарының табыстылығының арнайы әдістемелердің сондай-ақ тұтас алғанда жалпы процестің көмегімен объективті белгілеу; оқу-тәрбие қызметінің сапасын, оның табыстарының немесе сәтсіздігінің себептерін және осы тәжірибеге қызмет көрсететін зерттеу бағыттарын анықтау практикасы.

Осылайша, осы жұмыста біз педагогикалық диагностиканы педагогикалық құбылыстардың жай-күйі туралы озық ақпарат алудың жалпы тәсілі ретінде қарастырамыз, педогогтар пен оқушылар қызметінің табыстылығы мен тиімділігінің барлық жағдайларын түсінеміз, оларды қамтамасыз ететін жағдайлар мен себептерді белгілейміз.

«Педагогикалық диагностика, көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, педагогикалық іс-әрекет ретінде және оның барысында:

1) студенттерді оқыту мен білімді меңгеру деңгейін өлшеу;

2) дамудың кейбір аспектілерін және жақсы селекцияны өлшеу;

3) Алынған деректерді өңдеу және талдау;

4) оқу процесін түзету және оқушыларды келесі оқу сатысына жылжыту туралы қорытынды;

5) мұғалімдердің және барлық білім беру мекемесінің жұмысының тиімділігі туралы тұжырымдар» [5].

Ал, К. Ингенкамп өзінің белгілі жұмысы «Педагогикалық диагностикада» «педагогикалық диагностика, біріншіден, жеке оқыту процесін оңтайландыру, екіншіден, қоғам мүддесі үшін оқыту нәтижелерін дұрыс анықтауды қамтамасыз ету»,- [3] деп жазды. Диагностиканы жүргізі барысында осы мақсаттарға қол жеткізу үшін бір жағынан балалардың оқуына алғышарттар белгіленеді, ал екінші жағынан оқытудың жоспарлы процесін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар айқындалады. Бұдан басқа, оқу процесін жақсартуға қызмет ететін диагностика мынадай мақсаттарға бағытталуы тиіс: 1) оқу нәтижелерін дұрыс бағаламаған жағдайда ішкі, сыртқы түзетуді енгізу; 2) оқудағы олқылықтарды анықтау; 3) табысты нәтижелерді растау; 4) оқу процесінің кейінгі кезеңдерін жоспарлау; 5) оқудағы табыстары үшін көтермелеу және кейінгі қадамдардың күрделілігін реттеу арқылы мотивация беру; 6) оқу шарттарын жақсарту

Бақылау іс-шараларының әр түрлі формаларымен орындалатын диагностикалық функциялар

оқытудың барлық кезеңдерінде, оқу процесінің тиімділігін және өнімділігін өлшеуде білімді меңгеру деңгейін анықтау болып табылады: оқытудағы олқылықтарды анықтау; оқыту процесін түзету қажеттілігі; әрі қарай оқуды жоспарлау үшін жағдайлар; бас тартуды болдырмау бойынша ұсыныстар.

Білім сапасын, дағдылар мен қабілеттілікті бағалай отырып, дидактика оқу бағдарламасында немесе арнайы ұсынымдарда сипатталған эталондық ұғымдарды оқушылардың меңгеру деңгейін салыстыру үдерісі болып табылады. Соңғы бақылау (верификациялау) барысында білімді бағалау процесі қалай жүзеге асырылады? Бағалаудың шартты көрінісі, білімнің қалыптасу деңгейін өлшеудің шартты бірлігі болып табылатын бағалау мен бағалауды ажырату керек.

«Бағалау» сөзі күнделікті өмірде өзіндік мағынасы бар. Ағылшын тілді елдерде білім төрт деңгейде бағаланады: a – жоғары балл, содан кейін-B, C, D, отандық мектепте негізінде бес баллдық бағалау жүйесі бар, ол тәжірибеде, алайда, төрт баллдық болып табылады:

- «5»,» өте жақсы « - толық меңгерген;
- «4»,» жақсы « - жеткілікті ;
- «3», «қанағаттанарлық» - ең төменгі қолайлы деңгейде меңгерген;
– «2», «қанағаттанарлықсыз» - стандартты талаптарға сәйкес білімі жоқ « [3].

Әлемде білімді бағалаудың басқа да шәкілдері бар: 9 -, 10 -, 12-балдық бағалау жүйесі. Уолдорф және басқа да кейбір мектептер оқушының жетістіктеріне сөздік мазмұнды сипаттама бере отырып, сандық белгілерсіз айналып өтуді қалайды.

Бақылау әдістері – оқытудың табыстылығы, оқу процесінің тиімділігі туралы мәліметтерді алу мақсатында оқыту үдерісінде кері байланысты қамтамасыз ететін диагностикалық іс-әрекет тәсілдері. Олар оқу процесі туралы жүйелі, толық, нақты және уақтылы ақпарат беруге тиіс. Егер педагогикалық диагностиканы бақылау деп түсінсеңіз, онда верификация әдісі ретінде педагогикалық үдерісті ғылыми зерттеу әдістерін де түсінесіз.

Ойымызды түйіндер болсақ, білімді бағалау мәні бойынша меңгеру деңгейін өлшеу процесі болып табылады және дидактикалық мәселелерді шешу үшін іргелі және қиын – педагогикалық өлшемдердің мәселесі болып табылады. Алайда, XX ғасырда дидактика оқу процесін басқару үшін оның барлық кезеңдерінде, мақсаттар мен мазмұнын әзірлеуден бастап нәтижелерді тексеруге дейін барлық күш-жігерін жұмсайды. Сондықтан ғылымда басқарудың объективті әдістерін қарқынды іздеу жүріп жатыр. Бұл объективті бақылау, яғни, мұғалім немесе зерттеуші білім деңгейі, білім беру процесінің сапасы туралы нақты және толық ақпарат беретін құралды пайдаланған кезде білімді тексерудің және педагогикалық диагностиканың мұндай әдістері кеңірек қолданылғаны жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ожегов, С. И Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразео- логических выражений [Текст] / С. И: Ожегов, Н.Ю Шведова. - М.: Азбуковник, 2003.

2. Сластенин, В. А. Педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. за- ведений. / В.А. Сластёнин, И.Ф… Исаев; Е.Н. Шиянов; под ред. В А, Сластёнина, - М.: Издательский центр «Академия», 2006. 576 б.

3. Ингенкамп, К. Педагогическая диагностика. - М.: Педагогика, 1991. 240 б.

4.Stecenko-er.narod.ru

5.Studme.org

ТАРИХ САБАҒЫНДА ОҚУ ҮДЕРІСІН БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Абитаева Г.Т. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қаласы

Аңдатпа: Бұл мақалада тарих сабағында оқу үдерісін бағалау түрлерінің тиімділігі,және жаңа технологиялардың оқушыларға пайдалы мәселе ретінде талдалып дәлелденеді.

Кілт сөздері: тарих, бағалау,диагностика.нормативті,суматив ті,критериалды.

Аннотация: В данной статье рассматривается эффективность оценки учебного процесса на уроке истории и анализ новых технологий как полезный вопрос для учащихся.

Ключевые слова: исторический, оценка, диагностика, стандарт, суммирование, критерий.

Abstract: This article reviews the effectiveness of the evaluation of the learning process in the history lesson and the analysis of new technologies as a useful issue for pupils.

Keywords: history, assessment, diagnostics, normative, summative, criterion.

Қазіргі таңда білім беру саласында әртүрлі заманауи, технологиялар енгізуде, бірақ солардың ішінде мектеп оқушыларына қажеттілігін таңдап сабақтың әр негізінде пішімді қолдану-басты талап болып табылады. Тарих пәндерінде технологияларды кеңінен пайдаланып қана нәтижеге бағыттап білім беруде. Сондықтан тарих сабағында көрнекілік әдісімен техникалық құралдарды қолдана білу оқытушы алдында тұрған бірінші-бір міндет.Сабақта жаіа технологияларды, техникалық құралдарды жан-жақты қолдану,сабаққа керекті материалдарды ақпараттық кеңістіктен іздеу, оқытушының жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді,жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Электронды оқытуларды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Бүгінгі күні ақпараттың ағымы өтк көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез-келген оқытушы өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттың мәдениеті дамыған, интерактивті тақтаны пайдалана алатын,он лайн режимде жұмыс жасау әдістерін меңгерген оқытушы болуы тиіс. Осы арқылы мектеп оқушыларының тарихи түсініктері бер жерде ғана тоқталып қалмайды. Қазіргі заман талабына сай білім деңгейін бағалау-қазіргі таңда білім берудің әлеуметтік құрылымы маңызды элементтердің біріне айналып отыр.Ең алдымен “бағалау» түсінігіне тоқталдуы жөн көрдім.

Бағалау-оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Бағалау көбінесе баға қоюдың синтездік түрі (1-ден 5-ке)арқылы жүзеге асады. Сондай –ақ мектеп тәжірбиесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін оқытудығң маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Жоғары оқу орындарында бағалау реттегіштік әдіс арқылы жүргізіледі.

Бағалаудың төмендегідей түрлері бар:

1. Диагностикалық бағалау-бұл оқушының біілм, білім дағдылары мен құзыреттіліктері қалыптасуының бастапқы деңгейін анықтау. Диагностикалық бағалау әдетте оқу жылының басында немесе жаңа тақырыптық бөлімнің тараудың бірінші сабағында өткізіледі.

2.Қалыптастырушы (нормативтік) бағалау-бұл баланың оқуын үздіксіз бақылау болып табылады, ол критерийлерге сәйкес бағалауға негізделеді және кері байланысты меңзейді.

Қалыптастырушы бағалау мақсаты- оқу үдерісінің барысында мұғалім мен оқушы қызметін түзету, және оқу нәтижесін жақсартуға бағытталған.

3. Критериалды бағалау- оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижеге жету мақсатында оқушылардың білім алудағы жеке даму жолына түзетулер енгізуге мүмкіндік беретін оқушының оқу жетістігін алдын-ала нақты анықталған бағалау крийтерилерімен сәйкестігін бағалау болып табылады. Жиынтық сумотивті бағалау мақсаты – белгілі уақыт ішінде оқушының білім, білім дағдылары мен құзыреттіліктері қалыптасу деңгейін және алынған нәтижелердің стандарт талаптарына сәйкестігін анықтау.

4)Оқу нәтижелерін бағалау оқу үдерісінің бір жақты сипаты болып табылады. Баға қоюда қолданылатын меже баға қою мерзімділігі білім беру үдерісі субьектілері арасындағы байланыс механизмі, оқушылардың қаншалықты табысты оқитындығын өз бетімен анықтау механизмі.

Бұл бағалаулар қазіргі таңда оқу үдерісінде пайдаланып жүргені бәрімізге аян. Білім алушылар өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі қажет, оқушылар өзінің оқуын жақсату үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс істеу қажет. Бұл олардан түсінушілікті, қызығушылықты және ықыласпен әрекет етуді қажет етеді. Аталған тұжырым оқыту мен оқу тәжірибесі үшін өте маңызды да, өзекті. Қорыта келе бағалаудың тиімділігі сабақ барысында өз жұмысының нәтижесін көргеннен кейін баланаң танымдық белсенділігі артып өз бетінше білім алуға шығармашылықпен айналысуға бағытталады. Бағалауда тек білімді ғана емес, адамға жақсы тілек айтуға, өз ара тілектестік қарым-қатынас орнатуға үйренеді. Бағалау арқылы оқытуды жақсарту бір қарағанда қарапайым болып көрінетін бес басты фактордан тұратындығын көрсетеді:

1) Оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету;

2) Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы;

3) Бағалау нәтижелерін ескере отырып оқытуды өзгерту;

4) Бағалаудың оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен қызығушылығына едәуір ететіндігін мойындау бұл өз кезегінде білім алуға түбегейлі түрде ықпал етеді;

5) Оқушылардың өздерін-өздері бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттілігі.Озық ойлы білімдар адамдар заманның қағамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Сондықтан да мұғалім мен оқушының саналық өсуі үйлесімді бір мезгілде жүргенде ғана оқу-әдістемелік деңгейінде өзгерістер болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1) М.Я.Шнейдер «Оценка качества образования в школах международного бокалавриату» Вопросы образования, 2005 №1с 2-28.

2)А.А.Красноборова «Критериальная оценивания как технология формирования учебного позновательной компетентности учащихся» «Нижновгород» 2011.

3)Мұғалімге арналған нұсқаулық «Оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау» 55-107 бет.

4)Фишмон И.Е. Г.Б.Голуб « Формирущая отценка образовательных результатов учащихся» методическое пособие Самара 2007 244стр.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КРИТЕРИАЛДЫҚ БАҒАЛАУ ТҮРІН ҚОЛДАНУ

Әбілда А.Қ. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Андатпа. Бұл мақалада жаратылыстану пәндерін оқытуда бастауыш сынып оқушыларын критериалдық бағалау түрін қолдану бойынша мазмұны, мақсаты, міндеттері қаратырылған.

Кілт сөздер: бағалау, критериалдық бағалау, дескриптор, критерий.

Аннотация. В данной статье рассмотрены содержание, цели, задачи по использованию критериального оценивания учащихся начальных классов в преподавании естественных дисциплин.

Ключевые слова: оценивание, критериальное оценивание, дескриптор, критерий.

Annotation. This article discusses the content, goals, objectives for the use of criteria-based assessment of primary school students in the teaching of natural Sciences.

Key words: evaluation, criteria evaluation, a descriptor criterion.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның әлемдегі барынша дамыған және бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіру стратегиясын ұсынған. Жүзеге асырылуына және осы міндетті шешуге жәрдемдесетін дамудың жеті басым бағыты анықталған.Бұл шешуші басылымдылықтардың бірі осы білім мен озық ғылымды дамыту болып табылады.

Қазіргі уақытта жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің мақсаты оқушыларға жаратылыстану ғылымының негіздерін жалаң оқыту емес, олардың өмірге көзқарасын тәрбиелеу, қоршаған ортадағы әр түрлі қоғамдық ой-пікірлермен, жазулы шығармаларымен, жаратылыстану ғылымын оқушы санасында байланыстыра білу болып табылады.Бұл мақсаттың нәтижелі жүзеге асуы үшін жаратылыстану пәндерін оқытуда, соның ішінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда ғасырлар сынынан өткен тәлім-тәрбиелік және танымдық мүмкіндіктері мол қазақ халық педагогикасы материалдарын пайдалану қажет.

Қазіргі уақытта жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің мақсаты оқушыларға жаратылыстану ғылымының негіздерін жалаң оқыту емес, олардың өмірге көзқарасын тәрбиелеу, қоршаған ортадағы әр түрлі қоғамдық ой-пікірлермен, жазулы шығармаларымен, жаратылыстану ғылымын оқушы санасында байланыстыра білу болып табылады.Бұл мақсаттың нәтижелі жүзеге асуы үшін жаратылыстану пәндерін оқытуда, соның ішінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда ғасырлар сынынан өткен тәлім-тәрбиелік және танымдық мүмкіндіктері мол қазақ халық педагогикасы материалдарын пайдалану қажет.

Қазіргі жағдайда қоғамның білім деңгейі мен интелектуалдық әлеуеті ұлттық байлықтың маңызды құрамы ретіндегі сипатқа ие болды, ал адамның білімділігі,кәсіби икемділігі,шығармашылыққа талпынысы және қалыптан тыс жағдайларда әрекет ете білуі Қазақстан Республикасының өрлеуіне негіз, ол қоғамның тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шарт бола алады.Білім берудің қазіргі кезеңінде оқытудың жаңа интенсивті педагогикалық технологиясына өту, оны модернизациялаудың белсенді процестерін жүзеге асыру, дүниежүзілік білім кеңістігіне ену мүмкіндіктерін анықтау өзекті проблемаға айналып отыр.Бұл міндетті шешуде орта білім беру жүйесіне енетін пәндердің едәуір бөлігін құрайтын жаратылыстану пәндері ерекше назар аударуды қажет етеді.Өйткені, жаратылыстану ғылымдары, олардың нәтижелері мен әдістері қолданбалы ғылымдармен бірге, еліміздің өркениетті дамуына негіз болып табылады.Сонымен бірге бұл ғылым салалары планетарлық ойлау деп аталатын жаңа тұрғыдағы ақыл-ойдың дамуына елеулі үлес қосуда.Жаратылыстану пәндері жаңа білім беру моделіне көшуді жүзеге асыруда, мектептегі білім берудің сапасын арттыруға

мүмкіндік береді.Жаратылыстану пәндерінің жаңа білім беру мазмұнына көшуінде оқытудың басым мақсаттарын айқындау үшін мектептегі білім мақсаттарының өзгеру тенденцияларын қарастырайық. [1] Осыған орай қажет етілген тенденциялық өзгертулерге тоқталайық.

Бағалау — оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Бағалау, көбінесе, баға қоюдың синтездік түрі (1-ден 5-ке дейінгі ранг) арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Жоғары оқу орындарында бағалау рейтингтік әдіс арқылы жүргізіледі; қаласының Рейтинг.[2]

Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Бағалау түрлері:

Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:

Мектепте оқыту сапасын жоғарлату

Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға;

Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;

Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға;

Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;

Әртүрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге;

Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;

Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге[2]

Критерийдің мазмұны:

Критерийлер

Дескрипторлар

A Білу және түсіну

Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасы мақсатына сәйкес келетін нақты фактілерді, ақпараттар және сипаттамаларды білу және жаңғырту. Алынған ақпаратты талдау, қайта жаңғырту, болжау жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу

B Қолдану

Бұрын алған ақпараттар мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контекстерде қолдану, пайдалану. Білгенін, түсінгенін, дағдыларын сабақ барысында қолдану арқылы көрсету

Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін білімдерін қолдануды көрсетудің жолдары: практикалық жұмыс, диаграммалармен жұмыс, кескін картада жұмыс жасай алуы, есептер шығару, жобалар, мәселені шешу және жаңа нәтижелер ойлап табу болып табылады

C Сыни ойлау және зерттеу

Білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттілігін көрсету. Ұсынылған болжамдарды дұрыс ақпараттар жинақтау және деректерді пайдалану арқылы зерттеп, бағалап, өз бетімен қорытынды жасау. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін жасалған қорытынды жайында ой қозғау қабілеттілігін көрсету.

D

Коммуникация және рефлексия

Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар, фактылар мен ойларын, пікірлерін ауызша және жазбаша ұсыну. Басқа адамдар ұсынған ақпаратты тыңдап және сәйкесінше жауап қайтара алу қабілеттілігін, басқа адамдардың көзқарасын қа-

былдай отырып, өз көзқарасын түсіндіру арқылы ортақ ойға келу. Айтылған ойларды, пікірлерді, оқиғаларды ой елегінен өткізу арқылы шешім қабылдау немесе ой толғаныс нәтижесінде іс-әрекет жасау. [3]

Қорыта келе айтарымыз: жаратылыстану пәндерін оқытуда бастауыш сынып оқушыларын критериалдық бағалау түрін қолдану түрлері мақсат міндеттеріне қарай толық тоқталып қарастырып өттік. Бағалаудың бұл түрі қазіргі таңдағы көп қолданыстағы бағалау түрі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»
2. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, I том
3. http://moodle.nis.edu.kz

ПСИХОЭМОЦИЯЛЫҚ КҮЙЛЕРДІҢ ТҰЛҒАНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ

Бапаева М.К. - психология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
Аяпбергенова А.Ж. - PhD
Ракишева Т.Б. - Психология мамандығының 2-курс магистранты.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы

Аңдатпа. Мақалада психоэмоциялық күйлердің өзіндік бір қыры ретіндегі фрустрацияға және фрустрациялық жағдаятты зерттеу барысындағы бихевиористік және психоанализ тұрғыдағы екі көзқарасқа нақты талдау жасалынған. Сондай-ақ мақалада С.Розенцвейгұсынған фрустрациялық күйлерді күйзеліссіз ауыстыру мүмкіндігін білдіретін фрустрацияға толеранттылық түсінігіне сипаттама берілген.

Түйін сөздер: фрустрация, фрустрациялық жағдаяттар, фрустраторлар, фрустрациялық ықпалдар, фрустрацияға толеранттылық, фрустрациялық күй.

Аннотация. В статье проанализированы два подхода в контексте бихевиоризма и психоанализа при изучении фрустрации и фрустрирующей ситуации как своеобразной грани психоэмоциональных состояний. Также в статье дается описание понятии толерантности к фрустрации, представляющей возможность без переживания фрустрирующих состоянии, предложенные С. Розенцвейг.

Ключевые слова: фрустрация ,фрустрирующие ситуаций, фрустраторы, толерантность к фрустрации, фрустрационное состояние.

Annotation. The article analyzes two approaches in the context of behaviorism and psychoanalysis in the study of frustration and frustrating situations as a kind of facet of psychoemotional states. Also, the article describes the concept of tolerance to frustration, which is an opportunity without experiencing a frustrating state as proposed by S. Rosenzweig.

Key words: frustration, frustrating situations, frustration, tolerance to frustration, frustration state.

Елімізде орын алған соңғы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жоғары кәсіби білімнің тұтастай жүйесіне ықпал етті. Қомақты материалды қаржыны білімге жұмсайтын мемлекет маманды даярлауға барынша жоғары талап қоятыны сөзсіз.

Жоғары мектеп бітірушілері болашақ жұмысы үшін қажетті кәсіби білім мен дағдылардан басқа түрлі кедергілерді еңсеруге және өз мақсаттарына жетуге, өмірлік қиындықтарға төтеп беруге қабілетті болуы тиіс. Осы орайда кейбір маңызды қажеттіліктердің қанағаттандырылмауынан, сәтсіздіктен туындайтын психикалық күй – фрустрацияға әкелетін әртекті фрустраторлардың (кедергілер, тосқауылдар, сыртқы және ішкі болуы мүмкін проблемалар) анықталуы маңызды. Фрустрациялар адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің құрылымына жағымсыз ықпал етіп, деструктивті көріністері арқылы адамның өмір сүру сапасына, іс-әрекетінің табысты болуына, оның ішінде оқу іс-әрекетіне теріс әсер етуі әбден мүмкін.

Қазіргі кезеңде психология ғылымында стресс, мазасыздану, алаңдаушылық, регидтілік және фрустрация сияқты психикалық күйлерге ерекше мән берілуде. Фрустрация адамның кейбір қажеттіліктерді қанағаттандыра алмаған жағдайларда пайда болатын жағымсыз психикалық күй. Н.Д.Левитовтың пікірінше, фрустрация алға қойған мақсатқа қол жеткізуде немесе нақты міндеттерді шешу барысында туындайтын қиыншылықтардың әсерінен пайда болған күйзелістер мен мінез-құлыққа

тән ерекшеліктер яғни көңілдің қалуы, реніш, өкініш, ыза, наразылық, үмітсіздік түрінде көрініс береді [1].

Жалпы психикалық күйлерін зерттеу мәселесі, атап айтқанда, фрустрация күйінің зерттелуі бұрыннан ғалымдардың назарында болды. Бұл мәселені зерттеумен шұғылданғандар С.Розенцвейг, Д.Доллард, Н.Миллер, Н.Майер бастаған бихевиористік бағыт өкілдері болса, екінші бағытты З.Фрейдің психоанализ теориясының жақтастары қарастырған. Психоаналитикалық тұрғының аясында фрустрация тұлға өз мақсаттарына жету жолында кедергілерге тап болған кезде туындайтын ерекше жай-күйі, немесе ішкі қақтығыс ретінде қарастырылады. Бихевиористік көзқарастың аясында фрустрация – индивидке үміттенген қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында кедергі келтіретін сыртқы шарт ретінде қарастырылады.

Фрустрация құбылысы психологияда алғаш рет З.Фрейдтің психоанализ теориясында қарастырылып, онда негізінен туындаған жеке даралық- психологиялық мәселе ретінде тұлғаның ішкі жанжалдары мен қиындықтары негіз болды. Белгілі болғандай З.Фрейдтің теориясында жеке тұлғаны қалыптастырудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері әлсізәрі нашар ұсынылған және бұл жайт оның фрустрация құбылысын түсінуінде толық көрініс тапты.

Фрустрацияның психоаналитикалық тұжырымдамасында фрустрацияға ұшыраған адам өзін организм ретінде тіршілік етуін қорғауда түрлі қорғаныс тетіктерін қолданады деген бір жақты идея бар. Бұл арада осы уақытқа дейін байқалған қорғаныс механизмдерінің көпшілігін адамдар өздігінен яғни спонтанттыкейде саналы түрде қолданатынын және психологиялық қорғаныс үшін, өзінің әлеуметтік мәртебесін қорғау, өзі туралы жағымды пікірлер,әлеуметтік иерархиядағы өзінің орны, адамдар мен ұжымдардың өзіне деген қарым-қатынасы туралы фактілердіңпсихоаналитиктердің еңбектерінде мұқият зерттелгенін көрсетеді. Тек қана жыныстық құмарлық (либидо) пен агрессивтілік қана емес, сонымен қоса, тұлғаның басқа да мінез-құлық мотивтері,оны одан әрі дамыту перспективаларымен байланысты сонымен қатар маңызды құндылығы бар мақсаттар мен ұмтылыстар фрустрацияланады. Осылайша, фрустрация - әлеуметтік-психологиялық мәселесі ретіде қарастырылады.

Фрустрация мәселесімен А.Адлердің даралық психологиясы да тікелей байланысты. Финализм, билікке деген ұмтылыс, өзін өзі қамтамасыз ету туралы өз ұстанымдарын ұсына келе,әрбір тұлғаның сыртқы әлемнің күштері алдында өзінің дәрменсіздігін сезінуден қашып құтыла алмайтыны жайлы толымсыздық кешені туралы тұжырымдамасын жасайды [2].

А.Адлердің айтуынша,толымсыздық кешенінің болуы адамды белсенді іс-әрекет арқылы өтемақы алуға итермелейді. Қазіргі заманғы теориялар үшін А.Адлердің идеялары арасында соңында үнемі сәтсіздіктер мен фрустрациялар болатын толымсыздық кешенің пайда болу туралы ойы маңызды.

Кейінірек жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарында фрустрация құбылысын терең зерттеу басталды. 1934 жылы американдық психолог С.Розенцвейг фрустрация күйін талдап, оны диагностикалау үшін арнайы тестқұрастырды. Бірақ оның тұжырымдамасы психоанализдің күшті ықпалында болды және әлеуметтік психологияға тіректелуі әлсіз баяндау сипатында болды.Алайда, С.Розенцвейгтіңфрустрациялық жағдайларды үш үлкен класқа привация, депривация және жанжалдар деп бөлетін классификациясы аса құнды болды. Бірінші жағдайда қажеттілікті қанағаттандыру үшін қажетті объект жоқ. Екінші жағдайда, субъект бұрыннан бар объектіні жоғалтады. Жанжалдарға қатыстыС.Розенцвейг фрустратор ретінде әрекет ететін жеке тұлғаның ішкі және сыртқы қақтығыстарын ажыратады.

Сонымен қатар, С.Розенцвейг фрустрациялық күйлерді күйзеліссіз ауыстыру мүмкіндігін білдіретін фрустрацияға толеранттылық түсінігін алғаш рет қолданды.Ұсынылған қорғаныс механизмдерінің классификация да қызығушылық тудырады. Ол адекватты және адекватты емес, тікелей және жанама, қорғаныс және персеверативті қорғаныс механизмдерінің жүйесін ұсынды[3].

Кедескен кедергілерге адекватты немесе адекватты емес реакцияны С.Розенцвейг әлеуметтік критерийлер негізінде анықтауды ұсынды. Адекватты реакциялар тұлғаның дамуында оң рөл атқарады деп сенді.Тұлғалық тікелей реакциялар жағдайға тікелей бағытталған, ал жанама реакция фрустрациялық жағдайларға қатыссыз басқа нысандарға ықпал етеді.

Қорғаныс реакциялар жеткілікті және тұлғаның тұтастығын қамтамасыз етеді, ал персеверативті (табандылық ренішке) реакциялар сәттілікке әкелмейді, бірақ стереотипті түрде бірнеше рет қайталанады.

Нақты реакциялар (қорғаныс немесе тұрақты) жағдайға сәйкес келеді, ал нақты емес адамдарға мұнд тікелей хат-хабар жетіспейді және жалпылама сипатқа иеболады (шаршау, ұйқы және т.б.).

Фрустрация - шешілмейтін қиындықтармен туындайтын мінез-құлықтың ерекшеліктері мен мазасыздануның туындаған психикалық күй. Фрустрация реніш, үмітсіздік, қайғы, аңсау, сағыну, ере-

гесу, кінә, ашу-ыза сияқты эмоционалды күйлері арқылы көрінеді. Сондай-ақ фрустрацияның туындауына мақсатсыз, ойланбанбай жасалған әрекеттер, апатия, агрессия және деструкция, регрессия да әсер етуі мүмкін.

Фрустрацияның сыртқы себептеріне тұлғааралық жанжалдар кіреді, бұл өз кезегінде ішкі қақтығыстарды тудырады мәселен, әлеуметтік ортада қарсылыққа ұшырауыболашақ іс-әрекеттің мотиві ретіндегі жеке және топтық құндылық бағдарлар арасындағы таңдауға әкеледі. Көбінесе фрустрация тұлғаның өзінің кәсіби әрекетіне, оның мазмұны мен нәтижелеріне қанағаттанбаудың салдарынан дамиды

Адам өзінің мүмкіндіктерінің тек аз бөлігін ғана пайдаланғандай сезінеді, тіпті оның «генетикалық жоспары» толығымен орындалмағандай, өзін-өзі жетілдірудегі қаланған қажеттілік қанағаттандырылмағандай күйді кешеді. Өмірінің біраз бөлігін сүрсе де, өзінің барлық мүмкіндіктерін көрсетпей, өзінің өмірлік күш жігерін ұсақ-түйектермен ысырап қылдым деп ойлай бастайды

Осы тұрғыда стресс туралы ілімнің негізін қалаған Г.Селье: «...Адам қартая келе және мансабының соңына таманөз жетістіктерінің маңыздылығына күмәндана бастайды. Ол құлдырауды сезінеді,мұнан да әлдеқайда маңызды нәрсені жасауға болар еді деген ойлар пайда болады. Мұндай адамдар көбінесе өмірінің қалған уақытын өз-өзіне көңілі толмай, жағдайының болмауына ренжіп, отбасы жағдайдың ойдағыдай болмауына басқаны емес өзін кіналайды» деп тұжырымдайды [4].

Өнімнің сапасын басқару кезінде қабылданатын шешімдерді негіздеу үшін, сондай-ақ басқарушылық қызметтің олармен аралас мәселелерін шешу үшін қолданылатын сапаны бағалаудың сандық әдістерін біріктіреді.

Квалиметрияда екі термин қолданылады - өлшеу және бағалау. Өлшеу – бұл сандық мәндегі сапаның белгілі бір көрсеткіші ғана. Квалиметриядағы сандық бағалау деп сапа көрсеткішінің эталон үшін қабылданған сапа көрсеткішіне қатынасының кейбір функциясы түсініледі.

Квалиметрия қандай бағалармен жұмыс істейді? Әсіресе кешенді бағалау маңызды рөл атқарады, яғни қасиеттер жиынтығына қатысты сапа көрсеткіштерін бағалау. Кешенді бағалаулардың маңыздылығы және зерттеушілердің оларға бөлетін назары квалиметрия қандай да бір тәсілмен есептеу нәтижесінде алынған кешенді өлшемсіз бағалармен ғана жұмыс істейтін пікірдің таралуына алып келді. Бұл, әрине, квалиметрия шекарасын тарылтады, өйткені квалиметрия саласынан сапаны бағалаудың дифференциалды әдістерін жоққа шығарады (яғни. сапа қасиеттерінің жекелеген, бірлі-жарым көрсеткіштерін бағалау). Сонымен қатар, квалиметрия атауының аппараты әр түрлі тәсілдермен алынған кез келген өлшемдік бағалаудың барлық түрлері екенін көрсетеді [2].

Дифференциалдық бағалар квалиметрия құралы ғана емес, сонымен қатар, оларсыз кешенді баға алу мүмкін емес. Шын мәнінде, кешенді бағалар негізделген жеке көрсеткіштерді бағалау дифференциалдық бағалар ретінде өзгеше емес.

Демек, квалиметрияның міндеті-сапаны бағалаудың барлық әдістерін (кешенді және дифференциалды) әзірлеу және дамыту. Оның үстіне, сапаны кешенді бағалау әрдайым қажет емес. Кейбір жағдайларда сапа қасиеттерінің бірінің дифференциалды бағасы ғана болуы жеткілікті (мысалы, екі үлгіні салыстырғанда, олардың ішіндегі ең жақсысын таңдау мақсатында бір үлгінің барлық қалған қасиеттері екіншісінің тиісті қасиеттеріне тең болған жағдайда).

Қазіргі уақытта сапаны кешенді сандық бағалау адам қызметінің түрлі салаларына енгізілуде. Отандық және шетелдік ғылыми-техникалық, ғылыми-танымал және тіпті қоғамдық-саяси әдебиетте еңбек өнімі болып табылмайтын әр түрлі объектілердің сапасын кешенді бағалау немесе әр түрлі процестердің жүріп өту сапасын бағалау мәселелері жиі қозғалады.

Сапаны бағалау әдістемелері (бағалау объектісі олардың ең әр түрлі болуына қарамастан) ішкі бірлікпен сипатталады. Бұл әдістемелер квалиметрияның жалпы принциптеріне негізделеді. Демек, теориялық квалиметрия тұрғысынан бұл әдістемелер біртекті және бір алгоритммен сипатталуы мүмкін. Олар:

- сапаны кешенді сандық бағалау әдістері барлық жаңа облыстарды қамтиды, көбінесе олардың бастапқы саласынан алыс – тек еңбек өнімдеріне ғана;

- осы әдістердің алгоритмі мен принциптері теориялық квалиметрияда қабылданғандардан айырмашылығы жоқ;

- осы әдістердің көпшілігін қолдану салалары, мысалы, мамандардың сапасын бағалау өте маңызды.

Кез келген объектінің сапасын бағалау әдістерін үш бағыт бойынша бөлуге болады: сандық, сапалық және аралас.

Сапалық әдістер - қызметкерлердің сандық көрсеткішсіз сапасын анықтайтын сипаттау сипатының әдістері. Бұл әдістерге, мысалы, матрицалық әдіс (қызметкерлердің нақты сапаларын атқарып отырған лауазымымен талап етілетін сапалар жиынтығымен салыстыру), эталон әдісі (нақты сапаларды осы бағыттағы неғұрлым табысты қызметкерлердің сипаттамаларымен салыстыру) немесе ерікті сипаттамалар жүйесі (олардың қызметінің белгілі бір кезеңінде қол астындағылардың белгілі табыстары мен кемшіліктерін сипаттау) кіреді.

Сипаттамалық принцип, сондай-ақ сандық сипаттамаларға негізделген құрамдастырылған әдістер тестілеуді (қызметкерлерді алдын ала дайындалған өндірістік міндеттерді шешу дәрежесі бойынша бағалау) және қызметкердің зияткерлік коэффициентін (алдын ала дайындалған өндірістік міндеттерді шешудің сапалық деңгейінің сандық көрсеткіштерін) айқындауды қамтиды.

Қолдану нәтижесінде жеткілікті объективтілік дәрежесі бар қызметкерлердің іскерлік сапасының деңгейін анықтауға болатын бағалаудың сандық әдістері мынадай әдістерді қамтиды:

- рангтік тәртіп әдісі: белгілі бір бағалау критерийлеріне сүйене отырып, басшылар тобы бағаланатын қызметкерлердің тәртібі бойынша - ең жақсыдан ең нашар жағдайға дейін;

- берілген баллдық бағалау әдісі қызметкердің әрбір жетістігі үшін алдын ала белгіленген баллдарды беру болып табылады, кейіннен жиналған ұпай түрінде оның жалпы іскерлік деңгейін анықтау;

- еркін баллдық бағалау әдісі басшының немесе сарапшының қызметкердің әр сапасына белгілі бір балл санын беруден тұрады;

- графикалық профиль жүйесі әрбір қызметкердің іскерлік қасиеттерін (баллмен) кестедегі нүктелер түрінде бейнелеуден тұрады [3].

Квалиметрияға сапаны бағалаудың соңғы әдістері жатады. Бұл әдістер бағалаудың сапалық әдістері – субъективизм болып табылатын бір кемшіліктен айрылды. Бірақ сонымен қатар, сандық бағалаудың барлық аталған төрт әдісіне өзінің бір кемшілігі тән – олар тек жекелеген нақты қызметкерлердің әлеуетті қабілеттерін бағалау мәселелері және жеке тұлғаны оның барлық көріністерінде бағалауға мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты қасиеттерді қажеттіліктер сипатымен байланыстыра бастады және бұл байланыстарды өнімге арналған техникалық құжаттамада (сызбаларда, стандарттарда және техникалық шарттарда) көрсетілген көрсеткіштермен немесе процестер үшін әртүрлі өзге де талаптарға сәйкестендіре бастады. Одан әрі «сапа» ұғымы стандарттарда тіркелмеген, бірақ соған қарамастан, сапаны сипаттайтын функционалдық көрсеткіштер біртіндеп енгізіле бастады.

«Сапа» ұғымы мен терминін түсіндіруде үш бағыт бөлінді. Бірінші, бір, басты қасиетімен шартты түрде теңдестіретін сапа; екінші, сапаны тек стандарттарға сәйкестік тұрғысынан қарайтын сапа; үшінші, сапаны жекелеген құрамдас бөліктер кешені тұрғысынан зерттейтін пайдалы қасиеттердің сапасы [4].

Осы тәсілді неғұрлым кешенді болып табылатын сапа ұғымын түсіндірудің қисынды аяқталуы осы сапамен қанағаттанатын барлық қажеттіліктер тұрғысынан сапаны қарау ұсыныстары болып табылады. Осылайша, сапа үшін өндірістік-техникалық мағынада бұйымның жеке қасиеттерінің толық есебін бір-бірінен ерекшеленетін үш түрлі ұғымды бөліп көрсетуге болады.

Сапа - өзінің мақсатына сәйкес белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға жарамдылықты негіздейтін өнімнің немесе процестің қасиеттерінің жиынтығы.

1.Өнім сапасының бірлі - жарым көрсеткіші-оның қасиеттерінің біріне ғана қатысты өнім сапасының көрсеткіші.

2.Өнім сапасының кешенді көрсеткіші-өнімнің бірнеше қасиеттеріне жататын өнім сапасының көрсеткіші.

3.Өнім сапасының интегралдық көрсеткіші-өнімді пайдаланудан немесе тұтынудан түскен жиынтық пайдалы әсердің және оны жасау мен пайдалануға немесе тұтынуға жұмсалған жиынтық шығындардың арақатынасын көрсететін өнім сапасының кешенді көрсеткіші.

Қорыта келгенде айтарымыз квалиметрияда қандай сапа өлшенеді және сандық бағаланады? Квалиметрияда сапаның барлық үш түрі өлшенеді және бағаланады. Алайда, басты сапаны бағала-

уды бағалаудың жеке жағдайы ретінде түсіндіруге болады, жалпы алғанда, ал интегралдық сапаны бағалау негізінен бағалау нәтижелеріне негізделеді, ал одан әрі сапа ұғымы болады. Квалиметрия сапаны басқару бойынша шешімдерді негіздеу үшін, сапаны бағалаудың сандық әдістерін, басқару қызметінің сұрақтарын, өзара байланыстағы теория жүйесін біріктіреді. Квалиметрия үлкен математикалық үлгілеу мүмкіндіктерімен зерттелетін заттың сандық өлшемін нақты анықтауға жағдай жасай алады.

Әдебиеттер:

1. Азгальдов Г.Г., Райхман Э.П. О квалиметрии. М: Издательство стандартов, 1983г. – 172с. Марченко Е.К. Методы квалиметрии в педагогике. М. Знание, 1989г. – 34с.

2. Субетто А.И. Квалитология образования. – СПб.; М.: Исслед. центр пробл. качества подгот. специалистов, 2000. – 220 с.

3. Ханова Т.Г. Квалиметрическая технология оценки качества преподавания методом анкетирования: дисс. … канд. пед. наук: 13.00.08 / Т.Г. Ханова. – Ижевск, 1997.- 204 с.

4. Булатова Е.Г., Черепанов В.С. К вопросу о статусе математической педагогики // Образование и наука. Изв. УРО РАО. 2008. - № 1(58). – С. 14-20.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Машенбаев Т.Б. - п.ғ.к., проф., м.а.
Исина Г.К. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа. Бұл мақалада ЖОО студенттерін бағалаудың маңызы және бағалаудың критерилері сөз етілді. Бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады.

Кілт сөздер: бағалау, педагогикалық бақылау, бағалау критерийлері, мониторинг.

Аннотация. В этой статье подчеркивается важность оценки студентов и критериев оценки. Основной характеристикой оценки является то, что один человек внимательно следит за тем, что он говорит или делает, или за его / ее собственными личными мыслями, пониманием или дисциплиной самоконтроля.

Ключевые слова: оценивание, педагогический контроль, критерии оценивания, мониторинг.

Annotation. This article highlights the importance of assessment of university students and assessment criteria. The main characteristic of the assessment is that one person is closely monitoring what he says or does, or his / her own personal thoughts, understandings, or discipline in self-control.

Key words: evaluation, pedagogical control, assessment criteria, monitoring.

Қазіргі жаһандық өзгерістер жоғары оқу орындарында оқыту нәтижелерін заман талабына сай бағдарланған құралдар арқылы өлшеп, білім беру сапасын бағалаудың жаңаруына әкеліп соқтыруда. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың әлемдегі 30 елдің қатарына ену идеясы бағытында жан-жақты, ауқымды жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, білім мен ғылым саласында инновациялық даму, жаңа технологияларды қолдану, шетелдік озық тәжірибелерді енгізу мақсатындағы терең ізденістер нәтижелі жемісін беруде.

Оқу үрдісін ұйымдастыруда білімгерлердің білімін бағалау мен бақылау маңызды орын алады десек, университетте студенттердің білімін бақылау мен бағалау балдық-рейтингтік жүйе бойынша жүргізіледі. Жылдам даму үстіндегі Жаңа бағыттағы – Жаңа Қазақ¬станның жастарына білім беріп, бәсекеге қабілетті маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтілді.

Қазіргі уақытта оқыту нәтижелерін бағалаудың дәстүрлі құралдары аясында білім беру сапасын бағалаудың қазіргі заманғы тәсілдеріне бағдарланған өлшеуіштердің жаңа түрлері пайда болды. Жылдам даму үстіндегі Жаңа бағыттағы – Жаңа Қазақ¬станның жастарына білім беріп, бәсекеге қабілетті маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтілді [1].

Сондықтан да еліміздің экономикасы жақсарып, білім беру жүйесінде өзгерістер мен қайта жаңартулар орын алуда. Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау - әр түрлі бақылау тапсырмаларының негізінде белгілі бір пән бойынша студенттердің білім нәтижелерін бақылау (жазба жұмыстары, тестілеу, практикалық жұмыстар, портфолио, ауызша сұрақтар және т.б.); ол ағымдағы бақылау, аралық бақылау және қорытынды бақылау болып бөлінеді.

Бағалау - білім беру үрдісіндегі қажет басты құрама бөліктердің бірі. Бұл үрдісте оқытушы оқушының ағымдағы және қорытынды үлгерімі туралы ақпаратты жинақтайды және талдайды. «Бағалау» термині «жақын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады [2]. Бағалау жүйесі - бұл оқыту мәселелерін болжаудың және жетістіктерін өлшеудің негізгі құралы. Бұл құрал білім берудің сапасын, оның әлемдік стандарттарға сәйкестігін анықтауға, білім беру саласындағы заманауи міндетгерге сәйкес болмаған жағдайда оны білім беру стратегиясы мен тактикасы бойынша түбегейлі шешімдерді қабылдауға, білім берудің мазмұнын, білім берудің күтілетін нәтижелерін бағалаудың түрлерін жетілдіруге мүмкіндік береді. [3].

Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау педагогикалық үдерістің маңызды элементі, студентті ынталандырудың қуатты құралы болып табылады. Бағалау жұмысының мақсаты - оқу үдерісінің тиімділігі туралы ақпарат алу. Бағалау актілері оқу процесінің нәтижелерін сапалы немесе сандық бағалаудың әртүрлі нысандары мен әдістері, оның ішінде студенттердің оқу жетістіктер жүйесі болып есептеледі. Мониторинг және білімді бағалау әдістері мен тәжірибесі «Студенттердің аралық және қорытынды аттестациясының прогрессінің тұрақты мониторингі туралы» ережесінде көрсетілген. Бағалау тек оқушылар білім беру бағдарламасының мазмұнын біліп қана қоймай, студенттердің алған білімі, дағдылары мен біліктілігін тәжірибелік-танымдық, құндылыққа бағытталған, коммуникативтік тапсырмаларды және ғылыми мәселелерді шешуге қабілеттілігін анықтайды.

Студенттердің оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізіледі. Бағалау барлық негізгі нәтижелерге және барлық іс-әрекеттерге арналған және оқу бағдарламасына сәйкес мамандықтың оқу жоспарлары пәндеріндегі ағымдағы бақылау, аралық бақылау, тестілеу, аралық және қорытынды бақылау арқылы жүзеге асырылады. Пәндерді оқудың барлық кезеңінде пәннің жұмыс бағдарламасында көзделген әртүрлі жұмыстар бағаланады. Бақылау шаралары мен оларды бағалау әдістемесін әзірлеу кезінде пәннің ерекшелігін, көлемін және оқу-педагогикалық принциптерін ескеру керек. Университет аралық аттестаттауды бақылаудың, қорытынды бақылаудың, пәндер бойынша білім сапасын анықтау және аттестаттаудың барлық түрлерін (кафедра отырыстарында, факультеттің кеңесінде, әкімшілік, ОӘБ, ҚБ) бақылауды жүзеге асырады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін және білім сапасын қадағалау үшін университетте жыл сайын, белгілі бір уақытта және белгіленген нысан бойынша, білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органының сұрауы бойынша аралық аттестаттау, қорытынды бақылау (емтихан сессиясы) нәтижелерін жібереді.

Университеттің оқу үдерісі ҚР БҒМ талаптарына сәйкес оқудың қорытынды нәтижесін және оқушыларды даярлау деңгейін көрсететін білімді бағалаудың сараланған рейтингін көздейді. Студенттердің білімі мен дағдыларын бағалау саясаты үшін жауапкершілікті әртүрлі оқу сатыларында (факультет, кафедра меңгерушілері, оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру, деканат, ОӘБ,ОБ) барлық тиісті лауазымды тұлғалар көтереді. Білімді бағалаудың жалпы критерийі - мемлекеттік білім беру стандарттарына негізделген оқу жоспары және білім мен дағдыларды қалыптастыру [4].

Студенттің бағалануы, бағалау мерзімдері, бағалау критерийлері, мінез-құлық нысандары мен әдістері туралы жалпы саясат әр пәннің оқу жоспарында, анықтамалық нұсқаулықта көрсетілген. Барлық осы құжаттар бір данада беріледі және студентте сақталады. Студенттер әртүрлі әдістермен бағалау критерийлері туралы хабардар: университеттің сайты, кафедралар, ақпараттар тақтасы, анықтамалық-нұсқаулықтар, оқу үдерісін жоспарлау бөлімі, кеңсе тіркеушісі, ақпараттық стендтер және т.б.

Білім алушылардың білімін бағалау критерийлері оқу пәндерінің силлабустарында да көрсетіледі. Оқу пәндерінің қорытынды бақылау формасы ҚР БҒМ-ге және ТЖБ-ның оқу пәндеріне сәйкес келеді, жыл сайын кафедра мәжілістерінде, университеттің БМЖ-да талқыланады және бекітіледі.

Бағалау критерийлері - білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі. Студенттердің білімі, қабілеттері, дағдылары мен құзыреттіліктері бақылау түрлері тікелей пропорционалды болатын балдық-рейтингтік әріптік жүйені бағалау арқылы анықталады. Білімді бағалау критерийлері оқытудың талаптарына сәйкес, белгілі бір пәннің сипатын, сондай-ақ түлектің болашақ практикалық қызметін ескере отырып, қолданыстағы оқу жоспарлары мен бағдарламаларына негізделуі керек.

Оқыту нәтижелерін бағалау кезінде: білім, білік, дағды құзыреттерді қалыптастыру үдерісінде ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау (аралық аттестаттау) бағалау құралдарының әр түрлі нысандары қолданылады:

Кейс-әдіс- Білім алушыға осы проблеманы шешу үшін қажетті нақты кәсіби бағдарлы жағдайды

ойлауды ұсынатын проблемалық тапсырма. Студенттердің білімін, іскерлігін және меңгеруін, сондай-ақ жеке тәртіптік құзыреттерін бағалау үшін ұсынылады.

Портфолио- Студенттің бір немесе бірнеше оқу пәндеріндегі жеке білім жетістіктерін ашатын жұмыстарының мақсатты топтамасы.

Ұқыптылық пен құзыреттерді бағалау үшін ұсынылады.

Аралық бақылау жұмысы- Оқу пәнінен алынған білімді немесе модуль бойынша белгілі бір түрдегі тапсырмаларды шешу үшін алынған білімді қолдана білуді тексеру құралы.

Студенттердің білімі мен іскерлігін бағалау үшін ұсынылады.

Тест- Білім алушының білім, білік және иелену деңгейін өлшеу рәсімін автоматтандыруға мүмкіндік беретін стандартталған қарапайым және кешенді тапсырмалар жүйесі.

Студенттердің білімін, іскерлігін және меңгеруін бағалау үшін ұсынылады.

Қорытындылай келе студенттердің аралық бақылау рәсімдерін жүзеге асыру үшін түрлі пәндер бойынша әр бөлім, білім беру бағдарламасында жоспарланған білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге және білім беру бағдарламасында көрсетілген барлық құзыреттердің қалыптасу деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін бағалау құралдарын құрастырады. Бағалау әдістерін және бағалау форматын әзірлеу кезінде олардың жарамдылығы, сенімділігі, қолайлылығы және тиімділігі ескеріледі. Әзірленген бағалау критерийлері жарамды (бағалау объектілері оқу пәнінің белгіленген мақсаттарына сәйкес келеді); даму (студенттердің не істей алатындығын анықтауға және олардың нәтижелерін қалай жақсартуға мүмкіндік беруіне); әділетті (әр түрлі оқушылар табысқа жету үшін тең мүмкіндіктерге ие); сенімді (бірыңғай келісілген өлшемдер немесе стандарттар); тиімді (мүмкін, бірақ мұғалімдер мен студенттерден көп уақыт кетпейді); уақтылы (кері байланыс үнемі сақталады).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның әлемдегі барынша 50 елдің қатарына кіру стратегиясы // Елбасы Н.Ә.Назарбаев.
2. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Урмашев Б.А. Критериалды бағалау технологиясы: Оқу құралы / Б.А. Урмашева- Алматы: «ССК» баспасы, 2016,- 7 бет.
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 Бұйрығы «Білім туралы».

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНЕН БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Медеубаева К.Т. - п.ғ.к, қауымд.проф.м.а
Серікбай Н.Т. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер»
ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа. Бұл мақалада жаңартылған білім беру үдерісіндегі «Көркем еңбек» білім беру бағдарламасының құрылымындағы білім беру мазмұны оқыту мақсаттарымен сипатталуын, оқыту мазмұнына қажетті құралдары дәстүрлі оқытудың құралдары арасындағы айрықша белгілері анық айтылған.

Кілт сөздер: көркем еңбек, бағалау, бағалау критерийлері, бағалау жүйесі

Аннотация. В данной статье расматриваются особенности конструирования содержания образования,основные ожидаемые цели, различие средства обучения от традиционного обучения в образовательной программе «Художественный труд».

Ключевые слова: художественный труд, оценивание, критериальное оценивание, система оценивания

Abstract. This article examines the features of the construction of the content of education, the main expected goals, the difference between the means of learning from traditional learning in the educational program «Art work».

Keywords: artistic work, evaluation, criteria evaluation, evaluation system

Қоғамның жаһандануы, ақпараттық мәдениет пен ғылымның дамуы әлемдік саясатты шиеленістіріп, экологияның дағдарысына, экономика мен әлеуметтік күйзелістерге ұшыратуда. Дүниежүзілік сауда орталығында әрбір дамыған мемлекет өзінің меншікті мүддесін сақтауға жоғары білік-

ті мамандар даярлап, сол адами капитал арқылы сапалы өнімдерді басқа мемлекеттерге сату аясында бәсекелестіктің артуы да шиеленісіп келеді. Осы қоғамдық қиындықтар мен еңбек нарығындағы бәсекелестікке байланысты дүниежүзілік білім беру кеңістігінде, әсіресе, Батыс Европа және Шығыс елдерінің кейбір мемлекеттері қоғамдық жаһануы үдерісіндегі қайшылықтарды шешуге және бәсекелестікті қамтамасыз ететін мамандарды даярлауға дәстүрлі білім берудің мазмұны мен оны білім алушы тұлғасы бойына меңгертуге бағытталған жаңа тұлғалық құндылықтарды қалыптастырудың тұжырымдамалары түзілуде. Солардың бірі, бәсекелестікке қабілетті, білімді шығармашылық тұрғыда қолдана алатын, икемді, проблемаларды шеше алатын, сын тұрғысынан ойлауы мен қарым-қатынас қабілеттері жоғары, еңбек үдерісін ұйымдастыру мен жоспарлауды жауапкершілікпен қарайтын, ақпараттық-коммуникациялық техникаларды жетік қолдана алатын дағдылары сияқты [1].

Оқушының дамуының шешуші факторы өмірінің барлық мезгілінде, барлық кезеңінде оның өз белсенділігі болып табылады. Ол баланың өзінің қоршаған ортамен өзара әрекеттеріне кең мүмкіндікті қамтамасыз етеді, өсіп келе жатқан жас өркеннің өмірлік талаптарын қанағаттандырудың қажетті жағдайы және организмнің ортамен байланысуы барлық механизмдердің пайда болу жағдайы болып табылады – деп көрсеткен орыс ғалымы И.П. Павлов. Алайда, бала тек организм ретінде ғана емес, сондай-ақ жеке тұлға ретінде де дамуы үшін әлсіз белсенділіктен қазіргі қоғамның толыққанды мүшесіне айналуы үшін, оның белсенділігін ересек адамдар басқаруы тиіс[2].

«Көркем еңбек» білім беру бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарындағы оқыту мақсаттары бірнеше сыныптарға арналып, тізбектеле жүйеленген. «Көркем еңбек» оқу пәнінің мұғалімі нақты сыныпқа арналған тақырып бойынша оқыту мақсатына сәйкес сабақта оқушыларға үйрететін білім беру мазмұнын немесе оқу материалын еркін түрде, өзбетімен құрап жүйелеуге мүмкіндік алады. Бірақ, сол білім беру мазмұны сабақтың оқыту мақсатына жетуге кепіл беруі тиіс. Сонымен бірге, «Көркем еңбек» сабақтарында мұғалімнің оқыту мақсатына жету үшін дәстүрлі теориялық білім беру мен практикалық тапсырмалар орындату емес, бір сабақтың ішінде міндетті түрде қысқа мерзімді (айдар) 5-7 тәжірибелік жаттығулар, тапсырмалар орындатуды қамсыздандырады.

«Көркем еңбек» білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған оқыту құралдары, соның ішінде, оқыту әдістері мен үйрену әдіс-тәсілдері, енді, оқыту мақсатына жетуге және оқушылардың, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып таңдау негіз болады. Бұл оқытудың педагогикалық әдіс-тәсілдері сындарлы оқытудың, скаффолдинг, моделдеу, дамыта оқыту, әрдеңгейлі оқыту, саралап оқытудың теорияларына негізделе анықталған [3,4].

Технология сабақтарында оқушылардың дайындығын анықтайтын бағалау критерийлері:

-жалпы дайындық, жұмыс орнын ұйымдастыру, ғылыми, технологиялық және материалды мазмұндау логикасы;

-технология пәні бойынша бағдарламада қарастырылған теориялық материалды меңгеру деңгейі;

-практикалық жұмыстар мен жаттығулардың ағымдағы тапсырмаларын орындау кезінде теориялық білімді қолдана білу;

-дайындау технологиясының кезеңдерін, уақыт нормаларын, технологиялық операциялар мен тәсілдерді орындау сапасын сақтау;

-санитария, гигиена, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау [5].

Егер бұрын мұғалім балл-белгілерде көрсетілген пәндік білімнің, іскерліктің және дағдылардың қалыптасуының нәтижесіне ғана бағдарланса, онда бүгінгі күні оны балмен белгілеу мүмкін емес, оқу іс-әрекетінде жеке тұлғаны қалыптастыру процесі қызықтыруы тиіс.

Оқушылардың «Көркем еңбек» оқу пәнінің сабақтарында оқушылардың енді, білімі ғана емес, оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін қолданамыз. Ол критериалды бағалау жүйесімен жүзеге асырылады. Критериалды бағалау дегеніміз оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті, нақты анықталған критерияларге негізделген үдеріс болып табылады. Бұл бағалау критерийлары бойынша оқушылардың ойлау дағдыларының деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Ойлау дағдылары Б.Блумның таксономиясы бойынша анықталған. Мысалы, білу мен түсіну, білімді қолдану, талдау, жинақтау және бағалау.

Критериалды бағалау екі түрге бөлінеді: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау көркем еңбек оқу пәнінің күнделікті сабақтарында жүргізіліп отырса, ішкі жиынтық бағалау ортақ тақырыптар немесе бөлімдер, тоқсан аяқталғанда бір реттен жүргізіледі. Оқушылардың ойлау деңгейлерін көркем еңбек сабақтарында анықтау үшін қалыптастыруға бағалауға арналған мұғалім арнайы тапсырмалар дайындайды. Ал, жиынтық бағалауда тест спецификациясын жасап оқушылардың бірнеше ойлау дағдылары деңгейлерін анықтауға бағытталады. Тоқсандық жиынтық

бағалау осы екі бағалау (қалыптастырушы, ортақ тақырыптар бойынша ішкі жиынтық) бойынша алынған мәліметтерді, оқушылардың оқу пәні бойынша басқа да жетістіктерін ескере түпкілікті, соңғы баға қою үшін модерация формасында, пән мұғалімдерінің қауымдастығы немесе әдістемелік бірлестіктегі тәжірибелі ұстаздардың отырысында бағамдаулар жасай отырып, хаттаманың шешімінде баға қойылады. Осының негізінде тоқсандық жиынтық бағалау жұрналға, электронды жұрналға және оқу тәбеліне жазылады [6].

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру аясында жасалған «Көркем еңбек» оқу пәнінің білім беру бағдарламасының мәні оқушылардың «Көркем еңбек» пәні елестету мен бақылау қабілетің, кеңістікте тану және көзбен көріп қабылдау қабілетін қамтамасыз ететін, әр түрлі шығармашылық әрекет барысында, көркемдік-технологиялық білімдерді, қабілеттер және дағдылар- ды қалыптастырады.

«Көркем еңбек» оқу пәнінің сабақтарында оқушылардың жоғары да аталған дағдылары мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу деңгейлерін анықтауға бағытталған қалыптастырушы және жиынтық бағалаулар, олардың танымдық және тұлғалық қасиеттерін анықтау мен жетілдіруге жүйелі түрде бақылау мен бағалау жасауға сапалы бағалау құралы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Әдістемелік құрал. –Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, екінші басылым, 2015. – 23 б.
2. «КӨРКЕМ ЕҢБЕК» КІРІКТІРІЛГЕН ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША Әдістемелік құрал. Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана,2016
3. Әлімова А.Қ. Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы / «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 б.
4. Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқау. Әдістемелік құрал. –Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, екінші басылым, 2015. – 41 б.
5. Демидова М.Ю., Иванов С.В., Карабанова О.А. и др Оценка достижения планируемых результатов в начальной школе. Система заданий. В 2 ч. /.; под ред. Г.С. Ковалёвой, О.Б. Логиновой. – М. : Просвещение, 2009. – 215 с. – (Стандарты второго поколения).
6. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы. Әдістемелік құрал. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, екінші басылым, 2016. – 38 б.

ПЕДАГОГТЫҢ MS OFFICE ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ МАТЕРИАЛДАРЫН (БӨМ) ҚҰРАСТЫРУЫ

Омарбекова Ш.О. – п.ғ.к., аға оқытушы

Рапилова Э. – «6М012400 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығының 2-курс магистранты

Аңдатпа: бұл мақалада педагогтың MS OFFICE құралдары арқылы бақылау-өлшеу материалдарын (БӨМ) құрастыру ерекшеліктері қарастырылады.

Кілт сөздер: бағалау, өлшеу материалдары, нәтиже, цикл, тест тапсырмалары.

Аннотация: В данной статье рассматриваются особенности создания контрольно-измерительных материалов педагога средствами MS Office

Ключевые слова: оценивание, измерительные материалы, результат, цикл, тестовые занятия.

Abstract: This article discusses the features of the creation of control and measurement materials of the teacher by means of MS Office.

Keywords: assessment, measuring materials, result, cycle, test sessions.

Бағалау құралдары – бұл білім беру нәтижелерінің қалыптасу деңгейін өлшеу және бағалау үшін пайдаланылатын материалдардың, өлшеу құралдарының, бағалау нысандары мен рәсімдерінің сипаттамасы жиынтығы.

Бақылау-өлшеу материалдары – (БӨМ) - екі негізгі процеске бағытталған – бақылау және өлшеу – бағалау құралдарының бір түрі.

БӨМ міндеттерін төмендегідей жіктеуге болады:

студенттердің білім жетістіктері мен кемшіліктеріне қатысты білікті «кері байланыс» мүмкіндігі;

- бақылау және бағалау рәсімдерінің ашықтығы мен объективтілігін арттыру;

- мәлімделген білім беру нәтижелеріне жетудің «дәлелі» [1].

БӨМ-ге қойылатын негізгі талаптар мұғалімнің MS OFFICE құралдары арқылы педагогтың бақылау-өлшеу материалдарын құрастыруға септігін тигізеді:

- валидтік (жарамдылық) - алға қойылған мақсатқа сәйкес нәтиже алу қабілетін көрсететін БӨМ сапасы;

- сенімділік - барлық ұқсас жағдайларда ұқсас нәтижелер алу және алынған бағалауға сенім білдіру қабілетін көрсететін БӨМ сапасы;

- жүйелілік – бір-бірімен белгілі бір иерархия мен білім беру нәтижелерінің жалпы құрылымымен байланысты реттелген мазмұнды элементтерді іріктеуді көздейтін БӨМ сапасы;

- маңыздылығы – бағалау материалдарына жоспарланған нәтижелерді көрсететін мазмұнның аса маңызды элементтері енгізілуі тиіс;

- объективтілік – бағалау мен өлшеудегі субъективті қателіктерді мүмкіндігінше болдырмайтын бағалау рәсімдерінің сапасы; осындай рәсімдерді жүргізуді барынша стандарттаумен қамтамасыз етіледі [2].

Қазіргі білім беру жүйесінде тестілеу процесін ұйымдастыруға және тест тапсырмаларының банктерін әзірлеуге ерекше мән беріледі.

Дәстүрлі бағалаулар мен оқушылардың білімін бақылаудан тесттер оқыту нәтижелерін өлшеудің объективтілігімен ерекшеленеді, өйткені олар оқытушылардың субъективті пікіріне емес, объективті эмпирикалық критерийлерге бағдарланады.

Тест (ағылшын тілінен test-тексеру, тапсырма) - бұл білімді меңгеру деңгейін, белгілі бір психологиялық қасиеттердің даму деңгейін, қабілеттерін, жеке тұлғаның ерекшеліктерін өлшеуге мүмкіндік беретін тапсырмалар жүйесі [3].

Компьютерлік тестілеу тестілеудің ерекше инновациялық түрі ретінде оқушылардың білімін бақылаудың, тексерудің және өзін-өзі тексерудің ең тиімді нысаны болып табылады. Сондықтан компьютерлік тестілеуді ұйымдастыру процессінің сауатты жобаланған және іске асырылған ақпараттық қолдау жүйесі болуы маңызды.

Компьютерлік тестілеудің артықшылықтары:

- Тестілеудің объективтілігі: тест тапсырмаларын көрсеткенде және оларды орындау нәтижелерін санағанда «бейтарап» компьютері.

- Тестілеу нәтижелерін тіркеу, сақтау және ұсыну ыңғайлылығы, сондай-ақ деректер базасын жүргізу мен статистикалық талдауды қоса алғанда, оларды автоматтандырылған өңдеу мүмкіндігі.

- Жеке-бағытталған тестілеу процедураларын жүзеге асыру ыңғайлылығы.

- Компьютерсіз ұсынылуы мүмкін емес тест тапсырмаларын құру мүмкіндігі, бұл ретте компьютерде тест тапсырмаларын графикалық, динамикалық, интерактивті және басқа да арнайы түрлерін қолдануға болады.

Сонымен қатар, компьютерлік тестілеуді ұйымдастырушыларға оның кейбір кемшіліктерін білу және ескеру қажет:

- компьютер мониторының әлсіз эргономикалық қасиеттері;

- компьютерлік қорқу (жас ерекшеліктерін ескере отырып);

- қауіпсіздік және деректерді қорғау мәселесі [4].

Компьютерлік тестілеу кезіндегі білімді бақылаудың тиімділігі (көрсетілген кемшіліктерді азайту немесе жою) тест әзірленетін аспаптық ортаның мүмкіндіктеріне байланысты болады. Осыған байланысты компьютерлік тесттерді әзірлеу үшін аспаптық ортаны таңдау мәселесі аса өзекті болып отыр.

Тестілік бақылау мұғалімнің оқу материалын игерудің нәтижелілігін бағалауда аса маңызды. Тесттерді барлық курс бойынша немесе жеке оқылатын тақырып бойынша дайындауға, сондай-ақ қайталау кезінде қолдануға болады. Бұл ретте теориялық сұрақтардың білім тереңдігі анықталады, бұл жалпы білім беретін мектептің орта буынынан бастап Бірыңғай мемлекеттік емтиханға дайындық кезінде ерекше маңызды.

Мұғалім тест тапсырмаларының түріне байланысты материалды таңдайды. Тест тапсырмаларының типологиясын қарастырайық және оларға қойылатын талаптарды белгілейміз. Алты түрді біріктіретін тапсырмалардың екі түрі бар.

Мақсаты бойынша тестілер әртүрлі болуы мүмкін: кіріс тестілеу; бақылау тестілеу; аралық тестілеу; аттестациялық тестілеу.

Білім беру үдерісінде қолданылатын оқыту нәтижелерін бақылау әдістерін екі түрге бөлуге болады: «үстел үстінде тексеру» және «Компьютерді тексеру». «Үстел үстінде тексеру» мұғалім қолданатын фронтальды жұмыстың түрлі нысандары мен әдістерін, сондай-ақ бланктік бақылаудың ерекше әдістерін қамтиды.

«Компьютерді тексеру» - бұл компьютерлік тесттерді пайдалану, бұл оқушылардың сабақтарда қалыптасқан білімдерінің, біліктері мен дағдыларының сәйкестігін бағалауға мүмкіндік береді, педагогқа қолданылатын желілік және желілік емес оқыту технологияларының үйлесімін өзгерте отырып, оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді.

Тест тапсырмалары әр түрлі компьютерлік құралдарды пайдалана отырып, әр түрлі редакторлардан бастап, презентацияларды әзірлеуге арналған бағдарламалардан бастап, бағдарламалау тілдерін және Интернет желісінің мүмкіндіктерін пайдалануға дейін жасалуы мүмкін.

Қарапайым тест тапсырмаларын жасау кезінде ең көп таралған MS Office құралдары. Мысалы, MS Word бағдарламасының көмегімен тестілеуді өткізу үшін баспа бланкілерін дайындауға болады. MS Word бағдарламасы компьютерде де тестілеу жүргізуге мүмкіндік береді, бірақ бұл жағдайда нәтижелерді өңдеуді мұғалім өзі жүргізеді.

Жетекші мақсаттар мен міндеттерге сәйкес білім беру нәтижелерін бағалаудың барлық түрлерін ұйымдастыру-басқару шешімдерін қабылдау үшін бағалауға (бақылау, аттестаттау) және оқыту үшін бағалауға (қалыптастыратын бағалауды) бөлуге болады.

Бақылау-өлшеу процедуралары және аттестация шеңберіндегі бағалаудың негізгі мақсаттары мен міндеттері студенттердің жоспарланған нәтижелердің жетістіктерін өлшеуде және бағалауда, осы нәтижелердің ауытқу шамасын бақылауда және/немесе студенттер тобы үшін осы нәтижелерге қол жеткізудің ойық деңгейін анықтауда тұрады. Мұндай бағалаудың нәтижелері негізінде оқыту процесі мен бағдарламаларын түзету қажеттілігі туралы, оқыту сапасы және білім беру бағдарламасы мен оның элементтерін іске асыру туралы шешімдер қабылданады.

Қалыптастырушы бағалаудың негізгі мақсаттары мен міндеттері нақты студентті оқытудағы проблемалар мен перспективаларды анықтаудан, оның білім беру прогресін жақсарту тәсілдерін іздеуден және студенттердің білім беру нәтижелерін анықтаудағы дербестігін дамытудан тұрады. Осы мағынада қалыптастырушы бағалау студенттердің оқу жетістіктеріне және оларда туындайтын қиындықтарға қатысты уақытылы және сапалы кері байланысты қамтамасыз ету тетіктерімен тығыз байланысты.

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламасында (және оның элементтерінде) бағалаудың екі түрі – «басқарушылық» және қалыптастырушы үйлесуі маңызды.

Формальды көзқарас тұрғысынан бағалау құралдарын әзірлеу міндеттерін студенттің үлгерімін ағымдағы бақылауды қамтамасыз ететіндерге және аралық және қорытынды аттестаттауды қамтамасыз ететіндерге бөлуге болады. Сонымен қатар, басқа жағдайда да бағалау «басқарушылық» сияқты «қалыптастырушы» сипатқа ие болуы мүмкін – барлығы студент үшін қаншалықты ашық және ашық бағалау критерийлеріне (әсіресе, бағалау рәсімдеріне дейін студентке алдын ала ұсынылма) және бағалау құралдарының қаншалықты әзірленген бағалау нәтижелері бойынша кері байланысты тұспалдайтынына байланысты.

Қорыта келе айтарымыз, ағымдағы бақылау үшін бағалау құралдары мынадай міндеттерді шешуді қамтамасыз етуі тиіс:

- студенттердің ағымдағы білім жетістіктерін бағалау,
- студенттің оқу бағдарламаларында жоспарланған пәндердің/практикалардың аралық нәтижелеріне қол жеткізуі туралы қорытынды жасау,
- бағаланатын топ студенттерінің жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуінің сандық көрсеткіштері туралы қорытынды жасау (жиынтық),
- жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуде студенттер сынайтын қиындықтардың негізгі себептерін анықтау және бағалау қорытындысы бойынша оқу процесінің ұйымдастырылуын, формалары мен мазмұнын түзету,
- студентке жоспарланған білім беру нәтижелеріне (жеке және/немесе басқа білім алушылармен салыстырғанда) жолдағы орны мен прогресі туралы түсінік беру);
- әр түрлі формалар мен бағалау субъектілерін (өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, оқытушының бағалауы, тәуелсіз сарапшының бағалауы, практикалық қызметті бағалау және т. б.) біріктіру арқылы студенттердің білім беру нәтижелерін бағалаудың объективтілігін арттыру).

Әдебиеттер

1. Педагогические измерения как интенсификация контрольно-оценочной деятельности педагогов//Педагогика және өнер. – Алматы, №2(70), 2018. – Б. 3-6.
2. Гаврыш С. В. Создание тестов средствами MS Office Excel - [Электронный ресурс] URL.: http://g-sv.ru/drupal/sites/default/files/test/test_excel.pdf (дата обращения: 29.06.2009)
3. Кочергина Г.Д., Гаврыш С.В., Михайлова Г.В., Андрусенкова Е.А., Мультимедийная презентация: методические аспекты создания и использования в образовательном процессе / Учебно-методическое пособие с электронным приложением – Смоленск: Смоленский областной институт усовершенствования учителей; Региональный центр дистанционного обучения, 2009 – 96 с.
4. 4.Майоров А.Н. Теория и практика создания тестов для системы образования. – М.: “Интеллект-центр”, 2001. – с. 82–101.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ – ЗАМАНАУИ БІЛІМ НЕГІЗІ

Сайдахметова Л.Т. – п.ғ.к., доцент.
Джунусова С.С. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы

Аңдатпа. Мақалада еліміздегі білім беру үдерісінің дамуы - мемлекетіміздің дүние жүзі бойынша дамыған мемлекеттер қатарына қосылуына бағытталған негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Кілт сөздер: білім беру, бағалау, критериалды бағалау, оқу бағдарласасы, білім беру стандарттары, оқушы іс-әрекеті.

Аннотация. В статье развитие образовательного процесса в стране является одним из основных актуальных вопросов присоединения нашей страны к наиболее развитым странам мира.

Ключевые слова: образование, оценка, критериальное оценивание, учебная программа, образовательные стандарты, деятельность ученика.

Annotation. The development of the educational process in the country is one of the main urgent issues of our country’s joining the world’s most developed countries.

Key words: education, assessment, criteria-based assessment, curriculum, educational standards, student activities.

Қазіргі замандағы ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы арқылы мемлекет, қоғам және жеке адам өмірлерінде жағымды өзгерістер болуда. Еліміздің жаһандық даму барысында мемлекет жастарына сапалы білім мен тәрбие беру мәселесі өзекті болып табылады. Осыған орай, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына 2018 жылдың 10 қаңтарындағы Жолдауында «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс» - деген. [1].

Құқықтық мемлекеттің білімді, саналы, білікті азаматын қалыптасыру мен жетілдіру мемлекетіміздің негізгі міндеті. Мемлекетіміздегі білім беру мекемелеріндегі тәрбиенің мақсаттарына жастарға отансүйгіштік, адамгершіліктік қасиеттерін оятып, олардың қоғамдық санасы мен мәдениетін қалыптастырып, дамыту шаралары жатады.

Заманның дамуына қарай еліміздегі білім беру үдерісі де даму үстінде болмақ. Сол себепті оқушыларға берілген білім мен тәрбие үдерісінің қорытындысы баланың білімін бағалаумен айқындалады. Баланың мектеп табалдырығындағы алған білімі мен тәрбиесін бағалау үдерісі оның азаматтық қоғам мүшесі ретінде қалыптасып, дамуына әсерін тигізеді.

Мектеп оқушыларының білімін, тәртібін бағалау үдерісі баланың жан-жақты дамуымен қоса мектептің рейтингісіне де қатысты. Мектеп рейтингісінің жоғары дәрежеде болуы әрине мұғалімдердің біліктілігіне байланысты. Сол себепті де, пән мұғалімі өткен сабағындағы әдіс-тәсілдеріне ғана емес, сондай-ақ оқушылардың білімінің дамуына аса көңіл бөлуі тиіс. Мектеп оқушыларының білімін бағалау үдерісінің қазіргі білім беру жүйесіндегі маңыздылығы да осыда. Оқушылардың білімін бағалау үшін тексеру жұмыстары жүргізілетіні анық. Білімді тексерудің дұрыс ұйымдастырылуы оқушы білімінің сапалы бағалануына жол береді.

Білімді тексеруге қойылатын талаптар:

• тексерудің және бақылаудың жүйелілігі, тұрақтылығы, міндеттілігі. Бұл талапты орындамау оқушылардың оқуға деген қатынасын нашарлатып, білімнің сапасына кері әсер етеді;

• әрбір оқушы өзінің білімінің, іскерлік дағдысының бағаланатынын түсіну керек. Егер білімді тексеру және бағалау оқыту процесінің құрылымына тұрақты түрде енсе, онда оқушы мұғалімнің сұрақтары мен тапсырмаларына жауап беруге дайын болады.

• оқушылардың білім, іскерлік және дағдылары мемлекеттік .оқу бағдарламаларына сәйкес тексеріледі. Бағдарламаны меңгеру - білімді бағалаудың негізгі өлшемі. Мұғалім оқушының қосымша біліміне, оқыған қосымша әдебиеттеріне кеңес, нұсқау, беріп, баға қоймайды.

• оқушылардың теорияны және фактілерді білуін тексеру және бағалау арқылы, білімдерінің жалпы және ақыл-ой дамуына, жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға ықпалын, оқуға әсерін білу;

• білім, іскерлік, дағдыларды түрлі тәсілдер арқылы тексеру;

• байқалған кемшіліктерді оқушының өзі түзетуі;

• мұғалімнің оқушыларды білімдерін бақылап, бағалауға, кемшіліктерді жоюдың әдістемесі мен тәсілдерін білуге үйретуі;

• бағаны әділ қойылуы;

• оқушының өзін-өзі және басқаны бақылауы және бағалауы;

• әр тақырыпты оқудың нәтижесіне мұғалімнің және оқушылардың баға беруі;

• бақылау-бағалау процесінің әрбір баланың оқу үлгерімінің төмендемеуіне, көңіл-күйінің жақсы болуына көмектесуі [2].

Еліміздегі білім беру үдерісінің маңызды бөлімінің бірі – оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау болып табылады. Мектептегі берілген білімнің сапасы мен жан-жақтылығын айқындаушы процесс – бұл оқушылардың оқудағы табыстылығын бағалау. Мемлекетіміздің дамыған мемлекеттер қатарына қосылу үшін бірінші орында білім мәселесі болғандықтан, қазіргі уақытта оқушылардың білімін бағалауға жаңаша талаптар қойылуда.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқушылардың білімін арттыруға негізделген тәсіл бұл - критериалды бағалау жүйесі.

«Критериалды бағалау» терминін алғашқы рет 1963 жылы Роберт Юджин Глейзер қолданған. Критериалды бағалау оқушылардың өз бойындағы білімінің потенциалды деңгейінің және оқу барысында қол жеткізген білімінің арасындағы сәйкестіктерді анықтауға бағытталған үдеріс.

Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі. Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс [3].

Жаңа бағалау әдісі арқылы оқушының бағасы критерийлер арқылы және оның білім нәтижесімен қатар оның іс-әрекеті де бағаланады. Бағалау критерийлері нақты оқыту мақсаттарын айқындайтындықтан оқушыларға баға өткен материал бойынша ғана қойылады.

Критерийлер оқу тапсырмасының дұрыс орындалу жолдарының айқын, нақты көрсетілген көрсеткіштерінен тұрады, ал сол көрсеткіш бойынша бағалау – оқушының белгіленген мақсатқа қаншалықты жеткендігінің дәрежесін анықтау болып табылады [4, 17б.].

Критариалды бағалау оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін, олардың шығармашылық және зерттеу аясын, жүйелі рефлексияға оқушыны бейімдеу арқылы ғылыми ақпараттық ағынында өз бетінше жұмыс істеуін және бағыт-бағдарын қалыптастыру және дамыту үшін жағдайларды және мүмкіндіктерді жасау мақсатын анықтайды [5, 18б.].

Критериалды бағалау жүйесі мектепте берілген білімнің мақсаттары мен мазмұнына сай келетін оқушының оқу жетістіктерінің балаған, ата-анаға, мұғалімдерге түсінікті критерийлерге негізделген бағалау жүйесі. Сондай-ақ бұл жүйе білім алушы оқушылардың әр-қайсысының құзіреттілік деңгейі жөнінде ақпарат беруге бағытталған.

Критериалды бағалау жүйесінің негізгі мақсаты мектептегі білім беру сапасын дамыту және еліміздегі орта білімді халықаралық стандартқа сәйкестендірумен сипатталады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін критериалды бағалау қызметтері мен қағидалары анықталады. Критериалды бағалау қызметтеріне ынталандыру, белсенділік, түзету, дамытушылық жатады.

Критериалды бағалау қағидалары келесідей болып келеді: оқыту мен бағалаудың өзара байланысы – бағалау жүйесініңі оқу бағдарламаларындағы мақсаттармен және күтілетін нәтижелерімен тығыз байланысты; шынайылылық, сенімділік және валидтілік – бағалау үдерісінде дәлділік пен сенімділікті, шынайылылықты ұстану; ашықтық және қолжетімділік – бағалау үдерісінде түсінікті, ашықтық пен айқын ақпараттарды ұстану; үздіксіздік – оқушылардың білім жетістіктерінің өсуін үздіксіз қадағалап отыру; дамуға бағыттау – оқушылардың білім нәтижелері арқылы мұғалімдердің, мектептің білім беру үдерісінің сапалылығын анықтау және ынталандыру.

Критериалдық бағалау жүйесінде оқушылардың білімін қалыптастырушы және негізгі бағалау арқылы анықтау мүмкіншілігі бар. Қалыптастырушы немесе формативті бағалау – оқушылардың күнделікті алған білімдерінің деңгейін анықтай отырып, оларды бақылау жұмысына дейінгі білімдерін жүйелейді. Негізгі бағалау – өтілген тарау бойынша оқушылардың білімін анықтайды және тоқсандық баға болып табылады.

Осы формативті және суммативті бағалау әдістерін оқыту үшін бағалау (формативті) және оқу үшін бағалау (суммативті) болып та жіктеледі.

Оқыту үшін бағалау ─ бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі.

Оқуды бағалау кезінде бір оқушының жетістіктерінің белгіленген нормалармен немесе бірдей жастағы оқушылар тобының қол жеткізген деңгейімен ара-қатынасы салыстырылған соң қорытынды жасалады. Мұндай қорытындылар стандартқа немесе әдетте балл немесе деңгей түрінде межелікке «сәкес / сәкес емес» деген нысанда болады. [6]

Қорытындылай келе жаңартылған білім бағдарламасы бойынша мектеп оқушыларының білімін бағалау жүйесі дәстүрлі бағалау жүйесінен әлдеқайда обьективті жүргізілетініне көзіміз жетеді. Қазіргі заманда сапалы білім беру және еліміздің болашақ саналы, мәдениетті, білімді азаматтарын қалыптастыру мақсатындағы өтізіліп жатқан білім саласындағы жаңаша реформалар негізінде жай орташа білімді оқушының өзі дарынды оқушыға айнала алады. Жаңартылған білім берудегі бағалау жүйесінің масаттары, міндеттері, қағидалары мен ұстанымдары азаматтық қоғам мүшесінің қалыптасып, дамуына ықпалы зор демекпіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының тұңғыш призиденті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы халқына жолдауы.
2. Білім мен дағдыны бақылау мен бағалаудың маңызы мен міндеттері, талаптары / https://kitaphana.kz
3. Амангалиева С.А. Критериалды бағалау - оқушы мүмкіндігін арттыруға жол ашады / http://www.zkoipk.kz/ru/confnis1s/617-confnis.html
4. Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе. Учебное пособие. Премь, 2010 – 84с.
5. Урмашев Б.А. Критериалды бағалау технологиясы: Оқу құралы. Алматы: «ССК» баспасы, 2016ж. – 140 б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БАҒАЛАУ

Сайдахметова Л.Т. - п.ғ.к., доцент.
Тожибоева А.С. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы, ҚР

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау түрлері, бағалау барысында қолданылатын әдіс -тәсілдер туралы айтылады. Баға – оқыту үдерісіндегі қозғаушы күш.

Кілт сөздер: бағалау, технология, оқыту, оқу жетістігі

Аннотация. В данной статье речь идет о методах оценки учебных достижений учащихся. Оценка-движущая сила в процессе обучения.

Ключевые слова: оценка, технология, обучение, успеваемость

Annotation. This article deals with the methods of evaluation of educational achievements of students. Evaluation is a driving force in the learning process.

Key Words: Assessment, Technology, Teaching, Learning Achievement

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау — оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады. Сол себептен, зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып, оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі. Бұл жерде оқушылар өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады. Өйткені, дәстүрлі бағалау процесінде мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Сонда оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды. Бағалаудың жаңа әдісінде оқушы бағаны қандай критерийлер бойынша алғанын, келесі сабақтарда қандай критерийлерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Бұл жүйеде оқушының нәтижесімен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Одан басқа оқушыларды бағалауда мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Біріншіден, оқушының қызығушылығы артады, екіншіден, мұғалімнің жұмысы да жеңілдеуі

мүмкін.

Білім ордасы оқушыларға тек қана білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың білімін бағалау, оқушыларды алға ұмтылуға ынталандыру орталығы болып табылады. Ал, оқушының дұрыс қалыптасуындағы шешуші рөлді бағалау атқарады деп ойлаймын. Оқушылардың сабаққа даярлығының, қабілеттінің көрінісі бағамен есептеді. Кейде оқушылар және мұғалімдер арасында «баға үшін оқисың ба» деген сияқты сөздерді естеп қаламын. Бұл дұрыс түсінік емес, баға ол білімнің, жұмыстың нәтижесінің көрінісі, алған білімінің дәрежесін көрсетеді.

Сонымен бағалау дегеніміз -одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.

7. Helmke A., Schrader F.W. School Achievement: Cognitive and Motivational Determinants. International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences. – 2001 https://doi.org/10.1016/B0-08-043076-7/02413-X https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/B008043076702413X

8. Nancy S. Cole Conceptions of Educational Achievement American Educational Research Association. – 1990. – Vol. 19. – № 3. – P. 2-7 DOI: 10.2307/1176063 https://www.jstor.org/stable/1176063

9. Gonzalez E.J., Smith, T.A. (Eds.). User guide for the TIMSS international database: Primary and middle school years. Chestnut Hill, MA: Boston College. – 1997.

10. Measuring innovation in Education: A New Perspective, Educational Research and Innovation, OECD Publishing. 2014 http://dx.doi.org/10.1787/9789264215696-en.

11. Measuring innovation in Education Singapore. Country Note https://www.oecd.org/edu/ceri/Measuring-Innovation-in-Education-Singapore.pdf

12. Getting Smart: Measuring and Evaluating Social and Emotional Skills. Salzburg Global Seminar. – Salzburg. – 2016. –60 p. Электронный ресурс https://www.salzburgglobal.org/fileadmin/user_upload/Documents/ 2010-2019/2016/ Session_566/SalzburgGlobal_Report_566__lo-res_.pdf

13. Найденова И.С. Разработка инструментальных средств измерения социально-эмоционального развития // Педагогическая наука: генезис и прогнозы развития: сб. науч. тр. Междунар. науч.-теорет. конф. 28–29 мая 2014 г.: Т.2. – М.: ФГНУ ИТИП РАО, 2014. – С. 404-407. – 416 с.

14. Programme for International Student Assessment https://www.oecd.org/pisa/data/

15. PISA Lessons For and From Singapore , Singapor: National institute of Education. – 2012. https://repository.nie.edu.sg/bitstream/10497/4715/1/CJKoh_Series_No2_PISA_Lessons_for_and_from_Singapore.pdf

16. Measuring Innovation in Education: A New Perspective, Educational Research and Innovation, OECD Publishing. – 2018 http://www.oecd.org/pisa/pisa-2015-results-in-focus.pdf

17. PISA 2015 Results Excellence and equity in education OECD Publishing. – Vol. 1 – P. 83-84. Ihttps://www.oecd-ilibrary.org/docserver/9789264266490-en.pdf?expires=1554304576&id=id&accname=guest&checksum=D3F22BE86C505A5F1C74D5FAC7EA6980

18. PISA 2015 Results Excellence and equity in education // Volume 1 P. 83-84 Ihttps://www.oecd-ilibrary.org/docserver/9789264266490-en.pdf?expires=1554304576&id=id&accname=guest&checksum=D3F22BE86C505A5F1C74D5FAC7EA6980

19. Найденова И.С. Найденова Н.Н. Структура измерения качества образования наднациональным инструментарием. – Инновации образования, 2010. – №12. – С.9.

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ – БҰЛ МЕМЛЕКЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИДЕЯСЫ

А.З. Смагулова - магистр, Ұлттық тестілеу орталығы, Нұр-Сұлтан қ.

Аннотация. Берілген мақалада Қазақстан Республикасының білім беру саласында қазіргі уақытта іске асырылып жатқан үздіксіз білі беру стратегиясы туралы қарастырылады. «Үздіксіз білі беру» ұғымы, стратегияның мақсат-міндеттері мен оған сай білім беру үдерісіне қойылатын талаптар туралы айтылған.

Әрбір адам заман ағымына орай өз мамандығын қайта өзгерте алуға қабілетті болуы немесе өз мамандығы бойынша білімін жетілдіріп отыруы, ақпарат алмасу жолдарын еркін меңгеруі мемлекеттің үздіксіз білім стратегиялық идеясының іске асуына жағдай жасайтын факторлар.

«Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс.

Білім беру саласына өзінің инвестициялық жобалары мен экспорттық әлеуеті бар экономиканың

жеке саласы ретінде қарайтын кез келді. Оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне күш салып, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тартып, әлемдік университеттердің кампустарын ашу қажет»-деп Елбасыжолдауында көрсетілгендейүздіксіз білім беру – бұл мемлекеттің стратегиялық идеясы[1].

Сондықтан оның іске асуын еліміздің әрбір білім беру саласында қызмет атқарып жүрген педагогтар атсалысуы керек.

Үздіксіз білім алу нәтижесінде білім алушы бірқатар мүмкіндіктерге ие бола алады: педагогикалық өз бетімен білім алу мүмкіндігі; сапалы білімге қол жеткізуі; білім алушының танымдық ой-өрісінің дамуы; қызмет саласында әрбір жанның өз шеберлігін жетілдіруі, уақытты тиімді пайдалану; шығыс көздерін азайту (оқу материалдарына кететін шығын, көлік шығындары, қағаздармен жұмыс жүргізу т.с.с); Үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі құралы - виртуалды білім кеңістігін құруға мүмкіндік беріп отырған Интернет жүйесі. Қазіргі кезде көптеген аналитиктердің айтуынша Интернет – ең арзан оқыту құралы болып табылады [2, 115 б.].

Осыған орай мектеп жағдайында әрбір ұстаз оқушысының интернетпен жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыра білгені жөн.

Белгілі ғалым Г.П. Зинченконың мақұлдауы бойынша «үздіксіз білім» термині ең алғаш рет 1968 жылы білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар ұйымының (ЮНЕСКО) Бас конференциясының материалдарында қолданылды. Ал, 1972 жылы дүниежүзінің барлық елдерінде болашақта болатын жаңалықтарға арналған «үздіксіз білім» деп аталатын тұжырымдаманы «жетекші бағыт беретін концепция» ретінде қабылдау туралы ұсыныс «Фор баяндамасында» жарияланды. Бұл ұсыныс осы жылы Токио қаласында білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар ұйымы басшылығының ұйымдастыруымен шақырылған III Халықаралық конференцияның Қорытынды баяндамасында қолдауға ие болды. Қазақстанда білімнің үздіксіздігі мәселесі С.Мусин, Б.Әлмұхамбетов және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан [3, 74 б.].

«Үздіксіз білім» туралы ұғым өткен ғасырда-ақ атақты француз, поляк, ағылшын, орыс педагогтарының еңбектерінде айтылған болатын. А.Л. Смиттің айтуынша, «...ағарту ісін тек таңдаулыларға ғана арналған институт деп және тек адамның толысу кезеңіндегі қысқа уақытқа қатысты жұмыс деп санамай, білім алуды барлық жандарға арналған іс деп және ол өмір бойы атқарылатын шаруа деп қарастыру қажет» [4].

Елбасы жолдауында: «орта білім беру саласындажаңартылған мазмұнға көшу басталды. Бұл – мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар. Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет. Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек. Білім беру мекемелерінің арасындағы бәсекелестікті арттыру»-делінген[1].

Республика бойынша ЖОО –ы үздіксіз білім беруді өз ерекшеліктеріне орай іске асыру жоспарларын құрып, соның төңірегінде жұмыс жасап жатыр.

Мысалы: кадрларды даярлаудың және оларды қайта даярлаудың сапасын көтеруге бағытталған оқу-әдістемелік материалдарын ұйымдастыру және әзірлеу;педагог қызметкерлердің біліктіліктерін арттыруды жоспарлау және ұйымдастыру, педагогтерге үздіксіз білім беру жүйесінде ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;

Білім беру процесі және білім беру технологияларының әдістемесін жетілдіру;озат педагогикалық тәжірибені тарату, педагогтарға әдістемелік нұсқаулар беру; ақпараттық-әдістемелік материалдарды шығару;

Ақпараттық-әдістемелік материалдарды шығару;

Аймақтың кәсіпорындары мен байланыс орнату арқылы әр сала кадрларына қайта даярлау курстарын ұйымдастыру, аймақтың даму ерекшелігін ескеріп кадрлардың біліктілігін арттырудың тиімді жүйесін құру;

Әр түрлі категориялы мамандарды оқыту үшін оқу және әдістемелік материалдарды әзірлеу;отандық және шетелдік әріптестерімен ынтымақтастықты ұйымдастыру;қосымша білім беру түрлерін дамыту және жетілдіру; [5].

Қазіргі күні білім беру жүйесінде жүргізіліп отырған реформалар түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген.

ҚРПрезиденті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында ЭЫДҰ елдерінің стандарттары негізінде адам капиталының сапасын көтеруге бағытталған білім беру саласындағы 5 қадам жоспарланған. Оның 3-уі жалпы орта білім беру жүйесіне қатысты. 76-қадамдафункциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту жөнінде айтылған.[6].

XVII ғасырдағы адамның бүкіл өмірі бойындағы алған ақпаратты қазіргі заманғы адам 1 айда ғана алады және өңдейді. Әлемде ақпарат әрбір екі жыл сайын екі еселенеді, бұл оны қарапайым жаттаудың мүмкін еместігін және пайдасыз екендігін көрсетеді. [6].

Ал уақыт талабы осылайша өзгеріп отырған кезеңде қазіргі мектеп жағдайында тіпті «сынып ішінде үздіксіз білім беруді қалай ұйымдастыруға болады?»-деген сұрақ төңірегінде мынадай факторларды алға тартуға болады.

Білім мазмұнының өзгеруіне байланысты оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушының тақырып мәнін өз бетінше меңгеруіне назар аударуы болғандықтан, бүгінгі күнде тарих пәнін оқытудың талабы: жоғары стандарттарға қол жеткізу үшін тарихи оқиғалардың өзара байланысын түсіну, оқушының әлеуметтік көзқарасының қалыптасуына ықпал ету, өзінің шығармашылық жұмысын өз бетінше ұйымдастыра алуы болып отыр.

Жаңартылған білім бағдарламасына орай оқушы нақты нені оқу керек және қалай оқу керек екенін көрсете білу, ақпараттың жүйелі берілуі мұғалімнің құзіреттілігіне байланысты болып отыр.

Оқушылардың оқу үлгеріміне мұғалімдердің сабақ барысында орнататын сыныптағы ахуалы басты ықпал етеді.

Оқытудың сапалы, табысты болуы мұғалімнің қалыптасып отырған жағдайға бейімделе алуына байланысты.

Тарих пәнінде материал ауқымы өте көп. Осыншама материалды баланы жалықтырып алмай отырып меңгерту әрине мұғалімнен шеберлікті талап етеді. Сабаққа тапсырма дайындаған кезде сабақтағы ахуалды өзара қарым-қатынасқа бағыттап құру.Оқу мақсаттарына сүйене отырып, тапсырмаларды деңгейлеп құру сабақ үстінде мұғалімге уақытын үнемді пайдалануға мүмкіндік береді.

Барлық оқушылардың арасындағы байланысты қаматамасыз ету осының барлығы мұғалімнің шеберлігін талап етеді. Мұғалім сабақтың әр кезеңін жоспарлай білуі керек.

Қолайлы оқыту ортасын құру баланың сабақты тиімді қабылдауына апарар бірден-бір қадам.

2015 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Білім беру саясаты комитеті «Білім мен дағдылардың болашағы: Білім беру-2030» атты жаңа жобаны іске асыруды бастады[6].

Заман талабына сай оқушының оқу ептілігін дамыту, оқушы бойында білім мен қатар дағдының қалыптасуына баса назар аудару бірінші орынға шығып отыр.

Дүниежүзілік экономикалық форум XXI ғасырдағы табысты адамның білімі мен іскерлігінің 16 түрін атап көрсетті. Сонда 1-ші тұрған командадағы жұмыс дағдылары; - көшбасшылық қасиет; - бастамашылық; [6].

Осыған орай оқушылардың өзара жұмыс жасағанда командада жұмыс жасай алуының қалыптасуы, бастамашыл болуы нәтижеге жылдам жетіп отыруларына ерекше ықпал ететіні сөзсіз. Жұмыс жасау барысында бұл қасиеттерді қалыптастыра білу де мұғалімнен сабақ үстінде өте байқампаз болуды талап етеді.

Сыныпта қалыптасқан оқыту ортасы бала бойындағы дағдының дамуына күшті әсер ететіндей болса, ол қойған мақсатқа бір қадам салынған жол.

Әрбір оқушы ауқымды ақпарат берілген кезде өзінің есте сақтау қабілеті жөнінде толғаныста отырады. Сабақ жоспарын құрғанда өздігінен ілгерілей алмайтын балаларға оқу дағдыларын дамытуға көмектесу жолдарын қарастыру. Сыныпта ойлау дағдыларын дамытуға баса назар аудару.

Сабақта әрбір оқушының сабақты қабылдау ерекшелігін ескеру. Қарапайым мысал мұғалім сабақ тәртібімен таныстырып жатқанда бала ойланып кетуі мүмкін. Сондықтан мұғалім баланың ынтасы сабақта екеніне сенімді болу. Оқыту үдерісін уысынан шығарып алмау.

Сонымен қатар мұғалім оқушының тақырыпты меңгеру тәсілін түсінуі керек. Кейбір оқушылар тақырыпты өзіне оңтайлы тәсілдермен меңгереді. Мұғалімнің әрбір оқушының сабаққа деген көзқарасының аражігін түсіне білуі баланың сабақты қабылдауына үлкен ықпал етеді. Кері байланысты үнемі ескере отырып, мұғалім: « өз тәжірибемде нені өзгертуім керек?»-деген сұрақ төңірегінде үнемі ойланып жүруі керек. Мүмкіндік болса қалыптасқан ахуалдан өзгеше креативті әдісті қолдану.

Мұғалімнің пайдаға асырмаған зор әлеуеті бар.Сондықтан қандай жағдай болса да уақыт таба отырып заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшеліктерін қабылдауға ашық болу. Осындай еңбекпен оқушының танымын оқудың қажет екендігін мойындайтындай деңгейге көтеру-әрбір ұстаздың көкейінде жүрген ой. Қарыштап өзгеріп отырған заманда ең қауіптісі өзгеріссіз қалу.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. 10 қаңтар 2018.http://www.akorda.kz/
2. Рысбаева А.Қ., Иманбаева С.Т., Нұрғалиев Ж.А. Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудағы үздіксіз білі беру

жүйесінің маңызы.Вестник ПГУ.- № 4.-2010.- 115-118 б.
3. Писарев Д.И. Избранные педагогические сочинения.- М.: «Высшая школа», 1984.- 290 с.
4. Абдраманова Г. Б., Оспанова Г. К. Үздіксіз білім беру жүйесінде ересектерді оқыту ерекшеліктері // Молодой ученый. — 2016. — №5.2. — С. 39-41. — URL https://moluch.ru/archive/109/26703/ (дата обращения: 10.05.2018).
5. «Үздіксіз білім беру жүйесінде дарынды балаларды әлеуметтік, педагоги-калық және психологиялық қолдау мәселелері» тақырыбындағыхалық-аралық on-line –семинар материалдары. Атырау- 2015
6. www.zkoipk.kz/kz/conference/1862-conf.html
7. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесінұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. Астана 2017. http://5.ai.kz/wp-content/uploads/2017/02.pdf

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН ДИАГНОСТИКАЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Байнеш Ш.Б. – пед.ғ.д., доцент, Алматы университеті, Алматы.
Шәріпбай Г.А. – 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы

Аңдатпа: Бұл мақалада оқушылардың білім деңгейін диагностикалау жағдайы көрсетіліп, оның педагогикалық және психологиялық аспектілері қаралады.
Тірек сөздер: диагностикалау, психологиялық диагностика, педагогикалық диагностика, бақылау, қадағалау.

Аннотация: В этой статье описывается состояние диагностики знаний учащихся, и их педагогические и психологические аспекты.
Ключевые слова: диагностирование, психологическая диагностика, педагогическая диагностика, контроль, наблюдение.

Abstract: This article describes the status of diagnostics of pupil`s knowledge and their pedagogical and psychological aspects.
Key words: diagnostics, psychological diagnostics, pedagogical diagnostics, control, observation.

Қазір «Ғасырдың мектебі мен мұғалімі қандай болу керек?» деген негізгі сұраққа жауап ізделуде. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазір заман да, қоғам да өзгерген. Бүгінгі балалардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде басқаша. Өйткені олар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін адамдар.

Олай болса, бұл қоғам кез келген педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік–құқықтық, психологиялық–педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етіп отыр.

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында бүкіл мектеп компьютермен қамтамасыз етілді. Осыған орай, білім деңгейін диагностикалауда дәстүрлі әдіспен қатар, заманауи озық технологияларды кешенді қолдану алға қойылды.

Компьютерлік бақылау - бұл оқушының компьютердегі тесттік тапсырмалар жиынтығын шешуі нәтижесінде алған сандық қорытынды көрсеткіші.

Диагностика – оқу-тәрбие процесінің барысы мен нәтижесі туралы ақпарат алудың жалпылама амалы.

Диагностика: бақылау мен тексеруді, бағалауды; статистикалық деректер жинақтауды, олардың талдауын; дидактикалық процесс динамикасын, тенденцияларды болжау, анықтауды қамтиды.

Диагностикалаудың маңызды бөлігі - бұл қадағалау, яғни білім, ептілік және дағдылардың игерілу процесін бақылау. Ал тексеру қадағалаудың құрамдас бөлігі болып табылады. Тексеру - бұл білім, ептілік және дағдыларды игеру барысын бақылау үшін жүргізілетін әрекет-қимылдар жүйесі, яғни анықтау және өлшеу. Мән-мағыналық тұрғысынан қадағалау кері байланыс орнатуды, оқушылар мен мұғалімнің оқу әрекеттерінің нәтижесі жөніндегі ақпарат алуды қамтамасыз етеді.

Психологиялық диагностика – бұл психологиялық талдауға болатын жеке тұлғаның немесе басқа да объектілердің жеке психологиялық қасиеттерін өлшеу. Оның мақсаты психологиялық диагнозды

тұлғаның психологиялық ерекшеліктерінің өзекті жай-күйі және олардың одан әрі дамуын болжау туралы қорытынды ретінде белгілеу болып табылады.

Педагог диагностикалық жұмыста белгілі педагогикалық талаптарға сүйенуі мүмкін: тұлғаны зерттеу кемшіліктерді ашуға ғана емес, жеке тұлғаның резервін, оның ашылмаған мүмкіндіктері мен әлеуетін іздеуге бағытталуы тиіс; диагностика өзіндік мақсаты болмауы тиіс, ал ынталандырушы сипатқа ие болуы тиіс; тұлғаны зерттеу қызмет және қарым-қатынас үдерісінде жүзеге асырылуы тиіс; жеке тұлға оқшауланған емес, әлеуметтік қатынастар контекстінде оқытылады; диагностика деректері жеке тұлғаның өзіне қарсы бағытталмауы тиіс; тек бір әдіс негізінде ғана жеке тұлға туралы қорытынды жасауға болмайды; баланың дамуында жеке басын зерттеу және оның жетістіктерін басқа балалардың табыстарымен ғана емес, сонымен қатар өз көрсеткіштерімен салыстыру қажет.

Педагогикалық диагностика – бұл негізгі функцияларын тиімді іске асыру үшін оқыту және тәрбиелеу үдерісінде жеке және сараланған тәсілді қамтамасыз ету мақсатында оқушы мен оқушы ұжымының тұлғасын зерттеу. Педагогикалық құралдарды пайдалана отырып, педагогтар педагогикалық үдерісте баланың тұлғасын зерттейді. Ең алдымен, бұл мамандарды балалардың мектептегі оқуға қабілеттілігі және білім, білік, дағдылардың нақты деңгейі ретінде оқыту деңгейі ретінде оқыту деңгейі қызықтырады. Педагогикалық диагностика баланы белгілі бір әлеуметтік нормалармен және эталондармен салыстыра отырып бағалайды; бұл оқушы тұлғасына бағалау қатынасын және оның осы нәрсені догма ретінде қабылдамауын жиі негіздейді. Сондықтан, барлық жағдайларда педагог дайын педагогикалық бағалауларды пайдалана алмайды, сонымен қатар баланы қоршаған ортаның алдында оның үздік жақтарын көрсету арқылы оңалтуға мәжбүр болады.

Педагогикалық диагностика келесі маңызды оқу-тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі: бірінші сыныпқа қабылдау кезінде балалардың мектепке дайындығының деңгейі туралы ақпарат алу, бұл әртүрлі деңгейдегі күрделілік бағдарламалары бойынша оқитын сыныптар құрамын жоспарлауға мүмкіндік береді; бастауыш мектеп оқушыларының мүмкіндіктерін бағалау және олардың орта буын сыныптарында оқуға дайындығын анықтау, олардың ақыл-ой операциялары мен оқу іс-қимылдарының қалыптасу деңгейін, оқу уәждемесінің сипатын анықтау; «өзін-өзі тану» негізінде жасөспірімдердің өзін-өзі дамытуын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, балалардың мінез-құлқының ерекшеліктерін, сынып ұжымындағы өзара қарым-қатынасты, жасөспірімдердің танымдық саласының дамуын зерттеу; оқушылардың тәрбиелілік деңгейін зерттеу; жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарын ұйымдастыру үшін оқушылардың қызығушылығын, бейімділігін, қабілеттерін және жеке ерекшеліктерін зерттеу; педагогикалық ұжымдағы өзара қарым-қатынас туралы, педагогикалық ұжымның тыныс-тіршілігін басқару мақсатында мұғалім тұлғасының ерекшеліктері туралы, ұжымда жақсы психологиялық климат құру, жеке мұғалімдердің қызмет стилін жетілдіру туралы ақпарат алу; кіші және орта сыныптардың жекелеген оқушыларының даму деңгейін диагностикалау және оның негізінде олармен түзету жұмыстарын ұйымдастыру және т. б.

Қорыта келе айтарымыз, педагогикалық диагностика – білім беру үдерісінің сапасын жақсартуға бағытталған педагогикалық өзара іс-қимыл субъектілерінің жеке-тұлғалық дамуының өзекті жағдайы мен үрдістерін анықтау бойынша қызмет. Педагогикалық диагностика – субъектінің тәрбие объектісіне мақсатты әсер ету үшін кері байланыстың маңызды құралы.

Педагогикалық диагностика педагогтің (мұғалімнің, оқытушының, тәрбиешінің) педагогикалық үдерістің және оның үздіксіз дамып келе жатқан объектісінің: баланың, оқушының, студенттің немесе топтың, ұжымның динамикалық жағдайын тұрақты зерделеу және бағалау бойынша кәсіби қызметін білдіреді. Ол педагогқа нақты педагогикалық міндеттерді практикалық шешу үшін бастапқы деректер мен кілт береді. Демек, педагогикалық диагностика – педагогикалық технологияны сауатты және нәтиже алардай құрастырудың алғышарттары мен шарты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Ж. Төребаева, М.Н. Есенғұлова «Психологиялық-педагогикалық диагностика», оқу құралы
2. Г.А. Мадьярова Автореферат
3. Интернет желісі

Секция 5
ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ СУБМӘДЕНИЕТІ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҚАРЫМ-ҚАТНАСПЕН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДЫҢ ЫҚПАЛЫ

Абдраманова Д.Е., Қасымова Г.М., Берсугирова Т.Е.
ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аннотация. В этой статье кратко говорится о формирование поведения школьников начальных классов на основе их взаимоотношениях и самооценки.

Annotation. This article is dedicated in formation of secondary school pupies behariour on the base of this interrelation – ship ard seg control.

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатнасы мен өзін–өзі бағалау негізінде мінез-құлқының қалыптасуы туралы қысқаша айтылған.

Кілттік сөздер: мінез-құлық, өзін-өзі бағалау, бастауыш сынып, тәрбие.

Қазіргі таңда қоғамда жүріп жатқан күрделі өзгерістерге байланысты, әрбір жас адамның жеке адам (тұлға) ретінде қалыптасуы үшін, оның психикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, адамға берілген мүмкіндіктерді толық пайдалану қажеттілігі оқу-тәрбие үрдісінің негізгі бағыты болуы тиіс.

Оқу-тәрбие үрдісінде, әсіресе, бастауыш сынып оқушылары үшін ұстаздың орны ерекше екені белгілі. Баланың оқу әрекетінің қалыптасуында да, мінез-құлқындағы кейбір көріністерінің не жойылып, не күшейіп кетуінде де ұстаз тәрбиесінің ықпалы зор. Еліміздің болашағы біздің қазіргі балаларымызға байланысты. Сондықтан да осы жас кезеңіне сай, бала психикасының қалыптасу ерекшеліктерін қарастыру, даму процесінің қалыптасуының жеткіліксіз деңгейлерін анықтауымыз қажет. Соның нәтижесінде мінез-құлқында қиындығы бар оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізу қажеттілігі де кездеседі.

Баланың мінез-құлқындағы қиындықтарды зерттеген психологтар Л.С.Выготский, М.Г.Бреслав, Л.И.Божович, А.В.Запорожец т.б. еңбектерінен бұл мәселенің күрделі екендігін байқауға болады. Мінез-құлқында қиындығы бар оқушылар сабақта өздерін ұстай алмайды, соның салдарынан оқушыларда үлгермеушілік пайда болуы мүмкін. Осы кезеңде (7-11 жас) оқушылардың бойында еріктік психикалық процестерінің қасиеттерінің қалыптасуына және олардың өз мінез-құлықтарын басқара алуына, яғни мінез-құлық қағидаларының қалыптасуына көп көңіл бөлу керек (А.И.Леонтьев, Л.С. Выготский, А.В.Запорожец). Сонымен қатар, балалардың мінез-құлығындағы қиындықтарды түзету жолдарын (М.И.Чистякова, Дж.Мишли), оның пайда болу себептерін (А.И.Захаров, А.А.Рояк) зерттеді.

Соңғы жылдардағы тәжірибелік мәліметтер, бастауыш мектеп кезінде баланың жеке басының дамуында қарқынды үрдістің жүретінін, олардың субъективті мінездері, сана-сезімі, өзіндік бағалауы, адамгершілік өрісінің құрылатынын дәлелдейді. Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының мотивациялық өрісінің дамуы үстемді, түрткілердің алмасуы, жанама түрдегі түрткілердің өсу рөлі және қайтадан пайда болатын мотивациялық құрылымның тұрақтылығымен сипатталады, осыған байланысты баланың жеке дамуында және мінез-құлқында үстемді мотивтерінің рөлі артады.

Психологтардың зерттеулері (Л.С.Выготский, А.И.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, П.Я.Гальперин, А.В.Запорожец, Я.А.Панаморев т.б.) оқу үрдісін тиімділеу, бастауыш сынып оқушыларының позитивті әрекеттік оқу мотивінің дамуын күшейтеді деп көрсетеді.

Бастауыш мектеп жасын психологтар көбінесе білімді меңгерудің, жинақтаудың, сіңірудің, жоғарғы қабылдаудың, зейінділіктің жасы деп есептейді, яғни танымдық қабілеттерінің нағыз өркендейтін кезеңі деп атайды, бірақ та бұл жастағы мінез-құлқы қиын балалардың зейіні тұрақсыз, тез әлсірейді, қабылдаулары нашар, есі әлсіз, бірақ қызығушылығын тудыратын хабарлар есінде жақсы сақталады, ойлауы жақсы жетілмеген, төмендеу, сөздік қоры аз, ерік-жігері бұзықтық іс жасағанда қажырсыздық көрсетуімен байқалады. Мінез-құлқы қиын балалардың істеген істеріне, қылықтарына дұрыс баға бере алмайтынын байқауға болады.

Баланың мінез-құлқы, оның іс-әрекеті үстінде дамиды, соның нәтижесінде темпераменті анықталады, ал іс-қимылдың алғашқы іргетасы балалық кезеңде қалыптасады. Яғни, баланың мінез-құлқы-

ның қалыптасу кезеңі отбасында өтеді. Адамның болашақтағы мінез-құлқының алғашқы нышаны, іргетасы тым жас кезінде-ақ көрінеді. Мектепке келгеннен кейін оның адамгершілік дамуын одан әрі дұрыс жолға қойып тәрбиелеу мұғалімдер мен үлкендердің, ата-аналардың бірлескен әрекеті, міндеті болуы тиіс, мұндай бірлескен істің болмауы, дұрыс жолға қойылмауы мінез-құлқы «қиын» балалардың пайда болуына себепкер болып жатады.

В.В.Давыдовтың айтуы бойынша, «бастауыш сынып оқушысы» атану бала өмірінде ерекше орын алады. Бастауыш сынып оқушылары жөнінде терең және мазмұнды тұжырымдар Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов және олардың ізбасарлары (А.К.Дусавицкий, В.В.Рубцов, А.К.МАркова, Ю.А.Полулонов, В.В.Репкин, В.В.Рубцов, Г.А.Цукерман т.б.) еңбектерінде берілген.

Мектепке дейінгі кезеңнен бастап мектеп табалдырығын алғаш аттаған оқушы қандай күйде болады? деген сұраққа Д.Б.Эльконин: бала өмірінде көптеген өзгерістер болатынын айта келіп, мектепке дейінгі кезеңде балада қарым-қатынастың екі аймағы болады: баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынасы деп түйіндейді. Бұл қарым-қатынас негізінен ойын арқылы іске асырылады.

Мұғаліммен бала арасындағы қарым-қатынас баланың ата-анасына және баланың құрбыларына қарым-қатынасын анықтай бастайды. Б.Г.Ананьев, Л.И.Божович, И.С.Славина бұны эксперименттік түрде зерттеп көрсеткен.

Жақсы «бестік» тәртіп және жақсы бағалар баланың үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынасын аңғарта бастайды. Үлкендер балаларына бірінші «сабақ үлгерімің қалай?» деп сұрайды. Бала мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас бала өміріндегі болатын қарым-қатынастың негізгі орталығы. Регельдің айтуы бойынша, мектепке келу баланың қоғамдық ортаға келуі болып табылады.

Мектепке келгеннен бастап, оқушы мен мұғалім арасында қарым-қатынас қалыптаса бастайды. Мұндай қарым-қатынасты орындау оқушыға басында қиынға соғады. Мектептегі талап бәріне ортақ. Д.Б.Эльконин мұғалім мен балалардың арасындағы қарым-қатынаста оқушылар өте байқампаз болып келеді. Егер бала сыныпта мұғалімнің басқаларға қарағанда өзіне жақын тартатын оқушысы бар екенін байқаса, онда мұғалімнің оқушы алдында беделі жоғалады. Алғашқы кезеңде оқушылар мұғалімнің айтқанымен жүреді, яғни мұғалімнің айтқаны олар үшін заң. Егерде мұғалім оқушылардың бәріне бірдей көзқараста болмаса, баланың мұғалімге көзқарасы іштей бұзылады. Мұғалімнің өзгелерден өзіне жақын тартатын оқушысы басқалардан өзін жоғары ұстайды да, соның нәтижесінде «сөз тасығыш» балалар пайда болады. Мұғалім мен бала арасындағы қарым-қатынас баланың мінез-құлығының қалыптасуына үлкен әсер етеді. Бала мектепке келгенде оның бойында оқуға деген қызығушылық әлі толық қалыптаспаған. Оқу барысында мұғалімнің міндеті – ең алдымен, баланы оқуға үйрету және жағымды мінез-құлықты қалыптастыру.

Бастауыш сыныптық кезеңде, оқу үлгерімінің мәселесі, балалардың оқу жұмыстарының нәтижесінің бағасы болып табылады. Оқу мотивациясының дамуы бағаға байланысты. Сонымен қатар, баға өзіндік бағалаудың қалыптасуына ықпалын тигізеді. Балалар мұғалімнің қойған бағасына бағдар жасай отырып өздерін және өз құрбыларын үздік, нашар, орта оқитын оқушылар деп санайды. Білім алудың алғашқы кезеңінде үлгерім бағасы жеке тұлғаның бағасы болып табылады және баланың әлеуметтік мәртебесін анықтайды. Үздік және жақсы оқитын оқушылардың кейбіреулерінде өзін-өзі бағалауы жоғары болады, үлгермеуші және мінез-құлқында қиындығы бар оқушыларда сәтсіздіктер және төмен бағалар олардың өздеріне деген сенімін, мүмкіндіктерін төмендетеді.

Өзіндік бағалау сана-сезімнің компоненті бола отырып, ол мінез-құлық регуляциясының жеке бас факторы жүйесін атқарады. Оқушылар үшін өзіндік бағалау мен өзара бағалаудың мәні зор. Өйткені адам неғұрлым есейген сайын айналасындағылардың да жеке өзінің де пікіріне көбірек бағдарланады. Өзін-өзі және өзара дұрыс бағалау оның болашақ дамуына жол ашады.

5-6 жасқа дейінгі балаларда басқа адамды жақсы не жаман деп қана бағалау болса, мектепке келген жасы 6-12 жасқа дейінгі балаларда басқа адамды бағалау біршама сараланып, жоғарыланады, бірақ та олар әлі де болса мінез-құлықтағы теріс қасиеттердің болу себептерін түсіндіре алмайды. Оқу-тәрбие барысында оқушылардың өзін-өзі бағалауы қалыптаса бастайды. Мысалы, С.Юлдашева мұғалімнің бағасымен оқушының өзін-өзі бағалау арасындағы алшақтықтың дәрежесімен сипатын қарыстырып, олардың өзін-өзі бағалауына байланысты негізгі үш топты көрсеткен:

- өзін-өзі бағалағанда педагогтың бағасына сүйенетін оқушылар;
- өзін-өзі, негізінен ата-аналарының бағасына сүйеніп бағалайтын оқушылар;
- өзін-өзі мүмкіндігінен жоғары бағалайтын оқушылар;

Мінез-құлқы қиын балаларда өзіндік бағалау әлі де болса, мінез-құлық мотивінің үстемді түрінде көрінбейді. Бұл балалар өз іс-әрекеттеріне өзіндік бағалауға иек артпайды, жасаған істеріне баға бере алмаушылықтарымен көзге түседі.

Қорыта айтқанда, бастауыш мектептік кезең баланың тұлға ретінде қалыптасуының, дамуының қуатты жүретін ерекше құнды қайталанбас кезеңі. Сондықтан, бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Возрастная и педагогическая психология. Под.ред. А.В.Петровского. М., 1979.
2. Кулагина И.Ю. Возрастаня психология. М., 1997.
3. Немов Р.С. психология. В 2-х кн. 2. М., 1984.

БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫНЫҢ СТУДЕНТ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Абдулхамит Ж.А. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы

Аңдатпа. Блум таксономиясы студенттердің танымдық қызығушылығын дамытуды да көздейді. Бұл мақалада студенттердің құзіреттілігін Блум таксономиясы арқылы жетілдіру жолдары, маңызы мен рөлі қарастырылған.

Кілт сөздер: құзыреттілік, таным, деңгей, Блум таксономиясы

Аннотация: Таксономия Блума также предполагает развитие познавательных интересов студентов. В данной статье рассмотрены пути, роль и значение совершенствования компетенции студентов через тасономию Блума.

Ключевые слова: компетентность, познание, уровень, таксономия Блума

Abstract. Bloom’s taxonomy also implies the development of student’s cognitive interests. This article discusses the ways, role and value of improving the competence of students through Bloom’s taxonomy.

Keywords: competence, cognition, level, Bloom taxonomy

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Білім беру саласын реформалау адам факторының сапасын арттыруға жағдай жасайды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ЖОО-да білім берудің жаңаша үйлестірілген стандарттарын әзірлеу және бекіту бойынша жұмыстар жүргізу қажеттігін үнемі айтып отырады. Бүгінде Президенттің алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруда еліміздің іргелі оқу орындарының тәлімі мол, тәжірибесі зор мұғалімдері жүйелі жұмыстар жүргізіп келе жатқаны белгілі. Олар дамыған өркениетті елдердегі секілді Қазақстанның да білім беру жүйесіндегі жаңа әдістер мен стандарттарды алды 20 жыл бұрын үдемелі үдеріске қосып үлгерген. Қазір де ондай оқу тәжірибелерінің түрлі оқыту тәсілдері бар.

Осы тұрғыдан білім беру жүйесінде кеңінен таралған педагогикалық идеялардың бірі – американдық ғалым Бенджамин Блумның таксономиясын келтіруге болады.

Бенджамин Блум таксономиясы бойынша танымдық салада оқу мақсаттарының категориялары.

Негізгі категориялар.

1.Білім. Қайталау немесе тану арқылы мәліметтердің есте қалай сақталғанын тексеру, мағлұмат пен деректерді еске түсіру арқылы жүзеге асырылатын категория.

Студенттер: Бұндағы басты мақсат – студенттердің ақпаратты жадында сақтау және іздеу болып табылады. “Білім” деңгейі – таным мен ойлаудың басқа деңгейлерінің негізін құрайды, өйткені онсыз қалғандарының болуы, жүзеге асырылуы екіталай.

2. Түсіну. Оқу материалын түсінгендіктің көрсеткіші ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады: Трансляция – яғни оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мәселен математикалық формуланы сөзбен айтып беру немесе керісінше; сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.); Интерпретация – оқу материалын “өз сөзімен” түсіндіру, қысқаша баяндау; Жорамалдау - оқу материалы бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау. Мұндай оқу нәтижелері материалды есте сақтау деңгейіне қарағанда анағұрлым жоғары болады.

Студенттер: Бұл деңгейде студент мағлұматты тек есте сақтамайды, оның ауқымы мен көлемін ұлғайтпаса да, сол берілген мөлшерде басқаша қылып көрсетеді. Олар: - мәліметті басқа жүйеге түрлендіреді - есте сақталған мағлұматты басқаларға жеткізу жолдарын айқындайды - ұқсастық пен айырмашылықтарды анықтайды - салыстырады - нәтижелерді суреттейді. Бұл деңгейдегі тапсырмалар

“білім” деңгейімен салыстырғанда, үйренушіден белсенділікті талап етеді. Өздерінің есте сақтау қабілетін едәуір жақсартады.

3. Қолдану. Қандай да бір проблеманы шешу үшін мәліметті іс жүзінде қолдану, жүзеге асыру. Студенттер: Бұл деңгейде студенттер оқушының көмегінсіз таныс емес проблеманы өздігінше шешуі керек. Студенттердің мәселені шешу жолы шешімнің өзінен де маңызды болуы мүмкін. Қолдануда үйренуші тарапынан жасалатын әрекеттер: 1. Проблемамен танысады. 2. Проблеманың ерекшеліктерін анықтайды. 3. Шешім қабылдайды. “Қалай жасаймын? ”, “Не істеу керек? ” деген сұраққа жауап іздейді. 4. Шешімді жүзеге асырады, қолданысқа түсіреді.

4. Талдау. Бұл деңгейде зерттеу нысанының (күрделі процесс н/е объект) әр түрлі бөлшектері белгілі бір нәтижеге жету үшін қалайша бірге жұмыс істейтіндігін көрсету қажет.

Студенттер: Үйренушілер ой қозғап, логикалық тұрғыдан жауаптарының мінсіз болғанын қадағалау қажет. Оған қоса құрамдас бөліктердің байланыстарының мотивтерін анықтайды.

5. Жинақтау.Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттағы бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарынмүлдем өзгешереттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді [4; 486]. Студенттер: Шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма (эссе) жазады; тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын ұсынады; Қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданады.

6. Бағалау Жаңа мазмұн мен бүтін ұғым тудыру мақсатында жеке бөліктерді шығармашылықпен біріктіру. Синтез шығармашылық процестерді білдіреді. Күмәнді, даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны нанымды дәлелдер арқылы айғақтау. Мұнда да шығармашылық әрекеттердің маңызы зор. Студенттер: Бұл деңгейде үйренушілер өз жауаптарында дәлдік, нақтылық, логикалық жүйе, дәйектілік секілді талаптарды қолданады, сөйтіп олар өздерінің таңдау жасап, шешім қабылдай алатындығын көрсетеді. Бағалауда үйренушілер алдымен өз ойларын, идеялары, пайымдаулары қандай талаптар негізінде құрастырылғандықтарын анықтап, содан кейін талаптарды қолдана отырып, өз ойларын келтіреді. Бұл талаптар 1. қандай мәдени және әлеуметтік құндылықтар таңдағанына; 2. діни-рухани және тарихи идеяларына; 3. жеке басының тұлғалық ерекшеліктері мен құндылықтарына негізделеді.

Критерийдің мазмұны:

Критерийлер	Дескрипторлар
Білу	Студенттер меңгеретін және берілетін білім негіздері.
Түсінік	Студент білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді.
Қолдану	Алған білімді қолданады.
Талдау	Білімді жай қабылдамайды талдайды, саралайды, салыстырады.
Жинақтау	Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады.
Бағалау	Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады не мақұлдайды.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекет алдында тұрған негізгі мақсаттардың бірі – дүниежүзілік білім әлеміне ену. Бұл салада білім беру ісінің мазмұнын жаңа бағытқа бұрып, құрылымдық жүйесін жаңарту, өзгерістер енгізу — білім реформасын жүзеге асыру алғышартта тұрғаны баршамызға аян. Демек, Егеменді Қазақстанның болашақ потенциалын оқытып – тәрбиелейтін мұғалім – шығармашыл, жан-жақты білімді, парасатты, мейірімді, сезімтал, интеллектуалды, мәдениетті, кәсіби шебер, ізденімпаз, ғылыми зерттеуші болса, онда жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы.

Әр педагогтың міндеті – студенттің шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Өзге тілді дәрісханалардағы қазақ тілін оқыту әдістемесі» Сәтпекова А.А

2. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010.

МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ

Абдурахманова М. А. - 6М012400 - «Педагогикалық өлшемдер»
мамандығының 2- курс магистранты

Аннотация

В данной статье рассматривается направления музейной педагогики в формировании ценностных отношений учащихся. Раскрывается основная цель музейной педагогики. В статье дается исследование того, как каждый ученик посредством музейной педагогики достигает правильного направления по жизни и понимает исторические ценности.

Ключевые слова: музей, музейная педагогика, образование, интеграция, ценностное отношение, история, воспитание, образовательный процесс, оценивание.

Annotation

This article discusses the importance of museum pedagogy in the formation of students' value attitude. The main goal of museum pedagogy revealed, namely, it is the formation of the value relationship of the younger generation, the creative and spiritual development of their personality.

Keywords: museum, museum pedagogy, education, integration, value attitude, history, upbringing, educational process.

XXI ғасырдағы білім беру ұйымдарының алдында эстетикалық талғамы зор, қоршаған ортадағы сұлулықты түсіне және қадірлей білетін, жаңа қоғамға бейімделген, жан-жақты дамыған заманауи тұлғаны қалыптастыру мәселелері тұр. Жаңа ғасырдағы жаңа білім стандарттарына көшу талаптарына сай жалпы білім беру жүйесі музей кеңістігімен тығыз байланыс орната бастады. Оқу орындары үшін музей қосымша білім қоры және жалпы пәндерді оқытуда қосымша ресурс ретінде танылып келеді.

Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясындағы Рухани жаңғыру бағдарламасында: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» деп аталып көрсетілген. Осыған байланысты сол тамырдан нәр беретін, адастыруға жол бермей ұстап тұратын, адам санасында тарихи сананы, құндылық қатынасты қалыптастыратын ол тарихи білім деп біледі. Алайда теориялық білім тәжірибемен ұштаспаса, оның маңыздылығы төмендейдігі айқындалып тұр. Осыған орай тарихи-теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру мәселесінде өте қажет болып табылатын орын – музей деп білемін. Сонымен қатар, оқушылардың құндылық қатынасын қалыптастыру мәселесі кеңінен қарастырылып, музей педагогикасының мектеп оқушыларының музей қорымен танысу, экспонаттар арқылы тарих мазмұнын түсініп қабылдау, өз елінің, туған жерінің өркениеті мен тарихын зерделеуге ықпал етудегі маңызын ашып көрсету қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болғаны анық.

Зерттеп қарасақ, соңғы жылдары білім мен музей педагогикасының интеграциясы нақтыланып, әлемді тұтастай тануға мүмкіндік беретін құбылыс ретінде қабылданды. Музейдің білім беру ұйымдарымен интеграциясының мақсаты ол мектеп мұғалімдерінің шығармашылық әлеуетінің ықпалы арқылыоқушылардың ұлттық, рухани және мәдени құндылық қатынасын қалыптастыру.

Біз көптеген ғылыми еңбектерді талдау негізінде, музей педагогикасының маңызын зерделеген ғалымдарды атай аламыз. Олар: Ү. Мұңалбаева, М. Егізбаева мен Р. Жұматаев, К.Райымханов.

Біздің зерттеу жұмысымыздың алға тартқан мақсат-міндеттерін ашуда Ү.Мұңалбаеваның алғаш рет электрондық оқу құралы ретінде жарыққа шыққан ғылыми еңбегінің мазмұны білім берудегі музей педагогикасының ғылыми негіздері айқындалған тұстары маңызды. Ү.Мұңалбаева. «Музей педагогикасы. Тарихы, теориясы, тәжірибесі» [1] атты еңбегі қоғамды тәрбиелеудің басты құралдарының бірі. Еліміздегі әр музейлерге тоқталып, тарих ғылымын зерттеудегі бағыттары жайлы мағұлматтар берілгенімен қатар, шетелдік музейлердің түрлері мен қызмет ету саласы туралы көптеген мәліметтерді негізге алған.

Сонымен қатар, М. Егізбаева мен Р. Жұматаевтың Музей педагогикасы[2] аттыжазған еңбегі кең ауқымда зерттелген музей педагогикасының профиліне сай белгілі ғылыми мәселелерді айқындап, жинақтаушылық және экспозициялық жұмыстар жолымен өлкенің мәдениеті, тұрмысы мен экономикасының тарихи маңыздылығына көп көңіл бөлген.

Ал, К.Райымханов пен Д.Қатранның «Музей ісінің теориясы мен практикасы» атты шығарылғанжұмысында тәрбие беру жұмысы тәжірибиесінде мұғалімнің музеймен байланысының әр түрлі формалары қалыптасқандығы, олардың музейде өткізілетін әрбір сабақтың мұғалім мен музей қызметкерінің байланысының маңыздылығы айтылып өткен.

Қазіргі қоғамдағы мәдени кеңістікте музейдің алатын орны зор. Музей – халықтың қазынасы мен мұрасын ыждаһаттылықпен жинақтап, сақтап отырған ғылыми-мәдени, рухани байитын орындардың бірі. Музей экспонаттары – халық тарихы мен өнерінен сыр тарқататын талай замандардың тірі куәлары, халықтың ұзақ ғасырлар бойындағы тірлік-тынысының айқын көрінісі болып келеді. Музейдің негізгі қызметі құндылықтарды сақтау, келер ұрпаққа жеткізу болып табылатыны да анық. Қазіргі таңдағы музейлер әлеуметтік даму мен мәдени қоғамның қалыптасуына үлес қосуға ұмтылыс үстінде. Оның ішінде музей экспонаттарының көмегімен білім алушыларды,яғни оқушылар мен студенттердің рухани тәрбиелеу, оларға білім беру алдыңғы жоспарда тұр. Ендеше, әлеуметтік мәдени және мәдени шығармашылық ортаны құруды, оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдауды, оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуді, сонымен қатар, алған білімін бағалауды оқу орны өзі ғана емес, музеймен бірігіп атқарса, нәтиже айқынырақ болары анық. Өйткені, музей – белгілі бір тұлғаны қоғамнан тыс мәдениет әлеміне кіргізіп, биігіне шығаратын бірден-бір орын.Бүгінгі күнде қоршаған әлем ақпараттық және материалдық қор тереңдігіне деген жүйелілік ықпалды музейден қажет етіп отқаны анық. Бұл тенденция музейдің рухани құндылықтардағы генерацияны табуға итермелейді. Ендігі кезекте мақсат-міндеттерге жету үшін интеграция жолға қойылып тұр. Ол дегенімізмузеймен бірігу, жақындау және білім берудегі байланысы.

Музей мен білім беру ұйымдарының интеграциясы екі ұйымның да білім беру қызметі жоғарылататыны, сонымен қатар, екі оқу орындарының интеграциясы нәтижесінде музей педагогикасы өз жұмысын басталғаны ашық көрсетіліп тұр. Музейтану және педагогика ғылымдарының интеграциясы жас ұрпақты, оның ішінде оқушылар, студенттерді, жалпы білім алушыларды музейге тартуға, мәдениет пен ғылымға баулуға, әр тұлғаның бойында шығармашылық қабілетін арттыруға бағытталған. Көптеген елдерде музей мен оқу орындардың интеграциясы «параллельді білім беру» жүйесі ретінде қаралады. Ол – оқытудағы бірегей мүмкіндіктер, дидактикалық процестің ерекше құрылымы, анықталған контингент, қоғамдық сұраныстан туатын педагогикалық жүйе деп танылып тұр.

Біз қарастырған еңбектерге сүйене отырып, музей педагогикасының ұстанатын бірнеше бағыт-бағдарын былайша белгілеуді негізге алдық: ақпараттандыру,оқыту,шығармашылық негіздерін дамыту.

Ақпараттандыру – музей туралы ақпарат алатын алғашқы қадам, яғни музей ісінің негізгі бағыттары мен мақсат-міндеттеріне байланысты сұрақтарға жауап алу. Ол дәстүрлі лекциялар, кеңестер яғни консультация көмегімен жүзеге асады. Ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты музейге жаңа технологиялар енуде: ақпаратты компьютер көмегімен беру, ересектерден балаларға дейін қарастырылған жол сілтеу, жоспарларды компьютерлік технологиялармен көрсету, интернет желісіне қосылған ақпараттық киосктерді пайдалану. Ақпараттық жүйелер экскурсияның сапалық көрсетілімін қамтамасыз етеді. Электронды киосктерден экспонаттардың шығу тарихын, экспозицияда орналасуын немесе қорда бар экспонаттар туралы толық мәлімет алуға болады;

Оқыту – қосымша не болмаса альтернативті білім алуға мүмкіндік. Музейде оқытудың ерекшелігі – еріктілік пен бейресми орта. Музейде білім беру жастардың өз мүмкіндіктерін іске асыруымен, қызығушылықтарын қанағаттандыруымен ерек. Оқыту экскурсия, музейлік дәрістер, үйірме сабақтары көмегімен жүзеге асырылады. Музейлік дәрістер – музейдің мектеп, лицей, гимназия, колледж, университет оқушылары мен студенттерінің арасындағы жұмыстардың формасы;

Шығармашылық негіздерін дамыту – музейлік ақпаратты алудағы жоғарғы сатылардың бірі. Шығармашылықты көтеру үшін музейде ерекше жағдай жасалған. Салт-дәстүр, мәдениет, тарихқа жастарды үңілдіре отырып, шығармашылықты дамыту. Бұл бағыт студия, шығармашылық лабораториялар, тарихи ойындар түрінде жүзеге асырылады.

Осы берілген бағыттар сынды музей педагогикасының формалары да үнемі казіргі заманға сай өзгеріп, дамып отырады. Олар көп жыл көлемінде қалыптасты, сонымен қатар, қоғамның сұранысы, ғылыми ізденістер, тарихи оқиғалар әсерінен өзгеріп те отырды. Музей мен оқу орны арасындағы байланысқа бағытталған білім берудің гуманитарлық жаңалықтарға ұмтылысы XXI ғасырдағы білім берудің жаңа парадигмасының негізін құрайды.

Қорыта келе, музей экспонаттарының нақты маңызын, құндылық идеясын көрсететін болса, яғни құндылықтар белгілі бір оқиғалар мен тұлғалар жөнінде ақпарат беретін дереккөз ретінде экскурсантқа эмоционалды түрде әсер ете алады, өткен шаққа, қолөнершінің әлеміне ойша кіру арқылы сол оқиғаға, кезеңге қатыстылығын сезіне алады.Музей педагогикасы оқу орындардың үздіксіз білім

беру жүйесінде маңызды рөл атқарып келеді. Білім және тәрбие ошақтарының мұғалімдері немесе тәрбиешілері өскелең ұрпақты бірігіп тәрбиелеуге музейден көмек сұрап келуде. Мұғалім бала санасына сіңіргісі келген білімін музей педагогикасына сүйене отырып беруі – музей және білім ордасы үшін де үлкен жетістік. Музей педагогикасының негізгі мақсаты ¬– өкшебасар ұрпақты музейге тарту, тұлғаның шығармашылық дамуын жүзеге асыру. Сондықтан, қазіргі таңда музей педагогикасын инновациялық педагогикалық технология деп қарастырады. Психологиялық зерттеулер музейлік біліми-мәдени кеңістікте көп болатын баланың ой қызметі нық қалыптасатындығын тұжырымдауда.

Мәдени-ғылыми жұмыстың кез-келген формасының басты ұстанымы – экскурсанттардың бейресми ортада білім алуына, өзін-өзі дамытуға, ұнататын, қызығушылық туғызатын жұмыспен айналысуына мүмкіндік беру. Мүмкіндік бере отырып, категориясы мен типіне қарай экскурсанттардың психологиялық ерекшеліктерін де ескерген жөн.

Музей келушілердің қатарындағы оқушылар мен студенттер бос уақытын қызықты өткізетін орын ретінде ғана емес, нағыз тарихи айғақтардан тұратын мекеме ретінде білім жүйесіне көмекке келуде. Осылайша, музей мен білім жүйесі бірігіп, адамның рухани байлығы мен тарихи білімін қалыптастыру жолында бір бағытта жұмыс жасауды бастап та кетті. Білім жүйесіндегі рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, тарихи-өлкетану тәрбиесін берудегі тәжірибені музеймен бірлесе отырып жүргізу қазіргі таңда кең өріс алуда. Музей мен оқу орны арасындағы байланысқа бағытталған білім берудің гуманитарлық жаңалықтарға ұмтылысы XXI ғасырдағы білім берудің жаңа парадигмасының негізін құрайды.

Музейлік заттар, Дәл осы әдіспен бала жүрегіне көпір салып, дұрыс өмірлік бағыт алуына, өмірдің мәңгілік құндылықтарын түсіне білуіне көмектесуге болады. Оқу орны беретін білім мен тәрбиенің жалғастырушысы, заттай көрнекіліктермен толықтырушы мәдени-ғылыми ошақтардың бірі – музей. Музей экспонаттары көмегімен тарихи кезеңдерді толық зерттеп, заттай деректермен көрсетіп, әр экспонатты сөйлету арқылы білім мен тәрбиені егіз беру музей педагогикасы болып табылады. Музей педагогикасы оқу орындардың үздіксіз білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарып келеді. Білім және тәрбие ошақтарының мұғалімдері немесе тәрбиешілері өскелең ұрпақты бірігіп тәрбиелеуге музейден көмек сұрап келуде. Мұғалім бала санасына сіңіргісі келген білімін музей педагогикасына сүйене отырып беруі – музей және білім ордасы үшін де үлкен жетістік. Музей педагогикасының негізгі мақсаты ¬– өкшебасар ұрпақты музейге тарту, тұлғаның шығармашылық дамуын жүзеге асыру. Сондықтан, қазіргі таңда музей педагогикасын инновациялық педагогикалық технология деп қарастырады. Психологиялық зерттеулер музейлік біліми-мәдени кеңістікте көп болатын баланың ой қызметі нық қалыптасатындығын тұжырымдауда.

Оқушы мәдениетін қалыптастыру жүйесінде музей педагогикасын инновациялық технология ретінде пайдаланудың қағидалары: көрнекілік; қолжетімділік; динамикалық; материал құрылымының маңыздылығы (балаларға қызықты болуы); музей коллекцияларымен таныстырудағы жүйелілік, яғни реттілік; гуманизм; ақпаратты қабылдау кезіндегі балалар фантазиясы мен сұрақтарын ынталандыру, мадақтау, тұлғаны көтермелеу; музейлік құндылықтарды меңгерудегі балалардың белсенділігін бағалау.

Кез-келген экспозицияда келесі логикалық тізбекті ескеру керек: қабылдау – түсіну – ойлап қорыту – бекіту – пайдалану [3, 2 б.]. Осы тізбек дұрыс орындалса, экскурсант ақпаратты жеңіл қабылдап, тез қорытады.

«Музей экспонаттарын қолмен ұстауға болмайды» деген қағида халық жадына сіңіп кеткендігі аян. Швейцар педагогы Иоганн Генрих Песталоцидің «Білім беру процесінде ақыл, жүрек және баланың қолы бірге қызмет атқару керек» деген сөзі бұл қағидаға қарсы тұрады. Экспонатты ерекше етіп көрсету, оны ұстап көруге мүмкіндік беру сынды қағидалар музейдің көрнекілік ұстанымдарына жатады. Кеңес үкіметі кезінде экскурсант бейтарап көруші болып келді, ал қазіргі музейлерде экскурсант – экспозиция жасаушы, шығармашылық процеске қатысушы. Мысалы, «Музей безгегі» ойынын ойнату арқылы балалардың аталар киген мәсіні киюі, қыз балалардың ұршық иіруі, соғыс ардагерлерінің тақкан медальдарын қолмен ұстап көруі – балалардың сол процеске қатыстылығын сезінуге, экспозицияның шығу тарихына үңілуге, материалды тез әрі жеңіл қабылдауына мүмкіндік береді. Музей шығармашылық тұлғаны қалыптастыратын тәрбиенің ажырамас бөлігіне айналды, әрбір жас өрен музейден шыққанда ой-өрісінің бір сатыға көтерілгенін байқап, өмірге деген үлкен сенімділіктің пайда болғанын аңғарады.

Қорыта келе айтарымыз, ақпараттық қоғамның даму жолында мәдени-ағарту мекемелеріне үлкен міндеттер жүктелуде. Қазіргі таңдағы заманауи адам ақпарат көздерінен түрлі мәліметті бойына үнемі сіңіріп отырады, жаңа әрі пайдалы біліммен қатар құнсыз мәлімет те адам санасын улап жататыны анық. Қазіргі білім мекемелерінің, кітапханалардың, театрлардың ерекше әрі бай қоры бар, сон-

дықтан мәдениет және білім ошақтары адамның тек құнды біліммен сусындауына мүмкіндік беретін жолды іздеп, халыққа ұсынып келеді.

Осындай мекемелердің қатарында музей де тұр. XXI ғасырда музей өзектілігін жоғалтып алмауы үшін, музей қандай болған, қандай болды, алдағы күнде оның даму жолында қандай үрдістер қалыптасу керек деген сұрақтарға тұшымды жауап алып, түсініп алу керек.

Әдебиеттер:

1. Ү.Д. Мұңалбаева «Музей педагогикасы. Тарихы, теориясы, тәжірибесі»
2. Егізбаева М.Қ.Жұматаев Р.С. Музей педагогикасы [Электронный ресурс]: оқу құралы/ Егізбаева М.Қ., Жұматаев Р.С.— Электрон. текстовые данные. — Алматы: Казахский национальный университет им. аль-Фараби, 2012.— 122 c.
3. К.Райымханов, Қатран. Д «Музей ісінің теориясы мен практикасы» Оқу құралы. Алматы, 2005.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ

Алдамбергенова Г.Т. - п.ғ.д., профессор
Шынтаева Р.Ж. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы, ҚР

Аңдатпа. Бұл мақалада зерттеушілік құзыреттілігінің зерттелу жағдайы туралы мәселе қозғалады. Бүгінгі таңда еліміздің дамуы жастармен байланысты болғандықтан, олардың құзыреттілігін арттыруға үлкен мән беріліп отыр.

Кілт сөздер: зерттеушілік құзыреттілік, қабілет, қызмет, тәжірибе, құндылық бағдар, қалыптастыру.

Аннотация. В данной статье затрагивается вопрос о состоянии изучения исследовательской компетенции. Сегодня, в связи с тем, что развитие страны связано с молодежью, большое внимание уделяется развитию их компетенций.

Ключевые слова: исследовательская компетентность, умение, деятельность, опыт, ценностная ориентация, формирование.

Abstract. This article addresses the issue of the state of research competence study. Today, due to the fact that the development of the country is associated with young people, much attention is paid to the development of their competencies

Keywords: research competency, skill, activity, experience, value orientation, formation.

Заманауи қоғам мен білім берудің даму ерекшеліктері білім беру үдерісін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін даярлау үшін жаңа дайындықтарды қажет етеді. Мектеп бітіруші түлек көптеген мәселелерді өз бетінше шеше алатын, шешімнің ең тиімдісін таба алатын, тың идеяларды тудырып және жобаларды ұсына алатын жан-жақты дайындалған және әртараптандырылған тұлға ретінде үлкен өмірге қадам басуы шарт. Ол үшін жоғары сынып оқушыларына көп міндет жүктеледі. Олар сабақ уақытында немесе сабақтан тыс уақытта ғылыми және жобалық шараларға белсенді түрде атсалысуы қажет. Бұл оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Ресейлік ғалым С.Н. Куцакова «Бүгінде қоғам мен экономиканың өзгергені соншалық, әрбір тұлғаның құзыретті зерттеуші болуы өмірлік қажеттілік болып саналады» дейді [1]. Заманауи тұлға үнемі ғылыми-ізденушілік қызметін көрсетуі керек. Мектепте түрлі ақпаратпен жұмыс істеуге дағдыланбаған, проблемаларды анықтауға, оларды шешу жолдарын ұсынуға және бағалауға қатыспаған, өз идеяларын қорғай алатын тәжірибесі жоқ адамды білімді адам деп атау қиын.

«Зерттеушілік құзыреттілік» туралы зерттеген бірқатар ғалымдар бар. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді оқу барысында осы тақырыптағы жобалық зерттеулер жазылған бірқатар еңбектерді кездестірдік. С.Н. Куцакова мен Н.А. Рунькованың «Оценивание исследовательской компетентности школьников» атты әдістемелік нұсқаулығында оқушылардың негізгі зерттеушілік құзыреттілігі туралы кесте берілген. Онда оқушылардың білімі, қабілеті мен дағдысы, тәжірибесі арқылы жүзеге асыратын әрекеттері жүйелі берілген. М.Н. Гасанованың «Формирование исследовательских умений подростков в школьном научном объединении», Л.В. Верестің «Структурное содержание исследовательской компетентности старшеклассника: эмпирическое исследование», Е.Г.Литвинованың «Теоретический анализ понятия «исследовательская компетентность» еңбектері бар. Бұл еңбектер-

де «зерттеушілік құзыреттілік» ұғымына кеңірек түсінік берілген. Жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін арттырудың жолдары мен қадамдары тиімді берілген. Отандық ғылымда «құзыреттілік» туралы зерттеген Б.А.Тұрғынбаева, Ш.Т.Таубаева, К.С. Құдайбергенова, Г.Ж.Ниязова, Г.Ж.Меңлібекова секілді ғалымдар бар. «Құзыреттілік» және «зерттеушілік» ұғымдарын жекелей зерттеушілердің тобы бірқатар болғанымен, «зерттеушілік құзыреттілік» ұғымын зерттеу кемшін екенін байқадық. Сондықтан осы бағытта біршама жұмыстар жүргізу қажеттігі тұр.

Н.Н.Плотникова «зерттеушілік құзыреттілігі - ғылыми материалды талдау және бағалаумен байланысты қабілет және зерттеу дағдылары» деп анықтама береді [2]. В.В.Лаптев көзқарасынша, зерттеушілік құзыреттілік білім алушылардың кәсіби қызметтің жағдайына бейімделу, жеке және кәсіби өзін-өзі дамыту, іскерлік, кәсіптік, әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастарды қалыптастыру секілді дағдыларын сипаттайды [3]. Бойында осы дағдылар қалыптасқан оқушылардың зерттеу қабілеттері де сәйкесінше жоғары болмақ.

С.В.Беловтың «Формирование исследовательской компетентности старшеклассников» [4] еңбегінде жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігінің негізгі 3 деңгейі көрсетіледі: Еліктеу (төмен) деңгейі, еліктеу-басымдық (орташа) деңгейі, басымдық (жоғары) деңгейі.

Бұл кестеден жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігі жеке қасиеттерді қамтитын тұлғаның интегративті сапасы екендігін байқаймыз. Жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігі дербес зерттеу іс-әрекеті нәтижесінде қалыптасады, осылайша өзін-өзі дамыту және өзін-өзі іске асыру процесі жүзеге асырылады.

Жоғарыдағы ғалымдардың пікірлерін жинақтай келе, зерттеушілік құзыреттілігі түрлі білімдердің жиынтығынан тұратынына көз жеткіздік. Сонымен қатар, мұнда жеке тұлғаның сапалық қасиеттері көрінеді. Зерттеу қызметінің қажеттілігі мен тәжірибесі де зерттеушілік осында айқындалады. Зерттеушілік құзыреттілік арқылы жоғары сынып оқушыларының бойында құндылық бағдарларды қалыптастырамыз. Осы аталған қасиеттерді кесте арқылы беруді жөн көрдік:

	Деңгей атауы	**Көрсеткіші**	**Өлшемі**
	Еліктеу (төмен) деңгейі	- зерттеу қызметіне бейтарап қарым-қатынас, - позициялық уәждердің басымдығы, - сырттан оң баға алу ғана зерттеу ісіне қатысу, - оқытушы ұсынған мақсат пен оқу міндеттерін орындау, - өзін-өзі бақылаудың болмауы, - оқытушының нұсқауы мен үлгісі бойынша ғана әрекет ету.	- Қызмет белсендігінің төмендігі, - Сенімсіздігі, - Ішкі уәждің әлсіздігі
	Еліктеу-басымдық (орташа) деңгейі	- Зерттеу ісіне сындарлы қарым-қатынастың болуы, - топта қолайлы жұмыс істей алуы және ерекшеленуі, - алайда өзін-өзі бақылау зерттеу қызметінің барлық кезеңдерінде көрінбейді; - жұмыстың көптеген кезеңдерінде кеңес беруге қажеттіліктің кездесуі.	- Қызмет белсендігінің болуы, - Әрекеті арқылы өзге балалардан ерекшеленуі, - Ішкі уәждің жеткіліксіздігі
	Басымдық (жоғары) деңгейі	- Зерттеу қызметінде белсенді тұлғалық-сындарлы қарым-қатынастың болуы, - өзіндік ерекшеліктің болуы, - өзін-өзі бақылау арқылы өз бетінше қойылған стандартты емес мақсаттар мен міндеттерді орындауға қатысу, - ерекше әрекет-тәсілдерінің болуы, - өз бетімен білім алу қызметіне көшу, - жұмыстың бастапқы және соңғы кезеңдерінде ғана кеңес алу қажеттілігі болуы.	- Қызмет белсенділігінің жоғарылығы, - Өзіндік уәждің болуы, - Еркін әрекет; - Өзін-өзі бақылай білуі

Қорыта келгенде, ғалымдар зерттеушілік құзыреттіліктің белгілі бір уақыт ішінде кезең-кезеңімен кешенді түрде қалыптасатындығын көрсетеді. Жоғары сынып оқушысының зерттеушілік құзыреттілігі ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында түрлі жолдармен қалыптасуы мүмкін. Жоғары сынып оқушыларының ғылыми зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру бойынша жүргізілетін жұмыс мақсатты және өте күрделі үдеріс. Сондықтан оқушылардың өздері, мұғалімдер, мектеп әкімшілігі және ата-аналардың күш-жігерін толық шоғырландыруды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Куцакова С.Н., Рунькова Н.А., Оценивание исследовательской компетентности школьников, Методическая разработка, 2017
2. Плотникова, Н.И. Общеучебные компетенции в структуре дистанционного курса на английском языке [Текст] / Н.И. Плотникова // Компетенции в образовании: опыт проектирования: сб. науч. тр. / под ред. А.В. Хуторского. – М.: Научно-внедренческое предприятие «ИНЭК», 2007.
3. Лаптев, В.В. Научный подход к построению программ исследования качества образования /модернизации общего образования на рубеже веков [Текст]: сборник научных трудов / В.В. Лаптев. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И.

Герцена, 2001.
4. Белов С.В. «Формирование исследовательской компетентности старшеклассников», Ивановский государственный университет (Шуйский филиал ИвГУ) Шуя, Россия, 2011.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ТАНЫМДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ахан Қарлыға - 7М01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., профессор м.а - **А.М.Жубандыкова**

Аннотация. В данной статье рассматривается проблемы математического моделирования в дошкольной образовательной организации. Разработке обновленных средств формирования элементарных математических представлений у детей дошкольного возраста способствовало одно из основных направлений развития системы образования РК.

Abstract. In this article the problems of mathematical modeling in preschool educational organization are considered. One of the main directions of development of the education system of the Republic of Kazakhstan contributed to the development of updated means of formation of elementary mathematical representations in preschool children.

Қазіргі инновациялық және тез өзгермелі әлемде отандық білім беру жүйесін модернизациялау және оны әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктіру басты міндеттеріміздің бірі болып табылады. Қазіргі тез өзгермелі кезең икемді, бейімді, белсенді, шығармашыл педагогтарды дайындауды талап етеді. Жаңа талаптарды жүзеге асыру педагогикалық білім жүйесін жаңартуды жүзеге асыру керектігін дәлелдеді. Бұл мәселені шешудің бірден бір жолы мектепке дейінгі ұйымдарында педагогикалық үдерісті шығармашылықпен ұйымдастыруға қабілетті, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу саласында құзыретті, педагогикалық жаңалыққа дайын педагогикалық кадр дайындауды талап ететін жаңа талаптарын құрастыру болып табылады.

Мектепке дейінгі кезеңде балада өзіндік логикалық ойлауы, санасы, тілі қалыптасады, әлеуметтік тәжірибені игереді, түрлі практикалық дағдыларды игере отырып, іс-әрекеттің субьектісі ретінде қалыптасады. Осыған байланысты қазіргі жағдайда мектеп жасыгна дейінгі балалардың қызығушылығын, танымдық дағдыларын қалыптастыру үшін педагог оқытудың жаңа әдістерін меңгеруі қажет.

Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту мәселесі жөнінде Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында «Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады. Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда. Бұл салада біліктілік талаптарын, оқыту әдісін, тәрбиешілердің және балабақшадағы басқа да қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін қайта қарау қажет» көрсетті [1. 1 б.].

Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық іс-әрекеттерінің оңтайлы құралдарын іздеу - өте маңызды мәселе. Есептерді шешудің құралы - талдау, салыстыру, синтез, жалпылау және жіктеу сияқты ақыл-ой операциялары болып табылады.

Д.Б.Эльконин, Л.А.Венгер, Н.А.Ветлугина, Н.Н.Подьяков секілді психологтар модельдеу әдісін алдымен зерттеп жасырын қасиеттері мен қосылыстарын анық және қол жетімді етіп шығаратын арнайы схемалармен, модельдердің көмегімен баланың ойлау қабілетін дамытуға болатынын дәлелдеп көрсетті. Абстрактілі модельдермен жұмыс жасау балалар үшін ақыл-ойды дамыту тұрғысынан өте маңызды[2. 15-16 бб.].

Балалардың танымдық белсенділігін дамыту мәселесі Қазақстандық ғалымдар зерттеулерінде де зерделенген. Белгілі психолог-ғалымдар Ә.Алдамұратов, Қ.Б.Жарықбаев, М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, А.Темірбеков, Ж.Ы.Намазбаева Г.А.Урунтаева, М.А.Перленбетов және т.б. зерттеулерінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуы және оқыту үдерісіндегі жеке тұлғаның танымдық іс-әрекетін белсендірудегі психологиялық ерекшеліктер қарастырылған.

Педагогикалық зерттеулерде мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру мәселесін Г.А.Корнеева, Т.А.Мусейбаева, Т.Д.Рихтерман, М.С.Сәтімбеко-

ва, А.Ы.Балабаева қарастырылған[3. 4-6 бб.].

Заманауи білім беру жүйесінің басты міндеті - әр баланың қабілетін ашу, жоғары технологиялық ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайын адамды, ақпараттық технологияны қолдана білу және өмір бойы білім алу.

Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық модельдеу ой-өрісін, қоршаған ортаны түсінудегі белсенділігі мен нәтижелілігін анықтайтын сыни және логикалық ойлауды дамытуға ықпрал етеді.

Балабақшада математикалық білім беру процесінде баланың математикалық дамуы жүзеге асырылады, сонымен бірге «логикалық және математикалық даму» түсінігі де бар (Михаилова З.А.). Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық-математикалық дамуында жеке тұлғаның танымдық саласындағы оң өзгерістер деп түсіну керек, олар математикалық ұғымдар мен соған сәйкес логикалық операциялардың дамуы нәтижесінде пайда болады[5. 9-10 бб.].

Математика өте күрделі ғылым. Бізді қоршаған ортамызда барлық нәрсе математикалық заңдылыққа бағынады: санауға және өлшеуге, кеңістікте орналастыруға және геометриялық пішіндердің ұқсастығын табуға т.б.

Бірақ қазіргі жағдайда мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық-математикалық даму процесі мектеп жасына дейінгі баланың ақыл-ой белсенділігін күшейтіп, балаға қоршаған шындықты білудің жолдарын табуға және игеруге, математикалық қабілеттер мен өзіне деген сенімділікті дамытуға мүмкіндік беруі керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық қабілеттерін дамытудың басым әдістерінің бірі модельдеу әдісі болып табылады, өйткені мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының ойлау қабілеті обьективті қиялымен ерекшеленеді.

Қоршаған әлемді білуге және өзгертуге тырысатын шығармашыл тұлғаны қалыптастыру логикалық ойлау мен модельдеуді дамыту үшін мақсатты педагогикалық іс-әрекетсіз мүмкін емес, мектеп жасына дейінгі баланың психикалық және математикалық қабілеттерін дамыту үшін кең мүмкіндіктер береді.

Модельдеу әдісі алмастыру принципіне негізделген: бала нақты затты басқа объектімен, оның бейнесімен, белгілі бір шартты белгімен алмастырады. Сонымен қатар модельдердің басты мақсаты - баланың білімін жеңілдету, жасырын, бірден сезінбейтін қасиеттерге, заттардың қасиеттеріне, олардың байланыстарына қол жеткізу ескеріледі.

Қорыта келе мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктенін қалыптастыруда модельдеуді қолдану оң нәтижеге жеткізері анық. Мысалы:

баланың өздігінен логикалық ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді

танымдық қабілеттерін белсендіреді;

ақыл-ойын дамытады;

баланың қоршаған ортаның ерекшеліктерін байқауға, бақылауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы Жолдауы
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Стандарт // Астана, 2016
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша)
4. Абашина, В.В. Управление учебно-познавательной деятельностью детей дошкольного возраста (на материале математики) / В.В. Абашина // [Текст]: учебное пособие для студентов факультетов дошкольного образования высших учебных заведений / 2-е изд., испр. и доп. - Сургут: РИО СурГПИ, 2005. - 137 с.
5. Ерофеева Т. И., Стожарова М. Ю. Математические сказки: пособие для детей 5 - 6 лет. В 2 выпусках / Т. И. Ерофеева, М.Ю.Стожарова.- М.: Просвещение, 2008. -16с.
6. Конева В.И. Развитие познавательной активности старших дошкольников на занятиях по формированию элементарных математических представлений. // Ребенок в детском саду. – 2012. – №4. – 32-33.
7. Михайлова З. А. Игровые занимательные задачи для дошкольников З.А.Михайлова - М.: Просвещение, 2010.-6

БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ САПАЛАРЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЗЕРТТЕЛІНУ ЖАҒДАЙЫ

Бапаева С.Т. - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада болашақ психологтардың кәсіби маңызды сапаларының шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріндегі зерттеліну жағдайы сөз етілген. Сонымен бірге маманның сапалы даярлығын қалыптастыру және болашақта кәсіби іріктеуге қажет кәсіби маңызды сапалардың мәні мен мазмұнына сипаттама әрі олардың өлшеу бағамының көрсеткіштері арқылы айқындалған көптеген түрлеріне талдау жасалынған.

Түйін сөздер: психолог маманды даярлау мәселелелі, психологтың кәсіби маңызды сапалары, педагогикалық іс-әрекет.

Аннотация. В статье изложена проблема изучения профессионально важных качеств будущих психологов в трудах зарубежных и отечественных ученых. Кроме того, проведен анализ профессиональной деятельности, выявляемых посредством описания сущности и содержания профессионально важных качеств, необходимых для формирования качественной подготовки специалиста и дальнейшего профессионального отбора и критерий измерения.

Ключевые слова: проблема подготовки бідіщего специалиста-психолога, профессионально важные качества психолога, педагогическая деятельность.

Annotation. The article presents the problem of studying professionally important qualities of future psychologists in the works of foreign and domestic scientists. Besides, the analysis of professional activity revealed by means of the description of essence and the maintenance of professionally important qualities necessary for formation of qualitative preparation of the expert and further professional selection and criterion of measurement is carried out.

Key words: the problem of training a future specialist-psychologist, professionally important qualities of a psychologist, pedagogical activity.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында көрсетілгеніндей, адамзат құндылықтарының, ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке адамды қалыптастыруға қажет жағдаяттарды қалыптастыру – білім беру мен ағарту жүйесінің негізгі мақсаты мен міндеті болып отыр. Кәсіби кадрларды дайындау мәселесін шешудің жаңа жолдары мен амалдары қарастырылуда [1].

Ғылыми-техникалық прогресс пен қоғамның талаптары, қоғамның экономикалық өмірінің барлық маңызды салаларының қарқынды дамуы, жоғары оқу орнының негізгі мақсаты – қоғамдағы әртүрлі келелі мәселелерді белсенді түрде, шығармашылықты қатар қоя отырып, шеше алатын мамандарды даярлау мәселесінің өзектілігін көрсетеді. Бұндай мәселелер, бір жағынан, «жоғары санаттағы маман» ұғымында көрініс табатын жалпы адамзаттың мәдени жетістіктері мен құндылықтарының казіргі кездегі деңгейімен анықталса, екіншіден жағынан, жоғары оқу орнындағы арнайы даярлық сипатынан көріне алатын адам іс-әрекетінің нақты түрі мен сипатына бағыттылығымен анықталады.

Маманның сапалы даярлығын қалыптастыру және болашақта кәсіби іріктеуге қажет қайсыбір кәсіби маңызды сапалардың мәні мен мазмұнын сипаттау әрі олардың қайсыбір өлшеу бағамының көрсеткіштері арқылы айқындалған көптеген түрлері үшін қолайлы шегін нұсқау қажет. Сондықтан, маман іс-әрекетті табысты орындауу үшін қажет сапалар тұрғысында мамандықтарды жүйелі сипаттауғс қажет мәселе туындауда.

Кәсіби маңызды сапалар дегеніміз – тұлғаның іс-әрекетіне енген және оны тиімді орындалуына жағымды ықпал ететін қасиеттері деп білеміз.

Ал мамандықтар әлемі болып табылатын білім саласының пәні профессиограмма деп аталады. Мамандықтардың адамның психофизиологиялық және психологиялық сапаларына ұсынатын талаптардың жүйесі мамандықтардың психограммасы деп аталады [2]. Е.А.Климовтың тізімдемесі бойынша, психограмма – мамандық адамның психикасына ұсынатын талаптарының сипаттамасын айқындайды [3]. Кей жағдайларда, профессиограмма, ғылыми әдебиеттерде психографиялық мәліметтерді аса қамтымайтын кез келген мамандықтардың, тіптен қысқаша сызба түріндегі сипаттамасын профессиограмма деп атайды [4].

Профессиограмма мамандықтардың психографиясы ретінде рәсімделіп қана қоймай, кәсіби іс-әрекетті зерттейтін білім салаларының барлығында профессиографиялық мәліметтер жинақталуда. Осыған байланысты, ғылыми әдебиетте бестен кем емес түрі бар мамандықтар сипаттамасы

кездеседі. Олар: өндірістік-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, психологиялық өндірістік – педагогикалық және медициналық-гигиеналық.

Педагогикалық бағыттағы мамандықтың «Адам-Адам» типіне жататыны сөзсіз. Бұл мамандық иелеріне: оқыту, тәрбиелеу, басшылық жасай білу, басқа адамдар қажеттіліктерін өтеу үшін пайдалы әрекеттер жасай білу іскерліктері; кең дүниетаным; тыңдау және аяғына шейін тыңдай білу.

К.М.Гуревич, А.И.Красило, Т.А.Казанцева, Е.А.Климов, А.П.Новгородцев, М.А.Степанов, В.Э.Пахальян, Н.С.Пряжников және т.б. зерттеушілер жоғары оқу орындарында психологты оқыту барысында басты екпін кәсіби қызметтерді тиімді жүзеге асыруға және таңдаған мамандықты жылдам меңгеруге ықпал ететін сапалардың дамуына жасалынуы тиіс деп есептеген.

Е.И.Климов және Т.А.Казанцева, М.А.Степанова кәсіби маңызды сапаларды төмендегідей үлгіде жіктеуге болады деп есептейді [4].

Оқу үдерісінің негізі маманның моделі құрайды. Маман моделінің компоненттері (іс-әрекет түрлері, кәсіби міндеттер), әртүрлі оқу пәндерін оқыту мен іріктеу ретіне әсерін етеді. Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай, жоғары оқу орнындағы оқу барысында, әрбір оқу жылы мен семестрлерге бөле отырып жоспар құру арқылы, кажет болған кәсіби іс-әрекет түрлері мен тұлғалық кәсіби қасиеттерді бірте-бірте калыптастырып отыру анағұрлым тиімді болмақ. Психолог маманды даярлаудың сәтті де табысты болу көрсеткіштері кәсіби міндеттер мен іс-әрекет амалдары мен түрлерінің неғұрлым тиімді де табысты болуы жаңа кәсібимақсат-міндеттерге тез бейімделіп ауысу қабілеттілігіне байланысты болуы ықтимал. Күтпеген жерден пайда болған кәсіби жағдайлары да шешім таба білу қабілетіне тәуелді. Көрсетілген қасиеттердің барлығы өзара байланыс нәтижесінде жоғары кәсіби біліктілік деп білетін жалпы ұғыммен сипатталады.

Жоғары оқу орнындағы оқыту үдерісінде кәсіби біліктілікті қалыптастыру, ең алдымен құндылыққа бағдарланған міндет ретінде, болашақта одан әрі қарай мамандықты игерудің үлгілі моделі болып саналады, ал бітіретін кезеңде – маман тұлғасының интегративті, яғни жиынтықты кәсіби-маңызды жаңа құрылымы түрінде көрініс бермек. Демек, болашақ маманның кәсіби біліктілігін анықтап, орнықтырудың процессуалды үлгісін жасап, ол кәсіби - тұлғалық дамудың әралуан кезеңдері арқылы, мамандықты игеруге даярлық ретінде карастыруға болады [2].

Зерттеуші ғалымдар адамның кәсіби мәнді сапаларын дамытуға ықпал етудің ықтималды үш аймағын көрсетеді.

Х.Т. Шерьязданова мен оның оқушыларының бірсыпыра зерттеулерінде психологиялық білім беру жүйесі қарым-қатынас психологиясына тіректелгенде ғана педагогикалық бағытта білім алған студенттер айтарлықтай нәтижеге қол жеткізе алады деп керсетіледі.

Қазақстандық көрнекті психолог ғалымдар қатарынан орын алған СМ. Джакупов бойынша ең алдымен, жоғары мектепте оқыту процесінің жүйелік талдауы пайдаланылып жүрген оқыту теориясымен ұштастырылып карастырылуы керек деп көрсетеді [2].

Қазақстандық ғалым А.Р.Ерментаева болса, студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайын¬дау жүйесінің теориялық және ғылыми-практикалық тұжырымдамасының негізін қалаған болатын.

А.Р.Ерментаева Ғылымда психологиялық дайындау тұлғаның маңызды мәселелерді мақсат-бағдарлы іздестіруді және т.б. жетілдіру процесі ретінде жан-жақты қарастырылады [4].

М.Қ.Бапаева болса, психолог маманды дайярлайтын оқу үдерісін, педагогикалық жоғары оқу орындарында білім алған студенттердің білімін тиімді қалыптастыратын психологиялық және педагогикалық әдіс-тәсілдер мен ұстанымдарды, сондай-ақ қажет құралдарды қарастыра отырып, жасау мәселесін зерттейді [5].

И.Ә.Абеуова сынды ғалымның пікірінше, практикалық психологтың жұмысы мен қызметі, еңбектің ерекше түрі ретінде, қазіргі қоғамда жалпы да, өзіндік ерекшелігі бар еңбек түрі болып саналады[6].

Демек, тәжірибелі психолог еңбегінің аса маңызды қыры деп кәсіби іс-әрекетті, дербес құбылыс ретінде көпжоспарлы талдау қажеттігі туындайды. Ол оның іс-әрекеттің басқа да түрлерімен: тұлғалық даму және бірлескен еңбектің нәтижелерімен, күнделікті қарым-қатынаста анағұрлым тығыз байланыста болады. Осы байланыстар мен өлшемді модульдің көрсеткіштерін есептей келе, табысты іс-әрекетке қажет психологтың кәсіби білгірлігінің негізгі құраушыларын талдау мүмкіндігі пайда болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім Туралы» Заңы, 2007.

2. Галкина, О.И. Информационно-поисковая система «Профессиография» / О.И. Галкина, Р.Д. Каверина, Е.А. Климов, С.Н. Левиева, Е.К. Пузыревская, И.П. Титова. – Л.: ВНИИ профтехобр., 1973. – С. 452.

3. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. –Алма-Ата: Изд-во КазГУ, 1992. - 195 с.
3. Климов, Е.А. Введение в психологию труда: Учебник для вузов. – М.:Культура и спорт: ЮНИТИ, 1998. — 343 с.
4. Ерментаева А.Р. Студенттерді субъект-бағдарлы психологилық дайындау. Психология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2008. – 57 б.
5. Бапаева М.Қ. Психологиялық білім беруді жетілдіру. – Алматы, 2006. – 24-35 б.
6. Абеуова И.Ә. Білім беру саласындағы психологиялық қызмет: әдіснама, технология, практика. – Алматы: Эверо, 2011 67-78 б.

СУЩНОСТНАЯ ИДЕЯ ЦЕННОСТЕЙ В ВОСПИТАНИИ ШКОЛЬНИКОВ

Баймуканова А.Н. – магистрант 2-ого курса, специальности 6М010300-Педагогика и психология, КазНацЖЕНПУ, г.Алматы

Аңдатпа. Аталған мақалада автор құндылық идеялар маңыздылығын ашып, жеке тұлғаның қалыптасуында философтар мен әлеуметтанушылар, гуманистер мен ойшылдар қалдырған тағылымдарын жан-жақты талдау жасап, бүгінгі кунде өзектілігін қайта жаңғыра түскенін ортаға салады.
Кілттік сөздер: құндылық, тәрбиелеу, халық мәдениеті, рухани жаңғыру, шыңайлылық, мейірімділік

Annotation. The author has revealed the essential ideas of values, which are reflected in the works of philosophers, social scientists, humanists, thinkers of the past, which is important both in the formation of personality and the preservation of the relevance of this issue today.
Keywords: values, upbringing, folk culture, spiritual renaissance, virtue, courtesy

В современном обществе на сегоднящний день претворяются идеи Елбасы, озвучанная в статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», где четко обозначены пути к успеху в воспитании этических ценностей, сохранении культуры и истории народа. И потому важно прививать сущностные идеи ценностей в воспитании школьников.

Одной из ведущих концепций в педагогике считается категориальное понятие «ценность», которую применяют философы, социологи, педагоги и психологи в своих трудах и деятельности для воплощения прекрасного в общественной жизни.

Возникновение проблемы ценностей относится к периоду снижения культурного наследия и разрушения нормативных правил общества.

Перед нами встала задача раскрытия возникновения и тенденции развития понятия ценностей во все времена.

Теория ценностей уходит в глубину веков. Перед представителем афинского народовластия Сократомвозник вопрос: «Что такое благо?», который стал главным вопросом в теории ценностей [1, с.107]. Этой проблеме уделялось огромное внимание в философских трудах Платона, которого интересовали изучение добра и зла, пользы и вреда, хорошего и плохого. Г.В. Гегель говорил: «… только образованный человек, как существо духовное может управлять чувствами»[2]. .

Для древних римлян любовь к родине и служение ей было определяющей ценностью, где каждый гражданин Рима обязан был защищать и оберегать её от врагов.

Древние мыслители устремлялись показать образ безупречного добродетельного человека. Конфуций называл две важные добродетели: человеколюбие и уважением к старшим. Так, философ считал что главными проявлениями человечности и гуманизма являются такие качества как праведность, порядность, честность, преданность, чистосердечность[2, с.4-5].

Такие главные чувства, как Любовь, устремление к Правде, Благу, и Красоте является наиважнейшими, для осмысления и познания ценностей. По М. Шелерупознание ценности – это выбор: ценности тем выше, чем они отдалены от материальных благ. У человека в любой ситуации есть право выбора, где мерой такого выбора является ценность. Человеческая жизнь становится осмысленной, если для него главными становятся ценности творчества, труд, ценности переживания и любви, ценности отношения.

Таким образом, понятие «ценность» широко распространено в смежных науках, в области философии, педагогики, социологии. Передавая всё, что осмысляется и испытывается человеком как важная ценность, как эталон, они характеризуют поведение личности.

В становлении идеи ценностей человека немаловажную роль играет общество. Главным источником ценностных ориентаций становится выбранный индивидиумом стиль жизни.

И это обстоятельство стало фундаментом для рассмотрения главных источников, воздействующих на трансформацию ценностных ориентаций человека.

Добродетельность – важная ценностная ориентация, которая характеризует порядочного человека. Человек добродетельный отличается от невежественных людей своим дружелюбием и сдержанностью, что является важным в становлении личности человека. В обществе, он обязан придерживаться нравственных норм, быть справедливым по отношению к другим людям, относиться к ближнему с сочувствием и вниманием, уметь прощать и быть толерантным. Все указанные свойства объединяют структуру ценностей личности, что характеризует его как гражданина мира, готового решать назревшие проблемы общества.

Значительным звеном духовной жизни общества являются мировоззрение, наука, мастерство, создающие сущностные идеи ценности. Образование и самовоспитание – это самостоятельные звенья духовного бытия общества, именно благодаря им идеи ценности приобретают наследие человечества.

В связи с изменением ценностей общества меняются и ее отношения к миру, лишая значимости одних и превознося другие.

Ценности, сформированные обществом, оказывают влияние на зарождение ценностей каждой личности, отображаясь в ее понимании и поступках, порождая устойчивые принципы ценностей поколения.

Таким образом, одной из значимых смыслов духовного мира человека считается наличие у него ценностных ориентиров.

Известный немецкий писатель, мыслитель, философ, государственный деятель, философ И.В. Гётерассматривал умение человека наблюдать за собой со стороны, взвешивая свои действия и побуждения, что является выражением качеств нравственного человека и доказывает его духовную зрелость[3].Человек обязан чётко понимать, что есть для него самое значимое и бесценное в его жизни, как достичь желаемого и предвидеть итоговый результат, так как ценности обусловлены общественной ситуацией и обстоятельствами. Результативными они будут лишь тогда, когда хорошо обдумываются и осознанно применяются людьми в воспитательных целях.

А сегодня нами наблюдается тенденция в вопросах воспитания в мировом пространстве. В современном мире результат воспитания крайне затрудняется из-за дефицита идеалов, которые можно улучшить, обратившись к этическим ценностям – разумному, вечному, доброму.

В организации воспитательной работы в школе немаловажное значение имеет осмысление им ценного и неценного. Таким образом, идеи ценности помогают человеку адаптироваться в нашем многообразном мире, они содействуют стимуляции индивида к действиям, способствуя правильному выбору жизненного пути.

Казахский народ на протяжении многих веков создавал гармоничную структуру сущностной идеи ценностей, которые проявляются в памятниках истории, где главными считались такие высокие ценности как «человек», «совесть», «труд», «общество», «свобода», «справедливость».

Этика казахского народа играет важную роль в становлении национальной идентичности. Казахская этика восходит к культуре скифосакской, гуннской, кангинской и турецкой сообществ, которые благоденствовали в Великой степи Азии. Автор «Малой надписи в честь Культигина», военачальника и полководца тюркского народа, учит своих современников и потомков в потребности общности тюркской империи, преданности идеалам предшествующих поколений [5].

Задача письменных памятников – внушить молодому поколению беречь свою Родину и людей её населяющих, воспитывать героические качества, а также уважение к старшим. Для народов Азии этические понятия как жизнь и смерть, свобода, отчизна, дом, семья, потомство, любовь – были первостепенными. Эти общечеловеческие понятия являются ценными и для нас.

Один из крупнейших представителей средневековой восточной философии Аль-Фараби оставил неизгладимый след в образовании и воспитании, педагогике и психологии, этике[6]. Так философ полагал, что любая личность обязана быть праведной, фиксируя умения и знания о морали и вводя их в привычку. Способ формирования личности мыслитель находит в развитии человека и в его просвещении, в следствии чего складываются определённые нравственные ценности. Философ утверждал: «Воспитание – это способ наделения народов этическими добродетелями и искусствами, основанными на знании». Ибо овладение научными знаниями содействует тому, что люди отдаляются от безнравственных действий, низких поступков. По мнению учёного, благородные поступки создают условия для приобретения счастья, аморальные же поступки – это духовный недуг, ведущий к разобщённости людей, разрушению человеческих судеб и всё то, что олицетворяет прекрасное. Его этическое понятие «парасат» (здравомыслие) выявляет философию мышлений и взаимоотношений.

Благоразумный человек, который не имеет в душе злых намерений. Решением всех человеческих проблем гениальный мыслитель считал умение осознавать мир и общественные загадки в результате универсального совершенствования человеческого интеллекта.

Ю.Баласагуни, известный мыслитель средневекового Востока, автор исключительной по смыслу поэмы «Благодатное знание» рассказывает нам о нравах, ценностях и становлении древних тюрков. Это сочинение имеет огромное воспитательное значение как образец просвещения, нормы поведения. По мнению философа, такие моральные ценности как почитание старшего поколения, обучение у мудрого, сдержанность и воспитанность – это общечеловеческие ценности, которые присущи любому социально-политическому строю. Автор поэмы считает, что воспитание успешно лишь тогда, когда оно заложено в основе концепции воспитания нравственности. Педагогические принципы представляются основой ценностных отношений, не утративших своей жизненности и в наши дни.

Великий энциклопедист, выдающийся учёный – тюркист Центральной Азии Махмуд Кашгари оставил немеркнущий след в истории человеческой цивилизации. В своей книге «Диван» философ показал этические ценности и правила поведения тюркских народов, где описывал сущность жизни, цели и устремления человека, морально-этические нормы[7].Большинство мыслей учёного стояли крылатыми выражениями: «Умом и льва укротишь», «Пущенная стрела не вернётся». Поучения Кашгари показывают его отрицание обывательщины. Мыслитель находит оскорбительным и ущемляющим человека потребность преумножать материальные ценности. Философ советовал прожить свою жизнь, оставив последующему поколению ценнейшее культурное наследие.

Этика казахского народа выражалась в поэтическом творчестве со времён создания Казахского ханства. Яркие представители казахского устно – поэтического творчества АсанКайгы, Бухаржырау, Дулати, Шалкииз, Актанберды - своими произведениями воспевали любовь к отчизне, способствовали развитию этического разума родного народа, взращивали у молодого поколения нравственное отношение к жизни.

Асан Кайгы – первый казахский жырау, философ, географ, получивший в народе имя «Кайгы» (печаль) был высокоморальным человеком, много созерцавшим, эмоционально переживающим народные бедствия. Он тревожился о будущем своего народа, задумывался над вопросом, будет ли молодое поколение бороться за свободу своей родины.

Ценностные взгляды Кайгы нашли продолжение в общественной деятельности поэта и правителя М. Дулати. В своём историческом труде «Тарих- и -Рашиди» учёный освещает такие морально – этические вопросы как «время», «эпоха», «судьба», «суть бытия», где он подчёркивает нравственную целостность тюркских народов и устанавливает их взаимодействие с мировой культурой.

Этические традиции А. Кайгы нашли преемственность в поэзии Шалкииза и Бухара жырау, которым свойственно желание и готовность постичь жизнь в прогрессе, найти точки соприкосновения между миром и бытием человека, принятие величия и ценности человеческой жизни, сострадание к судьбе подавленного народа, несогласие с развязыванием напрасных войн, любовь к родному народу, семье, традициям, вера человека в благополучие и законность.

Таким образом, сущностные идеи ценностей, отраженные в трудах философов, социлогов, гуманистов, мыслителей прошлого имеют важное значение в становлении личности.

Список использованной литературы:

1. Гуманистические ценности развитого социализма и воспитание: межвуз. сб. науч. Тр.-Курск: КГПИ, 1985.-116 с.
2. Гегель Г.В. // Соч. в 14 т. Т.3.-303 с.
3. Никандров, Н.Д. Ценности как основа целей воспитания / Н.Д. Никандров // Педагогика.-1998.№3.-С.3-Ю.
4. Гёте, И. Избранные философские произведения /И. Гёте.-М.:Прогресс, 1965.-496 с.
5. А. Коныратбаев, М. Байдильдаев книга «Коркытата». –Алматы: Жазушы, 1986.
6. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. - Алматы: наука, 1975.-418 С.
7. М. Кашгари«ДиванЛугатат-Турк». - Алматы. -168-445 б.

ТӨМЕНГІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІЛІГІНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бекболғанова А.Қ., Бекболганов Е.Д. - педагогика ғылымдарының кандидаттары,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы

Аннотация. Мақалада ойлаудың логикалық тәсілдерін қалыптастыру проблемасын зерттеген қазақстандық ғалымдар еңбектеріндегі құнды пікірлер баяндалған, және ойлаудың негізгі құрамдары

жөнінде жазылған. Сабақ кезінде және сабақтан тыс уақытта логикалық ойлау қабілетін дамытуға, кіші мектеп жасындағы оқушылардың ғылыми ой өрісін кеңейтуге бағытталған арнайы есептер мен тапсырмаларды жүйелі түрде қолдану оларды қоршаған шынайылықтың қарапайым заңдылықтарында күнделікті өмірде алған білімдерін белсенді түрде қолдануға және сенімді бағыт – бағдар алуға мүмкіндік беру жолдары қарастырылған. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың логикалық мәдениеттілігін қалыптастырудың деңгейлері бөліп анықталған. Жалпы мақалада оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыу барысында қолданылатын әдіс тәсілдер толық қарастырылған.

Кілтті сөздер: анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, сұрыптау, абстракциялау, нақтылау

Аннотация. В статье изложены ценные мнения в трудах казахстанских ученых, исследовавших проблемы формирования логических подходов к мышлению, и изложены основные составляющие мышления. Систематическое использование специальных задач и заданий, направленных на развитие логического мышления, расширение научного кругозора учащихся младшего школьного возраста во время занятий и во внеурочное время, позволяет активно применять полученные знания в повседневной жизни в элементарных законах действительности. Определены уровни формирования логической культуры учащихся младшего школьного возраста. В общей статье подробно рассмотрены методы, применяемые при развитии логического мышления учащихся.

Ключевые слова: анализ, синтез, сравнение, обобщение, сортировка, абстракция, уточнение

Annotation. The article presents valuable opinions in the works of kazakh scientists who studied the problems of formation of logical approaches to thinking, and sets out the main components of thinking. The systematic use of special tasks and tasks aimed at the development of logical thinking, the expansion of the scientific outlook of primary school students during classes and after school hours, allows you to actively apply this knowledge in everyday life in the elementary laws of reality. Levels of formation of logical culture of pupils of primary school age are defined. The general article describes in detail the methods used in the development of logical thinking of students.

Keywords: analysis, synthesis, comparison, generalization, sorting, abstraction, refinement

Логикалық мәдениеттілікті дамыту ойлаудың негізгі құрамдарын қалыптастыруға және дамытуға тәуелді болады. Ойлаудың негізгі құрамдарына анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, сұрыптау, абстракциялау, нақтылау жатады: анализ – синтез, ұқсастықты анықтау – айырмашылықты анықтау, абстракциялау – нақтылау.

Интеллектің негізінде дамыған ойлаудың жататындығы белгілі. Ойлау қабілетін дамыту үрдісі әдістемелік тұрғыда ақыл – ой іс – әрекетінің жалпыланған тәсілдерін қалыптастыру мен дамытуға байланысты болады (анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, сұрыптау, абстракциялау, аналогия және т.б.), ол танымның кез келген саласындағы үрдіс ретіндегі, соның ішінде математикада да, ойлаудың өзінің болуының жалпы шарты болып табылады.

Ойлаудың логикалық тәсілдерін қалыптастыру проблемасын зерттеген қазақстандық ғалымдар Б.Т.Өрбісінова., Г. Н. Нығметова т.б. еңбектерінде де құнды пікірлер бар[1].

Анализ – ол қандай да бір нәрсені ойша бөліктерге бөлу немесе заттың жекелеген қасиеттерін ойша бөліп алу, басқаша айтқанда анализ кезінде нысанның қасиеттері бөлініп алынады, немесе нысан топтан бөлініп алынады, немесе белгілі бір қасиеттері бойынша нысандар тобы бөлініп алынады.

Бұл операцияның маңызы, қандай да бір затты немесе құбылысты қабылдай отырып, біз ойша бір бөлікке, содан кейін келесі бөлікке және т.с.с. бөліктерге бөлуде болады. Сонымен, біздің қабылдағанымыздың нешебөліктен тұратынын білуге болады. Яғни, анализ бізге тұтасты бөліктерге бөлуге, біздің қабылдаған дүниеміздің құрылымын ұғынуға мүмкіндік береді.

Синтез – түрлі элементтерді (белгілері, қасиеттері, бөліктері) біріктіру, сонымен бірге олардың жекелеген қасиеттерін ойша сәйкестендіру. Синтез үшін, анализдегі сияқты, заттардың қасиеттерімен ойша жұмыс жасау тән. Синтез қабылдау негізінде де, сол сияқты еске түсіру немесе елестету негізінде де жүзеге асырылады. Психологияда анализ бен синтез бірін – бірі толықтаушы үрдіс ретінде қарастырылады (анализ синтез арқылы, ал синтез анализ арқылы жүзеге асырылады).

Мағыналары бойынша қарама – қарсы болғанымен, анализ бен синтез өзара тығыз байланыста болады. Олар әрбір күрделі ойлау үрдісіне қатысты болады.

Салыстыру – нысандардың белгілерінің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды (заттардың, құбылыстардың, зат топтарының) анықтауды талап ететін ақыл – ой іс – әрекетінің логикалық тәсілі.

Екі затқа бірдей қараған кезде біз олардың бір – біріне ұқсас екенін немесе қандай да бір айы-

рмашылығы бар екенін байқаймыз. Заттардың ұқсастығын немесе олардың айырмашылығын көру үшін салыстырып отырған заттардың қандай қасиеттерінің біз үшін маңызды екендігіне тәуелді болады.

Н.Ф.Талызинаның пікірі бойынша салыстыру «келесі іс – әрекетті орындай алу іскерлігін болжайды: 1) нысандардың белгілерін бөліп алу; 2) жалпы белгілерін анықтау; 3) салыстыру үшін негізгіні бөліп алу (маңызды белгілерінің бірін); 4) нысандары осы негізгісі бойынша салыстыру» [2,63б].

Абстракция – ол заттың маңызды белгілерін бөліп алу үшін оның қандай да бір бөліктерін немесе қасиеттеріне ойша көңіл бөлмеу. Ойлау операциясы ретінде абстракцияның маңызы қандай да бір затты қабылдаған кезде біз оның бөлініп алынған бөлігін немесе басқа бөліктеріне тәуелсіз қасиеттерін немесе осы заттың қасиеттерін қарастыруымызда тұрады. Сонымен, абстракцияның көмегіменбіз қабылданатын ақпараттар ағынынан заттың бір бөлігін немесе оның қасиеттерін бөліп ала аламыз, яғни қабылдайтын ақпараттың басқа белгілеріне көңіл бөлмейміз немесе абстракциялаймыз.

Н.А.Менчинская абстракциялау үрдісінің екі жағын қарастырады, олар: а) алғашқы абстракциялау – біраз маңызды белгілер басқалардан бөлініп алынады және таным пәні ретінде сақталады; б) екінші абстракциялауда маңызды емес белгілер алынып тасталады [3].

Жалпылау екі немесе одан да көп нысандардың жалпы белгілерін бөліп алу және белгілеу ретінде қалыптасады. Егер жалпылау баланың өздігінен орындаған іс – әрекетінің нәтижесі болса, онда оны бала жақсы түсінеді.

С.Л.Рубинштейннің пікірі бойынша «психологиялық зерттеу нысаны болып табылатын тұлғаның ойлау іс – әрекетінде жалпылау үрдісі ғылыми терминде, сөзбен бекітілген, жалпы көріністермен және тарихи даму негізінде құрылған ұғымды меңгерудегі жанама оқыту іс-әрекеті ретінде жүргізіледі. Соңғыларының маңызын сезіну тұлғаның білімнің жалпыланған ұғымдық мазмұнын меңгеруде маңызды роль атқарады» [4, 338б].

Нақтылау абстракцияға қарама – қарсы үрдіс болып табылады. Нақтылау қандайда бір ұғымға немесе жалпы ережеге сәйкес келетін бір ғана заттың көрінісі. Нақтылау қандай да бір жалпының мысалы немесе иллюстрациясы ретінде беріледі. Жалпы ұғымды нақтылай отырып, біз оны жақсы түсінетін боламыз.

Сұрыптау – жиынды белгілі бір белгілеріне топтарға бөлу, оны «сұрыптаудың негізі» деп атайды. [5]

Сұрыптауды берілген негіз бойынша немесе негіздің өзін іздеу тапсырмасы кезінде жүргізеді. Кіші жастағы мектеп оқушыларымен сұрыптауды берілген негізі бойынша өткізеді (жалпы атауы, өлшемі, түсі, формасы, математикалық емес сипаттағы басқа белгілері бойынша) немесе көптеген заттарды бөлуге болатын белгілі бір топтар санына (сәйкес негізді балалар анықтайды). Жиындарды сұрыптап, бөлу кезінде алынған жиындар қос – қостан қиылыспайтындай болуы керек және олардың бірі бос жиынды құрайтынын ескеру қажет. Қысқаша айтқанда, әрбір нысан тек бір жиынға енуі керек және сұрыптау үшін негізді дұрыс анықтаған жағдай да бір де бір зат сыртта қалмауы керек.

Операцияны дамыту логикалық ойлаудың маңызды формасының туындауына әкеледі, ол ой қорыту. «Ой қорыту – қорытудың белгілі бір ережесінің негізінде, бір немесе бірнеше пікірлерден туындайды ойлаудың формасы» [6,137б].

Ой қорытудың негізгі екі түрі белгілі: индукция және дедукция.

Индукция – ол жіберілуі – нақты жеке жағдай, ал қорытындысы – осы жағдайларды бақылаудан шығатын жалпы жағдай болатын ой қорыту.

Дедукция – жалпы жағдайлардың негізінде жеке жағдайлар туралы қорытынды жасайтын ой қорыту [6].

Терістеу – бекітуге қарама – қарсы логикалық акт.

Негізгі логикалық операцияларды меңгеру баланың ақыл – ойын дамытуда едәуір көмектеседі. «Бұл тәсілдерді меңгеру арқылы оқушылар оқу есептерін шығару барысында дербес бола бастайды» [7,165-166б].

Сонымен, логикалық мәдениеттілікті дамытуда негізгі ойлау операцияларын дамытуға және қолдануға болады.

Сабақ кезінде және сабақтан тыс уақытта логикалық ойлау қабілетін дамытуға, кіші мектеп жасындағы оқушылардың ғылыми ой өрісін кеңейтуге бағытталған арнайы есептер мен тапсырмаларды жүйелі түрде қолдану оларды қоршаған шынайылықтың қарапайым заңдылықтарында күнделікті өмірде алған білімдерін белсенді түрде қолдануға және сенімді бағыт – бағдар алуға мүмкіндік береді.

Оқыту үрдісінде оқушылар кездесетін қиыншылықтарды талдай және олар туындайтын себептерді анықтай отырып, біз бұл себептер балалардың іс – әрекетін ұйымдастыруға деген қорытындыға келдік.

Ол туралы белгілі француз математигі Фрише былай дейді: «егер не нәрсе шынымен қажет де-

сек, онда ол догматикалық әдістерді жою; қайдан туындағанын, не үшін керек екенін, қалай қолданылатынын білмейінше, ешқандай анықтама бермеу керек».

Сонымен бірге, көптеген әдіскерлер мектеп оқушыларының ұғымды меңгеруіндегі басты кемшілік, мұғалімнің анықтамаларымен жұмыс жасауға формальды түрде қарауы болып табылады.

Мектеп практикасында кеңінен таралған, оқушылардың берген қате анықтамаларын жөндеу әдістемесі де кездесетін қиыншылықтарды жоюға әсер етпейді. Сабақ үстінде мынандай көрініс жиі кездеседі. Оқушы ұғымның қате анықтамасын береді, мұғалім оқушылардың бірі дұрыс жауап бергенше олардан кезекпен сұрай береді. Егер оқушылар дұрыс жауап бермесе, мұғалім анықтаманы өзі тұжырымдайды. Сонымен бірге анықтамада оқушы жіберген қатенің маңызы неде екені жиі анықталмайды, салдарында осындай қателерді болашақта жібермеу ескертілмейді.

Балалардың дамуына қандай да бір теориялық жағдайларды қарастырғанда біз олардың көңілін заттың ерекше мазмұнына бөлуге тырысқанымыз және оның формасына, логикалық құрылымдарын қарастырғанымыз да кері әсерін береді.

Біз кіші мектеп жасындағы оқушылардың логикалық мәдениеттілігін қалыптастырудың бес деңгейін бөліп алдық, оларды анықтағанда мыналарды ескердік:

Іс-әрекетті орындау формасынан: абстракциялау логикалық операцияның даму дәрежесі туралы және ғылыми ұғымдарды қалыптастыру туралы бізге баға беруге мүмкіндік жасайтын ақы-ой, сыртқы-сөздік, материалдық немесе материалданғандығы.

Орындалған іс-әрекеттің маңыздылығының деңгейін көрсететін шешімдерді түсіндіру іскерлігі.

Аннотация. В статье анализируются педагогические, философские аспекты проблемы индивидуального воспитания личности на основе общенациональных и общечеловеческих ценностей. Даны возможности воспитания детей к трудолюбию через этнопедагогические ценности. Описаны пути повышения личностных качеств и успеваемости учащихся путем формирования концепции трудового энтузиазма начальных классов в учебно-воспитательном процессе.

Annotation. The article discusses pedagogical, philosophical aspects of personality education on the basis of national and universal human values. The ability to educate children through ethno pedagogical values is given. The article describes the way to increase personal quality and indicators of pupils through the formation of the concepts of work enthusiasm in the educational process of the elementary school.

Қазіргі таңда мектеп түлектерін ұлттық сипатта тәрбиелеу жүйесі этнопедагогикалық тұрғыдан сұрыпталып, педагогикалық тәжірибеге енгізілу назарға алынуда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру мен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру міндеті көзделген.

Халықтың әлеуметтік-мәдени және рухани құндылықтары мен дәстүрлері баланың азамат болып қалыптасуына, оның ізгілік, адамгершілік және еңбексүйгіштік қасиеттерін дамытуда, тұтас алғанда, жеке тұлғаны қалыптастыруда әрдайым маңызды рөл атқарған. Ұлттың ұрпағын әлеуметтендіруде тәлім-тәрбиенің бастауына бармай, яғни этнопедагогикалық негізіне оралмай, жеке тұлғаны толыққанды тәрбиелеу мүмкін емес. Өйткені халықтың ізгілік және демократиялық мұраттары негізінде алынған этнопедагогика ғылымының идеяларын бала тәрбиесінде өркендету үшін білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын жаңғырту үдерісі ерекше мәнге ие болды.

Рухани жетілген, жан-жақты дамыған, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларымыздың мәнін түсінетін жеке тұлға қалыптастыруда этнопедагогика идеяларын негізге алудың маңызы зор. Бала тәрбиесіндегі алға қойылатын талап: ұлттық қасиетімізді танып-білу, өзгелерге таныту, яғни ұлттық ерекшеліктеріміз бен құндылықтарымызды бүгінгі талаптарға сәйкес жүйелеп, байытып, дамыту. Ғасырлар бойы жинақталған қазақ халқының мол тәжірибесін бастауыш сынып оқушыларын еңбексүйгіштікке тәрбиелеуде қолданып, әдістемелік жүйе жасау қажеттілігі туындайды.

Балаларды еңбекке баулу және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мәселесіне әрбір тарихи кезеңде әр түрлі баға берілсе де, еліміздің экономикасының дамуына орай бұл мәселенің өзектілігі күн сайын арта түсуде.

Алайда ғылыми зерттеулер мен әдебиеттерді талдау барысында ұлттық педагогика идеялары негізінде балаларды еңбекке тәрбиелеу мәселесі осы кезге дейін де зерделеніп келгенмен, бастауыш сынып оқушыларын жеке тұлға ретінде рухани байлыққа жол бастайтын алғышарт-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу ғылыми-зерттеу мәселесі өзекті болып табылады.

Жалпы адамзат өзінің ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық игі дәстүрлерін сақтай отырып, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу арқылы қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени білім парадигмасы негізінде әлемдік өркениет арнасына енуді көздейді. Халықтардың мәдени, рухани құндылықтары, дәстүрлері адамның азамат болып қалыптасуына, оны адамгершілік пен ізгілікке, еңбексүйгіштікке баулуда, тұтас алғанда, жеке тұлғаны әлеуметтендіруде маңызы зор.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында «...ұлттық білім беру мен тәрбиені дамытудың болашағы, жаңашылдық тұрғыдан қарастырылған тұжырымдамалық идеясы, саяси-экономикалық, әлеуметтік идеологиясының негізі десек, еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде ұрпақты тәрбиелеуге, олардың шығармашылық жұмысы мен кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» екендігін атап көрсетті.

Мұндағы басты мақсат – халықтарға тән ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлері арқылы оқушыны жастайынан еңбекке тәрбиелеу. Еңбек тәрбиесі – баланың қоршаған орта мен нақты дүниелерді танып-білудің бірден-бір сенімді құралы. Өйткені бүкіл қоғамдағы адамның жеке өміріндегі барлық материалдық игіліктер мен рухани құндылықтар еңбек арқылы ғана меңгерілетіні сөзсіз. Себебі ұрпақ тәрбиесінде еңбекке тәрбиелеудің тарихы, жалпы адамзаттың, сондай-ақ, әр ұлттың қалыптасу тарихымен байланысты.

Қазіргі кезеңде экономика мен мәдениетті жедел және үйлесімді дамытудың талаптарына сәйкес, әлеуметтік қатынастар мен саяси қондырманы, басты өндіргіш күш және қоғамның ең басты байлығы ретінде жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуді жаңаша, неғұрлым кең тұрғыдан қарауды талап етіп отыр.

Жаңа экономикалық жағдай жалпыадамзаттық құндылықты жетілдіру, адамның жаңа рөлін түсіну, өзінің әлеуметтік әлеуетін жүзеге асыра алуын талап етеді. Нарық типіндегі әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесі адамға белсенділік, дербестік, бастамашылдық тәжірибесінің мол болуын, еңбекке құзыретті, экономикалық ойлау тәрізді қатал талаптар қойылуда. Адамның еңбек іс-әрекеті материалдық және материалдық емес өндірістер саласында іске асады. Материалдық өндіріске материалдық өнім алу салалары өндірістер, ауыл шаруашылығы және материалдық қызмет көрсету салалары көлік, тасымалдау, сауда және т.б. материалдық емес өндірістердің өнімдеріне рухани құндылықтар, яғни білім беру жатады. Білімге деген қажеттіліктің өзі –әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктердің бірі.

Ұрпақ тәрбиесінің алдында мұғалім де, ата-ана да жауапты. Бірақ қоғамның кейбір келеңсіз жағдайлары отбасына да әсерін тигізгендіктен, ұрпақ тәрбиесінде кемшіліктер жіберіп алғандаймыз. Ата-бабамыз кезінде тәрбие мәселесіне үлкен мән берген. «Баланды бес жасқа дейін ханыңдай көтер, он төрт жасқа дейін құлыңдай жұмса, одан кейін досыңдай сырлас» деген философиялық ілімді халық текке қалдырмаса керек. Бұл сөздің астары бес жасқа дейін баланың мінез-құлқы, психологиясы қалыптасады, ал он төрт жастан кейін еңбектің түрлеріне машықтандыру, шынықтыру, төзімділік, шыдамдылыққа үйрету, қолғанат болады.

Тұлға сапаларын қалыптастыруда бастауыш мектептің маңызы орасан: өсіп келе жатқан ұрпақ өкілінің нақты қасиеттерін баулап, дарыту кіші сыныптар үлесіне тиеді. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу арқылы оқушылар бойында мынадай сапаларды қалыптастыруға болады: тәртіптілік пен жауапкершілік; еңбекке саналы көзқарас; еңбектенуге қабілеттілік пен ұқыптылық; табандылық; еңбекке шығармашылық қатынас; еңбекті жылдам әрі сапалы орындауға ұмтылыстың болуы; еңбек нәтижесіне қуану, мақтаныш; еңбек нәтижесіне жауапкершілік; ұжымшылдық, бірлік, татулық, ұжымдық еңбек етуге құштарлық; экономикалық білімдерді игеруге қызығушылық; еңбек етуге ынталылық, дербестік; табиғатқа қамқорлық, т.б.

Олай болса, балаларды бастауыш мектеп табалдырығынан бастап еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу –этнопедагогиканың негізгі міндеттерінің бірі. Этнопедагогикалық мүмкіндіктерді ескере келе, оқушыларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу негіздері халық тәрбиесінде көрініс тапқандығын көреміз:

- елі, халқы, қоғам, отбасы игілігі үшін еңбек етуге әзірлеу және еңбек ету қажеттілігін түсіндіру арқылы;
- мал, егін шаруашылығы, диқаншылық, аңшылық, қолөнер, зергерлік, тоқыма, тұрмыстық үй шаруашылығы т.б. арқылы тәрбиелеу;
- балаларды өнерлі болуға, әдептілікке, іскерлікке тәрбиелеу;
- ұжымдық еңбек сипаты, бір-біріне көмек беруге, достыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелеу;
- ой еңбегі мен дене еңбегінің айырмасын, маңыздылығын білу;
- бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу білігін ұштау;
- шеберлікпен еңбек етуге, білімді, тәжірибені еңбек етуде пайдалануға баулу.

Негізгі мақсат терең де тиянақты білім мен өнегелі тәрбие беріп қана қоймай, ұрпақты «еңбексүйгіштік, қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілік рухында тәрбиелеу, олардың бойында моральдық қасиеттерді қалыптастыруда екендігін есте ұстау керек» деген қоғам қайраткері Д.А.Қонаевтың ойымен келісеміз.

Балалардың жеке басының қасиеттерін тәрбиелеу – олардың қабілеттері дамуының шешуші шарты: еңбексүйгіштік, табандылық тәрізді қасиеттерді тәрбиелеу. Олардың қабілет көздерін ашудың ең өнімді жолы – еңбек, ерік пен мінезді тәрбиелеудің тамаша құралы. Қабілеттің туа даритын және жүре игерген табиғаты болатынын психолог-ғалымдар дәлелдеп отыр. Бұл қабілеттерді арнайы дамытып отырмаса, қабілеттерінен айырылу, жоғалту жағдайына душар болады.

Ертеңгі күннің бүгінгіден нұрлы болуына ықпал ететін, негізгі білім беру жүйесінің қозғаушы күші, жас мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан, оқушыларға бірдей талап қоя отырып, олардың табиғи дарындылық қабілеттерін, мүмкіндіктерін айқындай отырып оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Бұл орайда, бастауыш сыныптарда өтілетін пәндермен бірге көркем еңбек пәнінің өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктері мол. Кішкентай шәкірттер ең алғашқы рет ұстаз көмегімен санауды, жазуды, логикалық ойлаудың дағдыларын игере отырып, еңбекке баулу, бейнелеу өнері пәндері арқылы кез келген нәрсенің кескінін талдай білу, кескінді қағаз бетіне сызып түсіре білу, бұйымды өлшем бойынша дайындай білуге дағдылана бастайды. Әрине, бұл кезең алғашқыда оқушыға оңай соқпайтындығы мәлім. Бұл жұмыстың барлығына бастауыштан берілетін пәндер арқылы бала бойында біртіндеп қалыптастырылады. Сондықтан, бастауыш сынып оқушыларының білім алу кезеңінде баланың бойында еңбексүйгіштік қабілетін қалыптастыра дамыту олардың өмірдегі ең күрделі кезеңі болып саналады.

Демек, оқу-тәрбие жұмыстарында оқыту тәсілдерінің ең тиімдісін қолдана отырып, қазіргі таңдағы нарықтық қатынасқа байланысты мектеп оқушыларын еңбексүйгіштікке тәрбиелеу міндеттері көзделеді. Осы міндетті шешу үшін бастауыш сынып оқушыларына білім беру мен тәрбие негіздерін қалыптастырудың мазмұнын жаңарту, білім сапасын жоғарғы дәрежеге көтеру үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Бастауыш сынып мұғалімдері бұл талаптармен бірге өтілетін оқу материалдарын тек оқулықтармен шектеліп қана қоймай, оқу мазмұнына байланысты, өмірмен байланыстырып ғылыми тұрғыда, қоғамның даму заңдылықтарына сүйене отырып, мектептің орналасқан аумақтық ерекшеліктері ескеріліп, сабақтарда оқушы талап тілектері ескерілуі қажет етіледі.

Ұлттық тәрбие – жайбарақаттылықты, немқұрайлықты көтермейтін өте күрделі көпжақты мәселелердің бірі. Ұлттық тәрбие деңгейіне ұлттың болашағы тікелей байланысты десек, артық айтылғандық емес. Өкінішке орай қазіргі таңда ұлттық тәрбиенің берілуі ақсауда. Сондықтан да, қоғамдағы моральдық ережелердің сақталуының төмен деңгейде болуы, құқық бұзушылықтың көбеюі жастарымыздың тәрбие мәселесінде келеңсіз жағдайлардың көрінісі болып отыр. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу арқылы тұлғаның бойында ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы барлық адами қасиетті қалыптастыруға болатыны анық.

Этнопедагогикалық құндылықтар негізінде оқушыларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мәселесі кешенді сипатта, сатылы түрде дамып отыру қажет, әрбір оқушының еңбек әрекеті мен шығармашылығы, белсенділігі, ізденімпаздығы қоғамдағы ғылыми-техникалық және әлеуметтік, экономикалық үдерістерді қалыптастырып, дамытудың факторы болып табылатынын баса айтқымыз келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: ЮРИСТ, 2007. –192 б.

2. Қорқыт ата кітабы. Аударғандар Қоңыратбаев Ә., Ысқақов Б. Алматы: Жазушы, 1986, 1994.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп- өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы. - Алматы: Білім, 1997. - 176 б.
4. Ушинский К.Д. Труд в его психическом и воспитательном значений. Соб. соч. 11 т. – М., 1948.
5. Жұмахан К. Еңбекке баулу пәнін оқыту әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2005. - 220 б.
6.Қожахметова К.Ж. Қазақ этнопедагогикасының теоретикалық- әдіснамалық негіздері: пед.ғыл.док...дисс. – Алматы, 1995. - 405 б.
7. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы (Қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми-зерттеу еңбегі). – Алматы: Қайнар, 1996. – 328 б.

РАЗВИТИЕ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ С ФОРМИРОВАНИЕМ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИЕЙ

Кылышпаева С.Х.
КазНацЖенПУ, г. Алматы, Республика Казахстан

Аннотация. Рассмотрена содержательно-структурная сущность речевой компетентности личности, ее значимость. Акцентировано внимание на том, что необходимо комплексно изучать и успешно моделировать процесс формирования исследуемой компетентности, потому что степень овладения речевой компетентностью отражает профессиональный и личностный уровень развития специалиста, а сама компетентность занимает особое место среди компонентов лингвистического образования: является важным связующим звеном между языковой компетентностью и коммуникативной компетентностью личности.
Ключевые слова: Языковая личность, языковая компетенция, коммуникативная компетенция, вербально-семантический уровень, когнитивный уровень, субъективность, коммуникативное поведение.

Аңдатпа. Тұлғаның сөйлеу құзыреттілігінің мазмұндық-құрылымдық мәні, оның маңыздылығы қарастырылды. Зерттелетін құзыреттілікті қалыптастыру процесін кешенді зерделеу және табысты моделдеу қажеттігіне назар аударылған, өйткені сөйлеу құзыреттілігін меңгеру дәрежесі маманның кәсіби және жеке даму деңгейін көрсетеді, ал құзыреттіліктің өзі лингвистикалық білім беру компоненттерінің арасында ерекше орыналады: тілдік құзыреттілік пен тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігі арасындағы маңызды байланыстырушы буын болып табылады.

Annotation. The content-structural essence of person speaking competence, its importance are considered. The attention is focused on the need to analyze and successfully model the process of formation of competence, because the degree of mastery of speaking competence reflects the professional and the personal level of development of the expert and the competence takes a special place among the components of linguistic education is an important link between linguistic competence and communicative competence of the individual.

Одной из характерных тенденций современного этапа развития языкознания является детальная разработка проблемы человеческого фактора в речевой деятельности. В новой лингвистической парадигме на первый план выдвигается языковая личность. Она является тем объектом исследования, где сталкиваются интересы лингвистов, культурологов, социологов, философов. В лингвистике термин «языковая личность» впервые употребил В. В. Виноградов, хотя идея впервые зародилась в XVIII — XIX вв. в трудах В. Фон Гумбольдта и И. Г. Гердера, затем получила развитие в трудах Л. Вайсгербера, И. А. Бодуэна де Куртенэ, К. Фосслера и др. В отечественном языкознании — это труды Г. И. Богина, С. Г. Воркачева, В. И. Карасика, Ю. Н. Караулова, К. Ф. Седова и др. В широкий научный обиход термин «языковая личность» ввел Ю. Н. Караулов. Согласно его определению, языковая личность — это человек, обладающий способностью создавать и воспринимать тексты, различающиеся: «степенью структурно-языковой сложности; глубиной и точностью отражения действительности; определенной целевой направленностью. В этом определении соединены способности человека с особенностями порождаемых текстов» [3, с. 3]. Данная модель включает в себя три структурных уровня. Первый — «вербально-семантический, предполагающий для носителя языка нормальное владение естественным языком. Второй уровень — «когнитивный, единицами которого являются понятия, идеи, концепты, складывающиеся у каждой языковой индивидуальности в упорядоченную «картину мира». Третий — прагматический — «выявление и характеристика мотивов и целей, движущих развитием языковой

личности», взаимодействие уровней образует «коммуникативное пространство личности» [3, с. 8]. Таким образом, уже в самом выборе языковой личности в качестве объекта лингво-психологического изучения заложена потребность комплексного подхода к ее анализу, возможность и необходимость выявления на базе дискурса не только ее психологических черт, но философско-мировоззренческих предпосылок, этно-национальных особенностей, социальных характеристик, историко-культурных истоков. Даже психолингвистический аспект владения культурой речи связан с понятием языковой личности. Овладение языком — его лексикой, грамматикой, стилистикой, произносительной сферой — создает внутренний образ мировоззрения людей и каждого человека.

В понятии языковой личности фиксируется связь языка с индивидуальным сознанием личности, с мировоззрением. Любая личность проявляет себя и свою субъектность не только через предметную деятельность, но и через общение, которое немыслимо без языка и речи. Речь человека с неизбежностью отражает его внутренний мир, служит источником знания о его личности. Более того, «очевидно, что человека нельзя изучить вне языка...», поскольку, даже с обывательской точки зрения, трудно понять, что представляет из себя человек, пока мы не услышим, как и что он говорит. Но также невозможно «язык рассматривать в отрыве от человека», так как без личности, говорящей на языке, он остается не более чем системой знаков. Эта мысль подтверждается В. Воробьевым, который считает, что «о личности можно говорить только как о языковой личности, как о воплощенной в языке» [1, с. 26]. По мнению Ю. Н. Караулова, «языковая личность — вот та сквозная идея», которая «пронизывает все аспекты изучения языка и одновременно разрушает границы между дисциплинами, изучающими человека вне его языка». Языковая личность является видом полноценного представления личности, вмещающим в себя и психический, и социальный, и этический и другие компоненты, но преломленные через ее язык, ее дискурс. «Языковая личность» — творец новой коммуникативной нормы, благодаря которой он становится интересен и необходим в ситуации общения и реализует себя как личность, создавая в процессе коммуникации атмосферу взаимодействия, необходимую для самореализации и одновременно интересную собеседникам, «языковая личность» делает это свободнее, талантливее, ярче и артистичнее, чем обычный исполнитель существующих социальных норм. Но понятие «языковая личность» является многоуровневым и многогранным: Я-физическое, Я-социальное, Я-интеллектуальное, Я-эмоциональное, Я-речемыслительное.

В процессе коммуникации мы воздействуем на все вышеназванные уровни активности личности. Неповторимость языковой личности определяется уровнем развития всех ее деятельностных аспектов, уникальной взаимообусловленностью ценностных ориентиров (общей культурой личности), комбинацией языковых проявлений, характерных для индивидуального стиля общения.

Развитие этих качеств личности мы связываем с формированием коммуникативной компетентности. Коммуникативная компетентность — важнейшая проблема современной ситуации общения, а ее решение могло бы обеспечить формирование навыков эффективного речевого поведения. Коммуникативная компетентность предполагает не только знание норм и правил, но не менее важным представляется искусство владения речью в гармоничном единстве всех средств общения как вербальных, так и паралингвистических, а также и экстралингвистических факторов. Коммуникативная компетентность — это обобщающее коммуникативное свойство личности, включающее в себя коммуникативные способности, знания, умения и навыки, чувственный и социальный опыт в сфере делового общения. Коммуникативная компетентность складывается из способностей:

- Давать социально-психологический прогноз коммуникативной ситуации, в которой предстоит общаться;
- Социально-психологически программировать процесс общения, опираясь на своеобразие коммуникативной ситуации;
- Осуществлять социально-психологическое управление процессами общения в коммуникативной ситуации. [4, с.54].

Уровень коммуникативной компетентности проявляется в трех аспектах процесса общения — коммуникативном, перцептивном, интерактивном; каждый из трех аспектов предполагает наличие коммуникативной компетентности в области:

- профессиональной культуры речи;
- владение фундаментальными знаниями в конкретной профессиональной сфере, умение строить монологическую речь, вести профессиональный диалог и управлять им;
- коммуникативной культуры;
- культуры речи, культуры мышления, эмоциональной культуры;
- коммуникативного поведения;
- владение паралингвистическими средствами общения, экстралингвистическими факторами.

Понятие «эффективность речевой деятельности» неразрывно связано с понятием «языковая личность». Само понятие «эффективность» — неоднозначно, смысл его зависит от значения и зависимости субъекта от внешних (объективных) и внутренних (субъективных) обстоятельств. Речевая деятельность предполагает постоянную, и в то же время динамическую соотнесенность этих обстоятельств в конкретной речевой ситуации. Речевая деятельность коммуникантов направлена в этой связи на установление отношений взаимопонимания и взаимного интереса друг к другу и к предмету обсуждения. Нарушение взаимопонимания зависит от собственно лингвистических факторов (языковых помех и коммуникативных неудач), но и от лингво-прагматических факторов. Первая группа причин порождается в основном самим устройством языка и правилами его использования: особенностями жанра речевого общения, неоднозначностью и динамичностью словоформ и конструкций; их неточным или недостаточно точным использованием в конкретной ситуации общения — неправильной денотативной соотнесенностью лексем, что приводит к частичному или полному непониманию сказанного, а в результате к состоянию «речевого дискомфорта» (С. Г. Ильенков). В лингвистическом смысле этому состоянию соответствует несовпадение речемыслительного кода говорящего и слушающего. Подобная рассогласованность в ситуации общения может быть вызвана и субъективными причинами, например отсутствием речевой культуры — незнанием правил и норм общения (языкового вкуса, языкового стиля у участников коммуникации). Безусловно, языковой вкус и стиль — категории эстетические, а потому индивидуальные. Языковая личность в этом случае является неповторимой и творческой индивидуальностью, создающей свой индивидуальный стиль общения. Но для эффективности речевой деятельности коммуникантов необходима соотнесенность этих двух аспектов общения — языковой культуры и индивидуального стиля общения. Важнейшим условием успешности речемыслительной деятельности является культура общения, объединяющая все сложные компоненты процесса общения. В реальной речевой ситуации культура общения проявляется в выборе вербальных и невербальных средств коммуникации и их соотнесенностью с ситуацией общения. Выбор определяет языковой вкус и стиль речи говорящего, влияет на успешность его коммуникативной деятельности — является показателем его общей культуры. Устная спонтанная речь в зависимости от ситуации общения может различаться по стилю: от официально-делового до дружеско-доверительного и эмоционального стиля общения. Выбор языковых и неязыковых форм общения различен и определяется интенциональной стороной высказывания. Умение соотнести свой индивидуальный стиль общения и языковой вкус и стиль собеседника — также важнейший компонент эмоционально-психологической стороны общения. Учитывать не только индивидуально-личностные, но и речевые особенности собеседника — важнейший фактор успешности речевой деятельности. Обмен информацией и установление отношений взаимного доверия и симпатии требуют от участников языкового чутья, интуиции, языкового образования, а также языкового сознания — осознанности собственного речевого поведения в ситуации выбора, соотнесенности целей и методов. Эффективность выбора в ситуации общения зависит от уровня развития языковой личности. Это позволяет создать неповторимый индивидуальный стиль общения, именно благодаря которому, по нашему мнению, возможно осуществление принципа «коммуникативного сотрудничества», а в дальнейшем достижение целей общения — понимания и самореализации личности.

Список использованных источников

1. Воробьёв В. В. Языковая личность и национальная идея [Текст] / Воробьёв В. // Народное образование. — 1998. — С.25–30
2. Ильенко С. Г. К поискам ориентиров в речевой конфликтологии // Аспекты речевой конфликтологии. — СПб., 1996. С. 3–13.
3. Караулов Ю. Н. Язык и личность. М.: Наука, 1989. — С. З — 8.
4. Петровская Л. А. Компетентность в общении. М.: Изд-во МГУ, 1989.
5. Пивонова Н. Е. Кросскультурные коммуникации: Учебное пособие, СПб.: ИВЭСЭП, 2008.

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ҰҒЫМЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ МАҒЫНАСЫ

Машенбаев Т. Б.- п.ғ.к. проф. м.а.,
Әбдіқожа Н.Н.- 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер»
ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа: Бұл мақалада осы құзыреттілік мәселесінің педагогикалық әдебиеттерде қарастырылуы сөз болады.Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, Қазақстанның

әлемдік қауымдастыққа интеграциялануға ұмтылысы еліміздің білім беру жүйесіне өзіндік әсерін тигізуде.

Кілт сөздер: құзыреттілік, құзырлық, спецификалық құзырлар, қабілеттілік, кәсіби мүмкіндіктер.

Аннотация: В данной статье речь идет о том, что проблема этой компетенции рассматривается в педагогической литературе. Социально-экономические изменения, происходящие в обществе, стремление Казахстана к интеграции в мировое сообщество оказывают свое влияние на систему образования страны.

Ключевые слова: компетенции, специфические компетенции, способности, профессиональные возможности

Annotation: In this article it is said that the problem of this competence is considered in the pedagogical literature. Socio-economic changes taking place in society, the desire of Kazakhstan to integrate into the world community have an impact on the country's education system.

Keywords: competences, specific competences, abilities, professional opportunities.

Н.Ә.Назарбаев «Инновациялық білім арқылы экономикалық білімге» атты дәрісінде: «Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енудің негізгі міндеті жоғары мамандандырылған білікті де білімді азамат, ғылыми технологияны оңай меңгеріп, нарықтық экономикада өзін-өзі басқара алатын және алған білімін өмірде қолдана білетін болса, тек сол уақытта жүзеге асыру мүмкін» деген болатын. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында құзырлы орта білім берудің мақсаты ретінде: «... терең білім мен кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру»,деп көрсетілді.

Бүгінгі таңда жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып жүр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілік көрсетілген. «Құзырлық» сөзі туралы Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) — жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген. Латын тілінен аударғанда «құзырлық — өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді.

Ең алдымен, «құзыреттілік» терминінің мәнін филологиялық тұрғыда ашып алайық. Ол үшін құзыр (компетенция) және құзыреттілік (компетенттілік) ұғымдарына жекелеп тоқталу қажет. Өйткені педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде бұл ұғымдар бірде бір мағынада, негізінен көбіне түрлі категорияларды белгілеу үшін қарастырылады.

«Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде» «құзыр» ұғымына «қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деген анықтама берілсе [1], С.И.Ожегов сөздігінде «құзыреттілік — белгілі бір мәселені жан-жақты білу» екендігі айтылады [2].

«Шет тілдері сөздігі» «құзыретті» түсінігіне «құзырларға — қызметтік өкілеттікке ие» деген анықтама берген [3]. Ал жалпы педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» аясында білім алушылардың мына негізде әрекеттің күрделі түрлерін жасай алу қабілеті түсіндіріледі, яғни нәтижесі: білімдер болып табылатын танымдық іс-әрекет тәжірибесі; іскерліктер түрінде болатын іс-әрекет тәсілдерін іске асыру тәжірибесі; проблемалық жағдайда шешім қабылдай алу іскерлігі болып табылатын шығармашылық іс- әрекет тәжірибесі.

Сонымен қатар педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау құзыреттіліктің түрлі мағыналық деңгейде қолданылатынын көрсетті. Олардың бірқатарын атап көрсетсек: субъектінің қоғамдық-практикалық тәжірибесінің қалыптасқандығы деңгейі (Ю.Н.Емельянов); қызметтік талаптарды іске асырудың адекваттылығы (Л.И.Анциферова); белсенділіктің арнайы және дара формаларын меңгергендігі деңгейі (Л.П.Урванцев, Н.В.Яковлев). Ұғымды неғұрлым кең сипаттаған анықтаманы Н.Ф.Талызина, Р.Х.Шакуров, А.И.Щербаковтар берді. Олардың айтуынша, құзыреттіліктің негізгі сипаттамасы — маманда кәсіби іс-әрекетті атқаруды қамтамасыз ететін білімдер, іскерліктер, дағдылар мен тәжірибенің бірыңғай кешенінің қалыптасқандығы деңгейі болып табылады.

Жаңа сапаға қол жеткізу барысында негізгі немесе басым құзыреттіліктерді іздеу барысында кілттік (базалық) құзыреттіліктер түсініктері қолданылады. Кілттік (базалық) құзыреттіліктер дегеніміз — неғұрлым спецификалық құзырлар қалыптастыруға негіз болатын кең спектрлі әмбебап құзыреттіліктер.

Э.Ф.Зеер кілттік құзыреттіліктердің мынадай ерекшеліктерін бөліп көрсетеді: Олар көпфункционалды (құзыреттіліктерді меңгеру күнделікті, кәсіби және әлеуметтік салаларда проблемалық жағдаяттарды шешуге мүмкіндік берген жағдайда олар кілттік болып табылады). Кілттік құзыреттіліктер пәнді меңгеруден тыс және пәнаралық болып табылады. Кілттік құзыреттіліктерді қалыптастыру интеллектуалды дамудың белгілі бір деңгейіне сүйенеді (абстрактілі, сыни ойлау, саморефлексия және т.б.). Кілттік құзыреттіліктер көпжақты, яғни олар өзінің құрамында түрлі тұлғалық қасиеттерді, интеллектуалдық қабілеттерді, коммуникативті іскерліктерді қамтиды [4].

Қазіргі кезде қалыптасып отырған әлеуметтік-кәсіби жағдайда бірінші кезекке маманның білімділігі емес, оның алынған білімдерді нақты практикалық іс-әрекетте іске асыра алу қабілеті шығады. Бұл жерде тағы да «құзыреттілік» және «құзыр» терминдерінің ара-жігін ашып алу қажеттігі көрінеді. Бұл түсініктердің арасындағы ерекшеліктерді көрсете отырып, бірқатар авторлар құзыреттіліктердің білім беру нәтижесі ретінде көрінетінін, ал құзырдың осы құзыреттіліктің әрекеттегі түрі екендігін көрсетеді (М.К.Кабардов, Е.В.Арцишевская).

Білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

Арнайы құзыреттілік — өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті. Әлеуметтік құзыреттілік — кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті. Білім беру құзыреттілігі — педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті. Ендеше, құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі әлеуметтік ортаға тәуелді болып келеді, сондықтан орта кәсіби өзіндік дамуды ынталандыруы қажет.

Кәсіби оқытушы педагогының құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс- тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Кәсіби білім педагогы педагогикалық іскерлікке даярлықтан басқа кәсіби оқыту мекемесінде кадрларды дайындауға арналған халық шаруашылығының маманы болып табылады.

«Кілттік құзырлар» термині алғаш рет 1992 жылы «Еуропадағы орта білім беру» деп аталатын Еуропалық кеңестің жобасында қолданылды, кейінірек, 1996 жылы, «Еуропа үшін кілттік құзыреттіліктер» деген атпен Еуропа кеңесі өткізген симпозиумде түлектердің төмендегідей бес кілттік құзырлары бөліп көрсетілді: саяси және әлеуметтік құзырлар; көпмәдениетті қоғамда өмір сүруге байланысты құзырлар (толеранттылық, басқа мәдениет, тіл, діндер өкілдерімен өзара қатынас жасай алу қабілеттері); басқа тілде жазбаша және ауызша қарым-қатынас жасай алуға байланысты құзырлар; ақпараттық қоғамның пайда болуына байланысты құзырлар; кәсіби даярлық контексінде өмір бойы білім алуға қабілеттілік, білім алудың үздіксіздігін түсіну [5].

Ресейлік ғалым И.А.Зимняя Б.Г.Ананьевтің, В.Н.Мясищевтің, Н.В.Кузьминаның, А.К.Маркованың тұлғалық даму және кәсіби даярлық жөніндегі теориялық қағидаларын негізге ала отырып, кілттік құзырларды топтайды. Осы тұрғыда ол кілттік құзыреттіліктердің үш тобын бөліп көрсетеді: тұлға ретінде, өмір сүру әрекеті субъектісі ретінде адамның өзіне қатысты құзыреттіліктер; басқа адамдармен өзара қатынас жасауға байланысты құзыреттіліктер; адамның іс-әрекетіне қатысты құзыреттіліктер.

Тұлғаның кәсіптік қажетті құрамдас бөлігі кәсіби құзыреттілік болып табылады. Кәсіби құзыреттіліктің заманауи бағыттары және түсіндірмелері «терең білім», «тапсырманы адекватты орындау күйі», «қызметті актуалды орындау қабілеттері» деп беріледі.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, мынадай тұжырым жасауға болады: тұлғаның құзыреттілігі сол адамның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі болып табылады. «Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы ред. басқ. А.Қ.Құсайынов. — Алматы: Мектеп, 2007. — 256 б.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка / Под ред. чл.-корр. АН СССР П.Ю.Шведовой. — 18-е изд., стереотип. — М.: Рус. яз., 1987. — 797 с.
3. Словарь иностранных слов. — 18-е изд. — М.: Рус. яз., 1989. — С.
4. Зеер Э.Ф. Профессиональное становление личности инженера-педагога. — Свердловск: Изд-во Уральск. ун-та,— 120 с.
5. Зимняя И.А. Ключевые компетенции — новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. — 2003. — № 5. — С. 18–24.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ДАМЫТУ

Нұртай Г.Қ. - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 1 курс магистранты,
Ғылыми жетекші: Шалғынбаева Қадиша Қадыровна - п.ғ.д., профессор, Нұр-сұлтан қ,

Түйіндеме. Аталған мақалада болашақ мамандарды ұлттық құндылықтар негізінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі ұлттық мәдениетімізді дамытуға, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларымыздың мәнін түсіну, тарихты зерделей отырып, жан-жақты дамыған, рухани мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеуде маңызы айтылған.

Бүгінгі күнде егеменді елімізде жоғары білім мен ғылым, рухани мәдениет салаларында жүргізілген іс- шаралардың барлығы адамдарға жалпыадамзаттық және жеке ұлттық құндылықтар негізіндетәрбие мен білім берудің жоғары деңгейде болуына ықпал етуде. Сонымен қатар, қоғамдық өмірді ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани, қарым-қатынас мәдениетімізді жетілдіру көкейкесті мәселеге айналып отыр.

Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында «Біз ел иесі ретінде биік бола білсек, өзгелерге сыйлы боламыз» дей келе: «Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз - оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл - өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет[1].

Алайда, қарым-қатынас мәдениеті жөніндегі маңызды пікірлер қазақ ағартушылыры мен ғұлама ойшылдары: Әл-Фараби, Ж.Баласағұн,М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан. Орта ғасырларлық ғұламалардың мұраларындағы бұл мәселе төңірегіндегі айтылған ой-пікірлер XIX ғасырдың екінші жартысында Ыбырай, Абай, Шәкәрім мұраларында жалғасын тапты.

Мәселен, Әл-Фарабидің «Сөз ғылымдарының классификациясы туралы» деп аталатын трактаты 5 тараудан тұрады. Олар: «Тіл туралы ғылым», «Логика», «Математика», «Табиғат ғылымдары және тәңірілік ғылымдары», «Азаматтық ғылым, заң ғылымдары және догматикалық діни ілім» және т.б. Тараулардың аттарынан-ақ белгілі болып отырғандай, Әл-Фараби бұл ғылым салаларынан түрлеріне ерекше мән беріп өзінше түсіндіруге тырысады. Осы трактаты туралы Әл-Фараби: «Бұл кітаптағының бәрі пайдалы, өйткені, егер адам осы ғылымдардың бірін қарастырып, зерттегісі келсе, онда ол неден бастаудың, атап айтқанда, нені зерттеу керек екенін, зерттеу үшін ненің жарамсыз екенін және өзінің оған қай дәрежеде қолы жете алатындығын білетін болады. Сөйтіп, оның ғылымға баратын жолы қараңғылық пен надандыққа емес, білім мен парасатқа негізделетін болады»,- деп жазды[2].Әр адамның қарым-қатынас мәдениеті оның жеке-даралық қасиеттеріменде тікелей байланысты.

Қарым-қатынастың болуының арқасында адамдар өмір сүреді және шынайы байланыстарда, бір-бірімен қатынастарда іс-әрекет жасайды. Қарым-қатынас түбегейлі адамдық сұраныс бола отырып, дербес құндылық болады, себебі адам басқа адамды әрдайым қажетсінеді. Ол үшін маңызды дүние – бұл басқа адам, онымен қарым-қатынас процесінде және тек сол арқылы адамның мәні көрініс табады.

Қарым-қатынас адамның құрылуының маңызды факторларының бірі болып, оның әлеуметтенуінің қажетті шарты болады. Қарым-қатынас қоғам мен адам өмірінің барлық жағын қамтиды. Адам басқа адамдармен қарым-қатынассыз өз өмірін елестете алмайды, себебі оның өмірі бүкіл адамзаттың сақталуына тікелей байланысты. Қарым-қатынас мәдениеті адамдардың қылығының сапалы бағалауы ретінде түсініледі. Сондықтан олар қарым-қатынасқа түсуді үйрену қажеттігін сезінеді (адами қатынастың мәдениетіне, әр түрлі жағдайларда мінез-құлық ережелерінің жиынтығына және т.б.). Қоғамда қабылданған қарым-қатынас адамдардың қылықтарына қадағалауды жүзеге асырады.

Болашақ мамандарды ұлттық құндылықтар негізінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі ұлттық мәдениетімізді дамытуға, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларымыздың мәнін түсіну, тарихты зерделей отырып, жан-жақты дамыған, рухани мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеуде маңызы зор. Осы орайда ең негізгі талаптардың бірі – ұлттық қасиеттерімізді танып-білу, соның негізінде қарым-қатынас мәдениетімізді қалыптастыру.

Ұлттық құндылықтар: ұлттың тілі, діліі, діні, салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, тарихы, мәдениеті, өнері, әдебиеті, музыкасы, ата мұрасы және т.б. Осы құндылықтардың мәні не, маңызы қандай, мақсаты

неде дегенге келетін болсақ, құндылықтардың әрқайсысы адам баласының өмірлік ұстанымына тікелей әсер-ықпал етіп, жеке тұлғаның бағыттылығын, оның сенімдерін, дүниеге көзқарасын, идеалдарын, ұмтылыстарын, өмір сүру түрін еркін таңдай алуын өз бетінше іске асырып, жеке тұлғаның әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік береді [3].

Өзімізді-өзіміз танып, өзгелерге таныту, яғни ұлттық ерекшеліктеріміз бен құндылықтарымызды бүгінгі талаптарға сәйкес жүйелеп, байытып, дамытып, басқаларға тарату арқылы өзіміздің ұлттық деңгейлерімізді көтере білу. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау барысында ұлттық құндылықтар негізінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру кәсіби даярлықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Қарым-қатынас – білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылығы[4].

Ұлттық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас мәдениеті студенттердің саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Қарым-қатынас өзінің бастапқы сыртқы түрінде де, бірлескен іс-әрекет түрінде немесе тілдік қарым-қатынас немесе тіпті тек ойша түрінде де адамның қоғамда дамуының қажетті әрі спецификалық шарты болып табылады. Қазіргі таңда еліміздің өркендеп, экономикалық, әлеуметтік -мәдени байланыстарының дүние жүзіндегі елдермен қарым-қатынасының кеңеюіне байланысты ағылшын тілі біздің елімізге көптеп ене бастады.Қоғамның даму кезеңінің қазіргі сатысында ағылшын тілінен бас тартып,одан қашқақтауға ешбір мүмкіншілік жоқ.Осы үш тіл еліміздің дамуына ,өсіп өркендеуіне бірдей қызмет етеді.Қазақ тілі мемлекеттік тіл болса, орыс тілі бұрынғы одақ көлеміндегі байланыс тілі қызметін атқарады,ал ағылшын тілі әлемдік тіл деңгейінде қалыптасып отыр. Әлемнің кез келген елімен қарым-қатынас жасап,байланыс жүргізу үшін мүмкіншілігі мол.

Әлемде қанша ұлт,нәсіл болса, соларды бір бірінен даралап тұратын басты бойтұмары – туған тілі. «Әр халықтың ана тілі-білімнің кілті», – деп Ахмет Жұбанов тілдің адамзат өміріндегі маңызын аша түсті. Ана тілінің құдіреті жайлы қаншама ойшыл, ақын жазушыларымыз, даналарымыз құнды пікірлер қалдырды. Осынау бабаларымыз сөйлеп, даналарымыз толғап, аналарымыз әлдейлеп өскен қазақ тілінің еліміздің болашағының көркеюіне зор ықпал етуде[5].

Ұлттық құндылықтар негізіндегі студенттердің қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз – болашақ мамандардың қазақ халқының рухани құндылықтарын түсінуі арқылы оларды қарым-қатынаста қолдана алуымен анықталатын, кәсіби мәнді, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуын құрайтын адамгершілік, саналық әрекеттері[6].

Қорыта айтқанда, мәдениетаралық қарым-қатынас тілді ғана емес, сол елдің тарихын, мәдениетін салт-дәстүрін, рухани болмысын білдірту арқылы тілді меңгертудің маңыздылығын алға тартады. Тіл үйренушіге,болашақ мамандарға ұлттық мәдениеттің бояуын түсіндіру,ұлттық мінездің қырларын ұлттық құндылықтар негізінде дамытуымыз керек .

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан жолы – 2050:Бір мақсат,бір мүдде,бір болашақ.

2. Әл-Фараби, Философиялық трактаттар, Алматы, 1973, 115-116 б

3.https://kk.wikipedia.org/wiki

4. Студенттердіңқарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы ұлттық ерекшеліктердің маңызы. Жас ғалымдардың 5-ші Республикалықғылыми конференциясы. - Ақтөбе,2003.-Б. 79-81.

5.Жарықбаев Қ. Аталы сөз.– Алматы: Жалын, 1980.

6.Жоғары оқу орындарында студенттердіңқарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру // XXIғасырдағы жоғары оқу орны: жаңа экономикалық жағдайда өркендеу. Халықаралықғылыми-практикалық конференция. Ақтөбе, 2006. –Б. 258-261. (бірлестікте: А.Е.Ахметова, С.Т.Ильясов)

ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДА ІЗГІЛІКТІ-РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Омарбекова Ш.О. - п.ғ.к., аға оқытушы, ҚазҰҚызПУ, қ Алматы

Андатпа. Бұл мақалада жастарды бойында ұлттық құндылық қалыптастыру арқылы ізгілік, мейірімділік, қайрымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті қалыптастыру. Жастарды әлеуметтендіру барысында өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиеті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу

Түйін сөздер: құндылық, рух, әлеуметтендіру, ұлт.

Аннотация. В этой статье молодыеж тянутся к ценностям добра, доброты, милосердия и чувства собственного достоинства, создавая национальные ценности. Воспитание молодежи как творческой личности с глубоким пониманием истории народа, свободой, традициями, языком, человеческой культурой, человеческими способностями при социализации.
Ключевые слова: ценность, дух, социализация, нация.

Annotation: In this article, young people are drawn to the values of goodness, kindness, mercy and self-esteem, creating national values. Education of youth as a creative person with a deep understanding of the history of the people, freedom, traditions, language, human culture, human abilities in socialization
Key words: value, spirit, socialization, nation.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Білім берудің мақсаты-жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алған терең білімінің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, дені сау жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды тәрбиелеу мен қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан жас ұрпақтың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайрымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Құндылық деген ұғым философиядағы, қоғамтанудағы және педагогикадағы негізгі құбылыстардың бірі болып табылады. Мысалы, философияда құндылық дүниедегі обьектілердің ерекшеліктерін адам мен қоғамға, қоғамдық өмір мен табиғаттағы құбылыстардың дұрыс немесе бұрыс мәнін көрсетету (игілік, жақсылық пен жаманшылық, әсемдік пен көріксіздік) үшін қолданылады.

Қазақстандық қоғамның қазіргі кезеңдегі дамуында саяси мәдениетті тұлға тәрбиелеу мәселесінде - жеке тұлғаның дамуына барлық тәрбие бағытының ролі ерекше. Кәсіптік білім ала отырып, болашақ маман ретінде қазіргі жастардың саяси дамуына рухани-адамгершілік құндылықта өте қажет деп ойлаймын. Саяси мәдениетті тұлға – отбасынан нәр ала отырып, жалпы қоғамда өзінің тәрбиелілігін ары қарай дамыта түседі. Бұған көптен-көп әсер ететін фактор – орта. Әрине педагогикада жеке тұлғаның дамуына әсер ететін факторлардың барлығыда маңызды. Десекте, адамның рухани дамуына – тұқымқуалаушылық әсер етсе, сонымен қатар тәрбие мен ортаның да ықпалы мол. Жалпы қоғамның қазіргі дамуында тұлғаның жан-жақты дамуы аса маңызыды көңіл алаңдатарлықтай жайт. Өйткені бәсекелестікті қабілетті білімді ұрпақ тәрбиелеуде – дене тәрбиесінің ролі ерекше. Өзім дене шынықтыру мамандығына аса зор көңіл бөліп, спорттың барлық түрін меңгере отырып, олардың адам баласының дамып-қалыптасуын зор ықпалын тигізетініне дәлелім жеткілікті.

Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыруда, әлеуметтендіру барысында әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиеленушілерінің жетістіктерін зер салып талдау керек. Жас ұрпақ бойында жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру жолдары бүгінгі таңда Жастардыөз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиеті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» деген. Ал, руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Олар адамды құметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайрымдылық, жанашырлық, іземділік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттердің жиынтығы.

Алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру жастар саясатының мына бағыттарына басылымдық беруді көздейді: 1. Жастар бойынша патриотизмді қалыптастыру, жастардың ізгілікті әрі рухани дамуы. 2. Еңбек, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы жастардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету. 3. Жастардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін дербес жүзеге асыруына жағдай жасау. 4. Жастардың денесін шынықтырып, интеллектуалдық дамуына жағдай жасау. 5. Жастардың қоғамдық игі бастамаларын қолдау мен ынталандыру. 6. Қазақстандық жастарды халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және білім беру үрдістеріне тарту.

Жастар саясатын қалыптастырудағы осы басты қағидалар заңнамалық және атқарушы биліктің

орталық және жергілікті органдары тарапынан ескеріліп, олардың қызметтерін бағалаудың бір өлшеміне айналуы тиіс.

Жастардың тән, жан саулығы - елдің стратегиялық қоры және оның қазіргі дамуының шешуші факторы. Жасөспірімдер мен жастардың бойында ізгілікті, рухани құндылықтарды қалыптастыру әлемдік, ұлттық мәдени құндылықтарды насихаттауға иек артып, жас шамасына қарай қарастырылуы тиіс. Жастарға тән құндылықтар сипаты жас азаматтың тағдыры мен тұрмыс жағдайының әркелкілігін, құндылықтар жайлы түсініктерінің сан алуандығын көрсетеді. Жастардың эстетикалық, ізгілікті талғамының қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе, электронды ақпарат құралдарының айтарлықтай ықпал ететінін ескеру қажет. Зорлық-зомбылықты, қатігездікті уағыздау жастардың мінез-құлқына жан-жақты қысым етіп, өмірді қабылдауы барысында сондай әдет-дағдыларды қалыптастырады. Дүлей күшке табынушылықты, шылымды, спиртті ішімдіктерді жарнамалауға шектеу қою - мемлекет алдындағы жас ұрпақты рухани сауықтырудың бірден-бір кезек күттірмейтін шаралары.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу біздің қоғам алдындағы борышымыз. Ата-ананың болашақ жас ұрпақ алдындағы тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы-балаға үлкен сабақ. Жас ұрпақ тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, ұстаздан насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзін-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырылады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады.

Жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу-бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Жас ұрпақтың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани-адамгершілік тәрбиені қалай іс жүзіне асырамыз? Олар мына қағидаларды сақтағанда нәтиже береді. Егер: тәрбие үдерісі жас ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерді игеруіне бағытталса; жас ұрпақ рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында әрекеттік, іскерлік дағдыларды игерсе; жас ұрпақтың бойында әлеуметтік мәні бар рухани-адамгершілік қасиеттерді өз іс-әрекетінде, мінез-құлқы мен тіршілік әрекетінде көрсете алу мүмкіндігін ерікті таңдаса.

Демек, рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе Жастардытәрбиелеу. Сондықтан, әрбір жас ұрпақ өзін-өзі рухани жетілдіру үшін, өзін тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екенін түсінуі тиіс деп ойлаймын.

Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Ата-бабаларымыз баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер», «Жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иман жүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған. Жастардыимандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу үшін олардың ар –ұятын, намысын оятып, мейрімділік, қайрымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік қасиеттерін бойына сіңіре білсек, осы қасиеттің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік-адамның рухани арқауы.

Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адалдығымен, қайрымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез-құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана даритын құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болып табылады. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған Жастардықалыптастыру. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен Жастардытек жақсылыққа тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да еңбегінің жемісі зор болатыны сөзсіз. «Қазақстан болашағы – жастардың қолында» - деп, елбасымыз сенім артатын жастарымыз рухты, дені сау, мәдениетті болып дамуына келешекте өз үлесімді қосамын деп ойлаймын. Болашақтың іргетасын бірге қалайтынымызға сенейік.

Пайдаланған әдебиеттер

1. 1.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. 1999 жылғы 28 тамыз N 73
2. 2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.
3. 3. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.
4. 4. Білім беру жүйесін 2003-2005 жылға дейін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасы.
5. 5. «Әдіскер жаршысы» №5, 2006 ж 44, 45 бет
6. 6. Морева Н. А. Педагогика среднего профессионального образования: Учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб, заведений. М.: Академия, 2001. С. 26

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ТАНЫМ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Омарбекова Ш.О. – п.ғ.к.,аға оқытушы
А.Р.Аманшалова - 6М012400 – «Пед.өлшемдер», мамандығының 2-курс магистранты

Аңдатпа. Бұл мақалада оқу таным нәтижелерін бағалауға деген жаңа көзқарастар мен бағалауға қажетті методологиялар жай-күйі сөз болады. Педогогикалық бағытта білім алушы жоғары оқу орындарындағы ізденушілерге арналған.

Кілт сөздер: тест, нәтиже, бағалау, өлшеу, таным, іс-әрекет, тіл білімі, жүйе, құндылық.

Аннатация. В данной статье речь идет о состоянии методологии необходимых для оценки и новых подходов для оценивание результатов обучения. Предназначен для соискателей в высших учебных заведений обучающийся по педагогическому направлению.

Ключевые слова: тест, результат, оценивания, измерение, познание, деятельность ,языковое образование, система, ценность.

Abstract. This article is about the state of methodology needed for evaluation and new approaches for evaluation of learning outcomes. It is intended for applicants to higher educational institutions studying in the pedagogical direction.

Keywords: test,result, evaluation, measurement, cognition, activity, language education, system, value.

Бізге жүктелген тақырыпты зерттеу кезінде қазіргі ізденушеге тән жолмен алдымен әлеуметтік желілердегі осы тақырыпқа қатысты ақпараттар мен баспа бетін көрген еңбектерді ақтарғанымыз анық. Деректер отандық ғалымдар мен ресей зерттеушілерінің тың еңбектерін ұсынды. Кәсіптік білім берудің тұжырымдамалық негіздері мен оқыту теориясы және оқыту мен оқу үрдісіндегі жеке тұлғалық белсенділік жайлы бірқатар отандық ізденуші ғалымдардың (Ш.Таубаева, Ж.Намазбаева, М.Джакупова, Н.Жиенбаева, М.Перленбетов, О.С.Сангильбаев, Б.Тұрғынбаева, Г.Меңлібекова, К.Құдайбергенова, Б.Кенжебекова, К.Беркімбаева және басқа да) тәуелсіз мемлекеттер достастығына кіретін елдердің бірқатар ғалымдары (В.А.Сластенин, Н.В Кузмина, И.А.Зимняя, А.К.Маркова және А.П. Тряпицын) еңбектерінде кеңінен зерттелген екен.

Зерттеу тақырыбына жақын болғандықтан Н.Д. Гальскова мен Н.И.Гездің «Теория обучения иностранным языкам» (М.Академия-2006ж.), В.И.Звонников пен М.Б. Челышкованың «Современные средств оценивания результатов обучения» (М.Академия-2007ж.) және О.В.Гордиенконың «Современные средства оценивания результатов обучения» (Москва-Юрайт-2019ж.) деп аталатын еңбектерін ақтардық. Сондай-ақ электрондық нұсқадаға А.П.Чернявская мен Б.С.Гречиннің «Современные средств оценивания результатов обучения. Компетентностный подход в образовании» деп аталатын зерттеуін назарға алдық. Бұл еңбектердің барлығы да ізденушінің талабына сай деректерді қалай бере білу керек және оқу-іздену қорытындысы бойынша қалай жоғары дәрежеге жетудің тетіктерін көрсетеді.

Жоғарыда аталған еңбектерді зерделей келе «бағалау» және оқу-таным іс-әрекетін бағалау ұғымдары былай жүйеленетіні байқалды: Бағалау – бақылаудың нәтижесі;

Оқу таным іс әрекетін бағалау дегеніміз – оқу үдерісі кезіндегі оқушыларға жүктелген тапсырмалардың орындалу деңгейі мен дайындық деңгейін, алған білімдерінің сапасы және шәкірт бойында қалыптасатын шеберлік деңгейінің көрсеткішін бағалау.

В.И.Звонников пен М.Б. Челышкова «Оқу нәтижесін бағалаудың заманауы әдісі» деп аталатын еңбектің «оқу жүйесін тестілеуге қатысты жұмыс атқаратын болашақ педогог-студенттерге арналатынын» айтады [1].б Бұл авторлар тестілеу жүйесінің оқытушылар тарапынан оң тұрғыдаға қолдауға

ие екендігіне тоқтала келіп, оқытушы еңбегінің дәл және жылдам бағаланатындығын осыған дәлел етеді. Тест жүйесінің оқытушының өзі секілді әріптестерінің қабілет-қарымын да бағалауға, әрі оқушы жадының берілген тапсырманы қалай қабылдайтынын, қорытындыға сай жүйелі оқу әдістемелігін түзетіндігін мысалға алады. Дегенмен де, «тест жүйесі енгізілген кезеңнен бері бұл жүйеге қатысты бірыңғай көзқарасқа қол жеткізе алмағанымызды да» тілге тиек етеді. «Оқушылар білімін қазіргі заманауи электрондық қондырғылар арқылы бағалауда тест жүйесінің артықшылығын бәрібір байқайтын боламыз» дейді [1]. Жаңа ақпараттандыру дәуірінің ағымына сай оқу-ағарту жүйесін жетілдіруге арналған жаңа әкімшілік шешімдер қабылдар кезде де «тестілеу жүйесінен» мүлдем бас тартудың мүмкін еместігін меңзейді. Әрі тестілеу жүйесінің көбінесе дәлме-дәл жұмыс қорытындысын беретіндігін мысалға ала отырып, бұл жүйені қолдану арқылы оқу процесі кезінде мынадай үш факторларды да қамтитынын дәлелдейді.

«Біріншеден, тестілеу – бұл педогог бақылауын білдіретін құрал ғана. Екіншіден, тест жақсы немесе жаман орындалуы мүмкін. Үшіншіден, жақсы орындалған тестің өзі сауатсыз пайдаланған кезде кері әсер беруі мүмкін. Сондықтан да, тест сұрақтарын жүйелеу кезінде бірізділік, ізденушіге жеткілікті ақпараттар беру, әрі тест жүйесін қабылдайтын маманның сауаттылығы бұл жүйенің маңыздылығын арттыратынын» тізбелейді [1]. Әрине тест жүйесін қолданудағы кейбір қиыншылықтарға қарамастан, бұл жүйемен тек қана арнайы мамандар ғана айналысу керек деген қате ұғым тумаса керек. Ақпараттар легін сауатты бере білетін оқытушы өзінің күнделікті қызметінде бұл жүйесіз де тәлімді ізденушіні даярлай алады. Мысалы, «Ресейде бұл жүйеге деген ықылас, «мемлекеттік бірыңғай тестілеу» жүйесі мемлекеттік бағдарламаға енгеннен кейін артқандығы жасырын емес. Бірыңғай тестілеу қорытындысы бойынша шәкірттері жылдам жоғары дәрежеге қол жеткізетіндігіне көздері жеткен оқытушылар қауымы жаңа бастамаға иек арта бастаған. Бұл өз кезегінде оқытушыға арнайы білім мен қажетті методикаға машықтануды жүктеген еді.

Ізденуші ғалымдар – В.И.Звонников пен М.Б. Челышкова оқу-таным нәтижесін бағалауда мынадай компоненттердің орын алатындығын көрсетіп берді: сол тақырыпқа қажетті деректерді жүйелеу; сұрақтар мен тапсырмаларды біріздендіру; қорытындылау жүйесіне қатысты моделдерді бақылау; қайта қорытындылау шараларын өткізу; оқушылар жауабы мен берілген тапсырманы салыстыру; осының барлығын салыстыра отырып, оқу-таным процесін бағалау.

Бізге жүктелген зерттеу тақырыбына сәйкес болғандықтан Н.Д. Гальскова мен Н.И.Гездің «Теория обучения иностранным языкам» (М.Академия-2006ж.) деп аталатын еңбегін көз жүгіртіп оқып шыққанымызды жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл еңбек әр түрлі оқу сатысындағы ізденушілердің мүмкіндігін, шет тілдерін оқытудағы жаңа бағдарламалар жайлы және тиімді лингвомәдениетін қалыптастыруды көздейді екен. Тіл біліміне қатысты өзекті проблемалық мәселелердің түпнұсқа тіл мен шетел тіліне қатысты оқыту жүйесінде де көрініс табатындығын әңгімелейді. Соңғы кезеңдерде «Тіл білімі» деген жаңа терминнің күнделікті өмірімізде жиі қолданылытынын зерттеушілер айта отырып, бұл терминге қатысты ғалымдар мен практик мамандар арасында бірыңғай көзқарастың жоқ екендігін мысал етеді.

Бұл көзқарас оқыту жүйесінің көпқырлы екендігін байқатса керек. «Тіл біліміне» қатысты көзқарастардың барлығын жүйелей келе зерттеушілер «Тіл білімін» Б.С. Гершунскийдің бағалауы бойынша – «құндылық, жұмыс барысы, нәтиже және жұмыс жүйесі» тұрғысында қарастыратынын білдіреді [2].

Бұл көзқарасты логикалық тұрғыда дамыта отырып құндылық ретінде мынадай үш бағытты толықтыратынын айтады: тіл білімі мемлекеттік тұрғыдағы құндылық; тіл білімі қоғамдық тұрғыдағы құндылық; тіл білімі жеке тұлға ретіндегі құндылық. Осы тұрғыдаға оқу-ағарту жүйесіне деген қоғамдық және мемлекеттік қолдаудың қалыптасуы, тіл білуге деген қоғамдағы басымдылықтың салдары бұл құндылықтардың бағасын межелейтін болады.

Оқушылардың оқу танымдық нәтижесін бағалауда тағы қандай ерекшеліктер мен бағыттардың бар екендігін білуге деген ұмтылысымыз О.В.Гордиенконың «Современные средства оценивания результатов обучения» (Москва-Юрайт-2019ж.) деп аталатын еңбегін парақтауға жетеледі. Еңбектің алғысөзінде «орыс тілін оқытудың жүйесін бағалау кезінде қолданыстағы және инновациялық ғылыми-зерттеу методикасы» қамтылатындығын айтады [3]. Оқу танымдық нәтижесін бағалау бағытындағы негізгі түсінік пен терминдердің бағытын байқатады. Бағалауда жоғары межеге жету үшін: мақсат, міндет, қолданыс түрі және әдіс-құрал бірлігін бір бағытқа жұмылдырудың маңыздылығы көрсетілген [3]. Ең маңыздысы «тестілеу өлшемі» ұғымының «оқыту қорытындысы» деген ұғымды толықтыратындығын түсінесің.

Ізденушінің білімін «өлшеу» жаңа дәуірдің иініне сай жаңа әдістемеліктер мен жаңа инновациялық көзқарастардың қалыптасатындығын байқатады. Ақпараттандыру дәуірінің басты жаңалығы

білім беру саласына да дәлдік пен жылдамдықтың қажеттігін әкелді. Оқу процесі мен оқу қорытындысын жаңаша бағалау «тестілік бағалау өлшемінің» өміршеңдігін байқататын шығар.

Шағын мақаламызды қорытындылай келе шәкірт білімін бағалаудағы жаңа бастамалардың біздің елімізге де қарыштам қадам басқандығын байқаймыз. Білім беру саласындағы жаңа бастамалар педогогикалық өлшемдер бойынша даярланатын мамандарға да жаңа міндеттердің жүктелетінін көрсетіп берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.И.Звонников, М.Б. Челышкова, «Современные средств оценивания результатов обучения» (М.Академия-2007ж.).
2. Н.Д. Гальскова, Н.И.Гез, «Теория обучения иностранным языкам» (М.Академия-2006ж.).
3. О.В.Гордиенко, «Современные средства оценивания результатов обучения» (Москва-Юрайт-2019ж.).

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩИХ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ

Г.С. Примбетова - к.п.н
А.Т. Камал - магистрант 2 курса, 6М012400 – «Педагогические измерения»,
КазНацЖенПУ

Аңдатпа. Бұл мақалада білім беру үдерісіндегі болашақ оқытушылардың кәсіби іс-әрекет барысындағы коммуникативтік құзыреттілік қалыптасуының маңыздылығы қарастырылады.
Кілт сөздер: құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік

Аннотация. В данной статье рассматривается значимость формирования коммуникативной компетенции будущих преподавателей при осуществлении профессиональной деятельности.
Ключевые слова: компетенция, коммуникативная компетенция

Article. This article provides a brief overview of the term “competence” in educational process, the analysis of this term in the works of researchers and the importance of the formation of communicative competence of teachers in the implementation of professional activities.
Key words: competence, communicative competence

В современное время в образовательном процессе особое место уделяется профессиональной деятельности преподавателя, где он (преподаватель), обладая всеми необходимыми качествами и действиями решает вопросы обучения и развития своих учеников. В Законе Республики Казахстан «Об образовании» отмечается, что к занятию педагогической деятельностью допускаются лица, имеющие специальное педагогическое или профессиональное образование по соответствующим профилям [1]. При подготовке будущих педагогов особое значение имеет формирование их профессиональных компетенций. Среди них можно отметить умение работать в команде, способность планировать работу (свою и работу обучающихся) и т.д. Среди всех компетенций особое место занимает коммуникативная компетенция преподавателя, так как коммуникация является инструментом взаимодействия любого человеческого сообщества на всех уровнях (макро и микро).

Преподаватель в рамках выполнения своих функциональных обязанностей общается с различной категорией людей. Это: обучающиеся, их родители, коллеги, партнёры вуза и т.д. От уровня сформированности коммуникативной компетенции преподавателя зависит качество выполняемых им функций (преподаватель конкретной дисциплины, научный руководитель, эдвайзер и т.д.).

Понятие «коммуникативная компетенция» в работах ученых разных лет трактуется по-разному. По мнению, американского ученого Д.Хаймса, «коммуникативная компетенция» означает «способность человека использовать коммуникативный набор языковых средств, имеющихся в памяти, с целью восприятия и построение программ речевого поведения в устной и письменной форме с учетом социальных и культурных норм общества, т.е. способность быть участником речевой деятельности» [2].

В работах С.Савиньон данный термин рассматривается как «способность функционировать в реальной обстановке общения, т.е. в динамическом обмене информацией, где лингвистическая компетенция должна приспособиться к приему обширной информации (как лингвистического, так и паралингвистического характера) со стороны одного собеседника или более» [3].

А.В.Хуторской [4] в своих исследованиях определяет коммуникативную компетенцию в виде со-

вокупности компетенций в сфере коммуникативной деятельности. Ученый считает, что компетенции включают знание необходимых языков, способов взаимодействия с окружающими, навыки работы в группе и т.д.

В работах Ю.Н.Емельянова [5], коммуникативная компетенция рассматривается, как уровень сформированности межличностного опыта, то есть обученности взаимодействию с окружающими, который требуется индивиду, чтобы в рамках своих способностей и социального статуса успешно функционировать в данном обществе. Д.А. Иванов, К.Г. Митрофанова и О.В. Соколова [6] рассматривают коммуникативную компетенцию как способность ставить и решать определенные типы коммуникативных задачи, определять цели коммуникации, оценивать ситуацию, учитывать намерения и способы коммуникации партнера, выбирать адекватные стратегии коммуникации, оценивать успешность коммуникации, быть готовым к изменению собственного речевого поведения, что напрямую является условиями успешной коммуникации.

Р.П.Дондокова [7] в своих исследованиях рассматривает коммуникативную компетенцию как личностное образование, интегративное качество личности, структурными компонентами, которого являются когнитивный, мотивационно-ценностный, эмоциональный и поведенческий компоненты, реализация которых в совокупности определяет эффективность коммуникативной деятельности личности, ее общую способность к коммуникации.

О.Т.Солтанбекова под коммуникативной компетенцией понимает «способность студента к общению в различных сферах и видах речевой деятельности, которая представляет собой особое качество речевой личности» [8].

Е.А. Головко считает, что коммуникативная компетенция преподавателя – это взаимосвязь методологической, специальной, языковой, общепедагогической, психологической, профессионально-этической, дидактической и методической подготовки, сформированность современного стиля научно-педагогического мышления, готовность к профессиональному образованию [9].

Анализ источников показал, что единого подхода к трактовке термина «коммуникативная компетенция» не существует. В нашем исследовании мы берем за основу трактовку, данную в работах Д.И.Иванова, К.Г.Митрофановой и О.В.Соколовой, где коммуникативная компетенция рассматривается как способность с успешным выполнением условий коммуникации, такими как задачи, цели, стратегии построения коммуникации, учитывая оценку успешности и готовность к изменению речевого поведения в процессе общения.

К профессиональным коммуникативным компетенциям следует отнести такие, которые необходимы для осуществления любой профессиональной деятельности: умение письменно и устно общаться в деловой сфере; умение вести деловые переговоры; умение строить общение в соответствии с деловым этикетом; умение выстраивать отношения с членами коллектива; умение строить конструктивное межличностное взаимодействие с коллегами, с руководством и подчиненными (партнерское общение); умение предотвращать и разрешать конфликты; умение моделировать и регулировать свое поведение и поведение собеседника в различных деловых ситуациях; готовность решать профессиональные и личностные проблемы (принимать решения, анализировать, формулировать, обсуждать и разрешать проблемы); умение слушать и слышать собеседника и некоторые другие умения.

С видами коммуникативных компетенций можно ознакомиться в работах ученых разных лет. Американские филологи выделяют следующие виды коммуникативной компетенции: грамматическая, социолингвистическая, стратегическая, речевая и личностная.

Н.В.Гез [10] считает, что существуют следующие виды коммуникативной компетенции: вербально-когнитивная, лингвистическая, вербально-коммуникативная и метакоммуникативная компетенции.

Н.В.Соломина [11] в своей работе рассматривает коммуникативную компетенцию как форму компетенций, состоящую из множества простых компетенций (языковая, речевая, прагматическая, предметная, культурная, лексикографическая, стратегическая, социолингвистическая, цивилизационная и др.).

О.В.Соловьева в свою очередь выделяет личностную, лингвистическую, социолинг-вистическую, социокультурную, стратегическую, дискурсивную и социальную компетенции. Каждый из видов компетенции, по мнению ученого, тесно взаимосвязаны и в результате образуют коммуникативно-дидактическую компетенцию, которая проявляется в социолингвистической и дидактической педагогическом контексте.

О.Т.Солтанбекова [8] в своих исследованиях выделяет следующие виды коммуникативной компетенции это: языковая, предметная, прагматическая и текстовая.

Из вышеизложенных работ ученых видно, что ученые виды коммуникативной компетенции

связывают с деятельностью человека. Отдельно выделяют лингвистическую составляющую данной компетенции, а также ее стратегическую направленность.

Основными показателями и признаками коммуникативной компетенции является уровень сформированности основных структурных компонентов, а именно – коммуникативные и организаторские умения, коммуникативный самоконтроль, умение продуктивно выходить из конфликтной ситуации, коммуникативные качества речи, эмпатия [13].

Согласно вышеописанному, уровень коммуникативного навыка и умений формируются, развиваются и осуществляются в период практической в большей мере есть возможность использовать умения и навыки, которые были приобретены. Соответственно, с целью усовершенствования коммуникативной компетенции предлагаются следующие интерактивные методы работы такие как, ролевые игры, обыгрывание ситуаций, диалоги, дискуссии, конференции, викторины, командная работа, коллективная работа, научные исследования, просмотр видеофильмов и прослушивание аудиозаписей. Данные активные методы обучения дают возможность приблизиться к реальной ситуации и заранее оценить возможный исход ситуации.

Особенно важным является развитие коммуникативной компетенции для будущих преподавателей иностранного языка, поскольку в образовательном процессе взаимодействие двух субъектов обучения осуществляется при помощи слова. При обучении иностранному языку коммуникативная компетенция рассматривается как совокупность знаний о системе языка и его единицах, их построении и функционировании в речи, о способах формирования мыслей на изучаемом языке и понимания суждения других, о национальных особенностях носителей изучаемого языка, о специфике различных типов дискурсов и так далее. Иными словами, это способность осуществлять общение в различных видах речевой деятельности в соответствии с решаемыми коммуникативными задачами, понимать, интерпретировать и порождать связные высказывания.

Это подразумевает собой знание преподавателем всех требований и норм общения, умение организации профессионального речевого общения с учетом всех социальных норм и правил поведения как профессионала. Успешность осуществления преподавательской деятельности напрямую зависит от уровня сформированности коммуникативной компетенции будущего педагога.

Следовательно, при подготовке будущих преподавателей иностранного языка, необходимо уделять внимание формированию, развитию и усовершенствованию коммуникативной компетенции.

Литературы

1. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 19.04.2019 г.)
2. Hymes, D. On Communicative Competence // Sociolinguistics / J.B. Pride; J. Holmes (ed.). – Harmondsworth : Penguin Books, 1972. – P. 269–293)
3. (Savignon, S. J. Interpreting communicative language teaching. Context and concerns in teacher education – Yale University Press. New Haven & London, 2002. – 243 p.)
4. (Хуторской А. Ключевые компетенции. Технология конструирования // Народное образование, 2003,5 55-61 с., 60.)
5. (Емельянов Ю.Н. Теория формирования и практика коммуникативной компетентности: автореф. дис. ... д-ра психол. наук: 19.00.05. – Л.:Изд-во ЛГУ,1991. – 38 с

GELECEKTEKİ ÖĞRETMENLERİN YÖNETİMSEL YETERLİLİK OLUŞUMUNUN İÇERİĞİ

PhD. **SADİRBEKOVA Dinara Kalımbekkızı**
KAZAK MİLLİ KIZLAR PEDOGOJİK ÜNİVERSİTESİ

Özet. Makale, gelecekteki öğretmenin yönetsel yeterliliklerinin oluşumunun içeriğini incelemektedir. Yönetsel yeterliliklerin temsillerine yansıyan modern yönetimin özelliklerinin, teknolojilerin yenilenmesinde ve eğitim sürecinin yüksek mesleki eğitim çerçevesinde odaklanmasında temel teşkil ettiği iddia edilmektedir.

Anahtar kelimeler: yeterlilik, yönetimsel yeterlilik, kendini geliştirme.

Modern bir profesyonel okul öğretmeninin yönetsel yetkinlik gelişimi, gelecekteki eğitimcilerin hedeflerinden biridir.Yetkinlik yönetimi olan öğretmen, sosyal ve eğitim sistemlerinitasarım hazırlama ve sosyal pedogojik sistemlerin geliştirilmesi ve yönetimi ile ilgilenmektedir. Bir yandan bu sistemler toplumun ve üretimin amaçları ve sorumlulukları karşılamalıdır. Diğer yönden de çağdaş üniversitelerin pedogojik sürecinde öğrencilerin özel psikoloji ve sosyal gelişmesinin yönetimin tek bir entegre öğrenme hedefleri,

ilkeleri, araçları ve teknolojileri mevcut özel hazırlanmış kapsamlı bir eğitim deneyimi sağlamalıdır.

Kişiliğin gelişimi, kontrolün etkisinin yanı sıra genetik olarak doğal ve kontrolsüz faktörlerin kişi üzerindeki etkisinin bir sonucu olarak ortaya çıkmaktadır.Bu bir insan olmanın ve kişiliğin gelişmesinin bir sonucudur.Gelişimsel özellikler değişim, düzenlilik ve yön açısından onarılamaz.Gelişme sonucunda nesnenin yeni kaliteli bir durumu ortaya çıkacaktır.BGAnanyev, insani gelişimin nihai ürününün, yaşam biçimini bağımsız ve makul kılmak için kişisel bir hayata sahip olduğuna inanmaktadır. [ANANEV,1969: 388]. İnsanların, her şeyden önce, bilgi edinerek değişiklik yapabileceğini not etmek önemlidir.Pedagojik süreçte gerekli ve önemli bir bağlantı görevi görür.Eğitim içeriği, öğrencilerin öğrenme sürecinde kullanılmalıdır. Kişi sadece pedagojik açıdan gelişip, toplum tarafından sunulan eğitimin içeriğini aktif olarak benimsediğinde gelişir.

N. E. Erganova,Uzmanların eğitimlerini «Profesyonel-pedagojik teknolojiler» eğitim programında incelemek, bilimsel makalelerinde liderlik yeterliliğine sahip öğretmen-teknoloji uzmanlarının eğitiminin uygunluğunu belirler. [ERGANO, 1997:373].Bu birçok durumlardan talep edeleceğini gösterir:

- Modern toplum yönetiminin temel bir aracı olarak sosyal teknolojinin yoğun gelişimi;
- Pedagojik üretim ve pedagojik faaliyetlerin teknolojikleştirilmesi;
- Profesyonel pedagojide iletişim süreçlerinin rolünün güçlendirilmesi;
- Mesleki eğitim öğretmeninin hizmetindeki değişiklikler.

Bilimsel ve teknolojik süreç sadece birçok endüstriyi değil aynı zamanda kültür ve insani alanı da kapsar.Eğitim teknolojisine ait meraklılık farklı ilgi alanlarına bağlıdır:bazı bilim adamları geleneksel olarak yeniliği desteklemektedir;diğerleri eğitim durumu hakkında endişe ediyor;diğerleri, teknolojik sürecin, yeni konuların niteliksel bir çözümünü sağlamak için eğitimin gelişim aşaması tarafından geliştirilen nesnel bir süreç olduğuna inanmaktadır. Yeni hülasalar meydana gelir, onların çerçevesinde teoriler, yöntemler ve eğitim teknolojiler hakkında değişiklikler yer alır. Mesleki Pedogoji teknolojiler, bu pedogojik teknolojilerin çeşitliliğidir. A.S. Belkin, mesleki pedogojik teknolojiyi öğretmenin meskeli seviyesine, sanata erişme süreci olarak kabul eder. Pedagojik teknolojilerin mesleki eğitimde kullanılması, eğitim sürecinin tasarımı ve uygulanmasında teknolojik bir yaklaşımı temsil eder. [BELKİNA,1997:223]. Ek olarak, profesyonel ve pedagojik teknolojiler bir dizi alt işlem ve eylem içeren karmaşık bir entegre sistemdir.Böyle bir sistem pedagojik hedefleri belirlemeyi, öğrenme çıktılarını, mesleki becerileri geliştirmeyi ve öğrenme hedeflerini belirlemeyi ve öğrencilerin kişisel niteliklerini şekillendirmeyi, bilgi odaklı ve süreç yönlerini belirlemeyi amaçlar.Mesleki eğitim teknolojisi alanında uzmanların eğitimi, pedagojik inovasyonları sokmak için teorik bilimi kodlama biçimlerini getirme, eğitimin bireysel form ve öğretim yöntemlerinden metodik sistemlere geçiş, öğretim yöntemlerinin sistematik analizi ve karar verme araçlarının aktarılması, öğretmen ve öğretmen arasındaki etkileşimin akıllı teknolojisine aktarmapotansiyeline sahiptir..

Öğretmenlerin eğitim ve öğretimehazırlıkta heyecana katıldığı bir gerçektir, ancak buradaki amaç: harekette öğrenme sürecini denetleme ve yönetme sürecinde diğer öğretmenlere de paylaşmaktır.Mesleki eğitim koşullarında değişim sürecinde heyecanlanarak gelişim mekanizmalarının temelini planlar, denilir D. Dyui ve D. Şon'un "Refleks Edici Pratik" eserinde. Yansımalı öğretmen, kendi deneyimini geliştiren düşünür, analist ve araştırmacıdır.

D. Dyui kendi çalışmasındaki yazdıklarına göre kendi kendini geliştirme ve kendini disipline etmeye usanmaz ihtiyacı olan «mesleğinin en ebedi öğrencisi»dir, Kazak şairi Oljas Süleymenov "Bir insanın manevi tezahürleri üç soruya ön plana çıkmıştır: 1) Ne öğrenebilirim, 2) Ne yapmalı ve 3) Umudum nedir?", yani insan öz-eğitiminin özü ve anlamı böyle açıklar.

Rus Pedogogu B.Z. Vulfov çalışmalarında: «Profesyonel yansıma pedagojik çalışmanın içeriği ve bireysel pedagojik deneyim arasındaki bağlantıdır." der, E.E. Rukabişnikov ise, Profesyonel yansıtma diye, bir uzmanın kendisine ve mesleki faaliyetlerine karşı analitik bir tutum sergileyebilme becerisinde belirgin olan, kendini geliştiren ve kendini gerçekleştiren profesyonel psikolojik mekanizmasını anlar. Çünkü araştırmamızda öz-yönetişime duyulan ihtiyaç, liderin organizasyon kalitesine sahip olma ihtiyacından kaynaklanıyor.Yalnızca bir kişi kendi kendine yönetildiğinde grubu yönetebilir.Bizim düşüncemizi, V.A Karakova'nın "özyönetim - ilk kişinin özyönetimi, kişiliğinin oluşumu, kendi gelişiminin organize etmesi" kavramı kanıtlamaktadır. A.A. Caytapova'nın «Okulda İşletmecilik», B.T. Akcalov'un "Öğrenci Kolektifini Geliştirmede Özyönetim Sistemi" adlı çalışmalarına özyönetim kavramında detaylı olarak incelenmiştir. Ve G.K. Begalieva'nın çalışmasında, gelecekteki uzmanların hazırlanması sürecinde öğrencinin kendini yönetme ve danışmanlığın ilişkisindeki pedagojik koşullar incelenmişse, E.R. kasenov çalışmasında Kazakistan okullarında özyönetim gelişiminin tarihi açıklanmıştır [SADİRBEKOVA, 2016:384-387].

Kendini yönetme bir amaç bağlı oluşturulmaz. Bu yaratıcılık yeteneğe sahiptir. Grup örgütsel faaliyetler sırasında öz yönetişimi öğrenecektir.Bu seviyede öğretmen aktif, danışman bir öğretmendir.Çünkü, yönetim teorisine göre, pedagojik aktivite tarzı, grubun gelişim düzeyinden istenmektedir.

Bireylerin gelişimi, deneyim kazanması ve öz yönetişim öz belirleme, öz yönetişim ve öz belirleme temeline dayanır.Kendini düzenleme, düşünceyi düzenlemektir, kendi davranış ve karakterini yönetmek, bireyin gerçek ve yansıma modelinin tanıtımıdır. Öz-düzenleyici işbirliği, yaratıcı bir şekildeki teknoloji sağlanmaktadır.Kendini tanıma, kendi kendine çalışma, kişiliğin tanımlanması, kendini gerçekleştirme süreci, yetenekleri dikkate alır. Kendini tanıma, refleksif bir teşhistir, yani çocuk grubunun refleks ortamına göre çocuğun gelişim düzeyi hakkında objektif bilgi edinmektir.Kendini belirleme, kişilik durumlarında bireylerin kimliğini belirleme ve açıklamada kişisel bir seçimdir.Kendi kendini belirleme iletişim teknolojisi, işbirlikçi yaratıcı oyunlar ve proje etkinlikleri ile sağlanır. Kendini yönetimde öğretmen ve öğrencinim ilişkisi, yaratıcılık niteliğe sahip olur. Nesnel hukuku tanımada, kendinin toplumdaki yerini oluşturmada yeni ilişkiler yaratır.

Kendi kendini geliştirmede, kişilikleri de gelişir. Öğrencinin kişiliği entelektüel-yaratıcı, duygusal-ahlaki, örgütsel-iş, performans disiplini karakteristiğine yansır.Kendini gerçekleştirmede kendini düzenleme (teşvik edici); kendini gerçekleştirme (performans) ve onların entegrasyonu (kendini yönlendirme) temele alınır.Öz prensip, sorumluluk, inisiyatif, dürüstlük, saygı ve kendine ait sorumluluğu tanımlar.Böyle bir açıklama öz-yönetim yetkinliğini arttırmayı amaçlamaktadır.

Kendini geliştirme, kendini gerçekleştirme yoluyla gerçekleştirilir.Öz-yeterlilik, dinamik açıdan, bireyin etkileşimindeki çevrenin etkisiyle değişir.

Bu aşamada önceki sonuçları analiz etmek için refleks diyagnostik yapılması gereklidir.Eğitim konularının birleşmiş hareketindeki sosyal etkileşimi ile zenginleştirilmiş, yeni bilgi, beceri ve yetenekleri kabul etmesi, kendi kendine eğitim ve yüksek sonuçların elde edilmesine imkanı vardır.

Kendini geliştirme takımdaki yaratıcı çalışmanın başarısı ve yaratıcı bir ortamda yeni bir ortamda etkin iletişim kurma yeteneğidir.Bu noktada, öğretmenin yeri, öğrencinin ile çevre arasındaki bağlantıyı kurucudur.

Gelecekteki pedagogların yönetsel yeterliliğini yönetiminin, yansıma döneminde diagnostik araçlar ile, onların eğitim bireyleriyle ilişkisi esasında, öğrencinin kişiliği, sınıf kolektifi, öğretme ve öğrenme süreci, özyönetimi, kendini geliştirme, kişisel ilgisi aracılığıyla oryantasyon, yetenekler,merak vb. seviyeleri kontrol edilir.

Kaynakça

1. ANANEV, B.G., Bir Bilgi Konusu Olarak İnsan / B.G. Ananev. L:1969. 388s.
2. ERGANOVA, N.E.,»Mesleki Eğitim Yöntemleri» disiplininin teorik temelleri: Doktorluk tezi. Eketenburg, 1997. 373s.
3. BELKİNA, A.S., EğitimTeknolojisininTemelleri: KısacaAçıklayıcıkelimeler./ Eketenburg, 1997. 223 s.
4.SADİRBEKOVA, D.K., Gelecekteki Öğretmenlerin Yönetimsel Yeterliliklerinin Oluşturulması.//Konferans bildirisi. Almatı, 2016, 384-387ss.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНЫПТАСТАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАЙ АЛУ ДАҒДЫЛАРЫН БАҒАЛАУ

Сайдахметова Л.Т. - п.ғ.к., доцент
Қыдық А.А. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа: Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік жетістіктерін дамыту мәселесі қаралады. Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас біліктілігінің мәнін ашудың маңызы.

Тірек сөздер: Қарым-қатынас, әлеуметтік орта, жеке тұлға, мінез-құлық, қоғам.

Аннотация: В данной статье рассматривается развитие коммуникативных достижений учащихся начальных классов. Важность понимания сущности коммуникативных навыков учеников начальной школы.

Ключевые слова: отношения, социальная среда, личность, поведение, общество.

Abstract: This article discusses the development of the communicative achievements of primary school students. The importance of understanding the essence of the communication skills of elementary school students.

Key words: relations, social environment, personality, behavior, society.

Жеке адамның өмірінде қарым - қатынастың алатын орны ерекше. Қарым - қатынас іс-әрекетпен

бірге адамның психикалық дамуының негізгі шарттарының бірі болып саналады. Қарым – қатынас адам іс-әрекетінің таным және еңбекпен қатар әр адамды қалыптастыратын аса маңызды түрі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған»,- деп көрсетілген.Адам психикасының қалыптасуында, оның дамуында және мәдениетті мінез-құлықтың жетілуінде қарым-қатынас ерекше роль атқарады. Психологиялық жағынан дамыған адамдармен қарым-қатынас жасау барысында, олардың үйрету қабілеттілігін сезінген жағдайда адамның өз қабілеті мен қасиеттері дамиды. Әрбір адам дамыған тұлғалармен белсенді қарым-қатынас жасау арқасында өзі де тұлғаға айналады [1].

Алайда компьютердің оқыту процесіне жағымды әсерімен қатар теріс жағын да атап өткен жөн: баланы қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасаудан алшақтатады. Бұл – оқушының өмірінде тілдік және қарым-қатынас біліктілігі сияқты оқыту құрауыштары да қажет болмай қалады деген сөз.

Қарым-қатынасы жоқ қоғамды көзге елестету қиын. Қарым-қатынас саласында адам өзінің кәсіби және жеке жоспарларын жүзеге асырады, өзінің өмірде бар екенін білдіреді, қолдау мен жанашырлыққа ие болады, өмірлік жоспарлары мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға жәрдем алады. Міне, сондықтан да қарым-қатынас біліктері мен дағдылары – субъектінің өмірі мен еңбегі табысты болуының кілті болып табылады.

Қарым-қатынас адам психикасының және оның мінез-құлқының мәдени, саналы түрде қалыптасуы мен дамуында үлкен роль атқарады. Адам жоғарғы қабілеттері мен қасиеттерін қарым-қатынас арқылы аша алады. Дамыған адамдармен белсенді қарым-қатынасқа түсе отырып, ол өзі тұлға болып қалыптаса алады. Қарым-қатынас негізінде адам өзінің барлық адамгершілік, психикалық мінез-құлық қасиеттерін қалыптастырады. Баланың дамуы қарым-қатынастан басталады [2].

Мектепке келген алғашқы күндері-ақ оқушы мен мұғалімнің арасында белгілі арақатынас орнайды. Мұғаліммен қарым-қатынас бала үшін аса маңызды. А.А. Люблинская айтқандай: «Өзге ересектермен салыстырғанда мұғалім кіші оқушы өмірінде ерекше орын алады. Кішкентай бала мектебінде, өзге ересек адамдарды да, өзінің құрбы-құрдастарын да және барлығын мұғалім арқылы қабылдайды» Демек, кіші оқушы үшін мұғалім үлкен абырой және бедел. Ол мұғалімнің айтқанын екі етпей орындауға дайын.Мұғаліммен оқушы арасындағы орныққан арақатынасқа көптеген нәрселер тәуелді болады. сондықтан ол ылғида ғылыми және практикалық қызығушылықтар тудырады. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуы мына көрсеткіштерге негізделеді: оқушылардың сабақтағы әрекетін ұйымдастыру; қарым-қатынас ырғағы; қойылатын талаптардың мазмұны мен болмысы; қарым-қатынасты бағалайтын пікір мен моральдық стимулдың болуы; оқушылар мен мұғалімдердің өз арақатынасын сезіну деңгейі [3].

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерге қарағанда, қарым-қатынас біліктілігіне төмендегідей құрауыштар жатады: эмоциялық (эмоциялық елгезектік, эмпатия, өзгелерге сезімталдық таныту, жанашырлық, тілектестік, серіктесінің әрекеттеріне көңіл қою кіреді); когнитивтік (өзге адамды тануға, өзге адамның мінез-құлқын тани білу қабілетіне, адамдар арасында туындаған әртүрлі проблемаларды тиімді шеше білуге байланысты); тәртіптік (баланың ынтымақтастыққа, бірлеске әрекетке, ынталылығына, қарым-қатынас адекваттығына, ұйымдастырушылық қабілеттеріне, т. б. қабілеттілігін білдіреді); жеке бастық (қарым-қатынасқа түскен жеке тұлғаның қарым-қатынас мазмұнына, процесіне және мәніне табиғи түрде әсер ететін ерекшеліктері арқылы пайда болады).

Балалар өзара қарым-қатынас барысында: адамдардың іс-әрекеттің, ұлттық салт-дәстүрлердің жақсы жақтарын аңғара алады, шындықты айтуға, жағымды ойлауға үйренеді; өзара сыйластықты түсінуге қабілетті, айналасындағыларды ұнатып, жақсы көре біледі, жақсылық жасауға дайын тұрады; сабырлы, салмақты болуға, тәрбиелі болуға, ойланып сөйлеуге үйренеді; әдептілікке, ұқыптылыққа үйреніп, көмектесе біледі, қамқорлық жасай алады, үлкендерді құрметтей біледі; өзгені ренжітпеуге тырысады, кешірімді болуға үйренеді [4].

Оқушылардың қарым-қатынасы және қарым-қатынас мәдениеті ұғымына келесідей анықтама беруге болады: қарым-қатынас дегеніміз – мұғалім мен оқушының мақсаты бір педагогикалық мәселелерді шешу кезіндегі сөз, қимыл-қозғалыс, ым арқылы бір-бірімен байланыс жасауы. Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз – адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табуды айтамыз.

Оқушылардың бойында қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейі мен сапасын өлшеп көрсету өте күрделі. Адамгершілік қасиеттерді сақтай отырып, басқа адамдарға психологиялық қысым көрсетпей оң бағытта қарым-қатынаста болғанда ғана, қарым-қатынас мәдениетін сақталғанын көруімізге болады.

Жалпы оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін зерттеуде түрлі әлеуметтік психологияда қалыптасқан әдіс-тәсілдердің басым көпшілігін қолдануға болады. Осы әдістемелердің негізінде сыныптағы балалардың өзара қарым-қатынастарын зерттеу барысында көптеген ұтымды жерлері бар. Балалар сабақ барысында, сыныптан тыс көптеген іс-шаралар жүргізгенде, оқу-тәрбие мәселелерін шешу барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Сонымен балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда, психологиялық түзету жұмыстарын жүргізу, тәрбиелік мәні бар іс-шаралар ұйымдастыру үшін сынып ұжымы ыңғайлы. Баланың өзі оқитын сыныпта достары, бос уақытында бірге ойнайтын құрбылары бар. Сыныптағы ұжымішілік қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу арқылы балалардың қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтауға болады. Баланың өзін-өзі анықтауы, қарым-қатынас ерекшеліктерін меңгеруі, өзге балалардың ортасында абыройлы болуы – үлкендермен қарым – қатынас жасау барысында жүзеге асады. Бала мінез-құлық мәдениетін меңгерудің қажеттілігін түсінгенімен ол қандай болу керектігін сонымен қатар, оны қалай дамыту керегін түсіне алмағандығынан балалар көптеген қателіктер жібереді. Сондықтан үйлесімді қарым-қатынас орнатуда бірінші көмекші болатын адам – мектеп психологы.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында іскерлік қарым-қатынасты ұйымдастыру арқылы оқушылардың арасында тез тіл табысқыш, бір-бірімен пікір алмасып, ұйымшыл болып, сыйлау қабілеттері қалыптасады. Мектеп психологі оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жолдарын анықтап, әр оқушының өзгелерге және өзіне ыңғайлы, жайлы болуына жағдай жасауы қажет [5].

Қорыта келе айтарымыз оқушылар қарым-қатынас мәдениетін зерттеу нәтижесі оларға психологиялық көмек қажет екенін көрсетті. Оқушылардың бойында қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейі мен сапасын өлшеп көрсету өте күрделі. Адамгершілік қасиеттерді сақтай отырып, басқа адамдарға психологиялық қысым көрсетпей оң бағытта қарым-қатынаста болғанда ғана, қарым-қатынас мәдениетін сақталғанын көруімізге болады.

Жалпы оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін зерттеуде түрлі әлеуметтік психологияда қалыптасқан әдіс-тәсілдердің басым көпшілігін қолдануға болады. Осы әдістемелердің негізінде сыныптағы балалардың өзара қарым-қатынастарын зерттеу барысында көптеген ұтымды жерлері бар. Адамдар аралық қатынасты анықтауда социометрия әдісі көмектеседі. «Социометрия» әдісі адамның қарым-қатынасының психологиялық жақтарын және оқушылар арасындағы бір-бірімен қатынасын анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Сынып жетекшісінің анықтамалығы» № 10-2010
2. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология – Алматы, 1996.
3. Әбеуова И.Ә. Әлеуметтік психология (оқу құралы) Алматы 2001
4. Оқу-әдістемелік материалдар 2.285 қаралған 2017-03-15
5. Петровская Л.А. Компетентность в общении. - М.:МГУ баспасы, 1989.-2166.

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ АДАМДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТЫ РЕТТЕУДЕГІ РӨЛІ

Скакова Р.А. – п.ғ.к., **С.Сейдикенова** – 2-курс магистранты
ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада тілдік қарым қатынас мәдениеті негізінде өзіндік ойды дұрыс қалыптастыруға, сендіре алуына, түсіндіруіне септігін тигізетіні ашып көрсетіледі.

Түйін сөздер: шешендік өнер, қарым-қатынас, ұлт мәдениеті, тілдік қарым қатынас,дәстүрлі мәдениет.

Аннотация. В статье раскрывается, что на основе культуры языкового общения способствует правильному формированию, убеждению, толкованию собственных мыслей.

Ключевые слова: ораторское искусство,общения,национальнаякультура,языковые общение, традиционная культура.

Abstract: The article reveals that on the basis of the culture of language communication contributes to the correct formation, persuasion, interpretation of their own thoughts.
Keywords: oratory, communication, national culture, language communication, traditional culture.

Қарым- қатынас – ғылым және өнер. Бұл шығармашылық үдеріс, қарым қатынас жасай білу, өзгелермен тіл табыса білу, біліміне, жеке тәжірибесіне, ақыл ойы мен тапқырлықтың деңгейіне байланысты.Педагогикалық психологияның, қарым-қатынас психологиясының күрделі, педагогикалық мәнді проблемасы адамның іс-әрекетте, қарым-қатынаста кездесетін қиындықтары немесе қарым-қатынас «кедергілері» проблемасы болып табылады. Алайда, түсіну, (мәтіндерді) айтылған пікірлерге түсініктеме беру қиындықтары, оның диалог және жұртшылықпен қарым-қатынас жағдайында туындауы ежелгі уақыттың риторикасында да қарастырылған, мысалы, жоғарыда келтірілген Цицерон трактатында проблема коммуникативтік-ақпараттық теорияның әлеуметтік-психологиялық теорияның және біздің жүз жылдықтың ортасынан бастап когнитивті психология контексіндегі арнайы зерттеулер объектісі ретінде зерттелді (Д.Катц, Л.Ли, Г.Лассвелл, М.Андерсон, Е.С.Кузьмин, Б.Д.Парыгин, Б.Ф.Ломов, Я.Л.Коломинский, Е.А.Климов және т.б.).

Қазіргі кезде қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық феномен болып табылады. Адамдардың бірлесіп еңбек етуге деген қажеттіліктен туындаған, ол вербальді және вербальді емес құралдар арқылы іске асады. Жеке тоқталатын болсақ вербальді қарым-қатынас - адамзат сөйлеуін, табиғи дыбыстың тіл белгілер жүйесін қолданады. Бұл қатынаста тілді меңгеру шарт болып табылады. Тілдік қарым қатынас мәдениеті негізінде өзіндік ойды дұрыс қалыптастыруға , сендіре алуына, түсіндіруіне септігін тигізеді.

Поляк ғалымы А.Янушкевич «Қазақтың ақыл ой қабілетінің кереметіне барған сайын менің көзім жетуде. Сөздері қандай жеңіл, ойын жеткізуде көзқарастың дәлеліне бірден тойтарыс беруге де керемет шебер», қазақтың қарым қатынасқа түскенде сөйдеу мәдениетін ұстануы, шебер сөйлей алу өнеріне қөзқарасын білдірген.

Қазақтың дәстүрлі мәденитіндегі дау жанжалдар, бітім келісімдер астарлы сөз арқылы шешілген сөзге тоқтаған. «Өнер алды қызыл тіл» демекші сөз өнерін ерекше бағалаған.

Туған тілімізде ардақтап, оның қадір қасиетін пір тұту, оның даму жолында әрекет етуіміз керек.

Ш.Уәлиханов «Бір ой әр тілде әртүрлі бейнеленеді» деп айтқан. Сол себепті адамдар қарым қатынасқа түсу барысында ойын түсінікті әрі нақты жеткізуі айтушының сөйлеу шеберлігіне байланысты болады[1].

Басқа адамдармен тіл табысып қатынас орнату адамның өзіндік талғам тілегін, ынтасын, жалпы адамға адами көзқарасын жете түсінуді талап етеді.

Я.Хайская концепциясының тіл дайын сөз, сөйлемдер емес, тудырушы үрдіс, тілдік қабілеттілік түсінігі бұл нақты тілді меңгеру.

Тіл табысыпөзгелер қатынас орнату әрбір адамның өзіндік талғам тілегін, ықылас ынтасын, жалпы адамға деген адами көзқарасын жете түсінуді талап етеді. Қарым қатынас нәтижесінде адамның кісілік қасиеті, өзгелерге деген қамқорлығы мен жанашырлық сезім, гуманитарлық көзқарасы қалыптасады.

Вербальді қарым қатынас - сөздерді дұрыс қарастыра білуге, өзгені тыңдауға, серіктерінің сезімдерін сыйлауға, ойын дұрыс жеткізу қалыптасу үдерісінде әсер етеді. Вербальді емес қарым- қатынасты сол уақыттың салт дәстүрінен, тілінен, дене қимылдарындағы ұлтқа тән қасиетінен, дәстүрлі мәдениетіндегі билердің ымдап айтуы т.б. әрбір ым ишарат, дене қимылы белгілі бір интонациялық тұтастықты көрсетеді.

Г.М.Андреева «Сөйлеу коммуникацияның ең әмбебап құралы болып табылады» - дейді.

А.А.Потебня тілді дайын ойды білдіруші ретінде емес, алғашқы тілдің пайда болуына дейінгі элементтерді қайта жасаушы құрал ретінде анықтайды. Қорытындылай келе тілін жоғалтқан ұлт, өзін де жоғалтады.

Тіл адамдар арасындағы қатынастағы сезімдер,тарих, ұлт мәдениеті, оның ойлауының дамуы деңгейі көрініс алады.Қазақ би- шешендерінің бойынан көсемдік, шешендік, ақындық, заңгерлік, батылдық, ойшылдық, ғалымдық, психологтік, тәрбиешілік қасиетті көруге болады.

Тіл арқылы барлық эмоциялар, адамдар арасындағы қатынастағы сезімдер, тарих, ұлт мәдениеті, оның ойлауының даму деңгейі көрініс алады.

Мәдениет дамуына жеке адамның ақыл-ойы ғана емес, халықтың, бүкіл адамзаттың ақыл-ойы тәуелді. Тілден адамдардың жалпы қоғамда болып жатқан оқиғалары мен әдет-ғұрыптары көрінеді. Тіл ұлы біріктіруші күш, бірақ оның адамдарды алшақтатуға да қабілеті бар. Бидің батырлығы қолына қару алып жауға шабуында емес, қылышынан қан тамған қаһарлы хан-сұлтан етектен кесіп жең

болмайтын секілді, белсендесуден ежелгі дұшпан алдында тұр екен деп именбей, керекті жерінде өткір тілмен турап түсетін әділет сөзін айтқанында деп есептеген.

Шешендік сөздер ел құралып, халық қалыптаса бастағаннан бері халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесіне пайдаланып келе жатқан, билер мен хандардың, ақындар мен шешендердің, өткір ойшылдардың аузынан шыққан дуалы, өнегелі, қисынды, қасиетті сөздер: өмір заңдылығының көрсеткіштері.

Тарихта Тәуке хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым батыр сияқты белгілі адамдармен қатар Жиренше шешен аңыздары және Досбол, Жидебай, Сауытбек, Қылышбай т.б. шешендердің аты белгілі. Халық шешендік сөздерді заман өткен сайын әрлеп, әсерлі етіп, ұрпақтан-ұрпаққа мирас негізінде жетуде.

Шешендік сөздер халықтың түсінік сөздерімен баяндалады. Жиын-тойда, мәжілістерде, бас қосу рәсімдерінде сөз жүйесіне шешендік сөздерді арқау етіп сөйлеу - қазақ қарияларының дәстүріне айналған құбылысы[2].

Отбасында ата-ана бала тәрбиесіне үлгі етіп шешендік сөздерді тыңдап отбасында оқуды әдетке айналдырып, әдеттен дағды, дағдыдан әдет-ғұрып, дәстүрді қалыптастыру ләзім.

Жанұя тұрмыстың ортақтығымен, өзара адамгершілік жауапкершілікпен және өзара көмегімен байланысқан адамдардың некеге немесе туыстыққа негізделген бірлестігі. Отбасылық өмір өнері - өнерлердің ішіндегі ең күрделісі болып табылады. Мұнда қарым-қатынастың мәдениетін сақтап, өз сезімдері мен ойларымен шынайы бөліскен дұрыс. Сөйлесудегі мәдениет баланың жалпы және әлеуметтік дамуында өз нәтижесін береді.

Шешендік өнер саласын зерттеген сыншы Е.Тұрсынов «Қазақ белгілі сыншыларының бойында негізгі екі қасиет болады: бірі- шешендік, екіншісі- адам психикасын, ішкі жан дүниесін, мінез құлқын сыртқы түр сипатына қарап, ғажап көрегендікпен ашып беруі» дейді[1].

Қорыта келе адамдармен қарым-қатынасқа түсуде шешендік сөздердің, шешендік өнердің алатын орны ерекше. Оларды пайдалана отырып аз сөзбен ұтымды сөйлеп, ойын нақты жеткізіп, ұлы даналарымыздың өнегелі сөздерінен сабақ ала отырып қарым-қатынасқа түскенде шебер сөйлеуге көмектеседі.Қарым-қатынас білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адам баласының тәлім тәрбиесі мен өзгелермен байланыс орнатуының ерекше жолы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. Алматы, Ғылым, 2000.
2. Шешендік сөздер. Б.Адамбаев. Алматы,Отау, 1992
3.Досанова Ф. Қарым-қатынасты жақсартуға қолданылатын әдіс-тәсілдер. «Мектептегі психология», №1, 2010.
4.ВикторТимошинов «Мәдениеттану» Алматы 2008жыл.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ- ПСИХОЛОГ МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сейткұл А. С. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ,Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа: Бұл мақалада болашақ психолог – педагог мамандарының кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктері туралы қарастырылады.

Кілт сөздер: педагогика, психология, құзіреттілік, кәсібилік, оқыту, құзірет, білім, білік, дағды, қабілет, диагностика.

Аннотация: В данной статье рассматриваются особенности формирования профессиональной компетентности будущих психологов-педагогов.

Ключевые слова: педагогика, психология, компетентность, профессионализм, обучение, компетенция, знания, умения, навыки, способности, диагностика.

Annotation: This article discusses the features of the formation of professional competence of future psychologists-teachers.

Keywords: pedagogy, psychology, competence, professionalism, training, competence, knowledge, skills, abilities, diagnostics.

Елімізде қазіргі таңда қалыптасқан еңбек нарығы білімді, шығармашылық деңгейі жоғары, іс-әрекеттің сан түрлі саласында өз білімі мен іскерлігін қолдана алуға қабілетті мамандардың кәсіби

дайындығының деңгейіне және сапасына қойылатын талаптарға өз ықпалын тигізуде. Осы орайда, жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, шебер, бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытқа қарай бұруы заңды құбылыс, себебі, қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына деген талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби құзыретті мамандарды қажет етеді[1].

Дамыған елдердің оқыту жүйесінде кеңінен қолданылған «құзыреттілік», «құзырет» ұғымдары жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне де енді. Мұндай аса жауапты білім деңгейіне жету үшін оқу үдерісін соған сай ұйымдастыра білетін, аталған құзыреттіліктерді игерген, кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мамандарды даярлау міндеті тұр. Құзыреттілік теориясы бірқатар ғалымдардың (Г.В.Вайлер, Ю.В.Койнов, Я.И.Лефстед, Н.В.Матяш, В.В.Сериков, Р.Уайт, В.Чинапах және т.б.) еңбектерінде негізделген. «Құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдары мәселесін талдаған шетелдік ғалымдар қатарына Дж.Равен, Н.Хомский, А.В.Хуторской, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, И.А.Зимняя т.б.жатады [2].

Шетелдік ғалымдар еңбектерінде кәсіби құзыреттілік мәселесі әр түрлі бағытта зерттелген – В.В. Краевский, А.А.Орлов, И.Я.Фастовец, С.Т.Каргин; Е.П.Кузнецова; маңызды кәсіби сапаларды дамыту – Е.П.Белозерцов, И.А.Колесникова, А.Е.Кондратенков, Н.В.Кузьмина, И.Я.Лернер, Н.Д.Левитов, М.Н.Скаткин, В.А.Сластенин; құзыреттіліктің педагогикалық шығармашылық мәні – В.И.Загвязинский, Ю.Н.Кулюткин, М.М.Поташник; педагогтың кәсіби қызметінің психологиялық негіздері – Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин және т.б. еңбектерінде ғылыми негізде тұжырымдалған [3].

Отандық ғалым К.С.Құдайбергенова «құзыреттілікті» педагогиканың категориясы тұрғысынан жан-жақты зерделеген. Оның пікірі бойынша, педагогика саласындағы мұғалімнің құзыреті – нені білуін, нені түсінуін, меңгеруін немесе неге қабілетті екендігін көрсетуі, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығаруы [4]. Сондай-ақ, Н.И.Алмазова құзыретті адам қызметінің белгілі бір саласындағы білім мен дағды деп, ал құзыреттілікті аталған құзыретті сапалы қолдану деп түсінеді . Н.Н.Нечаев құзыреттілікті «өз ісін, орындалатын жұмыстардың мәнін, күрделі байланыстар, құбылыстар мен үдерістерді, мақсаттарға жету жолдары мен құралдарын мұқият білу» деп түсіндірсе. Н.Ф.Талызина, М.Ж.Джадрина және т.б. авторлардың пікірінше, «білім», «білік», «дағды» сөздері «құзыреттілік» ұғымын нақты сипаттай алмайды, өйткені «құзыреттілік» – білімді, білікті, дағдыларды және өмірлік тәжірибені қабылдауды игеру деп тұжырымдайды . Кейбір авторлар педагог құзыреттілігіне бастамашылық, жауапкершілік, ынта-жігер, мақсатшылдық, өзін-өзі қамтамасыз ету, еңбекқорлық сияқты жеке қасиеттерді жатқызады[5].

А.В.Хуторской да «құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдарының мағынасын бөліп көрсетеді. Құзыреттілік – белгілі бір субъектілер мен үдерістерге қатысты қажетті және анықталған өзара байланысты жеке қасиеттердің (білім, білік, дағды, қызмет тәсілі) жиынтығы» деп көрсетсе, В.Ю.Кричевский ғылыми әдебиеттерде «құзыреттілік» ұғымына берілген жалпыға бірдей түсінік жоқ деп есептейді, дегенмен ол табысты қызмет үшін білімнің болуы; осы білімдердің практикада маңыздылығын түсіну; жедел дағдылар жиынтығы; кәсіби қызметке шығармашылық көзқарас сияқты оның белгілерін келтіреді . Жоғарыда көрсетілген анықтамалар «құзыреттілік» ұғымын: маманның дайындығын, «қабілеттілігін» көрсететін білім беру нәтижесі; қоршаған ортаны өзгерту мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім, білік, дағдыларды біріктіру нысаны тұрғысынан сипаттайды.

ЖОО жағдайында болашақ педагог-психологтарды даярлау саласындағы зерттеулерді талдау қазіргі маманның білім беру кеңістігінің субъектілерімен тиімді өзара әрекет жасауға, ұжымда қарым-қатынас жүйесін реттеуге, өз ісәрекеттерін және білім беру ортасындағы оқушылардың іс-әрекетін түзету мен талдауға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттерге мұқтаж екенін көрсетті [6]. Болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру жалпы білім беретін мекемелерде психологиялық қызметтің ерекшелігін ескере отырып, жеке тұлғалардың мәселелерін әрі қарай шешуге, алынған диагностикалық деректердің негізінде отбасылар мен жеке тұлғаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Университеттік білім беру жүйесінде болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттіліктерін қалыптастыруды жан-жақты зерттеуде туындаған белгілі бір мәселелерге қарамастан, толық түрде арнайы қарастыру пәні бола алмады. Бұл педагог-психологтың диагностикалық құзыреттілігіндегі объективті түрде артып отырған қажеттілік пен оны ЖОО оқу үдерісінде қалыптастыру тетіктерін жеткілікті түрде жетілдірілмеуі арасындағы қайшылықтың пайда болуына, сонымен қатар мынадай нақты қайшылықтардың туындауына әкелді: болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігіне қойылатын жоғары талаптар мен теориялық-тәжірибелік білімнің уни-

верситеттің білім беру ортасына экстраполяциялаудың төмен деңгейі; үздіксіз даму тәртібінде қызмет атқаратын инновациялық мектептердегі қарқынды жүріп жатқан білім беру мен диагностикалық негізде инновациялық, тәжірибелік-эксперименталды іс-шараларға болашақ педагогпсихологтардың дайындау деңгейі; болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастырудың объективті қажеттілігі мен университеттің білім беру жүйесі жағдайында осы үдерістің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігі.

А.К.Маркова кәсіби педагогикалық құзыреттілікті – «мұғалімнің қызметін жүзеге асыруға қажетті білім, дағдылары, психологиялық қасиеттері және олардың нормативтік стандарттар мен нормаларға сәйкес іс-әрекетінің жиынтығы» тұрғысынан айқындайды. Оның педагог құзыреттілігі туралы түсінігіне үдеріс (педагогикалық қызмет, педагогикалық қарым-қатынас, жекелік) және еңбегінің нәтижесі (оқушыларды оқуы мен тәрбиелілігі) кіреді. Ол «мұғалімнің білімі мен білігі оның еңбегінің шынайы құрылымынан тұрады», – деп жазды . Ол педагогтың кәсіби құзыреттілігін зерттей отырып, оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететін дағдыларды және педагогтың жеке қасиеттерін топтастырады және педагогтың кәсіби құзыреттілігі – «жеткілікті жоғары деңгейде педагогикалық қызмет, педагогикалық қарымқатынас, мұғалімнің тұлғасы жүзеге асырылатын, сондай-ақ оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде жақсы нәтижелерге қол жеткізетін ерекше еңбек», – екендігін көрсетеді [7]. Сондай-ақ, мұғалімнің кәсіби құзыретін Г.М.Коджаспирова «педагогикалық қызметтің қалыптасуын, педагогикалық қарым-қатынастарды және белгілі бір құндылықтарды, идеалдар мен педагогикалық сана-сезімді ұстаз ретінде қалыптастыруды оқытушының жеке басын анықтайтын қажетті білім» ретінде түсіндіреді .

Қорыта келгенде, кәсіби құзыреттілік болашақ педагог-психологтың білім, біліктілік, дағды, кәсіби ұстанымдарының қалыптасуымен сипатталады. Осыған орай, мамандарды даярлауда құзыреттіліктің төмендегідей түрлерін есепке алған жөн: а) арнайы немесе қызметтік кәсіби құзыреттілік жоғары кәсіби деңгейде қызметті меңгерумен және тек арнайы білімді игеріп қоймай, сонымен бірге оны тәжірибеде қолдануды білумен сипатталады; ә) әлеуметтік кәсіби құзыреттілік кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін, біріккен кәсіби қызмет және серіктестік әдістерін игерумен сипатталады; б) жеке кәсіби құзыреттілік өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту әдістерін, кәсіби деформацияға қарсы тұру құралдарын меңгерумен сипатталады және осыған маманның өз кәсіби қызметін жоспарлауды, өз бетімен шешім қабылдауды, проблеманы көруді енгізеді; в) дара (индивидуальды) кәсіби құзыреттілік өз-өзін басқара білу тәсілдерін, кәсіби өсуге дайындық, кәсіби қартаюға берілмеу, кәсіби мотивацияның табанды болуы қасиеттерін меңгерумен сипатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана,
2. Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования // Народное образование. – 2003.
3. Краевский В.В., Лемдер И.Я. Теориятические основы процесса обучения.- М.: Педагогика, 1989 – 260с.
4. Құдайбергенова К.С. «Құзырлылықамалының негізгі ұғымдары» /Алматы
5. Алмазова Н.И. Когнитивные аспекты формирования межкультурной компетентности при обучении иностранному языку в неязыковом вузе: автореф. ... док. пед. наук. - СПб., 2003.- 47 с.
6. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностноориентированной парадигмы образования // Народное образование. - 2003. - №2. - С. 58-64.
7. Маркова А.К. Психологический анализ профессиональной компетентности учителя // Советская педагогика. - 1990. - №8. - С. 82-88.

ОҚУШЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Төсбай З.С. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰЛтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың білімге құндылық бағдарын қалыптастыру. Оқушының құндылықтарын және құндылық бағдарларын зерттеуге арналған ықпалдардың негізгі ғылыми-теориялық талдауы бізге оларды әртүрлі бағыт бойынша орналастыруға шартты түрде мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: құндылық,бағдар,білім беру жүйесі,тұлға,зерттеу,бағыт.

Аннотация: В этой статье рассматривается формирование ценностного подхода к знаниям учащихся в современной системе образования. Основной научно-теоретический анализ влияния на изучение ценностей и ценностных ориентиров ученика позволяет нам условно размещать их по различным направлениям.

Ключевые слова: ценности,ориентиры, система образования,личность,исследование, направление.

Annotation: This article discusses the formation of a value approach to the knowledge of students in the modern education system. The basic scientific and theoretical analysis of the impact on the study of values and value orientations of the student allows us to conditionally place them in different directions.

Key word: values, guidelines, education system, personality, research, direction.

Еліміздің егемемдік алуымен байланысты әлеуметтік-экономикалық, рухани салаларымыздың барлық жақтарында жаппай өзгерістер, жаңа бастамалар мен серпімді қадамдар жүрігізіліп жатыр. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың: «Бәсекеге кабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін» Жолдауында атап өткендей «Ұлттық бәсекелестің қабілеті бірінші кезеңде білімділік деңгейімен айқындалады» деп атауы, білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас қалыптастыруды міндеттейді.Білім - бүгінгі күнгі жаһандану жағдайында өркениеттіліктің әрі өлшемі, әрі тетігі, құндылыгы болып табылады. Өлшем болатын себебі, кез келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік-экономикалық та дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейіне байланысты бағаланады. Жаңа типті мектептерде қалыптастырылған сапалы білім сол өркениеттіліктің тетігі болып табылады. Себебі, адамзат баласын тамсандырған таңғажайып жаналықтар қашан да білімді - құндылық деп біліп, соған бүкіл мүмкіндіктерін жұмсаған [1].

Мотив адамның мінез-құлқына қозғау салатын, жағымды әрекеттерге бағыттайтын күш. Тиісті мотивтер болмайынша мінез-құлықтың қажетті нормалары бекілмейді, адамгершілік қасиеттер қалыптаспайды. Сол себептен педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесі әдет пен дағдыны, адамгершілік қасиет пен құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолы болып табылады [2].

Әдет - әрекет жасауды қажетсіну, ал әдет дағдымен тығыз байланыста болады.

Жеке тұлғаның құндылық бағдарының қалыптасуы, егер оқушы мен студент үшін оқу, оқу еңбегі шын мәніндегі іштей күйзеліс тудырып, білім деңгейлерін көтеру үшін талпынатын болса, белгілі бір қажеттілікке айналса, онда оқу еңбегі олар үшін құндылық болып табылады. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының мотивация саласының негізін құндылықтар қалайды.

Соңғы кездердегі жеке тұлғаның мотивациялық - құндылық аспектілеріне жасалған зерттеу жұмыстары кең дербес жеке тұлғалық қалыптасу ретінде дамудың танымдық, іс-әрекет және мотивация салаларымен анықталады. Сондықтан жеке тұлғаның құндылық бағдарының мотивтері қандай, болса мотивтердің қалыптасуы қажет пе деген басқа да сауалдарға шешім табу міндеті түр [3]. Құндылық бағдарға қызығу, ынталану, талпыну ұғымдарының студенттің болашақ іс-әрекетгерінің объектілері мен субъектілерімен біртұтас байланысы ғана емес, сонымен бірге сол жеке тұлғаның құндылық бағдарына дұрыс көзбен қарауы деп қарастыру қажет. Ол көптеген психикалық процестерді, қабілетті көтермелейді, оларға дем береді, адамның іс-әрекетін толыққанды, қуатты және жарқын болуына көмектеседі.

Құндылық бағдарының маңызды қасиеттерінің біріне оның серпінділігін, яғни жай ғана қызығушылықтан жеке бастың тұрақты қасиетіне дейін өзгеруін жатқызуға болады.Білуге, үйренуге қызығушылық адамның ми қабатында оптимальды қозу ошағының пайда болуымен байланысты; адамның бір нәрсеге қызығуы кезінде оны тез арада жақсы түсініп, тұрақты қабылдаудың физиологиялық тұрғыдан түсіндірілу себебі де осыдан.Білуге, үйренуге қызығушылықтың адамның санасын оятатын зор күші бар, ол қызығуды қанағаттандыру үшін амалдар мен қажет заттарды іздестірудің пәрмеңділігін, нәтижелігін арттыруға мәжбүр етеді [4].

Жалпы алғанда, жеке тұлғаның құндылық бағдар жүйесіне қызығушылық мынадай факторлардан тұрады деп санаймыз:1.Жеке тұлғаның құндылық бағдар проблемасына қызығу. 2.Жеке тұлғаның құндылық бағдар процесін меңгеруге талпыну, ықылас білдіру. 3.Жеке тұлғаның құндылық бағдарының педагогикалық диагностикасын меңгеруге ұмтылу, талпыну.4. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының ғылыми әдістемесін игеруге ықылас білдіру, қызығу [5]. Сонымен, жеке тұлғаның құндылық бағдар жүйесінің мотивация саласы: жеке тұлғаның құндылық бағдар процесі; жеке тұлғаның құндылық бағдары; жеке тұлғаның құндылық бағдарының педагогикалық диагностикасы және жекетұлғаның құндылық бағдарының ғылыми әдістемесін меңгеруге, қалыптастыруға деген ынта-ықыластың пайда болуымен анықталады. Бұл басты өлшемдердің жекелеген көрсеткіштері;

1. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының маңыздылығын түсінуге, жеке тұлға проблемасына, жеке тұлғаның құндылық, бағдарының ерекшеліктерін білуге ынталану, талпыну.

2. Жеке тұлғаның құндылық бағдар процесінің маңыздылығын түсінуге, құндылық бағдар процесінің ерекшеліктері мен зандылықтарын білуге, жеке тұлғаныңқұндылық бағдар процесінің амал-

дарын үйренуге, құндылық бағдар процесінің қайшылықтарын жеке білуге талпыну, қызығу, ынталану.

3. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының педагогикалық диагностикасының маңыздылығын түсінуге, диагностиканың бағдарламасын жасай білуге, диагностиканың нәтижесін «көре білуге», диагностиканың нәтижесіне қарай тәрбие жұмыстарын жоспарлай білуге, жалпы тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін анықтап, белгілеуге қызығу, ынта-ықылас білдіру, ұмтылу.

4. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының ғылыми әдістемесінің маңыздылығын түсінуге, ғылыми әдістемені тиімді пайдалана білуге, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға ұмтылу, қызығу, ынталану [6].

Қорыта келгенде, құндылық педагогикада тәрбиемен және жеке тұлғаның дамуымен, оны оқытумен, рухани қалыптасуымен байланысты. Сараптай келіп, жеке тұлғаның білімге құндылық бағдарын қалыптастыру, жүйелі түрде мейірімділік, сұлулық, танымдық сияқты айқындалған тәуелсіз диалектикалық–материалдық қадамдарды бөліп алуға мүмкін болады. Құндылық-адам, еңбек, отан өз бетінше белгіленген философиялық тұжырымдамада диалектикалық материалдық қадамдар. Адамдармен қарым-қатынас кезінде жаңа басқышқа көтерілер сәттілік бола қалса, өмірге ұмтылысы жоғарылап, ол адам бақытты болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б.
3. . Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
4. Архангельский Л.М. Ценностные ориентации и нравственное развитие личности. М., 1978 г.
5. Гудечик Я. Психологические аспекты ценностной ориентации. 1979 г.
6. Донцов А.И. К вопросу об управлении ценностными ориентациями личности. М., МГУ. 1971 г.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІ

Құрмашева Н.Қ. – «6М012400 – Педагогикалық өлшем»,2 курс магистранты. ҚазҰлтҚПУ.

Аңдатпа. Бұл мақалада әлеует, интеллектуалды әлеует ұғымдарына түсініктеме беріледі. Теориялық салыстырмалы талдау негізінде интеллектуалды әлеует ұғымы ұсынылады. Болашақ әлеуметтік педагогтардың интеллектуалды әлеуетін дамытудың әдістемесі құрылып тәжірибеде тиімділігі мен нәтижелігі тексеріледі.

Кілт сөздер: әлеует, зият, таным, ақыл.

Аннотация. В данной статье дается понятие о потенциале и интеллектуальном потенциале. Но основе теоретического сравнительного анализа предлагается значение интеллекта, потенциала. Разработана методика развития интеллектуального потенциала будущих социальных педагогов, эффективность и результативность проверяется на практике.

Ключевы слова: потенциал, интеллект, познание, ум.

Annotation. This article gives the concept of potential and intellectual potential. On the basis of the theoretical comparative analysis the meaning of intelligence, potential is offered. The technique of development of intellectual potential of future social teacher is developed, efficiency and effectiveness is checked in practice.

Keywords: potential, intelligence, knowledge, mind.

Бүгінгі күннің талабы Қазақстанда білім беру жүйесін гуманизациялау арқылы нарықтық қатынасты қалыптастыру. Оның нәтижесі - жаңа сапалы зияткерлі ұлт. Ал зияткерлі қоғам құру – біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктейді.

Осыған қатысты ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев жоғары оқу орындарына арналған «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» атты актілік дәрісінде «интеллектуалды ұлт» қалыптастырудың негізгі аспектілерін атап өткен болатын [1]. Осы кезде ата кететін жайт, «Интеллектуалды ұлт – 2020» Ұлттық жобасы аясында жастарды білімділікке,

зияткерлікке, Отан мен халқына қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту мақсатында жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Ұлттың интеллектуалды әлеуетін арттыруда басты құндылықтар ретінде сала мамандарын дамыту басты орында тұр. Бұл ретте дарынды оқушылармен жасалатын жұмыс тиімділігі тікелей әлеуметтік педагогтың білімі мен біліктілігінен өзге, оның интеллектуалды әлеуетін көтеру шараларына тәуелді екендігін аңғарса болады.

Интеллектуалды әлеуеті дамыған мұғалімнің қалыптасуы білім беру үрдісі барысында жүзеге асады. Осы мәселені ғылыми-теориялық тұрғыдан бірқатар Қазақстандық ғалымдар (Г.М.Храпченков, К.К.Құнантаева, А.Н.Ілиясова, т.б) зерделесе, мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытуға қатысты (Б.А.Тұрғынбаева, М.К.Бұлақбаева, т.б) еңбектерінде кеңінен қарастырылады. Болашақ мұғалімдерді дайындау, тұлғаның әлеуетін, интеллектуалдық әлеуетті дамыту мәселелерінің зерттелу деңгейін талдау негізінде әртүрлі аспектіде қарастырылғандығы анықталды.

Интеллект, интеллектуалды әлеует мәселесі көптеген психологиялық мектептердің, бағыттардың зерттеу нысаны болған. Интеллект туралы теорияларды талдай келе, қазіргі әдебиеттердегі «Интеллект» ұғымына төмендегіше анықтама беруге болады: оқуға деген жалпы қабілет; таным үрдістері мен қызметтерінің жүйесі; қоршаған ортаға өмір сүруге бейімдейтін жалпы ақыл-ой қабілеттілігі;тұлғаның әртүрлі өзекті мәселелерді танып-білуге және оны шешуге деген жалпы қабілеттілігі [2]. Сонымен қатар, Л.С.Выготскийдің интеллект табиғатын түсінудің теориялық түрі: вербализация категоризация рационализация деп сипатталады.

Американдық психолог Х.Гарднер адам интеллектісінің кем дегенде сегіз орталығы (лингвистикалық, логикалық-математикалық, көру-кеңістікті, музыкалық, кинестетикалық, натуралды (табиғи), тұлғааралық, ішкітұлғалық) болатындығын негіздеген және оның біреуі ғана іс-әрекетте үстемдік етіп, көзге көрінетін қабілетінде байқалатынын тұжырымдайды.

Дегенмен, интеллект феноменін зерттеулердің көптігіне қарамастан, осы мәселе төңірегіндегі ұғымдар, теориялар және практикалық қолдану тәсілдері айқындалмаған.

Жалпы интеллект» ұғымы (латын тілінен «intellectus» - таным, ұғыну), ойлау қабілеті, рационалды таным деген мағына береді, көне грек ұғымындағы нус («ақыл») сөзінен туындаған. Кейін ұғыну, пайымдау, белгілі бір нәрсеге жету қабілеттері сөзіне синоним болды [3].

«Пайымдау», «зерде», «ақыл», «ұғыну» сияқты синонимдік ұғымдардың жиі қолданылуымен қатар интеллект ұғымы да философияның орталық категориясы қатарына жатады. Аристотельдің ілімдерінде бұл ұғым - зерделі индивидуалды бастама не білдірсе, сол болып танылған [4]. Философиялық ойдың әртүрлі кезеңдерінде интеллект төменгі танымдық қабілет ретінде де түсінілген.

Интеллект деп мидың бейнелеуші қызметінің бүтіндігі мен үйлесімділігін, адамның барлық ақыл-ой қабілеттерінің жиынтығын атайды. Сонымен қатар интеллект деп тұлғаның жеке даму үдерісінде қалыптасатын және өнімді ойлаудан құрылатын ақыл-ой іс-әрекетінің нәтижесі, интегралды өнім; ойлау операцияларын қолдана алу қабілеттілігі; ақпаратты адекватты түрде қабылдау, түсіну, қайта жаңғырту және қолдана алуды сипаттайды [5]. Тақырыбымыздың тірек ұғымы «интеллектуалды әлеует» түсінігін нақтылау үшін, «әлеует» ұғымына салыстырмалы талдау жасап өту қажет.

Әл-Фараби әлеует ұғымын «мүмкіндіктегі сана» ретінде енгізеді және оны жанның бір бөлігі немесе заттардың формаларының мәнін абстракциялауға дайын жанның бір қабілеті ретінде қарастырады. Сана заттардың формаларын қабылдамайынша, ол мүмкіндіктегі сана болып қалады, ал формалардың санада бейнеленіп, іске асу кезінде ол шынайылылықтағы санаға ауысады [6].

Бірқатар ғалымдар (С.И. Ожегов,Н.Ю.Шведова) орыс тілі сөздігінде әлеует сөзіне «белгілі бір қатынастағы қуаттылық деңгейі, қасиеттері мен мүмкіндіктер жиынтығы» деп анықтама берген. Әлеует үнемі оны жүзеге асыратын саламен тығыз байланыста болады және белгілі бір сипаттамалар мен қасиет элементтерінің жиынтығымен анықталады.

Кейбір ғалымдардың пікірінше, тұлға әлеуеті дегеніміз адамның зияткерлік-шығармашылық және уәжді мінездерінің, қасиеттерінің кешенді жиынтығы. Жоғары дәрежелі биік жетістіктерге талпындыратын қабілеттер кешені. Д.Н. Ушаковтың орыс тілі түсіндірме сөздігінде «әлеует» ауыспалы мағынада бір нәрсені жүргізуге, қолдауға, сақтауға қажетті амал-шарттардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді. Кіші кеңес энциклопедиясында «әлеует» мүмкіндік, қолданыста болатын күш, қор, құрал сияқты мағына беріледі.

«Әлеует» термині адамның дамуына қатысты 80-жылдары «адами фактор» ұғымы идеологияға берік сінген кезде қоғамдық ғылымдар саласында кең қолданысқа ие болды. Себебі адами фактор тұлғаның жалпыадамдық қасиеттерінің іс-әрекетке, мінез-құлыққа әсер етуін сипаттайды.

Ғалымдардың осы айтқан ой-тұжырымдамалары мен пікірлеріне сүйене отырып «Интеллектуалды әлеует» ұғымына менің көзқарасым төмендегідей.

Интеллектуалды әлеует – тұлғаның іс-әрекет табыстылығын қамтамасыз ететін тапқырлық, қандай да бір нәрсені істеуге деген қабілеттілігі, дивергенттік ойлау, ассоциация еркіндігі, мотивация және өзгеріске бейім психологиялық құрылым. Демек, біз қарастырып отырған интеллектуалды әлеует қандай болмасын маман иесінің бойынан табылуы қажет сапа болып табылады. Осы тұста әлеуметтік педагогтың да рөлін атап өткен жөн. Болашақ әлеуметтік педагогтың зияткерлік әлеуетінің жалпы мазмұны атқарып отырған міндетіне тән кәсіби қызметімен тығыз байланысты. Осыған орай болашақ әлеуметтік педагог міндеттерін нақтылау маңызды мәселе болып табылады.

Зияткерлік әлеуеті дамыған тұлға – бұл өзінің жеке іс-әрекеттік нәтижелерінің негізгі көрсеткіші, сол жұмыстың субъектісі болады [7].

«Әлеует» ұғымы туралы теорияларға және ғалымдардың оған берген түрлі көзқарастары мен айтқан тұжырымдамаларына сүйене отырып және өз ойымды пайымдай келе біз мынадай қорытынды шығара аламыз. Болашақ мұғалімдердің және әлеуметтік педагогтың интеллектуалды әлеуетін дамыту күрделі әрі көпқырлы мәселеле болып табылады. Және осы мәселе бойынша, қазіргі таңда, көптеген білім беру ордаларында кәсіби маман дааярлау ісінде айтарлықтай жұмыстар атқарылып жатыр. Дегенмен, осы бағытта тек болашақ мұғалімдердің ғана емес, сонымен жалпы білім беру жүйесінің барлық мамандарында осы сапаны дамытудың жолдарын айқындап, зияткерлік әлеуеттің көрсеткіштері және оларды зерттеуді әдістемелік жағынан қамтамасыз ету тұрғысынан жалғасын табу қажеттілігі бар деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Астана 30 қаңтар. Қ.Р Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Интеллектуалды ұлт - 2020» жобасы.
2. Вассерман Л.И. и др. Потенциал интеллектуального развития: тестовая методика психологической диагностики. – СПб.: Речь, 2008. – 112 с.
3. Философиялық энциклопедиялық сөздік.-М.: ИНФРА-М, 1999.-576с.
4. Аристотель. Сочинения. М.: Изд. - Мысль, - 1976. Т.1. - 550с.
5. Аубакирова Ж.К. «Научно-теоретические основы повышения интеллектуального потенциала студентов университета». Отчет № 3.МОН РК, ВКГУ имени С.Аманжолова, Усть-Каменогорск 2012.- 51 с.
6. Аль-Фараби //Историко-философские трактаты. Философия Аристотеля.- Алма-ата: Наука, 1973. - 223 с.
7. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту Тұжырымдамасы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(36). 2012, 3-12 б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ЖЕТІСТІКТЕРІН МОНИТОРИНГ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Даутбаева А.Т. - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», 2 курс магистранты, ҚазҰЛтҚызПУ

Аңдатпа. Мақалада оқыту үдерісіндегі оқушылардың білім жетістіктерін бағалау мен білім жетістігіне жүргізілетін мониторингтің ерекшеліктері қарастырылады.

Кілт сөздер: мониторинг, оқыту үдерісі, бағалау, білім беру, педагогикалық жүйе, педагогикалық мониторинг.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности мониторинга учебных достижений и оценки образовательных достижений учащихся в процессе обучения.

Ключевые слова: мониторинг, процесс обучения, оценка, образование, педагогическая система, педагогический мониторинг.

Abstract. The article deals with the features of monitoring educational achievements and evaluation of educational achievements of students in the learning process.

Keywords: monitoring, learning process, evaluation, education, pedagogical system, pedagogical monitoring.

Қазақстанда білім сапасын бағалау әлі де бақылаушы және басқару органдарының бақылау қызметі ретіндегі іс-әрекет болып отыр. Ол сыртқы бақылау–тестілеу, бақылау үзігі және аттестациялау, лицензиялау арқылы жүзеге асырылады. Білім сапасын бақылау сол оқу орындарының өзімен жүргізіледі. Атап айтқанда, оқушылардың күнделікті және жылдық үлгерімі, көшірілу және мемлекеттік емтихандар қорытындысы, оқу-тәрбие үрдісінің жеке параметрлерінің жағдайын талдау[1]. Бірыңғай критериалды негізде бағалау, өзін - өзі талдау, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі және өзара бағалау, рефлексия дағдыларын қалыптастыру білім алушыларға өзінің оқу қызметін басқарудың тиімді құралдарын

меңгеруге мүмкіндік береді, өзін-өзі сананың дамуына ықпал етеді, өз ұстанымын ашық білдіру және қорғау, өз бетінше іс-әрекеттер мен іс-қимылдарға дайындық дағдыларын қалыптастырады, алынған нәтиже үшін жауапкершілікті қабылдауға ықпал етеді

Мониторингті тиімді жүргізу шарттары. Оқыту үдерісінде оқушылардың білім жетістіктерін бағалауға әсерін тигізбей қоймайды. Мониторинг бойынша мамандар оның тиімділігінің бірқатар шарттарын бөледі, олардың ішінде: ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және интерпретациялау бойынша жүйенің үйлесімді жұмысын қамтамасыз ететін жүйелік тәсілді пайдалану; мониторингтегі сандық және сапалық өлшеу әдістерінің үйлесуі; мониторинг көрсеткіштерінің репрезентативті жиынтығы, оның ішінде оқыту нәтижелеріне жанама әсер ететін факторларды есепке алу; көрсеткіштер арасындағы әртүрлі әсер ететін факторлар мен байланыстарды ескере отырып, мониторинг деректерін дұрыс түсіндіру; мониторингке қатысатын оқушылардың іріктемелі жиынтығының репрезентативтілігі; білікті мамандар мен мектеп оқытушыларын мониторинг жүргізуге тарту; мониторинг деректерін өңдеу және талдау үшін сапалы құралдар мен қазіргі заманғы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану; әртүрлі деңгейдегі білім беруді басқару органдары тарапынан әдістемелік және қаржылық көмек.

Білім сапасын бағалаудың пайда болуын еуропалық мәдениетте білім сапасын бағалаудың дискретті шкаласын енгізудің және оны құжаттаудың алғашқы талпыныстары қабылданған кезін XV ғ. жатқызуға болады. Онымен бірге топтар, факультеттер және оқу орындары бойынша орташа көрсеткіштерді сандық анықтауға негізделген білім сапасының мониторингісінің қарапайым жүйесі де пайда болды. Иезуит мектептерінде оқушыларды ерекше белгілермен марапаттау жүйесі болды, марапаттар ретінде жетондар немесе таспалар болды. Ерекше көзге түскен оқушылар құрметті кітаптарға енгізілді, олардың аттары мәрмәр тақталарында жазылды. Сонымен қатар, жеке оқу топтары арасында жарыстар мен білім алу жүйесін жетілдіру жолдарын іздеу элементі пайда болды. Осындай айырмалық белгілердің статистикасын жүргізу және сол уақытта білім беру сапасының өзгеруін қадағалаудың қарапайым нысаны болды [2]. Кез-келген оқушы алған бағасының әділ болғанын қалайды. Өзімізге белгілі оқушылардың оқу жетістіктерін дұрыс бағаламаудың салдарынан, бала психикасына жазылмас жара салған ұстаздар қаншама. Біздің ата-аналарымыз білім алған Кеңестік білім беру кезіндегі бағалау жүйесі әлі күнге жалғасуда.

Бағалау үрдісін қайта қарастырудың өзектілігі осы күні білімдегі заманауи стратегиялық міндеттермен, білім сапасына қойылатын халықаралық стандарттарды және заман талаптарын ескеріп, білім сапасының деңгейін арттыру қажеттілігімен, білім беру нәтижелерінің объективтілігін және қазақстандық мектеп түлектерінің ел сыртындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатымен, білім алушылардың оқу жетістіктерінің бағасына және оны бағалауға бірыңғай талаптарды әзірлеу қажеттілігімен анықталуда. Қазақстанның PISA-2009 нәтижелерін талдау ұлттық білім беру жүйесін, ҚР Білім беруді 2011-2020 жылдарда дамытудың мемлекеттік бағдарламасыны шеңберінде білім саясатындағы басым бағыт ретінде бағалау жүйесі және білім сапасының мониторингін жетілдіру үшін өзекті келешегін көрсетуде [3].

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау — оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады. Сол себептен, зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып, оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі. Бұл жерде оқушылар өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады. Өйткені, дәстүрлі бағалау процесінде мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Сонда оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды. Бағалаудың жаңа әдісінде оқушы бағаны қандай критерийлер бойынша алғанын, келесі сабақтарда қандай критерийлерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Бұл жүйеде оқушының нәтижесімен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Одан басқа оқушыларды бағалауда мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады: біріншіден, оқушының қызығушылығы артады; екіншіден, мұғалімнің жұмысы да жеңілдейді [4].

Ю.К.Бабанский әрбір оқушының үлгермеуінің басым себебін «педагогикалық консилиум» барысында анықтау қажет деп атап көрсетеді.

Ұжымдық әңгімелесулер барысында сынып жетекшісі, пән мұғалімдері жүйелі түрде зерттеу негізінде нақты оқушы туралы өз пікірін айтады, өз көзқарасының пайдасына дәлел келтіреді, әріптестерінің пікірін тыңдайды. Жеке тұлғаның жеке қасиеттерін бағалауда әр түрлі пәндерден сабақ беретін мұғалімдердің пікірлерінде айырмашылықтар туындауы мүмкін. Оқушының оқуға деген белсенділігін арттыру үшін жеке көзқарас табу. Консилиум нақты оқу мүмкіндіктерінде әлсіз жақтарды анықтаумен және оларды дамытуға бағытталған шараларды жоспарлаумен аяқталады.

Оқыту сапасын басқару бойынша негізделген шешімдерді қабылдау үшін оқу процесінің бары-

сы туралы сенімді ақпаратты меңгеру қажет. Мұндай ақпаратты жүйелі түрде мониторинг жүргізу кезінде алуға болады.

Біздің пікірімізше, «Білім беру мониторингі - педагогикалық жүйе қызметі туралы ақпаратты ұйымдастыру, жинау, сақтау, өңдеу және тарату нысаны, оның жай-күйін үздіксіз бақылауды және оның дамуын болжауды қамтамасыз етеді»[5].

Бақылау пәні бойынша келесі екі деңгейлі мониторинг жүйесі құрылады: 1-ші деңгей-дидактикалық және тәрбиелік;2-ші деңгей-білім беру мониторингі.

Педагогикалық технология негізінде құрылған мониторингтің ерекшелігі, оны әзірлеу, сынақтан өткізу және одан әрі жүзеге асыру процесінің өзі оқтайлы білім беру жүйесін құратын психологиялық қызметпен және әкімшілікпен ынтымақтастықта педагогтердің шығармашылық дамуына негіз болып табылады.

Педагогтар үшін мониторинг жеке кәсіби қызметін қайта құру құралы болып табылады;

Психологиялық қызмет үшін, тұтастай алғанда, мониторинг дамыту және оңалту міндеттерін конструктивті шешуді қамтамасыз ететін оның қосымша функцияларының қалыптасуына ықпал етеді;

Әкімшілік үшін - қызмет нәтижелерін болжауға, оларды одан әрі дамытуға мектеп тұжырымдамасын енгізуге ықпал етеді.

Біздің ойымызша, білім беру мониторингінің мақсаты педагогикалық жүйенің жағдайын үздіксіз бақылауды қамтамасыз ету және оның дамуын болжау ғана емес, сонымен қатар түзету жұмыстарын жүргізу немесе басқа да тиісті шараларды қабылдау жолымен оларды дер кезінде жоюға мүмкіндік беретін оқушылардың білімдеріндегі олқылықтар туралы нақты ақпарат беру болып табылады.

Педагогикалық мониторингтің біртұтас жүйесін оның мазмұндық және іс жүргізушілік жақтарын - үш құрамдас бөлігі ретінде көрсетуге болады: процесс құрамы; жүйе құрамы; педагогикалық мониторинг қызметінің құрамы.

Мониторинг процесінің құрамына мақсат қою, бақылау, процесті басқару, нәтижелерді бақылау кіреді. Мониторинг жүйесінің құрамына іс-қимылдар алгоритмі, өлшеуіштер пакеті, ақпарат көздері, деректер базасы, өңдеу құралдары, ақпараттық-әдістемелік банк және ақпаратты пайдаланушылар кіреді. Мониторинг қызметі сарапшылар тобынан, әкімшілерден тұрады және басқару аппараты, психологтар, әлеуметтанушылар, оқытушылар. Жүйе барлық үш құрамдас бөлігі біртұтас біріктірілгенде жұмыс істей бастайды.

Қорыта келе мониторинг арқылы оқушының білім жетістіктерін жоғары деңгейге жеткізіп қана қоймай жалпы мектептің, ондағы оқыту үдерісінің оң нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Білім сапасын арттыру үшін мониторингтің тағы бір сапалы тұсы, басшылық пен ұжымның бірігіп жұмыс жасап, бір-біріне деген сенімділік пен бағалау нәтижелерін көпшілік алдында талқылау жағдайында ашықтықтың күшеюін, барлығы түсініп қабылдайтын жаңа мақсаттар мен міндеттерді анықтауын қамтамасыз етеді. Сонымен қоса, оқыту сапасын бағалау тиімділігі бағалау субъектілерінің құзіреттілігіне, бағалау процедурасымен жұмыстың ұйымдастырылуының байланысына тәуелді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Көкіжанова Д.К. http://melimde.com. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау-білім сапасын басқарудағы негізгі критерий.
2. http://cyclowiki. Мониторинг_качества_образования
3. Юсупова Б.М. http://engime. Бастауыш мектепте оқушыларды оқу жетістіктерін критериалды бағалау
4. http://www.profile-edu.ru. Мониторинг в образовании. Виды мониторинга
5. Даутбаева А.Т. Педагогикалық диагностиканың ерекшеліктері. «Қазіргі ғылым мен білім мәселелері». // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтөбе, 30.11.2018. Б. 47-50.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН ТӘУЕЛСІЗ САРАПТАУДЫҢ ЗЕРТТЕУ ЖАҒДАЙЫ

Икрамова А.Ш. - п.ғ.к. қауым.профессор м.а.
Ясынова А.Е. - «6М012400 – педагогикалық өлшемдер», 2 курс магистранты, ҚазҰЛтҚызПУ

Аңдатпа. Бұл мақалада тестілеу арқылы оқушылардың білімін тәуелсіз сараптаудың зерттеу жағдайы ерекшеліктері, өлшеу түрлері қарастырылады.

Кілт сөздер: тест, тәуелсіз сараптау, талдау, өлшемдік тест

Аннотация. В настоящее время тестирование широко применяется для оценки уровня знаний в образовательных учреждениях, при приеме на работу, для оценки квалификации работников учреждения, а именно практически во всех сферах человеческой деятельности и независимой экспертизы качества знаний студентов

Ключевые слова: тест, независимая экспертиза, анализ, измерительный тест

Abstract. Currently, testing is widely used to assess the level of knowledge in educational institutions, in hiring, to assess the qualifications of employees of the institution, namely in almost all spheres of human activity and independent examination of the quality of students ‘ knowledge.

Keywords: test, independent examination, measurement test, analysis

Білім сапасын сараптаудың барынша барабар құралдарын іздеу, олардың теориялық және практикалық негіздемелері, тұлғаның даму деңгейін бағалау және сараптау жүйесіндегі орын мен функцияларды анықтау қажеттілігімен анықталады.

Бақылау түрлерінің біріне тестілеулер жатады. Бақылау арқылы бірқатар ғалымдар (Ш.И.Амоношвили, В.М.Полонский М.Н.Скаткин, В.С.Цетлин, Н.В.Селезнев) зерттеулер жүргізген.Бағалауға екі объект қатысады, мұғалім бағалаушы, оқушы бағаланушы. Профессор Щ.А.Амоношвили бағалау - баға берудің іскерлік нәтижесі, сапасын зертеген. Оқытудың негізгі технологиясында оқушылардың білімін тексеру түрі күнделікті бақылауды енгізген [1].

Тестілеу арқылы оқушылардың білімін тәуелсіз сараптаудың ерекшеліктері: педагогикалық тестілеу деңгейі тестілеу орны арқылы анықталады, оқушыларды тестілеуге дайындау бойынша білім беру мекемесінің қызмет алгоритмі және педагогикалық тест әзірлеу алгоритмі жасалады; қазіргі заманғы білім беру технологиялары контекстінде тестілеу негіздемесі ерекшеліктері; тестілеу нәтижелерін көп өлшемді талдау әдістерінің ерекшеліктері: дидактикалық, тұлғалық-бағдарлы, мазмұнды; білім беру сапасының білім компонентін сараптауда тестілеудің орны мен ерекшеліктері анықталады.

Тестілеу арқылы тәуелсіз сараптау әдісінің артықшылығы: тексерудің, бақылаудың обьективті болуы; тест арқылы бағалау нақты даралық сипатта болуы; дәстүрлік тексеру әдістерінен тиімдірек болуы; тесттің мәні оның адам қабілеттерін айқындай алуы; [2]

Өлшемдік тест. Бұл тест оқушының білім дәрежесін нақты көрсетеді. Заттың санын білдіретін, өлшемі бар тест түрлері кіреді. Есептеулер, нақты өлшемі бар сұрақтар, заттың санын, мөлшерін, сапасын білдіретін сөздерден құралған тесттер кіреді.

Бақылаудың әмбебап әдісі - тест. Қорытындысьшда дарынды, білгір

Тест тапсырмалары тексерудің дәстүрлі әдістерін жоққа шығармайды, тест арқылы әрбір оқушы білім деңгейін нақты және сандық балл жүйесінде ала алады.

Оқушылардың білімін сараптаудың түрлеріне бағалау түрлеріде жатады [4].

Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын-ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл нормаға негізделген бағалаудан өзгеше. Нормаға негізделген бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі олардың сыныптастарының үлгерімімен салыстырылып қойылады.Оқушылардың пән бойынша оқу жетістіктері екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.

Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде жүреді. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді, балл не баға қоймастан-ақ оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Мұғалімдер оны оқушылардың жетістіктерін өлшеп, алдағы сабқтарын жоспарлау үшін қолданылады.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін/ ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан,оқу жылы,орта білім деңгейі) аяқтаған соң оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі.

Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет.

Қалыптастырушы бағалау – оқыту үшін бағалау, жиынтық бағалау – оқытуды бағалау болып табылады. Қалыптастырушы бағалау – бұл білім алушылардың оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен мұғалімдердің қолданатын мәліметтерді іздеу мен түсіндіру үрдісі. Жалпы қалыптастырушы бағалау сабақ – жүйесінде жеке қарастырылмайтын, сабақпен қатар жүретін үрдіс. Қалыптастырушы бағалаудың (оқыту үшін бағалау) маңызы – білім беруді, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту, мақсаты – оқытудың қиындықтарын анықтау, оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін білу, болжау мен сұрыптау, жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс. Бағалаудың мәні – бақылау, алынған мәліметтердің интерпретациясы, бұдан арғы іс-әрекеттерді

анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау. Ол оқушының жаңа сабақты, тарауды қалай меңгеріп жатқандығын жүйелі түрде бақылап, қадағалап отыру. Жиынтық бақылау жұмысына дейінгі оқушының білім деңгейін қалыптастыру, дамыту, жетілдіру. Қалыптастырушы бағалау жұмысы сабақтың толық бөлігін қамтуы міндетті емес. Ол сабақтың басында, сабақтың ортасында, сабақтың соңғы бөлігінде жүргізіледі [3]. Біздің ойымызша жоғарыда айтылған мәселелер ескерілген жағдайда оқушылардың білімін бағалауда білім сапасының нақты дамуын зерттей аламыз. Білім сапасы артатын болса, ол оқушылардың кейін өзін-өзі бағалау дағдысының қалыптасуына жол ашады.

Соңғы жылдары білім беру сапасының тәуелсіз сараптауда педагогикалық ғылым мен білім беру тәжірибесінің салыстырмалы түрде дербес, тез дамып келе жатқан саласы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ушинский К.Д. О пользе педагогической литературы\ К.Д. Ушинский. – М.: Педагогика ,1996
2. Әбиев Ж., Бабаев С, Құдиярова А. Педагогика.
3.Педагогика және психология. Алматы. Мектеп, 2002 -956 б.
4. Аванесов В.С. Понятийный аппарат педагогической тестологии / В.С.Аванесов // Педагогическая диагностика – 2002. - №2. – С. 33-37

LESSON STUDY МОДЕЛІ НЕГІЗІНДЕ САБАҚ ҚҰРЫЛЫМЫН ЗЕРТТЕУДІҢ МАЗМҰНЫ

Байгаскина Ж. - 6М012400 «Пед. өлшемдер» мамандығының 2 курс магистранты, ҚҰҚПУ

Аңдатпа. Бұл мақалада Lesson study моделі негізінде сабақ құрылымын зерттеудің мазмұны баяндалады. Заманауи білім беру, түрлі жаңа технологиялық тәсілдерді қолдану арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру сияқты амал-тәсілдер қарастырылады. Тәжірибелі зерттеуші ғалымдар өз еңбектерінде Lesson study үлгісінің артықшылықтары мен кемшіліктерін атап өтеді.

Аннотация. В этой статье описывается содержание структуры исследования на основе модели Lesson study. Будут рассмотрены современные подходы к образованию, такие как расширение доступа к образованию за счет использования различных новых технологических подходов. Опытные исследователи отмечают преимущества и недостатки модели Lesson study в своих работах.

Кілттік сөздер: жаңа технология, рефлексивті күнделік, бәсекеге қабілетті, Lesson Study моделі, әлемдік үйлестіруші.

Еліміздегі заманауи өзгерістер, тұрақты дамудағы жаңа стратегиялық бағыттар, қоғамымыздың жедел ақпараттандырылуы және жүйелі дамуы білімге қойылатын талаптарды күннен-күнге күшейте түсуде. Осыған сәйкес білім беруді модернизациялау – мұғалімдердің жауапкершілігі мен кәсіби деңгейінің жоғарылығына, олардың оқу үдерісінің көптеген мәселелерін шешуге қатысуына байланысты болады. Білім беру үдерісін ұйымдастыру мәселелерінің бірі – сабақ формасын таңдау, оның құрылымын жоспарлау. Міне осы сұрақтарға байланысты оқушының алған білім деңгейін нақтылауға болады. Сонда ғана білім сапасын жақсартуға, білім деңгейін көтеруге қарқынды жұмыстар жүргізілетінін айтуға болады.

Қазіргі уақытта икемділік пен бейімделу, позитивті ойлау, оқушылар мен мұғалімдердің бірізділік тобын құру, қиын балалармен жұмыс жасау қабілеті, өз өкілеттіктерін жүргізе білу, тұрғылықты жердің деңгейінде әрекет жасау, болашақта пайдасы болатындай жүйелі түрде әрекет ету сияқты құзыреттіліктерге ие мұғалімдер қажет. Осының барлығы – мұғалімнің көшбасшылық қасиеттері мен құзіреттілігі. «Оқушыны қалай оқытуға болатындығына үйренудің» жаңа тәсілін енгізу оқушының қай жерде екенін анықтаудан басталады. Мұғалім білім алуды өздері емес, оқушылар жүзеге асыратынын білуі керек.

Кез келген бастаманы жаһандандыру үрдісі және халықаралық деңгейге жеткізу қоғамның барлық аспектілерінің маңызды ерекшеліктері болып табылады, соның ішінде білім беруге де ерекше мән берілуде. Елімізде жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жан-жақты дамытылып, іс жүзінде жүзеге асырылып келеді. Оған мамандарды қайта оқытып, біліктілігін арттыру, заманауи білім беру, түрлі жаңа технологиялық тәсілдерді қолдану арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру сияқты мысалдарды айтуға болады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажет-

ті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген [1]. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу, сондай ақ әр жеке тұлғаның білім алуға, алған білімін келешекте тиімді пайдалануға, оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуге қол жеткізу көзделуде.

Сабақ – білім беру үдерісінің негізгі формасы. Мұғалім алдында көптеген мақсат-міндеттермен қатар, сабақтың құрылымын құрастыру, жобалау, оның тиімді жолдары мен оқушыны жетістікке жеткізу тәсілдері қамтылуы қажет. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беру желісіндегі ғаламдық ақпаратты жеңілдету қарқындылығын арттыруға және жеделдетуге бағытталған. Ұлттық білім беру органдары, жеке мектептің басшылары, муниципалды көшбасшылар, мектеп әкімшіліктері, мұғалімдер, зерттеушілер және ата-аналар білім беру саласында туындаған кез келген жаңа және тартымды педагогикалық идеяны қолдап, оның нәтижелерін іс жүзінде енгізуді алға тартқан. Алайда, өзге елдің тәжірибесін, жаңалығын енгізудің түрлі жолдары кездеседі, оны жүзеге асыру түпнұсқадағы идеяға, жаңалыққа әсер етуі мүмкін.

Біздің зерттеу жұмысымыздың нысаны – осы модельдің мазмұнын ашып, оның шығу тегіне шолу жасап, тұжырымды қорытындылар келтіру. Бүгінгі таңда белгілі бір жергілікті елде бастау алып, кейін басқа елдерде және басқа да мектептерде қолданылып жүрген түрлі білім беру моделдері бар. Солардың бірі, ортақ мәселеге басты назар аударып, зертей отырып даму сатыларына негізделген модель – сабақты зерттеу моделі (LS). Lesson Study үлгісі мұғалімдерге өздерінің педагогикалық тәжірибесін өз оқушыларының білім деңгейін арттыру құралы ретінде қолдана отырып кәсіби дамуына көмектеседі. Lesson Study үлгісі мұғалімдерге өз сыныптарында кездесетін проблемалар негізінде білім, білік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді (Lewis, 2002) [2]. Аталмыш модель ең алғаш рет Жапонияда пайда болды, кейіннен ол АҚШ-та іс жүзінде қолданылып, қазіргі кезде басқа елдерге кеңінен таралуда.

Lesson Study әлемнің түпкір-түпкірінде әртүрлі жергілікті тәжірибеге айналған әлемдік педагогикалық модель. Ал, Жапонияда Lesson Study мұғалімдердің күнделікті тәжірибесінің кең таралғаны көптеген ғылыми әдебиеттерде ашып көрсетілген. Екі ғасыр тоғысында көптеген Еуропа елдерінің зерттеушілері Фернандес, 2002; Льюис, 2000; Льюис және Цухида, 1998 модельдің мазмұны мен құрылымына тоқталады [3]. Олар өз еңбектерінде LS үлгісінің артықшылықтары мен кемшіліктерін атап өтеді. Айталық, бұл модель Жапонияда XIX-шы ғасырдан бастап қолданылып келетінін және 1960 жылдардан бастап кәсіби дамуда маңызды рөл атқаратынын Льюис, 2000; Мурата, 2010; Оно және Феррейра, 2010 айтып кеткен [4]. Осы авторлар бірлестігінде 1999 жылы орындалған «Teaching Gap, Stigler and Hiebert» атты еңбек LS моделін кең көлемде қолдану тәжірибесін ортаға салады[4].

Бүгінде LS әлемнің көптеген елдеріне, соның ішінде АҚШ-та кеңінен таралды (Кербин және Копп, 2006; Фернандес және басқалар, 2003; Льюис және басқалар, 2004; Мурата, 2010; Паркс, 2009; Перри және Льюис, 2008), Азияның кейбір елдері (Ли , 2008; Сайто, 2006), Израиль (Робинсон мен Лейкин, 2012), Австралия (Сэм, 2005), Оңтүстік Африка (Оно және Феррейра, 2010), сонымен қатар Еуропа елдері (Дэвис және Даннилл, 2008 ж.); Дадли, 2013; Эриксон және Стахле, 2010) білім беру үдерісінде қолдану тәжірибесі баяндалады [3].

Біз зерттеу жүргізген талдау арқылы LS моделі ең алдымен мұғалімдердің тәжірибесін жақсартуға бағытталған кәсіби даму моделі болып қабылданады (Cerbin and Kopp, 2006) [2,67б]. Бұл модель сабаққа дейінгі жоспарлауды жетілдіруге де, оқушылардың білімін жетілдіруге арналған тиімді оқыту стратегиясын жасауға да бағытталған (Льюис және басқалар, 2004) [4,60 б]. LS моделінде бір топ мұғалімдер нақты оқу мақсатымен егжей-тегжейлі сабақ жоспарын дайындайды.

Аталған еңбектерде іс жүзінде модель нәтижелері сапалы (Льюис, 2002) білім алу үшін септігіні тигізетіні айғақ: мұғалімдер оқушыларды оқыту мақсаттарын нақтылауды, олардың аталмыш пән бойынша немесе кез-келген тақырыпта қандай мәселемен күресіп жүргендігіне сай негіздейді; мұғалімдер оқу мақсатына жету үшін сабақ жоспарын құруда бірлесіп жұмыс жасайды; бір мұғалім сабақты ғылыми-зерттеу сабағында өткізеді, ал басқалары байқау және бейнекамераға түсіру арқылы сабақтың әртүрлі аспектілері туралы мәліметтер жинайды; сабақтан кейінгі пікірсайыста мұғалімдер оқытудың мақсатқа жеткен жетпегенін анықтау үшін өз бақылаулары мен бейнежазбаларын талдайды; қажет болса, олар жаңа сабаққа дайындық жаттығуларын жетілдіруді жоспарлайды.

Сабақты зерттеудің (Lesson Study) тәсілдерін пайдалану түрлі елдердің орта білім беру жүйесінде және мұғалімдерді даярлау жүйесінде кеңінен танымал бола түсуде, ал соңғы жылдарда жоғары педагогикалық білім беруде өз орнын алып келеді.

Қазақстанда ашық сабақты бақылаушылар сабақты бағалауға және сабақты өткізген мұғалімге өз пікірлерін қалдыруға тырысады. Жапондық Lesson Study-да бақылаушылар мұғалімдерге пікір

қалдыра алады, бірақ олар өздерінің бақылау дағдыларын немесе олардың оқу дағдыларын жақсартуды қалайды. Жапонияда талқылауға қатысқан мұғалімдер басқа мұғалімдердің идеяларын түсінуге тырысады.

Lesson Study моделі мұғалімдер өз сабақтарын және оқушылардың оқуын қалай жетілдіруге тырысатынын көрсетеді. Lesson Study тақырыбын әр мұғалімге бөліп беруге болады, бірақ егер бір мектептің мұғалімдерінің ортақ тақырыбы болса ол да өте тиімді.

Біз өз тәжірибемізде Lesson Study моделін қолданып, оның тиімді жолдарын атап өтуге негіз бар: бақылаушы және бақылауға алынатын объект ерікті түрде құрылады. Бұл алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін өте маңызды мәселе; Lesson Study-да қажет болған жағдайда дұрыс бағыт-бағдар беретін, зерттеу тақырыбын қалыптастыра білетін «сынаушы дос», яғни үйлестірушінің болғаны қажет; дұрыс қалыптастырылған тақырып немесе зерттелетін мәселе – алға қойылған мақсатқа қол жеткізудің негізгі кепілі; жұмыс барысында әртүрлі мәселелерге байланысты бас қосуда немесе өзгерістердің туындауына байланысты зерттеушілердің ішінен сайланған көшбасшының болғаны өте тиімді; Lesson Study-да зерттеуге қатысатын әр оқытушы өзбетінше зерттеу жүргізу үшін қажет болатын рефлексивті күнделік жүргізгені абзал.

Қорыта келе, Lesson Study – бұл педагогикалық практика саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сыныптағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше формасын сипаттайтын педагогикалық тәсіл және жұмылдыра көтерген жүк жеңіл екендігін осы тәсілдің тиімділігінен байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы//Алматы, 2010.6 б.
2. Пит Дадли. Lesson Study: теория и практика применения. – Астана: Центр педагогического мастерства АОО НИШ.-2013
3. Бакирбекова А.М., Жолбасарова А.Б. Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіру/Астана, 2015/[Электрондық ресурс]: http://martebe.kz /bilim-beru-zhuiesin-zhetildiru.
4. Тошия Чичибу. Руководство для учителей по реализации подхода Lesson Study (исследование урока). – Астана: АОО НИШ Центр педагогического мастерства. 2013.- С.68-69.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ БІЛІМАЛУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Борасынбаева С.А. - «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы, 2-курс магистранты

Аңдатпа. Бұл мақалада студенттердің танымдық іс-әрекетінің эксперименталды-педагогикалық негіздері берілген. Болашақ мамандардың когнитивті мінез-құлқының сапалы деңгейі оның дербестігін анықтайды, тұлғаның когнитивті арналарының даму ерекшеліктері арасындағы интеллектуалды дамудың жоғары деңгейін және тікелей байланысты көрсетеді.

Аннотация.

В данной статье представлены экспериментально-педагогические основы познавательной деятельности студентов. Качественный уровень когнитивного поведения будущих специалистов определяет его самостоятельность, подчеркивая высокий уровень интеллектуального развития и прямую связь между особенностями развития когнитивных каналов личности.

Abstract.

This article presents the experimental and pedagogical basis of students' cognitive activity. The quality level of the cognitive behavior of future specialists determines its independence, emphasizing the high level of intellectual development and the direct connection between the peculiarities of the development of cognitive personality channels.

Кілт сөздер: педагогикалық колледж, колледж оқушылары,танымдық іс-әрекет, білім мазмұны, әдіс-тәсілдер

Қоғамның әлеуметтік экономикалық міндеттеріне сай өскелең ұрпақты өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындауда. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысы» атты еңбегіне негіздей отырып: «Тәрбиенің мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезеңінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген XXI ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделгіш, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру» деген тұжырым жасауы арқылы педагогикалық қауымның алдында өзекті міндеттер айқындалады[1]. Осыдан жастардың

бойына әдептілік пен іскерлікті, қарым-қатынасты мәдени сапа деңгейінде қалыптастыру мәселесі туындайды. Жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту – үзіліссіз әрі кешенді түрде жүргізілетін іс. Сондықтан, оқушыларды танымдық іс-әрекет мәселелерімен таныстырып, бұл бағытта қалыптастыру мүмкіндіктерін жан-жақты ескеру керек. Осы орайда, педагогикалық колледждердің алатын орны орасан зор.

Колледж өзінің даму тарихы бойынша кәсіптік мектепті, орта кәсіптік-техникалық училищені, орта арнаулы оқу орындарын қамтиды. Бұрынғы энциклопедиялық сөздіктерде «колледж» ұғымы (ағылшын тілінде college) – Англиядағы, АҚШ-тағы және т.б. елдердегі оқу орны немесе ғылыми мекеме, кейде университет құрамына кіреді – деп анықталған [2].

Қоғам өзгерістері мен заман талаптарына байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары жоғары және орта арнаулы білім жүйесіндегі реформалар нәтижесінде, жаңа типті оқу орны – колледждер пайда болды. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде де бұл оқу орнының түрі көптеп таратылып, дамып келеді.

Педагогикалық колледж – жаңа білім мазмұнын, оқыту мен тәрбие берудің жаңа технологиясын, педагогикалық үдерісті инновациялық әдіспен басқаруды қамтамасыз ететін орта кәсіптік оқу орны. Педагогикалық колледж болашақ маманды кәсіппен, біліктілікпен және мамандықпен қамтамасыз етуі тиіс.

Педагогикалық колледж оқушыларының танымдық іс-әрекетін қалыптастыру мәселесін зерделеу ең алдымен «қатынас», «қарым-қатынас», «танымдық іс-әрекет», «педагогикалық қарым-қатынас», «коммуникация», ұғымдарын анықтап алуды талап етеді. Танымдық іс-әрекет екі немесе одан да көп адамдардың бірлескен әрекетінің ортақ нәтижесіне қол жеткізу негізінде тұлғаның дамуына ықпал етумен анықталады.

Білім беру және оқушы тұлғасын дамытуда оның белсенді оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы қалыптастыру, келесідей факторлармен түсіндіріледі:

Біріншіден, оқу-танымдық іс-әрекетті қалыптастыру мәселесі және пәні көп қырлы. Бұл, білім беру және оқушы тұлғасын дамытуда оқу-танымдық іс-әрекет ғылыми пәндердің кең аясын қамтитын ұғым болып табылатындығын көрсетеді. Мұндай тұжырым бұл ұғымды философиялық, психологиялық, физиологиялық, дидактикалық тұрғыдан қарастыру қажеттігін анықтайды.

Екіншіден, оны меңгеру әдістері және дидактикалық тұрғыдан шешімін зерттеу нәтижелері мен жетістіктерін басқа тұрғыдан қарастыруда қолдану арқылы ерекшелеу қажеттілігі туындайды.

Үшіншіден, педагогиканың басты мақсатын есепке алып, адамды белсенді әлеуметтік іс-әрекетке жұмылдыра отырып, оның тек қана тұлғаны әлеуметтік, оқу-тәрбиелік дайындау арқылы ғана жетістікке жете алатынымызды ескеруіміз қажет.

Оқу-танымдық іс-әрекетті әдіснамалық талдау диалектика заңдарына, оның таным теориясына, сонымен қатар зерттеудің диалектикалық әдісіне шығармашылық тұрғыдан сүйенуді ұсынады. диалектикалық әдістің негізгі талаптарын ұсынған: пәннің барлық жақтарын меңгеру; пәнді өзіндік логикалық дамуы бойынша қарастыру; барлық адамдық практиканы пәннің толық анықтамасына енгізу; абстракциялық ақиқат жоқтығын, ақиқат әрқашан нақты екенін ескеру [3, 290б].

Мәселені осы тұрғыдан талдау келесі талаптарды орындауды білдіреді: 1. Дидактикалық мәселенің тірек ұғымдарын талдау олардың таным теориясындағы философиялық түсінігі негізінде орындалуы тиіс; 2. Ғылыми және оқу танымының байланысына негіздеп, оқу танымының маңызды белгілерін және оны орындау кезеңдерін ерекшелеу қажет. 3. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті объективті нақтылық және әрқашан даму үстінде болып табылатындығын сезіну, сонымен қатар әрбір оқушының тұлға ретінде дамуын қамтамасыз ету қажет: дамудың екі үдерісі де заңдылық сипатта. 4. Таным мен тұлға дамуының қозғаушы күші қарама-қайшы екендігін сезіну қажет.

Таным теориясы қарастыратын мәселелер тізімі басқа да талаптарды ерекшелеуге мүмкіндік берді. Біз өз зерттеуімізде осы төрт талаптарды орындауға тырыстық.

Сонымен, бірінші талапқа тоқталатын болсақ, зерттеудің нысаны мен пәні тірек ұғымдар ретінде келесі ұғымдарды: тұлға, даму, іс-әрекет, мақсат, таным қарастыруды қажет етеді.

Бұл ұғымдар дидактикада философиялық түсініктер ретінде қалыптастырылады.

Ұғымдарды қарастыру ретін анықтау үшін, біздің қойылған мәселеміз екі жақты: кім білім алады және дамиды, және оған кім осындай мүмкіндікті жүзеге асыруға жағдай жасайды. Олай болса, біздің қарастырып отырған мәселеміз бойынша философиялық мәселе субъект-объекті қарым-қатынасы маңызды орын алады. Дидактикалық тұрғыдан бұл қарым-қатынастардың танымдық маңыздылығы.

П.В.Алексеев, А.В.Панин танымдағы субъект-объект қарым-қатынасының мәнін аша отырып, былай деп жазады: «Таным субъектісі дегеніміз не?» таным субъектісі ретінде саналы түсінетін және білімі бар адам түсіндіріледі. Әрі қарай «Субъект – белсенділікке бағытталған өзек, заттық-практи-

калық іс-әрекетті, бағалау мен танымды тасымалдаушы» «Субъект» ұғымының анықтамасын түсіндірудегі ұқсастықты біз В.А.Лекторскийдің, Т.Н.Ойзерман, А.Г.Шумилина, Э.Г.Юдина және т.б. философтардың еңбектерінде кездестірдік.

Осындай қарым-қатынастың объектісі кең түрде қоршаған нақтылық, сонымен қатар табиғат, қоғам, адам, оқу материалы жиынтығы түсіндіріледі. «Объект – бұл субъектіге қарама-қарсы ұғым».

Субъект ұғымы «тұлға» ұғымымен байланыстылығымен маңызды. Бұл ұғымның философиялық тұрғыдан көрінуі алдымен адамның тұлға ретінде қалыптасуының әлеуметтік сипатын ерекшелейді. «Адамның мәні ...барлық қоғамдық қарым-қатынастардың жиынтығы». [4, 84-86б]. Бұл тұлға ұғымы анықтамасын түсіндіруге деген бір ғана көзқарас емес. Бірақ та жалпы жағдайда «тұлға» ұғымының философиялық тұрғыдан қарастыру адамды: қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіне; белсенді іс-әрекетке; белсенді таным үдерісіне енгізуді білдіреді.

Жоғарыда айтылып кеткеніндей іс-әрекетте субъект өзінің объектісімен қарым-қатынасын жүзеге асырады.

«Іс-әрекет субъект мен объектінің біріктіреді және біруақытта ажыратады». Сонымен қатар іс-әрекетке қатысушы мен іс-әрекет затының сәйкессіздігін ұсынады. Іс-әрекеттің біріктіруші сипаты, өзгертілген және түрлендірілген іс-әрекет объектісі субъектінің бөлігі болып табылады. Адам іс-әрекетті орындай отырып, әлемді түрлендіре және өзгерте отырып, өзін өзгертеді.

Қазіргі философияда «іс-әрекет» ұғымының анықтамасын тұжырымдауда бірдей көзқарас жоқ. Философиялық сөздікте іс-әрекетке келесідей жалпылама анықтама беріледі: «Іс-әрекет – бұл үдеріс, оның барысында адам табиғатты шығармашылық түрде түрлендіріп, өзгертеді. Мұнда адам субъект, ал табиғат іс-әрекеттік объектісі болып табылады».

Бұл ұғымның басқаша тұжырымдамасын Э.Г.Юдин «Философиялық энциклопедиялық сөздікте» (М., 1989) келесідей келтірген: «Іс-әрекет адамның қоршаған әлемге белсенді қарым-қатынасының ерекше формасы, оның мазмұны осы әлемді мәдениеттің жеке формаларын дамыту мен меңгеру негізінде мақсатқа сай өзгерту мен түрлендіруден құралады» [10, 267-268 бб.].

Іс-әрекет, осылайша объект мен субъектінінің белсенді қарым-қатынасының формасы бола отырып, оларды өзара байланыстырады. Бұл қарым-қатынастың мақсаты әлемді, басқаша айтқанда іс-әрекет объектісін «өзгерту мен түрлендіру» болып табылады.

Қорытынды. Қорыта келе айтарымыз, танымдық іс-әрекет оқушылардың негізгі іс-әрекеті болып табылатын күрделі үрдіс бола отырып, ол оқушы міндеттерінің шешіліп, мақсаткерлік, мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық үрдістің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен т.б. сипатталады.

Бұл қызыға оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде қалыптасады. Оны қалыптастырудың негізгі жағдайлары:

- оқытудың мазмұны, ғылым мен техниканың соңғы табыстары, бұрыннан білетін мағлұматтың жаңа қырынан ашылуы;

- білімалушылардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру.

- сабақта қолданылатын көрнекі құралдардың тиімділігін арттыру, танымдық ойындар ұйымдастыру, пәнаралық байланыстарды тудыру, оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, білім тексеру мен бағалаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану арқылы оқытудағы кері байланысты жетілдіру.

- оқытушы мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты сыйластық ізеттілік түрінде орнатып, жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 640 б.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ережелер. - Астана, 2018. – 64 б.
3. Ананьев Б.Г. О человеке как объекте и субъекте воспитания. - В кн.: Избранные пси¬хологические труды. В 2-х т. – М.: Педагогика, 1980. – Т.2. – С.287-296.
4. П.В.Алексеев, А.В.Панин Философия Москва 2005 – 84-86б
5.. Философский энциклопедический словарь. — М.: Советская энциклопедия, 1989.

КРИТЕРАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ

Әлімғали Д.Ә. - 6М012400- «Пед. өлшемдер» мамандығының 2 курс магистранты.

Андатпа. Бұл мақалады критериалды бағалаудың – оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушының оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдерісті қарастырылады.

Аннотация. В данной статье рассматривается критериальное оценивание – процесс, предварительно знакомый всем участникам образовательного процесса, и так же основанный на сопоставлении учебных достижений учащихся с четко определенными критериями, которые соответствуют целям и содержанию образования.

Annotation. This article discusses the criterion evaluation - a process that is previously explained to all participants of the educational process, and which is also based on the comparison of educational achievements of the students with clearly defined criteria that correspond to the goals and content of education.

Елімізді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Сондықтан да Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің Жолдауларында білім саласына айрықша көңіл бөліп, еліміздің жарқын болашағы білікті де парасатты жастардың қолында екенін назардан тыс қалдырған емес[1]. Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық.

Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту алдына басты мақсат қояды: білім беру бағдарламасын жаңарту контексінде мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және критериалды бағалау жүйесін енгізу. Бұл бағдарлама Д. Брунердің когнитивті теориясына негізделген спиральды білім беру нысанын дамытуға негізделген7 Оқытудың спиральді түрі бүкіл мектепте оқыту барысында күрделенетін материалды қайта қарау дәстүрлі оқыту түріне қарағанда қазіргі заманғы оқушының дамуында үлкен артықшылық береді деп болжайды. Сондай-ақ қазақстандық оқушылардың дамуы оқытудың белсенді түрлерін енгізу арқылы өтетін болады, оның барысында оқушылар өз бетінше белсенді білімге «қол жеткізеді», құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың коммуникативтік дағдыларын дамытуға және проблемаларды шешуге шығармашылықпен қарайды. Оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындап отыр. Осы қажеттілікті шешудің бірден–бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау.

Критериалды бағалау технологиясының қолданысы білім алушылардың жетістіктерін нақты анықталған, алдын-ала белгілі критерийлермен салыстыруды көздейді, әлдебір оқу материалының қаншалықты сәтті меңгерілгенін, әлдебір практиалық дағдының қаншалықты қалыптасқанын анықтап, әр білім алушының жалпы дайындығы деңгейіндегі өзгерістерді де, оның түрлі танымдық аяларындағы табыстары динамикасында тіркеуге мүмкіндік береді.

Критерийлік бағалау жүйесінің білім беру үрдісіндегі қолданысы білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін жеке пәннің мақсатты нұсқамаларымен байланыстыруға, сонымен қатар білім алушылардың бастауыш мектептегі құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін белгілі параметрлерді (критерйилерді) қолдану арқылы анықтап, көтеруге мүмкіндік береді.

Әр оқушының дайындық деңгейін, оқудағы жеке ілгері басуын критерийлік бағалау жүйесімен анықтау, тек оқушылардың білім алуға деген мотивациясын ғана емес, мектептегі білім беру үрдісінің де сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет [2]. Жалпы қалыптастырушы бағалау сабақ жүйесінде жеке қарастырыл-

майтын, сабақпен қатар жүретін үрдіс. Қалыптастырушы бағалаудың (оқыту үшін бағалау) маңызы – білім беруді, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту, мақсаты–оқытудың қиындықтарын анықтау,оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін білу, болжау мен сұрыптау, жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс.

Қалыптастырушы бағалау жұмысы сабақтың толық бөлігін қамтуы міндетті емес. Ол сабақтың басында , сабақтың ортасында , сабақтың соңғы бөлігінде жүргізіледі. Уақыт көлемі тапсырма деңгейіне сәйкес 5-10 минут болуы мүмкін. Сабақ барысында қалыптастырушы бағалаудың формальді, формальді емес әдістерін тиімді әрі жүйелі қолдану қажет. Қалыптастырушы бағалау: оқыту үшін бағалау, ынталандыру, жетелеу, критерийлерді айқындау арқылы жүргізіледі. Сабақта қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізу - жиынтық бағалаудың нәтижелі,сапалы болуының баспалдағы. Жиынтық бағалау тоқсан соңындағы оқушы білімінің жетістігін саралайтын жұмыс, ендеше осы жұмыстың бастауы негізі қалыптастырушы бағалауда қаланады.

Осы тұрғыда айтатын болсақ, қалыптастырушы бағалау оқушыларды оқытуда тұлғалық бағдарлық оқыту тәсілінің негізгі бөлігі. Сондықтан мұғалімнің орны да өзгереді. Тұлғалық бағдарлық технологиялар оқу үдерісін ұйымдастыруда оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас негізінде іске асуына мүмкіндік ашады. Бағалау үздіксіз жүріп отырады да, сапалы нәтижеге жылжу үдерісі бағаланады. Тұлғалық бағдарлық оқыту:оқушыларды оқыту мақсаттары мен бағалау критериялары туралы ақпарат береді; критерияларға негізделген оқушылардың өзін-өзі бағалауы; оқушылардың әрі қарай жасайтын қадамдары мен оның іске асыруын анықтайтын кері байланыс қамтамасыз етеді. Бұл жерде бағалау үздіксіз жүріп жатады да, сапалы нәтижеге жететін процестің өзі бағаланады. Оқушылар өздерінің кемшіліктерін өздері түсініп, анықтай алады да, мұғаліммен бірге шешу жолдарын табады. Ең маңыздысы өз оқуын бақылауы мен бағалауы өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі бақылауына ауысады.

Келесіде критериалды бағалауға сүйене отырып оқушылардың оқуға деген ынтасын көтеруге ықпал ететін әдістерді қарастырамыз.

Қалыптастырушы бағалау оқушының өзін-өзі бағалауы мен сыныптастарының бағалауын қолдануын қарастырады. Бұл тәсілдер қалыптастырушы бағалаудың тиімділігін арттыруын қалыптастырады. Оқышалар өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау дағдыларын меңгеріп жатса, онда бағаның әділ қойылғанына күмін болмайды. Бірақ баға сезім негізінде қойылмай, тек белгіленген критерийлер негізінде қойылуын оқушыларға түсіндіргені дұрыс.Өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудың мәні — оқыту үдерісінде мақсат қойылып, бағалау критерийлер түсінікті болғанда ғана оқушылар өздерін бағалай алады.

Сабақ өткізу барысында тапсырманың мақсаттары мен бағалау критерийлері жөнінде ескеріп отырған жөн, өзін-өзі бағалауына уақыт қалдыру қажет. Оқушылар мақсаттарды және критерийлерді анық көру үшін тақтаның бұрышына немесе плакатқа жазып қойса болады. Жұмыстарды тексеру алдында оқушыларға бағалау критерийлерін қайта ескертіп және соның негізінде өз жұмысын тексеріп, аяқтап тапсырады.

Оқушылардың өзара бағалауы. Өзара бағалау барысында оқушы басқа оқушының жұмысын тексереді. Оның жақсы немесе жаман жақтарын көріп, өзінің жұмысын да талдау жүргізе алады. Бірақ мұғалім оқушыларға тексеретін оқушының өзін емес, оның жұмысын тексеру керектігін еске түсіріп отыру тиіс. Мысалы:

Сабақ барысында оқушыларға «Екі жұлдыз және бір тілек»тәсілі арқылы әр оқушыға өз сыныптасының жұмысын тексеруге беруге болады. Оқушылар жұмыстарын бағаламай жай ғана екі сәтті жағдайды жұлдызбен белгіледі (екі жұлдыз) және, оның ойынша, қайта қарастыратын жағдайға түсініктеме беріп, тілек білдірді. Оқушылардың кері байланысы ауызша да жазбаша беріледі. Әр оқушы өзінің жұмысына түсініктеме алады және мұғалім «тілекті» дұрыс орындауына уақыт береді.

Критериалды бағалауды енгізуде рубрика, критерийлер, дескрипторлар деген ұғымдармен толықтырылады.

Рубрика немесе рубрикаторлар (бағалау кезінде қолданатын нұсқаулықтар) бағалау үдерісін анық, түсінікті және кез келген критериялар бойынша балдары не үшін қойылғанын түсіндіреді. Осы рубрикаларда оқушының өзі емес, оның жұмысының сипаттамасы бағалануы тиіс.

Критерий– оқушының әртүрлі қызметінің тізімі.

Дескрипторлар - оқушының кез келген критерийлер бойынша ең жақсы нәтижеге жеткізетін барлық қадамдарын ретімен көрсетеді және оларды белгілі балдар санымен бағалайды.

Рубрика — критерий- дескрипторлар. Рубрикалар балалар не үшін оқитынын, критерийлер нені үйрену керектігін , ал дескрипторлар оны қалай істеу керектігін көрсетеді [3].

Критериалды бағалауды қолдану оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастыруға, оқушыларға дер

кезінде қолдау көрсетуге және сол оқыту үдерісін қамтамасыз етуге, оқу бағдарламасының сапасын бағалауға, барлық мүдделі тараптарға оқыту нәтижелері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Кембридж университетінің Халықаралық емтихан Кеңесінің 2014 жылғы қаңтарда Зияткерлік мектебі оқушылармен жүргізген он-лайн сауалнамасы жалпы алғанда оқушылардың бағалау критерийлері жүйесін дұрыс 31 қабылдайтындарын көрсеткен. Мәселен: • барлық оқушылардың 90,5% критериалды бағалауды енгізу сабақты оқытуды өзгерткенін атап өтті; • қазақша оқитын оқушылардың 54% және орысша оқитын оқушылардың 73,3% өзін оқыту туралы ақпаратты көптеп алатын болды; • қазақша оқитын оқушылардың 88,9% және орысша оқитын оқушылардың 85,9% сабақта ненің жақсы жүретінін және нені пысықтау керектігін біледі; • қазақша оқитын оқушылардың 67,5% және орысша оқитын оқушылардың 62,5% бағалаудың жаңа жүйесінде өзін еркін сезінеді, бұл оларға ұнайды.

Қорыта келгенде, критериалды бағалау — бүгінгі білім жүйесіндегі жаңа талап. Ол үшін оқушы өз жетістігін үнемі саралап, көз алдынан таса қалдырмауы керек. Оқушылар өзін-өзі бағалау арқылы өз жұмысың ұтымды және ұтымсыз жақтарын бағалай отырып, жіберген кемшіліктерін түзетуді, сонымен қатар сынға шыдамдылығын шыңдайды.

Оқушы сын тұрғысынан ойлау арқылы алдына мақсат қоя біледі. Әрі нәтижеге жетуге үлкен талпыныс болатынын уақыт байқатып отыра. Сондықтан маңызды істі жауапкершілікпен атқарғанда ғана жұмыс жүйеленетіні белгілі болады.

Қолданылған әдебиеттер :

1. ҚР тұңғыш президентінің 2018 жылғы халыққа жолдауы (https://stan.kz/kazakstan-prezidentinin-khalykka-zhol/)
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. 2012 жыл
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері (Оқу құралы Алматы 2014)

ОҚУШЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БАҒАЛАУДА ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Омарбекова Ш.О. - п.ғ.к., аға оқытушы
Омаркұлова А.Н. - 6М012400 – «Педагогикалық өлшемдер»
мамандығының II- курс магистранты

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушының оқу жетістігін бағалауда тест тапсырмаларын қолданудың маңыздылығын тану, тест тапсырмаларын құрастырудың тиімді жолдары қарастырылған. Оқушының білімін бағалауда тестілеудің артықшылықтары, тиімді мүмкіндіктері, бақылау және бағалаудың объективтілігі туралы, нәтижесінде білім сапасының деңгейі едәуір жақсара түсетіндігі баяндалған.

Аннотация. В данной статье рассмотрены пути определения важности использования тестовых заданий при оценке учебных достижений учащихся, формирования тестовых заданий. В оценке знаний учащегося изложены преимущества, эффективные возможности тестирования, объективность контроля и оценки, в результате чего значительно улучшается уровень качества образования.

Annotation. In this article ways of definition of importance of use of test tasks at an assessment of educational achievements of pupils, formation of test tasks are considered. The assessment of the student's knowledge sets out the advantages, effective testing opportunities, objectivity of control and evaluation, resulting in a significantly improved level of quality of education.

Еліміз егемендік алып дамыған, руханиятты елдердің қатарынан көріну үшін білім сапасына да зор көңіл бөліп, жастарды болашақ жоғары квалификациялық маман ретінде қалыптасуына ықпал етуіміз керек. Қазіргі кезде тұлғаны жан-жақты білімді, ізденімпаз, ойы ұшқыр, саналы, зерек, жауапкершілігі зор, қоғам талаптарын қанағаттандыратындай етіп қалыптастыру ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Оны шешу үшін білім берудің мазмұнын жаңартып, озық әдіс-тәсілдерді пайдалану керек. Соған байланысты оқушының оқу жетістігін бағалауда тест тапсырмаларын қолдануды ұсынып отырмын.

Қазіргі педагогикалық практикада тесттер өте жиі пайдаланып келеді. Оларды қолдану аясы да күннен күнге ұлғайып барады: оқушылардың бір пәннің бір тақырыбынан ғана алған білімін тексеруден бастап, жоғары оқу орындары мен мектеп пәндерінің барлығынан да жаппай осы тест жүргізу әдісіне көшуге бет бұрып келеді. Тесттер мен олардың айналасындағы материалдар тек ғалымдар зерттеуіне ғана өзекті материал болып қалмай, оқу процесіне жаңа педагогикалық және ақпараттық тәсілдер мен технологияларды енгізу мақсатында білім жүйесін басқару органдары да қызықтыра

бастады. Осы факторлар қолданылатын тесттердің сапасын көтерумен қатар, олардың бүгінгі пайдалану аймағын да анықтау жүйелерін даярлауға әкеліп отыр. Мұндағы бір айта кететін мәселе- кез келген бір тесттің қолдану аясы оның мазмұндық, технологиялық және де басқа ерекшеліктеріне тәуелді болатыны, осыған орай педагогтар пайдалануындағы тест материалдарын топтарға бөліп жіктеу (классификациялау) қажеттілігі туындап отыр [1].

Тест деген не? ТЕСТ (англ. test) — сынау, тексеру, талдау. «Тест» – психология мен педагогикада сыналушының білімін, біліктілігін және дағдысын, сонымен қатар психофизиологиялық және өзіндік мінездемелерін стандартталған тапсырмалардың орындалу қорытындысы бойынша өлшеу.

Тест материалы немесе тест деген түсінік әрбір сұраққа сәйкес оның мүмкін болатын бірнеше жауаптарымен бірге берілген тапсырмалар жиынын білдіреді. Тесттік тапсырма деп – нақты пән облысынан анық және түсінікті етіп берілетін сұраққа бір мәнді жауапты немесе нақты (түсінікті) алгоритмді орындауды талап ететін тапсырманы айтады. Тест – нақты пән облысынан оқушының білімі мен эксперттік білім моделі сәйкестігін бағалауға мүмкіндік беретін өзара байланысқан тесттік тапсырмалар жинағы. Тесттің эквиваленттік класы деп оқушының тест тапсырмаларының ішінен бір нұсқасын (вариантын) орындаса алғашқыларын (немесе кейінгілерін) орындауына да мүмкіндік беретін тесттік тапсырмалар жинағын айтады. Білім моделінің барлық модульдері бойынша әртүрлі тесттік тапсырмалар жинағы тесттік кеңістікті құрады. Өзіндік және эксперттік білім модельдері арасындағы сәйкестікті обьективті бағалауға мүмкіндік беретін тесттік кеңістіктің ішкі жиынын толық тест деп атайды. Көлемі және уақыты бойынша оптимальді тест тиімді тест болып табылады. Тестілеуді ұйымдастырушының және жүргізушінің негізгі міндеті осы тиімді тестті дайындау. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыстап ұйымдастыра білуі көптеген жағдайда оқу –тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін мұғалім оқушының оқу материалының меңгеру деңгейін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың сабақтар жүйесінде білім, біліктілік және дағдыларды есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудің сапасы, біліктілік пен дағдының қалыптасу деңгейі анықталады. Сонымен қатар тесттік тапсырмалары дұрыстап, қойылатын мақсатқа сай деңгейлеп дайындайтын болсақ, онда тестілеуді негізгі тексеру және бақылау қызметімен қатар оқушыны оқыту, үйрету, оның алған білімін бекіту құралы ретінде пайдалануға болады. Білімді бағалаудың басқа түрлеріндей тестік бақылаудың артықшылығы да, кемшілігі де болады.Тестілеудің артықшылықтары:Тестілеу барынша сапалы және объективті бағалау әдісі болып табылады, өткізілуі стандартты түрде, жалпы білім тексеріледі. Оның объективтілігі – тестілеу үрдісінің стандартизациялау және тапсырмалардың жалпы тестердің сапасын көрсету жолымен жүзеге асады. Тестілеу – барынша әділ әдіс болып табылады, себебі тестілеу кезінде, әсіресе бақылау және бағалау үрдісінде барлық оқушылардың жағдайы бірдей болады да, мұғалімнің субъективтілігіне жол берілмейді. Тесттер – барынша әмбебап болып табылады, себебі тестілеуде курстың барлық тақырыптары бойынша тапсырмалар берілуі мүмкін, ал ауызша емтиханда 2 — 4 тақырып қана алынатын болса, жазбаша емтиханда 3 — 5 тақырып қарастырылады. Осылайша, тестілеу арқылы оқушының курстың барлық тақырыптарын қалай меңгергенің байқауға болады. Тестілеу арқылы оқушының жалпы пәнді немесе бөлек тақырыптарды қалай меңгергенің анықтауға болады. Тест барынша нақты құрал болып табылады, мысалы 20 сұрақтан тұратын тестің бағалау көрсеткіші 20 бөлімшеден тұрады, ал біз қолданатын бағалау көрсеткіші тек қана 4 ғана. Ол уақытты тиімді қолдануға, үлкен көлемді мазмұнды қамтуға, оқушылармен тез екіжақты байланыс орнатуға, материалды игеру нәтижесін анықтауға, жіберілген қателерді түзетуде назар бөлуге және қажетті түзетулер енгізуге көмектеседі. Тест түрінде бақылау топтың оқушыларын бір уақытта тексеруге мүмкіндік береді және тәртіпке келтіреді. Экономикалық жағынан тиімді (тексеретін адамдар саны, уақыты)Тестілеудің кемшіліктері:Тестік сұрақтарды құрастыру, топтастыру ұзақ үрдіс. Барлық пәндер бойынша стандартты тестер жоқ, бар болған да сапасы дұрыс емес. Тестілеу кезінде алынатын мәліметтер бойынша біз оқушының қандай тараулардан ақаулар бар екенің анықтай алсақ та, ақаулардың себебін анықтай алмаймыз. Тест білімнің жоғары, продуктивті, шығармашылық, әдістемелік деңгейін тексеруге, бағалауға мүмкіндік бермейді. Тестте көп сұрақтардың қамтылуы уақыттың жетпеуіне, асығуына байланысты кемшілік туғызады. Тестілеуде кездейсоқтық элементтер бар. Мысалы, оңай сұраққа жауап бере алмаған оқушы күрделі сұраққа жауап бере алады. Бұған себеп, бірінші сұрақта байқаусыз қате жіберілсе, екінші сұрақта жауапты ойланып табу бола алады. Бұл жағдай тестің нәтижесін бұрмалайды және оларды талдау кезінде есепке алудың қажеттілігіне әкеп соқтырады [2].

Тесттің типіне (білімділік,біліктілік және дағдылық, іскерлік) сәйкес тестік тапсырмалардың әртүрлі формаларын және типтерін пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, оладың ойлау қабілетін, зейінін, тапқырлығын, жігерін және оқуға, білім алуға, біліктілігін

көтеруге деген ынтасын дамыта түсетін болады. Тестер типін (білімділік, біліктілік немесе дағдылық екендігін) таңдау былайша анықталады: 1.инструментальді тестік программалар ерекшелігімен, 2.пән ерекшеліктерімен; 3.эксперттің тәжірибесі және іскерлігімен. Тестік тапсырмалардың көпшілігі жоғарыда келтірілген компьютерлік формалармен ғана шектеліниП қоймайды. Тапсырмалардың беру формалары көп жағдайда тесті дайындаушының шеберлігіне, тәжірибесіне және іскерлігіне байланысты болады. Тестті құрған кезде көп жағдайда (оқушылардың білім деңгейін, пән ерекшелігін, деңгейлеп ұсынуын, ұсыну кезеңін, т.с.с.) бақылау кезеңдерінде міндетті түрде ескеріп отыру қажет болады. Тест дұрыс, тиімді жасалынған деп есептелінеді егер: ол тестілеу үшін ыңғайлы (жауапты табуға бағыттайтын) болса; тестердің қателіктеріне уақытында жауап беретіндей мүмкіндік болса; тестілеушіге және тесті пайдаланатын оқушыларға да тиімді болса. Оқулық материалды жүйелі түрде меңгеру процесінде оқушы бірнеше білімдік деңгейден өтеді, олардың әрқайсысы оқушының анық нақты жаңа сапалы білімдік деңгейді меңгергендігін білдіреді. Егер оқушы алдыңғы деңгейді дұрыс меңгермеген болса, онда меңгерудің келесі жоғарырақ деңгейіне жете алмайды. Меңгерудің бастапқы деңгейі оқушының танысу – білім негізінен, бағытын түсіне бастауын білдіреді, оның көмегімен ол ұқсас құбылыстарды (процестерді, жағдайларды) ажыратуға және білуге дайын болады. Бұл деңгейдің басты ерекшелігі мынада – сапалы деңгейге жету үшін нақты құбылысқа міндетті түрде тірек қажет. Келесі деңгейде оқушы оқулық материалдың негізгі мазмұнын жады бойынша еске түсіре алатындай білім деңгейіне жетуі тиіс. Бұл деңгейде оған оқытуды ұсынылатын көрнектілерді көрсету қажет емес. Ол меңгерген материалын ешқандай көмексіз еске түсіре алатын болуы қажет. Үшінші деңгейде оқушының типтік тапсырмаларды және жаттығуларды өз бетінше орындай алуы, оның материалды нақты меңгергендігін білдіреді. Ол үшін оқушы оқу процесінде өзі меңгерген ережелерді , анықтамаларды және әдістерді қолдана алуы тиіс. Меңгерудің соңғы деңгейінде, оқушы алған білімін, іскерлігін және дағдыларын жаңа стандартты емес жағдайларды қолдана білуі керек. Осы кезеңге сәйкес ұсынылатын тест сұрақтары және жауаптары оқушының ойландыратын, логикалық сабақтастықта талдау жасауға бейімдейтін, білімде фуандаментальдікі қалыптастыратындай мазмұнда болуы тиіс. Сондықтан тестілеу кезіндегі пайдаланылатын тестті мұғалім оқушы үшін жоғарыдағы көрсетіп отырған деңгейлерге сәйкес оқып үйренуге және өз білімін бағалауға тиімді көмекші құрал болатындай етіп жасаған болса тіпті жақсы. Тестті пайдалану мұғалім үшін мына мәселерді тиімді шешуге көмектеседі: дер кезінде оқу процесіне қажетті оңтайлы өзгерістерді (корректировкаларды) ендіріп және жасап отыруға; ағымды бақылау жүргізуде негізгі оперативті тексеруші құрал ретінде қолдануға және оқып-үйренуде тестті оқушының негізгі дидактикалық құралы ретінде жүйелі пайдаланып отыруға; оқытуды қашықтан жүргізде негізгі көмекші бақылау құралы ретінде пайдалануға; Оқушылардың жеке өз бетінше білім алуын қамтамасыз ету құралы ретінде қолдануға комектеседі. Сонымен, тестік тапсырмаларды жоғарыдағы атаған талаптарға және формаларға сай дайындайтын болсақ, онда тестілеудің негізгі тексеру және бақылау қызметімен қатар оқушыны оқыту, үйрету, оның алған білімін бекіту және жүйелеудің тиімді құралына айналадыруға болатындығын көреміз [3].

Тест – нақты пән облысынан оқушының білімі мен эксперттік білім моделі сәйкестігін бағалауға мүмкіндік беретін өзара байланысқан тестік тапсырмалар жинағы. Сабақтарда тестік тапсырмаларды пайдалану жақсы нәтижелер беріп келеді. Тестерді тұрақты пайдалану мен информатикалық диктанттар өткізу білімді жүйелі түрге келтіру, осының салдарынан білімсапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Оқу орындарында компьютердің кеңінен қолданылып, интернетке қосылып, өмірімізге белсене араласуына байланысты кейінгі кезде оқушылардың жұмысын бағалаудың өзі әртүрлі тест программалары арқылы компьютерге жүктеліп, соның міндетіне кіріп келеді. Бұл әдіс бір жағынан оқушының білім деңгейлерін көтеріп, ойлау қабілеттерін жетілдірсе, екінші жағынан мұғалімнің уақытын үнемдейді. Қазіргі таңдағы жаңа технология –оқушылардың еңбегін рейтингтік жүйемен бағалаудың өзі көбіне осындай тест программаларына сүйенеді. Әр түрлі алгоритмдік тілде жазылған тест программалары қазірде көбейіп келеді. Тестілеу дүние жүзінде көп тәжірибеден өтіп, сыналған, жетілдірілген тәсіл болып есептеледі. Ғылыми негізделіп, дұрыс құрастырылған тестік тапсырмаларды жүйелі пайдалану оқыту сапасын жақсартуға, оқушылардың бойында уақытты үнемдей білу, тез ойлау, жинақты болу және ұтымды шешім қабылдау, ойын дұрыс тиянақтау, өз бетінше жұмыс істей білу қасиеттерін қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде компьютерді пайдаланып, оқушыларды тоқсан ішінде бірнеше рет тестілеу – олардың ағымдық білімін бағалаудың негізгі әдістерінің бірі. Өзіндік жұмыстар ұйымдастыру және тест тапсырмаларын орындау оқушылардың білім деңгейін көтеретіні сөзсіз. Тестілік тапсырмалардың мазмұнын іріктеудің негізгі принциптері: — оқытуға арналған материалдың мәнділігі мен ғылыми нақтылығы; — тест мазмұнының оқытылатын пәннің қазіргі кездегі даму деңгейіне сәйкес болуы; — тест мазмұны элементтерінің репрезен-

тативтілігі; — оқытылатын материалдың қиындық дәрежесінің біртіндеп өсуі; — тест мазмұнының әр түрлі варианттылығы, жүйелілігі, кешенділігі мен теңдестірілгендігі; — тест мазмұны мен формасының өзара байланыстылығы. Оқу жетістіктерін бақылау әрқашанда өзекті мәселе болып табылады әсіресе информатика сияқты пәндер үшін. Сондықтан да тестілеуді өткізу бағытында оқушылардың негізгі пәндері бойынша білімді сапалы бағалау және бақылауға арналған автоматтандырылған тестілеу жүйесі (тестілер генераторы, тестілік қабықша) жасалды. Автоматтандырылған тестілеу жүйесі мүмкіндік береді: — сабақ уақытын үнемді пайдалануға; — оқушылардың білімін сапалы түрде бағалауға; — оқытушыларды жазбаша түрдегі тексеруден босату; — оқушылардың алған жаңа сапалы білімдері арқылы біліктілік пен дағдыны қалыптастырудағы қызығушылығын арттыруға; — ағымды бақылау жүргізуде негізгі тексеруші құрал ретінде қолдануға; — оқытудың мотивациялық бағытын арттыруға; — бағалаудың объективтілігіне. Мұндай жүйелендірілген тестілеулер келесі жаңа тақырыптарды бастау үшін оқушылардың өтілген материалды қайталауларына мүмкіндік береді, яғни оқушы бойында, тез ойлау, жинақты болу және ұтымды шешім қабылдау, ойын дұрыс тиянақтау, өз бетінше жұмыс істей білу қасиеттерін қалыптастырады. Тестілік бақылауды қолдану оқушылардың оқу процесінде бір деңгейден келесі деңгейдің матералдарын игеруге жағдай жасайды. Осылайша, тесттер дәстүрлі бағалау құралдарына қарағанда оқушылардың қандай да бір саладағы жетістіктерін неғұрлым объективті және ауқымды түрде анықтауға жол ашады, білімге деген талабының жоғарылауына мүмкіндік береді деуге болады [4].

Қорытындылай келе, ғылыми негізделіп, дұрыс құрастырылған тестік тапсырмаларды жүйелі пайдалану оқыту сапасын жақсартуға, оқушының бойында уақытты үнемдей білу, тез ойлау, жинақты болу және ұтымды шешім қабылдау, ойын дұрыс тиянақтау, өз бетінше жұмыс істей білу қасиеттерін қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Әрине, тест арқылы бақылауды мамандық және пәннің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес басқа да дәстүрлі (ауызша, жазбаша, т.б.) бақылау жұмыстарымен үйлестіре (ұштастыра) жүргізу қажет болады. Сонда ғана тестілеу әдісінің оқытудағы тиімділігі арта түседі. Пән, нақты тарау және тақырып ерекшеліктеріне және оқушылардың бүгінгі білім деңгейіне сәйкес тестілеудің әртүрлі формаларын пайдаланылатын болсақ, соғұрлым оның оқыту және білім алу сапасына тигізетін оң нәтижелерінің қомақтылығы көріне бастайды. Сонда ғана тестілеудің артықшылықтары, тиімді мүмкіндіктері ашыла түсетін болады, бақылау және бағалаудың обьективтілігі міндетті түрде қамтамасыз етіледі. Нәтижесінде оқыту және білім алу сапасының деңгейі едәуір жақсара түсетіндігі сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Каланова Ш.М.,Усенбаева М.А. «Разработка тестовых заданий для контроля знаний студента» – Тараз,1998г.

2.https://martebe.kz/author/martebe-kz/

3.Е.Бидайбеков, А.Сағымбаева. «Тест құрудың бір критерийі» — ИФМ №31997ж.

4.Русаков С.В.,Русакова О.Л.,Шестакова Л.В. «Тестовая форма контроля для базового курса ОИВТ» — Информатика и образованию №6-7, 1997г .

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Иманалиева Назерке – «6М012400 - ПӨ» мамандығы, 2 курс, ҚҰҚПУ

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушылардың функционалдық сауаттылықтар, критерийлердің ерекшеліктерін түсіндіру жолдары мен енгізу әдіс-тәсілдері қарастырылды..

Кілтті сөздер: сауаттылық; функционалдық сауаттылық; жүйе; педагогикалық әрекет

Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Келешек елдің тұтқасын ұстайтын бүгінгі жас ұрпаққа білім мен тәлім-тәрбие беру ұстаз алдындағы ең ауыр міндеттің бірі. Бүгінгі жаңа ғасырдың жаңашыл шәкірттерін тәрбиелеуде, мұғалім үздіксіз ізденіп, кез-келген тосын сұраққа жауап бере алатын, кез-келген жағдайдан шыға алатын, білімдар болу қажет.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында білім беру ұйымдары жастарға жалаң білім беріп қана қоймай алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуды үйретуі керек екендігін баса айтып, үкіметке оқушылардың функционалдық сауаттылығын да-

мытудың бес жылға арналған Ұлттық шаралар жоспарын дайындау жөнінде нақты тапсырма берген болатын [1].

Осы тапсырманың негізінде маусым айында Үкіметтің 25 маусым 2012 жылы №832 қаулысымен бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» қабылданды. Ұлттық жоспардың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау болып белгіленген [2]. Мақсатты жүзеге асырудың бірден-бір жолы жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады.

Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту. Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр.

Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғымды таратып айтар болсақ, адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б.Яғни, функционалдық сапалардың бүгінгі жаңартылған бағдарламамен білім алушы оқушылардың сыни тұрғыда ойлай алуын, өз бетімен тапсырма орындауын, пәнге деген қызығушылықтарын, танымдық белсенжідіктерін қамтамасыз ететінін байқауға болады.

Белсенділік - белсенділіктің қозғаушы күші - қажеттілік пен құштарлық. Тіршіліктің негізі - қозғалыс пен іс-әрекет болса, оның не қарқынды, не баяу жүруі қажеттілік пен құштарлық шегіне байланысты [3]. Мектеп оқушыларының белсенділігі - олардың шығармашылықтағы, іс-әрекеттегі, қоғамдағы, қарым-катынастағы тегеуріндділігі. Бұл оқушылардың әлеуметтік өзгерістерге араласуынан байқататын қасиет. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы оның идеялық принциптілігі мен өз көзқарасынан таймауынан, сөзі мен ісінің бірлігінен көрінетін белсенді өмірлік позициясы ретінде сипатталады.

Шығармашылық тұрғыда ойлау – біріккен іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау мен жазу дағдысын қалыптастыру деп есептейміз. Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын тиімді пайдалана отырып, еркін сөйлеуге сауатты жазуға үйретіп, жас ұрпақтың шығармашылық қабілетін дамытып, оқуға деген қызығушылықтарын, ынтасын арттыру – менің алға қойған мақсатым.

Шешім қабылдай алу оны орындалуының бақылау тапсырмасымен толықтырылуы қажет. Шешім және бақылау бір-бірін толықтырады. Шешім көбінесе мақсатты белгілеумен, көптеген нәтижесі және оған жету жолдары, жоспарлаумен байланысты болып табылады.

Жоспарлау есеп алу және есеп беру жүйесін болжайды; не жоспарланса, сол есепке алынып отырылуы қажет. Есеп алу және есеп беру өз алдына әрекетін бақылаудың шарты және сілтемесі, бір жағынан — шешім қабылдауға, екінші жағынан — есеп алу және есеп беру мәліметтері шешім (бұйрық, жарлық және т.б. түрінде) жоспарлау (жоспар және бағдарлама түрінде), бақылау (акт, тексеру анықтамалары және т.б. түрлері), есеп алу және есеп беру де лайық келетін құжаттарды қабылдау, бекіту, пайдалану және сақтау, яғни құжат айналымы болып табылады. Басқару шешімінің сәйкес қатынасы және өзара байланысы, бақылауды жоспарлау, есеп алу және есеп беру, құжат айналымы осының барлығы ақпаратты механизмді құрайды.

Өз кәсібін (мамандықты) дұрыс таңдай алуда дұрыс бағыт алу мәселесі мектептің психологи-

ялық қызмет аясында жүргізілетін аса жауапты да маңызды жұмыстарының бірі болып отыр. Бала үшін болашақ мамандықты таңдау өмірлік жолын дұрыс таңдаумен бірдей. Ақпараттың көптігі де, өзін-өзі танудың әліппесі де, оларды қалай пайдалану керектігін білмегендіктен түкке жарамсыз болып қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Басқаша айтқанда, бүгінгі күні жасөспірімдердің жеке тұлға ретінде мамандық таңдауда дұрыс бағыт алуы және оған бейімделу мәселесі туындауда. Яғни, мамандық таңдауда оқушыға өз ақыл ойымен, дұрыс шешім қабылдау үшін психолог маманның көмегі керек. Осы мақсатты іске асыру барысында оқушылардың кәсіптік бағдарын анықтап, оларға мамандық таңдауға байланысты психологиялық көмек беру және де ұсынылып отырған жоба мектеп жұмысындағы педагог- психологтарға және сынып жетекшілеріне тұлғаны қалыптастыру барысында өз көмегін тигізеді деген ойдамын.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Бұл Қазақстанның білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін көтеруге септігін тигізеді.

Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді.Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын аттыру үшін мұғалім шебер болуы керек. Ол баланы қалай оқыту, оның сабаққа деген ынтасын қалай ашуға болады деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасауы тиіс. Жалпы адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу және иіскеу арқылы есте сақтайды.

Ал, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, сабақты дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлтық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).
3. https://kk.wikipedia.org/wiki/
4. Оразахынова Н., Кенжебаева Г.М. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары //Қазақстан мектебі. - №3(11), 2012. – Б.42 – 47.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ЖЕТІСТІГІН ӨЛШЕУДЕ ТЕСТ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ДӘЛДІГІН АНЫҚТАУ

Мүсілім Г.М. 6М012400- Педагогикалық өлшемдер мамандығының 2-курс магистранты,
Ғылыми жетекші -п.ғ.к., проф.м.а. **Кенжан А.М.**

Аңдатпа. Бұл мақалада тесттің сенімділігі,валидтілігі және алынған нәтижелерді саралау мен бағалау жұмыстары туралы қарастырылады.Біз оқушыларды бағалаған кезде барлық аспектілерді тестілей алмаймыз. Сондықтан тестіленетін модельдің оқуға қатысты қызығушылықты туындататын дұрыс үлгі болуы маңызды. Бұл біздің оқудағы алғашқы мақсатымызды өте жақсы түсінуімізді және біз қолданып жүрген тапсырмалар немесе бағалау элементтері арасындағы байланысты көрсетуге дайын болу қажеттігімізді білдіреді.

Кілт сөздер: тест, сенімділік, валидтілік, бағалау,шкалалау,сапа, т.б

Аннотация.В данной статье обсуждаются достоверность и оценка результатов испытаний. Оценивая учеников, мы не можем проверить все аспекты. Поэтому важно быть хорошим примером тестовой модели, которая представляет интерес для читателя. Это означает, что у нас есть очень хорошее понимание нашей первой цели нашего исследования, и мы должны быть готовы общаться с задачами или элементами, которые мы используем.

Ключевые слова: тестирование, надежность,валидность, оценка, шкалирование, качество и

Annotation.This article discusses the validity and evaluation of test results. When evaluating students,

we cannot verify all aspects. Therefore, it is important to be a good example of a test model that is of interest to the reader. This means that we have a very good understanding of our first goal of our research, and we must be prepared to communicate with the tasks or elements that we use.

Key words:testing, reliability, validity, evaluation, scaling, quality, etc.

Ата Заң бойынша біздің еліміз – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан мемлекетіміз азаматтар алдындағы міндеттерін орындауы тиіс.Елбасы өзінің соңғы жолдауында әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңінде білім беру сапасын жақсартуға баса назар аударып,оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажеттігін атап өткен болатын.Бұл саясат орта білім берудің ұлттық стандартының негізі болуы тиіс [1].

Тестілеу — белгілі бір мақсатпен, зерттелушілердің бәріне ортақ, қатаң бақылауда өтетін тексеру. Зерттеудің басқа әдістеріне қарағанда тестілеудің ерекшелігі — қарапайымдылығы, дәлдігі, автоматтандыруға болатындығы.Демек,елбасы айтқандай білім сапасын жоғарылатып,оны өлшеуде “тест” мамандар үшін таптырмас құрал.

Тест алудан бұрын мұғалім не тест алушы алдымен өзіне қандай сұрақ қоюы керек деген сұрақ туындайды.

Тест деген не? Оны қалай жасайды? Неге бағалау жүреді? Тест неден тұруы керек? Үйрену, үйрету, әкімшілік жұмыстарының сабақтастығы.Тест материалының сапасы.

Жақсы тесттің қасиеттері: Сенімділік — бұл бағалау кезінде алған нәтижелердің тұрақтылығы. Бұл төмендегілерді білдіруі мүмкін:

- Уақытқа қатысты тұрақтылық – егер бағалау басқа күні немесе басқа уақытта өткізілсе нәтижелер бірдей бола ала ма?

-Тапсырмалар арасындағы тұрақтылық – бағалау үшін басқа тапсырмалар іріктеліп алынса нәтиже бірдей бола алар ма еді?

-Баға қоюшылар арасындағы келісім – егер жұмысты басқа тексеруші бағаласа нәтижелер бірдей бола ала ма?

Тұрақтылық деңгейі артқан сайын нәтиже сенімді бола түседі. Алайда нәтижелер өте (абсолютті) сенімді болуы мүмкін емес. Барлық уақытта бағаға әсер ететін кездейсоқ ықтималдық болады [2].

Сенімділікті анықтау.Сенімділікті анықтау дәстүрлі түрде статистикалық өлшем ретінде қарастырылды. Көбіне бұл бағалаудың жақсы нәтижелері қаншалықты бағалау құралдарын қайта қолданумен қиылысатынын көрсету үшін сенімділік коэффициентін есептеу болып табылады. Нақтылық коэффициенті нөлден бірлікке дейін өзгереді, сонымен бірге нөл келісімнің жоқтығын көрсетеді. Тест құрастырушылар сенімділік коэффициентін есептеу үшін оларды қызықтыратын келісім түрлеріне қатысты бірнеше әдістемені қолданады(кесте 1).

Сенімділік коэффициенті көбіне стандартталған тестерден 0,9, артық, бұл сенімділіктің жоғары деңгейін көрсетеді. Алайда, бағалаудың нәтижелерін жинау үшін сенімділік қаншалықты жоғары деген сұрақ көп жағдайда қандай шешім қабылдау деңгейі біздің бағалау нәтижелерімізге негізделетініне байланысты. Біздің бағалауға қатысымыз бар кезде оның маңызы жоғары, бізге жоғары сенімділік қажет. Ал шешімнің ұзақ мерзімді салдарлары болмаған кезде сенімділіктің жоғары деңгейі маңызды емес.

Мұғалімдердің сенімділік коэффициентін есептеуге уақыт жұмсауы немесе олар өздері құрастыратын тест тапсырмалары немесе бағалау тапсырмалары үшін өлшемнің стандартты қателіктерін сипаттауы екіталай. Алайда бұл сенімділік мәселесі сыныптағы бағалауға қатысты жоқ дегенді білдірмейді, сенімді болып табылатын оқушыларды бағалау нәтижелерін пайымдау мен шешімге негіздеу өте маңызды. Сонымен, мұғалім сыныптың өз бағаларына сенімді екендігіне қалай көзін жеткізуге болады? Джеффри Смиттің (2003) пікірінше, сенімділіктің альтернативті анықтамасы сыныптағы бағалауға көбірек келеді деп тұжырымдайды. Ол «ақпараттың жеткіліктілігі» идеясын ұсынады. Смит үшін сыныптағы бағалаудың нақтылығы туралы пайымдауы мынадай сұраққа құрастырылуы қажет: «Осы оқуға қатысты әр оқушының үлгерім деңгейі туралы пікір айту үшін бұл бағалау қажетті ақпараттарды ұсына ала ма?» (Смит, 2003).

Тейлор және Нолан (1996) да осы көзқарасты қолдайды. Олардың айтуынша, «бағалаудың кең ауқымды диапазоны ұзақ тестің мақсатына қызмет етуі мүмкін – ақпараттар мен нақтылық дәлелдерінің дереккөздері көп болған сайын сенімді шешім қабылдануы мүмкін»[3].

Мұндай анықтама: «Қанша ақпарат жеткілікті?» деген сұрақты туындатады. «Жеткілікті ақпарат» пен мүлдем ұзақ бағалау арасында нақты сызық бар. Әрине, бұған жеңіл жауап беру мүмкін емес, түптеп келгенде, бұл кәсіби пайымдауға саяды. Дегенмен осы сұраққа қатысты кейбір тәжірибелік ұсыныстарды Энн Дэвис те ұсынды (2000). Ол мұғалімдер триангуляция концепциясын сенімділікті арттыру және сыныптағы бағаның негізділігінің тәсілі ретінде қолданады деп болжайды.

Триангуляция (бетті қисық сызықтарға бөлу әдісі) кез келген шешімді қабылдаудың негізі ретінде бағалауды дәлелдеудің үш түрлі дереккөзін қолданудан тұрады. Дэвис үшін бұл салалар – оқушылар жасайтын (тест нәтижелерін қоса алғанда) нәтижені, оқуды, сондай-ақ, әңгімелесуді меңгеруді бақылау. Мұғалімдер осы дереккөздердің әрқайсысының дәлелдерін қарастырған және жинақтаған кезде, олар көбіне тек бір салаға немесе нәтижеге сүйенгеннен гөрі оқушылардың ілгерілеуі туралы сенімді және маңызды шешімді шығаруға бейім келеді. Сенімділік мәселесі кездейсоқ өзгеріс, шын мәнінде, бағалау кезінде болуы қажеттігі туралы ескертеді. Бұл оқушыларды бағалаған кезімізде, әсіресе бағалау нәтижелері өздері тікелей қатысатын жеке оқушы және / немесе оқыту мен оқу бағдарламалары туралы шешім қабылдау үшін қолданылатын кезде бізге қатысты болуы тиіс.

Ескертпе: сенімсіз нәтижелердің оқушылар үлгерімі туралы дәйекті шешім шығаруға алып келмейтінін атап өту маңызды. Алайда бағалау нәтижелерінің сенімді болуы біздің маңызы барларын ғана бағалайтынымызды білдірмейді. Олай болса, сенімділік қажетті болып табылады, бірақ әрекеттің жеткілікті жағдайында емес.

Бұрын валидтілік егер өзіне лайықты бағалау құралдары болса, тестілеу құралдары немесе бағалауды өлшеу үшін бекітілгенді өлшеудің деңгейі ретінде жиі қарастырылды. Дегенмен соңғы кезде бағалау бойынша мамандар валидтілік бағалау құралдарының қасиетін тіркеу ретінде қарастырылмауы керек деп тұжырымдайды. Бұдан басқа, олар валидтілікті бағалау нәтижелері негізінде қабылданатын бағаның сапасы ретінде шешімдер мен түсінік беруді, яғни, біз негіздеме болатындай бағалау нәтижелері негізінде қабылданған қаншалықты жақсы шешім шығаратынымызды (қорытынды) немесе әрекет ететінімізді ұсынады. Валидтілік бағалаудың негізгі мәселесі ретінде қарастырылуы мүмкін. Егер бағалау қандай да бір қолданудан тұрса, біз дәлелді бағалау нәтижелері негізінде қабылданатын қорытынды және шешім шығару барынша маңызды. Сонымен, біз валидтілік деңгейін қалай бағалаймыз?

Валидтілік деңгейін бағалау.Валидтілік деңгейін бағалау қарапайым техникалық рәсімдерге дейін қысқармауы қажет. Сондай-ақ, валидтілік абсолютті (шүбәсіз) шәкілде өлшенбеуі керек. Бағалаудың валидтілігі нақты оқушылар тобында қабылданған нақты шешімдер мен қорытындыларға жатады.

Сондықтан валидтілік анықтамасына дәлелдер жинақтау, осы түсіндірулер мен шешімдерді растау жатады. Мұндай дәлелдердің күші бізді валидтіліктің мықты, орташа немесе төмен дәлелдеріне алып келеді. Олай болса, қандай дәлелдер жинақтайтынымыз біздің қандай түсіндіру мен шешім қабылдауымызға байланысты.

Валидтілікті тексеру кейде негіздеменің аргументін құрастыруды еске түсіреді. Бағалау бойынша екі сарапшы, Роберт Линн мен Дэвид Миллар (2005) аргументте ескерілетін, валидтілікке қатысты түсініктің төрт негізгі түрін ұсынады. Оның үшеуі – мазмұнды түсінік, сындарлы түсінік және валидтіліктің дәстүрлі бір бөлігі болып табылатын критерийлерге қатысты. Төртіншісі, жақында қосылған, дегенмен маңыздылығы бар логикадан туындайтын түсінік болып табылады[4].

Валидтілік біз бағалауды жобалаған немесе бағалаушы бағдарламалар туралы шешім қабылдаған кезде біздің ойлауымыздың шыңында (ортасында) болуы тиіс. Сенімді және пайдалы (жарамды) болып табылатын, оң нәтижелерге алып келетін біздің оқушыларымыздың ілгерілеу туралы тексеруге мүмкіндік беретін бағалау нәтижелері барынша маңызды. Валидтілікті сезіну көбіне қауіпті болуы мүмкін, сонымен бірге қандай бағалауға назар аудару қажет және оларды не үшін қолданатынымыз туралы бізге шешім қабылдауға көмектесуі де мүмкін.

Қорытындылай келе, тест – жаңа замандағы оқушылардың білім жетістігін бағалауда бірден-бір таптырмас құрал.Тест тапсырмаларын құрастыруда білім алушыларға сенімді және валидті тесттер құрастыру өте маңызды болып саналады.Сондықтан да тест нәтижелерін саралау кезінде далдікке жете аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1/www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy 2/https://www.teachthought.com/pedagogy/6-types-assessment-learning/

3/ Булақаева М.К.Классикалық және заманауи тесттер теориясына кіріспе//Алматы 2016-26 бет

4/testcenter.kz/about/nauchno-metodicheskaya-rabota-nmr/baza-testovykh-zadaniy/

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ, ТӘСІЛДЕРІ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құсманқызы Б. – «6М0112400-Педагогикалық өлшемдер», 2 курс магистранты, ҚҰҚПУ

Аңдатпа. Бұл мақалада педагогикалық жобалау ұғымы, оның кезеңдері мен жобалық педагогикалық қызметті ұйымдастыру принциптері қаралады. Педагогикалық жобалау - қазіргі білім беру жүйесіндегі қарама-қайшылықтарды шешу, жетілдіру, дамыту міндеттерін шешуге бағытталған педагогиканың қолданбалы ғылыми бағыты.

Кілтті сөздер: жобалау; басқару; жүйе; педагогикалық жобалау қызметінің кезеңдері мен принциптері

Аннотация. В данной статье рассматривается понятие педагогического проектирования, его этапы и принципы организации проектно-педагогической деятельности. Педагогическое проектирование - прикладное научное направление педагогики и организуемой практической деятельности, нацеленное на решение задач развития, преобразования, совершенствования, разрешения противоречий в современных образовательных системах

Ключевые слова: проектирование; управление; система; этапы и принципы проектно-педагогической деятельности

Abstract. This article discusses the concept of pedagogical design, its stages and principles of organization of design and educational activities. Pedagogical design applied scientific direction of pedagogy and organized practical activities aimed at solving the problems of development, transformation, improvement, resolution of contradictions in modern educational systems

Key words: design; management; system; stages and principles of project pedagogical activity

Қазіргі заманғы педагогикалық жүйелерді басқару қызметі алдында білім берудің жаңа парадигмасына сай негізгі бағыттар - педагогтың білім берушілік рөлі өзгеруін ұйымдастырушылық және ресурстық тұрғыдан қамтамасыз ету міндеттері тұр. Өйткені, бүгінгі өркениеттің ерекшелігіне сай білім беру жүйесін дамытудың қайнар көзі субъектілердің білімді игерушілік емес, жаңа білім тудырушылық сапасына байланысты. Білім берудің жаңа нәтижелерін қалыптастыру міндеттері педагогтардың ойлау мен іс — әрекеттік дағдыларын, мотивациялары мен ұстанымдарын, қалыптасқан түсініктерін өзгертуді талап етуде. Бұлар өз кезегінде педагогтарды өз әрекетін басқарудың басты ресурсы ретінде ұйымдастыра отырып, оларды дамыту қажеттіліктерін тудырады.

Білім беру процесінің тиімділігін арттыру мәселесін шешуде педагогикалық жобалаудың маңызы зор. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ол оқытушының маңызды кәсіби- педагогикалық функциясы ретінде қарастырылады және педагогтың өзінің әрекеттерін және әдістемелік даярлығын талдау негізінде көрсетіледі. Ғалымдардың айтуынша, «жобалау» деген атқа ие болған жаңа идеяларды іске асыру және жаңа білімдерді берудің құралы – жаңа үлгілерді құруға байланысты теориялық іс-әрекет болып табылады [1].

Кәсіби педагогтарды даярлауда оқу процесін жобалау жаңа технология жасаудың теориялық негіздерін зерттеп дайындауда, оқу процесі жөнінде әр түрлі ойлар жүйесінің принциптері негіздерін қалыптастыруда, оқу процесін басқарудың үлгісі мен атқару тәртібін қайта қарауға, ұйымдастыру және басқаруда оны үйлесімді, қолайлы түрде күшейтуде дамытудың басым ұтымды бағытына сүйенуге, оқу жүйесін ұйымдастыру кезеңіндегі жоспарлы бағдарламалар, оқулықтар, оқыту әдістемесінің түпкілікті және сапалы болмауын, соның нәтижесінде оқыту уақытының мақсатсыз жұмсалмауын қадағалау және түпкілікті болдырмау сияқты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

XX ғасырдың соңында «жобалау» адамның шығармашылық іс-әрекетіндегі ойлаудың өзіндік ерекшелігі бар түріне және жіктемелік белгісіне айналды. «Жобалау» іс-әрекеті ғылымға, өнерге және жалпы адамның қоршаған дүниеге қатынасына тән іс-әрекет түріне айналды. Яғни ол адам өмірінің барлық сфераларында өз орнын алады [2].

«Жобалау» сөзі қазақтың «жоба» деген сөзінен жасалынған, мағынасы – жаңа нәрсенің жобасын, сұлбасын жасау. Ғылымда ол тек қана жаңа нәрсенің жобасын жасау ғана емес, сонымен қатар оны негіздеу, басқадан айырмашылығын көрсетуді білдіреді. Бұл термин алғашында құрылыс, техника саласында қолданылды. Өткен ғасырдың орта шенінен бастап гуманитарлық ғылымдарда да қолданыс таба бастады.

Қазіргі заманғы түсіндірілімде «жобалау» сөзі жобаның - прототипін, болжамды немесе мүмкін болатын объектінің түрін, оның жағдайын жасау процесін білдіреді.

Сөздік көздеріне жүгінетін болсақ «жобалау» сөзі бірнеше мағынаға ие: алдын ала белгіленген

тәртіп, қандай да бір іс-шараларды жүзеге асыру реті; ой, жоба, қандай да бір жұмыстың негізгі белгілері; белгілі бір нәрсеге көзқарас.

Қазіргі білім берудегі жобалаудың өз ерекшелігі бар. Ол әлеуметтік практиканың басқа түрлерімен байланысты құруды, білім беру мақсаттарына бағытталған қоғамдық коалицияларды құруды, принципті жаңа білім беру ресурстарын анықтауды, қоғамдық маңызы бар білім беру саясатын қалыптастыруды, іске асырылатын бастамалардың әлеуметтік салдарлары үшін өзіне жауапкершілік алуды талап етеді. Осыған байланысты білім беруді дамытуда жобалық тәсілді іске асыру қажеттілігі мен жобалаудың бастапқы тұжырымдамалық негіздері мен модельдерінің педагогикасында жеткіліксіз пысықталу арасында қарама-қайшылық туындайды [3].

Т.К.Смыковская «педагогикалық жобалау – жүйелердің қызмет етуінің, дамуының, жетілдірудің міндеттерін шешуге бағытталған педагогиканың және ұйымдастырылатын практикалық іс-әрекеттің қолданбалы бағыты» деп есептейді. Бұл анықтамада жобалаудың міндеттерінің әрқилылығы бірден көзге түседі [4].

Е.А.Крюкованың айтуынша, педагогикалық жобалау дегеніміз – білімдер жиынтығы ретінде қарастырылатын, нақты педагогикалық объектіні, құбылысты немесе процесті көрсететін белгілі бір педагогикалық жүйені іске асырудың шарттарын анықтау жөніндегі іс-әрекет болып табылады [5].

Г.П.Щедровицкий педагогикалық жобалауды көптеген «практикалық іс-әрекеттер» актілерінен тұратын, кейін талдау объектісіне айналатын іс-әрекет ретінде анықтай отырып, келесі принциптерді бөліп көрсетеді: қосымшалығы (жүйені жетілдіруге мүмкіндік беретін қосымша шарттарды енгізу және жүйенің дамуына кедергі келтіретін жағдайларды шығару мүмкіндігі); іс-әрекет пен қарым- қатынастар бірлігі (кез келген емес, тек тұлғаның жетілуіне мүмкіндік беретін іс-әрекеттерді меңгеру) [6].

Білім беруде қалыптасатын жобалық парадигманың теориялық-әдіснамалық негіздері бірқатар ғалымдардың (В. Н. Аверкин, Н. В. Бочкина, С. А. Гильманов, В. И. Загвязинский, В. В. Рубцов, А. М. Цырульников, В. А. Штурбы, В. З. Юсупов) еңбектерінде белгілі дәрежеде дамыды. Онда гуманитарлық білімнің түрлі салаларында жобалау туралы теориялық түсініктерді концептуалды талдау және синтездеу жүзеге асырылды, ол білім беруді реформалау мен дамытудың мақсаттарына қатысты жобалық парадигманың мәнін педагогикалық ғылымның ұғынуында жаңа қадам жасауға мүмкіндік береді.; дамудың жалпыфилософиялық қағидатын нақтылау жүзеге асырылды, оның негізінде бүгінде білім беруде инновациялық ілгерілеулер жасалады; өңірлік білім беруде әлеуметтік-педагогикалық жобалаудың оның мәнін, жалпы принциптерін, технологияларын, қазіргі заманғы білім беруді аймақтандыру үдерістерінде жобалау қызметінің әдістерін айқындайтын теориялық негіздері әзірленді; білім беру жүйесін дамытудың және өзін-өзі дамытудың басты тетігі ретінде «білім беру жобасы» жалпы түсінігі тұжырымдалды; әлеуметтік-педагогикалық жобалаудың тиімділік өлшемдері әзірленді.

Қазіргі білім беруде қайта құру объектісі, мақсатты бағыты және нәтижесі бойынша ерекшеленетін үш негізгі жобалау түрі белсенді дамуда: 1. әлеуметтік ортаны өзгертуге немесе әлеуметтік проблемаларды педагогикалық құралдармен шешуге бағытталған әлеуметтік-педагогикалық жобалау; 2. психологиялық-педагогикалық жобалау, оның мақсаты білім беру үдерістері шеңберінде адам мен тұлғааралық қарым-қатынасты қайта құру болып табылады; 3. білім беру сапасын жобалауға және білім беру жүйелері мен институттардың инновациялық өзгерістеріне бағытталған білім берудегі жобалау.

Педагогикалық жобалау принциптері: ғылыми ұсыныстарға сүйену; жаңа жүйенің жобасы идеяларының көздерінің толықтығы; жобалау идеяларының еркін генерациясы (жобалаудың шығармашылық сипатын қамтамасыз етуге бағыттайды); жобалаудың бірлігі мен сабақтастығы. Г.П.Щедровицкий педагогикалық жобалауды көптеген «практикалық іс-әрекеттер» актілерінен тұратын, кейін талдау объектісіне айналатын іс-әрекет ретінде анықтай отырып, келесі принциптерді бөліп көрсетеді: қосымшалығы (жүйені жетілдіруге мүмкіндік беретін қосымша шарттарды енгізу және жүйенің дамуына кедергі келтіретін жағдайларды шығару мүмкіндігі); іс-әрекет пен қарым- қатынастар бірлігі (кез келген емес, тек тұлғаның жетілуіне мүмкіндік беретін іс-әрекеттерді меңгеру) [6].

Жобалау іс-әрекетінің принциптері, педагогтың сол немесе басқа іс-әрекеттерінің жобалау саласына қатыстылығын анықтаумен және жобалау табиғатымен объективті шартталған іс-әрекетті қалыпқа келтіруші ретінде қарастырылады.

Болжамдық принципі объектінің болашақ жағдайына бағытталған; инновациялық үлгілерді жасау кезінде айқын көрінеді. Бұл мағынада жоба қажетті болашақты қадамдық жүзеге асыру ретінде анықталуы мүмкін.

Қадамдық принципі. Жобалау қызметінің табиғаты жобалау ойынан мақсат бейнесін және

іс-әрекет бейнесін қалыптастыруға біртіндеп көшуді көздейді. Одан-іс-қимыл бағдарламасына және оны іске асыруға қатысты. Әрі әрбір келесі іс-қимыл осының алдындағы нәтижелерге негізделеді.

Нормалау принципі регламенттелген рәсімдер шеңберінде жобаны құрудың барлық кезеңдерін, бірінші кезекте қызметті ұйымдастырудың әр түрлі нысандарына байланысты міндеттілікті талап етеді.

Кері байланыс принципі әрбір жобалық рәсімді жүзеге асырғаннан кейін оның нәтижелілігі туралы ақпарат алу және тиісті түрде іс-қимылдарды түзету қажеттігі туралы ескертеді.

Өнімділік қағидаты жобалық қызметтің прагматикалығын, оның қолданбалы маңызы бар нәтижені алуға бағытталуының міндеттілігін атап көрсетеді.

Мәдени ұқсастық принципі белгілі бір мәдени үлгілерге жобалау нәтижелерінің барабарлығын көрсетеді.

Өзін-өзі дамыту қағидаты қатысушылардың тармақталған белсенділігі деңгейінде жобалау субъектісіне де, қойылған мақсаттарды іске асыру нәтижесінде жаңа жобалардың пайда болуына да қатысты. Бір міндеттер мен проблемаларды шешу жобалаудың жаңа нысандарын дамытуды ынталандыратын жаңа міндеттер мен проблемаларды қоюға әкеледі.

Қорыта келе, қазіргі заманғы әдіснамалық, мәдениеттанымдық, ғылымтанымдық және психологиялық–педагогикалық–әлеуметтік ғылымдар қағидаларына сүйене отырып, жобалау – педагогикалық феномен дей аламыз және оның негізгі сипаттамаларын төмендегідей көрсетуге болады:

1. жобалаудың мақсаты мен соған сай педагогикалық іс -әрекеттер қайта жаңартуларды көздейді;
2. жобалау педагогикалық рефлексия арқылы қамтамасыз етілетін болашақтың нақты бейнесін жүзеге асырады;
3. педагогикалық жобалау жобалау нысанын ғана емес, оған қатысушы жобалау субъектілерін дамытуға бағытталады.

Жобалаудың мүмкіндіктері педагогикадағы ақпараттық — комуникативтік технологияның дамуымен де кеңейеді, сөйтіп, білім беру үрдісіне қатысушылардың жобалау кеңістігі одан әрі дами түседі деп айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бахишева С.М. Педагогикалық жүйелерді басқарудағы жобалау және оның ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы, 2009.
2. Арчер Л. Планирование эксперимента при поиске оптимальных условий. – М.: Наука, 1965. – С.
3. Безрукова В. С. Проективная педагогика: Учеб. пособие для инженерно-педагогических институтов и индустриально-педагогических техникумов. — Екатеринбург, 1996.
4. Смыковская Т.К. Технология проектирования методической системы учителя математики и информатики. – Волгоград, 2000. – С.
5. Крюкова Е.А. Введение в социально-педагогическое проектирование. – Волгоград, 1998. – 109 с.
6. Щедровицкий Г.П. Избранные труды. – М., 1986. – С.214.

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» - РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Дүйсенова Г.Р. – «6М012400 – «Педагогикалық өлшем» мамандығы, ҚҰҚПУ.

Аңдатпа. Бұл мақала өзін өзі тану рухани адамгершілік білім беруді ең алдымен беріліп отырған білімді жандандыру, яғни оның рухани адамгершілік мәнін айқындап беруден басталатындығымен байланысты.

Аннотация. Эта статья связана с тем, что самопознание начинается с активизации духовно-нравственного образования, прежде всего, с определением его духовно-нравственного значения.

Annotation. This article is connected with the fact that self-knowledge begins with the activation of spiritual and moral education, first of all, with the definition of its spiritual and moral significance.

« Рухани кәусар бұлаққа барар жолды іздеу - әр адамның міндеттерінің міндеті». Біз білім беру жүйесі арқылы қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғыртқымыз келеді. Сол арқылы әр адам өз бойындағы қабілеттерін толық жүзеге асырып, өз мемлекетімізге ғана емес, бүкіл адамзат иігілігіне пайда келтіре алатындай болуы керек…

Баланың бойындағы қабілеттерін ашып, оның өз жан-дүниесіне үңіліп, өз болашағына деген

сенімін ояту, өзін-өзі құрметтеп, өз ар-ұжданымен өмір сүруі қандай маңызды десеңізші! Мейірбандық пен Сүйіспеншілік жүректен жүрекке жетіп, әлемге шапағат нұрын төге берсін…

Өмірде еш нәрсе де кездейсоқтық емес, барлығының да бір-бірімен байланысы бар – ол белгілі бір заңдылық. «Өзін-өзі тану» жобасы да кездейсоқ туындаған жоқ. Біз сіздермен біріге отырып, адам жаны үшін өте маңызды мәселені шешеміз – адамның өзін-өзі танып білуіне, ар-ұжданымен өмір сүруге, АДАМ деген атқа лайық болуға үйретеміз[1]. Адамның шын мағынасымен "Адам" болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай жалпы адамзатты сүюі шарт.

Заманауи ғылымдағы философияның рухани бастауларды жаңғырту мәселесі. Ол ерте ғасырлардан бастау алған грек ойшылдарының Сократ заманында Дельфы қаласындағы Аполлон храмының мұнараларына грек тілінде жазылған "Gnothi seauton" аудармасы "Өзінді тану" тарихи ескерткіштерде мазмұндалған. Сократ өз заманында рухани құндылықтарды адам бойында дарытудың негізін қалаушыларының бірі. Оның мына даналық сөзінің түйіндемесі Әр тұлғаның бойындағы нұрды яғни руханилықты ашуға мүмкіндік беруді айтады.

«Әр адамның бойында күн бар, тек оны нұрлануына мүмкіндік беріңдер»

«Мен білетінім – менің ештеңе білмейтіндігім, ал басқалар мұны да білмейді» [2]. Нағыз мұғалім шырмаушы емес, еркіндік беруші, ол балаларды басып тастамайды, керісінше көтермелейді, бұзбайды, керісінше қалыптастырады, жатқа айтқызбайды, оқытады, талап етпейді, керісінше сұрайды, баламен бірге көптеген серпіліс сәттерін басынан кешеді....[3]

Мұғалім мамандығы ең қиын да маңызды, жауапкершілікті әрі қызықты мамандық. Қазіргі бастауыш мектепке жоғары кәсіби дайындығы бар мұғалім қажет. Ол мұғалім білгір, талантты, жауапкершілікті болуы әрбір ата-ана үшін маңызды. Өйткені ата-ана мұғалімге өзінің ең қымбаттысын – өзінің баласын табыстайды, ондағы ниет – мейірімді де ақылды адам етіп тәрбиелейді деген сенім. Ш.А.Амонашвили Ізгілік педагогикасы жайлы ережесінен бір үзінді: Баланың өміріне деген қызығушылық танытыңыз, оның қуанышына, қайғысына, жетістіктеріне, армандарына, қол ұшын беруге дайын болыңыз, бірге іс-әрекет істеуге тілегіңізді білдіріңіз, әрқашанда көңіліңізді аударыңыз». Әрбір жас мұғалім мектептегі басты құндылықтар оқушы мен мұғалім, олардың бірлескен еңбегі екенін жақсылап ұғынуы тиіс. Жалпы мектептің іс-әрекеті, мұғалімнің қызметі баланың табиғатына нұқсан келтірмейтін, балаға көмектесетін жағдай туғызуы болып табылады. Мұғалім өз ісінің шебері атану үшін адамгершілік пен кәсіби тұрғыдан сайма-сай тұлға болуы тиіс, яғни ең алдымен, оның адами қасиеті басты нәрсе болып саналады, сонымен қатар ол кәсіби ойлап, әрекет ете алатын маман болуы керек.

Сонау халықтық педагогикадан бастап, бүгінгі заманауи құндылықтардың бәрі де адам үшін қызмет етеді. Рухани-адамгершілік мазмұндағы әдеби көркем мәтіндердің ішінде Абай мен Шәкәрім шығармаларының алатын орны ерекше. Екеуі де адамзат баласын, адам әлемін сезіне, сүйе білуге шақырып, ізгілік еліне сара жол салады.

«Абай шығармаларының алтын арқауы болып Адам тұрады, адамға деген махаббат тұрады. Ұлы ақын нағыз адам, толық Адам қандай болуы керек? – деген мәңгілік сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап береді де», – деп Қ.Бітібаева айтқандай пейілі кең, ойы орнықты, талғамы терең, сезімі сергек, санасы жоғары, ең бастысы жүрегі жылы адамның рухани байлығы да мол болады. Абай айтқан жылы жүрек, ыстық қайрат, нұрлы ақыл адам баласын бақытқа бөлеп, өмірін өркендете түседі. Біздің өзін-өзі тану пәні рухани білім берудегі басты мақсатымыздың өзін осы Абай айтқан адамгершілік қағидаларын оқушы жүрегіне жеткізе білу деп ойлауға әбден болады.

Әдеби тұрғыдан келгенде Абай мен Шәкәрім, Мағжан мен Мұқағали шығармаларының көркемдік ерекшеліктері айшықты оралымдардан көрінеді, ал бізге қажеттісі – олардың жан дүниесінің сұлулығы. Олар іздеген үйлесімдік пен ізгілік, махаббат пен достық, пейіл мен ықылас жарасымын адам бойындағы құнды қасиеттер деп бағалай отырып, біз әдеби-көркем туындылардағы мазмұн арқылы болашақ ұрпақты еліміздің нағыз азаматы ретінде тәрбиелеуді нысана тұтамыз.

Абайдың «Он жетінші» қарасөзін оқып түсіну арқылы оқушылар қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің айтысын талдап, олардың адам үшін артықшылығы неде, адамның мәнді де мағыналы өмір сүруі үшін ненің жақсы, ненің жаман екенін қалай ажыратқаны жөн, не нәрсеге мән беріп, нені басшылыққа алғаны дұрыс екенін байыптайды. «Жүрекке билету» деген сөздің мағынасын түсіне отырып, оқушылар тағы қандай қасиеттерді «жүрекке билетуге» болатыны жөнінде ой толғайды.

Ал Шәкәрім Құдайбердіұлының «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек», – деген нақыл сөзде айтылған адамның жақсы өмір сүруіне негіз бола алатын адами қасиеттердің мәнін ұғынады.

Адамның пейілі таза, көңілі кең, мейірімі мол, әр нәрсені қанағат ынсап тұта алу қасиетінің көптігі ниетке байланысты екендігін Шәкәрімнің «Мейірім, ынсап, әділет, шыдам, шыншыл харакет

– түп қазығы ақ ниет», – деген нақыл сөзі дәйектей түседі. Мейірімді, қайырымды, сезімтал адам әрдайым жақсылық жасауға дайын тұрады. Ақ ниетпен жақсылық жасау адамның ішкі дүниесінің байлығын, жан сұлулығын көрсетеді.

Рухани бастаулардың негізі мен рухани- адамгершілік білім негізінің тұтастай бір бөлігі ретінде адам бойындағы жақсы қасиеттерді тән жан мен рухтың адам бойындағы ерекшеліктерді зерттеу бастамаларымен "Бөбек" ұлттық ғылыми – практикалық,білім беру және сауықтыру орталығының төрайымы Сара Алпысқызының идеясымен білім беру жүйесінде өзіндік орны бар " Өзін- өзі тану" пәні 2003 жылдан бастап Қазақстанда барлық оқу орындарында пән ретінде енгізілді.

Қорыта айтқанда, «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беруде жарасымды қарым-қатынас жасау, қасындағыларға көмек беру, туыстары мен жақындарына қамқорлық көрсету, өзімен және қоршаған ортамен үндестікте өмір сүру, әр істе белсенділік, азаматтық таныту және өз ойы, сөзі мен ісіне жауапты болу тәрізді түйінді құзіреттерді дамыту арқылы жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуын қарастырады. Олай болса, әдеби көркем шығармалар өзін-өзі тану бағдарламасының мазмұндық өзегін құрай отырып, жасөспірімдердің адамгершілік құндылықтарын жетілдіруге бағытталады деп тұжырымдауға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаева С.А. Өмір этикасы - Алматы, 2001.
2. Платон. Диалоги Сократа - М.: Мысль, 2007. - 197с.
3. Амоношвили Ш.А. Основы гуманной педагогики. Кн.1,2. Как любить детей. - М.: Амрита-Русь, 2012.

ПОДГОТОВКА ДЕТЕЙ К ШКОЛЬНОМУ ОБУЧЕНИЮ

Есжияр А. М. – магистрант 2-го курса КазНацЖенПУ.

Аннотация. В статье раскрываются основные теоретические аспекты школьной зрелости. Где также рассматриваются психологические сферы, по уровням которой, можно сказать о психологической готовности детей к школе.

Annotation. The article reveals the main theoretical aspects of school maturity. Where psychological spheres are also considered, on which levels, it is possible to tell about psychological readiness of children for school.

Андатпа. Мақалада мектептегі жетілудің негізгі теориялық аспектілері ашылады. Сонымен қатар, психологиялық салалар қарастырылады, оның деңгейі бойынша балалардың мектепке психологиялық дайындығы туралы айтуға болады.

Подготовка детей к школе — задача комплексная, охватывающая все сферы жизни ребенка. Психологическая готовность к школе — только один из аспектов этой задачи. Но внутри этого аспекта выделяются различные подходы:

1. Исследования, направленные на формирование у детей дошкольного возраста определенных изменений и навыков, необходимых для обучения в школе.

2. Исследования новообразований и изменений в психике ребенка.

3. Исследования генезиса отдельных компонентов учебной деятельности и выявление путей их формирования.

4. Изучение изменений ребенка сознательно подчинять свои действия заданному при последовательном выполнении словесных указаний взрослого. Это умение связывается со способностью овладения общим способом выполнения словесных указаний взрослого.

Готовность к школе в современных условиях рассматривается, прежде всего, как готовность к школьному обучению или учебной деятельности. Этот подход обоснован взглядом на проблему со стороны периодизации психического развития ребенка и смены ведущих видов деятельности. По мнению Е.Е. Кравцовой, проблема психологической готовности к школьному обучению получает свою конкретизацию, как проблема смены ведущих типов деятельности, т.е. это переход от сюжетно-ролевых игр к учебной деятельности [1]. Такой подход является актуальным и значительным, но готовность к учебной деятельности не охватывает полностью феномена готовности к школе. Готовность к обучению в школе складывается из определенного уровня развития мыслительной деятельности, познавательных интересов, готовности к произвольной регуляции своей познавательной деятельности, к социальной позиции школьника. Аналогичные взгляды развивал А.В. Запорожец [2], отмечая, что готовность к обучению в школе представляет собой целостную систему взаимосвязанных качеств детской личности, включая особенности ее мотивации, уровня развития познавательной, аналитико-синтетической деятельности, степень сформированности механизмов волевой регуляции.

На сегодняшний день практически общепризнанно, что готовность к школьному обучению - многокомпонентное образование, которое требует комплексных психологических исследований.

Традиционно выделяются три аспекта школьной зрелости: интеллектуальный, эмоциональный и социальный.

Д.Б.Эльконин считал, что произвольное поведение рождается в ролевой игре в коллективе детей, позволяющей ребенку подняться на более высокую ступень развития [3]. Коллектив корректирует нарушение в подражании предполагаемому образу, тогда как самостоятельно осуществить такой контроль ребенку бывает еще очень трудно.

В работах Е.Е.Кравцовой при характеристике психологической готовности детей к школе основной удар делается на роль общения в развитии ребенка [2,51с]. Выделяется три сферы - отношение к взрослому, к сверстнику и к самому себе, уровень развития которых определяет степень готовности к школе и определенным образом соотносится с основными структурными компонентами учебной деятельности.

В качестве показателей психологической готовности необходимо также выделить и интеллектуальное развитие ребенка. В отечественной психологии при изучении интеллектуального компонента психологической готовности к школе акцент делается не на сумму усвоенных знаний, хотя это тоже не маловажный фактор, а на уровень развития интеллектуальных процессов. Ребенок должен уметь выделять существенное в явлениях окружающей действительности, уметь сравнивать их, видеть сходное и отличное; он должен научиться рассуждать, находить причины явлений, делать выводы. Для успешного обучения ребенок должен уметь выделять предмет своего познания.

Кроме отношения к учебному процессу в целом, для ребенка, поступающего в школу, важно отношение к учителю, сверстникам и самому себе. К концу дошкольного возраста должна сложиться такая форма общения ребенка с взрослыми, как внеситуативно-личностное общение. Взрослый становится непререкаемым авторитетом, образом для подражания. Облегчается общение в ситуации урока, когда исключены непосредственные эмоциональные контакты, когда нельзя поговорить на посторонние темы, поделиться своими переживаниями, а можно только отвечать на поставленные вопросы и самому задавать вопросы по теме урока, предварительно подняв руку.

Классно-урочная система обучения предполагает не только особое отношение ребенка с учителем, но и специфические отношения с другими детьми. Новая форма общения со сверстниками складывается в самом начале школьного обучения.

Личностная готовность к школе включает также определенное отношение ребенка к себе. Продуктивная учебная деятельность предполагает адекватное отношение ребенка своим способностям, результатам работы, поведению, т.е. определенный уровень развития самосознания.

О личностной готовности ребенка к школе обычно судят по его поведению на групповых занятиях и во время беседы с психологом.

Существуют и специально разработанные планы беседы, выявляющей позицию школьника (методика Н.И. Гуткиной), и особые экспериментальные приемы. Например, преобладание у ребенка познавательного и игрового мотива определяется по выбору деятельности прослушивания сказки или игры с игрушками. После того, как ребенок рассмотрел игрушки в течение минуты, ему начинают читать сказки, но на самом интересном месте прерывают чтение. Психолог спрашивает, что ему сейчас хочется - дослушать сказку или поиграть с игрушками. Очевидно, что при личностной готовности к школе, доминирует подготовительный интерес и ребенок предпочитает узнать, что произойдет в конце сказки. Детей, мотивационно не готовых к обучению, со слабой познавательной потребностью, больше привлекает игра.

Произвольность поведения ребенка проявляется при выполнении требований конкретных правил, задаваемых учителем при работе по образцу. Уже в дошкольном возрасте ребенок оказывается перед необходимостью преодоления возникающих трудностей и подчинения своих действий поставленной цели. Это приводит к тому, что он начинает сознательно контролировать себя, управляет своими внутренними и внешними действиями, своими познавательными процессами и поведением в целом. Это дает основание полагать, что уже в дошкольном возрасте возникает воля. Конечно, волевые действия дошкольников имеют свою специфику: они сосуществуют с действиями непреднамеренными под влиянием ситуативных чувств и желаний. Л.С. Выготский считал волевое поведение социальным, а источник развития детской воли усматривал во взаимоотношениях ребенка с окружающим миром [4]. При этом ведущую роль в социальной обусловленности воли отводил его речевому общению с взрослыми. В генетическом плане Л.С. Выготский рассматривал волю, как стадию овладения собственными процессами поведения. Сначала взрослые с помощью слова регулируют поведение ребенка, потом, усваивая практически содержание требований взрослых, он постепенно

учится регулировать свое поведение, делая тем самым существенный шаг вперед по пути волевого развития. После овладения речью слово становится для школьников не только средством общения, но и средством организации поведения.

В современных научных исследованиях понятие волевого действия практикуется в разных аспектах. Одни психологи первоначальным звеном полагают выбор решения и постановку цели, другие ограничивают волевое действие его исполнительной частью. А.В. Запорожец [4] считает наиболее существенным для психологии воли превращение известных социальных и, прежде всего, моральных требований в определенные моральные мотивы и качества личности, определяющие ее поступки.

Одним из центральных вопросов воли является вопрос о мотивационной обусловленности тех конкретных волевых действий и поступков, на которые человек способен в разные периоды своей жизни.

Ставится также вопрос об интеллектуальных и моральных основах волевой регуляции дошкольника. На протяжении дошкольного детства усложняется характер волевой сферы личности и изменяется ее удельный вес в общей структуре поведения, что проявляется в возрастающем стремлении к преодолению трудностей. Развитие воли в этом возрасте тесно связано с изменением мотивов поведения, соподчинения им.

Появление определенной волевой направленности, выдвижения на первый план группы мотивов, которые становятся для ребенка наиболее важными, ведет к тому, что, руководствуясь своим поведением этими мотивами, ребенок сознательно добивается поставленной цели, не поддаваясь отвлекающему влиянию окружающей среды. Он постепенно овладевает умением подчинять свои действия мотивам, которые значительно удалены от цели действия. В частности, мотивам общественного характера у него появляется уровень целенаправленности, типичный для дошкольника.

В раннем детстве деятельность ребенка осуществляется преимущественно в сотрудничестве с взрослыми: в дошкольном возрасте ребенок становится способным самостоятельно удовлетворять многие свои потребности и желания. В результате совместная деятельность его с взрослыми как бы распадается, вместе с чем, ослабевает и непосредственная слитность его существования с жизнью и деятельностью взрослых и детей.

Однако взрослые продолжают оставаться постоянным притягательным центром, вокруг которого строится жизнь ребенка. Это порождает у детей потребность участвовать в жизни взрослых, действовать по образцу. При этом они хотят не только воспроизводить отдельные действия взрослого, но и подражать всем сложным формам его деятельности, его поступкам, его взаимоотношениям с другими людьми, - словом всему образу жизни взрослых людей.

В условиях повседневного поведения и общения его с взрослыми, а также в практике ролевой игры у ребенка-дошкольника формируется общественное знание многих социальных норм, но это значение еще до конца не сознаваемо ребенком и непосредственно спаяно с его положительными и отрицательными эмоциональными переживаниями. Первые этические инстанции представляют собой пока еще относительно простые системные образования, являющиеся зародышами нравственных чувств, на основе которых в дальнейшем формируются уже вполне зрелые нравственные чувства и убеждения. Нравственные инстанции порождают у дошкольников нравственные мотивы поведения, которые могут быть по своему воздействию более сильными, чем многие непосредственные, в том числе и элементарные потребности.

Система соподчиненных мотивов начинает управлять поведением ребенка в дошкольном возрасте и определяет всё его развитие. Это положение дополнено данными последующих психологических исследований. У детей дошкольного возраста возникает, во-первых, не просто соподчинение мотивов, а относительно устойчивое внеситуативное соподчинение. Во главе возникающей иерархической системы становятся опосредованные по своей структуре мотивы. У дошкольников они опосредствуются обращения поведения и деятельности взрослых, их взаимоотношениями, социальными нормами, фиксированными в соответствующих нравственных инстанциях.

Возникновение у ребенка к концу дошкольного возраста относительно устойчивой иерархической структуры мотивов превращает его из существа ситуативного, в существо, обладающее известным внутренним единством и организованностью, способное руководствоваться устойчивыми им социальными нормами жизни. Это характеризует новую ступень первоначального, фактического склада личности.

Таким образом, обобщая все изложенное можно сказать, что школьная готовность - это комплексное явление, включающее в себя интеллектуальную, личностную, волевую готовность. Для успешного обучения ребенок должен соответствовать предъявляемым ему требованиям.

Литература

1. Кравцова Е. Е. Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе. / М., 1991.
2. Запорожец А.В. Подготовка детей к школе. Основы дошкольной педагогики /Под редакцией А.В. Запорожца, Г.А. Марковой. / М., 1980.
3. Практическая психология образования: Учебное пособие. / Под ред. И. В. Дубровиной. / СПб.: Питер, 2007.
4. Выготский Л. С. История развития высших психических функций. / Собр.соч. / М., 1983.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Ж.Н.Исабаева - 6М012400 «Педагогикалық өлшемдер», ҚазҰлтҚызПУ, Алматы қаласы, ҚР

Аннотация: мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды құқықтық тәрбиелеу мәселесіне жалпы талдау жасалады, жоғары мектеп жасындағы оқушылармен олардың құқықтық мәдениетін дамытудың теориялық аспектілері мен әдістері ашылады.

Кілт сөздер: құқықтық білім, құқықтық мәдениет, мектеп жасына дейінгі, конвенция

Аннотация: в статье дается общий анализ проблемы правового воспитания дошкольников, раскрываются теоретические аспекты и методы работы с воспитанниками старшего дошкольного возраста по развитию у них правовой культуры.

Ключевые слова: правовое воспитание, правовая культура, дошкольный возраст, конвенция

Abstract: the article gives a general analysis of the problem of legal education of preschool children, reveals the theoretical aspects and methods of working with pupils of senior preschool age to develop their legal culture.

Keywords: legal education, legal culture, preschool age, convention

Баланы қоғам талаптарына сәйкес тәрбиелеу - адамды қоғамдағы болашақ белсенді өмірге дайындау процесінің қажетті құрамдас бөлігі. Бұл компоненттің бірі - мектепке дейінгі білім беру жаңартылған жағдайында жағымды түрде жүзеге асырылатын құқықтық тәрбие процесі.

Қазіргі таңда еліміз құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолына түсті, ал өркениетті демократиялық қоғамда адамның құқықтары мен мүдделері бірінші орынға қойылуы тиіс. Мұның қажетті шарты адамдардың хабардар болуы, олардың өз құқықтары мен міндеттерін білуі болып табылады. Құқықтардың арқасында бала тек бірдеңе істеу, әрекет ету ғана емес, сонымен қатар өз құқықтарының сақталуын талап ету мүмкіндігін алады.

Мектепке дейінгі ұйымда құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүйесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар, балабақшалардың тәрбиешілеріне арналған жадынамалар әзірленді, онда баланың құқықтарымен таныстыру бойынша мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыстың жаңа нысандары мен әдістері ұсынылды. Көптеген мектепке дейінгі ұйымда құқықтық тәрбиені өз қызметінің басым бағыттарының бірі деп санайды. Балабақшадағы -білім беру процесі балалардың бала құқықтарын ұғынуына, олардың өз қол жетімділігінің, барлық адамдарға шыдамдылық пен құрмет сезімін дамытуға ықпал ететін ойын және танымдық жағдайлар түрінде өтеді.

Құқықтық мәдениет адамның өмірлік мәселелерін шешуге, адамдар арасында өмір сүруге, олармен қарым-қатынас жасауға, заңның үстемдігіне баса назар аударуға және заң шеңберінен шықпауға қабілеттілігі мен дайындығын білдіреді. Мектепке дейінгі баланы құқықтық тәрбиелеу мәселелері қазіргі кездегі білім беру саласындағы нормативтік құжаттарда Қазақстан Ресбликасының Конституциясы [1], Білім туралы заңында [2], Бала құқықтары туралы конвенция [3] және т.б.

Конвенция – баланы дербес құқық субъектісі деп жариялайды. Бірақ баланың құқықтарын іске асыруға құқық қорғау заңдарын қабылдау және олардың орындалуын қамтамасыз ету тетіктерін жасау арқылы ғана қол жеткізу мүмкін емес. Біздің қоғамымыздың, ересек балалардың, әрбір баланың біздің санамыздан, біздің психологиядан баланы өз құқықтары мен міндеттері бар дербес тұлға ретінде танымау қажеттілігін сезінуі аса маңызды болып табылады. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің міндеті - балалардың санасына «бала құқықтары туралы Конвенцияны»қол жетімді түрде жеткізу

Психологиялық-педагогикалық әдебиетті зерделеу мен талдау сәби шақтан бастап балалардың мінез-құлқында қабылданған адамгершілік нормаларға бағдарлана бастағанын, ал мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың оны ұстануға қабілетті екенін көрсетті, бұл кейіннен құқықтық сананы қалыптастыру үшін, адамгершілік норманың мағынасын және оны орындаудың маңыздылығын түсінеді. Мектепке дейінгі ересек жаста әртүрлі этикалық түсініктерді қалыптастыруға арналған зерт-

теулерде (Ж. Пиаже, С. Г. Якобсон және т. б.) достық туралы (А. В. Булатова, Т. А. Маркова), мейірімділік туралы (И. А. Княжева, Т. В. Черник), сезімдерге борыш пен әділдік (Р. Н. Ибрагимова, А. М. Виноградов) психологиялық алғышарттар болып саналады.

5-6 жастағы балалар өзіне және басқаларға (мульт-фильмдердің сүйікті кейіпкерлеріне, достарына, ата-аналарына) қатысты да әділетсіздікті сезінеді. Мұндай әділдік сезіміне сүйене отырып, баланың тек кез келген адамның құқықтары мен міндеттерін ғана емес, сонымен қатар өз құқықтарын түсінуіне сенім пайда болады.

Жеке тұлғаны дамыту саласындағы психологиялық зерттеулерде өзінің «Мен» түсінігінің құндылығы мен маңыздылығын дәлелдеп, олардың біртұтас «мен бейнесін» құрудағы, оң өзін-өзі бағалау туындауында, өзін-өзі сезіну қабілетін дамытуда, осыған қажеттілікте (В. В. Давыдов) рөлін көрсетті. Мектепке дейінгі жастағы балалардың зияткерлік мүмкіндіктері әртүрлі болмыстың маңызды байланыстары мен тәуелділіктерін көрсететін ұғымдарды қалыптастыруға мүмкіндік береді (А. В. Запорожец, Д. В. Эльконин, П. Я. Гальперин, В.В.Давыдов, Е.Веракса, Х.Т.Шеряздановa және т.б.,). Жоғарыда айтылғандардың барлығы мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды бастапқы құқықтық тәрбиелеу мүмкіндігін дәлелдейді.

Құқықтық тәрбие беруде мынадай бағыттар негізге алынады: балаларда адамгершілік нормалары мен оларға сәйкес мінез-құлық туралы түсініктерді қалыптастыру; адамдардың құқықтары мен міндеттері туралы жалпыланған түсініктерінің болуы адамгершілік норманың қалыптасу деңгейі жоғары болуына ықпал етеді. Бұл балаларға құрдастарының ұжымында жайлы болуын қамтамасыз ететін өзара қарым-қатынас тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Бұл ретте балаларды бір-бірімен және басқа адамдармен өзара қарым-қатынастарын талдауға үйрету қажет меңгерген адамгершілік нормаларға сүйене отырып, нақты және құқықтарды құрметтеу тұрғысынан қалыптастыру көзделеді.

Құқықтық тәрбие беруде жазаның адамгершілік және құқықтық нормада болуына қарамастан, оның кішкентай балаларды құқықтық тәрбиелеу тетігінде болуы міндетті емес. Сонымен қатар, егер норманы бұзғаны үшін жазалаудың міндетті түрде қатысудан жалтарса, адамгершілік-құқықтық тәрбиелеудің мәнін дамытушы, тәрбиелеуші айтарлықтай төмендейді. Біз басымдылық жазалау алдында қорқыныш емес, нормаларды сақтаудың объективті қажеттілігін ұғынуға, сана-сезімге, ұғынуға жасалуға тиіс деп есептейміз.

Бұл сөздің өзіндік тар мағынасында құқықтық тәрбие баланың қызметін ұйымдастыру және оған тәрбиеші пен балалардың тікелей ықпал ету процесін білдіреді. Педагогикада барлық тәрбие процесінде, оның ішінде мектепке дейінгі балаларды құқықтық тәрбиелеуде қолданылатын тәрбие әдістерінің жүйесі қалыптасты [4., 11-б]. Осыған сәйкес құқықтық тәрбие әдістерінің мынадай негізгі топтарын атап өтуге болады: адамгершілік-құқықтық қасиеттерді қалыптастыру процесінде олардың басым түрде қамтамасыз етілуіне байланысты: құқықтық сананы қалыптастыру әдістері: сендіру, дәлелдеу; құқықтық тақырыптағы әңгімелер, дәрістер, әңгімелер, пікірталастар; құқықтық тақырыптағы баспа материалдарын, әдебиет пен өнер туындыларын қамтамасыз ету; кіріспе; құқық қорғау қызметінің уәждерін, дағдыларын, құқықтық мінез-құлық әдеттерін және тәжірибесін қалыптастыру әдістері: бірыңғай талаптар; үйрету; үлгі; оқушылардың құқық қорғау қызметін ұйымдастыру; шығармашылық ойынды пайдалану;заңды мінез-құлықты ынталандыру үшін көтермелеу және жазалау әдістері [5,69-б].

Құқықтық сананы, мінез-құлықты қалыптастырудың және практикада ынталандырудың аталған әдістері тығыз бірлікте болады. Сонымен қатар, әр түрлі тәрбиелік жағдайларда жекелеген әдістер тәрбиелік әсер ету құралы ретінде немесе әдістемелік құралдар ретінде болуы мүмкін. Бұл тәрбиелік міндеттің мазмұны мен көлеміне, тәрбиешінің нақты тактикасына, қандай да бір тәрбие іс-шарасын ұйымдастыру тәсіліне байланысты.

Құқықтық тәрбиенің қандай да бір әдістерін пайдалана отырып, тәрбиеші осы әдістердің көмегімен қандай қасиеттерді қалыптастыруға бағдарлануы қажет. Бұл қасиеттер туралы нақты түсінік тәрбиешінің жекелеген әдістер мен олардың барлық жиынтығын мақсатты пайдалануына негізделеді. Дұрыс ұйымдастырылған құқықтық тәрбиенің нәтижесінде (тәрбие жұмысының басқа бағыттарымен үйлесімде) балаларда, мысалы, құқық тәртібін бұзуға төзбеушілік, жауапкершілік, әділдік, борыш және т. б. сияқты қасиеттер қалыптасады. Жас ерекшелігін ерекшелігін ескере отырып, балабақшалардың мамандары баланың құқықтарымен таныстыруды әдеби шығармалардың негізінде жүргізіп, сюжетте белгілі бір әлеуметтік құбылыстарды бейнелейді. Осы талаптарға көптеген шығармалар жауап береді, мысалы, Д.Родаридің «Чиполлино», Г.Х.Андерсеннің «Гадкий утенок», А.Толстойдың «Буратиноның оқиғалары», К.И.Чуковскийдің «Айболит», Ы.Алтынсариннің «Мақтақыз бен мысық» ертегілерін атап өтуге болады.

Мектепке дейінгі ұйымда баланың құқықтары мен абыройын қорғау жұмысы маңызды және

